ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
І. ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЖЕТЫСУСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ И. ЖАНСУГУРОВА

І. Жансүгіровтің 125 жылдық мерейтойына арналған
«ЖАНСҮГІРОВ ТАҒЫЛЫМЫ»
республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

24 сәуір

МАТЕРИАЛЫ
республиканской научно-практической конференции
«ЖАНСУГУРОВСКИЕ ЧТЕНИЯ», *посвященной 125-летнему юбилею И. Жансугурова*

24 апреля

Талдықорған, 2019

ӘОЖ 378
КБЖ 74.58
Ж 26

Редакция алқасы:
Редакционная коллегия: Қ.М. Баймырзаев (бас редактор), Е.С. Андабаев (бас редактордың орынбасары), А.С. Бахтаулова, А.М. Рахимова.

І. Жансүгіровтің 125 жылдық мерейтойына арналған **«Жансүгіров тағылымы»** атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Талдықорған, І. Жансүгіров атындағы ЖМУ, 2019. 289 б.

Материалы республиканской научно-практической конференции **«ЖАНСУГУРОВСКИЕ ЧТЕНИЯ»,** посвященной 125-летнему юбилею И. Жансугурова – Талдыкорган, ЖГУ им. И. Жансугурова, 2018. 289 с.

ISBN 978-601-216-552-4

Жинақ материалдары білім беру мен ғылым саласында инновациялық зерттеу жұмыстарымен айналысатын ғалымдарға, докторанттар мен магистранттарға арналған.

Материалы сборника предназначены ученым, докторантам и магистрантам, занимающися исследованиями инноваций в образовании и науке.

ӘОЖ 378
КБЖ 74.58

ISBN 978-601-216-552-4

© І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, 2019

І. Жансүгіров атындағы
Жетісу мемлекеттік университетінің ректоры,
география ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым
академиясының құрметті академигі
Қ.М. Баймырзаевтың

АЛҒЫ СӨЗІ

Құрметті қонақтар, ұстаздар мен студент жастар, Ілияс атамыздың атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан республикалық ғылыми-практикалық конференцияға қош келдіңіздер!

Биылғы жылғы конференцияның бір ерекшелігі І.Жансүгіровтің туғанына 125 жыл толуына орай, қазақтың дүлдүл қаламгердің мол мұраларын зерттеу мен зерделеудің жаңа бағыт-бағдарын айқындау, талантқа тағзым ету мақсатында өткізіліп отыр.

Егеменді еліміздің ертеңі үшін маңызды бабалар мұрасын көздің қарашығындай сақтау, бағалау, зерттеу – ортақ мүддеміз, перзенттік парызымыз. Ілияс ақынның ұрпағына аманат еткен рухани мұрасы – замана шындығын өнер көрігінде шыңдаған шымыр поэзиясы, кең ауқымды эпикалық поэма-дастандары мен проза, драматургия жанрындағы туындылары.

Ақын поэзиясының идеялық өзегінен тарих қойнауларында тұнған тәуелсіз ел тағдыры, ұлт мұраты, бодандық кезеңнің бет-бейнесі де айқын көрінеді. Ілиястың қазақ елінің көмескі сүрлеуінен, нақты тарихынан сыр шертетін, халықтың басынан өткен толып жатқан әлеуметтік теңсіздікті, қоғамдық қайшылықтарды көрсететін шығармалары – қазақ халқының рухани мәдениетінің бір саласы, өткен өмір шежіресі, XX ғасырдың басындағы аласапыран жылдар хикаясының деректі белгісі.

Халық поэзиясының, ұлттық өнердің аса мәнді өміршең саласы, көркем ойымыз бен әдеби дәстүріміздің ғасырлық даму жолдарын айқындайтын көне өрнегі, туған тіліміздің сөздік қорының бай қазынасы да, әлемдік әдебиетке қазақ халқының қосқан мол үлесі де – суреткерлік өнерде. Төл поэзиямыздың сапалық жағынан өсуінде өзіндік ізін қалдырған Абай, Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Мағжан, Сәкен тәрізді саңлақ жүйріктердің шоғырында Ілияс есімінің шоқтығы биік тұруы заңды.

Ілияс Жансүгіров – қазақ әдебиетінің барлық жанрларында қалам тартып, елеулі туындылар берген әмбебап дарын. Әсіресе ол өзінің аса қуатты суреткерлік талантын поэзия жанрында көрсетіп, күллі қазақ әдебиетінің мақтанышына айналған туындылар берді.

Қазақтың Абайдан кейінгі замандағы аса дарынды да арынды ақыны Ілияс Жансүгіровті, әдетте, өзі шалқар шабыт, керемет құштарлықпен көсіле жырлаған Ақан серінің Құлагеріне ұқсастырады. Айтты-айтпады, екеуінің дүлдүлдігінде ғана емес, тағдыр-талайында, қайғылы өлімдерінде де ұқсастық бар. Кемеліне келіп, ақындық бәйгесінде арындап алға шыққан шағында Ілияс та тоталитарлық жүйенің құрбаны болды.

Ақынның терең идеялы, көркем мүсінді, эпикалық кең тынысты шығармаларының танымдық, тәрбиелік мәні зор. Олар қалың оқырманның ойына ой, сезіміне сезім қосады, қиялына қанат бітіреді, эстетикалық ләззат беріп, гуманистік адамгершілік идеяларды толғайды.

Ілияс Жансүгіровтің өмірі мен шығармашылығын жан-жақты тану үшін университетімізде арнайы «Ілиястану» ғылыми-практикалық орталық жұмыс істейді. Мақсаты – біздің студенттеріміз өздерінің негізгі мамандықтармен бірге, Ілиястың қайталанбас өмірімен бірге, мәңгілік өлмес туындыларымен танысу болмақ.

Халқымыздың құт-береке дарыған, ежелден ақындық, батырлық, даналық мекені Жетісу өлкесінің перзенті Ілияс көкірегіне жас күнінен бастап ән мен жырдың, өлең мен күйдің небір асыл нұсқалары ұялаған.

Жастық қиял, арман толқулары, ауыл көріністері, табиғат суреттері оның жүрегін қозғап, тіліне ұйқасты сөздер оралып, өлең шығара бастайды.

Дауылды жылдардың тартысты тіршілігі Ілиясты өз толқынына тартады. Қазақ ағарту институтында, Жетісу облысының «Қосшы» комитетінде губерниялық оқу бөлімінде, «Тілші» газеті редакциясында қызмет істеу, экспедицияға шығып фольклор үлгілерін жинау кешегі ауыл жігітін ширатып шыңдайды. Жас азаматтың қызметтен өзге уақыты түгелдей кітап, газет-журнал оқуға, өз көкірегіндегі сырларды қағазға түсіруге жұмсалады. Поэзия, проза, драматургия, сын, аударма салаларында жиырмадан астам кітап шығарып, артына аса бай әдеби мұра қалдырды. Оның эпикалық шығармалары, «Дала», «Күй», «Күйші», «Құлагер» поэмалары, «Жолдастар» романы, «Кек», «Турксиб», «Исатай-Махамбет» пьесалары қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған жауһар туындылар. Жиырма жылдың ішінде осынша шығарма берген қалам қайраты, талант табандылығы ғажап.

Ілияс Жансүгіров қазақ сөз өнерінің поэтикасын кемелдендірген, көріктендірген қайталанбас дарын иесі. Оның шығармалары қазақ әдебиетін ұдайы көркемдіктің шырқау шыңына бастай беретін мәңгілік үлгі-өнеге.

Бүгінде Жансүгіровтің еліміздегі аса көрнекті жазушыларының қатарына қосылатынына, қазақ көркем сөз өнерінің асқан шеберлерінің бірі екеніне ешкім де шүбә келтіре алмайды. Ақын жырларын халық қастерлеп, жастайынан жаттап өсуде.

Ілияс Жансүгіруұлының ұлтымыз өміріндегі орны орасан, қазақ әдебиетіндегі әлемі айрықша. Ол – қазақ жырының Құлагері. Ол – туған әдебиетіміздің Гималайы, Жетісудың табиғатын сөзбен суреттеп берген жыр бұлбұлы. Иә, ол қазақ әдебиетіндегі қайталанбас, қала берді әлем әдебиетіндегі сирек, дара құбылыс.

UDK 378

CONDITIONS OF FORMATION ADDITIONAL EDUCATION TEACHER`S COMMUNICATIVE COMPETENCE IN EDUCATIONAL ORGANIZATION

Doszhanova S.T. master student, **Bazhenova E.D.** доктор PhD
Zhetysu State University named after I.Zhansugurov, Taldykorgan

E-mail: *darkhambay@bk.ru*

Мақала балаларды қосымша білім беру мұғалімінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың өзекті мәселесіне арналған. Автор құзыреттіліктің қазіргі заманғы түсінігін анықтайды, оның құрылымдық компоненттерін айқындайды, білім беру ұйымындағы қосымша білім беру мұғалімінің құзыреттілігін қалыптастыру деңгейін зерттеу туралы мәліметтерді ұсынады.

Тірек сөздер: *құзыреттілік, құзыреттілік тәсіл, кәсіби құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік, жағдай, қосымша білім, білім беру ұйымы.*

Статья посвящена актуальной проблеме формирования коммуникативной компетенции педагога дополнительного образования детей. Автор раскрывает современное понимание компетенции, выделяет ее структурные составляющие, приводит данные по исследованию уровня сформированности компетенций педагога дополнительного образования в условиях образовательной организации.

Ключевые слова: *компетенции, компетентностный подход, профессиональные компетенции, коммуникативная компетенция, условия, дополнительное образование, образовательная организация.*

The article is devoted to the actual problem of the formation of the communicative competence of the teacher of additional education of children. The author reveals the modern understanding of competence, highlights its structural components, provides data on the study of the level of formation of the competencies of an additional education teacher in an educational organization.

Key words: *competence, competence approach, professional competence, communicative competence, conditions, additional education, educational organization.*

At present, in our society, great changes are taking place, reference points are changing, new accents are being placed, certain trends are emerging. Naturally, these changes affected the education system. Modern society needs not so much a teacher-performer - how much a teacher-researcher, an innovator, a creative, widely educated person who is able to think and act boldly. High professionalism must be combined with an active pedagogical search.

The professional peculiarity of a modern teacher is that at present his work is acquiring an advanced, projecting character and, as a result, mastering a whole range of diverse technologies, content, methods, forms, and means of education in accordance with the government's requirements is becoming a central requirement for the teacher's professional qualities. goals and priorities.

The basis of the competence approach, which is considered VI. Baydenko as "a kind of tool for strengthening the social dialogue of higher education with the world of work, a means of deepening their cooperation and restoring the new conditions of mutual trust" [1]. O.E. Lebedev defines the competence approach as "a set of general principles for determining educational goals, selecting the content of education, organizing the educational process and evaluating educational results" [4].

Competence is the same, as noted A.V. Farm, means "a range of issues in which a person is knowledgeable, has knowledge and experience." A person competent in a particular area has the relevant knowledge and abilities that enable him to reasonably judge this area and act effectively in it [8].

The professional competence of the teacher is a multifaceted concept that is measurable in the educational system. Currently, there are various interpretations of the concept and classification of professional competence.The concept of professional competence of a teacher can be defined as: "the teacher's possession of the necessary amount of knowledge and skills that determine the formation of his pedagogical activity, pedagogical communication and the personality of the teacher as a carrier of certain values, ideals and pedagogical consciousness".

The analysis of the problem of the formation of competencies in a teacher of preschool education in many respects will be predetermined by the content that will be invested in the concept. There are many definitions of competence, competence, as well as what additional education and competence approach are in DL, etc. We looked at all the basic concepts relating to the topic of our work from numerous sources and in the wording of various authors. As a result of this, it turned out that our competence-based model of the teacher ext. Education should presumably consist of three blocks: regulatory requirements for the teacher, groups of competences, and professional-significant qualities of the teacher.

After analyzing the documents, we determined that the teacher should possess such skills (qualities) as: have a higher education; be able to plan; own forms and methods of training, techniques; be able to cooperate; effectively regulate behavior; possession of psychological and pedagogical technologies; ability to design; willingness to interact; readiness to accept different children, etc.

Professor A.A. Krylov writes: "... the master of pedagogical work is, first of all, a highly competent specialist in psychological and pedagogical and his own subject area who can reproduce professional knowledge, skills and abilities at a high level" [3]. A modern competent teacher of pre-school education integrates a high level of professional, pedagogical, psychological, social and other qualities. We have distributed these qualities into their respective groups of competences: key (universal) competencies (personal qualities, setting goals and objectives of pedagogical activity, motivation of educational activities, information competence, developing programs of pedagogical activity and making pedagogical decisions, competences in organizing educational activities); professionally -personal competencies (professional productivity, emotional intelligence, features of social interaction); professional and pedagogical competences (social and legal competence, methodological and technological competence, communicative competence, control and analytical competence, design and research competence).

An important component in the structure of the personality of the teacher are professionally important qualities. V.D. Shadrikov by professionally important qualities understands the individual qualities of the subject of activity, influencing the effectiveness of the activity and the success of its assimilation. He also considers abilities as professionally important qualities. The productivity of pedagogical activity depends on the formation of professionally important personality traits of a teacher [9]. We identified the following professionally significant qualities: logical thinking, autocompetence, charm, honesty, prognostic skills, reflexive skills, personality activity, ideological skills, didactic skills, balance, justice, modernity, pedagogical humanism, etc.

At this stage for the analysis of the competence model of the teacher ext. Education of children, we conducted a study, presented in the form of a survey of teachers and students of Zhansugurov University. During the study, 14 teachers were interviewed by Zhansugurov University "Faculty of Pedagogy and Psychology." and 12 teachers of the "preschool education" faculty also tested 17 students of the faculty of "foreign language" and 13 students of the faculty of "physics and mathematics" aged 19-20 years. Summarizing the results of this study, we can say that teachers of DL do not have enough knowledge and skills to be competent in all or at least the largest number of types of their activities. Most of the teachers taking the survey do not have sufficient skills in the field of public speaking, organizing leisure activities, including contests, competitions, etc., do not possess methods of analyzing events, classes, and self-analysis; as well as some of the teachers are not ready to interact with the methodologists of the institutions for planning and organizing methodological work and organizing activities. This suggests that the teachers of TO are competent in certain areas, but if they are invited to participate in other activities that are far from what they do and teach the children, they will have certain problems with the construction and organization of that activity, since they do not have there will be enough knowledge and skills.

LITERATURE:

1.Zolotareva, A.V. Modern problems of training pedagogical personnel for the sphere of additional education of children [Text] // Training for the sphere of additional education of children in Russia: materials of the II All-Russian scientific-practical correspondence Internet conference / ed. A.V. Gold. - Yaroslavl: Publishing house of YAGPU, 2012. - 99 p.

2.Krylov, A.A. Psychology [Text]: textbook (2nd ed.). - M .: Publishing House Prospectus, 2005. - 240 p.

3.Lebedev, O.E. Competence approach in education [Text] // School technologies. - 2004. - № 5. - p. 3-1.

4.Plotnikova, V.S., Fedorova, E.N. Training future teachers-animators in the context of value-semantic approach [Text] // Fundamental research. - 2012. - №3. - pp. 53-58.

5.Khutorskiy, A.V. Didactic heuristics. Theory and technology of creative learning [Text]. - M .: Publishing House of Moscow State University, 2003. - 416 p.

6.Shadrikov, V. D. Activity and Abilities [Text] / V.D. Shadrikov. - M.: Publishing house Logos Corporation, 1994. - 320 p.

7.Shulga, I.I. Pedagogical animation is a new profession of an organizer of leisure [Text] // Bulletin of SUTUKD. - 2011. - № 3 (17). - p. 154-158.

UDK 378

ADDITIONAL EDUCATION THE MODERN EDUCATION SYSTEM OF KAZAKHSTAN

Doszhanova S.T. master student, **Bazhenova E.D.** доктор PhD
Zhetysu State University named after I. Zhansugurov, Taldykorgan

E-mail*: darkhambay@bk.ru*

Мақала Қазақстандағы қосымша білім берудің ағымдағы жағдайына талдау жасауға арналған

Тірек сөздер: *қосымша білім, даму, жүйе, оқыту.*

Статья посвящена анализу современного состояния дополнительного образования в Казахстане

Ключевые слова: *дополнительное образование, развитие, система, обучение.*

The article is devoted to the analysis of a current state of additional education in the Kazakhstan

Key words: *additional education, development, system, training.*

Institutions of additional education of children are one of the main social institutions that provide the educational process and the development of the individual abilities of children. Their difference from general education institutions is that students have the right to choose the type of activity, level of complexity and pace of development of the educational program of additional education in the chosen field of knowledge.

Nowadays, the role of the system of additional education in the training of the younger generation is significantly increasing. Her vocation is to solve the most important social problem, which is associated with the identification and development of the skills and abilities of children that will ensure their sustainable self-development in later life. Additional education of children is one of the most important components of the educational space that has developed in modern Russian society. It is socially demanded, it requires constant attention and support from society and the state as an education that organically combines the upbringing, training and development of the child's personality.

In addition, additional education, in addition to training, education and creative development of the individual, allows to solve a number of other socially significant problems, such as: ensuring the employment of children, their self-realization and social adaptation, the formation of a healthy lifestyle, prevention of neglect, offenses and other asocial manifestations among children and teenagers. On the basis of additional education of children, the problems of providing quality education of choice, the socio-economic problems of children and families, and the recovery of Russian society as a whole are solved. Expenditures of budgets of all levels for additional education of children are considered as long-term investments in the future development of society, personnel potential of intellectual, scientific, technical, creative and cultural development of society, prevention of neglect and asocial manifestations in children and adolescents.

In the institutions of additional education of children, socio-pedagogical models of activity are most effectively introduced, since the traditions, style and methods of work of these institutions take into account the peculiarities of the society to the maximum. The consequence of this is the accumulation by children of experience of civil behavior, the foundations of a democratic culture, self-worth of a person, a conscious choice of profession, getting qualified help on various aspects of social life, which affects the social adaptation of children and young people to changing living conditions [2, p.]

In the characteristics of the system of additional education, V. A. Berezina considers the significant principle of the classification of areas in additional education. According to this principle, currently, additional education is developing in five main areas: artistic and aesthetic, technical creativity, physical education and sports, environmental and biological, children's tourism and local history. Statistic notes that the most actively developing associations of artistic and aesthetic and technical creativity, physical culture and sports work. The ecological and biological and tourist and local lore areas are less developed. The priority directions and types of activities among girls are art education, especially music and vocals (50.9%), choreography (30.9%) and applied arts (29.1%), slightly less sports (25.5%). Among the boys, the most popular are technical engineering, sports, music and computer science [3, p. nineteen].In the system of additional education, technical creativity provides students with new opportunities for professional, intellectual and spiritual development, the fastest adaptation in the conditions of modern market relations.

Additional education of children opens up great opportunities for the development of the creative abilities of the child, his self-determination. It has been established that the formation of a positive motivation for learning and socially useful activities contribute to a general positive attitude towards additional education.

The history of the formation and analysis of the modern state of additional education in our country during the 80 years of its existence showed that it can be considered as a certain system that includes a set of interacting elements: educational programs of various levels and orientation institutions of additional education of children; education authorities; children and youth public associations implementing additional educational programs; families. The peculiarity of the system of additional education is the possibility of the voluntary choice by the child and his family of the direction and type of activity, teacher, organizational forms for the implementation of additional programs, time and pace of their development. This is done taking into account the interests and desires, abilities and needs of the child; with the use of the personal activity approach to the organization of the educational process, which actively promotes the creative development of the personality, the motivation of knowledge, self-realization, and the child’s self-determination.

Institutions of additional education of children create equal starting opportunities for each child, provide help and support to gifted and talented students, raising them to a new level of individual development.

In the activities of the institution of additional education, an important component is management, which ensures the purposeful work of all subjects of the pedagogical process on the functioning and development of the system; creation of flexible organizational structures and diverse educational and developmental programs. Management activity today is also undergoing changes: authoritarian administration gives way to a democratic character, delegation of managerial authority to teachers.

The distinctiveness of the network of institutions for the additional education of children from other educational institutions lies in the fact that in the system of additional education (DLS) a different educational path takes place with the child. In the DLS not only give him supporting information; the main thing is to include it in activities. When a child develops one or another area of human activity, acquires skills, then the child has the opportunity to choose and master his choice. The right of the child to choose is realized in additional education from the very beginnings that gave birth to this subsystem of education [4, p. 98].

Upon careful consideration of the programs implemented in the additional education of children, one can see that up to 80% of the programs are practice-oriented. This is most important today, when this practice-oriented component collapses as a result of economic and other difficulties in general education, and the child has the ability to do and observe, summarize, and extract knowledge in the process of interaction with objects of labor.

An important component of the institutions of supplementary education is vocational guidance. It should be one of the targeted functions of these institutions. Based on the above material, it can be concluded that Kazakhstan has managed to preserve a unique system of education and training - the state system of additional education for children. The comparative advantages of Kazakhstan in this area are determined today by the potential accumulated in the previous decades. Recently, certain successes have been achieved in this field of activity: the regional system of supplementary education for children is actively developing in regions, an interdepartmental approach is being carried out to solve problems of upbringing and education of the younger generation, systemic centers for the development of supplementary education for children at the federal and regional levels have been opened children's education to participate in the exercise of the powers of authorities in this field.

At the same time, the socio-economic development of society and the modernization of Russian education require major transformations of the existing system by increasing the accessibility and quality of services for the additional education of children and improving their socially adaptive functions.

LITERATURE:

1. Berezina V. A. Additional education of children in modern conditions / V. A. Berezina. // Regulatory documents of the educational institution. - 2006. - № 3. - p. 17-19.

2. Bondarevskaya E. V. Theory and practice of student-centered education: a textbook for universities / E. V. Bondarevskaya. - Rostov n / A: Publishing House of the Russian State Pedagogical University, 2006. - 352 p.

3. Additional education: experience and development prospects: studies. manual / ed. S.V. Saltseva. - M .: UNITY-DANA, 2007. - 135 p.

4. Zhurkina A. Ya. The content and technological tools of research work in the institution of additional education: a textbook for high schools / A. I. Zhurkin. - M .: INFRA-M, 2008. - 84 p.

ӘОЖ 371.2

ОҚУШЫЛАРДЫҢ САНДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ИНТЕГРАЦИЯНЫҢ РӨЛІ

Адамова Ж.Б. информатика пәнінің мұғалімі
КММ №16 орта мектеп гимназиясы, Талдықорған қ.

E-mail: *imanbaevaz@list.ru*

Бұл мақалада оқушылардың сандық сауаттылығын қалыптастырудағы интеграцияның рөлі қарастырылады. Білім берудегі интеграция мәселесін жан-жақты зерттеу оның маңыздылығын және ойлау жүйесін меңгерген, өз ісәрекетін саналы түрде талдауға, цифрлік технология жағдайында дербес өз бетімен әрекетке, сонымен бірге жаңа білім мен дағдыны

меңгеруге қабілетті қазіргі заманғы тұлғаны дамытуда педагогикалық үдеріске жағымды ықпалын көрсетеді. Білім беру жүйесі дамудың өзіне тән ішкі әлеуметтік заңдылықтары бар қоғамның маңызды әлеуметтік институты болып табылады. Адамның рухани, мәдени, ақпараттық қажеттіліктері үздіксіз білім беру факторы және оны дамытудың негізгі күшейткіші болып саналады. Сауаттылық ЮНЕСКО-ның «Барлығына арналған білім» бағдарламасының негізгі міндеттерінің біріне саналады, онда сол міндетке сәйкес оқушылардың сауаттылығын көтеру, базалық және үздіксіз білімнің барлық оқушыларға де қолжетімді болуы қарастырылады

Тірек сөздер: *ақпарат, сауаттылық, ақпараттық сауаттылық, функционалдық сауаттылық, сандық сауаттылық, компьютерлік сауаттылық, ақпараттық коммуникативтік технология, интеграция.*

В данной статье рассматривается роль интеграции в формировании цифровой грамотности школьников. Всестороннее изучение проблемы интеграции в образовании подтвердило ее значимость и положительное влияние на педагогический процесс, выразившиеся в стремлении развития современной личности, обладающей системным мышлением, способностью к осознанному анализу своей деятельности, самостоятельным действиям в условиях цифровой технологии, а также приобретению новых знаний и навыков. Система образования является важнейшим социальным институтом общества, который имеет свои внутренние социологические закономерности развития. Духовные, культурные, информационные потребности человека являются основными ускорителями развития, факторами непрерывного образования. Грамотность является одной из основных целей Программы ЮНЕСКО «Образование для всех». Цель повышение уровня грамотности школьников и предоставление всем взрослым равного доступа к базовому и непрерывному образованию.

Ключевые слова: *информация, грамотность, информационная грамотность, функциональная грамотность, цифровая грамотность, компьютерная грамотность, информационная коммуникативная технология, интеграция.*

This article discusses the role of integration in the formation of digital literacy of pupils. A comprehensive study of the problem of integration in education confirmed its importance and positive impact on the pedagogical process, expressed in the desire to develop a modern person who has systemic thinking, the ability to consciously analyze his activities, take independent action in digital technology, and acquire new knowledge and skills. The education system is the most important social institution of society, which has its own internal sociological laws of development. Spiritual, cultural, information needs of man are the main accelerators of development, factors of continuous education. Literacy is one of the main objectives of the UNESCO Education for All Program. The goal is to increase the level of adult literacy and provide all adults with equal access to basic and continuing education

Key words: *information, literacy, information literacy, functional literacy, digital literacy, computer literacy, information communication technology, integration*

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында [1]: «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, оны жүзеге асыру бағыттарының айқындалуы цифрлық технологияны дамыту жағдайында оқушылардың ақпараттық сауаттылығын қалыптастыру мәселесін өзектендіреді.

Сонымен бірге қазіргі заманғы білімнің жылдам жаңаруы және ақпараттық-білім беру ортасының белсенді қалыптасуы жоғары орындары алдына ғылым және білім мақсатын шешу үшін ақпараттық ресурстарды тиімді пайдаланатын, өңдейтін, ақпараттармен сауатты жұмыс істей алатын, қажетті білім мен дағдыны өзбетімен меңгеретін болашақ маманды даярлау міндеттерін қояды. Ақпарат термині латынның «information» сөзінен шыққан, түсіндіру,

мазмұндау деген мағыналарды білдіреді, күнделікті өмірден бастап техникалық салада пайдаланылатын көп мағыналы ұғым. Жалпы алғанда бұл ұғым шектеу, байланыс, бақылау, форма, инструкция, білім, мағына, құрылым, бейнелеу, сезіну тағы басқа ұғымдармен тығыз байланысты [2].

Философиялық көзқарас тұрғысынан, ақпарат – мәліметтер немесе хабарлама көмегімен нақты әлемді бейнелеу; ал хабарлама – бұл ақпаратты ұсыну формасы (мәтін, сан, кесте, график, бейне) [3].

Кең мағынада ақпарат қазіргі заманғы ғылымның материя, энергия, уақыт, кеңістік, т.б. жетекші ұғымдарымен қатар қолданылатын түйінді ұғым, өзіне адамдар арасында мәліметтер алмасу, тірі және өлі табиғат белгілерінің алмасуы, адамдар мен құрылғылар алмасуы сияқты әрекеттерді еңгізеді.

Бүгінде «ақпарат» ұғымы үш тұрғыдан (ғылыми, абстрактылық, нақты) анықталады. Сондай-ақ ақпарат теорияда, кибернетикада, семантикалық теорияда, тұрмыста, техникада терең және көпқырлы мәнге ие. Демек ақпарат ақпараттанған қоғам дамуының маңызды атрибуты болып табылады. Жалпы сауаттылық түсінігі мәдени-тарихи сипатқа ие. Әртүрлі мәдени контексте «сауаттылық» ұғымы сан алуан мағынаны білдіреді. Мысалы, дәстүрлі түсінікте ол - оқи білу, жаза білу, санай білу. Қазіргі заманда сауаттылық – бұл білім алу, сонымен бірге өмір бойы құзыреттіліктердің жаңа түрін (білім, дағды және әлеуметтік тәжірибе) меңгеру, ақпараттарға және білімге негізделген қоғам өміріне белсенді және табысты қатысудың міндетті шарты болып табылады.

ЮНЕСКО-ның негізі қаланғаннан бастап «сауаттылық идеясы» білім алу және оқу құқығының бөлінбейтін бөлшегі ретінде қарастырылады. 1985 жылы адамның күнделікті тіршілік әрекетіне қажетті сауаттылықтың базалық деңгейі ретінде оқу мен жазуды меңгеруді қарапайым қысқа хабарламаларды түсіну үшін анықтады. 1990 жылы сауаттылықтың кең түсінігі ұсынылды, оған адамның өзін және оның қоршаған әлеуметтік ортасын дамыту, тіршілігі үшін қажетті оқу, жазу, санау қабілеттері енгізілді. 2004 жылы сауаттылық қайтадан қарастырылып, «ақпаратты теңестіру, түсіну, түсіндіріп беру, құрастыру, коммуникацияға түсу, әртүрлі контекстегі қолжазба және басылған материалдарды қолдану қабілеттері, сонымен бірге жеке адамның мақсатына жетуде білімді меңгеруі және әлеуетін дамытуы, тұтас алғанда, қоғам өміріне қатысуы үшін білімнің үздіксіздігі ретінде» анықталды [4, 131 б.].

Технологияның қарыштауы, ақпараттар санының өсуі және оның формалары мен тасымалдаушыларының әртараптандырылуы жағдайында «сауаттылық» ұғымының «жаңа сауаттылық» ұғымына дейін дамуы аса кең метафорлық мағынаға, жаңа түрге ие болуда. Сондықтан «сауаттылық» ұғымы өзіне ақпараттарды алу, қабылдау, өндіру, сақтау және беру үшін негізгі дағдыларды меңгерумен байланысты «функционалдық сауаттылық», «сыни сауаттылық», «шешендік сауаттылық» түсініктерін еңгізеді.

1978 жылы ЮНЕСКО-ның анықтауына сәйкес «адам функционалды сауатты деп саналған, егер ол тобының немесе қауымдастығының тиімді қызмет атқаруы үшін қажетті кез келген іс-әрекет түрін жүзеге асырса, онда сауаттылық өзінің немесе қауымдастығының дамуы үшін оқу, жазу немесе санауды қолдануға мүмкіндік береді» [4, 133 б.].

Функционалдық сауаттылықтың параметрлері сан алуан түрлі: тілдік сауаттылық; құқықтық сауаттылық; азаматтық сауаттылық; қаржылық сауаттылық; экологиялық сауаттылық; кәсіби және арнайы аспектідегі сауаттылық [5].

Ақпараттық коммуникативтік технология (ИКТ) қолданумен білімге, ақпараттарға мүмкіндікті қамтамасыз ететін дағдыларға қатысты «технологиялық сауаттылық», «компьютерлік сауаттылық», «аудио-визуальдық сауаттылық» ұғымдары қолданылады. Осыдан нақты саладағы білімге қолжеткізу дағдысын белгілеу үшін сол салаға сәйкес түсініктер пайда болды, мысалы, өнер, экономика, денсаулық сақтау, экология, география және т.б. Цифрлық ресурстар санының артуына байланысты жаңа дәуірде бір жағынан, сандық құрылғылар, ресурстар мен қызметтердің, екінші жағынан, жаһандық ақпараттық медиа ортаның өрістеуінен ақпараттық қоғамдағы білімді тасымалдау, беру, жинақтау, құрастыру және тарату жүйесі ретінде жаһандық бұқаралық ақпарат құралдары ортасының адамға ықпалының күшеюі

айқындала түсуде. Сондықтан бүгінде «цифрлық сауаттылық» ұғымы ғылыми айналымға енді. Ол ақпараттық ісәрекет құралы ретінде компьютерді пайдалана білу шеңберінен шығып, технологиялық сауаттылықпен байланысты компьютерлік сауаттылық және ақпараттық коммуникативтік технологияны қолдана білу сауаттылығы ұғымдары қатарында қарастырылады.

Цифрлық сауаттылық даму катализаторы қызметін атқарады, өйткені электрондық қызметті тұтынушы ақпараттық қоғамның азаматының маңызды өмірлік дағдыларын меңгеруге және өздігінен білім алу сұраныстарын қанағаттандыруға әсер етеді.

Цифрлық сауаттылық – дағдылар топтарын біріктіретін кең ауқымды құрама бөлшектерден тұратын шекті ұғым: компьютерлік сауаттылық (компьютер саласындағы пайдаланушылық және арнайы дағдыларды еңгізеді); АКТ сауаттылық (Интернет арқылы сервисті пайдалану үшін тұтынушылық дағдыларының жиынтығы, коммуникативтік және сандық ақпаратты іздеу, іріктеу, құрастыру, өңдеу, сақтау, тарату ақпараттық құраушылар). АКТ қоғамдық дамуға, адамның әлеуметтік тәжірибесіне, оның қоғамдағы кеңістігіне көбірек ықпал етеді. Мұнда ақпарат негізгі стратегиялық ресурс және әлеуметтік - мәдени даму факторы болса, ал АКТ адам іс-әрекетінің жетекші құралдарының бірі болып табылады.

Интеграцияның студенттердің сандық сауаттылығын қалыптастырудағы рөлін қарастыруда бұл ұғымға берілген анықтамаларға назар аударылды.

А.А. Бейсенбаеваның пікірінше, ғылым мен практика интеграциясын генетикалық қағида деңгейінде пайдалану сапалы жаңа жүйе жоғары реттегі интегралды білімдік кеңістікті қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ал бұл педагогикалық теория мен практика арасында сапалы байланыс құру үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл тұрғы ғылым мен практика интеграциясын генетикалық қағида ретінде мұғалімнің іс-әрекетінде теориялық педагогикадан білімді жүйелі пайдалануға бағдар береді [6].

И.А. Колесникова философиялық-педагогикалық тұрғыдан, интеграция «Адамзаттың ақыл-ой жиынтығы мен жеке ойлау деңгейлерінің сай келуін қамтамасыз ететін механизм ретінде қарастырылуы тиіс», - деп есептейді [7].

Н.В. Груздева «интеграцияны әлем бейнесін құруға және сол әлемде өзін түсінуге жағдай жасауға, ақиқат шындықты өзара толықтыруға негізделген білім процесін жүзеге асыратын принцип» ретінде анықтайды [8].

М.Г. Чепиков ғылыми білім «интеграциясы тенденциядан заңдылыққа айналады» – деген пікірін білдіреді [9].

Г.Ф. Федорец интеграцияны элеменеттердің бірлігін тұтастыққа біріктіретін, бірлікті қайта қалпына келтіретін дифференциацияға қарама-қарсы процесс деп түсіндіреді [10].

Сондықтан білімді жаңа аспектіде түсіну қажет, білімді интеграция деңгейінде жан-жақты ойлау және араластыру қайта ойлау оқытылатын пәнде іргелі мәселелерді таратуға мүмкіндік беріп, қоғамда білім беру жүйесінің рөлінің өзгеруіне алып келеді.

1993 жылы ЮНЕСКО-ның сессиясында интеграция ұғымына «өзара органикалық байланыстағы білімдердің бір-бірімен кірігуі, білім алушының ғылымды біртұтас түсінуіне қол жеткізу» деп дүниетанымдық мақсатта жұмыстық анықтама беріледі [11].

Интеграцияның мәні студенттің іс-әрекеті мен шығармашылық әлеуетін іске асыруға негізделіп, оның оқытылатын пәндерге сәйкес келетін білім алуын, білім нәтижелері ретінде құзіреттіліктерді меңгеруін талап етеді. Интеграция базалық құзыреттілікпен тікелей байланысты дағдының біріне саналады. Сандық сауаттылық жағдайында бұл дағды АКТ құралдарын пайдалану арқылы ақпаратты түсіндіріп беру және қайта таныстыруды іске асырады. Мұндағы ең күрделісі – әртүрлі көздерден алынған ақпараттарды жинақтау, қосу, салыстыру және қарама-қайшылықтарын айқындау. Интеграция техникалық міндеттерді шешуді талап етеді, атап айтқанда, әртүрлі типтегі мәліметтерді бірмезгілде өңдеуге мүмкіндік туғызады. Осыдан, интеграция үрдісі үшін мәтінді, кестені және бейнені басқасымен салыстыру және байланыстыру үшін визуалды, вербалды сауаттылық қажет. Демек АКТ арқылы нақты пәндерде қалыптастырылған оқу бағдарламалары бұл контекстте пәнаралық тұғырға бағдарланған және құнды деп саналады.

Жаңа білімді құрастыру сауаттылықтың барлық түрлеріндегі негізгі міндет ретінде компьютерлік бағдарламаны қолдану, авторлық материалдарды жасау жаңа цифрлік ақпараттың өзгені құрайды.

Сандық сауаттылықты бағалау үшін сандық құралдар аса тиімді, ең көп таралғандарының бірі электрондық немесе цифрлік портфолио – ол Web сайтты пайдаланумен жинақталған электрондық мәліметтер. Әрбір электрондық мәліметтерді электрондық тексте, файлге, мультимедия, гиперсілтемеге еңгізуге болады. Электрондық портфолионың үш типі бар: дамуға бағытталған, рефлексивтік, презентациялық.

Қорыта келгенде, цифрлік дәуірдің жастары (оқушылар) үшін визуалды оқыту тілін қалыптастыруда АКТ қолдануға бағытталған дамудың жаңа үлгісі қажет, ол сандық сауаттылықтың шығармашылық түріне бағдарлануы тиіс. Құзыреттілік - өзгермелі жағдайда меңгерген білім, білік, дағдыны тәжірибеде қолдана алу қабілеті болып табылатын оқу нәтижесінде алынатын сапа.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Тәртінші әнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 10 қаңтар 2018 жыл. http://www.akorda.kz

2. https://kk.wikipedia.org

3. Әлікенова К.Н. Ғылым тарихы мен философиясы: оқу құралы. – Талдықорған; ЖМУ, 2012. – 256 б.

4. Информационные и коммуникативные технологии в образовании: монография/Под ред. Б.Дендева. – М.: ИИТО ЮНЕСКО, 2013. – 320 с.

5. Социология: энциклопедия http://voluntary.ru

6. Бейсенбаева А.А. Мендигалиева Г.К. Теоретические основы интеграции науки и практики в инновационных типах школ. РИПК СО. – Алматы, 1999. – 57 с.

7. Колесникова И.А. Педагогическое проектирование. – М.: «Академия», 2005. – 288 с.

8. Груздева Н.В. Интегративность как методологический и дидактический принцип (на примере школьного естественного образования) // Гуманист. Потенциал ест.н.обр. /Под ред. Алексашиной И.Ю. ГПУМ. – 1996. – 264 с.

9. Чепиков М.Г. Интеграция науки. - М.: Мысль, 1988.- 135с.

10. Федорец Г.Ф. Межпредметные связи а процессе обучения // Нар.образование, 1985. №3. – С. 36-40.

11. Тезаурус ЮНЕСКО МБЛ по образованию. 1993.

ӘОЖ 541.124

БАЛАБАҚШАДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ТӘРБИЕ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Акхожина Ш.А. тәрбиеші
№ 42 балабақша, Талдықорған қ.

E-mail: *akhozhina.sh@gmail.com*

Ұлттық тәрбиенің қайнар көзіне, қазақ халық педагогикасы мен дәстүрлеріне қайта оралу заманның жай қоғамдық өмір талабынан туындаған қажеттілік.

Тірек сөздер: *тәрбие, тілді дамыту, рухани мәдени мұра, ұлттық мінез, ұлттық тәрбие.*

Возвращение к истокам национального воспитания, казахской народной педагогике и традициям – это необходимость, вызванная простыми требованиями общественной жизни эпохи.

Ключевые слова: *воспитание, духовное культурное наследие, национальное поведение, национальное воспитание.*

A return to the origins of national education, Kazakh folk pedagogy and traditions is a necessity caused by the simple requirements of the social life of the era.

Key words: *education, spiritual cultural heritage, national behavior, national education.*

Бүгінгі таңда 20 ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім беруді жетілдірудің басым бағыттарын айқындап, ұлттық игіліктер мен азаматтық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу, ұлттық сананы қалыптастыру көкейтесті мәселелердің бірі болып отырғаны анық. Олай болса, ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- тәрбиеленушілердің ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;
- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- ана тілі мен дінін, тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларын қастерлеу;
- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру.

Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие- ел болашағы.

- Балалардың ойлау, дұрыс сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту. Сөйлем құрап өз ойларын жеткізе білуге, қазақ тіліне тән ерекше дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету;
- Сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгеруге көңіл бөліп ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру;
- Ертегілерді әңгімелеуге, өлең, тақпақ, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштарды айта білуге үйрету.

Осы мақсатты іске асыру нәтижесіндегі міндеттері:

- Бала тілін орфоэпиялық дыбыстау мәдениетіне тәрбиелеу.
- Сөздегі грамматикалық дағдыларды қалыптастыру;
- Баланың сөздік қорын молайту;
- Байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру;
- Балалардың ойын дамытып, тіл байлығын арттыру.

Балалар өз бетінше шығармаларды айтып, шығарманың мазмұны мен ойын дұрыс жеткізіп, диалогтегі адамдардың сөздерін мәнерлі жеткізуге икемделеді. Балалар автордың сөз өнерін қолданып, сөз мәнерін өздері машықтануы қажет. Серіктестері айтқан әңгімені тыңдап отыруға, мазмұнын түсінуге, әдеби кейіпкерлерін атымен айтуға үйретіледі.

Табиғи құбылыстардағы ақиқаттылықты сипаттаған кезде нақты дұрыс сөз қолдануға, үлкендердің көмегімен белгілі бір нәрсеге тиісті белгілерді табуға, нақты бейнелеуге, әңгімеде ой - өрісін жеткізуге үйрету керек.

Балалардың сипаттау әңгімелері түрлі сөз мәнерінде сонымен қоса тілдік (метафора, теңеу, эпитет, балама қолдануда) сөз өнері өзіндік ерекшелігін ашу қажет. Ойыншықтарды қолданып, суретке қарап әңгіме құрастырады. Баланың өзі құрастырған әңгімесінде жанрдың негізгі ерекшелігін таба білуінде. Сюжет ерекшеліктері мен әдеби шығармалардың мәнерлігі (ертегіні толық айтып беру). Ертегідегі жақсылықтың жеңгені, сиқырлық жайында, кейіпкерлерді басқа бір нәрсеге айналдырып, және т. б. қолдана отырып, ертегі құрастыруға үйрету.

Бұл жаста балалар шығарманы қызығушылықпен тыңдайды, әңгімелерді түрлендіре біледі. Баланы шығармашылық қабілеттілігінен туындаған әңгімелеріне көңіл аударып, құрдастарының әңгімелерін тыңдауға бейімдеп, қиыншылық тудырған жағдайды, қол ұшын беріп, дұрыс емес жеріне түзету енгізе керек.

Бала тілін дамыту жұмысының негізгі мазмұны – сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгертуге көңіл бөліп, ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, қоршаған орта мен

айналасындағы адамдармен еркін қарым-қатынасқа түсу, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру.;

Балабақшада тілдік қатынастың ең маңызды түрі ауызша сөйлеп үйрену жатады. Ол болса сөздерді байланыстырып айту арқасында жүзеге асады. Сөздің байланысты айтылуы баланың тілдік және ақыл-ой дамуымен біртұтас жүреді. Жас жеткіншектерді баулып, тәрбиелеуде көркем әдебиеттің ролі ұшан - теңіз. Ол жаңа өскін балауса буынының сана - сезімін оятып, ақыл - есін дамытатын, адамгершілік моральға тәрбиелейтін өмір оқулығы.

Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді өздерінің бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу педагогтардың алдындағы міндеті. Ертегі, әңгімені, өлең – тақпақтар мен жаңылтпаштарды, сондай - ақ мақал - мәтелдер мен жұмбақтарды мәнерлеп оқып беру мен әсерлеп айту – тек қана олардың сөздік құрамын байытып қана қоймайды, сонымен қатар, сәбидің ақыл - ойының жетілуіне әсерін тигізеді. Баланың әдепті, көргенді болып өсуіне ықпалы өлшеусіз, баланың Отанын, өз ұлтын, өз жерін сүюі, оны қадірлей білуі ауыз әдебиеті мен көркем әдебиеттің әсері деп білеміз. Өйткені, бала кітаптағы жағымды кейіпкерлерге еліктеп, ер атанғысы келіп, еркелікке, еңбекке құлшынып өседі. Ежелгі қазақ әдебиеті өкілдерінің балаларға қалдырған әдеби мұрасы, Алтынсарин, Абай Құнанбаевтың өлең - әңгімелері осы күнге дейін тәрбиелеу мен оқытуда, ғылым жолын танытып, өнер - білімге баулуда қастерлі қасиетін еш жойған жоқ. Жамбылдың, Сәкеннің, Жансүгіровтың, Майлиннің, Мұқановтың сондай – ақ көптеген жас жазушылардың балалар сүйсінерлік қызығып тыңдарлық жақсы шығармалары бар. Мұның бәрі, жеткіншек ұрпақты тәрбиелеуде баға жеткісіз қазына. Әрбір тәрбиеші соларды іздестіре отырып, термелеп жинап жүрсе, өз жұмысына өте демеуші дәнекер таппақ.

Жас кезінде әңгіме, жырларды көп тыңдаған бала өз көрген - білгенін қиыстырып, тұжырымдап достарына, тәрбиешілеріне, ата - аналарына айтып бере алса, тіл шеберліктері артады. Мұндай жақсы қасиеттер баланың парасатты, инабатты, әдепті, еңбексүйгіш, көргенді болып өсуіне әсер етеді.

Мектепке дейінгі шақта бала тілі икемді келеді, сондықтан - да балалармен жүргізілетін жаттығу түрлері әр алуан. Балалардың жас ерекшелігіне қарай топтарды үлкейген сайын тіл дыбыстарын айтып, үйренуге арналған жұмыс түрлері біртіндеп күрделене береді. Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады.

Дыбыстардың ерекшеліктерін жете меңгеріп, дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру басқа да тілдерін дамыту сауат ашу оқу іс - әрекеттерінде ғана емес, ән, дене шынықтыру оқу іс-әрекеттерінде де, бос кезеңдерде де балаға өлеңдер, тақпақтар үйретіледі.

Балабақшада балалардың жас ерекшелігіне лайықты көркем әдебиет шығармаларын, оқыған шығарма мазмұнын әңгімелеп айтқызу, суретке қарап әңгімелеу, ертегілер оқып беру, мақал - мәтел, жаңылтпаш, тақпақтар үйрету сияқты жұмыстары арқылы бала тілін дамытуға болады.

Мектепке дейінгі тәрбие жұмысы жүйелі жүргізуді талап етеді. Қазіргі уақытта баланы халықтық педагогика негізінде тәрбиелеу ана тілі арқылы өз дәрежесінде жүзеге асатыны белгілі. Баланы ана тілінде анық, жүйелі, өзгелерге түсінікті, мәнерлі үн ырғағымен келістіре сөйлеуге, сөздің дыбыстық құрамын дұрыс жеткізуге мектепке дейінгі кезеңде үйрету керек.

Балалардың сөздік қорын, тіл байлығын дамыту барысында қолданылатын әдістерге тоқталатын болсақ:

1. Сахна ойындары. Оның барысында қажетті дыбысқа байланысты сөздер, сөйлемдер бірнеше рет қолданылады. әр кейіпкерді сөйлете отырып, балаларға қайталату.

2. Бағдарлама бойынша өтілетін шығармалардан тіл ұстартуға қажетті шумағын алып пайдалану. Сол шумақ қай ертегіден, қай өлеңнен алынғанын сұрап, жауабын алу арқылы тіл дамытудан игерген білім дағдыларын бекітеді, әрі қайталайды.

3. Сөздің дыбыстық жағын анық айтуға жаттықтыруда шағын әңгіме, ертегілерді мәнерлеп оқып беруге болады.

4. Көркем сөз шеберлерінің таспаға жазылған үндерін, мәнерлі дауыс ырғағын тыңдату.

5. Дидактикалық жаттығулар жасау. «Ғажайып қалта» «Не өзгерді?» үстел үстінде ойнайтын ойындарды пайдаланып, әр дыбысқа байланысты суреттерді топтап алу.

6. Жұмбақ, мақал - мәтел, жаңылтпаштарды айтқызу арқылы қажетті дыбысты бекіту.Жұмыстың осы түрлерін баланың жас кезінен бастап дер шағында қолға алса нәтижесі де ойдағыдай болады. Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту – баланың жас шамасын және өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, оның жеке адам ретінде қалыптасуы мен дамуына жағдай жасайды. Тәрбиенің кілті халық педагогикасында деуге толық негізі бар. Өйткені халқымыздың тәлім тәрбиелік мұрасы адамгершілікті, қайрымдылықты, мейірбандылықты дәріптейді. Жас ұрпақты жастайынан тәрбиелеудің маңыздылығын қазақ халқы ерте түсінген, ешқандай жоғары білімсіз-ақ дана халқымыз тәрбиенің небір оңтайлы әдістерін бесіктен бастаған. Әңгімелер, ертегілер баламен қатынасының ең нәтижелі құралы болып табылады. Атақты педагог Ы.Алтынсарин: «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады»,- деп атап айтқан. Ыбырай өзінің педагогтық мақсатына лайықтай жазған тәрбиелік мәні жоғары көптеген шағын әңгімелерін, өлеңдерімен ,шығармалары бар. Бұл шығармалардың тақырыптық идеялық мазмұнынан біз Ыбырайдың ұстаз тәрбиеші ретінде алдына мақсат етіп қойған адамгершілік мәселелерін көреміз. Оның шығармалары қысқа мазмұнға құралады. Аз сөзге көп мағына сыйғызу, мақал – мәтел қолдану, әр әңгіменің тәлім тәрбиелік мәніне ерекше көңіл бөлу Ыбырай шығармаларының ерекшелігі деп айтуға болады.

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аласың» демекші, ата дәстүріміздің қалыптаса беруіне отбасы тәрбиесінің ықпалы зор. Елдің туын көтеріп,тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзаттық игіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени- рухани мұрағаттаары мен ұлттық тәлім-тәрбие саласындағы, білім жүйесіндегі ізденістерін көрсету басты міндетіміз болып қала бермек.Халқымыздың ұлттық құндылықтарын, асыл мұраларымызды өздеріміздің талмай, қажымай еткен еңбектеріміздің арқасында дарынды да тәрбиелі балалардың бойына сіңіріп, ұлттық мәдениетімізді әлемдік деңгейдегі мәдениетке жеткізіп сақтауға деген патриоттық сезімді қалыптастыруға бір кісідей атсалысайық!

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Жұбаназарова Н.С. Жас ерекшелік психологиясы. [Мәтін]: Оқу құралы/ Н.С.Жұбаназарова.-Алматы: Қазақ университеті, 2014.-249 б.

2. Арғынбаев. Ханыш.Журнал. Қазақ отбасы, Алматы, №85. 2013.

3. Оразбекова. К.Иман және Инабат, – Алматы 2012.128б.

4. Харчев А.Г.Современная семья и ее проблемы.-М., 2013.87б.

5. Бизақова.Ф. Мамашбаева.Ш. «Отбасылық дағдарыс психологиясы» . Фолиант баспасы.– Астана 2015.128 б.

ӘОЖ 78.06

ІЛИЯС ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ САЗДЫ ӘУЕНДЕРМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Ақхожин С.А. аға оқытушы
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

E-mail: *akhozhins@gmail.com*

Бұл мақалада қазақ поэзиясының алыбы Ілияс Жансүгіров шығармаларының сазды әуенмен байланысы, халық музыка мәдениетінің өсіп-өркендеу жолына қосқан үлесі мен халық музыкасын қастерлеп тыңдайтындығы жайында айтылған.

Тірек сөздер*: Ілияс және музыка, әуен құдіреттілігі, табиғат лирикасы, фольклор, поэзия құлагері.*

В этой статье рассматривается гений Илияс Жансугуров, связанный с глиняной музыкой, его вкладом в развитие народной музыкальной культуры и его уважением к народной музыке.

Ключевые слова: *Илияс и музыка, мелодическая сила, природа и лирика, фольклор, Құлагер поэзии*

This article discusses the genius Ilias Zhansugurov associated with clay music, his contribution to the development of folk music culture and his respect for folk music.

Key words: *Elias and music, melodic power, nature and lyrics, folklore, ulger of poetry*

Қазақ халқының сөз өнерінде өзіндік ой-танымымен дараланып, қаламгерлік қуатымен жаңа өрістерге жол ашқан XX ғасырдағы адамзат ойының алыптары қатарынан орын алған Қазақ поэзиясының Құлагері, сөз сардары- Ілияс Жансүгіров шығармашылығының орны ерекше.

Ілияс Жансүгіров –асыл сөзден алтын сарай соғып қалдырған, өлмес, өшпес, өмір тапқан ұлы ақын, жан-жақты талант иесі. Сол себепті де, ғасырлар артқан сайын жарқылдай беретін, мәртебесі көкке қарай өрлей беретін ерекше мұра.

Ілияс Жансүгіров шығармалары қазақ әдебиетіндегі өзіндік орнымен мазмұнының тереңдігімен дараланатын құбылыс. Тарихта мойындалатын шығармалар тізбегі халықтың арман-мақсатын, ой -мүддесінен шығатын туындылар мәңгілік халықтың шығармалар қатарында сақталады.

Ілияс поэзиясының ерекше күші, әсерлілігі, оның әсем әуезділігі халық қазынасынан мол және өзінше пайдалана білуінде жатыр. Қазақ халқының ғасырлар бойы санасында қорытылып, шыңдалған, елегінен өтіп, сұрыпталған асыл ұғымдар мен образдар, қазақтың шаруашылық тұрмысына байланысты бейнелері Ілияс поэзиясының қаны, ажары, көркі болып табылады. І. Жансүгіровтың поэзиясындағы халық әдебиетінің үлгілері, эпостық серпін, ойын мен сезім тұтастығы поэма жанры арқылы кең арна алады. Әсіресе, ақын поэмаларының ел өмірінің өткен тарихы, күрделі тұлғалар тағдыры, басқа да әлеуметтік-қоғамдық жайлар кең жоспарлы, мол арналы, сюжеті қызық та ширақ өріске бет қояды. Өзінің ақындық мәдениетін, талантының күшін, көркем сөздің көрнекті ұстасы екендігін поэма жанрында талассыз танытқан ақын. Оның таңдаулы поэмалары біздің ұлттық поэзиямызға өзгеше бір жаңа сапа, мәдениет әкелді.

Ілияс Жансүгіров талантының ерекшілігі, ұтымдылығы, ғасырлар бойы далада ғұмыр кешкен халық дастандарының кең, еркін үлгісін, ұланғайыр қазақ даласында қайта түлеткені болатын. Ілияс поэзиясы бүкіл болмыс бітімімен қайта жаңғыру, жаңғырту үлгісі болып табылады. Сонау Сыпыра жыраудан Жамбылға дейінгі қазақ жырының түрлік, әуендік, ырғақтық алуындылығы ақын шығармашылығына түгел сіңген.

Ілияс Жансүгіров талантының тағы бір даралығы әлемдік әдебиеттің, әсіресе орыс поэзисының шығармашылық жетістіктерін терең зерттеп өз өлең өнерінде тиімді пайдалана білуінде. Ілияс Жансүгіров қазақ мәдениетінің тарихында, талантты аудармаларының өзімен-ақ ерекшеленген, анығын айтар болсақ, қазақ аударма өнерінің ең озық үлгілерінің бірі болып табылады.

Ақынның суреткерлік кемелдену үлгісі өзі өмір сүрген дүние келбетін ашық- жарқын, барша шындықпен терең ашып көрсетуінде жатыр. Қазақ даласындағы жаңа өмір келбетін суреттеуде, қазақтың жан дүниесін ашып ой-пиғыл аңғарын анықтауда, ақын ерекше зерделік танытты. Жиырмасыншы ғасырдың жиырмасыншы жылдары туралы қазақ даласының анық суреттерін, айшықты бедерлерін Сәкеннің, Бейімбеттің, Ілиястың шығармаларын оқып дәл тануға болады. Бұл дауылпаз кесек ақындар қазақ даласындағы аумалы-төкпелі құбылыстарды барынша адал, дәл көрсетті. Бұлардың ұлылығы шыншылдықтарында. Олар қасқая қарсы қарап тұрып шындық айтқандар, сол шыншыл сөздерінен таймағандар. Біртуар тұлғалар.

Өмірден жазықсыз кеткен жандар.

Сол таза, шыншыл ақын жаны өзгеге ұқсамайтын дара сөзін, дара ойын, қазақ даласына дарытып бақты. Әлеуметтік болмысты тануда ұстамдылық ұстану, кемел азаматтық парасат таныту әр дарынның қолынын келе бермейтін кезеңде өмір сүру ақынға оңай болған жоқ. Тап тартысында да, жан тартысын да көріп, біліп күн кешкен ақын, шыншыл сөзінен бір тайған жоқ. Бұл оның ақындық, шығармашылық аның ұстанымы болатын. Ақиқат оның жан туы, қасиет туы, кие туы еді.

Өнерді қастерлей білетін қазақ халқы ғасырлай бойы өз араларынан жезтаңдай әншілерін, шебер күйшілерін, суырып салма ақындарын, терең ойлы жырауларын шығарып келді. Олар қалдырған асыл мұраны сол замандағы жалпы сауатсыздықтың салдарынан бір-біріне ауыздан-ауызға үйретулері арқылы мұрагерлері-біздің заманымызға жеткізді. Шынын айтсақ, қазақ халқының әдебиті мен мәдениеті тек Қазан Төңкерісінің жеңісінен кейін ғана сипаттық мәнде профессионалдық тұрғыда дамығандығын баршамыз жақсы білеміз. Бұл тұрғыда әдебиетімізбен поэзиямыздың үш арысы атанған С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлиндерді бұл күнде бүкіл қазақ халқы мақтан етеді. Менің өз мамандығым саласында бүгінгі Ілиясқа арналған салтанатты мәжілісте алға қойған негізгі мақсатым- І. Жансүгіров тек поэзияның алыбы ғана емес, оның Абай Құнанбаев сияқты қазақ халқының музыка мәдениетінің өсіп-өркендеу жолына қосқан үлесі мен халық музыкасын оның ішінде орындаушыларын қалай қастерлеп тыңдайтындығы жайында атақты музыка қайраткерлері мен ғалымдардың фактологиялық мәліметтері арқылы өз ойымды назарларыңызға ұсыну.

Қандай да болмасын ғалым адамның шығармашылығына өзі туған орта мен айналаны қоршаған табиғат ерекшелігі ықпалын тигізбей қоймайды. Оның мінез-құлқы да сол ортаға байланысты болады-деп, музыка ғылымының академигі Ахмет Жұбанов тегін айтпаса керек. Осы тұрғыдан қарағанда Асанқайғы бабамыз айтқандай:

Алмалары жүректей,
Бүлдіргені бүйректей.
Сарқырап аққан суы,
Жайқалып тұрған нуы мол.

Жер жаннаты Жетісуға жететін жер көрмедім демекші, осы аймақта туған Ілиястың қандай да болмасын төл шығармасын оқысаң нәзік лиризмнің адам жанын қытықтап, көңілге үлкен ой салатын құдыретін еріксіз аңғарасыз да, Ілиясты өз заманының лирик ақыны деп бірден айтасыз. Бұл пікірімізді атақты Арқаның ақиық ақыны Ақан серінің талай бәйгеге қосылып жүлделі орын алған «Құлагерін» сипаттаудағы сөз шеберліктері мен өзінің атағын әлемге танытқан «Дала» поэмасының:

«Жүрегім, жырым сенікі,
Кеңісты далам-кең далам
Тудым, өстім, есейдім,

Ен далам анам, мен балаң»-деген өлең шумақтарынан сезінуге болады. Ал Ілиястың музыка өнеріне деген ілтипатын өзінің жазған «Күй», «Күйші»- атты

поэмаларынан толық аңғаруға болады. Күйді жанындай жақсы көріп тыңдайтын жерлесіміз, сол күйді тудырған халық күйшісін де аса құрметпен бағалайтындығын қылқобыздың шебері Матайлық жерлес, қобызшы-күйші Молықбай бабамызға арнап жазған мына өлең шумақтары дәлелдей алады:

Қобызшы-Молықбай шал Матайдағы,
Матайға-Кенже, тұңғат Сақайдағы.
Қазақта қобызшының қалғаны сол,
Жорға еді маймаңдаған бақайшағы.

Бұл жерде Ілиястың қазақ халқының музыкалық фольклористика ғылымына қосқан үлестерінде айтып кеткен жөн.

1930-1935 жылдардың арасында өнер зерттеу ғалымдары Александр Викторович Затаевич пен Борис Григорьевич Ерзакович,атақты композитор Евгений Григорьевич Брусиловский қазақ халқының өнер саңлақтары Әміре Қашаубаев, Күләш Байсейітова, Құрманбек Жандарбеков, Жамал Омарова, Оқан Қабиғожин, Қали Жантілеуов, Дина Нұрпейісова, Кенен Әзірбаевтармен таныса отыра, халық арасында жасырын жатқан ән-күй фольклорын жинап, нотаға түсіріп өңдеп, қазақ республикасының профессионалдық өнерін өркендетуге өз үлестерін қосты.

Қазақстан музыка тарихының деректеріне қарағанда жоғарыда аттары аталып өткен өнерпаздарға қоса, өз халқының музыка мәдениетінің өсіп-өркендеуіне сол кезде аздап болса да домбыраға қосылып ән айтатын геология ғылымының академиктері Әлкей Марғұлан, Қаныш Сәтбаев, әдебиетшіміз бен поэзиямыздың шамшырақтары Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Иса Байзақов, Сағынғали Сейітовтер де өздері білген халық әндерін орындап беріп, оларды нотаға түсіртіп өз үлестерін қосқандықтарын бұл күнде музыка зерттеуші ғалымдар Т. Бекхожина, М. Ахметова, С.Күзембаева, З. Қоспақов, Қ. Жүзбасов, А. Темірбековалардың зерттеу еңбектерінен оқып білуге болады.

Ахмет Жұбановтың зерттеу еңбектерінде А. В. Затаевич Ілиястың орындауында халық әндері «Ақ баян», «Әудем жер», «Ғашығым», «Қалқа» әндерін жазып алғандығы айтылды. Сол кезде Ілияспен бірге жүріп, қызметтес болған Академик- ақын Әбділда Тәжібаев пен Қазақстанға әйгілі композитор Сыдық Мұхаметжановтардың айтуларына қарағанда, І. Жансүгіров өз өмірінің соңғы жылдары Иса Байзақовпен бірігіп, термелер мен желдірмелер және сонымен қатар халық арасына кеңінен тараған «Шилі өзен қамыс-ай», «Қарғаш-ау», «Күлбай шал» әндерін өз ойынан шығарғандықтарын дәлелдейді. Оның ішінде «Шилі өзенді» анық Ілиястікі деп Ахмет Жұбанов та растаған.

Ілияс Жансүгіров Москвада оқып жүргенде, қазақ музыкасын зерттеуші А. В. Затаевичтің өзі: «500 ән мен күй» деген кітабында былай деп жазады: «...І. Жансүгіров өзінің туған жері Жетісудың әндері мен күйлерін шебер орындаушы, қазақтың музыкалық шығармашылығын жоғары бағалайтын, жақсы білетін жас ақын және журналист», - деп орынды айтады. І. Жансүгіров Затаевичпен жақындасып, достасып кетеді. А. В. Затаевич өзінің «500 ән мен күй» деген кітабын, суретін Ілиясқа сиға тартады. /Сурет қазір Ілияс Жансүгіровтың мұражайында сақтаулы/ Ол ақынның музыканы тиянақты зерттеп, құдыреті мен мән-мағынасын түсінуге, таптық сипатын ашуға көмектескен ұстазы болады.

Ілияс Жансүгіров- қазақ көркем өнері жайлы кітап авторының бірі. Музыка-Ілияс шығармашылығына өмірлік өзек болды, шабытына рухани нәр берді, талантты ақынның талабынан поэзия маржаны болып төгілді. Сөйтіп, музыканы поэзияға айналдырды, әуенді өлең жолына түсірді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Б. Қалимұқашова «Сөйлеу және шешендік өнер» Фолимант баспасы 2010
2. І Жансүгіров «Құлагер» 2012 17 б.
3. А. Жұбанов «Замана бұлбұлдары» Алматы 2013 144 б.
4. Т. Сыдықов «Ілияс Жансүгіров және дәстүр жалғастығы» Арыс 2011 126 б.
5 .Т. Сыдықов «Жетісу дүлдүлдерінің дүбірі» Алматы-«Арда»-2009 87 б.

ӘОЖ 517.94

ХИЛЛ ОПЕРАТОРЫНЫҢ МЕНШІКТІ ФУНКЦИЯЛАРЫНЫҢ КВАДРАТТАРЫ ҮШІН ТЕПЕ – ТЕҢДІКТЕР

Ақылбаев М.И.[1] т.ғ.к., доцент, **Серік М.**[1] магистрант **, Бисарова Г.Ж.**[2] мұғалім
Аймақтық әлеуметтік – инновациялық университеті[1], Шымкент қ., № 27 мектеп[2], Семей қ.

E-mail: *musabek_ kz@mail.ru*

Бұл мақалада Хилл операторының спектрі туралы және оған кері операторлар туралы баяндалған. Сонымен қатар, Хилл операторына қойылған периодты және жартылай периодты есептердің меншікті мәндерінің бар болуы туралы теорема дәлелденген.

Тірек сөздер: *кеңістік жиын оператор, функция, симметриялық оператор, түйіндес оператор, меншікті мән, меншікті функция.*

В этой статье рассматривается о спектре оператора Хилла и обратный оператор. Доказано теорема о существование периадической и полупериадически задачи.

Ключевые слова: *пространство, множество, оператор, функция, симметрический оператор, самосопряжонный оператор, собственное значение, собственная функция.*

In this article of рассматривается about the spectrum of operator of Хилла and reverse operator. It is well-proven theorem at existence of периадической and полупериадически tasks.

Key words: *space, great number, operator, function, symmetric operator, самосопряжонный operator, own value, own function.*

L^2(R) – Гилберт кеңістігінде тығыз болған

$D(H)$={$y(x)$ $L2$(R) : yJ(x) $\in$ AC(R), $-y$JJ $+$ $q(x)y$ $\in$ $L2$(R)}

жиында анықталған

$$H \equiv -\frac{d^2}{dx^2} + q(x),\ Im\{q(x)\} = 0,\ q(x+\pi) = q(x),\ q(x) \in C(\mathrm{R}),$$

операторын Хилл операторы деп атайды.

Егер $y(x) \in D(H)$ болса, онда $Hy \equiv -y^{JJ} + q(x)y,\ x \in$ R болады.

Бекітім 1. Айталық, H операторы L^2(R) кеңістікте тығыз болған $D^0(H) \equiv C_0^{(2)}$(R)екі рет үздіксіз дифференциалданушы финит функциялар жиынында берілген болсын. Онда H симметриялық оператор болып, оның жабығы $\bar{H} \equiv H$ өз-өзіне түйіндес оператор болады. Сонымен бірге H^*түйіндес операторлардың анықталу облысы $D(H^*) = D(H)$жиыннан тұратындығы [1,625 – 628 беттер] монографияда көрсетілген. Себебі, қарастырылып жатқан жағдайда $q(x)$ потенциал нақты, үздіксіз, периодты функция болғандығы себепті $-\infty$ мен $+\infty$ H оператор үшін Вейлдің нүктесі жағдайы орынды болады. Сол себептен H оператор [2,175 – 178 беттер] монографиядағы Вейл критериясының шарттарын қанағаттандырады.

Анықтама 1. Егер H- $\lambda_0 I$ операторының терісі $(H-\lambda_0 I)^{-1}$ бар болып, ол L^2(R) кеңістікте шектелген болса, онда λ_0 комплекс саны

H операторлардың регуляр нүктесі деп аталады. H оператор регуляр нүктелер жиынының толықтауышына оның спектрі деп аталады және ол $\sigma(H)$ арқылы белгіленеді. Егер $H\psi = \lambda_0\psi$ теңдеу нөл болмаған шешімге ие болса, онда λ_0 комплекс саны H операторлардың меншікті мәні деп аталады. Егер $Ker(H-\lambda_0 I) = 1$ болса, онда λ_0 жай меншікті мәні, $Ker(H-\lambda_0 I) = n$ болса, онда λ_0 n еселі меншікті мән деп аталады.

$Ker(H-\lambda_0 I)$ ядроға тиісті әр қандай нөл болмаған функцияға

H операторлардың $\lambda = \lambda_0$ меншікті функциясы деп аталады.

H операторының меншікті мәндері оның спектріне тиісті болады.

Бұл параграфта H операторы спектрінің құрылысы зерттеледі.

Лемма. 1. Хилл операторы H тек үздіксіз спекрге ие, яғни ол меншікті мәнге ие болмайды.

Дәлелдеу. λ_0 саны H операторының меншікті мәні болып, $\psi(x)$ оған сәйкес келуші бірер меншікті функциясы болсын, яғни

$$H\psi(x) = \lambda_0\psi(x)$$

теңдеудің $L^2(\mathrm{R})$ кеңістікке тиісті нөл болмаған шешімі болсын деп жориық. Бірақ алдыннан белгілі болған пікірлер негізінде

$Hy \equiv -y'' + q(x)y = \lambda y,\ q(x+\pi) = q(x),\ x \in \mathrm{R}$ (1)

Хилл теңдеуі $\lambda \in C$ параметрдің еш қандай мәнінде $L^2(\mathrm{R})$ кеңістікке тиісті нөл болмаған шешіміне ие болмайды. Сол үшін H оператор меншікті мәнге ие емес.

Теорема 1. H операторының спектрі E жиыннан түзілген, яғни

$$\sigma(H) = E = \bigcup_{m=0}^{\infty} I_m, \qquad I_m = [\lambda_{2m}, \lambda_{2m+1}].$$

Мұндағы, $\lambda_j,\ j \geq 0$ сандар (1) Хилл теңдеуіне қойылған периодты және жартылай периодты шектік есептердің меншікті мәндерінен тұрады.

Дәлелдеу. Алдымен $E \subset \sigma(H)$ екендігін көрсетеміз.

Егер $\lambda_0 \in E$ болса, онда $\lambda_0 \in \sigma(H)$ болуын дәлелдейміз.

Ол үшін $n \to \infty$ да $\|(H - \lambda_0 I)f_n\| \to 0$ болатын $f_n(x) \in D(H)$,

$\|f_n(x)\| = 1$ тізбектің бар болуын көрсету жеткілікті. $\lambda_0 \in E$ болғандығы үшін алдын жүргізілген пікірлер негізінде (1) теңдеу

$\lambda = \lambda_0$ болғанда кемінде бір нөл болмаған $\psi(x)$ шешімге ие болып, бұл шешім

$$\psi(x+\pi) = \rho\psi(x),\ |\rho| = 1, \qquad x \in \mathrm{R} \qquad (2)$$

шартты қанағаттандырады.

$g(x) \in C^2[0, \pi]$ төмендегі

$0 \leq g(x) \leq 1,\ g(0) = 0, \qquad g(\pi) = 1,$

$g'(0) = g''(0) = g'(\pi) = g''(\pi) = 0$

шарттарды қанағаттандыратын кез-келген функция болсын деп жориық. Енді $f_n(x)$ тізбекті төмендегіше анықтаймыз:

$$f_n(x) = b_n\psi(x)h_n(x), \qquad x \in \mathrm{R},$$

$$h_n(x) = \begin{cases} 1, & |x| \leq (n-1)\pi, \\ g(n\pi - |x|), & (n-1)\pi < x \leq n\pi, \\ 0, & |x| > n\pi. \end{cases}$$

Мұндағы, b_n сандар тізбегі $\|f_n(x)\| = 1$ шарттан пайдаланып табылады.

(2) шарттан пайдаланып,

$$b_n \sim \left(2n\int_0^{\pi} |\psi(x)|^2 dx\right)^{\frac{1}{2}}, \quad n \to \infty$$

екендігін көрсетуге болады. Анықталуына қарай $f_n(x) \in D(H)$ және

$$(H - \lambda_0 I)\, f_n(x) = -b_n[2\psi'(x)h_n' + \psi(x)h_n''(x)]$$

орынды болады. Соңғы теңдіктен пайдаланып,

$$\|(H-\lambda_0 I)f_n(x)\| \le |b_n|[2\|\psi^{J}(x)h_n^{J}\| + \|\psi(x)h_n^{JJ}(x)\|] \le \alpha b_n$$

теңсіздікті аламыз. Мұндағы, α оң саны n-ге тәуелді емес. Бұдан

$$\|(H-\lambda_0 I)f_n(x)\| \to 0, \qquad n \to \infty$$

болатындығы келіп шығады. Демек, $\lambda_0 \in \sigma(H)$.

Енді $\sigma(H) \subset E$ екендігін көрсетеміз. Егер $\lambda_0 \in \sigma(H)$ болса, онда

$\lambda_0 \in E$ болатындығын көрсету жеткілікті.

$\lambda_0 \in \sigma(H)$ болып, $\lambda_0 \notin E$ болсын деп жориық. Онда тек төмендегі жағдайлар ғана болуы мүмкін:

1) $\lambda_0 \in (-\infty, \infty)$ және $|\Delta(\lambda_0)| > 2$;

2) $Im\lambda_0\ f \neq 0$ және $\Delta(\lambda_0)$ - нақты;

3) $Im\lambda_0\ f \neq 0$ және $\Delta(\lambda_0)$ - комплекс.

Мұнда $\Delta(\lambda)=$ $c(\pi,\lambda) + s^{J}(\pi,\lambda)$ болып, c(x,λ) мен s(x,λ) функциялар сәйкесінше (1) Хилл теңдеуінің

$$c(0,\lambda) = 1 \quad c^{J}(0,\lambda) = 0; \qquad s(0,\lambda) = 0,\ s^{J}(0,\lambda) = 1$$

бастапқы шарттарды қанағаттандырушы шешімдерінен құрылған.

Төмендегі 3 жағдайды ерекше көріп шығамыз:

1). Бұл жағдайда $\Delta(\lambda_0) > 2$ немесе $\Delta(\lambda_0) < -2$ болады.

Алдымен $(\lambda_0) > 2$ болған жағдайды қарастырайық. Жүргізілген пікірлер негізінде, мұндай жағдайда (1) Хилл теңдеуі екі нөл болмаған

$$\psi_1(x) = e^{\mu x}P_1(x), \qquad \psi_2(x)=e^{-\mu x}P_2(x) \qquad (3)$$

сызықты ерікті шешімдерге ие болады. Мұндағы, $\mu \in R$, $\mu \neq 0$,

$P_k(x+\pi) = P_k(x)$, $k = 1,2$ болып, $\mu > 0$ деп алуға болады. Бұл шешімдер жәрдемінде Грин функциясын түзіп аламыз:

$$G(x,\xi,\lambda_0) = \frac{1}{c}\begin{cases} \psi_1(x)\psi_2(\xi), & \xi < x, \\ \psi_1(\xi)\psi_2(x), & \xi > x. \end{cases} \qquad (4)$$

Мұнда

$$c = \psi_1^{J}(x)\psi_2(x) - \psi_1(x)\psi_2^{J}(x) = \text{const}.$$

Енді төмендегі формула арқылы анықталған А интеграл операторды қарастырайық:

$$Af(x) = \int_{-\infty}^{\infty} G(x,\xi,\lambda_0)\ f\ (\xi)d\xi. \qquad (5)$$

А оператор $L^2(R)$ кеңістікті $L^2(R)$ кеңістікке бейнелейтін сызықты шектелген оператор болатындығын көрсетеміз. (3) – (5) теңдіктерден пайдаланып:

$$|Af\ (x)| \le \frac{M^2}{c}\ \{G_1(x) + G_2(x)\} \qquad (6)$$

қарым-қатынасты аламыз. Мұндағы,

$$M = \max\begin{Bmatrix} \max|(P_1(x)|, & \max|(P_2(x)| \\ 0 \le x \le \pi & 0 \le x \le \pi \end{Bmatrix},$$

$$G_1(x) = e^{-\mu x}\int_{-\infty}^{x} e^{\mu\xi}\ |f(\xi)|d\xi,$$

$$G_2(x) = e^{\mu x}\int_{x}^{\infty} e^{-\mu\xi}\ |f(\xi)|d\xi.$$

Бөлектеп интегралдау қасиетін қолданып,

$$\int_{-N_1}^{N_2} G_1^2(x)dx = \int^{N_2} e^{-2\mu x}\left(\int_{-\infty}^{x} e^{\mu\xi}|f(\xi)|d\xi\right)^2 dx =$$

$$= \frac{1}{2\mu}\{G_1^2(-N1) - G_1^2(N_2)\} + \frac{1}{\mu}\int_{-N_1}^{N_2} G_2(x)\, f(x)dx \le$$

$$\le \underline{G_1^2(-N_1)} + \frac{1}{\mu}\left\{\int_{-N_1}^{N_2} G_1^2(x)dx \int_{-N_1}^{N_2} |f(x)|^2 dx\right\}^{\frac{1}{2}} \quad (2.2.7)$$

2μ

екендігін келтіріп шығарамыз. Мұндағы, $N_1 > 0$, $N_2 > 0$ кез-келген сандар. Коши- Буняковский теңсіздігінен пайдаланып, $N_1 \to \infty$

$$G_1(-N_1) = e^{\mu N_1}\int_{-\infty}^{-N_1} e^{\mu\xi}|f(\xi)|d\xi \le \frac{1}{\sqrt{2\mu}}\left(\int_{-\infty}^{-N_1}|f(\xi)|^2 d\xi\right) \to 0,$$

болатындығын табамыз. Сол үшін $N_1 \to \infty$, $N_2 \to \infty$ болғанда шекке өтіп, (7) теңсіздіктен

$$\left(\int_{-\infty}^{\infty} G_1^2(x)dx\right)^{\frac{1}{2}} \le \frac{1}{\mu}\left(\int_{-\infty}^{\infty}|f(x)|^2 dx\right)^{\frac{1}{2}}$$

бағаны аламыз. Дәл осындай теңсіздікті $G_2(x)$ функциясы үшін де алуға болады. Соңғы пікірлер мен (6) қарым-қатынастан A операторының шектелгендігі келіп шығады.

Төмендегі теңдіктердің орындалуы айқын:

$$(H - \lambda_0 I)Af(x) = f(x), \quad \forall f(x) \in L^2(R), \qquad (8)$$

$$A(H - \lambda_0 I)f(x) = f(x), \quad \forall f(x) \in D(H). \qquad (9)$$

(8) теңдіктен $(H - \lambda_0 I)$ оператордың мәндерінің жиыны $L^2(R)$ кеңістіктен, ал (9) теңдіктен $Ker(H - \lambda_0 I) = \{0\}$ екендігі келіп шығады. Ал бұдан $L^2(R)$ кеңістікте анықталған $(H - \lambda_0 I)^{-1}$ кері оператордың бар екендігі және $(H - \lambda_0 I)^{-1} = A$ екендігі келіп шығады. Сол үшін λ_0 саны H оператордың регуляр нүктесі болады, яғни $\lambda_0 \notin \sigma(H)$. Бұл қарама – қайшылық $\lambda_0 \in E$ екендігін көрсетеді.

Кейінгі жағдайларды да дәл осындай тұжырымдама жүргізу арқылы дәлелдеуге болады.

Нәтиже 1. H оператордың спектрі үздіксіз болып, ол

$$E = \bigcup_{m=0}^{\infty} I_m,\ I_m = [\lambda_{2m}, \lambda_{2m+1}], m = 0, 1, 2, \ldots$$ жиыннан тұрады.

$\Lambda_0 = (-\infty, \lambda_0)$, $\Lambda_k = (\lambda_{2k-1}, \lambda_{2k})$, $k \ge 0$ интервалдар H операторының лакундерінен түзілген. Мұндағы λ_0, λ_{4k-1}, λ_{4k} –периодты, λ_{4k-3}, λ_{4k-2} – жартылай периодты шектік есептердің меншікті мәндері.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Левитан Б.М., Саргсян И.С. Введение в спектральную теорию. – М..Наука, 1970

2. Рид М., Саймон Б. Методы современной математической физики. Т.2. Анализ операторов. М..Мир, 1982

ӘОЖ: 373. 1.02

І. ЖАНСҮГІРОВТІҢ ӨНЕР ТАҚЫРЫБЫНА ЖАЗҒАН МАҚАЛАЛАРЫНА ЖАҢАША КӨЗҚАРАС

Ансабаев Д. С. п.ғ.к., қауымдастырылған профессор., **Ансабаева А.Д.** докторант
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

Ілияс қазақ өнерінің дамуына жанашырлық жасап, нақты өз үлесін қосқан қаламгер. Бұл мақалада І. Жансүгіровтың қазақтың театр, ән, күй, би өнері туралы жазған мақаларына бүгінгі күн тұрғысынан талдау жасалынған.

Тірек сөздер: *Ұлттық өнер, театр, күй, ән, би, көсемсөз антологиясы.*

Ильяс - писатель, внесший реальный вклад в развитие казахского искусства. В этой статье написано как И. Жансугуров о казахском театре, песне, государстве и танце анализируют на сегодня.

Ключевые слова: *национальная антология, театр, государство, песня, танец.*

Ilyas is a writer who has made a real contribution to the development of Kazakh art. This article is written as I. Zhansugurov about the Kazakh theater, song, state and dance is analyzed for today.

Key words: *national anthology, theater, state, song, dance.*

Жалпы ақынның мақалары 1920 жылдан бастап өмірінің ақырғы сәтіне дейін мерзімді баспасөзде жарық көріп, өмірдегі азамат, қоғам, қалам қайраткері Ілиястың өзіндік үнін, жүрекжарды сырын танытып отырған шығармалар. Ақынның өз қолымен жазған өмірбаянына кезек берсек. «1920 жыл ақтар жеңіліп, Алаштар тарады. Кеңес өкіметі орнады. Ел аш. Жұттан шыққан жұрт. Аштарға бидай үлестіретін ауылдағы комитетінің мүшесі болып қызмет істедім. Алғашқы әлеумет қызметім осы.

Күзге оқу іздеп, Тәшкенге келдім. Тәшкенде алғаш қазақ - қырғыз оқу институты ашылған екен. Көзтаныс таба алмай, көп қиындықпен соның оқытушылар дайындайтын екі жылдық курсіне кірдім. Қазақ ана тілін, орыс таңбасын содан бастап оқыдым. Театрда роль алып ойнадық. «Ақ жол» газетіне корректор болып кірдім.

Кейін Мұратбайұлы Ғанидың ұйымдастыруымен «Жас Алаш» газетін шығардық. Оның алғашқы нөмірінің бас мақаласын жаздым. Ол нөмірде «Жалпы жасқа» деген үгіт өлеңім басылды. Алғашқы басылған өлеңім осы шығар деймін». Әдебиеттегі алғашқы қадам, осылайша, журналист қаламымен қатар бастаған қарымды ақын, келе - келе сол кезеңдегі кеңестік өмір көріністері мен әдебиет, өнер, театр мәселелеріне қатысты келелі ой, сындарлы соны пікір айта білген ұлт қайраткеріне айналды.

Мысалы, Ілиястың Абай шығармаларына қатысты айтқан пікірлері күні бүгін де бағасын қойған жоқ. Ұлы ақынның шығармаларынан тереңнен зерделей келе, Ілияс Абайды жазба әдебиетінің бас деп сануға іңкәр етіп отырған оның тек жаңашылдығы, қазақ өлең құрылысына кіргізген жаңалықтары ғана емес, сонымен қатар, «Абайдың жалпы өлеңінің дені сау, тілі таза. Абайдың өлеңі таудан тасыған бұлақтай сарқырап жатса, сөздері сол бұлақтың түрлі тасындай жарқырап жатады. Абайдың тарихи зор еңбегі «тіл өнерін жасап, қазақтың жабайы тілінен үлгілі, өнер әдебиет тілін жасағандығы» - деп толымды қорытынды жасайды.

Осы ойын дәлелдей түсу үшін Абайдың қазақ өлеңіне 14 түрлі өлең өрнегін қосқанын айта келе, «Абай өлең түрін жасауға қызмет еткен жазушы, Абай бұрынғы қазақтағы өлең, жырлардың өлшеу, үлгілерін кеңітудің үстіне араб, парсы, шағатай, орыс өлеңдерінің үлгісін кіргізіп, қазақ әдебиетін жаңалаған адам» - деп тарихи мәнді қорытынды жасады.

Оның шығармаларынан өлеңінің әуез ырғағынан күйді, ырғақты, сорғалап келетін талай өлеңдерді тауып, «Абайдың жыры ырғақ, музыка дыбысы құрылысы жағынан төгіліп кетеді. Өлең ұйқасындағы етістіктердің сайдың тасындай ірі, қимылды, қозғалысты көрсетудегі

жандылығы» - ақындық шеберліктің, талант қуаттылығының, өлең көркемдігінің белгісі» - деп айрықша қадірлейді.

Профессор Т.Кәкішевтің қазақ әдеби сынының тарихын зерттей келе көрсеткеніндей: «Ілияс Жансүгіровтің Абай жинағына жазған алғы сөзі ұлы дарынның ерекшелігін бірқыдыру аңғарған, кезеңдік эстетикалық талап-талғамның ауыр жүктерін көтерген еңбек болды. Осындай еңбектердің дүниеге келуі Абайды дұрыс тануға жаңа кілт, жаңаша көзқарас тауып, нақты жүзеге асыру қажеттігі аңғарылып, мәнді сыни-ғылыми ой - пікірге үлкен арна дайындады.

Сұлулық пен тазалықты, даналық пен жаңалықты көзімен ғана емес, көңілімен де көре біліп, әсемдіктің нәзік қауыздарын таңғы күн шапағатындай аша біліп, әуенді сым пернелерін жүрек дүрсілімен баса білген Ілияс ақынның сөз дүлдүлі Абай туралы сыни ойлары қай қырынан алсақ та ұлттық ақыл - ой қазынасының асыл мұрасынан табылары анық.

Отандық көсемсөз қоржынындағы Ілиястың қазақтың күйлерін жинау, әндерін сақтау, өнерін бағалау, жаңа театрларының жұмысын жандандыру мен артистерінің қабілетін лайықты бағалау турасындағы жазған өзекті мақалалары күні бүгін де шұрайлы тілімен де, тура айтқан соны ойларымен де бағасын жойған жоқ.

Ілияс Жансүгіровтың 1927 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің 18 июль күнгі санында жарияланған «Қазақ күйлері жиналсын», осы газетте 1931 жылы жарық көрген «Ән, әншілер жайында» деген көлемді мақалаларын алсақ, әлбетте, поэзияда «Күй» (1929ж), «Күйші» (1935ж), «Құлагер» (1936ж), «Көбік шашқан» (1937ж) сынды поэтикалық пафосы биік өнер тақырыбындағы шығармаларды дүниеге әкелген ақынның музыканың тілін, ұлттың өнерін, қазақтың қанымен келетін асыл мұрасын терең білгндігі, терең түсінгендігі анық.

Қазақ музыка қорының алғашқы қарлығашындай сол жылдары жарық көрген Затаевичтің «1000 әнін» қуана қолдаған Ілияс, барша жұртқа осы кітапты үлгі ете отырып, тез арада қазақтың бар күйлерін жинауға, Затаевич сынды мамандарда пайдаланып қалуға шақырады. «Қазақта күй көп» - деп мамыражай жүре бермей, барды қастерлеп, сақтап қалуға шақырды. Жаңа заман ағымымен, ойын-сауықтан гөрі елдің жан бағу жайымен шаруадарлыққа ойысып бара жатқанын ерте түсінген Ілияс, қазақта әрбір рудың, әрбір жер мөлшеріне сәйкес елдің өзіндік күйі, ол күйдің өзіндік мазмұны мен мәнері бар екендіген айта отырып «бүкіл қазақ күй мұрасы атаусыз, атқарусыз жатқан мол қазына, қалай да қазақ күйлерін жинау керек» - деп бебеу қағады.

Мақалада: «Елдегі ескі күйші шалдар өлген сайын күйлеріміз көрге көмілуде. Біздің елде ертеректе Тойтан деген бір шал қырық күй тартады екен. Ол күйлердің бұр күнде біреуін де ешкім білмейді, тек күй аттарын айтып аңыз қылады. Сөйтіп Тойтан өлімі қырық күйді ала кетіп отыр. Жалғыз Тойтан емес, толып жатқан домбырашылар, күйшілер күйімен бірге зымзия жоғалып жатыр. Елден жастан домбыра шығу, жаңадан күй шығу өте сирек» - дей отырып, барлық газет - журналдарды, тілшілерді жер-жердегі күй аттарын жинауға, олардың мазмұндарын білетін күйшілердің аты - жөндерін азып алып, жинап, жариялауға шақырды.

Осы істің көшбасшысы ретінде Ілияс осы мақалада Жетісудың Талдықорған уезіндегі Ақсу болысындағы домбырашылардың күйлері мен Қарқаралының арғын Манас - Маңдар руынан Алматыға келген домбырашы бала Манарбектің білетін отыз күйі деп, барлығы 68 күйдің атын тізіп жазған. Мақаласында автор газет бетінің күйлердің мазмұнын да көрсете кеткенге тарлық еткенін ескерте кетеді. Бұл Ілиястың айтқан күйлерін жақсы білгендігін көрсетсе керек.

Ілиястың өнер тақырыбындағы мәдениеттану саласындағы құнды бір еңбегі оның «Ән, әншілер жайында» деген мақаласы. Мақаланың 1931 жылы жазылғанын ескерсек, бұл уақытта қазақ арасынан қазақ әндерін жинап, зерттеген білікті музыка мамандарының әлі шыға қоймаған кезі. Қазақ әндерін ұлт мәдениеті, ұлт өнері деген кең ұғымды түсініп, сол кездегі қолда бар ел әндерінің қайдай күйде, қалай туған, заманымызға лайық па, жоқ па деген сияқты салалы сұрақтарына жаны ауыра жауап іздеп, оларды өз ой елегінен өткізе отырып, ақынның қазақ әндеріне жасаған өзіндік классификациясы тілге тартымдылығымен, ойға қонымдылығымен, ғылыми тұжырымдарының дәлдігімен толғантады.

Әрбір халықтың өзінің қанымен келген, тағдырына енген, табиғатынан туған, дәстүрлерін қуған, тек сол ұлтқа ғана тән әуені, әндері болатыны әркімге аян. Сондықтан да болар, бұл әндер, бұл әуендер ешбір бақырма, секірмесіз - ақ жүрек қылдарын дәл тауып, алпыс екі тамырыңды иіп жатады. Мұның себебін сыншы былай түсіндіреді: «Бір елдің шаруа күйі, қоғам құрылысы өзінше күйді, әнді, ырғақты тілейді. Ән - күй сол елдің әлеумет-шаруа (социал-эконом) тұқым (антропол) жүйесінің жемісі болды.

Осы екі жүйе әр елдің ән-күйіне өзінше таңба салады, мөр басады». Ойымыз түсінікті болуы үшін Ілиястың мына бір сөздерін де келтіре кетейік. «Ән туу үшін алдымен әнші туады. Әнді шығарушыны әнді тыңдаушы тудырады. Тыңдаушы - дегеніміз әр дәуірдегі ел, соның ішінара табы, тобы болады». Ілияс ел музыкасын, яғни қазақ әндерін үлкен-үлкен үш салаға топтайды, олар - ой музыкасы, қимыл музыкасы.

Құлақтан кіріп бойды алар,
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең- менше сүй...

деген Абай сөздерін Ілияс осы салаға жататын әндерге лайық айтылған дей отырып, бұл топтағы әндердің басты ерекшелігі сарынында, әуенінде екендігін, өздерін лайық сөздері болғанымен, негізгі салмақ әуеніне түсіп, сөздің тек көмекші құрал ретінде ғана қолданылатындығын тілге тиек етеді. Себебі, бұл ойлы әндерді сөзсіз ыңыранып айтса да сарынды ой салады» - деп тұжырымдай отырып, мұндай ой әндерінің орындайшыларына - Қали, Әміре, Манарбек т.б. жатқызады.

Екінші үлкен сала, өзіндік әуені, ырғағы бар, сөз музыкасына жататын әндер тобы. Ақынның бұл саладағы негізгі критериі - айтылған әнде сөздің, айтылған ойдың негізгі, басым рөл атқарып, ал айтылу сарынының тек қосымша рольді ғана алатындығында. Мұнда ән сарыны тұйықтау, үн мен ой салатын ырғақтан гөрі сөз салмағы басым болады. Ән сөзге еріп, сөз әнге жетекші болады. Біздің ел әніндегі жыраулардың, ел ақындарының қолданысы осы үлгі болады» - деп қорытындылайды. Бұл топқа зерттеуші қазақ тарихында аты қалған жыраулардың, ақындардың әндерін, сонымен қатар ақынның замандасы Исаның «Желдірмесін» қосқан.

Үшінші үлкен сала - қимыл музыкасы. Атауының өзі айтып тұрғандай, бұл жердегі басты критерий - қимыл-қозғалыстың, яғни бидің роль атқаруы. Домбырамен қосылып биін тамашалау болмаса, жалпы би өнерінің ол кезде көмескі тартқан кезеңі екендігі белгілі жайт. Мұндай әндердің де әлі қазақ музыкасында аздығын ескере отырып, Елубай, Құрманбек сияқты әншілер іздене түссе, қазақтар қала тұрмысына үйрене түссе, бұл саладағы әндер де көбейе түсіп, халыққа қызмет етер дегендей ой айтады көреген ақын.

Журналист Жансүгіров бұл мақаласында қазақ әндерінің табиғаты туралы да келелі ойлар айтқан. Қазақ халқының көшпелі, ұлан - байтақ кең даласы, тұрмыс - тіршілігі өз әндеріне де таңбасын салған дедік. Бұл жағдай қазақ әндерінің өзіндік түрі мен композициясын дүниеге әкелді. Кең байтақ далада, сұлу табиғат аясында төрт түлікпен бірге өріп, бірге жусаған, малмен кіндіктес, кентсіз, (қаласыз) елдің әндерінің ырғағы, сарыны өзгеше.

Бұл туралы Ілияс: «Қазақтың әндерінде кең даланың, ертеңгі - кешті, ұзақ күннің, күзеткен сары таңның, шусыз тыныш табиғаттың, баяу, жуас айналаның, жалқаулықтың, сылбыр өнімсіз еңбектің, ұзын сонарлы күштің сарыны басым болатындығы, сол қазақтың қоныс, шаруа, әлеумет жағдайларынан болу керек» - деп түсіндіреді.

Ілияс «қазақ әндерінің көпшілігі мұңмен сарындас, күйінді, зарлы келеді, мұның себебі, табиғатпен тағдырлас елдің жұт, боран, қасқыр, ауру сықылды алғалы тұрған табиғат жаулары алдындағы тәуелділіктен туса керек» деген ой айтады. Оның үстіне «бір - бірімен шабысқан қазақ, жауынгершілік заманы, аздың әлсіздігі, әлсіздің қорғансыздығы, әдеттің күштілігі, әйелдің теңсіздігі, жүрек демінің іштен, тыстан еріксіздігі, еңбекке қырсыздығы - осының бәрі азап, бәрі мұң емес пе еді? Ендеше тіршілік сарыны - әндегі сарын мұң басым болмай не болатын еді?»- деген сынды зерделі пікірге келеді.

Ілияс қазақ әндерінің сарынына географиялық ортаның да әсері барын айта келіп, бірнеше мысал келтірген. Арқа әндерінің аспанға өрлеп басталып, созылып, неше қайырып,

толқып - толқып тоқталатыны, Арқа жеріндей айдала, құба - құба жон, қырқа - қырқалатып барып тастағаны сықылды. Қарқаралы, Баян, Көкшетау, Ертіс бойы асқақтатып шырқап салса, Орал, Бөкей жағы қоңыр жыраулатып, құба жондатып, ыңыранып келеді. Жетісу жеңіл желпілдете аяң жорғалау келсе, Сырдария мыңқылдайды.

Ілияс көрсеткен ел музыкасының екі түрлі қасиетіне де толық қосылуға болады. Оның бірі - халық әндерінің түбінде бір адам шығарғанын мойындай отырып, ауыздан - ауызға, құлақтан - құлаққа, иесін керек қылмай көшіп отырып, ауыз әдебиетіндей ортақ мұраға айналып кеткендігі де, екіншісі - көп әндердің бір сарындас келетіндігі. Әсем әнді шығарушы шын талант сирек те, әнді үйретуші, салушы, тіпті жаңғыртушы көп. Осындай өзгертіп, өңдеп салушылардың көптігінің де әсері болса керек. Әннің, әуеннің бойына сол әнді шығарушының қоғамдағы орны, ой-санасы, табиғи тұрпаты да таңбасын салады.

Бұған Ілияс Бұхар жырау әндерінің толғау ырғағында, дүниені кезіп жер жаннатын іздеген Асан Қайғы әндерінің безілдеу, зарлау сарындас келетінін, Біржан мен Әсеттің өрлемпаз келетін, Жаяу Мұсаның жаңа сарынын мысалға келтіреді. «Бұхар жырау әнін толғау ырғағына қарай бұқараға түсініксіз ханға, биге, батырға арналған түйткілдеу, сұрай тастау ырғағына салса, Асан Қайғы ашықтан-ашық зарлау, қоныс іздеу, дағдару, безілдеу сарынымен кетсе, қу тілді ақын Құлдың (кісі аты) әні моқалдау, ақырын ыбыр, шымшымалау келеді».

Ілияс сол кездегі қазақ әншілерін екі топқа жіктеген. Бірінші топқа, дала музыкасының әрі актеры (салушысы), әрі авторы (шығарушысы) бола білген музыка таланттары, ән шығарушылар - Біржан, Ақан, Әсет, Жаяу Мұсаларды кіргізеді. Артына тамаша ән мұрасын қалдырған бұл дала композиторларын ақын «әнді тыңнан салу» қасиетіне қарай топтаса, екінші бөлігін әнді «тыңнан салмай, бар арнайы қолдай салушылар» деген айдармен Әміре, Қали, Балабек, Пысмылда, Манарбек сияқты әншілерді айтады.

Әйтсе де, әрқайсысы ән слатын, қоржынынан ел әндерінің небір сирек нұсқаларын табуға болатын, тігінші емес, бүтінші болса да жасаушы емес, жамаушы болса да, елден - елге кезіп жүрген әндердің ең асылдары осыларда болатынын Ілияс ескерте кетеді. Қазақ музыка өнерінің шын жанашыры бола білген Ілиястың әндер, әншілер туралы бұл мақаласының да қазақ әдебиеті мен қазақ өнері тарихынан алатын орны ерекше екендігі анық.

Бүгінгі жаңаша көзқарас тұрғысынан бағаласақ, тыңнан тұжырым жасап, баянды ойға бастау бола білген, өнер тілін өз тіліндей жеткізе білген Ілияс Жансүгіровтің өнер, мәдениет, әдебиет тақырыптарындағы публицистикалық мақалалары отандық көсемсөз антологиясынан өзіндік орны бар лайықты мұра болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ілияс Жансүгіров. Алматы облысының мемлекеттік мұрағаты.-Алматы: Үш қиян. 2006. – 592б. 17-23бб.
2. Ілияс Жансүгіров. Бесінші том.- Алматы: Жазушы. 1988.-368б.
3. Кәкішев Т. «Қазақ әдеби сынының тарихы».-Алматы: Санат.1994. 413-416-бб.

ӘОЖ: 373. 1.02

ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВТІҢ «ЖЕТІСУ СУРЕТТЕРІ» ӨЛЕҢІНІҢ КӨРКЕМДІК-ИДЕЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңсабаев Д.С. қауымдастырылған профессоры, доцент,
Мұса А.Ж., Темешова Ж.А. студент
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті. Талдықорған қ.

E-mail: *ansagan.musa@mail.ru*

«Жетісу суреттері» – тақырыбы жағынан жалпылай алынып, кең көлемде көрсетілетін табиғат көріністерін топтап алып, жекелей талдап суреттейтін тамаша да тартымды туынды.

Тірек сөздер: *табиғат, пейзаж, лирика, тау, тас,жел.*

«Картины Жетысу» – это красивый и привлекательный тематический фрагмент, который обобщает и иллюстрирует широкий спектр природных сцен.

Ключевые слова: *природа, пейзаж, лирика, горы, камень, ветер.*

"Pictures of Zhetysu" is a beautiful and attractive piece of thematic, which summarizes and illustrates a wide range of natural scenes.

Key words: *nature, landscape, lyrics, mountains, stone, wind*

Ілияс Жансүгіров – поэзияның бар бар саласында өндірте жазған ақын. Оның «Қазақ поэзиясын өркендетуге ерен үлес қосқан». Оның қазақ поэзиясын өркендетуге ерен үлес қосқан саласы - пейзаждық лирика. Табиғатқа арналған өлеңдерінде сөзбен сурет салуға барынша шебер екенін көреміз. «Жазға салым», «Жазғытұрым», «Жазғы шілде», «Жаз», «Қыс», «Мезгіл суреттері», «Жел», «Жетісу суреттері», т.б. өлеңдері осының айғағы. 1925 жылы қазақ поэзиясына ұлы жаңалық әкелген «Жетісу суреттері» өлеңін оқығаннан кейін М.Әуезовтің - «мен Ілиястың шын ақындығына ден қойдым» деуі тегін емес

І. Жансүгіров халықтың ауыз әдебиетінің озық үлгілері мен қазақтың бұрын соңды сөз шеберлерінің асыл мұраларын жинағанда біріншіден, оларды халықтың өз қажетіне, өз игілігіне жұмсауды, екіншіден, сол асыл мұралардан тіл ұстартудың сиқырлы құдіретін үйренуді мақсат еткен. Табиғат көрінісі – көркем шығарманың идеясын, көркемдігін аша түсетін негізгі компоненттердің бірі болумен бірге, оқушыларға табиғат жайлы эстетикалық тәрбие берудің де есе бай қайнар көзі. Сондықтан да көптеген педагогтар көркем шығармадағы табиғат көрінісін тануға ерекше көңіл бөледі. Белгілі әдебиетші-педагог Т.Ф.Курдюмова «Пейзаж средства эстетического воспитания на уроках литературы» атты еңбегінде: «Жазушы өрнектеген» суретті танып, көре білмегендіктен көптеген оқушылар табиғат суреттерін «Соғыс және бейбітшілік» романын оқу үстінде, француз тілін қалдырып оқиды.

«Жетісу суреттері» өлеңі – «Жалпы сын», «Тау суреті», «Жетісудағы су суреті», «Жетісу жәндігі», «Жер түгі» атты бес бөлімнен, 333 жолдан тұратын көлемді туынды. Атына заты сай жазылған бұл табиғат лирикасы ақынның сөз өнеріне жетіктігін, тілге шеберлігін танытады. «Ілияс поэзиясындағы мөлдір арнаның бірі - табиғат лирикасы» - дейді белгілі сыншы Р.Нұрғалиев өзінің «Арқау» атты монографиялық еңбегінде, - туған жерін, елінің тау-тасын, өзен-көлін беріле сүйген патриот ақын қоршаған ортаның ғажап сұлулығына өз шабытына нәр алып, сан алуан бояулары буырқанған ғажап суреттер салады. Бұлардың ішінде нақты географиялық адресі танылған («Ағынды менің Ақсуым»), табиғаттың бір сәттегі көрінісін бейнелейтін («Ақшам», «Бұлт», «Желді күн», «Жазғы түн»), құбылысты көз алдыңа әкелетін («Жауында», «Жел», «Тас») сан алуан үлгілері бар. Натюморт, этюд, эскиз сипатындағы туындылардағы ойлар, символдық бейнелер, образдар философиялық идеяларға

жетелейді, көп мағыналы сарын-әуездерді тудырады». 1958 жылы 13 қаңтарда ақын шығармашылығына арналған кеште М.Әуезов «Мен Ілиясты бұрын білуші ем, өлеңдерін оқып жүретінмін, бірақ оның шын мағынасында дарынды ақын екенін мойындағаным сол «Жетісу суреттері» өлеңін оқығаннан кейін»- деп ерекше бағалаған еді.

Бұл заңды да. Өйткені жер жанаты Жетісу атанған өлкенің өз перзенті Ілияс туған жерге деген сүйіспеншілігін халықтық сипат, танымдық – білімдік тұрғыда, эпикалық кеңдік пен ақындық мол қуатпен жеткізеді.

«Жетісу суреттері» - тақырыбы жағынан жалпылай алынып, кең көлемде көрсетілетін табиғат көріністерін топтап алып, жекелей талдап суреттейтін тамаша да тартымды туынды.

Өлеңнің «Жалпы сын» - атты бірінші бөлімі:

«Жер таппан жерге кетер Жетісуым»:

«Күркілдек, Көксу, Лепсі, Іле, Шуым»

-деп басталады да:

Жетісу кеудең – асқар, аяғың –көл,
Қоңың – құм, мықыныңда бар сексеуіл,
Тау жайлап, қоңыр күзеп, құмды қыстап,
Ол бір маң – мал өсірген өлкедегі ел,

-деп Жетісудың жалпы сипатын, сынын көрсетеді.

«Тау суреті» бөлімінде Жетісудың атақты Алатаудан бастап, Жоңғар тұрқына жататын таулары аталады. Ақын таулар тізбегін жай атап қана қоймай, олардың табиғи ерекшеліктері мен қайталанбас хас сұлу көріністерін де көз алдымызға әкеледі. Көңілге ыстық қазақы тұрмыс халықтық сипатта табиғат әсемдігімен үйлесімді үндеседі:

Талғар тау тарғыл ала шоқы биік,
Асқақтайды емшегі, ерні көкке тиіп.
Арқырап асқарынан құлаған су,
Бауырын балбыратқан еліне иіп.
Малға жай, елге жайлау Ұшқараштың,
Сүбесін мекендеген суыр сүйіп.
Асы- астау, отырған ел-өрелі құрт,
Құрт жайып қодырайған Бақай биік.
Албырт бет Алматыда алма әдемі,
Алғандай ақ тамақты ауызға үріп.

Осындағы асты сызылған сөз тіркестерінен («Асыны» астаумен салыстырған, оның қасындағы елді өрелі құртқа ұқсату т.б.) ұлттық өрнекті шебер қолданғанын көреміз. Сол сияқты осы бөлімдегі тауларды бураларға ұқсату – қазақ өміріне жақын ұлттық нақышты сәтті пайдаланудың жемісі. Сонымен бірге оны метафораның ұлғайған түрі дейміз. Себебі, таулар әйтеуір бір бураларға емес, шудалары мақпалданып оралған көк ала бас ақ бураларға баланған [2.4.].

Өлеңнің тағы бір тармақтарында таудың бір «төңіректелген» тегене ретінде алынуы, мұзды бөрікке теңестіру де («Жатқан мұз Шатыртастың көкше бөркі») – ұлттық ұғымға жақын баламаны сәтті пайдалану үлгісі.

«Жетісудағы су суреті» бөлімінде ақын Жетісу өзендерінің сипатын, ағысын, әрқайсысының өзіне тән ерекшелігін саралап көрсетеді:

«Қолың бір, құт-береке» дейді тумақ.
... Көпірген Көксу көл бар басы бастау,
Дегенге көпшелі әйнек суы ұйқастау,
... Мөлтеңдер мойнақты орай Қаратал да,
Көксуға қойындасад тауды жанып,

-деген жолдардағы асты сызылған сөздерден су ағысы жылдамдығы мен екпінін, ағу сипаты мен су тазалығын ашып көрсетеді:

Аттанған алты өзені Жетісудың,
Балқашқа бауырымдап еңкілдейді.
Тұмсыған тас қаққанша еркіндейді,

...Шымырлап Іле қайнап, құмды кезген,
Қас қақпан ұйық, дойыр, долы безген...
... Арқырап асау Шелек орыпты тас,
Бурадай бұлқынады көк ала бас.
Шуылдап жүйткіп жатқан Шудың үні,

-деп көрсеткенін байқаймыз. Сонымен қатар жоғарыда келтірілген сөздер белгілі бір үн сипатын нақыштау нәтижесінде де тіршілік құбылысын қызықтатыны сөзсіз.

Ал өлеңнің «Жетісу жәндігі» деген бөлімінде елуден астам тіршілік иелерін атап көрсетеді:

Мінеки, Алатауға біткен торғай,
Қара боз, суық, бұқпас, сипті, шымшық,
Шампақай, майлық, маубасбұқа, шөже,
Тоқылдақ,сан-сапалық атаулысы - ...

Ал аңдар атаулысы: сілеусін, ілбіс, аю, бұғы, бұлан, қасқыр, шибөрі, қарсақ, сусар, бұлғын, жанат, таутеке, арқар, қарақұйрық, суыр, марал т.б.

Бұлармен қатар жыртқыш құстар: тазқара, тұйғын, тұнжыр, тынар, мықи, ителгі, бәрпі, қырғи, тұрымтай, бидайық, бүркіт, тығанақ аталады.

Өлеңнің соңғы «Жер түгі» деп аталатын бөлімінде:

Ағашта өзің білген қарағай тал,
Жалғыз-ақ неше алуан түрлісі бар.
Долана, ұшқат, шетен, ырғай, арша,
Ақ сасық, қызыл қайың, барша шынар,
Шырғанақ, сөңке, терек, сөгет, емен.
Үйеңкі, сырғай, балғын, тораңғылар,
Сарыағаш, қойқарат, жиде-шетен,
Тобылғы, түйекұйрық, бауыр құрттар,
Қараған, бозқараған, шеңгел, шілік,

Сықылды ағаштардың талайы бар... - деп ақын Жетісудың қайталанбас әсем, бай табиғатын шебер суреттейді. Бұл жерде В.Г.Белинскийдің «Лирикадағы затта өз бетінше баға болмайды, затқа субъект қандайлық мін берсе, барлығы соның ырқында, барлығы затқа фантазиямен, түйсікпен, берілген пікір бейнесінің ырқында»,-деген пікіріне сай Ілияс шығармашылығын зерттеуші М.Дүйсеновтің «Жетісу суреттері» І.Жансүгіровтің ақындық өнерінің құдыретті күшін айқын танытатын шығармасы»,-деп ерекше бағалағанын айта кеткен орынды.

Ілияс поэзиясындағы мөлдір арнаның бірі – табиғат лирикасы. Туған жерін, елінің тау-тасын, өзен-көлін беріле сүйген патриот ақын қоршаған ортаның ғажап сұлулығынан өз шабытынан нәр алып, сан алуан бояулары буырқанған ғажап суреттер салды. Бұлардың ішінде нақты бояулары буырқанған ғажап суреттер салды. Бұлардың ішінде нақты географиялық адресі танылатын («Ағынды менің Ақсуым»), табиғаттың бір сәттегі көрінісін бейнелейтін («Ақшам», «Бұлт», «Желді күн», «Жазғы таң»), құбылысты көз алдыңа әкелетін («Жауында», «Жел», «Тас») өлеңдердің сан алуан үлгілері бар.

Қазақ поэзиясында Абай қалыптастырған табиғат лирикасының ілгері өрістеуін Ілияс есімімен тығыз байланыста қарау керек. Табиғаттың дәстүрлі маусымдарына арналған ақынның алғашқы өлеңдерінің бірі «Жазға салымда» өлеңінен байқауға болады:

Күркіреп, күңіреніп, ұласып аспан,
Сіркіреп, бұлт тұмшалап, жауар жаңбыр,
Дүркіреп жауқазындар, жауар гүлін,
Үлбіреген өнер шөптер, құлпырар қыр.
Жалтылдап жүнін тастар тай-тайлағы,
Бақылдап көлде қиқу – шағала, қаз.
Былқылдап малға толар қырдың қойны,

Он бір буынды тармақтың әдетегі өлеңдегідей соңғы бунақтары емес, бастапқы сөздері

ұйқасын, бұрын қазақ поэзиясында сирек кездесетін жаңа норма. Тіршіліктің оянуын, табиғаттағы жаңғыруды жан-жануар, құстың, адамдардың әрекет-қимылы арқылы бейнелейтін бұл өлеңдегі көркемдік принцип ақынның табиғат лирикасына түгелдей тән.

Өлең жер жаннаты –Жетісудың табиғаты туралы. Өлең «Жалпы сын», «Тау суреті», «Жетісудағы су суреті», «Жетісу жәндігі», «Жер түгі» деген 5 бөлімнен тұрады. (Өлеңнің толық нұсқасы көп томдық шығармалар жинағында берілген. 1-том. 200-210 беттер). Ақын «жер таппан жерде жетер Жетісуым» деп шебер жырға қосады.

«Жетісу (Жоңғар) Алатауы жотасы Тянь-Шань тауының алдыңғы тізбектерінен Іле ойысы арқылы бөлінген. Шығыс және оңтүстік-батыстан Жетісу Алатауының оңтүстік тізбегіне ҚХР-ның аумағында орналасқан Борохоро жотасы сілемдері кіреді. Жетісу Алатауы баурайына Жетісу ойысын Жетісу қақпасымен қосатын Алакөл ойысы орналасқан. Жетісу қақпасы солтүстікте Алакөл қазаншұқырымен, ал оңтүстік – шығыста Ебінұр (Қытай аумағында) көлімен шектеседі». (Оқушының қысқаша анықтамалығы. 5-11. Алматыкітап. 2006ж. 408 бет).«Жер түгі» деген бөлімнің толық нұсқасында шөптер мен ағаш түрлерінің 81 түрі айтылады. Ағаштар мен бұталар: қарағай, тал, долана, ұшқат, шетен, ырғай, арша, ақ сасық, қызыл қайың, барша, шынар, шырғанақ, сөңке, терек, сөгет, емен, үйеңкі, шырғай, торанғы, сары ағаш, қойқарақат, жиде, тобылғы, бауыркүрт, қараған, бозқараған, шеңгел, шілік. Шөп түрлері: еңлік, түйеқұйрық, сарықүйік, тауқонақ, шайшөп, маңқа, құлынембес, сүттіген, мейіз, киізкиік, ақшалғын, көкмарал, бетеге, раң, жапырақтеңге, бұйра, балдырған, у қорғасын, бәрпі, атқұлақ, жүлкеуір, шырыш, шытыр, мыңтамыр, жуа, рауғаш, жаужапырақ, сыбызғы, жалбыз, құлмақ, қарақияқ, шоңайна, меңдуана, сора, шақпақ, шырмауық, кендір, қылша, жыланқияқ, қанжыға, қоға, сасық, аққой, таусарымсақ, қымыздық, қалақай, атқұлақ, айылқияқ, саржағал, құстаңдай. Барлығы: 50. Осы аталған ағаштар мен шөптердің бірқатарын атап өтейік.Долана (боярышник) - Қазақстанның таулы аудандарында жи кездеседі. Әртүрлі гүлділер тұқымдасына жатады. Табиғатта долананың 1500-дей түрі бар. Жемісі қанқызыл түсті долана көп тараған. Оның биіктігі 4 метрге жетеді. Мамыр айының соңында гүлдейді. Гүл түстері ақ, күлгін, қызыл болып келеді. Гүлдері жиынтықталып, үлкен гүл шоғын жасайды. Жидегі дөңгелекше, ашық қызыл, кейде қара немесе сары түсті болып кездеседі. Долананың өсуі өте жай, бірақ төзімді. Жидегін 7 жылда салады. Жидегін пайдаланады.

У қорғасын-улы өсімдік. Қазақстан далаларында оның 14 түрі кездеседі. Оны бәрпі (мәрпі) деп те атайды. У қорғасын Тарбағатайда, Жетісу Алатауында, Іле Алатауында, Күнгей Алатауында өседі. Биіктігі 80-100 см. дейін жетеді. Гүлі көк түсті. Ерте заманда адамдар оны аң аулағанда садақтың жебесіне жаққан. Өсімдік уы тамырында болады.

Жалбыз (мята) биіктігі 1 м-ге дейін жететін көп жылдық өсімдік. Ол ылғалды жерлерде, таудың сай салаларында өседі. Сабақтары түзу, төрт қырлы, көп бұтақты. Жапырақтары қарама-қарсы орналасқан, шеттері ара тісті. Гүлдері ақшыл көк немесе қызғылт, Шілде –тамыз айларында гүлдейді. Өсімдіктің жағымды хош иісі болады. («Гүлстан» журналынан).

Үйеңкі. Биіктігі 6 метрден аспайды. Баяу өседі. Жапырақтары ақшыл-жасыл, күзге қарай қызыл түске боялатын әдемі ағаш. Түсінің әдемілігі мен жапырақтарының алуан түсті болуы назар аудартпай қоймайды.

Ақын өсімдік атауларын жалаң айтып шықпайды. Өсімдік атауларымен әдемі тіркестер құрып, образдар жасайды. Түрлі метафора, кейіптеу, теңеулер табиғат аясында өзіндік ерекшеліктерімен, әдемілігімен, «еркелігімен» дала суретін құрайды. Осы суреттерді көз алдыңа елестетсең, тұтас дала пейзажы шығады... Дәлелдейік. Өленде кездесетін мына тіркестерге тоқталайық. «Асқардың аспан сүйген сілекейін», «бөленген бұлтқа мәңгі меңіреу құз», «кеудең асқар, аяғың көл», «қоңын құм, мықынында бар сексеуіл», «елік сонысында соны қиып». «Әзілді әйел, ажын-абысындай, кербез, саржағал сәлемдеседі, сүйеді сүйкенгенді, шымшып бұрайды», «Қамшысындай, мұсылманның абызындай, көкпар тартқан шабысындай, «кіндігі қырғыз өрме қамшысындай», «Жуалар шайқаңдаған ол бір кербез. Шалма орап мұсылманның абызындай», «сепсе құрай сырға қадап» т.б.

Ілияс «Шымырлап Іле қайнап құмды безген» «Асқарда шың мекендеп, жайлаған аң», «Па, шіркін! Болады екен, тау да сұлу, мұз көйлек, көк мұнармен белін буу»- деп су суреті мен тау суретін де жырына қосады.

«Жетісу жәндігі» бөлімінде айтылатын аңдар мен жәндіктер: арқар, тышқан, сілеусін, ібіліс, аю, бұғы, бұлан, қасқыр, шие бөрі, қарсақ, сусар, бұлғын, жанат, таутеке, құлжа, ителгі, қырғи, құр, тұрымтай, бидайық, бүркіт, үкі, шымшық, шамшақай, маубас бұқа, шөже, тоқылдақ, көбелек.

Ақын шығармасында осылайша Жетісудың жер бедеріне, өзен-көл, орман, өсімдік, аң, құсына кең тоқталып, түс-таңбасын, қадір-қасиетін көркем суреттеп берген. Өлеңде Жетісудың барлық өзен-көлдері, ағаштың 30, өсімдіктің 54, аңның 18, құстың 33 түрінің таулары, түр-түсі, басты қасиеттері суреттелген.

Сонымен қатар «Тау суреті» бөлімінде 71 тау бөліктерінің атауын, сырт тұлғасын, жартас, құз, шың екендігін анықтаған мәлімет беріледі.

«Жетісу суреттері» –Ілиястың Жетісу табиғатын аса жетік білетін, білгенін мейлінше көркем бейнелеп бере алатынұшқыр қиял, қыран көз, зерделі дана ақын, үздік суреткер екенін танытатын шығарма. Өлеңнің соңғы шумағындағы:

Неше елді аттандырған құтты қоныс,
Әлі тұр әсемдігі таусылмай.
Суретін сөз баяндап жеткізе алмас,
Жерінің Жетісудың бәрі сондай!

өлең жолдарынан ақынның жер жәннаты Жетісуына деген зор сүйіспеншілігінен туған аса әсерлі туынды екендігі көрінеді.

«Жетісу суреттері» – туған өлкенің табиғатын сүюге баулитын шығарма деп бағалауымызға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Негимов С.Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі. - А.,1991.- 132 бет
2. Сыдықов Т. «Жетісу дүлдүлдерінің дүбірі», А., 2009.- 480 бет
3. Дүйсенов М. Ілияс Жансүгіров. Монография. А.,1965.- 156 бет

ӘОЖ 37

ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӨНЕР ТАҚЫРЫБЫ

Аңсабаев Д.С. п.ғ.к., қауымдастырылған профессор,
Рахимбек М.З., **Қасқарбек А.А.** студент
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті. Талдықорған қ.

E-mail: *anel_kaskarbek @mail.ru*

«Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ домбыра» демекші, тарихымыздың сан соқпағы домбыра көмейінен төгілген күйден көрініс тауып жатады. Сөзбен жеткізе алмайты жайтты сазбен жеткізу – нағыз өнердің шарықтау шегі. Ілияс Жансүгіров соның барлығын терең сезініп, сөз арқылы қалың оқырманға ұсынды. Поэманы оқып отырып, құлағыңа күйдің күмбірі келіп, кейіпкерлермен бірге тебіренесің, сезінесің.

Тірек сөздер: *күй, күйші, домбыра, Кене хан, Қарашаш ханша*

Согласно «настоящий казах, а не казах, настоящий казахский домбыра», в истории домбры отражается ряд историй. Глина - это кульминация настоящего искусства. Ильяс Жансугуров был глубоко тронут его словами и предложил его читателю. Когда вы читаете стихотворение, вы приходите к ушам и чувствуете фокусы с героями.

Ключевые слова: *куй, куйши, царь Кене , принцесса Карашаш*

According to "a real Kazakh, not a Kazakh, a real Kazakh dombyra", a number of stories are reflected in the history of dombra. Clay is the culmination of true art. Ilyas Zhansugurov was deeply moved

by his words and offered it to the reader. When you read a poem, you come to the ears and feel tricks with the characters.

Key words: *кuу, kuyshi, king Kene, Princess Karashash*

«Күйші» поэмасы жайында

Тума талант, бармағынан бал тамған домбырашы мен күй өнерінің құдіретін асқан шеберлікпен айшықтаған поэма. Шығарма күйшінің хан ордасында дүйім жұрт алдында өнер көрсеткен сәтінен басталады.

Буынсыз он саусағы күй қағуға,
Көңіліне тыңдағанның от жағуға,
Бал тамған бармағынан домбырашы
Жан терге түсіп отыр мынау дуда.
Күйшінің қошеметке көңілі тасып,
Бес бармақ майман қақты перне басып.
Толқынтып тоқсан күйді дүрілдетті,
Көңілді бірде шымшып, бірде қасып.

Өнерпаздың күй тартқандағы саусақтарының әсемдігі, дымыстың ырғақтығы, тіпті, буынсыз, қозғалыссыз суреттеледі. Күй тыңдаған әрбір жанның делебесін қоздырып, көңілдеріне от жағады. Бірде ысытып, бірде суытып, күй құдіреті арқылы тыңдарманның өзіне үйіріп, қара терге түсіп, күйдің бар болмысымен құлақ құрышын қандыра жеткізіп отыр. Поэманы оқып отырсаңыз мынадай жолдарға кезігесіз:

Күңіреңген бір мұңды күй даланы алды,
Табиғат тыпа-тыныш бола қалды.
Қырдағы қоян, құлан құлақ тігіп,
Қамыстан жолбарыс та ыңыранды.
Және
Тартқанда батыр күйін «Қорамсақтай»,

Ақ түтек тұра ала ма борансоқпай. – деген жолдардағы күйшінің әр тақырыптағы, әр сарындағы күйлеріне табиғаттың үндесуін көреміз. Мұңды күй тартқандағы табиғаттың тыңшып қалуы, адамзат баласы түгілі ойдағы-қырдағы аңның құлақ түріп тыңдауы. Келесі күй тыныштық орнаған далада бірден ақ түтек боранның соғуы бір жағынан қарасаң күй құдіреті мен күйшінің дарыны, екінші жағынан автордың поэма жазудағы шеберлігіне байланысты.

Күйшінің тартқан күйлері тек қарапайым халықты ғана емес, хан мен оның қарындасын да бей-жай қалдырмады.

Өзінің ордасында батыр Кене,
Тарттырып домбыраны отыр Кене;
Қиялы домбырамен сыбырласып

Жатқандай шабуыл не? Жортуы не? – деген жолдардағы Кене ханның күй ырғағына қиялы арқылы жан дүниесіне енуі, ойға шомуы. Абылай хан рухына деген тағызым. Бір ойлайтыны азып-тозған еліне «Абылайлап», аттандап ала туды көтерсем өшкен ұран қайтадан жаңғырар ма? – деген ойына өткен күндер елесі оралып Сарарқа, Көкшетау, Жайық, Еділ жерлері көзінен бұлан қағып өте бергендей. Домбыра сарынының ауған елге сырласқандығы, Кене хан ендігі жерде жауын жеңбей, жер жастандырмай алған бетінен қайтпаймын деген ой үстінде отырады.

Көңілден керуендеп күй көшкендей,
Әркімнің өз көңілімен тілдескендей.
Батыр да, хан да, қыз да, қазаншы да –
Бәрі бір домбыраға мінгескендей. – деген жолдардағы хан ордасындағы күй тыңдап отырған әрбір жанның көңілінде қандай ой болсын әркімнің көңілі мен күйдің тілдесуі, қаншама халықтың бір ғана домбыра әуенінің иіріп әкетуі – нағыз күй құдіреті. Поэмадағы оқиға желісі одан кейін Қарашаштың Кене ханның күйшінің өзіне беруін сұрауымен жалғасады. Хан қарындасының сөзін жерге қалдырмай күйшіні басы-бүтін береді. Күйші не болып жатқанына аң-таң болып Қарашаштың сарайына енеді.

- Алдияр, ханша!
- Не айтасың, күйшім?
- Мен үйімді қашан көрем?
- Үйіңде нең қалды?
- Шешем...
- Оны күй біледі – деген диологпен оқиға жалғасады.

Күйші ханшаға бір көргеннен есі кетіп ғашық болады. Ханша күй тартуға әмір етеді.

«Сары өзен», «Терісқақпай», «Іңген де» жоқ,
«Қалмақ қыз», «Қара жорға» мінген де жоқ.
Есалаң... Ескі күйдің бірі түспей,
Не тартып, не қойғанын білген де жоқ. – деген

жолдардағы күйшінің ғашық болғаны соншалық бар білген күйлері есінен мүлдеп шығып кетіп бір жаңаша бұрынғы әуендерге ұқсамайтын бір туынды дүниеге келеді.

Күй жүйрік, кейде түнде сылаңдаған,
Қашаған қыз алдында қылаңдаған.
Құрықтап, жетегіне ап жортады күй;
Арты «Аттан» жер күңірентіп ұрандаған.
Кейде күй қыран болып қылмаңдаған.
Алдыңнан қызыл алтай бұлаңдаған,
Саңқылдап домбырадан бір құмар күй,

Сағынып сар балақты жұмарланған. – деген өлең жолдарындағы күйдің қыран бейнесіне енуі, күй ырғағының бірде әлсіреп, бірде қайнап, түлкі қуған құмайдай, түлкі алатын қырандай аузын қарш-қарш шайнаған бурадай, ойнақтаған оқ жыландай, жер тарпынған тұлпардай болып барлығы дерлік сол сәттегі күйшінің жан тебіренісін, толғанысын, ғашықтық сезімін осы бір күй арқылы қызға жеткізгісі келгендей. Тіпті:

Мен тұйғын, мынау сұлу сұқсыр болып,
Қағып ап кеудесіне бір қонбадым.
Апырым-ай құс болмасам, ит болмадым
Қыз болмай, сен түлкі, әлде киік болмадың.
Апырау, жел боп неге жаралмадым,
Бетіңнен сүймес пе еді самалдарым.
Су болсам сылдыр қаққан, ием иіп

Алмас па ем екі беттен шөп-шөп сүйіп, – деген жолдарда мейлің тұйғын, әлде ит, мүмкін жел немесе су болсам да әйтеуір осы бір қыздың жанында болсам деген ой. Күйді ұйып тыңдап, күйдің тілін түсінген ханшайым «Қой, күйшім жетер» - деп күйшіге тоқтау салды. Бірде ханша күйшіге қолына домбырасын алып күй тартуын сұрайды. Күйші тағы да сарнатып күйін тарта жөнеледі.

Тайпалып жорға болып салдырған күй,
Мейірін тыңдағанның қандырған күй
Тартқанда сарылдатып, сұңқылдатып,
Аққуды аспандағы қондырған күй – дейді.

Аспандағы аққуды жерге қондырып, мұз көңілді ерітіп, мұз жүректі балқытып, жылағанды жұбатып, кәріні бала қылып ойнатуға бір ғана күйдің құдіреті жетеді. Автордың өзі теңеулерді өте орынды пайдалана білген. Күйді тыңдап отырып адам терең ойға батады. Күйшінің осы жолғы тартқан күйі ханшаның бойын балқытып, өзін ойға шомады. Күйдің әуені көңілді, жан сергітер. Қарашаш қиялына ерік беріп, күйшіге жар болғысы келді. Дегенмен ол хан тұқымынан бұған тұрмысқа шықсам ертең сүйегіме таңба болар, құлға қосылмақпын ба? – деген ойлар келеді, күй баяғыша жалғаса береді. Поэма соңында күйші ханшадан бас бостандығын сұрайды. Ханша бас бостандық бермегесін, келесі тартқан күйінде бұрын соңды ойнамаған қаһарлы, зарлы күйін ойнай береді.

Домбыра әлдене зарлағандай,
Айдаһар алдында қыз арбағандай.

Есіне елі түсіп еңірейді,

Шешесі ханышаны қарғағандай – деген жолдардағы күйшінің еліне деген сағынышы, ханшаға деген ыза-кегі, тіпті күйшінің осы күйінен қарт анансының ханшаға деген өкпесі, лағынет айтуы осы бір зарлы үннен естілгендей.

Күй мен күйші қадірін білген ақын қазақтың құдіретті күйі мен тарлан күйшілерін, олардың асыл бағасын ерте түсініп, ол мұраның бүгіні мен ертеңі үшін аянбай еңбек етті. Ел өнерінің кәусар бұлақтарының бірі – қазақ күйлері, ол өнер халқымыздың мәдениетіне қызыл тілден кейінгі алдығы орынды алса керек-ті. Тіпті тілмен жеткізе алмаған сәтті күймен жеткізген сәттер тарихымызда аз ба? Қасиетті домбыра мен қоңыр қобыз үні- халық үні емес пе еді? Қара қазақтың мұңдасы да, сырласы да куйі емес пе еді? Күйді ұмыту- күйді түсінбеуге, күйді түсінбеу- ата-дәстүр, салт-санадан қол үзіп, кей ұрпақтың мәңгүрттенуіне әкелмей ме сынды ақынның жан айқайы өлеңдері мен поэмаларында көрініс тапты.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ілияс Жансүгіров көп томдық шығармалар жинағы 3-том поэмалары 2004 ж. Алматы: Қазықұрт.

ӘОЖ 041

ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Аслан Э.А. магистрант
Ғылыми жетекші: Унгарбаева Ш.У.
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

E-mail: *eleka.aslankizi@mail.ru*

Мақалада авторлар жоғарғы оқу орындарындағы болашақ педагогтардың өздік жұмыстарын ұйымдастыру жолдары көрсетуге тырысты. Әр ғылымның барлық саласында болмысы білім мазмұны мен көлемі қауырт өсіп отырған қазіргі ғылыми-техникалық процесс кезінде бұл міндеттердің жүзеге асуы оқыту үрдісінде болашақ педагогтардың өзіндік оқу жұмыстарын оңтайлы ұйымдастырудың тиімді әдістері мен тәсілдерін, оқыту түрлерін, нысандарын іздестіру өзекті сипатқа ие болады. Себебі, болашақ педагогтардың өзіндік жұмыстарын арнайы ұйымдастыру оқу үрдісін жетілдірудің негізгі шарты болып табылады.

Тірек сөздер: *дүниетаным, қызығушылық, шығармашылық, дамытушылық*

В статье авторы попытались показать способы организации самостоятельной работы будущих преподавателей в высших учебных заведениях. Реализация этих задач в современном научно-техническом процессе в контексте увеличения содержания и объема образования во всех областях науки будет иметь отношение к поиску эффективных методов и подходов, форм и форм оптимальной организации самостоятельного обучения будущих учителей в процессе обучения. Это связано с тем, что специальная подготовка будущих учителей является ключевым условием совершенствования учебного процесса.

Ключевые слова: *мировоззрение, интерес, креативность, развитие.*

In the article, the authors attempted to show ways to organize the independent work of future teachers in higher educational institutions. Realization of these tasks in the modern scientific and technical process in the context of increasing the content and volume of education in all fields of science will be relevant to the search for effective methods and approaches, forms and forms of optimal organization of future teachers' independent education in the learning process. This is due to

the fact that special training of future teachers is a key condition for improving the educational process.

Key words: *worldview, interest, creativity, development.*

Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында жан-жақты дамыған, сауатты, саналы азамат тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр.

Жоғарғы оқу орындарында болашақ педагогтардың жеке тұлғасын қалыптастыру, оның рухани әлемін әрдайым байыту, оқуға деген ынта-жігерін арттыру,қоғамдық өмірдегі барлық салалардағы өзгерістер адамның интелектуалдық күш – жігерін, саналы әркеті мен ізденімпаздығын, танымдық ой-өрісіннің белсенділігі мен іс-әрекетін шығармашылық сипатта жүзеге асыруды талап етеді.

Оқытушының әрбір өтілетін сабағы қазіргі кездегі заман талабына сайкес оқыту талаптарына сай болып келуі қажет. Демек, жастарды еңбектің қай саласында да , білім алуда да тек мәлімет жиынтығын меңгеруімен шектелмей, болашақ педагогтардың өзіндік іс-әрекетін тиімді ұйымдастыра отырып, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын болашақ педагог етіп даярлау қажет болып отыр.

Әр ғылымның барлық саласында болмысы білім мазмұны мен көлемі қауырт өсіп отырған қазіргі ғылыми-техникалық процесс кезінде бұл міндеттердің жүзеге асуы оқыту үрдісінде болашақ педагогтардың өзіндік оқу жұмыстарын оңтайлы ұйымдастырудың тиімді әдістері мен тәсілдерін, оқыту түрлерін, нысандарын іздестіру өзекті сипатқа ие болады. Себебі, болашақ педагогтардың өзіндік жұмыстарын арнайы ұйымдастыру оқу үрдісін жетілдірудің негізгі шарты болып табылады.

Қазіргі таңда сай өзіндік іс-әрекетін жаңа жағдайға байланысты оңтайлы ұйымдастыра білуі тиіс.

Өзіндік жұмысты орындау барысында болашақ педагогтардың іс-әрекеті бірнеше психологиялық үрдіден өтеді. Ең алдымен жұмысты орындау барысында оның мазмұнын түсіну, қабылдау, ой елегінен өткізу арқылы болашақ педагогтардың өздігінен шешім қабылдау үшін еркіндік алу нәтижесінде өзіне деген сенімге ие болады. Сенім оның келешекте әрекет ету барысындағы белсенділігін арттыруға жағдай жасайды. Ақыл –ойдың жүйелілігі мен дамуы жекебастың өмір тәжірибесінен және әртүрлі білім саласынан алған ұғымдарының көлеміне байланысты екендігі белгілі. Олай болса, өзіндік жұмыс орындау кезіндегі түрлі ақыл-ой әрекетінің күрделенуі арқылы қабылдағанды ойда сақтау, қайта жаңғырту, керекті жерінде пайдалану біліктіліктері артады.

Біз өзіндік жұмысты орындауда оны бірігіп басқару және өзін өзі басқару ретінде екі бағытта қараймыз. Эксперимент кезінде өзіндік жұмыстардың түрлері мен мазмұнына байланысты осы екі бағытты да пайдалануға тура келді. Бұл екеуінің қай-қайыссында да олардың тиімділігі ең алдымен болашақ педагогтардың бойындағы өзіндік жұмысты орындау графигі мен жеке жоспарларын орындау барысында қалыптасатын білімі мен өзін -өзі басқару білігінің болуына байланысты.

Психологтардың пікірінше білімді меңгеру оны қайталап айтып берумен өлшенбейді, алған білімді керекті жерінде қолдана білумен бағаланады.

Болашақ педагогтардың өзіндік жұмысы - болашақ мамандарды даярлаудың және білім сапасын арттырады. Осыған орай жоғары оқу орындарында әр білім алушыдан ой еңбегінің ұтымды әдістерін білуі, яғни аз уақыт кетіріп қажетті ақпаратты іздеп және меңгеріуді, фактілер, теорияны, тұжырымдамаларды жүйелеп және жіктей білуді, өз көзқарасын нақты айтып және дәлелдей білуді үйренуі талап етіледі.

Болашақ педагогтардың өзіндік жұмысы – бұл болашақ педагогтың дидактикалық тапсырмаларды өзінше орындауға, танымдық әрекеттерге қызғушылығының қалыптасуына және нақты бір ғылым саласында білім жинақтауына бағытталған болашақ педагогтардың оқу әрекетінің ерекше түрі[1].

Өзіндік жұмыс болашақ педагогтардың шығармашылық қабілеті мен біліктерін дамытуда олардың барысында тиімді, әрі өнімді еңбек етуіне мол мүмкіндіктер жасайды. Өзіндік жұмысты

оңтайлы ұйымдастыру елеулі практикалық міндет және маңызды ғылыми проблема болып табылады.

Өзіндік жұмысты ұйымдастыру мәселесіне көптеген зерттеулер арналған. Олар педагогикалық әдебиеттерде алғаш өзіндік жұмыс мәселелерін В.К.Буряк, Е.Я.Голант, Б.П.Есипов, Р.Г. Лемберг, Р.М. Микельсон, И.И. Пидкасистый, Е.С.Саблик, М.Н. Скаткин еңбектерінде зерттеліліп, оқу үрдісінде білім алушылардың өзіндік жұмысын жүйелі түрде қолдану негіздері қарастырылды.

Болашақ педагогтардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудың мәнін дидактикалық тұрғыда қарастырғандар: А.Е.Абылқасымова, Н.А.Адельбаева, С.И.Архангельский, М.В.Буланова-Топоркова, М.Г.Гарунов, И.И. Кобыляцкий, Р.Н. Низамов еңбектері арналған.

Өзіндік жұмысқа берілетін анықтамалардың әртүрлігіне қарамастан, оларды бірнеше шағын топқа бөлуімізге болады.

И.Т.Протасовтың ойынша, өзіндік жұмыс біліктілік пен іскерлік жиынтығы.

Г.Н.Кулагина өзіндік жұмысты болашақ педагогтардың іс-әрекет құралы белсенділігі мен өз бетімен білім алуға дайындығы деп түсінеді.

Г.Н.Дари өзіндік жұмыстың мәнін былайша айтады. Бұл жұмысты болашақ педагог өз бетімен орындайды, ол өзінің біліміне, іскерлігі мен сеніміне, өмірлік тәжіріибесі, дүниетанымына сүйене отырып атқарады[2].

Жоғарғы оқу орындарында жүріп жатқан түбегейлі өзгерістерге байланысты СӨЖ-дің маңызы артқанын, ондағы оқытушының орнын, кредиттік оқыту жүйесінде оны ұйымдастырудың кейбір ерекшеліктері мен мәселелерін отандық зерттеушілер С.Е. Калдыкозова, А.Головчун және ресейлік зерттеушілер Е.Галицких, Ю.Попов пен В.Оробинский, И.Г. Ковалевский, Г.Ларионова еңбектерінде қарастырылады.

Педагогика-психология ғылымында, өздігінен білім алу, болашақ педагогтардың ақыл-ойының дамуының жоғарғы көрсеткіші деп қарастырылады.

Өзіндік жұмыстары әр түрлі әдістер арқылы іске асырылады, мысалы: жаттығу, кітаппен жұмыс істеу, бақылау, есеп шығару, эксперимент жүргізу т.б.

Болашақ педагогтардың өздігінен орындайтын жұмыстарының бір жаттығулар мен тапсырмалар болып табылады. Сондықтан жоғарғы оқу орындарында әрбір курста оқытушылардың басшылығымен болашақ педагогтар жаттығуларды өз бетімен жұмыс істеуге ұмтылады.

Болашақ педагогтардың өзіндік жұмысы болашақ маманның шығармашылық ойлауын, танымдық қызығушылығын және арнайы білім алуын қамтамасыз ететіндіктен жаттығулардың маңызы зор.

Р.С.Немов төмендегідей қорытынды жасаған: «Білік дағдылардың барлық түрлерін қалыптастыруда жаттығулардың маңызы зор. Олардың негізінде дағдылар автоматтандырылып, біліктілер жетіледі. Ал күнделікті, жүйелі жаттығуларсыз, білік, дағдылар өз қасиеттерін жоғалтады»[3].

Өз бетімен жұмыстың маңыздысы - болашақ педагогтардың өз беттерімен орындай алуларына, оқуға белсенділігінің артуына, шығармашылығын қалыптастыруға ықпалы мол. Өз бетімен жұмыс жасау барысында студент Р.Сүлейменов[3] өздігінен істейтін жұмыстарды әрекет сипатына қарай жаттығу, зерттеу шығармашылық жұмыстар деп топтастырады. «Шығармашылық еңбекте студенттің іскерлік қабілеті, білім көлемі, білім молдығынан туатын толық дербестігі айқын көрінуі тиіс». Шығармашыдлық жұмыстар болашақ педагогтардың дүниетанымына, ізденімдік қабілетінің дамуына, тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Онымен қатар өздігінен ой қорытып, шешім шығаруға, дұрыс сөйлеп, сауатты жазуға, тіл байлығын арттыруға жәрдемдеседі.

Оқытушының сабаққа дайындалғанда өзінің әрекеттерін ойластыруымен шектелмей, деңгейіне қарай болашақ педагогтардың әркетіне мән беруі тиіс.

Өзіндік жұмыстың түрлері сан алуан. Оларды топтастыру-өте күрделі мәселе. Сондықтан болашақ педагогтардың өзіндік жұмыстарын таныстыру үшін бірнеше шарттар мен белгілерді ескеру керек.

Оқытудың мақсат міндеттеріне және пәннің мазмұнына, оқыту әдістерінің ерекшеліктеріне, болашақ педагогтардың даму дәрежесіне қарай өзіндік жұмыстарды бірнеше

топқа бөлуге болады. Оның негізгі жиі кездесетін бір тобы - сабақ мақсатына қарай қолданылатын жұмыстың түрлері. Олар мыналар:

-жаңа білімді меңгеруі;

-жаңа білімді бекіту;

-білім мен дағдыларды қайталау, бақылау және тексеру.

Болашақ педагогтардың жұмыстарының барлық топтарын оқытушы оқыту барысында жүйелі түрде әрқайсысын өзіне тиісті жерінде қолдануға міндетті және оның бір ерекшелігі – оқыту үрдісінің барлық кезеңіндерінде қолдануға болады. Сондай-ақ болашақ педагогтармен жүргізілетін өзіндік жұмыстары олардың таным, іс-әрекеттерінің ерекшеліктеріне қарай әр түрлі бағытта ұйымдастыруға болады.

Уақытты тиімді пайдаланып, оқушының өз бетімен тапсырманы орындауына ұдайы жағдай жасалуы қажет. Ол үшін мынадай міндеттер орындалу керек:

- болашақ педагогтарға өзіндік жұмыстар туралы түсінік беру.

- болашақ педагогтардың өз бетімен тапсырма орындау әдістерін таныстыру.

Өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың негізгі шарттары мыналар:

1. Оқытушының нақты тапсырмалар беруі;
2. Жұмысты орындаудың және аяқтаудың дербестігінің өзара байланысы;
3. Жұмысты орындаудың және аяқтаудың уақытын белгілеу;
4. Олардың жұмысты өз еркімен және қалауымен істеуі.

Болашақ педагогтардың өзіндік ұмысын ұйымдастырудың маңызы өте зор. Өйткені, сол арқылы студенттердің іс-әрекетінің дербестігі артады.

Болашақ педагогтардың өзіндік жұмысы- кез-келген пәнді оқуға өзіндік жұмыстың орындалу әдістерінің қалыптасуына бағытталғанымен, бұл жұмыс- болашақ педагогтардың ғылыми, оқу кәсіби қызметін қалыптастырып, мәселелерді өзіндік шешуіне оптималды шешімдерді қабылдауға, дағдарыстық жағдайлардан шығуға арналған.

Жоғарғы мектептің орта мектептен ең басты айырмашылығы-оқыту жұмысының әдісі және оқушылардың жеке деңгейі болып табылады.

Жоғарғы оқу орындарында болашақ педагог білімді өзі жинап, ғылымды өзі таниды, ал оқытушы тек болашақ педагогтардың танымдық қызметін ұйымдастырады және бақылайды. Сондықтан болашақ педагогтардың өзіндік жұмысы- оқыту қызметінің барлық түрлерінің міндеттерін анқытайды.

Сонымен қатар, болашақ педагогтардың өіндік жұмыстарының тәрбиелік мағынасы өте зор. Өйткені, бұл жұмыс- болашақ педагогтардың білім алудағы жеке жұмысын ғана емес, қазіргі заманғы жоғарғы кәсіби маманды тұлға рентінде қаплыптасуына мүмкіндік береді.

Болашақ педагогтардың өзіндік жұмысы ұйымдастыру жоғарғы оқу орындарындағы негізгі нормативті құжаттармен сәйкестендіріліп, жүзеге асады.

Болашақ педагогтардың өзіндік жұмысын белсендірудің тәсілдері ұйымдастырушылық және әдістемелік болып бөлінеді. Әдістемелік жағынан белсендіру қолданылған әдіс-тәсілдерге, болашақ педагогтардың өзіндік жұмысының формалары мен ұйымдастыру құралдарына байланысты.

Өзінідік жұмысты оқытушының дұрыс басқара білу және болашақ педагогтардың дербестік әрекетінің дәрежесі артып отыруы- осы жұмыстың белгілері болып табылады.

Болашақ педагогтардың өзіндік жұмысының маңызын толығырақ түсіну үшін, оның атқаратын негізі мен міндеттерін атап өткен жөн болар.

1. Болашақ педагогтардың дербестік қабілетін мейлінше арттыру.
2. Олардың алған білімінің саналылығы мен беріктігін қамтамасыз ету.
3. Болашақ педагогтарға оқуға қажет біліктер мен дағдыларды қалыптастыру.
4. Таным ақыл-ой қабылетін дамыту.

Сонымен, өзіндік жұмыс болашақ педагогтардың шығармашылық әрекеті мен ынтасын дамытуда зор әсер білдіреді, қайсарлық, табандылық, батылдыққа тәрбиелеуде және қалыптастыруда көздеген мақсатқа жетуге және жеке тұлғаны сапалық қасиеттерін жетілдіруге зор мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Асанов Н. Өіндік жұмыстардың ерекшеліктері.Алматы, 2004
2. Р.Б.Исмаилова Студенттермен жүргізілетін өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың ерекшеліктері.//Бастауыш мектеп- №5,6-2012, Б.36-37.
3. Абдукаримова У. Самостоятельная раб

УДК 347.64

ОСОБЕННОСТИ, ЗНАЧЕНИЕ И СРАВНЕНИЕ УСЫНОВЛЕНИЯ (УДОЧЕРЕНИЯ) ДЕТЕЙ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН И РЕСПУБЛИКЕ КОРЕЯ

Ахмет Г.Б. м.ю.н.
Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова, , г. Талдыкорган

E-mail: *ahmet_355_galum@mail.ru*

Данная статья, посвящена такой актуальной теме как усыновление. Его основным особенностям и значению. А также сравнению усыновления (удочерения) детей в Республике Казахстан и Республике Корея. Так как, на сегодняшний день именно дети являются одним из самых важных элементов любого процветающего государства.

Ключевые слова: *усыновление, удочерение, дети, семья.*

Бұл мақала бала асырап алу сияқты өзекті тақырыпқа арналған. Оның негізгі ерекшеліктері мен маңызы. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасында бала асырап алуды салыстыру. Өйткені бүгінгі күні балалар Кез келген гүлденген мемлекеттің ең маңызды элементтерінің бірі болып табылады.

Кілт сөздері: *бала асырап алу, балалар, отбасы.*

This article is devoted to such a hot topic as adoption. Its main features and meaning. As well as a comparison of the adoption (adoption) of children in the Republic of Kazakhstan and the Republic of Korea. Since, today children are one of the most important elements of any prosperous state.

Key words: *adoption, children, family.*

Дети - это наиболее уязвимая социальная группа любого государства, которая нуждается в особых потребностях и интересах. В мировой практике детьми принято считать социально-демографическую группу населения в возрасте до 18 лет, имеющую специфические потребности и интересы, а также социально-психологические особенности. Именно по данной причине в современном в обществе подрастающему поколению уделяется особое внимание со стороны родителей, социальных, государственных и общественных служб. Казалось бы, при столь пристальном внимании со стороны общественности дети должны быть обеспечены счастливым детством. Однако, как показала статистика разных стран, с каждым годом число брошенных детей возрастает.

Как правило, это связано с целым рядом причин. К основным причинам относятся:

Во-первых, асоциальный образ жизни недееспособных родителей, т.е. принудительное изъятие ребёнка из семьи, когда родителей лишают родительских прав в целях защиты интересов ребёнка.

Во-вторых, добровольный отказ матери от новорожденного в родильном доме и увеличение подброшенных новорожденных. Данный факт свидетельствует о падении моральных устоев.

В-третьих, смерть или неизлечимая болезнь одного или двух родителей, при отсутствии близких родственников, которые не могут взять детей под опеку.

В-четвертых, ухудшение экологии, которая, в конечном итоге, приводит к рождению детей с патологиями: дети - инвалиды, дети с неизлечимыми заболеваниями и т. д.

Еще одной причиной является тяжёлое материальное положение семьи, обусловленное как внутренними, так и внешними факторами.

Для устранения вышеперечисленных причин существует ряд мероприятий, позволяющих решить важнейшую социальную проблему. К данным мерам относятся:

1. Проведение воспитательных работ с населением с целью повышения таких морально - нравственных ценностей как "семья", "дети", "ответственность" и т. д.

2. Ужесточение закона в отношении матерей, которые бросают своих новорожденных детей.

3. Социальная поддержка матерей-одиночек (выделение пособий, обеспечение внеочередным или льготным жильем и т.д.)

4. Разнообразные формы семейного устройства детей - сирот, к которым относятся: опека и попечительство, патронат, приемная семья и т.д.

В свою очередь, решающую роль в устранении данной проблемы играет усыновление (удочерение), т.е. форма семейного воспитания детей, лишённых родительской опеки, с установлением между усыновленным и усыновителем правовых (личных и имущественных) отношений, существующих между родителями и детьми [1].

Стоит отметить, что усыновление (удочерение) имеет следующие плюсы:

1. Позволяет малышу чувствовать себя полноценным членом семьи, что способствует его дальнейшей адаптации в социуме.

2. По достижении совершеннолетнего возраста сохраняются все отношения и права наследования.

3. Усыновленному (удочеренному) можно поменять фамилию, имя, отчество, дату и место рождения.

4. Тайна усыновления охраняется законом.

Наряду с плюсами у усыновления (удочерения) существуют и свои минусы. Самый основной — долгий процесс оформления, так как усыновление утверждается только решением суда.

К другим минусам усыновления можно отнести:

1. Достаточно жесткие требования к жилищно - бытовым условиям и материальному положению будущих усыновителей (удочерителей).

2. Ограничение в выборе — не каждого ребенка, оставшегося без попечения родителей, можно усыновить (удочерить).

3. Отсутствие помощи от государства. А в случае, если данная помощь оказывается , то она минимальная.

С каждым годом количество детей – сирот, брошенных детей, а также бесплодных пар постоянно возрастает. Наряду с этим В связи с этим, первоочередной задачей любого государства является поддержание и увеличение демографии населения, а также защита наиболее уязвимых слоев населения, которыми, безусловно, являются дети, оставшиеся без попечения родителей. И, следовательно, данная проблема довольно актуальна в мировом обществе.

Следует отметить, что в каждом государстве существуют свои особенности касательно данной процедуры. Рассмотрим условия усыновления на примере стран Южной Кореи и Республики Казахстан.

Согласно законодательству Казахстана и Южной Кореи, процедура усыновления (удочерения) осуществляется в определенных условиях и порядках.

Условиями, необходимыми для процедуры усыновления (удочерения) в РК являются:

1. Согласно статье 84 Кодекса Республики Казахстан о браке (супружестве) и семье Усыновление допускается в отношении несовершеннолетних детей, рождение которых зарегистрировано в порядке, установленном настоящим Кодексом, и только в их интересах с учетом возможностей обеспечения полноценного физического, психического, духовного и нравственного развития. [2].

2. В Казахстане усыновителями могут быть родственники детей, независимо от гражданства и места жительства. Следует отметить, что преимущественное право усыновления принадлежит в первую очередь родственникам. [2].

3. Более того, разница в возрасте между усыновителем и усыновляемым ребенком должна быть не менее шестнадцати лет. Однако, при усыновлении ребенка отчимом (мачехой) наличия разницы в возрасте не требуется. [2].

4. Усыновление разрешается только при наличии у усыновителей соответствующих условий для нормального развития, воспитания и образования усыновляемого (удочеряемой). Данные условия определяются: судом и органами опеки и попечительства. [2].

В свою очередь, условиями для процедуры усыновления (удочерения) в Республике Корея являются:

1. Усыновителем не может быть одинокий человек. [3].

2. Оба усыновителя должны быть в возрасте от 25 до 45 лет. Исключения возможны, если речь идет об усыновлении тяжелобольного ребенка или один из родителей имеет корейское происхождение. [3].

3. Супруги должны состоять в браке не менее трех лет. [3].

4. Наличие высшего образования и не более одного развода в прошлом. Кроме того, у них должен быть определенный уровень достатка, а также не более четырех детей. [3].

Стоит отметить, что на данный момент большое распространение получило Международное усыновление, то есть форма усыновления, при котором дети передаются на усыновление гражданам другого государства.

В свою очередь, в соответствии с Конвенцией о правах ребёнка, международное усыновление может применяться, «если ребёнок не может быть передан на воспитание или помещён в семью, которая могла бы обеспечить его воспитание или усыновление, и если обеспечение какого-либо подходящего ухода в стране происхождения ребёнка является невозможным» [4].

При этом Конвенция отмечает, что страны-участницы обязаны обеспечить, «чтобы в случае усыновления ребёнка в другой стране применялись такие же гарантии и нормы, которые применяются в отношении усыновления внутри страны» [4].

Основной причиной возникновения большой численности осиротевших детей в Республике Корея является Корейская война, следствием которой стала гибель родителей, а также появление детей, отцами которых являлись американские военнослужащие.

Большинство «Amerasians», то есть детей кореянок и американских военнослужащих оставлялось в детских домах, так как традиционно корейское общество негативно относилось к внебрачным детям, к тому же полукровкам , и не оставляло таким детям никаких перспектив в корейском обществе. На тот период времени в Корее не был развит институт усыновления. Количество таких детей, брошенных родителями, по окончанию войны достигло 10 тыс. человек. В 1972 году Хэ Вон Мо на основе проделанных им расчетов предположил, что всего в период с 1950 по 1965 год от американских военнослужащих и женщин-кореянок было рождено 12280 детей, из которых половина стали приёмными детьми в семьях граждан США, европейских странах, странах СНГ и Китае.

На протяжении 60 лет с 1950 по 2010 годы примерно 185 тысяч корейских малышей (в основном мальчиков) были усыновлены (удочерены) гражданами других государств. Около 110 тысяч из них оказались в США, а остальные 75 тысяч — в странах Западной Европы, Австралии, Канаде, странах СНГ и Китае.

На данный момент, в случае усыновления (удочерения) корейского ребенка, международные усыновители могут выбирать только детей, не достигших трёхлетнего возраста. Процесс оформления документов занимает от 5 до 12 месяцев. Расходы составляют 10-28 тысяч долларов.

Стоит отметить, что по данным Frank Foundation, в Южной Корее международные усыновители намного чаще выбирают мальчиков (в 62% случаев). А 92% усыновленных (удочеренных) детей находились в возрасте до одного года.

В Казахстане международное усыновление получило широкое распространение лишь с 1999 года. На сегодняшний день наблюдается неуклонный рост числа казахстанских детей, обретших

новый дом и покинувших страну. Если в 1999 году иностранные граждане усыновили (удочерили) 196 детей, то в 2002 году – уже 883, а по итогам 2005 года, по официальным данным, 1022 маленьких казахстанцев стали иностранными гражданами. За последние 15 лет иностранными гражданами было усыновлено около 9000 казахстанских детей [5].

Процедура усыновления в законодательстве РК прописана достаточно отчетливо, а сам процесс предполагает обязательное судебное решение. Согласно главе 13 Кодекса Республики Казахстан о браке (супружестве) и семье граждане Республики Казахстан, постоянно проживающие за пределами Республики Казахстан, иностранцы, претендующие на усыновление ребенка, подают в уполномоченный орган в области защиты прав детей Республики Казахстан письменное заявление о желании усыновить ребенка, а также справки о доходах, семейном положении, состоянии здоровья, в том числе психического, об отсутствии наркотической (токсической), алкогольной зависимости, об отсутствии судимости, о личных нравственных качествах потенциальных родителей, выдаваемые специально уполномоченными иностранными государственными органами и организациями по усыновлению. После предоставления документов в уполномоченный орган в области защиты прав детей Республики Казахстан и при согласии усыновителя на усыновление ребенка усыновитель должен иметь с ребенком непосредственный контакт не менее четырех недель. [2].

В последнее время Казахстан ужесточил процедуру усыновления для иностранцев и упростил ее для своих граждан. Одно из основных нововведений заключается в том, что на сегодняшний день зарубежные усыновители не могут подбирать себе самостоятельно детей в детских домах Казахстана. Делает это Комитет по правам детей.

Следовательно, согласно последним изменениям в законодательстве РК усыновление разрешается при наличии в семье усыновителя условий для нормального физического, психического, духовного и нравственного развития, воспитания и образования ребенка. Усыновителями могут быть совершеннолетние лица, за исключением: лиц, признанных судом недееспособными или ограниченно дееспособными; супругов, один из которых признан судом недееспособным или ограниченно дееспособным; лиц, лишенных судом родительских прав или ограниченных судом в родительских правах; лиц, отстраненных от обязанностей опекуна или попечителя за ненадлежащее выполнение возложенных на него законами Республики Казахстан обязанностей; бывших усыновителей, если усыновление отменено судом по их вине; лиц, которые по состоянию здоровья не могут осуществлять родительские права. Казахстан ужесточил процедуру усыновления для иностранцев и упростил ее для своих граждан. Одно из основных нововведений заключается в том, что теперь зарубежные усыновители не могут подбирать себе самостоятельно детей в детских домах Казахстана. Делает это Комитет по правам детей [2].

Процесс усыновления (удочерения) в Казахстане занимает от 4 до 10 месяцев. Расходы превышают 30 тысяч долларов.

Согласно данным Frank Foundation, международные усыновители несколько чаще принимают в свои семьи девочек. 37% юных казахстанцев, переехавших в зарубежные государства, были в возрасте от 1 года до 4 лет.

Однако, несмотря на четко прописанные в законах Казахстана и Южной Кореи условия усыновления, порой государству сложно контролировать их четкое исполнение на практике, которое обусловлено рядом, как внешних, так и внутренних факторов (коррупция, человеческий фактор и т.д.)

Что касается значения усыновления (удочерения), то оно играет огромную роль в современном обществе любого государства. Как отмечает, С.А. Степанов, если в результате усыновления был осчастливлен хотя бы один маленький человечек, значит, не напрасно этот институт получил свою правовую регламентацию.

В свою очередь, каждый ребенок имеет право воспитываться в семье.

Усыновление (удочерение) в полной мере реализовывает данное право ребёнка. Более того, с усыновлением ребёнок приобретает все права и обязанности родного ребёнка, становится полноценным членом семьи и общества, приобретает права наследования в отношениях с новыми родителями.

Усыновители же в свою очередь принимают на себя все родительские права и обязанности, что становится особенно важным, когда конкретная супружеская пара по тем или иным причинам не

может иметь собственных детей. Также усыновление (удочерение) является одним из основных способов укрепления бездетных семей.

Проанализировав вышесказанное, хотелось бы отметить, что на сегодняшний день нужно уделять особое внимание и значение проблеме усыновления (удочерения). Ведь именно дети являются самым главным составляющим института семьи и являются будущим любого государства.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Большой Энциклопедический словарь.
2. Кодекс Республики Казахстан от 26 декабря 2011 года № 518-IV «О браке (супружестве) и семье» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 02.07.2018 г.).
3. 대한민국 민법 от 1 января 1960 года.
4. Конвенция о правах ребенка (Одобрена Генеральной Ассамблеей ООН 20.11.1989).
5. Специалист Управления юстиции Костанайского района Костанайской обл. Нелля Айманова. Международное усыновление //www.adilet.gov.kz.
6. Конституция Республики Казахстан (принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 года) (с изменениями и дополнениями по состоянию на 10.03.2017 г.).

ӘОЖ 376

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ЕРЕКШЕ БІЛІМ АЛУДА ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ

Ахметсапа А.Е. магистрант
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

E-mail: *aiguliyaboo_ahmetsapanova@mail.ru*

Ерекше қажеттілігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау -психологиялық қолдау мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың білім алудағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған және арнайы білім беру жүйесінде әзірленген және жүзеге асырылған технология болып табылады. Жалпы білім беру жағдайындағы оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау арнайы білім беру ұйымдарының тәжірибелерін пайдалану негізінде құрылуға міндетті.

Тірек сөздер: *ерекше қажеттілігі бар балаларға педагогикалық – психологиялық қолдау, арнайы білім беру ұйымы, ерекше қажеттіліктер.*

Психолого-педагогическая поддержка детей с особыми потребностями -психологическая поддержка - это технология, разработанная и внедренная в систему специального образования, предназначенную для удовлетворения особых потребностей учащихся с ограниченными возможностями. Психолого-педагогическое сопровождение учащихся в общеобразовательной среде основано на использовании опыта специальных образовательных организаций.

Ключевые слова: *педагогическая и психологическая поддержка детей с особыми потребностями, организация специального образования, особые потребности.*

Psychological and pedagogical support for children with special needs - psychological support is a technology developed and implemented in the system of special education designed to meet the special needs of students with disabilities. Psychological and pedagogical support of pupils in the general educational environment is based on the use of experience of special educational organizations.

Key words: *pedagogical and psychological support to children with special needs, special education organization, special needs.*

Психологиялық қолдау мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың білім алудағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған және арнайы білім беру жүйесінде әзірленген және жүзеге асырылған технология болып табылады. Жалпы білім беру жағдайындағы оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау арнайы білім беру ұйымдарының тәжірибелерін пайдалану негізінде құрылуға міндетті.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім алудағы ерекше қажеттіліктері:

- психологиялық-педагогикалық қолдауға қажеттілік анықтала салысымен бірден онымен қамтамасыз ету;
- қалыпты дамыған балаларды оқытуға қатысты қолданылмайтын оқытудың арнайы құралдары мен тәсілдерін пайдалану;
- оқытудың таңдалған бағдарламасының баланың даму деңгейіне, шынайы жетістіктеріне (білім беру мониторингісі) сәйкестігін үнемі бақылау;
- балалардың психосоматикалық ерекшеліктеріне сәйкес келетін кеңістіктік және мезгілдік білім беру ортасын ұйымдастыру;
- баланықоршаған барлық ересектердің оның білім алудағы ерекше қажеттіліктерін шешуге қатысуы. Жоғарыда аталғандарға негізделе отырып, психологиялық-педагогикалық қолдау (педагогикалық қолдау) бағытталуға тиістілер:
- баланың денсаулығын және дене күшін қолдау: бала өмірінің денсаулық-сақтау түзімін ұйымдастыру, оларды жеке таңдалған қимылдық белсенділіктерге, денсаулықты нығайтатын сабақтарға қатыстыру;
- балалардың зерде дамуын қолдау: әрбір баланың танымдық ерекшелігін анықтау және дамыту, оқу әрекетінің табысты болуы үшін жағдай тудыру;
- баланы қарым-қатынас саласында қолдау: балаларға гуманистік өзара әрекеттенуіне жағдай тудыру, балалардың қолы бос кезіндегі әрекеттерде жеке қабілеттерін байқатуларын қолдау, тәртіп түрін саналы түрде таңдауына көмектесу;
- баланың жанұясын қолдау: жанұялық қатынасты зерттеу, олардың үйлесімді болуына көмек көрсету. Педагогикадық қолдау ерекше шығармашылық ахуалды құру мен балаларға жағдайды таңдауды ұсынуды білдіреді. Бұндай жағдайлар оқушылардан білімді, икемділікті ғана емес, сондай-ақ рефлексия тәжірибесін, шешімді өздігінен қабылдауды, ерік пен мінезін байқатуды талап етеді.

Психологиялық қолдаудың негізгі қағидалары:

1) бала дамуындағы кез келген мәселені шешудің кешенді, пәнаралық тәсілдемелері. Кәсіпаралық серіктестік баланың мектепте және жанұяда дамуының, мамандар (психолог, логопед, дефектолог, әлеуметтік педагог) мен 5 мұғалімдердің іргелес ғылымның білімін, әдістемелерін меңгерудің бірыңғай стратегиясын әзірлеуге және жүзеге асыруға бағытталған.

2) Білім беру үдеріндегі баланың дамуын қолдаудың үзіліссіздігі. Балада тұлғалық, танымдық және әлеуметтік мүмкіндікті арттыру міндетін табысты шешу үшін мектепте оқытудың барлық сатыларында жүзеге асырылатын мамандар мен педагогтардың командасының ұзақ та күрделі жұмысы қажет болады.

3) Қолдау үдерісін ақпараттық-әдістемелік қамсыздандыру. Білім беру ұйымнындағы оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша мамандардың командасының жұмысын реттемелеу үшін жергілікті нормативтік актілерді әзірлеу. Психологиялық-педагогикалық қолдау үдерісін оқу-әдістемелік қамсыздандыру.

4) Қолдау әрекетін әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық жобалау. Мамандардың келісілген әрекеттерін бекітуге арналған мамандардың құжаттарының пакетін әзірлеу үшін олардың бағыты мен мазмұнын алдын ала анықтау.

5) Мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды психологиялықпедагогикалық қолдау бойынша шараларға ата-аналарды, педагогикалық және балалар ұжымын белсенді тарту.

Педагогикалық қолдаудың қажетті жағдайы ретінде тәртіптің толерантты мәдениеттілігін қоса отырып, жайлы және кедергісіз ортаны құру. Құрамына ең алдымен мүмкіндіктері шектеулі балалар кіретін білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау білім берудің әрбір сатыларында төмендегі міндеттерді шеше отырып, жүзеге асырылады:

-бастауыш мектеп – мектепте оқуға дайындығын анықтау, мектепке бейімделуін

қамтамасыз ету, оқушылардың оқу әрекетіне деген қызығушылығын арттыру, танымдық және оқу уәждерін дамыту, дербестік пен өзін реттеу қабілетін дамыту, «оқи білу» және қалауын қалыптастыруда қолдау, әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін және әлеуеттік мүмкіндіктерін есепке ала отырып шығармашылық қабілеттерін дамыту;

- *негізгі мектеп* – оқушының негізгі мектепке көшуде қолдау, оқытудың жаңа талаптарына бейімделу, жеке тұлғалық және құндылықты-мағыналық өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамыту міндеттерін шешуде қолдау, жеке тұлғалық мәселелері мен әлеуметтендіру мәселелерін шешуде, өмірдік дағдыларын қалыптасыруда көмектесу, неврозды алдын ала емдеуде, ата-анасымен және құрдастарымен құрылымды қатынасты құрастыруда көмектесу;

-*орта мектеп* – оқушыға бейінді бағдарлауда және кәсіптік тұрғыда өзін-өзі анықтауда, экзистенциалдық мәселелерді (өзін-өзі тану, өмірдің мәнін іздеу, жеке бірдейлікке жету) шешуде қолдау, уақытша келешекті, мақсатты тұжырымдау қабілетін дамыту, психоәлеуметтік құзыреттілікті дамыту.

Қолдаудың бірізділігін құру барынша икемділікті және вариативтілікті, баланың дамуындағы әрбір кезеңдегі оның психофизиологиялық жас ерекшеліктерін есепке алуды білдіреді. Оқытудың әр түрлі сатыларында қолдау қызметінің кейде бір, кейде басқа мүшелері басқаларын шетке ығыстырмай, білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушының жеке тұлғалық қалыптасуының осы сатысында өзінің ерекше жауапкершілігін түсіне отырып, бірінші қатарға шығады. Сонымен оқушыны оқытудың бастапқы сатысында олардың оқудағы қиындықтарының туындау себептерін анықтауда, оқушылармен жеке және топтық сабақтарда жұмыс істей отырып, оларды жою мәселелері бойынша педагогтарға кеңес беруде дефектолог пен логопедтің рөлі өте үлкен. Негізгі мектепке көшкенде негізгі жүктеме күрделі жасөспірімдік кезеңді бастан өткізетін жасөспірімдердің жеке тұлғалық мәселелерін шешетін психологқа артылады, әлеуметтік педагогтың да шаруасы көбейе түседі. Бұл сенситивтік кезеңдегі жаста түзете дамыту жұмысының тиімділігімен қамтамасыз ететін логопед пен дефектологтың жұмыстары аяқталады. Жеке тұлғалық мәселелер басым болатын жоғары мектепте психолог рөлінің маңыздылығы сақталады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Т.П. Дмитриева. «Білім беру мекемесінде инклюзия бойынша үйлестіруші қызметін ұйымдастыру». Инклюзивті білім беру. 3-ші басылым.- Москва: Мектеп кітабы, 2010.- 85 б.

2. Инклюзивті білім беру жағдайында мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеу жағдайларын жақсарту. 7-ші басылым.- Москва: МГППУ, 2011.280б.

3. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалардың білім алуын ұйымдастыру. Әдістемелікнұсқаулық. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰББА, 2016. – 64 б.

4.Н.Я.Жалпы білім беру мекемелерінде естуінде бұзылыстары балалар үшін арнайы жағдайл ар жасау. Инклюзивті білім сериясы. – М.20128.

УДК 37.018

ЗНАЧЕНИЕ МОДЕЛИРОВАНИЯ В ОБНОВЛЕННОЙ ПРОГРАММЕ ШКОЛЬНОЙ ГЕОГРАФИИ

Баданова С. А. магистрант, **Амельченко В.И.** к.г.н, доцент
ЗКГУ им. М. Утемисова, г. Уральск

E-mail: *badanova.saida@yandex.ru*

Географиялық білім берудің тиімділігін арттыру үшін модельдеуді қолдану тәжірибесі қарастырылады. Негізгі назар мектепте география сабақтарында модельдеуді қолданудың әртүрлі тәсілдеріне бөлінеді. Қазақстан Республикасының географиялық білім берудің жаңа бағдарламасы бар оқулықтар мысалында.

Тірек сөздер: *ғылыми дүниетаным, и. Тюнен үлгісі, модельдеу, жалпылау.*

Рассматривается опыт использования моделирования для повышения эффективности географического образования. Основное внимание уделяется разнообразным приёмам применения моделирования на уроках географии в школе. На примере учебников с новой программой географического образованию Республики Казахстан.

Ключевые слова: *научное мировоззрение, модель И. Тюнена, моделирование, обобщение.*

The experience of using modeling to improve the efficiency of geographical education is considered. The main attention is paid to various methods of modeling application at geography lessons at school. On the example of textbooks with a new program of geographical education of the Republic of Kazakhstan.

Key words: *scientific worldview, I. Tyunen's model, modeling, generalization.*

Қазақстан Республикасында сынып жетекшісі – сабақтан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырып, үйлестіріп, келістіріп өткізетін педагог. Сынып жетекшісінің негізгі мақсаты әр оқушыны дамыту, оның ерекшеліктерін сақтау, оның потенциалды қабілеттерін ашу, интелектісінің дұрыс дамып, жетілуіне жағдай жасау. Ол үшін сынып жетекшісі тәрбие жұмысының неғұрлым тиімді үлгілері мен тәсілдерін шығармашылықпен таңдап алып, оның нәтижелерін есептеп, бағалап, оқушыларға жеке-жеке қарау үшін оқушыларды жан-жақты зерттеп, жан дүниесіне үңілу қажет, [1].

Педагогикалық диагностика - педагогикалық ғылымның бір саласы және сонымен қатар практикалық педагогиканың негізгі формасы болып табылады. Қазіргі жалпы ғылыми көзқарасқа сүйенсек, «диагностика» дегеніміз- белгілі бір обьектінің ахуалын танып білу немесе оның тәртібінің болжауы мен сол тәртібіне әсер етуінің мүмкіншіліктері туралы шешім қабылдау мақсатында сол обьектінің негізгі параметрлерін тез тіркеу жолымен содан кейін оны белгілі бір диагностикалық категорияға жатқызу жүйелерін тану болып табылады. Сондықтан, психодиагностика деген кезде, біз диагностикалық танымның белгілі бір обьектілер,яғни психикасы бар нақты адамдар туралы айтамыз. Әртүрлі қасиеттерді зерттеуден ғылыми педагогикалық диагностиканың қорытындыға өту үшін белгілі бір әдістерді, тесттерді, эксперттік шкалаларды қолдануды талап етеді. Сондықтан, педагогикалық диагностиканың

негізгі түсініктеріне диагностикалық қасиеттер және диагностикалық категорияларды жатқызамыз. Қасиеттерді зерттеп, тіркеуге болады. Ал категориялар негізгі зерттеуден жасырын, олар латентті (латентные переменные) болып келеді. Педагогикалық диагностиканың қиындығы қасиеттер мен категориялардың арасында қатаң байланыстың жоқтығында. Бір қорытынды жасау үшін бір қасиеттің өзі жетіспейді, ол үшін бірнеше қасиетті тесттер арқылы талдау жасау керек. Педагогикалық диагностикадағы тест деп, біз сыналатын адамға көрсететін бірнеше стандарттық қысқа сындарды айтамыз. Тесттік тапсырмалар сыналатын адамның әртүрлі жасырын факторларды анықтауға көмектеседі. Осы қысқа сынаулардың нәтижелері өлшенетін фактордың деңгейін көрсетеді. Сонымен «педагогикалық диагностика» ұғымы-психологиялық тестпен тығыз байланысты. Педагогикалық тесттен басқа эксперттік(клиникалық) педагогикалық диагностикалық әдістер қолданылады.Стандарттық сандық тесттер бір топ адамдар туралы қысқа уақытта мәліметтер алу үшін және қатаң альтернативті шешім қабылдау үшін керек.(мысалы: жұмысқа қабылдау- қабылдамау, демалыс беру немесе кезектікке қою).Бұл тесттер әртүрлі әдістемелік қателерді болдырмайды. Эксперттік әдістерді көбінесе тәжірибелі мамандар психологтар қолданады. Олар белгілі бір адамның бірден - бір өмірлік жағдайына енуді көздейді, бірақ бұған ұзақ уақыт талап етеді. Бұл әдістердің тиімділігі педагог диагносттың өзі психологиялық көмек көрсетіп, психокоррекцияны, психотерапияны, тренинг және психологиялық араласудың басқа түрлерін пайдаланғандығында.Педагогикалық диагностиканың мақсаты - адамның қайсы педагогикалық қасиеттері өзара қайшылықтарға ұшырағанын анықтау. Бұл ішкі конфликтті шешуге көмектеседі. Педагогикалық диагностикада норма деген ұғымның үлкен маңызы бар. Норманың екі түрі болады: статистикалық және социокультуралық. Бірінші түрі- стильдік және мотивациялық қасиеттерді бағалау үшін пайдаланады. Екіншісі - қабілеттерді және жетістіктерді бағалау үшін. Статистикалық норма - өлшенетін қасиеттің орта диапазоны.

Арнайы теориялық білімсіз практикалық психодиагностиканың жоғарғы деңгейге көтерілуі мүмкін емес. Біріншіден, психодиагностикалық тесттердің көпшілігі бланкілік әдістемелер болып табылады,яғни адамның санасына қатысты бірнеше сұрақтар жинағын құрайды. Егер де зерттелінуші психологиялық тұрғыдан ашылып, психологқа сенім білдірмесе, онда берілетін сұрақтарға шынайы жауап бермейді. Келесі талаптың бірі – психодиагностикалық әдістер мен оларды дұрыс қолдану жағдайы туралы білімдерді нақты меңгеру болып табылады. Бұл талапқа көбіне көңіл бөлмейді, әдістерді терең меңгеру мен оның апробацияларына назар аудармайды. Көбіне кәсіби психологтар жаңа тесттерді қолдану кезінде оларды меңгеру мен кәсіби деңгейде өткізуі үшін апталап, айлап қарқынды түрде жұмыс істеуге тура келеді. Негізгі талаптардың ішінен валидтілікті, бірізділікті, дәлдікті, беріктілікті атап кетуге болады. Психодиагностикалық мақсатта белгілі бір тәжірибелік әдістемені қолдану үшін психолог таңдалған әдістеменің қандай талаптарға жауап беретінін білуі тиіс. Мұндай ұғымдар жинағынсыз психолог жұмыс бағдарын меңгере алмайды [2]. Психодиагностика практикалық психологияның бағыты ғана емес, ол теориялық пән болып табылады. Теориялық пән ретінде психодиогностика адамның ішкі дүниесін сипаттайтын тұрақты және тұрақсыз шамалармен жұмыс істейді. Бұл шамаларды анықтап,сипаттап, тіркеу үшін фактілерді қорытындылап, анализдің теориялық жұмысы жүргізіледі. Осы фактілер арнаулы әдістерімен тексерілетін теориялық құрылымдары мен гипотезалардың негізін құрайды. Сондықтан психодиогностика бір жағынан теориялық құрылымдарын тексеру әдісі , екінші жағынан абстрактық теориядан жылжу әдісі болып табылады. Мысалы, жеке тұлғаны зерттеу барысында тұлғаның қорғау механизмдері деген ұғымға көп жүгінген. Теориялық диагностикамен айналысатын психологтар үшін мына сұрақтар қызықтыруы мүмкін.

1. Қорғау механизмдері адамның іс - қимылдары фактілерінің деңгейінде қалай көрінеді.
2. Қалай, қандай әдістермен оларды тіркеу керек.

Теориялық психодиагностика жалпы психологияның мәліметтерін пайдаланады.(оның салаларының, психометриканың, психологиялық білімді пайдаланып практиканың мәліметтерін) т.б.

Психодиагностика психологияның негізгі әдістеріне сүйенеді:

1. Кескіндеу принципі(қоршаған дүниенің адекваттық кескіндеу адамға оның іс қимылдарының тиімді регуляциясын қамтамасыз етеді).

2. Даму принципі(психикалық құбылыстардың пайда болу жағдайын зерттеуге бағытталған жобалау(ориентация), олардың өзгеруінің тенденциясы,сол өзгеруінің сапалық және сандық мінездемелерінің тенденциялары).

3. Құбылыс пен мәннің диалектикалық байланысының принципі (осы философиялық категориялардың өзара қамтамасыз етілуі)

4. Іс-қимылдарының және сананың бірлік принципі (сана мен психика адам іс-қимылдарында қалыптасады).

Психологтың осы салада жинаған нәтижесі психологиялық информацияны алудың әдістері болып табылады. Ол әдістерді өзінің әріптестеріне беру мүмкіншілігі бар.

Психодиагностикалық методика – шешілген психологиялық есеп. Бұл есепте психологиялық информацияны алудың әдістері бар , әртүрлі варианттары , сол варианттардың мәні. Психологияда көптеген әдістер өзінің авторларының есімімен аталған – Роршахтың тесті, Розенцвейгтің тесті , Вартеннің тесті , Косстың кубиктері , Равенттің тесті және т.б [3].

Психодиагностика іс жүзінде қолданатын психология ғылымы ретінде әдістемелік қамтамасыз етілуден басқа психодиагносттың зерттелетін адаммен әр түрлі психодиагностикалық жағдайларда қарым-қатынас жасайды, зерттеулердің нәтижелерін тіркеу технологиясын, зерттеулер негізінде диагностикалық қорытынды жасалады. Клиентке нәтижелер туралы кері байланыс туғызады, диагностқа деген талаппен мамандық-этикалық стандарттар көрсетіледі. Сонымен мамандықты жете білуді, мамандық құпиясын сақтау және мамандар еместерді психодиагностикалық әдістерге жолатпау, алынған мәліметтерді құпия түрде сақтау талап етіледі. Психодиагностикалық сынамаладың ішіндегі сыныптағы жағдайды зерттеуге мүмкіндік беретін әдіс – социограмма деп аталады. Зерттеу Талдықорған қаласындағы орта білім беретін мектептің 8 сынып оқушыларымен өткізілді, жауап берушілер туралы толық ақпарат зерттеу жұмысының этикалық тұрғыдан орынды болуы үшін хабарланбайды. 2019 жылы қаңтар айының 18 күні және ақпан айының 21 күні екі сынама анонимді түрде алынды. Бірінші сынамадан кейін «Мен және менің сыныбым» атты семинар-тренинг өткізіліп, сыныптағы ахуалды жақсартуға бағытталған ойындар мен әдістемелер қолданылды. Семинарда қолданылған әдістер:

«Шаттық шеңбері»

Оқушылар дөңгелек бойына тұрады және әркім өзінің есімін айтап барлығына жақсы тілек тілейді. Кезекпен дәл осылай тілектер ретін бастаушыға жеткенше жалғасады.

«Мен сен сияқтымын»

Менің қолымда доп бар. Бұл доптың қай адам оны кез келген досына лақтырып, аты бойынша хабарласып, неге дәл солай екенін түсіндіреді. "Мен сен сияқтымын, өйткені....." Доп лақтырған адам келісім немесе келіспеушілік білдіреді және келесі доп лақтырады

«Шатасқан әріптер»

14-20 адам үшін.Қатысушылар және көрермендер қажет.

Көшбасшылық қасиеттер мен қарым-қатынас дағдыларын анықтауға ықпал етеді.

Мақсаты-екі топқа бөлініп, жеке әріптерден сөз құрастыру.

Сізге маркер мен өзі жабысатын қағаз парағы қажет.

Жүргізуші, ол сол төреші бірдей әріптермен және бір тақырыптағы екі сөзді, мысалы, географиялық объектілер, психологиялық терминдер, музыкалық шығармалардың атауы және т. б. дайындайды.

Содан кейін жүргізуші екі түсті өзі жабысатын жапырақтарды алады. Бір түсті парақтардың әрқайсысында сөз әріптері жазылады. Екі түсті — ұзындығы бірдей екі сөз. Содан кейін қатысушылар аудиторияға бір қатарға арқамен бұрылыптұрады. Олардың арқасына ретсіз әріптер жапсырылады. Жүргізуші команда бергеннен кейін, балалар екі командаға бөлініп, сөз талдап, сөз талап ететін тәртіпте аудиторияға арқа-таласып тұруы керек. Тапсырманы жылдам жеңетін команда жеңеді. Арқадағы әріпті басқа адамның көмегімен ғана білу маңызды, басқа қатысушының арқасынан немесе арқасынан әріптерді жұлып алуға болмайды[4].

Бұл өте көңілді ойын. Қатысушылардың ұйымдастырушылық және көшбасшылық қабілеті өте айқын көрінеді.

Рефлексия.

- Сабақта не ұнады?
- Бүгінгі сабақ сізге қалай көмектесті?

Екінші сынама сыныптағы жағдайдың қалай өзгергендігін бақылау мақсатынды қайтадан алынды.

1 сынамана барысында оқушыларға мынадай сауалдама үлестіріледі:

1. Кіммен бір партада отырғың келеді?
2. Кіммен бірге серуендеуге барғың келеді?
3. Кімді туған күніне шақырғың келеді?

Қорытындысы бойынша 1-дөңгелекке (орталыққа) ең көп таңдалынған оқушылар түседі (2 есе көп таңдалынғандар) 10 оқушы, 2- дөңгелекке орташа сан таңдалынғандар 13 оқушы. 3-дөңгелекке елеусіз балалар (орташа саннан төмен) 3 оқушы, 4- дөңгелекке оқшау қалған, шеттелген балалар (бір де бір рет таңдалынбаған) оқушы жоқ.

2 сынама барысы алдыңғы әдістеменің негізінде бірақ мағыналық сұрақтар кішкене ауыстырылды. Оқушыларға берілген сұрақтар:

1. Кіммен бір топта жұмыс жасағың келеді?
2. Кіммен бірге лагеръге барғың келеді?
3. Достарың кім?
4. Кімді туған күніне шақырғың келеді?

Қорытындысы - 1-дөңгелекке (орталыққа) ең көп таңдалынған оқушылар түседі (2 есе көп таңдалынғандар) 11 оқушы, 2- дөңгелекке орташа сан таңдалынғандар 12 оқушы,

3- дөңгелекке елеусіз балалар (орташа саннан төмен) 2 оқушы, 4- дөңгелекке оқшау қалған, шеттелген балалар (бір де бір рет таңдалынбаған) 0 оқушы.


Зерттеу мерзімінің соңында сыныптағы психо-эмоцианалды жағдайды тереңірек анықтау мақсатынды «сыныптағы ахуал» шағын зерттеуі жүргізілді[5].

Сыныптағы ахуал - шағын зерттеу.Оқушыларға мағыналары қарама-қарсы сөздер жазылған бір-бір парақ қағаз үлестіріледі (1 кесте). Солар арқылы ұжымындағы ахуалды зерттеуге болады. Оқушылар «х» белгісін сол жаққа немесе оң жаққа жақын қойса, ұжымда сол белгі айқын көрініс береді. Оқушылар мына бланкіні толтырады:

	5	4	3	2	1	
1. Достық қалып, жылышырайлық						Араздық
2. Келісім						Келіспеушілік
3. Қанағаттылық						Қанағатсыздық
4. Құштарлық						Селқостық, немқұрайдылық
5. Жылылық						Салқындық
6. Ынтымақтастық						Алауыздық
7. Қызығушылық						Зерігушілік
8. Табыстылық, жемістілік						Табыссыздық, нәтижесіздік

(1 – кесте)

Қорытындылау: Әрбір жұп сөздің орта бағасын есептеп шығару. Алынған нәтижені график арқылы көрсету. Графиктің сол жағы неғұрлым басым болса, сыныптағы ахуал да, соғұрлым, қолайлы екендігін көрсетеді [6]. Зерттеу қортындысы бойынша сыныпта ең көп байқалатын теріс ахуал – араздық, ал ең жоғары жақсы ахуал – табыстылқ екендігі байқалды (2 – кесте). Жалпы теріс жағадйлар жақсы қаситеттерден төмен болғаны сыныптағы ұжымның жақсы деңгейде екенін көрсетеді.



(2 – кесте)

Қорытындылай келе психологиялық климаттың жағдайына әсер ететін келесі факторларды атап көрсету қажет: макро орта және микро орта факторлары, ұжым мүшелерінің жеке қасиеттері және басшылық стилі[7].Ұжымның қолайлы психологиялық климатының маңызды белгілері: топ мүшелерінің бір-біріне деген сенімі мен жоғары талап етуі; тілектестік және іскерлік сын; барлық ұжымға (сынып, топ) қатысты мәселелерді талқылау кезінде өз пікірін еркін білдіру; оқытушылардың оқушыларға қысымының болмауы және олардың топ үшін маңызды шешімдер қабылдау құқығын мойындау; оқушы ұжымы мүшелерінің оның міндеттері мен оларды орындау кезіндегі істің жағдайы туралы жеткілікті хабардар болуы; ұжымға тиесілігіне қанағаттанушылық.; оқушылардың біреуінде фрустрация жағдайын тудыратын жағдайларда эмоционалдық қосылудың және өзара көмектің жоғары дәрежесі; оның мүшелерінің әрқайсысының сыныпта істің жай-күйі үшін жауапкершілікті өзіне қабылдау және т. б.Осылайша, жасөспірімдер ұжымының психологиялық климатының сипаты жалпы топтық даму деңгейіне байланысты. Дамыған ұжымның әлеуметтік-психологиялық климатының жағдайы мен оның мүшелерінің бірлескен қызметінің тиімділігі арасында оң байланыс бар екені анықталды.Әлеуметтік-психологиялық климат басқару стиліне байланысты. Сыныптың әлеуметтік-психологиялық климатын оңтайландыру бойынша өз қызметінде педагогтарға ұжымның белсенді, саналы, беделді мүшелеріне сүйену керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Төребаева К.Ж., Есенғұлова М.Н. Психологиялық –педагогикалық диагностика: Оқу құралы. Алматы, 2012.-288-122б.

2. М.К. Бапаева, К.Н.Нығметова, К.Т. Шериязданова. Балалар психологиясынан танымдық жаттығулар мен тапсырмалар. - Алматы: Рауан, 1994.-78б.

3. Грабарь М.И., Краснянская К.А. Применение математической статистики в педагогических исследованиях. – М., 1977.-27б.

4. Гуревич К. М. Что такое психологическая диагностика М., 1985.-98б.

5. Загвязинский В.И. Методология и методика педагогического исследования. – М., 2000.-34б.

6. Бабанский Ю.К. Проблемы повышения эффективности педагогических исследований. – М., 1982.-81б.

7. Бурлачук Л. Ф. Психодиагностика- СПб., 2003.-56б.

УДК 58.009

ИЗУЧЕНИЕ ПОПУЛЯЦИЙ ВИДОВ РОДА СОССЮРЕЯ (SAUSSUREA SP.) НА ТЕРРИТОРИИ ЛЕПСИНСКОГО ФИЛИАЛА ЖОНГАР-АЛАТАУСКОГО НАЦИОНАЛЬНОГО ПРИРОДНОГО ПАРКА

Бахтаулова А.С., Сыртанова Р.Д.
Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова, г. Талдыкорган

E-mail: *roza.syrtanova@mail.ru*

Мақалада Лепсі Жоңғар-Алатау мемлекеттік ұлттық паркі филиалының аумағында соссюрея (Saussurea sp.) түрлері өсуінің географиялық, топырақ-климаттық жағдайлары туралы мәліметтер келтірілген. Saussurea sp. түрлерін қоса алғанда, фитоценоз және өсімдік жамылғысы зерттелген. Соссюрея тұқымымен популяциялық түрде өсетін өсімдік түрлері сипаттамасының нәтижелері келтірілген және Saussurea sp. түрінің өсуіндегі ерекшеліктер анықталған.

Тірек сөздер: *Жоңғар Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, филиал, фитоценоз, популяция, эндемик, соссюрея тұқымы (Saussurea sp.), Қызыл кітап.*

The article presents data on soil-climatic and geographic conditions for growth of Saussurea species (Saussurea sp.) in the territory of Zhongar-Alatau State National Park Lepsi branch. The vegetation cover and phytocenoses, including Saussurea species, were studied. The results were presented on description of plant species that grow together with Saussurea populations. The research paper describes types of this species and establishes the features of Saussurea growth.

Key words: *Zhongar-Alatau State National Natural Park, branch, phytocenosis, population, endemic, Saussurea species, Red Book.*

В статье приведены данные почвенно-климатических, географических условий произрастания видов рода соссюрея (Saussurea sp.) на территории филиала Лепсы Жонгар – Алатауского государственного национального парка. Изучен растительный покров и фитоценозы, включающие виды Saussurea sp. Приведены результаты описания видов растений, прорастающих совместно в популяциях рода соссюреи (Saussurea sp.), установлены особенности произрастания видов Saussurea sp.

Ключевые слова: *Жонгар – Алатауский государственный природный парк, филиал, фитоценоз, популяция, эндемик, род соссюрея (Saussurea sp.), Красная книга.*

Для горных районов Казахстана характерно поясное распределение и высокое биоразнообразие, богатство растительности и специфичность флоры. Видовой состав Джунгарского Алатау представлен не менее 75% видов растений, произрастающих в Жетысуском Алатау, относящихся к 112 семействам, 622 родам. Выявлено 76 видов растений, которые являются эндемиками, присущими только территории Жетысуского Алатау [1-3]. Согласно конспекта флоры В.П.Голоскокова в Джунгарском Алатау распространены 2168 видов растений [1], растущих в сообществах разнообразной горной растительности. Жонгар – Алатауский государственный природный парк был создан согласно Постановлению Правительство Республики Казахстан № 370 от 30 апреля 2010 года и включает три филиала: Саркандский (Алматинская область, Саркандский район, г. Саркан); Лепсинский (Алматинская область, Алакольский район, с. Лепсинск); Алакольский (Алматинская область, Алакольский район, с. Кокжар), отличающиеся географическими, климатическими условиями и видовым составом растительности [4].

Методы исследования. Согласно плана научно – исследовательская работа на территории Лепсинского филиала проводилась апробированными методами с применением

методик сбора, гербаризации, морфологического описания растений, определения и сравнительного анализа полученных результатов с данными научной литературы. Выполнены исследовательские работы с подсчетом весенних цветущих и редких видов растений популяций, определением редких видов растений, цветущих (весной и летом), плодоносящих (по плодам и семенам), подсчетом растущих в лесах субальпийских, альпийских и нивальных поясах, организацией и изучением мониторинговых площадок, проведением паспортизации видов, сбора гербария, фотоматериалов. Проведена камеральная обработка собранного гербария и фотоматериалов, зоны распространения изученных видов нанесены на карту филиалов парка. Изучены популяции видов соссюреи (*Saussurea sp*.), входящие в состав 17 фитоценозов.

Результаты исследований. Филиал Лепсы граничит с Китайской Народной Республикой (N45º E80º). Административное управление охватывает два района Алматинской области - Алаколь и Саркан с общей площадью земли 90928 га (Жаланаш (52980 га), Лепсы (5431 га)), где организован инспекторский участок Черновский (32517 га).

Территория филиала Лепсы представлена низкогорным (700-1000 м.над ур.м.), среднегорным (до 1600-4560 м.над ур.м.) и высокогорным (3100-4560 м.над ур.м.) рельефом, включающим ряд горных перевал и горных склон (низовье) [4]. Высокогорные вечные снега начинаются примерно с 3000 м над ур.м. Река Лепсы берет начало от 4 ледников. Высокие горы на территории филиала образованы гранодиоритным комплексом, состоящим из гранитов и диоритов. Поверхность породы выветренная и колотая (с трещиной). Изверженные породы относятся палеозойской эре. Средние горы известкового комплекса образованы карбонатной структурой, относящейся к скалистой породе, и известковыми камнями, доломитами, алевролитами и известковыми песками.

Климат континентальный, по мере восхождения наблюдается повышение количества выпавших осадков в течение года, так же характерна высокая влажность почвы и воздуха. На территории филиала Лепсы зимой в обособленных (замкнутых) впадинах преобладает антициклонная погода. В течение года самый холодный месяц январь, первые заморозки наступают в августе-сентябре, а последние в апреле-мае. У подножия гор летом жарко, сухо, ясно, в горах прохладно. На уровне среднегорья теплый период длится 6-7 месяцев, на высоте 3000-3300 м над ур.м. - 1,5-2 месяца, а выше 4000 м над ур.м теплой погоды не наблюдается.

На территории филиала Лепсы осадков выпадает больше, чем на территории филиала Саркан. Объем выпавших осадков распределяется неравномерно по мере возвышенности: на уровне низкогорья 45-50% годового объема осадков выпадает в теплые периоды года, на уровне среднегорья объем достигает до 70%, а на уровне высокогорья - годового объем значительно уменьшается. В горах обильные осадки выпадают преимущественно в апреле-мае, а минимальное количество осадков наблюдается в декабре-январе. Снежный покров ложится в конце октября - начале ноября и сохраняется до конца зимы. В высоких горах снег сохраняется круглый год и образует снежные площадки и ледники [4].

Структура зоны высокогорных и долинных лугов постоянна. На северном альпийском подножье и субальпийских горных массивах преобладает горно-луговая почва, на южных склонах формируются высокогорные долинные луга с черноземом. Иногда на каменистых подножьях высокогорий встречается высокогорная долинная почва. В субальпийской зоне под можжевельниками широко распространен высокогорный чернозем.

Из-за отсутствия почвенного покрова на высокогорье со стороны филиала Лепсы растительный покров представлен редкими фрагментами растительных групп. Криопетрофиты представлены редко встречающимися видами растений: горец спорышевидный, вероника, алтайский гимноспермум, соссюрея обвернутая.

На территории Лепсинского филиала парка не наблюдаются сели и наводнения моренных и снежных рек. В экосистеме антропогенные воздействия не наблюдаются либо незначительны. На почвах альпийской зоны, имеющей ледниковый рельеф, встречаются горные альпийские луга. Растительный покров представлен видами кобрезий и мелкорастительного криофитного луга. Изредка встречаются такие виды растений, как:

тяньшаньский адонис (желтоцвет весенний), рябчик бледноцветковый (Fritillaria pallidiflora Schrenk), соссюрея обвернутая (Saussurea Involucrata), горец спорышевый, вероника, джунгарский синецвет, красноязычий крестовик. Почва субальпийской зоны представлена горно-луговой. Растительный покров включает высокогорный ковыль и кобрезийный луг.



А



Б



В



Г




Д



Е



Ж



З



И



К

Рисунок 1. Фитоценоз №40. А- Соссюрея обвернутая Saussurea Involucrata (kar. Et kir.) Sch.; Б - Пион уклоняющийся – Paeonia anomala L.; В- Левзея сафлоровидная – Rhaponticum carthamoides (Willd.) Iljin; Г- Крестовник огненноязычковый – Senecio pyroglossus Kar.et Kir; Д - Ревень Виттрока - Paeonia anomala L.; Е - Водосбор Виталия – Aquilegia vitalii Gamajun; Ж - Родиола розовая – Rhodiola rosea L.; З- Лилия кудреватая – Lilium martagon L.; И- Яблоня Сиверса - Malus sieversii (Ledeb.)M.Roem.; К- Рябчик бледноцветный - Fritillaria pallidiflora Schrenk.

Так, например, фитоценоз №40, установленный на территории склона Карасырык, представлен видами: Соссюрея обвернутая (Saussurea involucrata (Kar. et Kir.) Sch. Bip)., Родиола розовая (Rhodiola rosea L.), Курчавка грушелистная (Rheum witrokii Lundstr.), Крестовник огненноязычковый (Senecio pyroglossus Kar.et Kir), Мятлик альпийский (Aster alpines L.), Герань скальная (Ceranium saxatile Kar. Et Kir.), Змееголовник крупноцветковый (Dracocephalum grandiflorum L.), Карагана гривастая (Caragana jubata (Pallas) Poiret),

Можжевельник сибирский (Juniperus sibirica Burgsd), Незабудка душистая (Myosotik suaveolens W.et K.), рябчик бледноцветный - Fritillaria pallidiflora Schrenk. [5].

Во многих изученных фитоценозах проведено описание редких видов растений, вошедших в Красную книгу Казахстана: Яблоня Недзвецкого - Malus niedzwetzkuana Dieck, Яблоня Сиверса - Malus sieversii (Ledeb.) M.Roem., Ревень Виттрока - Paeonia anomala L., Пион уклоняющийся (Марьин корень) – Paeonia anomala L., Адонис тянь – шанский - Adonis tianschanica lipsch (Adonis tianschanicus lipsch), Водосбор Виталия – Aquilegia vitalii Gamajun, Родиола розовая – Rhodiola rosea L., Крестовник огненноязычковый – Senecio pyroglossus Kar.et Kir, Левзея сафлоровидная, маралий корень – Rhaponticum carthamoides (Willd.) Iljin, Соссюрея обвернутая – Saussurea involucrata (Kar. et Kir.) Sch. Bip., Лилия кудреватая – Lilium martagon L., Рябчик бледноцветный - Fritillaria pallidiflora Schrenk. (Рис 1.)

Ареалом распространения соссюреи широколистной (Saussurea latifolia Ledeb) является ущелье Жамантас Алакольского филиала парка. Соссюрея обвернутая (Saussurea Involucrata (kar. Et kir.) Sch. Bip.), включенная в Красную книгу Республики Казахстан, распространена в высоких горах на высоте 3133 м над уровнем моря.

В высоких и средних горах Джунгарского Алатау и на каменистых склонах гор произрастают виды соссюрея Нины (Saussurea ninae Iljin (=S.dshybgarica Iljin p.p), соссюрея увенчатая (Saussurea coronate Schrenk (=S. D shybgarica Iljin p.p), соссюрея Залемана (Saussurea salemanii C.Winkl) (Таб. №1).

Таблица №1

Особенности распространения популяций рода соссюрея (*Saussurea sp.)* на территории Жонгар – Алатауского национального природного парка

Вид	Жизненная форма	Происхож-дение	Распространение	Период цветения
Saussurea sordid Kar. & Kir.- Соссюрея грязноцветная	многолетнее травянистое растение	горно-среднеазиатский	субальпийские и альпийские поясничные луга	VI – VII
Saussurea salemannii C. Winkl.- Соссюрея Залемана	многолетнее травянистое растение	джунгарский эндемичный вид	горные склоны	VII – VIII
Saussurea elegans Ledeb. (S.salicifolia auct non DC). - Соссюрея изящная	многолетнее травянистое растение	горносреднеазиатский	каменные, лугово – степные склоны	VI – VIII
Saussurea glacialis Herd. (S. sorocephala auct non Schrenk) - Соссюрея ледниковая	многолетнее травянистое растение	алтай - гималайский	альпийские склоны и луга	VII – VIII
Saussurea ninae Iljin (=S.dshybgarica Iljin p.p), Saussurea ninae Iljin (=S.dshybgarica Iljin p.p)- Соссюрея Нины	многолетнее травянистое растение	джунгарский эндемичный вид	ущелья, овраги и скалистые склоны	VII – VIII
Saussurea Involucrata (kar. Et kir.) Sch. – Соссюрея обвернутая	многолетнее травянистое растение	горносибирско – тяньшаньский	морены альпийских склонов (на вершине рек Лепси, Саркан, малый Баскан, Тентек)	VII – VIII
Saussurea leucophulla Schrenk - Соссюрея серебристолистная	многолетнее травянистое растение	горносибирско – горносреднеазиатский	гравийные склоны высокогорий	VII – VIII

Saussurea gnaphaloides (Royle) Sch. Bip. - Соссюрея сушеницевидная.	многолетнее травянистое растение	жонгаро - гималайский	каменистые скалистые склоны альпийской зоны	VII – VIII
Saussurea coronate Schrenk (S. dshyngarica lljin p.p) Соссюрея увенчатая	многолетнее травянистое растение	джунгарский эндемичный вид	среднегорье	VII – VIII
Saussurea schanginiana Fisch (S. pygmaea auct. Non Spreng). - Соссюрея Шангиновская	многолетнее травянистое растение	горносибирско – тяньшаньский	среднегорные и высокогорные склоны и луга	VII – VIII
Saussurea latifolia Ledeb. -Соссюрея широколистная	многолетнее травянистое растение	джунгарский эндемичный вид	хвойные и смешанные леса, высокогорные луга	VII – VIII

Заключение. В результате проведенных исследований были изучены 828 видов растений, относящихся к 109 семействам. Среди них определены 56 эндемичных видов растений, 26 редких и исчезающих видов, занесенных в Красную книгу Казахстана и 22 индикаторных вида [5]. Род *Saussurea sp*. на территории парка представлен 11 видами, на территории Лепсинского филиала встречаются популяции 3 видов соссюреи, в том числе вид соссюрея обвернутая (*Saussurea Involucrata (kar. Et kir.) Sch. Bip*.) является эндемичным видом и занесен в Красную книгу РК. Соссюрея обвернутая произрастает на высоких склонах небольшими кучками или единичными экземплярами. Ежегодные исследования указывают на снижение численности популяций вида, что требует проведение дальнейшего изучения способов размножения и сохранения популяций вида в природных условиях национального парка.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Голоскоков В.П. «Флора Джунгарского Алатау» - Алма – Ата, 1984 г.

2. «Қазақстанның Қызыл кітабы» - Ботаника және фитоинстродукция институты, 2014 ж.

3. Кокорева И.И. «Жоңғар және Іле Алатауында қорғауды қажет ететін өсімдіктер» - Алматы, 2007ж.

4. Байзаков Т.Б., Устюгова К.В. «Естественное и технико – экономическое обоснование организации Жонгар – Алатауского государственного национального природного парка» книга 1 – Алматы, 2008 г.

5. Бахтаулова А.С., Кенжеханова Ж.С. «Жоңғар Алатауы МҰТП флорасына түгендеу жүргізу және сирек кездесетін және жойылу қауіпі бар өсімдік түрлері популяциясының жағдайын зерттеу» тақырыбы бойынша ЕСЕП (аралық) 2017жылға. Сарқан, 2018.

ӘОЖ 942.94

Н.Ә. НАЗАРБАЕВ – ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ РЕТІНДЕГІ ТАРИХИ РОЛІ

Берлібаев Б.Т.[1] профессор, **Түмен А.Б.**[2] магистрант
Алматы энергетика және байланыс университеті[1], Алматы қ.
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті[2], Талдықорған қ.

E-mail: bbt_kaznpu@mail.ru ,aruka_96.suan@bk.ru

Әлемдік тарихта өзіндік орын алатын саяси тұлғалар көп. Әр елдің өзінің саяси тарихында ерекше еңбегі сіңген тұлғалар мәңгілік ел есінде қалатыны белігілі. Міне, біздің елбасы Н.Ә.Назарбаевта осындай тарихи тұлғалардың қатарында тұратын ерекше адам ретінде және тәуелсіздігін алған жаңа елдің тұңғыш президенті болып тарихта мәңгі қалатынын мойындауымыз керек.

Тірек сөздер: *Тұңғыш, президент, саяси тұлға, тарихи процесс, отаршылыдық, тәуелсіздік.*

В мировой истории много политических личностей, которые занимают свое место. В каждом государстве бывает историческая личность, которая особо запоминающаяся в памяти своего народа. Вот и нашего президента Н.А.Назарбаева мы должный принимать что он навсегда останется первым президентом новой назависимой страны и помнить как исторический личность.

Ключевые слова: *Первый, президент, политическая личность, исторический процесс, колониализм, независимость.*

In world history there are many political personalities who take their place. In each state there is a historical figure, which is particularly memorable in the memory of his people. That's our President..Nazarbayev we have to accept that he will always be the first President of the new independent country and be remembered as a historical figure.

Key words: *First, the President, political personality, historical process, colonialism, independence.*

Қазақта қос тойың қабат болсын деген даналық сөз бар. Иә, қазақ халқының біртуар екі азаматының қос тойы қатар келіп тұр. Олар туралы салиқалы пікір сомдап, көсіле сөйлеп, қолымызға қалам алып олардың өз заманында атқарған еңбектері туралы ой өрбітсек,ең біріншіден тәуелсіз Қазақстанымыздың тұңғыш президенті жайлы айтуымыз керек.

Тарихты халық қана емес, ұлы адамдар да жасайды. Даму дөңгелегін ұлы қадамдарға бұра алатындар да – сол ұлы тұлғалар. Ал ондай ұлы тұлғалар маңдай бағы жарқыраған жұрттың тағдырына туады. Қазаққа қырын қарамаған Құдай ел пейіліне сай етіп кенге тола байтақ даланы ғана емес, сол дала халқына басшы болатын дананы да берді. Дана басшы сілтеген даму дөңгелегі елдігіміз бен ерлігімізді теңестірді. Бұл – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ерендігі. Елбасының ерен екенін ел ғана емес, әлем айта бастады, бұл да – Президенттің талайлар теңесе алмайтын тұлғалығы [1, 16 б.].

Ұлы мемлекеттік қайраткер болу үшін тарихтың беталысын сезіне білу керек. Тарих үдерістері тура даңғыл жол емес, бұралаңы мен ирелеңі көп екені белгілі. Тарихи дамудың шырғалаңға толы жолында кілт бұрылыс пен кедергілер кездесіп отырады. Олардан өтпейінше, алға жылжу мүмкін емес. Дәл осындай кезеңдерде қиындықтардан батыл өте алатын, кедергілерді еңсеретін, әлеуметтік өркендеу мен жаңару үшін ілгерілеудің жаңа жолын ашуға қабілетті лидерлер жарқырай көрінеді. Басқаша айтқанда, көрнекті тұлғаларды Тарихтың өзі дүниеге әкеледі. Дегенмен, лидерлердің өздері де Тарихты жасайды. Ұлы тұлға болып қалыптасу

үшін тарихи факторлар мен жағдайлардың болуы аздық етеді. Ел мен дүниежүзі алдында тұрған күрделі де жауапты міндеттерді орындауға қажетті ерекше қасиеттерге ие біртуар тұлға болуы керек. Ондай адам батыл да жігерлі, қайтпас қайсар және принципті, әділ де өжет болуға тиіс. Әлем тарихындағы ірі тұлғалардың бірі – Нұрсұлтан Назарбаев осындай адам.

Біздің еліміздің ең қиын кезеңдерінде оған Елбасы болу тағдыры бұйырды. Ол барша қазақстандықтардың тағдыры үшін, қазіргі қазақ мемлекеті – Қазақстан Республикасының негізін қалау үшін жауапкершілік жүгін көтеруде жігерін жаныды, батылдық пен қайсарлық танытты. Көрнекті тұлғаларды ісі мен әрекетіне қарап бағалайды. Ұлы адамдардың басты ерекшелігі – әлеуметтік прогресті ілгерілетуге және уақыт алға тартқан міндеттерді ұтымды шешуге оның қызметінің қаншалықты ықпал еткендігімен көрінеді. Қоғам бірлікте болған, ұлттық ортақ идея қалыптасқан жағдайда ел де қарқынды дами түсетінін тарих көрсетіп отыр. Сонымен қатар, біріктіру идеологиясының пайда болуының негізгі шарты – жалпы ұлттық лидердің шығуында екені айқын. Сондықтан, Қазақстанның ұлттық идеясын дүниеге келтіріп, қалыптастырып, ілгерілетуші Президент Нұрсұлтан Назарбаев болып отыр [2, 23 б.]

Ол – тәуелсіздік идеясы, бәсекеге қабілеттілік идеясы, көркею идеясы. Оның тұжырымдамасының басты ерекшелігі – қоғамның ұзақ мерзімді тұрақтылығы, нарықтық экономика, әлеуметтік әділеттілік және заң үстемдігі негізінде ел тәуелсіздігін және егемендігін нығайту. Қазіргі кезде бүкіл дүние жүзі құрлықтың екі бөлігінде – Еуропа мен Азияның, екі өркениеттің – Шығыс пен Батыстың, екі саяси жүйенің – тоталитаризм мен демократияның тоғысында пайда болған "Назарбаев құбылысы" туралы жиі айтады. Оның есімі шет елдердің көрнекті мемлекеттік қайраткерлерінің қатарында аталады. Бұл тегін емес. Өйткені, Қазақстан Президенті өзінің саясатында еуропалық реформашылдықты, прагматизмді және демократия үдерістеріне айнымастықты да, қоғамның негіздерімен тығыз байланысқан азиялық дәстүршілдікті де үйлестіре алды.

Қалай десек те бір кезде Қазақстанның отаршылдықтан ең көп зардап шегуіне мәжбүр еткен оның осы геосаяси орналасуы еді.Бұл тараудың басты мақсаты-ел тәуелсіздігіне сын сағаты туған сәттегі ұлы ханымыз Әбілқайыр ханмен еліміз өз тәуелсіздігін жариялаған тұстағы Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың саясатын шендестіре жазу: одан байып пен бағдар, тәжірибе мен тағылым алу.

Тарихымыздың тағылымды тұстарына баса назар аударылып отырған шақта Отандық тарих ғылымның алдында үлкен мақсат-тарихи тұлғалардың тарихи портретін жасау міндеті тұр. Себебі, бірқатар объективті жағдайларға байланысты сахара төсіндегі тарихи үрдісті жасап отырған ұлы тұлғаларымыздың шынайы тарихы жазылмай, оларға ақиқат тарихи бағасы берілмей келгендігі белгілі. Оған бірден-бір себеп Кеңестік замандағы марксшік-лениндік тарихнама тарихты жасаушы басты фактор – тап күресі деген қағиданы ұсынып, тарихтағы ірі тахи тұлғалардың қайраткерлігін, олардың тарихи орнын елемей келгендігінде жатыр.

Осы орайда, тарихшылар Т.Омарбеков пен Ш.Омарбековтің мынадай сөзі еріксіз еске түседі: «тарихимызды қайта қарауда орыс отаршылығы және Кеңестік жүйе тұсында тарихи тағдырлары үздіксіз бұмаланып келген ірі тарихи тұлғалар бар екендігін де ұмытпауымыз керек..... бұлар туралы тарихи шындықты қалпына келтіру бүгінгі ұлттық тарихымыздың қалпына келуі үшін де аса қажет деп ойлаймыз. Мұндай тұлғаларға ұлттық көз қарас ұстану жас ұрпақтың бойында отаншылдық сезімді қалыптастыратыны және белгілі» [3, 36 б.].

Тарихшы К.Нүрпейісов: «... Біздің тарихнамада саяси портрет жасау аз. Оның сыры көп жылдар өкілдері екенін ескермедік. Билердің, батырлардың, хандардың, саяси портреті жасалмағандықтан алып-қашты әңгіме көп. Мысалы, Әбілқайырды біреу мақтаса, біреулер даттап жатады. Есесіне Абылайды түк қатесі жоқтай аспанға шығара дәріптеумен келеміз. Бұл дұрыс емес» десе, тарихшы Т.Рысбеков тарих ғылымында тұңғыш рет Батыс Қазақстан тарихының келелі мәселеллерін бірыңғай авторлық концепцияда қараған еңбегінде былай дейді: «Тарихқа деген шын мәніндегі объективті, диалектикалық және ғылыми көзқарас тарих дамуына ықпал еткен жеке тұлғаларға да шын баға беру деген сөз».

Көрнекті мемлекеттік қайраткерлермен салыстыра отырып, Н.Назарбаевтың атына қаншама мақтау-мадақтаулар айтылып жатса да, ауқымды кеңес империясының күйреуінен

кейінгі тарих толқындарында өзін таныта алған шынайы тарихи тұлға – Қазақстан Президентінің бейнесін толық қамти алмағандай сезіледі. Бұл жерде Қазақстан лидері туралы Владимир Путиннің сөзін келтіре кету орынды болар еді: "Нұрсұлтан Әбішұлы тәуелсіз мемлекетті іргетасынан бастап тұрғызды.

Ұлы қолбасшы Әбілқайырмен тікелей жүздескен ағылшын суретшісі Джон Кэстль: «Ол – зор тұлғалы, сымбатты, аппақ жүзі қызыл шырайлы, түсі сондай жылы кісі. Сонымен қатар зор денсаулық пен қайрат-күш иесі, садақ тартуға келгенде шынымен-ақ бүкіл ұлтта оған тең келетін ісі жоқ», - деп пайымдаса , Тәжікстан президенті Эмомали Рахманов Нұрсұлтан Әбішұлы туралы былай дейді: «Ашық-жарқындығы, шыншылдығы тартымдылығы, адамға деген сүйіспеншілігі – мұның бәрі де Нұрсұлан Әбішұлының табиғатына тән қасиеттер. Қазақ жұртының, елінің, көп ұлтты халқының алдындағы, тарихтың алдындағы, жоғары жауапкершілік сезімі оның бойынан әманда ажыраған емес. Ол ұлы ұйымдастырушы ретінде Қазақстанды кеңестен кейінгі кеңестіктің дамыған мемлекеттердің біріне айналдырды. Қазақстанның луметтік-экономикалық саладағы табыстары тағылым алармлық. Нағыз басшы ғана осындай нәтижелерге жете алады, бұл жағынан алғанда Нұрсұлтан Әбішұлы – өз халқының даусыз басшысы. Ол – ТМД мен халықаралық қоғамдастықтың аса беделді саясаткерлердің бірі деп санауға әбден лайық.

Нұрсұлат Әбішұлы – әлемнің аса ірі мемлекет басшылары мойындаған қазақ мемлекетінің ең алғаш басшысы, дүние жүзіне әйгілі саясаткерлерінің бірі. Ол – ел басқару ісінде халықтың ғасырлар бойы жинақталған бай нәтижесі мен әлемдік тіршілік-тынысын терең білу, маңдай терген проблемалардың ең елеулісін тап асып тани алу, ел ішіндегі және әлемдік ахуалдармен санаса отырып,ұрымтал әрекеттерге бару, сол ел тарихын ойлаудан бастау алды.

1991 жылы КСРО заманынан кейін Қазақ елінің алдында көптеген күрделі сұрақтар тұрды. Алдымыз белгісіз, тым күңгірт еді. Қазақстан өз алдына ел бола ала ма, бола алмай ма деген сұрақтың жауабы тым ауыр болатын. Қалыптасқан барлық жағдайларға, белгілі халықаралық саясаткерлердің болжамына қарағанда, Қазақ елінің өз алдына тәуелсіз ел болуы өте күрделі. КСРО-ның экономикасы біртұтас шынжыр секілді екен, ол бірнеше жерден үзіліп еді, барлығы да шашырап, бір-бірімен байланысты болғандықтан, барлық кәсіпорындар тоқтап қалды. Теңеу түрінде айтып, экономиканы тұтас бір мәшине деп алсақ, оның бір дөңгелегі Украинада, екіншісі Өзбекстанда, қорабы Қазақстанда, моторы Ресейде, т.с.с. болып бөлініп қалды. Халық жұмыссыздыққа ұшырап, қатты қиналды. Экономика жұмыс істемеген соң, бюджетке ешқандай түсім түспеді. Сондықтан бюджеттен еңбекақы алатындар да күндерін қалай көруді білмеді. Халыққа ең алдымен керегі тамақ, киім, жылу, жарық. Бірақ біздің жаңа өкіметіміз үшін бұл күрделі мәселелерді шешу үлкен қиындыққа түсті, тіпті мемлекетіміз дағдарысқа тірелді. Қуанышымыз қаншалықты шексіз болса, экономикалық қысым соншалықты рақымсыз болды. Сегіз облыстың мәслихаттары бірігіп, Қазақстан өз алдына ел болып кете алмайды, қайтадан Ресейге қосылуымыз керек деген сепаратистік бастама көтерді. Олардың үнін өрекпігендер алып-көтеріп берді.

Экономиканың негізгі салаларындағы шешуші қызметтерде отырған төрт миллиондай белсенді халық, оның ішінде неміс, орыс, украин және т.б. ұлттардың өкілдері үдере көшуге айналды. Негізінен екінші қатарда жүрген қазақтың басшылары мен мамандары шашылып жатқан экономиканы аяғынан тұрғызуға қабілеттері жете қоймады. Не істеу керек? Сол кезде Президенттің қолында шексіз билік те болмады. Жоғарғы Кеңес құқығы өте жоғары еді. Қолданыстағы кеңестік Конституцияға сәйкес Жоғарғы Кеңес барлық министрлерді, барлық лауазымды тұлғаларды бекітті. Айта кететін жәйт, республиканың кеңестік Конституциясы КСРО кезінде ешқашан орындалып көрген емес еді, ол тек сол өтпелі кезеңде ғана нақты күш алып, барлық билікті Жоғарғы Кеңестің қолына берді. Үкіметтің барлық саласын жарақтау тек соның құзырында болды. Ал Жоғарғы Кеңестің негізгі бөлігі нарықтық идеяны қабылдауға мүлде қарсы шыққан «қызыл коммунистердің» ортасы болатын. Олар Президенттің сол кез үшін прогрессивті қадамдарын жарадай көріп, қарсы шығып жатты.

Нарықтық экономиканы асықпай, шағын қадамдармен ғана енгізу керек, десті олардың көбі. Осы идея депутаттық корпустың негізгі бөлігін құрсап алды. Міне, осы уақыттарда Нұр-

сұлтан Назарбаевтың аса көрнекті тарихи, ұлы тұлғаларға лайық дара қасиеттері айқын көріне бастады. Нарықтық қатынастардың не екенін, оларды қалай орнатуды ол да білмейтін. Бірақ қарапайым адамдар сезініп, біле бермейтін істерді ол өзінің қайраткерлік, ерекше интуициясымен танып, ештеңеге жалтақтамай, батыл әрі шешімтал қадамдар жасады. Ол көп зерттеп, ұзақ толғанатын болсақ, қолдағы барымыздан айрылып қалатынымызды сезді.

Жалпы, көп толғанып, әбден екшелген дүниелер де кейде ойдағыдай нәтиже бермейді. Гете: «Ұзақ ойланып-толғанған адамның өзі әркез оң шешім таба алмайды», деген болатын. Сол кездерде оппозициялық күштер Президенттің шұғыл қадамдарын қатты сынап, қателіктерін айдай әлемге жария етіп жатты. Бірақ артынан солардың бәрі ұмыт болды, Президенттің ең алдымен экономиканы дұрыстауымыз керек деген саясаты өміршең және дұрыс болып шығып, Қазақстан нарықтық экономиканы орнатуда көшілгері кетті. Сол істердің ішінде ең алдымен теңгенің өмірге келуі үлкен рөл атқарды деп ойлаймын [4, 69 б.].

Қазақстанды рубль аймағынан шығарып тастап, бізде қалғыларың келсе, барлық алтындарыңды тапсырыңдар деген асқақтыққа қарсы Президент ешкімге жалтақтамай, қорғалақтамай өзіміздің валютаны енгізіп жіберді. Бұл экономикалық тиімділігімен қоса, халықтың рухын серпілткен маңызы аса зор оқиға болды.

Президент алдымен әрі қарайғы дамуға, оң өзгерістер тежеуіш болған Жоғарғы Кеңестің өзін-өзі таратуына қол жеткізді. Өйткені, жоғарыда айтқанымдай, бұл депутаттық корпус Президенттің еркін әрекет етуіне мүмкіндік бермеді. Барлық іске тежегіш болып, барлық мәселеге күдікпен қарады. Президент елге аса қажетті басқа нәрселермен айналысудың орнына сағаттар бойы Жоғарғы Кеңестің сессияларына қатысып, депутаттарға алынған шешімдердің дұрыстығын дәлелдеумен болатын. Міне, осы себепті өзінің жеке басының алымдығы, беделі мен өтімділігінің арқасында ол Жоғарғы Кеңестің өз еркімен тарауына қол жеткізді.

Егер Н.Назарбаевтың орнында басқа бір адам болып, осындай әрекетке барса, бәлки Жоғарғы Кеңес оның өзіне импичмент жариялап, президенттік тақтан тайдырып тастауы мүмкін еді. Олардың мұндай әрекет жасауға құқы бар болатын. Бірақ Н.Назарбаевтың айрықша дарындылығы, мәселені дұрыс қоя білетіндігі, халықтың алдындағы зор беделі батылдығы мен өзіне деген сенімділігіне ұштасып, депутаттардың оны сөзсіз мойындауына ұласты. Ал Жоғарғы Кеңес сапында наразылар қатарынан оған теңдес келетін тұлға болмады. Одан кейін сайланған депутаттық корпус та қолайсыз болды. Олар да нарықтық экономиканы дамытуға тежегіш болып шықты. Өйткені, қажетті заңдарды қабылдауға қарсылықтар көп болды. Қазақстан Тәуелсіздігінің елең-алаңында, 1993 жылдың 28 қаңтарында қабылданған алғашқы Конституцияда билік жүйесінің мәселесі түпкілікті шешілмеген еді.

Барлық кадрлық мәселелер, Үкіметті жасақтау соның қолында еді. Ол Президент пен Үкіметтің ісіне араласуға толық құқылы болды. Ал нарықтық реформаны енгізу үшін Президенттің құқы шектеулі, қолы байлаулы-тын. Сөйтіп, бұл Парламент те нарықтық экономиканы қалыптастырудың тежегішіне айнала бастады. Сондықтан оны да тарату қажеттігі туындады. Төменнен түскен заңды ұсыныстың негізінде ол таратылды, бірақ Парламент таратыларда Президент өзіне заң актілерін қабылдау жөніндегі шешім алуға қол жеткізді. Демек, Парламент жоқ болған уақытта Президенттің жарлықтары заң күші бар актілер деп танылатын болды. Осы құқын пайдаланып, Президент келесі Парламент сайланғанша нарықтық экономиканы кедергісіз енгізуге мүмкіндік беретін заң күші бар 140 Жарлығын шығарды.

Міне, осылар елде нарықтық экономиканың негізінің қалануына локомотив болды. Бұл айтар ауызға ғана жеңіл сөздер еді, ал іс жүзінде батырлық болатын. Екі бірдей Парламентті таратып, әрі заң күші бар 140 Жарлықты шығару әлемдік тарихта сирек кездесетін оқиға деп айтуға болады. Мұндай өзгерістер көбінесе өкіметті заңсыз жолмен басып алғанда немесе төңкеріс жолымен елдің басына басқа билік келгенде жасалып жататын. Ал біздің Президентіміз бір оқ шығармай, бір талас тудырмай, конституциялық жолмен елде нарықтық экономиканың бейбіт дамуына жағдай тудырды. Әрине, халықтың барлық бөлігіне бұл шешімдер ұнаған жоқ.

Барлық ұлы тұлғаға лайықты қасиеттері Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты халықаралық ауқымдағы нағыз талап етілген және беделді саясаткер етіп көрсетеді. Оның пікіріне әлемнің

жетекші елдерінің көшбасшылары, ықпалды халықаралық ұйымдардың басшылары мен әлемдік бизнес-элита өкілдері ықыласпен құлақ қояды. Осыған байланысты Қазақстанның сыртқы саяси табыстарындағы арыстандай үлесі оның көшбасшысы – Н.Ә.Назарбаевтың жоғарғы беделі мен жеке басының ықпалының арқасында болды деп батыл айтуға болады. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың халық алдында сіңірген тарихи еңбегі уақыт өткен сайын парақталып, бағасы арта түседі.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті ретіндегі ролі – жеке тұлғаның ұлттық және әлемдік тарихтағы ерекше рөлі туралы тағы бір ойлануға тұрарлық себеп. Біз Нұрсұлтан Назарбаев сияқты бірегей және ауқымды тұлғаға лайықты бағасын беруіміз керек, оның әлемдік қауымдастықта өз еліне және өз халқына лайықты орын қамтамасыз еткен жарқын саяси қайраткер, табысты реформатор және көреген стратег ретінде тарихқа енетініне еш күмән жоқ [5, 23 б.].

Н.Назарбаевтың дарыны, жаңа тәуелсіз Қазақстанды қалыптастырудағы оның рөлі күмән туғызбайды. Ол қазақ ұлтының баршаға, күллі әлемге танылған Елбасы. Ол осы атпен елімізді аймақтық алпауыт мемлекеттер қатарына қосқан біртуар тұлға, мемлекет қайраткері мен саясаткер ретінде тарихқа енді.

Ұлы тұлғалар – өздерінің саяси немесе рухани еңбегі арқылы қоғам қажеттіліктерін анағұрлым толық қанағаттандыра алып, оның дамуына айтарлықтай әсер еткен, атқарған қызметі өз мемлекетінің аясынан шығып, бүкіл әлемге пайдасын тигізіп, баршаға әйгілі болған адамдар. Сондықтан кез келген мемлекет тарихы ұлы тұлғалар ісінің призмасы арқылы анағұрлым айқын, әрі әсерлі көрінетіні тегін емес. Оның үстіне, тарихтың өзі де кейде осы тұлғалармен сәйкестендіріледі.

Өздерінің ұлы бабаларының даңқты тарихына ортақ еткізу адам баласының өз еліне, оның ұлы тарихына, оны жасаған ұлы тұлғаларға деген мақтаныш сезімін қалыптастырады. «Біздің бабаларымыз қазіргі Қазақстанның ұлан байтақ даласын қорғап, төл мәдениетін сақтап, өмірді түйсіну мен танудың ерекше түрін бізге мұра етіп қалдырды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Кенжеғалиев А. Назарбаев феномені немесе әлемдік саясаттағы ұлы тұлға. – Алматы, 2013. – 241-244 бб .

2. Изтаева В. Қазақ қоғамын топтастырудағы саяси лидерлердің рөлі (Аблай хан жәнеН.Ә. Назарбаевтың саяси қызметін салыстырмалы талдау): Саяси ғ.к. дис... автореферaты: 23.00.02 / В.А. Изтаева. – Алматы, 2007.

3. Қазақстан тарихы. – Алматы: Атамұра, 1996. – 31-35 бб.

4. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде. – Алматы, Қазақстан, 1993.

5. Назарбаев Нұрсұлтан. Ел көшін бастау – маған сын, мені қостау – елге сын // Қазақ Елі. – 2002. – №10. – 20-25 бб.

ӘОЖ 796

ЖАС СПОРТШЫЛАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫС ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУДЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Галиева Г. м.ғ.к., доцент м.а., **Мустафинов Б.Н.** магистрант
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

E-mail: *gulmira.galieva.1963@bk.ru., baur9430@mail.ru*

Бұл мақалада жас спортшыларды даярлаудың жас кезеңдері, жас ерекшеліктеріне байланысты қозғалыс қабілеттерінің даму заңдылықтары қарастырылды. Оқушылардың қозғалыс қабілеттерінің деңгейін анықтау мақсатымен жүргізілген антропометриялық зерттеу нәтижелері берілген. Жас спортшылардың қозғалыс қабілеттерін дамыту әдістемесі бойынша жүргізілген зерттеудің мазмұны мен нәтижелері келтірілген.

Тірек сөздер: *қозғалыс қабілеттері, жаттықтыру үрдісі, дене қабілеттерінің даярлығы, сенситивті кезеңдер, антропометриялық зерттеулер, Кетле индексі.*

В данной статье рассмотрены возрастные периоды подготовки юных спортсменов, закономерности развития физических качеств в зависимости от возрастных особенностей. Даны результаты антропометрических исследований, проведенных с целью определения уровня физических качеств учащихся. Приведены содержание и результаты исследования, проведенного по методике развития физических качеств юных спортсменов.

Ключевые слова: *физические качества, процесс тренировки, физическая подготовка, сенситивные периоды, антропометрические исследования, индекс Кетле.*

This article discusses the age periods of training young athletes, the patterns of development of physical qualities, depending on age characteristics. The results of anthropometric studies conducted to determine the level of physical qualities of students has been considered in this work. The content and results of a study conducted according to the method of developing the physical qualities of young athletes are presented in article.

Key words: *physical qualities, the process of training, physical training, sensitive periods, anthropometric studies, Quetelet index.*

Жас спортшыларды даярлаудың біртұтас жүйесі дайындықтың өзара байланысты алты құрамдас бөлігінен тұрады: дене даярлығы, техникалық, тактикалық, психологиялық, теориялық дайындық және ойын дайындығы.

Қазіргі таңда жас спортшыларды даярлау сапасын арттыру мәселесі аса өзекті болып саналады. Бұған жетудің бірден-бір жолы – спортшылардың дене даярлығын жетілдіру.

Берілген мәселеге қатысты әдебиеттерге, еңбектерге жасалған шолуда жас спортшылардың қозғалыс қабілеттерін кешенді және таңдамалы дамытудың негізгі құралына жататын жас спортшылардың қозғалыс қабілеттерінің жас ерекшеліктері жеткілікті деңгейде анықталмағандығын байқауға болады.

Жас спортшылардың қозғалыс қабілеттерін дамыту әдістемесі мәселесі бала ағзасының жасына қарай құрылыс ерекшеліктері мен қызметтері мәселесімен тығыз байланысты. Жасөспірім және бозбала шағында адам ағзасының құрылысы әлі де қалыптасып болмайтындықтан, дене шынықтыру жаттығулары оң, сондай-ақ теріс әсерін тигізуі мүмкін.

Арнайы зерттеулер мен тәжірибе көрсеткендей, адам өмірінің белгілі бір жастық шағында қозғалыс қабілеттерін дамыту мен шынықтыруға қолайлы жағдайлар болады. Бұл шақтарды әдетте сенситивті немесе сезімдік деп атайды, себебі мұнда белгілі бір қозғалыс қабілетінің күрт дамуы байқалады. Дәл осы шақтарда оларды шынықтырудың аса тиімділігі қамтамасыз етілетіндігі анықталған. Түрлі қозғалыс қабілеттері үшін бұл шақтардың шектері де әртүрлі болып келеді [1].

Жаттықтыру үрдісін ұтымды жоспарлау, жас спортшыларды даярлауда спорттық жаттығудың құралдары мен әдістерін дұрыс пайдалану дамып келе жатқан ағзаның анатомиялық-физиологиялық өзгерістерін ескере отырып қана жүзеге асырыла алады.

Жас спортшыларды даярлау жүйесі биологиялық даму, сондай-ақ адам тұлғасының қалыптасуы орын алатын түрлі жастық шақтарды қамтиды.

Ағзаның түрлі мүшелері мен жүйелерінің күрт өсуі кезеңінде әдетте олардың құрылымдық ажыратылуы үрдісінің баяулауы байқалады. Ағза құрылымдары қалыптасуының гетерохромдылығы түрлі жастық шақтағы ағзаның қызмет ету ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Морфологиялық өсу мен функционалдық даму арасында кері тәуелділік байқалады. Сондықтан күшейген морфологиялық өсу шағы қозғалыс қабілеттерінің баяу дамуы шақтарына сәйкес келеді [2].

Жас спортшылардың қозғалыс қабілеттерін анықтайтын морфологиялық параметрлерге жататындар:

- дененің тұла бойы өлшемдері (бойының ұзындығы, аяқ-қолдың ұзындығы);
- дене салмағы (бұлшықеттік, сүйектік және май компоненттерінің мөлшері);
- орамдық өлшемдер (кеуде қуысының шеңбері, білектің, иықтың, санның, жіліншіктің орама өлшемдері);
- ендік өлшемдер (иықтың, жамбастың ені).

Дене қабілеттерінің даярлығы – бұл мақсаты спортшылардың жоғары деңгейлі дайындығына қол жеткізу болып табылатын ұзақ мерзімді үрдіс.

Дене қабілеттерінің даярлығында орындалатын міндеттер түрлі болып келеді және олардың нақты тұжырымы жас спортшылардың жасына, жынысына, дайындығына байланысты [3].








Спортшылардың дене қабілеттерінің даярлығы жүйесінің жоғары тиімділігінің негізгі шартына жас спортшылардың жеке даму сатысына тән нақты дене қабілетінің жастық жетілуі заңдылығын ескеру жатады.

1-кестеде жас спортшылардың қозғалыс қабілеттерінің шамалы сенситивті (қолайлы) кезеңдері көрсетілген.

Айтарлықтай үлкен кедергі шарттарында байқалатын жылдымдық күшін шұғыл күш деп, ал жоғары бастапқы жылдамдықта салыстырмалы кіші кедергіге қарсы келу шарттарындағы күшті бастапқы күш деп анықтау қалыптасқан [4].

1-кесте.Жас спортшылардың қозғалыс қабілеттерінің шамамен сенситивті (қолайлы) кезеңдері

№	Дене қабілеттері		Жасы								
			9-11	10-11	11-12	12-13	13-14	14-15	15-16	16-17	17-18
1	Күштік										
2	Жылдамдықты-күштік қабілеттер	Қолдың									
		Аяқтың									
3	Жылдамдықты	Жеке қозғалыс жылдамдығы									
		Қозғалыс жиілігі									

		Қозғалыс реакциясының уақыты	
		Орын ауыстыру жылдамдығы	
4	Үйлесімді епттілік	Қарапайым үйлесімділік	
		Күрделі үйлесімділік	
		Қозғалыс дәлдігі	
5		Төзімділік	
6		Икемділік	

Оқушының денсаулығы көрсеткішінің бірі болып табылатын дене қабілеттерін бағалауда антропометриялық зерттеулер қолданылады.

Адамның дене қабілеттерінің даму деңгейін бағалау үшін бой ұзындығын, дене салмағын, көкірек қуысының шеңберін өлшейді.

Бойдың ұзындығы бойды өлшегіш көмегімен анықталады. Тексерілуші аяқ киімсіз шкалаға оған үш нүктеде жанасатындай (өкше, құйымшақ тұсы, жауырынаралық тұсы) арқасын қойып, бойды өлшегішке тұруы қажет. бойды өлшегіштің қозғалмалы бағанын басқа тигізіп, оныншы үлеске дейінгі дәлдікте сантиметрмен бойдың ұзындығын анықтайды.

Дене салмағын электронды таразы көмегімен өлшейді.

Кеуде қуысының шеңберін сантиметрлік таспа көмегімен анықтайды, оны арқадан жауырынның төменгі бұрышының астынан, алда кеуде бөлігінің деңгейінде тарта отырып өлшеу жүргізеді.

Содан кейін отырған қалпында оқушылардың тамырының соғуы (соққы/мин), электронды танометр көмегімен артериалды қысым өлшенеді. 30 рет отырып-тұрғаннан кейін оқушылардың қалпына келудің бірінші минутының алғашқы 15 с-ғы (Р2) және соңғы 15 с-ғы (Р3) тамырының соғуы анықталды [5].

Осы қарапайым және қолжетімді зерттеулер көмегімен Кетле индексі (КИ) анықталады. Бұл индекс ағзаның массалық-өсу сәйкестігін көрсетеді. Кетле индексі төмендегі формуламен анықталады:

ИК = дене салмағы (кг) / бой ұзындығы ($м^2$).

Зерттеу 2019 жылғы 21 қаңтардан 2 наурызға дейінгі аралықта Талдықорған қаласындағы Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы № 18 мектеп-лицейінде жүргізілді. Зерттеуге 6-7 сыныптың оқушылары қатысты. Сыныптардағы оқушылардың жастары түрлі болғандықтан, зерттеу нәтижелерін бағалау жас бойынша жүзеге асырылды. Сынақтан өткен оқушылардың жасы 12-ден 14 жасқа дейін болды. Зерттеуге барлығы 36 оқушы қатысты, оның 18 – ұлдар, 18 – қыздар (2-кесте).

Қозғалыс қабілеттерінің дамуын анықтау жалпы антропометриялық және физиометриялық әдістермен жүргізілді, бұл мақсатпен келесі көрсеткіштер қолданылды: бой ұзындығы, дене салмағы, көкірек қуысының шеңбері. Стандарттар және регрессия шкаласы бойынша бес бағалаудың бес деңгейі көрсетіледі: орташа, орташадан төмен, төмен, орташадан жоғары және жоғары дене дамуы.

2-кесте. Оқушылардың жынысы мен жасы бойынша бөлінуі

Жынысы	**Жасы**		
	12	13	14
Ұлдар	5	10	3
Қыздар	8	8	2
барлығы	13	18	5

Антропометриялық өлшеулер оқушылардың дене дамуы ерекшеліктерін сипаттайтын мәліметтерді алуға мүмкіндік берді (3, 4-кестелер).

3-кесте. Ұлдардың дене дамуының көрсеткіштері (12-14 жас), %

Жасы	**төмен**	**орташадан төмен**	**орташа**	**орташадан жоғары**	**жоғары**
12	20 %	-	-	40 %	40 %
13	-	-	30 %	20 %	50 %
14	-	-	33,4 %	-	66,6 %

12 жасар ұлдардың 40 %-ның дене дамуы жоғары, осы топтағы оқушылардың 40 % орташадан жоғары, 20 % төмен дене дамуын көрсетті. 13 жаста ұлдардың 30 %-ның дене дамуы орташаға сәйкес дене дамуын, 50 % жоғары, 20 % орташадан жоғары дене дамуын көрсетті. 14 жасар оқушылардан орташа дене дамуын 33,4 % көрсетті, ұлдардың 66,6 % жоғары дене дамуына ие.

4-кесте. Қыздардың дене дамуының көрсеткіштері (12-14 жас), %

Жасы	**төмен**	**орташадан төмен**	**орташа**	**орташадан жоғары**	**жоғары**
12	25 %	25 %	37,5 %	-	12,5 %
13	-	-	37,5 %	-	62,5 %
14	-	50 %	-	-	50 %

Кетле массалық-бой ұзындығы көрсеткішін бағалауда 5, 6-кестелерде келтірілген нәтижелер алынды.

5-кесте. Ұлдардың массалық-бой ұзындығы көрсеткіштерінің (Кетле индексі) мәндері (12-14 жас)

Жасы	Дене салмағының жеткіліксіздігі	Үйлесімді (-)	Үйлесімді	Үйлесімді (+)	Толық	Жалпы саны
12	-	2	1	2	-	5
13	3	1	3	1	2	10
14	-	1	1	-	1	3
Жалпы саны	3	4	5	3	3	18
Жалпы %	16,7	16,7	22,2	27,7	16,7	100

Кетле индексін талдау мәліметтері бойынша ұлдардың 22,2 %-ның дене құрылымы үйлесімді, 44,4 %-ында бойдың ұзындығы мен дене салмағының сәл сәйкессіздігі байқалады. Ұлдардың шамамен 16,7 %-да дене салмағының жеткіліксіздігі анықталды, бұл бұлшықеттік жүйенің әлсіз дамуымен байланысты. Шамамен 16,7 %-ында дене құрылымының толықтығы байқалады.

6-кесте. Қыздардың массалық-бой ұзындығы көрсеткіштерінің (Кетле индексі) мәндері (12-14 жас)

Жасы	Дене салмағының жеткіліксіздігі	Үйлесімді (-)	Үйлесімді	Үйлесімді (+)	Толық	Жалпы саны
12	1	4	1	1	1	8
13	1	2	2	-	3	8
14	1	-	-	1	-	2
Жалпы саны	3	6	3	2	3	16
Жалпы %	16,6	33,3	16,6	11,1	16,6	100

Массалық-бой ұзындығы индексінің алынған мәліметтерін талдау нәтижесінде дене құрылымының үйлесімді дамуы қыздардың 16,6 %-ында байқалды, 44,4 % қыздарда бой ұзындығы мен дене салмағының сәл сәйкестігі анықталды. Дене салмағының жетіспеушілігі қыздардың 16,6 %-ында байқалады. Бұл дұрыс тамақтанбаудан немесе бұлшықеттердің әлсіз дамуынан орын алуы мүмкін. Тексерілген қыздардың 16,6 %-ында дене құрылымының толықтығы анықталды.

Оқушылардың қозғалыс қабілеттерінің даму деңгейін анықтау мақсатымен келесі сынақтар жүргізілді:

1. Орыннан ұзындыққа секіру;
2. Нығыздалған допты лақтыру;
3. Шалқалап жатып 30 с-та кеудені көтеру;
4. 30 м-ге жүгіру;
5. Жоғары секіру;
6. Қайталамалы жүгіру.

Зерттеуге қатысқан оқушылар бақылау тобы мен тәжірибелік топқа бөлінді.

Сынақ көрсеткіштерін өңдеуде математикалық статистика әдістері қолданылды.

Зерттеу басында жүргізілген сынақтар нәтижесінде 7-кестеде келтірілген көрсеткіштер анықталды.

7-кесте. Зерттеу басында алынған оқушылардың қозғалыс қабілеттерінің бастапқы көрсеткіштері

Сынақ атауы	**Бақылау тобы**	**Тәжірибелік топ**
Орыннан ұзындыққа секіру	177,31±1,76	177,5±1,52
Нығыздалған допты лақтыру	8,06±0,4	7,88±0,5
Шалқалап жатып 30 с-та кеудені көтеру	40,2±06	39,9±0,4
30 м-ге жүгіру	5,82±0,04	5,76±0,02
Жоғары секіру	43,43±0,52	43,18±0,28
Қайталамалы жүгіру	10,1±0,4	10,2±0,6

Осылайша, зерттеу басында бақылау және тәжірибелік топтың қозғалыс қабілеттерінде айтарлықтай айырмашылықтар байқалмады.


Зерттеу барысында бақылау тобы мектептің сәйкес оқу бағдарламасы бойынша оқытылды, ал тәжірибелік топ оған қосымша қозғалыс қабілеттерін дамытуға арналған әдістеме жаттығуларын орындады.

8-кестеде зерттеу аяғындағы оқушылардың қозғалыс қабілеттерін сынаудың көрсеткіштері келтірілген.

8-кесте. Зерттеу аяғында алынған оқушылардың қозғалыс қабілеттерінің көрсеткіштері

Сынақ атауы	**Бақылау тобы**	**Тәжірибелік топ**
Орыннан ұзындыққа секіру	179,81±1,7	183,5±1,2
Нығыздалған допты лақтыру	9,44±0,4	11,44±0,8
Шалқалап жатып 30 с-та кеудені көтеру	43,4±0,8	46,6±0,6
30 м-ге жүгіру	5,42±0,13	5,32±0,14
Жоғары секіру	44,43±0,4	45,63±0,5
Қайталамалы жүгіру	9,6±0,4	9,2±0,6

1-суретте зерттеу аяғындағы бақылау және тәжірибелік топтардың нәтижелерін салыстыру келтірілген.



1-сурет. Бақылау және тәжірибелік топтардағы оқушылардың қозғалыс қабілеттерін сынау нәтижелерін салыстыру

Осылайша, тәжірибелік топта қолданылған қозғалыс қабілеттерін шынықтыруға арналған арнайы жаттығулар, оқушылардың дене дамуы деңгейін жақсартуға мүмкіндік берді. Дене шынықтыру сабақтарында жаттықтыру жүктемесін әр кезде жоғары деңгейде сақтап тұру мүмкін болмайды. Ол жүгіруді үйреткенде артып, лақтыруды шынықтыруда төмендейді. Қозғалыс қабілеттерін арттыруда қолданылатын жаттығулардың үлкен санында және үздіксіз қайталауда жүктеме шамасы айтарлықтай жоғары деңгейге көтеріледі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ашмарин Б.А. Теория и методика физического воспитания. М.: Просвещение, 1990. - 287 б.

2. Быстров В.М. Исследование возрастных изменений и методики развития скоростно-силовых качеств у лиц женского пола в процессе онтогенезе: Автореф. дисс. канд. пед. наук. М., 1973. - 28 б.

3. Курамшин Ю.Ф. Теория и методика физической культуры. М.: Советский спорт, 2004. - 464 б.

4. Фомин Е.В. Возрастные особенности физического развития и физической подготовки юных волейболистов. М.: ВФВ, 2014. - 127 б.

5. Синяева З.К. Методические рекомендации для оценки физического развития школьников. Улан-Удэ, 1995. - 186 б.

ӘОЖ 81

СИНОНИМДЕРДІҢ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ
(Сайын Мұратбеков шығармалары негізінде)

Дармишева Н.Е., Мырзалы Т.А. студент,
Сарбасова Қ.Б. ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент)
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

E-mail: *t.myrzaly@mail.ru*

Мақалада синонимдердің стильдік қызметі, шығармалардағы синонимдердің ой толықтыру қызметінде жұмсалатындығы Сайын Мұратбеков шығармалары негізінде сипатталады сонымен қатар қолданылған синонимдер, контекстік синонимдер, қосарланып келген синонимдер деген үлкен үш топқа бөліп қарастырылады.

Тірек сөздер: *синонимдер, контекстік синонимдер, ой толықтыру қызметіндегі синонимдер.*

В статье на примере произведений Сайына Муратбекова рассматриваются стилистические функции синонимов, и специфика их употребления в качестве дополнения к мысли, также синонимы сгруппированы по следующим категориям: контекстовые синонимы, сдвоенные синонимы.

Ключевые слова: *синонимы, контекстовые синонимы, синонимы с функцией мыследополнения, сдвоенные синонимы.*

The article examines the stylistic functions of synonyms by the example of the works of Sayin Muratbekov, and the specificity of their use as an addition to the thought, also synonyms are grouped into the following categories: context synonyms, dual synonyms.

Key words: *synonyms, context synonyms, synonyms with the function of our complement, dual synonyms.*

Тіліміздегі синонимдер – тіл орамдылығының белгісі. Жазушы шеберлігінің бір қыры синонимдерді қаншалықты және қалай қолданылуымен байланысты болмақ. Автор тілінде синонимдер неғұрлым көп болса, оның тілі – соғұрлым икемді әрі көркем. Синоним құбылысы– етістіктерге тән құбылыс. Синонимдес етістіктердің стильдік сипатын әдебиетімізге алпысыншы жылдардың басында келген Сайын Мұратбеков шығармалары, атап айтқанда, «Жабайы алма» повесі арқылы көрсетуге болады. «С.Мұратбековтің алғашқы әңгімелерінен бастап, бүгінгі жазғандарына дейін үміт отындай маздап үзілмей келе жатқан жібек орамалдың жаңа жайлы желпігініне ұқсас жылы бір нәрсе бар. Бәлкім, Сайын әңгімелерінің сыры да, сыны да осында шығар. Ол жазушы товорчествосындағы таңғы шықтай таза да мөлтілдеген сезім шынайылығы, осыдан келіп туындайтын табиғилықтың адам жанының нәзік пернелерін тап басуы дер едік. Былайша айтқанда, Сайын әңгімелеріндеге психологиялық лиризм, яғни қобыздың қоңыр үніндегі жаңа жайлы лирикалық сыршылдық, психологиялық тереңдік көңілге еріксіз қонақтап қалып отырады [1,5]. Жазушының жалпы шығармашылығы жайлы айтылған пікірмен келісе отырып, сол сыршылдық, лирикалық тартысты сезіндіріп тұрған – сөз, сөз құдіреті, сөзді шынайы құбылта қолдана білген қаламгер шеберлігі дер едік.

Синонимдес етістіктер шығармадағы авторлық баяндау тілінде (әңгімелеу, суреттеу, сипаттау, ойталқы) кейіпкер тілінде де жиі ұшырасады. Синоним сөздердің қолданылу тәсілінің барлығы да жазушы мақсатына байланысты көрініс табады. Синоним сөздер, біріншіден, сөзді қайталап қолданбау; екіншіден, ойдың толық, жан-жақты жеткізілуі; үшіншіден, үдемелі екпін, ырғақ үшін қолданылады. «Жабайы алмадағы» Көкем әскерге кетісімен апама *қолғабыс еттім,* төрт ұсақ баламен әжемді асырауға *жәрдем етем* деп үйде қалды [2,19]. Балалық шақтан, әсіресе,

мықтап жадымда қалғаны: көктемге қарайғы апам мен Нәзира әпкемнің жұмыстан *шаршап, титықтап* қайтқан кейіптері [2,20]. Небір жүрген – құрық тимеген құр асауларға тақымы тиді-ақ болды, жалына *мысықша жабысады* да, *тастай қатып айырылмайды* [2,29] деген сөйлемдерді алайық. Бірінші сөйлемдегі мәндес етістіктер сөзді екі қайталамау мақсатында, екіншіде ойды толық жеткізу мақсатында, ал соңғыда үдетпе, үдемелі қимыл – әрекетті көрсету мақсатында жұмсалған, яғни синонимдерді қолдану заңдылығы сақталған. С.Мұратбеков синоним етістіктерді неше алуан стильдік реңкте жұмсайды: қадір тұту, сыйластық; салтанат құру; дөрекілік мәнде; кекесін, мысқыл; менсінбеушілік, кеміту мәніндегі реңктер. Бұл сипаттар жазушы шығармаларында анық байқалады.

Академик М.Серғалиев: «Прозаик, ақын иә сыншы болсын қай-қайсысы да жалпы халықтық тілді пайдаланатыны баршаға мәлім. Солай бола тұра, жеке таланттың тілі деген ұғымды қолданатынымыз да белгілі. Сол шарттылықтың өзінде шындық барын тағы ескермеске болмайды, өйткені көпшілікке етене таныс сөздерді жаңа қырымен соны бояуымен өзгеше өңімен жұмсай білушілік – жазушы талантын танытатын құбылыс. Әр қаламгердің сөйлем құру даралығы да осыны дәлелдейді», - деп, ой түйіндейді. [3, 58] Шынымен де, авторлық баяндауда әр жазушының не болмаса ақынның өзіне тән, қайталанбас ерекшеліктері байқалады. Оларды әдеби тұлғаның шығармаларын тілдің әр саласы бойынша талдау жүргізу арқылы, түрлі әдістермен зерттеу арқылы анықтауыңыз мүмкін.

Тілімізді байытатын, сөздік қорымызды молайтып, тереңдете түсетін мағыналы сөздердің бірі – синонимдер. С.Мұратбеков шығармаларында синонимдердің контекст ішінде бірінен соң бірі қатар келуі, белгілі ойды толықтыра түсу үшін, нақтылап дәлелдей беру үшін қолданылғандығы анықталды. Зерттеуші М.Б.Нұрғалиева: «Лексикалық синонимдер жазушы стилінде ұғым-түсініктің атауын нақтылау үшін қолданылады», - дейді. [14, 11]

Жазушының шығармаларындағы мағынаны толықтырушы, қатар жұмсалатын синонимдерді былайша жіктеп көрсетуге болады:

Қимыл-сынды білдіретін мағынаны толықтырушы синонимдік қатарлар. *Мысалы:*

- *Жақындап келсек-ақ үңгір түбінен тістері* ***сақылдап, ырылдап****, зәре-құтымызды ұшырады (Жабайы алма).*
- *Күзге қарай алып алма ағаштың ақ алмасы* ***сарғылданып, уылжып*** *пісе бастады (Жабайы алма).*
- *Сенің жұмыстан* ***қалжырап, шаршап*** *қайтқан кезің, я жайнаңдаған қуанышты шағың менің көз алдымда болушы еді (Жеңеше)*
- *Бұрын қала жайын қайта-қайта сұрап,* ***таңырқап, қызыға*** *тыңдайтын қарындасым бұл жолы менің жаңалықтарыма да құмартқан жоқ (Менің қарындасым).*
- *Ертеңіне түсте қарындасым мектептен* ***тұнжырап, өте көңілсіз*** *қайтты (Менің қарындасым).*
- *Егер әкем мен шешем басқа бір жағдайда дәл осылайша сөйлеген болса, мен ол кісілерді* ***кінәлап, сөгіп*** *тастаған болар едім (Райгүл).*
- *Мұның* ***қынжылғанын, қиналғанын*** *сезген сайын қыбы қанып жататын сияқты (Қылау).*
- *Бір түрлі көңілі* ***жабырқап, құлазып*** *кетті (Қылау).*
- *Онан соң ышқына ұлып долданып, жер-көкті астын-үстіне сапырып, жұлып жеп, жын қаққандай* ***құтырынып, еліріп*** *боран соқты (Үскірік).*
- *Мұнан* ***именіп, тартынып*** *жатқан Дауылбай да жоқ (Қызғаныш).*
- *Күйеуін де, әйелдерді де өлердей* ***жек көретін, жиренетін****. (Қызғаныш)*
- *Аяқтары* ***шалынысып, жығыла жаздап*** *барып, бөгде әйелге сүйеніп қана қалды. (Ата)*

Қарап отырсақ, жоғарыдағы сөйлемдерден *сақылдау, ырылдау; сарғылдану, уылжу; қалжырау, шаршау; таңырқау, қызығу; тұнжырау, көңілсіздену; кінәлау, сөгу; қынжылу, қиналу; жабырқау, құлазу; еліру, құтырыну; имену, тартыну; жек көру, жирену; шалыну, жығылу* сияқты сын-қимылды білдіретін синонимдік қатарларды даралап көсетуге болады. Бұл қатарлар сөйлемдегі жазушы ойын нақтылай түсу, синонимдік қатар түзу арқылы шығарманың сөз байлығын танытуда маңызды стильдік қызмет атқарып тұр.

Сынды білдіретін мағынаны толықтырушы синонимдік қатарлар. *Мысалы:*

- *Онда естеріңде болсын, құмайы болатын күшік өте **нәзік, әлсіз** боп туатын көрінеді (Жабайы алма).*
- *Мен оған: «**оқыған, білімді** жақсы жігітсің, ал қалыңдықты әке-шешеңе іздетуге ұялсаң етті» - деп айтуға оқталдым да, ретін таппадым.*
- *Кенет оған жұрттың бәрі мұның сол **ездігін, пасықтығын** білетін сияқты, сыртынан мазақ етіп жиренішпен күлетіндей боп көрінеді (Үскірік).*
- *Қарындасымның осы сәттегі маған бір түрлі **жат, оғаш** мінез көрсеткенін ұнатқан жоқпын (Менің қарындасым).*
- *Тіпті біржола құртпағанның өзінде, **шала жансар, жарымжан** етеді, ол сөзсіз (Үскірік).*
- *Ол кісі көңілді сәттерінде студенттермен еркін әзілдесетін **ақ жарқын, ашық мінезді** адам болатын (Райгүл).*
- *Бұлардікі **шын, нағыз** махаббат қой,-деп ойлады ол, - біздікі немене, баланың ойыны сияқты (Өлең).*
- *Кешкісін клубқа келесің бе?-деп сұрады сыбырлап қана. Дариға **әдемі, маржандай** жарқыраған сирек тістерін көрсетіп құлана күлді де, басын изеді... (Өлең).*
- *Төсегіміз **жайлы, жұмсақ** еді (Жанболат).*

Жазушы шығармаларынан терілген мысалдардан заттың немесе құбылыстың сынын анықтап тұрған абстрактілі ұғымдардың сөйлемдегі негізгі ойды нақтылап, толықтыру үшін синонимдік қатар түзе қолданылғандығын көре аламыз. *Нәзік, әлсіз; қасақана, әдейі; оқыған, білімді; ез, пасық; жат, оғаш; шала жансар, жарымжан; ақ жарқын, ашық; шын, нағыз; әдемі, маржандай;жайлы, жұмсақ* сынды мағыналық топтар жазушы шығармаларындағы **ойды толықтырушы** синонимдердің тағы бір тобын айқындауға негіз болып отыр.

Заттық мағынаны білдіретін ойды толықтырушы синонимдік қатарлар. *Мысалы:*

- *Жүзінде**: қуаныш, күлкі,** өмірге деген еркелік, масайрау ғана бар (Үскірік).*
- *Дұшпанның қаншама әскерін, соғыс **құралдарын, техникасын** жойған көрінеді (Жабайы алма).*
- *Бірақ от жалыны шарпып жасқа толған **көзі, жанары** сөнген су қараңғы соқырдай ежірейген де қалған (Жанболат).*
- *Махаббаттың **бал-шырынын сусыны** қанып жұта алмағанын, **өкініші**, **өксігі** көп ішқұсалықтан өртенгенін араламасқа кеткен жастық шағын егіле тұрып еске алады (Жеңеше).*
- *Ата-ана үкіміне мойынсұнуды өзінің бас тартпас парызы деп білген жас қыз **махаббат, сүйіспеншілік** дегеннің не екенін білместен-ақ қосқан еркекке әйел болып кете барған (Қызғаныш).*

Байқап отырғанымыздай, С.Мұратбеков шығармаларындағы ойды толықтырушы синонимдердің бұл тобында (заттық мағынадағы) фактілер аса көп емес, десек те олардың кездесіп тұратындығы және тіліміздегі синонимдер қатарын толықтыруда өз міндетін атқарып отырғандығы көрініп тұр. Олар: ***қуаныш, күлкі; құрал, техника; көз, жанар; өксік, өкініш; махаббат, сүйіспеншілік.***

Тұрақты сөз тіркестері, еркін сөз тіркестері арқылы жасалған ойды толықтырушы синонимдік қатарлар. *Мысалы:*

- ***Саулығын сұрап, халін білуге** келетіндер көп (Үскірік).*
- ***Баягыдан, бала күдерінен** осындай емес пе?.. (Үскірік).*
- *Онан соң ышқына ұлып долданып, жер-көкті астын-үстіне сапырып, **жұлып жеп, жын қаққандай құтырынып, еліріп** боран соқты (Үскірік).*
- *Бибімен екеуі **қол алысып көрісіп, амандық-саулық айтты** (Күзгі бұралаң жол).*

Жоғарыдағы сөйлемдерден көріп отырғанымыздай, жазушы сөздерді тіркестіру арқылы ойды толықтыру мақсатында синонимдік қатарлар түзе білген. Мәселен, «*Саулығын сұрап, халін білуге келетіндер көп»* деген сөйлемде *саулығын сұрау, халін білу* деген екі тіркес

синонимдер. Бірақ жазушы бұл сөйлемді тек қана «саулығын сұрап келетіндер көп» немесе «халін біліп келетіндер көп» деп жазса да болар еді, дегенмен «*Саулығын сұрап, халін білуге келетіндер көп»* деген жазушының сөйлемінде синонимдік тіркестің қолданылуы арқылы сөйлемдегі ой толығып, нақтыланып отырғандығын тағы байқаймыз. Сондай-ақ, *«Баяғыдан, бала күдерінен осындай емес пе?..»* деген сөйлемде *баяғыдан, бала күндерден* синонимдік қатарды қарастырып көрелік. Сөз бен сөз тіркесінен жасалған мағыналық қатар, бірақ жазушы сөйлемінен тыс, жеке қарастырар болсақ бұларды синоним деп қарауға да болмайды, сияқты болып көрінгенімен, жазушының стилдік шеберлігінің арқасында бұл сөйлемде «баяғы» сөзінің синонимі «бұрынғы» емес, «бала күнгі» тіркесі, ал «бала күн» тіркесінің синонимі «балалық шақ» емес, «баяғы» сөзі болып тұр. Себебі, әрбір адамның балалық шағы – өткені, бұрынғысы, баяғыда болған өмірінің кезеңі, сондықтан да жазушының өз қолданысына тән осы сөз бен сөз тіркесін (*баяғыдан, бала күндерден)* контекстік синонимдік қатар деп атаймыз.

Келесі, *«Онан соң ышқына ұлып долданып, жер-көкті астын-үстіне сапырып, жұлып жеп, жын қаққандай құтырынып, еліріп боран соқты»* сөйлемінде *жұлып жеу, жын қаққандай құтырыну* тұрақты тіркестері *еліру* сөзімен синонимдік қатар түзіп тұр. Адамның эмоциялық белгілерінің мағынасын сатылай беріп отыр. Мәселен, *жұлып жеу* тұрақты тіркесі ешкімге дес бермей, берсе қоынан, бермесе жолынан алатын адамдардың сипатын ашатын болса, *жын қаққандай құтырыну* тіркесі ақылынан алжасып, жүйке жүйесінде ауытқушылық болған жағдайда айтылады, ал *еліру* сөзі осы синонимдік қатардың соңғы сатысы қызметін атқарып тұр, яғни қызбалану, даурығу деген мағынаны білдіреді.

Міне, көріп отырғанымыздай, адамның эмоциясына қатысты айтылған тұрақты тіркестер мен жеке сөзден жасалған синонимдік қатардың мағыналық сатысын осылай анықтауға болады.

Сонымен, С.Мұратбеков шығармаларындағы синонимдердің сөйлемдегі (контекстегі) **ойды толықтыру** қызметін атқарып тұрған тобына – сын-қимылды білдіретін, сындық мағынадағы, заттық мағынадағы және тұрақты және еркін тіркестер қатысу арқылы жасалған синонимдік қатарларды жатқызамыз.

Синонимдік қатарларды шығарма ішіндегі бір сөйлемде қатар келтіріп қолдануы жазушының шеберлігін көрсетеді. С.Мұратбеков, көбінесе, әңгіме-повестерінде синонимдерді қос сөз ретінде келтіре отырып, сипаттайын деген құбылысының сан қырларын аша түседі. Сонымен қатар, жазушы шығармаларындағы синонимдер контекстік болып та келеді. Мысалы:

- *Қарақаншық жайында балалардың арасында рас-өтірігі аралас толып жатқан **аңыз-әңгімелер** де бар (Жабайы алма).*
- *Кешке қарай өрістен қайтқан малмен бірге алма толы бір-бір **дорба-қоржындарымызды** арқалап, біз де ауылға бет алатынбыз (Жабайы алма).*
- *Махаббаттың* бал-шырынын сусынын *қанып жұта алмағанын, өкініші, өксігі көп ішқұсалықтан өртенгенін араламасқа кеткен жастық шағын егіле тұрып еске алады (Жеңеше)*
- *Киіз үйдің **саңылау-тесіктерінен** жарық көрді дегенше, ол төсекте жата алмайды (Күсен-Күсеке).*
- *Біресе отын шауып әкеледі, біресе қораның **жыртық-тесігін** жөндейді, енді бүгін тындырдым, ертең жүрем деген күні аты тышқақ боп ауырып қалады (Күсен-Күсеке)*
- *Қамар жеңгейдің қоңыржай дауысы «әу» деп басталғаннан-ақ сол «ауыр» әуен еш **қысылып-қымтырылмай, іркіліссіз** кербең созылып, ырғақтала жөнеледі (Жеңеше)*
- *Мақсұт қарт әуелде **қабағы салбырап** ештеңкені **жақтырмай, бырыс-тырыс** боп отырды (Жеңеше)*
- ***Деніңіз сау, күйлі-қуаттысыз** ба?-деп амандасқан болатын (Жабайы алма)*
- ***Ауыл-аймақтың, ағайын-туғанның** амандығын сұрар деп Бекең жауап беруге оңтайланғанымен баласының әлпеті олай болмады (Ата).*

Кез келген ақын-жазушының шығармашылығын зерттеуші тілшілердің әр автордың өзіне тән, белгілі бір шығарма контексінде ғана кездесуі мүмкін мағыналық топтар болуы мүмкін. Жоғарыда атап өткеніміздей, С.Мұратбеков шығармаларында да **контекстік синонимдер** кездеседі. Нақты мысалдармен көрсетер болсақ:

- *Ертелі-кеш **аузынан «Алласын» тастамайды**. Әжеміз **діншіл** адам (Жабайы алма).*
- ***Жылайды**, күйеуінің, баласының аттарын атап аттандап **дауыс салады** (Жабайы алма).*
- *Менің **өне бойым қалтырап, зәрем ұшып** кеттібіз қыстайтын жерде қыстың қақаған аязында буы бұрқырап, көмейіне күлкі тығылғандай бүлк-бүлк етіп **қайнап** жатқан мөлдір бұлақ бар (Жабайы алма).*
- *Жайшылықта төңіректегі **тіршіліктен бөлініп**, жан түкпіріндегі **қиялға шомып**, өзімен-өзі боп **бейғам** отырады (Жеңеше).*
- *Мен болсам ерлі-зайыптылардың өзара келісе алмай отырған кезіне тап болдым ба деп **ыңғайсызданып**, босаға жақтан әрі өте алмай **қиналып** қалдым (Жанболат).*

Сөздер сөйлеу үстінде, сөйлем ішінде, контекстік қолданылу жүйесіне қарай әдеттегіден тыс басқадай ерекше үстеме мағына жамап алуы ықтимал. Адам баласының өзіне тән жағымды-жағымсыз қылықтарын бір-біріне ауыстырып айту арқылы сан қилы экспрессивті-эмоциялы мән тудырған. Бара-бара сол мағыналар әбден қалыптасып, сөздің контекстік мағыналарына айналған. Сөздің лексикалық мағыналарының бәрі де сөздіктен белгілі дәрежеде орын алады. Әуелі сөздің тура (еркін) мағынасы, онан соң оның туынды (қосымша) мағыналары келеді. Контекстік синоним тудыруда да осындай жағдайлар кездесуі мүмкін. Жоғарыда келтірілген *«Ертелі-кеш аузынан «Алласын» тастамайды. Әжеміз діншіл адам»* сөйлемдеріндегі «аузынан Алласын тастамау» тіркесі және «діншіл» сөзі контекстік синоним.Таратып айтар болсақ, қазақ тілінде аузынан тастамамайды деген тұрақты сөз тіркесі үнемі айтады да жүреді, әрдайым есіне алып отырады[5, 66] деген мағынаны береді. Демек осы фразеологияның түпкі семасы негізінде *«аузынан Алласын тастамау»* тіркесі үнемі Алланың есімін атап жүретін, Алланың жолымен жүретін, дінді ұстанатын деген мағынаға саяды деген сөз. Олай болса, осы тіркестің *діншіл* сөзімен контекстік синоним жасап тұрғаны еш күмән тудырмаса керек.

Келесі *«Жылайды, күйеуінің, баласының аттарын атап аттандап дауыс салады»* сөйлеміндегі контекстік синонимге ретінде таңдалып отырған бірліктер: жылайды, аттандап дуыс салады. Бұл жердегі *жылау* сөзінің мағынасы түсінікті, айқын. Ал *аттандап дауыс салу* тіркесінің мағынасы қалайша жылау сөзімен жуықтас болып тұрғанын былайша таратып көрсек: аттандап дауыс салуды аттан салу фразеологизмінен негіз алып отырған тіркес деп білеміз. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде **аттан салу** тұрақты тіркесі **«ұран салу»** деген мағынаны білдіреді. Былай қарағанда **ұран салу** тіркесі мен **жылау** сөзінің мағына жуықтығы еш байқалмайды, ал түпкі семасын таратып келгенде ұран салудың басты белгісі - дауысты жоғарылату, қатты дауыспен сөйлеу. Осы жерде адам физиологиясына тән жылаудың да кейбір жағдайларда дауыстың артуымен, жоғары болуымен ерекшеленетіні тағы бар. Содан барып жазушы өз шығармасында контекстік синонимді ұтымды пайдаланып, ***аттандап дауыс салу*** тіркесі мен ***жылау*** сөзін келтіріп отыр деп ойлаймыз.

Контекстік синоним ретінде С.Мұратбеков шығармаларынан көптеген мысалдар көрсетіп өтуге толық мүмкіндік бар.

Зәресі ұшты (қатты қорықты, жүрегі ұшты, үрейі қашты, көзі тас төбесіне қашты), ***қалш-қалш етті*** (қалтырап діріледі, дір-дір етті), ***өне бойықалтырау*** (бүкіл бой-тәні, күллі, тұтас денесі) [5, 434, 74, 56]деген тұрақты сөз тіркестерін жазушының қолдануын контекстік фразеологиялық синоним деп атап отырмыз, оларды осы сөйлем ішінде ғана жуық мағынаға ие болап отыр деп пайымдаймыз. Себебі, *«менің **өне бойым қалтырап, зәрем ұшып** кетті»* деген сөйлемдегі фразеологизмдерден ортақ, жуық мағына ретінде қатты қорқу, бүкіл денесі дірілдеу деген түсінік туындайды. Демек, осындай эмоциялық-экспрессиялық ерекшелікті ескере отыра, бұларды контекстік фраеолгиялық синоним деп атай аламыз.

Бұдан басқа *«жайшылықта төңіректегі **тіршіліктен бөлініп**, жан түкпіріндегі **қиялға шомып**, өзімен-өзі боп **бейғам** отырады»* сөйлемінен мынадай контекстік синонимдік қатарды ерекшелеп көрсетуге болады:

тіршіліктен бөліну →қиялға шому → бейғам

лексикалық бірлік → фразеологиялық бірлік → лексикалық бірлік

Тіршіліктен бөліну тіркесі жалпы айналада болып жатқан өзгерістер, өмір ағысынан тыс қалу, жекелену дегенді білдіреді. Ал *қиялға шому* – тұрақты тіркес, беретін мағынасы: ойға түсті [5, 339].Үшінші бірлік - *бейғам* сөзінің мағынасы айқын, адамдардың еш нәрсеге қатыссыз, уайымсыз күйін сипаттайтын бірлік. Осы үш бірлікті жазушы бір ойдың, жуық мағынаның ұшына ойыстырып әкеліп, өз бетімен, еш ойсыз адамның сипатын көрсетіп отыр.

Сонымен, С.Мұратбеков шығармаларындағы синонимдердің стильдік қызметін сөйлемдегі ойды толықтыру үшін қатар қолданылған синонимдер, контекстік синонимдер, қосарланып келген синонимдер деген үлкен үш топқа бөліп қарастырдық. Соның ішінде сөйлемдегі ойды толықтыру қызметін атқарушы синонимдердің өзін іштей төрт топта қарастырдық. Олар: қимыл-сынды білдіретін мағынаны толықтырушы синонимдік қатарлар, сындық мағынадағы ойды толықтырушы синонимдік қатарлар, заттық мағынадағы ойды толықтырушы синонимдік қатарлар, тұрақты сөз тіркестері, еркін сөз тіркестері арқылы жасалған ойды толықтырушы синонимдік қатарлар. Синонимдермен тығыз байланысты әрі көркем әдебиет стиліне бірдей әсері бар семантикалық категория-қазақ тіліндегі антонимия құбылысы. Қазақ тілінде антонимдердің түрлері, әрине, тілдік фактілермен сараланған. Дегенмен де шығарма мәтіндерінде антонимдердің талдануы, біздіңше, тілдік қағидалармен көбірек байланыстырылған. Мәселен, антоним сөздің қай тілдік қабаттан орын алуы, грамматикалық тұлғасы, қарастырылуымен бірге, антонимдер қарама-қарсы тілдік тұлғалар ретінде психолингвистикалық, логикалық жақтардан топтастырылуы кейінгі кезде тіл білімі зерттеулерінен орын алады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Әшімбаев С. Шағын жанр түрі // Кітапта: Мұратбеков С. Жабайы алма. – Алматы: Жазушы, 1981. – 7бет

2. Мұратбеков С. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1981. – 124 бет

3. Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. Алматы, 1995. – 172 бет

4. Нұрғалиева М.Б. Тарихи романдағы лексикалық синонимдер. // филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферати. Астана, 2004. – 25 бет

5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі // жалпы редакциясын басқарған Жанұзаұов Т. – Алматы: Драйк-пресс, 2008. – 968 бет

ӘОЖ 336.6

АГРАРЛЫҚ СЕКТОРДЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛДАУДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІН ТАЛДАУ

Даулиева Ғ.Р.-э.ғ.к., доцент, **Құмарова С.К.**-магистрант,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Ауылшаруашылығы секторы ел экономикасында ерекше маңызға ие. Бұл қоғамның өмірін қамтамасыз ету үшін жағдайларды анықтайтын негізгі ұлттық экономикалық кешендердің бірі. Оның құндылығы халықтың азық-түлікке деген сұранысын қанағаттандыруда ғана емес, халықтың жұмыспен қамтылуына және бүкілұлттық өндірістің тиімділігіне айтарлықтай әсер етеді. Аграрлық секторда одан әрі тұрақтандыру негізінен қаржылық қолдау деңгейіне байланысты. Мақалада дамыған нарықтық экономикасы бар елдерде қалыптасқан аграрлық сектор кәсіпорындарын қаржыландырудың ауқымды және тиімді жүйесі талданды.

Тірек сөздер: *аграрлық сектор, аграрлық секторды қаржылық қолдау, өндіріс тиімділігі.*

Сельскохозяйственный сектор имеет особое значение в экономике страны. Это один из ключевых секторов национальной экономики, который определяет условия для выживания общества. Его ценность не только удовлетворяет потребности населения в продуктах питания, но и влияет на занятость населения и эффективность национального производства. Дальнейшая стабилизация в аграрном секторе во многом зависит от уровня финансовой поддержки. В статье анализируется широкая и эффективная система финансирования аграрного сектора в развитых странах с рыночной экономикой.

Ключевые слова: *аграрный сектор, финансовая поддержка аграрного сектора, эффективность производства.*

The agricultural sector is of particular importance in the country's economy. This is one of the key sectors of the national economy, which determines the conditions for the survival of society. Its value not only meets the needs of the population in food, but also affects the employment of the population and the efficiency of national production. Further stabilization in the agricultural sector largely depends on the level of financial support. The article analyzes a wide and effective system of

Key words: *agricultural sector, financial support for the agricultural sector, production efficiency.*

Ауылшаруашылығы секторы ел экономикасында ерекше маңызға ие. Бұл қоғамның өмірін қамтамасыз ету үшін жағдайларды анықтайтын негізгі ұлттық экономикалық кешендердің бірі. Соңғы бірнеше жыл қатарынан Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында аграрлық сектордың ұлттық экономиканың жүргізушісі ретінде маңыздылығына тап өтті. 2018 жылы Қазақстан халқына «Төртінші индустриалды революция жағдайында жаңа даму мүмкіндіктері» Жолдауында Қазақстан көпжағдайда әлемдегі ауылшаруашылығы экспортының ең ір іөндірушілерінің бірі бола алатынын атап өтті. Әсіресе органикалық тағамдарды өндіру үшін. «Қазақстанда жасалған» бренд осындай өнімдерге арналған эталон болуға тиіс.

Мемлекет басшысы Еуразия құрлығындағы бүкіл астықты өндіру үшін Қазақстанға «нанқоржынына» айналуы керек, сондықтан шикізаттан жоғары сапалы, өңделген өнімдерді өндіруге көшуді қамтамасыз ету қажет. Осы ауқымды тапсырмаларды жүзеге асыру үшін Президент үкіметке және әкімдерге субсидия қағидаттарын қайтақарауды және біртіндеп өнім сақтандыруды енгізуге, 500 мыңнан астам үйшаруашылығын және шағынфермерлерді кооперативтерге біріктіру үшін бес жыл бойы барлық жағдайларды жасауды тапсырды [1]. «Аграрлық саясат еңбекөнімділігінің түбегейлі өсуіне және өңделген ауылшаруашылық өнімдерінің экспортының өсуіне бағытталған болуы керек» [2]. Бұл аграрлық сектормен байланысты мәселелердің жоғары басымдылығын көрсетеді.

Бұл ережелер 2017-2021 жылдарға арналған АӨК дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламада көрініс табады, онда, атап айтқанда, «АӨК субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажет» деп айтылады [3].

Экономиканың аграрлық секторын қаржылық қолдау қажеттілігі, осы сектордың ауа-райы жағдайларына үлкен тәуелділігі ғана емес, сонымен қатар ауылшаруашылығы өндірісінің көлеміне және сапасына айтарлықтай әсер етеді демек, ауылшаруашылығының барлық өндірісінің тиімділігіне байланысты, сонымен қатар басқа елдермен салыстырғанда баяулады салалар, ақша айналымы. Әдетте, ауылшаруашылығында өндірісциклі кем дегенде бір жыл созылады, ал сауда-саттықта және банктік орта - бірнеше күн. Мұның бәрі аграрлық секторға мемлекет тарапынан елеулі көмек көрсетудің өзекті қажеттілігін талап етеді. Осы ретте озық дамыған елдердің тәжірибесін иалдау маңызды.

Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдаудың құрылымы табиғи-климаттық жағдайлармен және елдің географиялық жағдайымен анықталады, сондықтан әр түрлі елдерде әртүрлі нормативтік құралдар басым болады. Мысалы, ЕО-дағы ауыл шаруашылығына баға қолдау 91% -ке дейін), АҚШ-та - 48%. Канада - 53% [4].

Батыста фермерлердің табысының айтарлықтай үлесі қоғамдық көздерден келеді: Еуропалық қоғамдастық елдерінде 38%, Финляндияда 72%, Жапонияда 72% және Құрама Штаттарда 27-40%.

Жапонияның ақша-несие саясатын жүзеге асырудағы тәжірибесі индикативті болып табылады, мұнда орталық банк жеке секторға жеңілдікті несиелер сияқты құралға сүйене отырып, үкімет нақты несиелендіруді реттеп, ұлттық басымдықтарды табысты жүзеге асырды. Болашақта өзін-өзі қаржыландыру рөлін біртіндеп ұлғайту және, тиісінше, өнеркәсіптік корпорациялардың банктік кредиттеуге қатысты кішігірім тәуелділігі әкімшілік басқаруды бұзды және агроөнеркәсіп секторына жеңілдікті несиелердің ағынының себептерінің бірі болды [5].

Дегенмен, жапондық тәжірибені ескере отырып, жеңілдікті несиелендірумен қатар елдегі азық-түліктің өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейін 50% -ға дейін көтере алатын тікелей субсидиялардың басты рөлін ұмытпау керек. Батыс тәжірибесін ескере отырып, ЕО-ның барлық елдерінде ауыл шаруашылық өндірісі төмен тәуекел факторы бар салыстырмалы сенімді бизнес түрі болып табылатынын атап өту керек.

ЕО аграрлық саясатының барлық біркелкілігімен қаржыландыру бағыттары мен әдістерінде айырмашылықтар бар. Мысалы, Германияда жаңа фермерлерге көмек көрсету жүйесі бар, оған гранттардан басқа, 300 мыңға дейін несие (жылына 5%) немесе құрылысқа арналған жылдық 160% (1% жылдық) мемлекеттік несие, 2% өтеу (және пайдаланылған комбайнды сатып алуға жеткілікті 20 мың белгі) [34].Германиядағы ауылдық несиелер бойынша орташа пайыздық мөлшерлеме жылдық 7,3% құрайды [6]. Сондай-ақ, өндіріс құралдарын сатып алуға арналған коммерциялық несиеге сақтандыру шартын қарастырады (сақтандыру тарифі шамамен 0,4%) [7].

Германияда агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік қолдау ауыл шаруашылығы субсидиялары, субсидиялар және тікелей төлемдер түрінде жүзеге асырылады. Субсидиялау құрылымы мыналарды қамтиды: 1) дайын өнімдерге арналған төлемдер, өйткені ауыл шаруашылығы өндірісінің көлемі нарықтың құнын болдырмау үшін белгіленген квоталармен шектеледі; 2) инвестициялардың шығындарын өтеуге арналған төлемдер (мысалы, негізгі құралдарды сатып алу үшін несиелер, жоғары өнімді малды және жаңа тұқымдық сорттар), жанар-жағармай материалдары үшін қарыздар бойынша пайыздар; 3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерден алынатын жер учаскелеріне өтемақы төлемдері, сондай-ақ ресурстарды үнемдеу шаралары үшін.

Ұлыбританияда жерді кепілдендіру бойынша ипотекалық несие шаруашылықтың кредиттік жүйесімен тығыз байланысты: 1928 жылдан бастап ауыл шаруашылық ипотекалық корпорациясы пайда болды, ол мемлекеттік субсидияларды төмендетілген пайыз түрінде алады. Кредиттеу 5 жылдан 40 жылға дейін жүргізіледі; ең ықтимал ипотекалық құн - мүліктің құнының үштен бірі. Қысқа мерзімді несие беру туралы айтатын болсақ, фермерлер көбінесе дәстүрлі банктік қарыздарға қарағанда овердрафттарды жиі пайдаланады [8].

Францияда Credit Agricole Bank ауыл шаруашылығын кредиттеу жүйесінде басты рөл атқарады. Агроөнеркәсіптік кешен үшін жеңілдікті несиелердің механизмі бонификиялау принципіне негізделеді - келісімшарттық пайыздық мөлшерлеменің және фермерге ұсынылатын жеңілдікті несиенің ставкасының айырмашылығын банкке мемлекеттік сатып алу.

Финляндияда табиғи және климаттық жағдайлары бар, мемлекеттік қолдаудың бөлігі мемлекеттік трансферттер, несиелер мен жер салығы бойынша пайыздар есебінен қалыптасатын Ауылшаруашылық қорымен жүзеге асырылады. Қор фермерлерге жабдықтарды сатып алуға, ғимараттар мен коммуникациялар құрылысына, жерді қалпына келтіруге, аймаққа байланысты жылына 4-7% -ға өнімділік табын қалыптастыруға несие береді. Күрделі салым субсидиялар «старт-жүйе» (ағылшын «startmoneysystem») арқылы фермерлерді бастау үшін қолданылады [9].

Жеңілдетілген несие берудің шетелдік тәжірибесін қараған кезде Чехияның тәжірибесі ауыл шаруашылығына инвестиция құюды қамтамасыз ету үшін құрылған, ол нақты жобалар бойынша коммерциялық банктік қарыздар үшін неғұрлым арзанырақ немесе борыштың негізгі сомасын өтеуді кепілдендіретін, бұл банктерді қамтамасыз етуге неғұрлым сәйкес келетін

білдіреді. Қолдау 16 шарт негізінде қамтамасыз етіледі, оның ішінде ең маңыздысы: 1) бағдарламаның талаптарын толық қанағаттандыратын жобаларды қаржыландыру; 2) жобалық қолдауды бір рет енгізу; 3) шешілмеген талаптары бар мемлекетке қатысты өз міндеттемелерін орындамаған ұйымдарға қолдау көрсетілмейді.

Қарыздың өтелуіне байланысты кепілдік беріледі: 1) қарыздың 50% -на дейін - егер ол 2 жыл ішінде төленсе; 2) 70% дейін - 5 жыл ішінде өтеу кезінде; 3) 85% дейін - өтеу мерзімі 5 жылдан астам. Қор қарыз алушыға квартал сайын жарияланған пайыздық үлестің белгілі бір бөлігін төлейді (қарыз алушының тұрақтылығының жоқтығы, ол жоспарлаудың құрылысына қатысты проблема туғызады). Ақшаны беру тәртібі төмендегідей: өтініш беруші фермер бизнес-жоспарды дайындайды және несиеге коммерциялық банк сұрайды. Егер банк қаражат беруге ниет білдірсе, онда фермер Қорға өтінім беріп, оның мақұлдауымен субсидия немесе кепілдіктер беріледі [10].

Ауыл шаруашылық өнімдеріне бағаны бюджеттік қолдау деңгейі ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеудің маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Аз бағалардың жоғалуын өтеуге қосымша, дамыған елдерде ішкі азық-түлік нарығын импорттан қорғау үшін шаралар қолданылады. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің импортына орташа салмақты тарифтер дамыған елдерде - 43,1%, дамушы елдерде - 18,7%, өтпелі экономикасы бар елдерде - 13,36% [9].

Ішкі бағаны қолдаудың негізгі түрі сыртқы саудаға кедергі болып, ауылшаруашылық өнімдерінің импортына, импорттық тарифтерге және экспорттық субсидияларға шектеулер түрінде жатады.

Агроөнеркәсіптік кешеннің ерекшеліктері оның несиелік қолдауына ерекше көзқарасты қажет етеді. Аграрлық саясаттың жаңа кезеңін белгілейтін «FAIR-1996» Заңы мемлекеттік бағдарламаларға кіретін өнімдерді сатудан түсетін болашақ түсімдерге мемлекеттік қаражаттан бөлінетін жеңілдікті несиелер мен аванстар жүйесі түрінде өзгертілді. Несиенің мөлшерлемесі нарық бағасының 85% деңгейінде анықталды. Мұндай реформалардың нәтижесінде фермерлер шешімдер қабылдауда үлкен экономикалық еркіндік алады, сонымен бірге үлкен тәуекелге ие болады. Сонымен бірге, SFC федералдық несиелерді алуға кепілдік ретінде қызмет ететін коммерциялық қарыздар мен бағалы қағаздар бойынша сыйақы төлемдері түрінде жүзеге асырылатын көптеген жекеменшік кредиторлармен салыстырғанда айтарлықтай артықшылықтарға ие болады [8].

Фермерлерге қызмет көрсету бойынша Біріккен агенттік (OAPUF) жыл сайын 11 миллиард доллардан астам несие береді, ол фермерлік жылжымайтын мүліктің несиелері 7% және жылжымалы мүлік үшін 8% құрайды.

Экономиканы мемлекеттік реттеу жүйесінде ауыл шаруашылық несиелерінің жұмыс істеуі, оның ішінде жеңілдікті несие болып табылады [10]. АҚШ-та ауыл шаруашылық несиелерінің елеулі дамуы, негізінен аграрлық секторда кең таралғандықтан, ауыл шаруашылығы құрылымы. АҚШ-тың агроөнеркәсіптік кәсіпорындары несие бойынша жалпы шығындардың 35% -нан 70% -ға дейін қаржыландырады. Қарыздың үлесі жеке өзіндік санаттар үшін айтарлықтай өзгереді. Мүлікті сатып алған кезде транзакцияның 70% -ына машина және жабдық сатып алу арқылы несие беріледі - 40% -дан 70% -ға дейін, мал басы - 50%, айналым қаражатының әртүрлі элементтері - 100% дейін [10]. Кепілдік берілген кепілдіктегі ставкалар бойынша мемлекет фермерлеріне мемлекет тарапынан (ТКК ұсынатын) жеткізу АҚШ-тағы бағаны қолдаудың негізгі әдісі болып табылады. Фермер өз өнімдерін кепілдіктен сатып алуға және нарықтық бағаның кепілдік мөлшерінен жоғары болған жағдайда нарықта сатуға құқылы. Егер фермер мерзімі аяқталғанға дейін сатып алу құқығын пайдаланбайтын болса, кепілдікке салынған өнімдер АҚШ тауар және несие корпорациясының меншігіне айналады. Осылайша, несие нысандары әртүрлі, несие емес мазмұндағы мәселелерді шешуде табысты қолданылады.

АҚШ-тың аграрлық секторды мемлекеттік қолдау саласындағы тәжірибесі қаржыландыру принциптері бойынша маңызды: бюджеттік субсидиялар белгілі бір талаптарға сәйкес мақсатты бағдарламалар үшін ғана беріледі. Айта кету керек, американдық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді реттеу саясаты «нарық» болып табылады, фермер ЕО елдеріне қарағанда мемлекеттен аз қорғалған. Еуропалық елдерде аграрлық саясаттың

гуманистік принциптері, өндірушілер мемлекеттік қолдаудың кең көлемін алады.

Осылайша, ауыл шаруашылығын несиелеудегі шетелдік тәжірибенің басты ерекшелігі ауыл шаруашылық кәсіпорындарына несиелік талаптарды қайта қаржыландыру арқылы жерді кепілдендіру (жер және ипотекалық несиелендіру) бойынша кредит беру болып табылады. Жермен қамтамасыз етілген кредиттеу несие талаптарын секьюритилендіру арқылы сипатталатын несиелік процестің дәлелденген технологиялары, тұрақты құқықтық негізге ие.

Шетелдік тәжірибенің барлық оң аспектілерін бағалай отырып, агроөнеркәсіптік кешенді қаржылық қолдау жүйесін мемлекеттік реттеу фермерлердің кірістеріне, ауыл шаруашылығы өндірісінің құрылымына және қаржы-несие секторына әсер ететін түрлі құралдарды қоса алғанда күрделі механизм болып табылады деп қорытынды жасауға болады. Сонымен бірге, Қазақстандағы аграрлық секторды мемлекеттік қаржылық қолдау құралдарын қайта қарау барысында, қарастырылған елдердегі аграрлық секторды мемлекеттік қаржыландыру қағидалары мен нысандарын ескеру қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции» от 10 января 2018 года.

2. Послание Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» от 31 января 2017 года.

3. Государственная программа развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2017–2021 годы.

4. Айтжанов Д. Лизинг сельхозтехники – реальная помощь селу /Казахстанская правда, №131, 2012.

5. Рахаев Б., Плотников А. Оценка устойчивости траектории экономического роста в сельском хозяйстве. //АПК: экономика, управление, 2015 - №7. - С. 24 - 31.

6. Лишанский М.Л. Краткосрочное кредитование сельскохозяйственных предприятий. - М., ЮНИТИ, 2010. - 287 с.

7. Ли В.Д. Совершенствование лизинговой системы в финансовом обеспечении экономики Казахстана /Банки Казахстана №9, 2012 - С.18 - 23.

8. Фудин А.Ф. Экономика сельского хозяйства зарубежных стран. М.: Изд-во РУДН, 2012. - 210 с.

9. Захарова Е. Опыт государственной поддержки АПК за рубежом// Международный сельскохозяйственный журнал. - 2009. - № 1. - С. 15 - 19.

10. Шолпан Гайсина. Официальные кредитные учреждения в сельском хозяйстве Казахстана (микроэкономический анализ) IAMO Forum 2010. Мюнхен: 2010. С. 102 - 121.

УДК 541.124

ЗНАКОМСТВА ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА С НАРОДНО-ПРИКЛАДНОГО ИСКУССТВА КАЗАХСТАНА

Джексембаева С. У. воспитатель
Детский-сад №42, г. Талдыкорган.

E-mail: *tulymshakova81@mail.ru*

Формирование чувства патриотизма к своей Родине начинается с знакомства с прошлым народно – прикладного исскуства Казахстана, а именно с домашнего ковроткачества.

Ключевые слова: *искусства, юрта, народно-прикладное искусства, казахский народный орнамент.*

Атамекенге деген отансүйгіштік сезімін қалыптастыру Қазақстанның халықтық қолданбалы өнерінің өткен тарихымен, яғни, үйде жасалған кілем тоқуымен танысудан басталады.

Тірек сөздер: *өнер, киіз үй, қолданбалы өнер, қазақтың ұлттық оюлары*

Forming a sense of patriotism towards one's Motherland begins with an acquaintance with the past of Kazakhstan's folk arts and crafts, namely home-made carpet.

Key words: *arts, yurt, folk arts, Kazakh folk ornament.*

«Если Вы заглядываете на год – сажайте рис.
Если Вы заглядываете на десять лет вперед – сажайте деревья.
Если Вы заглядываете вперед на всю жизнь – воспитывайте человека».
Китайская народная пословица

Сохранить и приумножить духовные и культурные ценности – вот основная цель работы по программной статье Президента «Рухани Жанғыру» - «Взгляд в будущее». Одним из направлении модернизации общественного сознания является работа по формированию чувства патриотизма. Патриотизм начинается с любви к своей Родине, к своей земле, к своему городу, аулу, к природе, к традициям и обычаям своего народа, народно-приклодному искусству.

Человек не может жить и двигаться вперед, не опираясь на прошлое и не используя опыт, накопленный предыдущими поколениями. Как дерево не может жить без корней, так и человек не может жить чувствовать себя свободным в обществе, не опираясь на традиции и обычаи своего народа.

Народ веками стремился в художественной форме выразить свое отношение к жизни, любви к природе, свое понимание красоты. Изделия декоративно-прикладного искусства, которые видят дети, раскрывают перед ними богатство культуры народа, помогают им усвоить нравы, обычаи, учат понимать и любить прекрасное. Освоение ими ценностей национальной культуры создает благоприятные условия для воспитания и развития гармоничной личности маленького человека.

Народное искусство Казахстана положенное в основу различных видов художественно-творческой деятельности способствует развитию таких психических процессов как восприятие, образное мышление, эмоционально положительное отношение к объектам эстетического содержания, которые важны для формирования разнообразных художественно-творческих способностей. Воспитательное воздействие произведений народного искусства усиливается, если дети не только любуются готовыми изделиями мастеров, а после ознакомления с ними учатся выполнять творческие работы по их мотивам.

Затрагивая основные аспекты реализации программы «Рухани жанғыру», мы в своей работе по знакомству детей с прикладным народным творчеством Казахстана более подробно рассмотрели

такой вид творчества как ковроткачество и валяние войлока, которое преобладало в прошлом, и было напрямую связано с подвижным скотоводством. Войлоком покрывали юрту, застилали ее пол, утепляли стены. Из него сделаны абдрекап – чехлы для сундуков, аяк-кап – настенные сумы для посуды, кебенек – войлочные плащи и другие изделия. Наиболее традиционным для кошмоваляния изделием являются: текемет – кошма постилочная, сырмак – полотнища постилочные, тускииз – ковры настенные. Также для казахского прикладного искусства характерен и такой сложный вид промысла как плетение циновок из чия – степного тростника. Циновками обкладывались решетчатые стены юрты – кереге, а также внутренняя сторона дверной завесы.

Для успешного проведения учебно-воспитательной работы на материале такого народного промысла как ковроткачество и кошмоваляние мы разработали цикл занятий, целью которых было познакомить детей нашей группы с богатым миром прикладного искусства родной земли.

Прежде всего, мы наметили последовательность проведения занятий, определили приемы выполнения заданий, постепенно усложняя их. Содержание работы разрабатывалось в соответствии с программными задачами, с учетом готовности детей к выполнению подобных заданий.

На первых занятиях, объединенных единой темой «Казахский народный орнамент» мы познакомили наших воспитанников с видами орнамента, его использованием в украшении быта. В ходе работы мы учили воспроизведению мотивов орнамента в разных видах изобразительной деятельности, в том числе аппликации и рисовании, а также в самостоятельной художественной деятельности. При этом развивали умение видеть, понимать и оценивать красоту произведений декоративного творчества. У детей формировалось чувство ритма, симметрии, гармонии, совершенствовалось умение соотношения между элементами по форме, величине, цвету и т.д. Большую помощь в понимании материала оказывали литературные произведения, воспевающие любовь к Родине, рассказывающие о жизни казахского народа, об особенностях природы родного края, такие как «Юрта» К. Баянбаева, «Сорная трава» К. Мырзалиева и другие. Важно также было продумать вопросы к занятиям, которые способствовали развитию умения обобщать полученные знания. Например, на вопросы воспитателя: «Как появился орнамент?», «Для чего нужны узоры?», «Как наши предки выбирали цвета для того или иного орнамента?» Вика Т. ответила, что орнамент появился в процессе наблюдения казахов за окружающим миром: степью, животными, птицами». Аружан А. добавила: «Цвет узора тоже подсказала природа: зеленые цвета – от весны, а красные и желтые – подарок от осени». Для закрепления пройденного материала были проведены дидактические игры «Кто быстрее определит узор», «Назови цвета орнамента», «На что похож узор».

Занятия, под общей темой, «Ковровое искусство Казахстана» распахнули детям дверь в мир традиционного промысла казахских женщин – ковроделия, раскрыли его особенности и секреты. На занятиях широко использовались как наглядные пособия: иллюстрации в книгах, альбомы, видеоролики, так и «художественное слово». Например, на занятии «Ковер-алаша» мы рассказали детям о труде мастериц, создававших ковры-алаша. Продемонстрировали иллюстрации и макет горизонтального станка – ормека, с помощью которого делали ковровые полосы – баскуры, которые в дальнейшем сшивались в ковер. Заучили стихотворение М. Алимбаева «Ковер-алаша». В заключении занятия мы предложили выполнить коллективную работу по теме занятия. Сколько было радости при выполнении задания. Каждый ребенок стремился, как можно аккуратнее раскрасить баскур, чтобы после объединения отдельных полос – баскуров – в композицию получился красивый ковер-алаша.

Слушая рассказ воспитателя на занятии «Войлочный ковер – текемет» дети отметили, что ковер делать не легко, на это затрачивается много сил и времени. На вопрос воспитателя о том, как делали текемет, Таня К. ответила: «Текемет валяли из шерсти. Сначала выкладывали узор на основе, затем скатывали и начинали валять». Исахан С. добавил: «А еще основу нужно поливать горячей водой, чтобы ковер лучше свалялся». Во время дидактической игры «Войлочный ковер – текемет» мы закрепили знания детей о последовательности изготовления текемета, так воспитанникам было предложено разложить картинки, с изображением этапов валяния ковра, в правильном порядке. Очень понравилась детям творческая работа «Украшение текемета», где они в технике «мозаика» создали красивый и яркий ковер.

Особый эмоциональный отклик у воспитанников вызвало занятие «Шымшы – циновка из чия». «Как раскрасить циновку?» - прозвучал вопрос. Акнур Ж. ответила: «Для этого каждую тростинку обматывали цветной шерстью». Глаза детей, во время выполнения работы по обматыванию тростинок шерстью, были полны восторга. Томирис Т. заметила, что из простой травы можно сделать очень красивую циновку.

В заключении, хотелось бы еще раз отметить, что в процессе знакомства детей с народно-прикладным искусством, кроме эстетических задач: развития умения видеть красоту, создавать и беречь ее, развиваются и психические процессы, необходимые для успешной творческой деятельности и общего развития, такие как память, мышление, познавательная и эмоционально-волевая сферы. И, самое главное, закладываются основы духовно-нравственного воспитания, уважения к своему народу, к труду народных мастеров, гордость за их талант, прививается интерес к быту казахского народа. Помогает понять и почувствовать, что человек часть природы, а именно это является основой гармоничного развития ребенка.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Шпикалова Т.Я. Изобразительное искусство. Основы народного и декоративно – прикладного искусства.-М.,2006. 234ст.
2. Адамқұлов, Н. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі [Мәтін]: Оқу құралы / Н. Адамқұлов, Ж. Қамбаров, С. Нұртілеуов.- Алматы, 2013.- 130б.
3. Григорьева Г.Г. Развитие дошкольника в изобразительной деятельности.-М., 2005.918ст.
4. Дараган М.М Основы декаративно-оформительного исскуство. М. 2007г. 211ст.
5. Жұмабекова Ф.Н. Балабақшадағы бейнелеу іс-әрекетінің әдістемесі. Оқу құралы. Алматы: Эверо,2015ж. 38б.

ӘОЖ 39

ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ ТҮСІНДІРУДЕГІ НЕГІЗГІ ТЕОРИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАР

Елемес А. магистрант, **Байғабатова Н.К.** тарих ғыл.канд.
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

E-mail: *Akmaral_20.20@mail.ru*

Бұл мақалада автор батыс ғылымындағы ұлттық бірегейлікті түсіндірудегі негізгі теориялық көзқарастарды зерделеп, аталған феноменның мән-мағынасын ашуға тырысты.

Тірек сөздер: *ұлттық бірегейлік, теориялар, ұлт, мемлекет, сана.*

В данной статье автор анализируя основные теоретические подходы западных ученых в разъяснении национальной идентичности, старается раскрыть значение и суть изучаемого феномена.

Ключевые слова: *национальная идентичность, теории, национальность, государство, сознание*

In this article, the author, analyzing the basic theoretical approaches of Western scholars in explaining national identity, tries to uncover the meaning and essence of this phenomenon.

Key words: *national identity, theory, nationality, state, consciousness*

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «Біртұтас Ұлт болу жолындағы рухани жаңғырудың басты бағыттарының бірі – ұлттық бірегейлікті сақтау», – деп көрсеткен болатын [1].

Қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру – қазіргі таңда басым міндеттердің бірі. Оның арқасында Қазақстан халқының бірлігін, қоғамдағы бейбітшілік пен келісімді, отансүйгіштікті нығайтуға жол ашылады. Қазақстан Республикасында ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мен нығайту мемлекеттің егемендігі мен этностық келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Ал мемлекеттің серпінді дамуы оның халықаралық аренадағы рөлін күшейтеді.

Сондықтан, Қазақстандағы ұлттық бірегейлікті қалыптастыру және нығайту мәселесі өзекті мәселе болып табылады. Бірақта, ғылымда осы тақырыпқа арналған зерттеулер өте аз.

Бұл мақаланың жазудағы мақсатымыз – ұлттық бірегейлікті түсіндірудегі негізгі теориялық көзқарастарды зерделеу арқылы, аталған феноменның мән-мағынасын ашу.

Ұлттық бірегейлік қазіргі таңда ортақ анықтамасының, түсіндірмесінің болмауымен сипатталады. Әр мемлекеттің ғалымдары ұлттық бірегейлікті түсіндірудің өзіндік әдісін дүниеге әкелуде. Бұл тенденция көбінесе ішкі саясатпен тығыз байланысты болып келеді. Өйткені, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мәселесі ішкі тұрақтылық пен тыныштықтың іргетасы ретінде қабылданады. Ұлттық бірегейліктің мемлекет тұрақтылығының негізі ретінде талдау дәстүрі жүзеге асуда. Бұл орайда ұлттық бірегейлік бейбітшілік пен татулық орнату үдерісінде басты құрал ретінде пайымдалады.

Қазіргі біздің қоғамымызда ұлттық бірегейлікті мемлекеттік бірегейлікпен шатастырып, үнемі этностық бірегейлікке қарама–қарсы қоюда. Ұлттық бірегейлік мәселерін азамат туралы ой қозғағанда неміс классиктерінің ішінде Кант пен Гегельді атауға болады. Олардың еңбектерінде қоғам мен мемлекеттегі адамдардың алар орнына, адами болмыстына аса назар аударылады [2]. Жеке ғалымдарға келетін болсақ, Кант үшін бірегейлік тұлғаның өзіндік санасымен, санасындағы «Мен» ұғымымен тығыз байланысты. Ғалымның пікірінше, бірегейлікті тек қана тұлға иемденбейді, бірегейлік бір ұлтқа тән құбылыс. Ал сол бірегейлік тек қана сананы таңдауға ғана емес, адамның немесе ұлттың қабілетіне байланысты. Бірегейлікті сақтап қалу мен нығайтуда тілдің маңызы зор болып табылатыны дәлелденген. Кез келген қауымдастықтың бірегейлігі тілмен анықталады, ерекшеленеді деген тұжырым жасайды [2,120 б.]. Қазіргі таңда И.Канттың осы тұстағы идеясы тек біздің қоғам үшін ғана емес, барша қоғам үшін өзекті мәселелердің шешімі ретінде қабылданады. Өйткені, кез келген мемлекет өзінің бірегейлігін анықтауды тілдік ортақтықтан бастауы тиіс. Яғни бір жағынан, тілдік бірегейліктің берік болуынан ұлттық біргейліктің берік болуы тәуелді.

Либералды тұжырымдама бойынша адамдар өздерінің мемлекетке адамзат ретінде өздерінің құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыра отырып, ортақ мүдде үшін бірігуі нәтижесінде бірегейлік туындайды. Бұл батыс ғылымында пайда болған саналы таңдау (rational choice) идеясымен тығыз байланысты болады. Саналы таңдау теориясы бойынша адамдар өздерінің түсініктері бойынша әділетті болып табылатын жеке өз бастарынан, мүдделерінен жоғары тұратын және басымдыққа ие болатын ортақ бірегейлік түрін таңдайды.

Либералды дәстүрдің тағы ғылымға енгізген жаңалығы ол «ұлт» ұғымының « халық» ұғымымен синоним ретінде анықталуында жатыр. Бұл тұжырымдамаға үлес қосқан И.Гердер мен Г. Гегельдің еңбектерін атауға болады. Олар халық пен мемлекет ұғымдарының ұқсас, бір болуы тұрғысынан қарастыруға негіз салады. Мысалы Гердер үшін табиғи мемлекет болып бірегей ұлттық сипаттағы халықтан тұратын мемлекет табылады. Ал Гегель үшін мемлекеттік құрылымсыз болған халықта ешқандай тарихы, ерекшелігі болмайды . Олар қазіргі кездегі жабайы ұлт ретінде өмір сүреді деп көрсетеді [3, 36 б]. Яғни либералды – демократиялық құндылықтармен қатар қоғамда тұлғаның бірегейлігі мен қауіпсіз ортада мүше болуы қажет деген тұжырымдамаға тоқталады. Тұлғаның өз қауіпсіз ортада ғана жүзеге асыралатындығы, бірегейлігінің нығаюы байқалады.

Энтони Смиттің тұжырымдамасындағы ұлттық бірегейлік тарихи естелік, мәдениеттің ерекше элементтері, ата–баба туралы аңыз, атамекен сияқты компоненттерден тұрады десе, ұлттық бірегейлік компоненттері болып ортақ территория, ұлт, тарихи естелік, ортақ мәдениет деп есептейді. Сонымен қатар әлеуметтік критерий бойынша азаматтың бойында өз этносының тобына мүше болу санасы қажет. Ал ол отан тарихын, мәдениет тарихын, ұлттық рәміздерді, ұлттық сана мен стереотиптер арқылы жүзеге асырады. Яғни бір сөзбен айтқанда, ұлттық бірегейлікті

зерттеудегі әлеуметтік – мәдени дәстүр саяси компонеттер мен қатар ұлттың әлеуметтік (Ұлттық топтардың болуы туралы білімнің болуы, өздерінің ұлттық топтарына мүше болуы, отан тарихын, мәдениет тарихын, ұлттық рәсімдерді, ұлттық сана мен стереотиптерді білу өзінің этностық тобына қатынасы) және мәдени (құндылықтар мен нормаларды мойындау, мәдени тәрбиелі, мәдени жүріс – тұрысты игеру, коммуникативті машықтар) құрамдас бөліктерінің маңызы зор екендігін көрсетеді [4].

Роджерс Брубейкер Шығыс Европа посткеңестік мемлекеттердегі ұлттық бірегейліктің қалыптасу үдерісін зерттей отырып, ұлттық түріне басымдылық берілгендігін айтады. Ғалым Шығыс Еуропа мен Еуразия мемлекеттерін өтпелі кезеңге аяқ басқан мемлекеттер деп танып, ұлтты құруда ұлттық бергі бойынша мемлекет құраушы этностық топтың мүддесін қорғауға бет алғандығын айтады [5]. Ұлттық бірегейлікті әлеуметтік– этномәдени тұрғыдан түсіндіру үшін этностық мәдениеті сақтаған Шығыс Европа елдері мемлекеттер мысалында көрсету жөн деген қорытындыға келеді. Осыдан көретініміз, жаңадан пайда болған демократиялық мемлекеттерде ұлттық бірегейліктің этномәдени негізде институционализацияланғанын көруге болады. Яғни, бұл орайда ұлттық бірегейліктің қалыптасуы этностық бірегейлік төңірегінде жүзеге асады.

Сонымен қатар ғылымда ұлттық бірегейлік пен азаматтық бірегейлік арасындағы ерекшеліктерге байланысты бірнеше зерттеулер орын алды. Олардың басым көпшілігі ұлттық бірегейлікті азаматтық бірегейліктен жоғары тұратын, оны қамтитын бірегейлік түрі ретінде сипаттайды. Ұлттық бірегейлік этномәдени белгілер бойынша қалыптасқан мәдени ұлттың қауымдастығы ретінде де қарастырылады. Аталған зерттеу әдісі бойынша ұлттық бірегейлік азаматтақ, мәдени, этностық бірегейліктерден тұрады. Сондықтан Шығыс Еуропа азаматтық бірегейлігінің қалыптасуын зерттейтін ғалымдар ұлттық бірегейлікпен қатар ұлтты қалыптастыруда этностық және мәдени ерекшеліктерге үлкен мән береді.

С.Шульман бойынша Орталық және Шығыс Еуропа мемлекеттеріндегі ұлттық бірегейліктің компонентін этностық топтың басым бөлігі қолдауын ұлттық мемлекеттердің жағымдылығын және беделді болуымен түсіндіреді. Еуропаның транзитті демократиялық мемлекеттеріндегі этностық топтар ұлттық және мемлекеттік құрылыстың үлгісін ұлттың қайта өркендеуінің құралы ретінде өздерінің мәдениеті мен төл этносты топтар мен элитаның бірегейліктері мен мүдделерінің жүзеге асуы деп біледі [6]. Өйткені ол Батыс мемлекеттеріндегі бірегейлік түрлерін зерттей келе, демократия мен тұрақтылық дәстүрін дәріптеп келген.

Осыдан келіп отбасы, мектеп, БАҚ секілді институттардың бірегейлікті қалыптастырушы сегменттер табады. Яғни, бірегейлікті қалыптастыруда арнайы институттар мен құралдар арқылы қолдан жасалатын құбылыс ретінде сипатталады. Осы орайда американ антропология саласының ғалымы Э.Геллнер өзінің «Ұлттар мен ұлтшылдық туралы» атты 1980 жылдары жазылған жұмысы конструкивистік бағыттың негізгі түсінігін ашып көрсетеді. Геллнер қазіргі ғылымда көп талқыланатын «ұлт» түсінігіне басқаша анықтама береді. Ол ұлтты түсіндірудегі бірегейлік мәселесіне ерекше назар аударады.

Қазіргі кезеңде «ұлт» түсінігіне берілетін анықтаманың көп болуын ескерсек, кейбір ғалымдар осы орайда ұлтты территориялық , тілдің біртұтастығы, экономикалық өмір сүру салтының ортақтығы, психологиялық біртұтас елдердің жиынтығы ретінде түсіндіреді. Ал кейбір ғалымдар «ұлт» түсінігін «саяси қауымдастық» ретінде түсіндіреді.Сондықтан да осындай түсініктің көртүрлілігін ескере отырып «ұлт» түсінігіне берген Геллнердің анықтамасы қызығушылық туындатады.

Гелннер ұлтты түсіндіруде территориялық, экономикалық, психологиялық біртұтастыққа аса назар аудармай, ұлтты бірегейленудің конструкциясы ретінде анықтайды.

Ол эмоциялық және бір – бірімен қиын байланыста болатын бір тағдыр, еркін таңдау, ынтымақтастық, еркін бірегейлену сияқты блоктардан тұратын ғылыми конструкциялар арқылы түсіндіруді ұсынады [7]. Геллнер өзінің еңбегінде ұлтшылдық, ұлттық сананың өршуі қоғамның дамуы сатысы ретінде қарастырады. Бұл орайда мемлекет адамдардың санасында ұлшылдық олардың дамуының бір сатысы ретінде көрініс табатынына ерекше мән береді.

Ұлтшылдық термині қазіргі таңда негативті қырынан қабылданатынын ескеретін болсақ, Геллнер бойынша ұлтшылдық бұл қоғамның артта қалуын білдірмейді, қоғамның жоғары

сауаттылығының көрінісі ретінде бұқара ақпарат құралдары, ұлттық элитаның пайда болуы мен қоғамға кәсіби кадрлардың сұранысында көрініс табады. Яғни, адамдар бірегейленудің жоғары сатысына өтеді, ал ол сатыда бірегейлікті қалыптастыратын элита, БАҚ, кадрларға аса назар аударылады. Осы орайда қазіргі кезеңде ұлт идеясы Геллнер екі жағдаймен түсіндіреді:

1.Екі адам бір ұлттың өкілі болып оларды идеялар жүйесі, шартты белгілер, байланыстар, жүріс – тұрыс және қарым – қатынас әдістері арқылы бір мәдениет біріктірген болып табылады.

2.Екі адам бір ұлттың өкілі болып өздері иштей сол топқа мүше болуын мойындаған болып табылады. Басқа сөзбен айтқанда, ұлтты адамның өзі жасайды, ұлт – бұл адамның ойы сенімінің жемісі [8]. Адамдар тобы бір – бірін біріктіретін ортақ құқық пен міндеттерді анық мойындаған жағдайда бір ұлтты құрай алады. Осындай өзара мойындау оларды бір – бірінің ерекшеліктеріне назар аудармай, басқа ортақ қасиеттердің болуымен қарамастан ұлтты құрайтынын білдіреді.

Ұлтты түсіндірудегі жоғарыда көрсетілген екі әдістің де ғылымда орыны ерекше. Әрине, ұлтты мәдениетсіз, ортақ құндылықсыз біріктіру мүмкін емес, дегенмен қазіргі кезеңде мемлекеттің негізі болып табылатын азаматтық қоғам тек құқық пен міндеттер, заң негізінде қызмет атқарады. Бірінші жағдайда көбіне ұлтты этнографиялық тұрғыда түсіндіреді, ал екінші жағдай нормативті–құқықтық негізде айқындалады. Осы тұрғыда Т.Гоббс пен Дж.Локк [9] еңбектеріндегі мемлекеттің пайда болуы мен қызмет етуінің негізі ретінде ортақ мүдде мен жеке мүдделердің шектелуін есепке ала отырып, ұлтты құрайтын ортақ мәдентиеттің рөлі де зор екенін айтып кеткен жөн.

Геллнердің айтуынша, ұлтты құрауда ерекше орынды ұлтшылдық қалыптастырады.Өйткені тек ұлтшылдық қана ұлтты құрайды. Ұлтшылдық жоқ жерден пайда болмайды. Ол бұрын ұмыт болған тілдердің жандануы мен қайта өрлеуі, көптеген мәдениеттердің трансформациялануы негізінде орын алады. Ұлтшылдық – бұл орайда шығарылып алынған немесе идеологиялы жасанды ой емес, ол ұлттың дамуының факторы, қайнар көзі ретінде қарастырылады.

Қазіргі кезеңде тек ғана Қазақстан емес әртүрлі әлем елдері өздерінің бірегейлігін, оның ішінде ұлттық бірегейлігінің қалыптастыруды маңызды мәселердің бірі ретінде танып отыр. Біздің қоғамымыздағы ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы қажеттілік оның елді ортақ мүдде ретінде біріктіріп, демократиялы даму жолына елеулі үлес қосуда. Қазақстан қоғамында ұлттық бірегейліктің қалыптасуы басқа мемлекеттерден өзгешеленеді. Сондықтан, кез келген қоғамның даму сатысында ұлттың рөлі мен орны, мазмұнының ерекшелігімен байланысты. Қазақстан Республикасында ұлттық бірегейлік, ұлттық мемлекетті қалыптастыруда, мемлекеттегі тұрақтылық пен дамуды қамтамасыз етуде ерекше маңызға ие. Сондықтан, бұл мәселе әлі де болса зерттеулерді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy

2. Гегель . Сочинения. – Москва, 1959. – Т.4. – 352 с.

3. Кант И. Собрание сочинений в 8-ми томах. – Москва, 1994. – Т.7. – 495 с.

4.Журавлева В. Эволюция гражданской идентичности россиян в 20-е и 90-е гг. XX века Автореф. дисс.канд.полит.н. – Москва, 2003. – 22 с.

5. Latunina A. The Formation of Civic Identity in a Multinational Society: A Sociocultural Approach. Reflecting on Identities: Research, Practice & Innovation, Proceedings of the tenth Conference of Children's Identity and Citizenship in Europe Thematic Network, end Ross A and Cunningham P, published by CiCe. – London, 2008. – p.215.

6. Brubaker R. Nationalism Reframed: Natiohood and the National Question in Europe. – Cambridge: Cambridge University Press, 1996. – 320 p.

7.Национализм и национальная идентичность в условиях глобализации: проблема концептуализации // credonem.ru content/ view/ 553/ 58.

8. Геллнер Э. Нации и национализм. – М., 1991. – 426 с.

9. Локк Дж. Сочинения в 3-х томах. – Москва, 1985.

ӘОЖ 22.00.04

СТУДЕНТ-ЖАСТАРДЫҢ БОС УАҚЫТЫН СОЦИОЛОГИЯЛЫҚ ҮДЕРІС РЕТІНДЕ ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕРЕРІ

Ертаев М.А. с. ғ. к, доцент, **Салманова Д.Е.** студент
Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті, Шымкент қ.

E-mail: *erte_1970@mail.ru*

Бұл мақалада қазіргі заманғы қоғамдағы жастардың білім алуы мен бос уақыттарын өткізуге байланысты проблемалары қарастырылады. Бос уақыт мәдениетінің негізгі бағыттары мен жастардың бос уақытын тиімді пайдалану және олардың шешімдері социологиялық салыстырмалы талдауымыздың басты бағыты болып табылады.

Тірек сөздер: *Бос уақыт, тыныгу уақыты, студенттердің бос уақыты, студенттердің тыныгу уақыты, босқа өткен уақыт, демалыс уақыты, ғылымға ынталы жас, креативті ойшыл жастар, жастар әлеуметтік бастамашылар,*

В статье рассматриваються проблемы проведении свободного времени и досуга студентов молодежей в современном обществе. Оснащено основные направлении культуры досуга и эффективная использования свободного времени молодежи и их решения расматриваются социологических сравнительных анализах.

Ключевые слова: *свободное время, свободное время досуга, студенческое свободное время, свободное время досуга студентов, свободное время отдыха, творческие молодые люди, кративные молодежи, инновационные изменения среды студентов-молодежи.*

Scientific project is aimed at the development of leisure time and leisure activities for young students in modern society. Equipped with the main directions of leisure culture and the effective use of free time of young people and their decisions are considered sociological comparative analyzes.

Key words: *free time, free time of leisure, student free time, free time of leisure of students, free time of rest, creative young people, young people, innovative changes in the environment of young students.*

Бос уақыт ұғымы мен тыныгу уақытын тиімді пайдалану әдіс-тәсілдері, қазіргі кезде жастар арасында тыныгу мен бос уақытты өздеріне пайдалы әрекетпен пайдаланудың жолдарын (социологиялық салыстырмалы талдауды) тақырыбымыздың басты бағыты етіп алдық.

Адам баласына берілген баға жетпес құндылықтың бірі - уақыт. Уақыт – адамға берілген нағыз сый. «Бос уақыт жоқ, босқа өткен уақыт бар»-дейді бабалар даналығы. Уақыт - адам баласының азына ие болып, көбіне мұқтаж болған нәрсесі. Сөткесінде барлығы жиырма төрт сағат бар. Бірақ баршасы мұны ұтымды қолданбайды. Уақыт қордаланып жиналмайды, кері қайтарылмайды. Қарызға алуға және беруге болмайды. Сыйға тартылмайды. Уақыт деген – біздің құнды өміріміз.

Бос уақытты тиімді пайдалану мәдениеті оқудан тыс әрекеттерін ұйымдастырудан ғана емес, күнделікті осы әрекеттің мазмұнын, түрі мен мазмұнын дұрыс таңдаудан, танып, білуге деген қарым-қатынастарынан тұрады.

Қазіргі таңда студент-жастардың бос уақытын ұйымдастыру мәселесін шешуде төмендегідей қызметтерді жүзеге асырушы оқу орындары мен оқу орындарынан тыс мекемелердің рөлі зор:

а) әрекетшіл-бастамашы ұжымдарда, қызығушылықтары бойынша үйірмелерде, әуесқойлық бірлестіктерде, көпшілік мәдени мерекелік іс-шараларда ересектер мен студент-жастардың бірлескен әрекетін ұйымдастыру;

б) студент-жастардың өз құрбы-құрдастары және ересектермен қарым-қатынасындағы қажеттіліктерін қанағаттандыруы бойынша арнайы іс-шараларда;

в) шығармашылық әрекеттің сабақтастығын қамтамасыз ету;

г) отбасындағы бос уақытты пайдалану мәдениетінің деңгейін арттыру (студент-жастар және олардың камқоршылары).

д) студент-жастар бос уақыт кезіндегі қоғамдық бақылау мен әлеуметтік-психологиялық іс-шараларды іске асыру т.б.

Студент-жастардың бос уақыттарын ұйымдастыруда оған әлеуметтік-психологиялық жетекшілік жасау кажет деп есептейміз. Әлеуметтік-психологиялық жетекшілік жасау студент-жастардың бос уақытын тиімді пайдалануға әсер ету, шығармашылық әлеуетін үнемі арттырып отыруға, қоғамдық маңызы бар қызығушылықтарын анықтау және мүмкіндіктерін ашу мен креативтілігін бақылап арттыру оларды көптеген өмірлік тіршілік әрекетінде жүзеге асыруына жағдай жасауға негізделген жұмыстардың маңызды бөліктерінен тұрады.

Студент-жастардың бос уақытын ұйымдастыру мәселелері бойынша оқу орнының, оқу орнынан тыс мекемелер, мәдени ұйымдармен өзара әрекет жүзеге асыру сияқты мәселелер қамтылуы тиіс. Студент-жастарды тұрғылықты орындары бойынша белсенді әрекетке қатыстыру да қыруар жұмыстарды талап етеді.

Біз тақырыбымыз бойынша студент-жастар қазіргі қоғамдағы бос уақытты тиімді мәдени-тыныгу, пайдалы дамушылық жағдайларын социологиялық тұрғыдан зерттеуге әрекет жасадық. Соны сараптау мақсатында Біз төмендегідей сауалнама-анкета жасап, студенттер арасында сауалнама жүргіздік. (Сауалнама Шымкент қаласындағы ЖОО студенттері арасында жүргізілді).

Біз жүргізген сауалнама бойынша төмендегідей жауаптар алынды.

1. “Сіз (студент) бос уақытыңызда қандай жұмыспен айналысасыз?”,-деген сұрағымызға төмендегідей жауап берді:

1. Үйде боламын 10
2. Кітапханада 5
3. Достарыммен 60
4. Өз жауабыңыз 25

Барлығы 100

Бірінші сұраққа жауап берген 100 адамның 10% үйде болады, 5% кітапханада, 60% достарымен, өз жауабын ашып айтқандар 25% (оның ішінде 5% түрлі жауаптар берсе, 20% бос уақытының жоқ екенін көрсетті).

2. “Сіз (студент) бос уақытыңызды тиімді өткізе аласыз ба?”,-деген сұрағымызға төмендегідей жауап берді:

1. Иә 90
2. Жоқ 10

Барлығы 100

Екінші сұраққа жауап берген 100 адамның 90% уақытын тиімді өткізсе, 10% тиімді өткізе алмайды.

3. “Мамандығыңыз бойынша пәндерді бос уақытыңызда ізденесіз бе?”,-деген сұрағымызға төмендегідей жауап берді:

1. Иә 40
2. Жоқ 50
3. Өз жауабыңыз 10

Барлығы 100

Үшініші сұраққа жауап берген 100адамның 40% мамандығы бойынша ізденсе, 50% ізденбейді, қалған 10% өз жауабын ашып көрсетті (оның ішінде 10%бос уақытының жоқтығын көрсетті).

4. “Бос уақытыңызда жасаған істеріңіз өзіңізге тиімді пайда алып келеді ме?”,-деген сұрағымызға төмендегідей жауап берді:

1. Иә 80

2. Жоқ 10
3. Өз жауабыңыз 10

Барлығы 100

Төртінші сұраққа жауап берген 100 адамның 80% бос уақытында істеген істері өздеріне пайдалы болса, 10% пайдасы болмайды, 10%өз жауаптарын ашып көрсетті.

5. "Бос уақытыңызда әдеби-көпшілік кітаптарды оқисыз ба?",-деген сұрағымызға төмендегідей жауап берді:

№6 кесте

1. Иә 30
2. Жоқ 50
3. Өз жауабыңыз 20

Барлығы 100

Бесінші сұраққа жауап берген 100 адамның 30% әдеби-көпшілік кітаптарды оқиды, 50% оқымайды, қалған 20% өз жауабын ашып көрсетті (оның ішінде 10% шежіре кітабын оқыса, 10% анда-санда оқиды).

6. "Кітап оқымасаңыз оның басты себебін не деп түсіндіресіз?",-деген сұрағымызға төмендегідей жауап берді:

1. Үй тапсырмасының көптігі 25
2. Кітапқа деген қызығушылығының жоқтығы50
3. Түсініксіз 5
4. Өз жауабыңыз 20

Барлығы 100

Алтыншы сұраққа жауап берген 100 адамның 2% үй тапсырмасының көптігін айтса, 50% кітапқа деген қызығушылығының жоқтығын көрсетті, 5% түсініксіз екенін, қалған 20% өз жауабын ашып көрсетті (оның ішінде 5% бос уақытың жоқтығын сылтау етсе, 5% жалқаулық, 10% кітап оқитындарын айтты).

Сауалнама жүргізу арқылы студент-жастарды үш топқа бөлдік. Олар: демалыс уақыты, тыныңу уақыты, интеллектуалды дамытушы әрекет уақыты. Бірінші топқа яғни, студенттердің бос уақытын демалыс уақытына жұмсайтындар 50 пайызы болса, тыныңу уақытына 30 пайызы жатады.Ал, ең төмен деңгейде өзін интеллектуалды дамытушы әрекетте 20 пайыз ғана немесе одан да төмен көрсеткіштерге студент-жастар да кіреді. Біздің пікірімізше қазіргі кезде жастардың осы үшінші кезеңдегі интеллектуалды дамытушы әрекеттік уақытын тиімді пайдаланатын орындарды жүйелі және қолжетімді етіп ұйымдастырудың жолдарын қарастыру қажет деп білеміз.

Көптеген зерттеушілердің пікірі бойынша бос уақытты тиімді пайдалану құрылымын қалыптастыру репродуктивті әрекеттен тұлғаның рухани дамуын қамтамасыз етуші белсенді шығармашылыққа, әлеуметтік-маңызды әрекетке ауысуымен тұжырымдалады. Олардың зерттелу деңгейіне келетін болсақ, ұғымдарды байланыстыра қарастырған Ф.Бэкон,[1] З.Фрейд, [2] К. Ясперс [3] және ресейлік ғалымдардан В.С. Соловьев,[4]. Орлова Э.А. [5] және т.б өз үлестерін қосқан. Ғылыми жұмысымыздың барысында Ресей ғалымдарының басым көпшілігі патриотизмді – ұлттық тәрбиемен байланыстырғандығын байқадық. Қазақстанда білім мен тәрбие ісінің және отансүйгіштікті дәріптеу мәселелері, патриоттық тәрбиенің тарихи-педагогикалық, әлеуметтік мәселелері Қалиевтың С.Қ,[6] Тәжібаев Т.,[7] Аганина Қ.Ж., [8] еңбектерінде баяндалған.

Озық педагогикалық тәжірибеге талдау жасау негізінде әлеуметтік-маңызы бар әрекеттер түріне төмендегідей жастардың категориясын жатқызуға болады: а) студент-жастардың логикалық тұрғыдан ойлана білу дағдысын қалыптастыратын, шығармашылық қиялын, эмоционалдық сезімдерін, арнайы нысандар мен қабілеттіліктерін, кәсіби бағытын дамытуды қамтамасыз етуші интеллектуалды-танымдық, рухани құндылықтық және шығармашылық әрекеттер, креативті жастар категориясы; б) студент-жастардың адамгершілік-этикалық қасиеттерін, жағдайға сәйкес бейімделе білу қабілетін, жоғары әлеуметтік белсенділігін қамтамасыз етуші әлеуметтік-маңызды әрекеттер категориясы деп алуға болады.

Әркім бос уақытын әртүрлі өткізеді: біреу кітап оқып, серуендейді, интернет желісінде отырады, үй шаруасымен айналысады, достарымен кездеседі, мәдени іс-шараларға барады, ғылыммен айналысады және т.б. істермен шұғылданады. Бірақ, қазіргі біздің көпшілік жастар бос уақытын тиімсіз өткізуде. ХХ ғасыр студент-жастарымен қазіргі студентерді салыстыруға мүлдем келмейді. ХХ ғасыр студенттері бос уақытын кітап оқуға, театр, музей, музыкалық аспаптармен домбыра, аккордеон, пианино және т.б. қызықты пайдалы іспен шұғылданатын болса, қазіргі таңда жастардың басым көпшілігі түнгі клубтарда серуендеу, интернет желісінде отыру сынды істермен уақытын тиімсіз өткізуде. Және бос уақытында ғаламтор желісі мен теледидардан жарысып көрсетіліп жатқан мағынасыз сериалдар, фильмдер не түрлі видеолардың көрсетілімі жасөспірімнің ойының өзгеруіне алып келіп жатыр. Үндінің кинолары мен шетелдің тәрбиесі болашақ жастардың ұлттық санасының патриотизмнің әлсіреуіне әкеп соқпауына ешкім кепілдік бере алмайды. қораптың ішіне үңіліп жатқан жастарымыздың спортқа қатыспауы, дұрыс өмір салтына қарсы – қаламызда толып тұрған нәрі жоқ тағамдарды пайдалануы келешек қоғамымыздың денсаулығының, өмір суру сапасының төмендеуіне соқтыруда. Жастардың бос уақытын жоғарғы оқу орындарында рухани құндылықты негізге ала отырып, жастарға спортқа және кітапханаларға уақыт бөліп беруі осы жағдайды біршама деңгейге жоғарылатады деп ойлаймыз.

Көптеген жастарымыздың «уақытымды қайтіп өткізерімді білмеймін» деуі аса қауіпті жағдай. Өйткені зерттеушілердің айтуынша, әсіресе жастар арасында түрлі бұзақы топтарға қосылу, нашар қылықтарға үйірсектеу, діни секталарға бару, қылмыс жасау, моральдық азғындықтарға салыну не істерін білмей бос жүрген кездерде кездеседі деген қорытынды жасауға болады .

Қазір өмірге рухани құндылықтардың орнына материалдық құндылықтар келіп, басымдық танытуда. Іс жүзінде осының барлығы жастардың маңызды азаматтық міндеттерді еш жауапкершіліксіз, немқұрайлы атқарып, әлеуметтік рухсыздыққа бой алдыруынан айқын аңғарылады. Білім алушы жастардың рухани-адамгершілік деңгейінің төмендеуі: 1) ұлттың салауаттығы; 2) ұлттың зияткерлік әлеуеті; 3) ұлттың бәсекеге қабілеттілігі; 4) тұтастай алғанда мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі деңгейлеріне жастар тікелей әсер ететіні анық. Бәсекеге қабілетті адами капиталы бар елге апарар жол, өмірдің мүлде басқа сапасына қол жеткізер жол ұлттың рухани-адамгершілік түлеуі арқылы ғана ашылады. Бұл бүгінгі күннің бұлжымас аксиомасына айналуы тиіс. Жоғарыда айтылған ойдың өзектілігі сонымен бірге келесі маңызымен де арта түспек: - елімізде білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуі және жаһандану үдерістерінің белсенді түрде іске асырылуы жүзеге асуда. Ал бұл интеллектуалдық әлеуеттері жоғары, қоғамның әлеуметті белсенді мүшелері, рухани құндылықтар мен ұлттық мәдениетті сақтап дамытуға жауапты, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін меңгерген, ұлттық санадағы стереотиптерді жеңуге және өзге мәдениет өкілдерімен сапалы диалог құруға қабілетті, жаңа буын мамандарды тәрбиелеу мәселесін оңтайландыруды талап етуде. Еліміздің стратегиялық міндеттерін тиімді шешу үшін «мемлекетке мыңдаған жоғары білікті, бәсекеге қабілетті мамандар мен дипломды ғалымдар қажет болады. Білімді, сауатты адамдар – XXI ғасырдағы адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші», – деп атап көрсетті Президентіміз Н.Ә.Назарбаев. Мемлекеттен, қоғамнан, соның ішінде педагогтар қауымынан мемлекетіміздің тұрақтылығын, тәуелсіздігі мен қауіпсіздігін сақтау бойынша белсенді әрекеттерге бағытталған, өзге мәдениет өкілдерімен салихалы сұхбат құра алатын білімді, жоғары білікті, бәсекеге қабілетті мамандар мен дипломды ғалымдардың жаңа буынын қалыптастыру олардың бойында жоғары деңгейлі ұлттық сана - сезімді, ұлттық рухты, патриоттық рухты, азаматтылық пен әлеуметтік белсенділікті, өрелі тарихи сана мен әлеуметтік жадыны тәрбиелемейінше мүмкін емес екендігін саналы түрде түсіну талап етіледі. Жастар - мемлекетіміздің болашақ тағдырына жауапты ұрпақ. Бүкіл әлемдік қауымдастықта жастар әлеуметтік өзгерістердің авторлары, өте үлкен инновациялық күш пен стратегиялық сарқылмас ресурс. Сондықтан біз жастарымыздың, әсіресе студент жастардың ұлттық сана-сезімдері, соған сәйкес рухани қасиеттерінің қандай деңгейде қалыптасатынына немқұрайлы қарай алмаймыз. Қазіргі заманғы студент-жастардың білім-ғылымға деген ынталы жастарды оятуына, өз

саласының маманы болуға, елінің патриоты ретінде жетілуіне кітапханалардың көптеген пайдасы тиеді. Сол мақсатта кітапханалар аянбай еңбек етуде. Жүргізілген сауалнама нәтижесі көрсеткендей, студент-жастардың басым көпшілігі бос уақытын демалысқа жұмсайтындар болып табылады. Бүгінгі жас ұрпақ болашақ Қазақстан азаматы. Олар өзімізді қоршаған ірі өркениет орталықтарын, түрлі мәдениетті меңгеріп, өзін сыйлата алатын, рухани дүниесі бай, интеллектуалдық деңгейі жоғары, білімді де білікті жаһандану заманына сай болуы шарт. "Қазақстан-2050" бағдарламасы студенттерімізді отансүйгіштік сана-сезімінің оянғанын және де шет тілдерін жетік меңгеріп өз мамандығының шебері болғанын қалайды. Кітапты көп оқудың қыр-сырын біздің қазіргі студент-жастарға бағыт-бағдар беріп отырғанда дұрыс болар еді. Өйткені қазіргі студенттер интернет желісінде көп отырғанды жақсы көреді. Оларды өз мамандықтары бойынша профессор, доценттермен сұхбаттастырып отыру қажет. Оларға сұрақ қою арқылы білімін шыңдауы тиіс. Кітапханада әрдайым іс-шаралар болып тұрады. Жоғары оқу орындары мен орта арнаулы білім ордаларында сол іс-шаралар болатын уақытты әрдайым жарнамалап тұрса екен. Студенттеріміз бос уақытын тиімді пайдаланып, кітапханаларға барып, ұлттық дәстүрді жаңғыртатын іс-шараларды үздіксіз жүргізіп отырса, нұр үстіне нұр болар еді. 2019 жылды арнайы «жастар жылы» деп арнайы атап өтуі де, жастардан үлкен үміт күтетіндігіміздің айқын көрінісі деп айта аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Бэкон Ф. История правления короля Генриха VII. М.: Наука, 1990, 328 с., 25 000 экз., (Памятники ист. мысли).

2. Фрейд, Зигмунд. Основные психологические теории в психоанализе / пер. М. В. Вульф, А. А. Спектор. — М.: АСТ, 2006. — 400 с.

Ясперс К. Смысл и назначение истории: Пер. с нем.- М.: Политиздат, 1991.-4527 с. (Мыслители XX в.).- С.28-286.

4. Соловьев Владимир Сергеевич // Новая философская энциклопедия

5. Орлова Э.А. Современная городская культура и человек. -М.: Наука, 1987. -С.160.

6. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері және тарихы. – Алматы: "Білім" 2004 ж.

7. Тәжібаев Т. «Педагогическая мысль в Казахстане во второй половине XIX века»

8. Педагогикалық технологиялар негізінде студенттердің негізінде студенттердің кәсіби іскерлік құзыреттілігін қалыптастыру / Қ. Ж. Аганина, Н. С. Байжуманова // Білім әлемінде=В мире образования. 2009. № 1. 2429 б. Рубрики: Білім

ӘОЖ 80

ЖЫР ДҮЛДҮЛІ

Жауынбаева Н.Қ.
І. Жансүгіровтің әдеби музейі, Талдықорған қ.

E-mail: *muzei_zhansugurova@mail.ru*

Құнды құжаттар мен мәнді мәліметтерге толы Ілияс Жансүгіровтің әдеби музейі - жастарды білім нәрімен сусындатып қана қоймай, қоғам қайраткерінің өмір белестерінің беймәлім сырларына қанықтыратын киелі орын. Қашанда қазақ халқы барын бағалап, ұрпағына сапалы білім беріп, тәрбиелей білген. Музей, әсіресе, жас ұрпақ үшін өте бағалы мекеме. Музейден алған мәліметтері арқылы келуші жастар білімдерін бекіте түседі.

Кілт сөздер: *Ілияс Жансүгіровтің 125 жылдығы, мұражай, ақынның паспорты, «Құлагер» поэмасы, «Қуат» поэмасы, «Бақытты Жамал».*

Литературный музей Ильяса Жансугурова, наполненный ценными документами и важной информацией, является священным местом не только для молодых людей, чтобы получить знания, но и заполнить неизвестные стороны жизни общественного деятеля. Казахский народ всегда ценил то, что есть, воспитывал детей, давал качественное образование. Музей является очень ценным учреждением, особенно для молодого поколения. Благодаря информации, полученной из музея, молодые люди получают знания.

Ключевые слова: *125-летие Илияса Жансугурова, музей, паспорт поэта, поэмы «Кулагер», «Куат», «Бакытты Жамал».*

The Ilyas Zhansugurov Literary Museum, filled with valuable documents and important information, is a sacred place not only for young people to gain knowledge, but also to fill in the unknown aspects of the life of a public figure. The Kazakh people have always appreciated what it is, raised children, and gave a quality education. The museum is a very valuable institution, especially for the younger generation. Thanks to the information received from the museum, young people gain knowledge.

Keywords: *125th anniversary of Iliyas Zhansugurov, museum, poet's passport, poems "Kulager", "Kuat", "Bakytty Jamal".*

«Ілияс Жансүгірұлын туған әдебиетіміздің Алатауы деп білсек, соның аспан төсін арда емген асқары Хантәңірісі – ақындығы екенін аңғартары ақиқат. Ілияс Жансүгірұлының ұлтының өміріндегі орны орасан; қазақ әдебиетіндегі әлемі айрықша. Ол – туған әдебиетіміздің бір асқар Алатауы немесе жыр Жетісуы».

Қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі, қазақ поэзиясына революциялық өзгеріс әкелген дүлдүл ақын, әдебиетіміздің барлық жанрына елеулі еңбек сіңірген Ілияс Жансүгірұлының туғанына биыл - 125 жыл!

Ілияс Жансүгіров – ғибратты ғұмыр кешіп, өткір тіл, қарымды қаламы қару болған рух майданында жоғары адамгершілік құндылықтарды ту етіп көтеріп, халқымыздың мақтанышына айналған ерекше тұлға. Оның терең тынысты шығармаларының танымдық, тәрбиелік мәні зор.

Күллі мәдени мұраларымызды, оның ішінде рухани құндылықтарымызды жинақтау, зерттеу мен зерделеу – уақыт талабы. Ұлылардың мұрасы да, мұраты да, атақ-даңқы да, бүгінгі мерейтойы да – кейінгі ұрпаққа үлгі.

Жыр дүлдүлі Ілияс Жансүгіровтің шығармаларын көпшілік арасына кеңінен насихаттау мақсатында жер жәннаты Жетісудың орталығы Талдықорған қаласында 1984 жылы ақынның әдеби музейі ашылып, халыққа қызмет етіп келе жатқанына 35 жыл толып отыр. Алты бөлмеден тұратын музей үйінде Ілияс Жансүгіровтің құжаттары, баспа ісіне пайдаланған машинкасы, өзі сатып алған кілемі, киген плащы, ұстаған таяғы, дәм татқан ыдыстары, қолжазбалар қоры, әр жылдары шығарылған кітаптары және ақын творчествосын зерттеушілердің еңбектері сияқты алты мыңнан астам құнды жәдігерлер сақтаулы. Ілияс Жансүгірұлының құлағына азан шақырып, «Қызырілияс» деп есімін қойған, кіндік әкесі саналатын қобызшы Молықбай Байсақұлының қасиетті қоңыр қобызы музейдегі құнды экспонаттардың бірі.

Бүгінгі күні Ілияс Жансүгіров шығармашылығы мен қоғамдық қызметтеріне қатысты сирек материалдарды, құнды жәдігерлерді көруге көрермендердің қызығушылығы артуда. Жылына, 5000-ға жуық көрермен музейдің жұмыстарымен танысады. Көпшілігі оқу бағдарламасы бойынша мектеп оқушылары мен дипломдық, курстық жұмыстарға дайындалушы студент - жастар.

Жыл сайын ақынның туған күнін, репрессия құрбаны болған азалы күндеріне арналған ақынды еске алу жиындарын өткізу дәстүрге айналған.

Қайырымдылық - халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі. Мемлекет қамқорлығына алынған жандарға жүрек жылуын ұсыну әрбір азаматтың парызы. Талдықорған қаласындағы «Айналайын» балалар үйінің тәрбиеленушілері, жасөспірімдерді бейімдеу орталығы, Текелі қаласындағы қарттар үйінің тұрғындары және көп балалы аналарға арналған қайырымдылық акцияларын ұйымдастыру жыл сайын өз жалғасын тауып келеді.

Н.Ә.Назарбаевтың «Өз жеріңді танып біл» жаңа бастамасы аясында Ілияс Жансүгіровтің туған жері Ақсу ауданының Ақсу және Қапал ауылдарына «Ілияс әлемі» атты жылжымалы көрмелер ұйымдастырылды.

2016 жылы неміс жазушысы Герт Хайденрайх Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасын неміс тіліне аударса, биыл «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры мен Ілияс Жансүгіров қорының бірлескен жүйелі жұмысының нәтижесінде поэма ағылшын тілді оқырманның назарына ұсынылды. Шығарманы ағылшын тіліне аударған белгілі ақын, аудармашы Белинда Кук. Елбасымыз «Рухани жаңғыру» мақаласында: «Әлем бізді қара алтынмен немесе сыртқы саясаттағы ірі бастамаларымызбен ғана емес, мәдени жетістіктерімізбен де тануы керек», - деген болатын. Шынында да бүгінгі күні қазақ поэзиясының төрінен орын алатын І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасының ағылшын тіліне аударылуы – рухани өміріміздегі үлкен оқиға болып табылады.

2016 жылы Ақсу ауданы, Еңбек ауылының тұрғыны айтыскер ақын Атамбаев Бекболат Қапашұлы Ілияс Жансүгіров музейінің қорына Ілияс Жансүгіровтің жейдесін тапсырды. 2017 жылы Алматы облыстық Ішкі Істер Департаментінің ақпараттық-аналитикалық орталығы І.Жансүгіровтің 1936 жылы Алматы қаласында берілген паспортын және ақырғы бейнесі, тұтқындалған кездегі фотосуретінің түпнұсқасын ақынның музей қорына сыйға табыстады. Алғашында НКВД қабырғасында сақталынып кейін Ішкі Істер Департаментіне берілген паспорт 80 жыл кейін өз мекенін тапты. Алматы қаласындағы Ұлттық кітапхананың сирек кездесетін қолжазбалар қорынан белгісіз себептермен осы уақытқа дейін жинақтарға енгізілмей қалған І.Жансүгіровтің «Қуат» поэмасы мен «Бақытты Жамал» әңгімесі табылып, оны музей қызметкері Айжан Алтайқызы латын қарпінен кириллицаға түсіріліп, бұл еңбек «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрді.

Құнды мұраларды қорға жинастырып қана қоймай, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында көптеген шаралар, жылжымалы көрмелер өткізіп, Ілияс Жансүгіровті насихаттауда жүйелі жұмыстарымен елдің ықыласына бөленген ақынның әдеби музейі 2017 жылы Алматы облысы әкімдігінің «Үздік музей» номинациясының жеңімпазы атанса, 2019 жылы Қазақстан Республикасы мәдени саясаты Тұжырымдамасын жүзеге асыруға және мәдениет саласының дамуына қосқан үлесі үшін Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ІІ дәрежелі дипломымен марапатталды.

Ілияс Жансүгіровтің 125 жылдық мерейтойы қарсаңында Астана қаласының 20 жылдығына «Жырға арқау болған Астана» атты облыстық жыр мүшәйрасын өткіздік. Оған облысымыздың аудандары мен қалаларынан келген жастар қатысып, өз өнерлерін паш етті.

Ақынның мерейтойымен тұспа-тұс жарияланған «Жастар жылы» аясында жастарымыздың ұлттық поэзиямызға деген сүйіспеншілігін арттырып, талантын таныту, дүлдүл ақынның шығармашылық бай мұрасын насихаттау үшін үстіміздегі жылдың 25 сәуірінде «Өлеңнің өрен жүйрігі» атты жастар арасында облыстық байқау өткізуді жоспарлап отырмыз.

Қазақтың Абайдан кейінгі замандағы аса дарынды ақыны Ілияс Жансүгіровтің өнегелі өмірі мен шығармашылығын халыққа насихаттау мақсатында музей қызметкерлері қаламыздың тұрғындарын, мемлекеттік мекемелер қызметкерлерін музей экспозициясымен танысып, мәдени бағдарламаларға қатысуға және рухани байып қайтуға арнайы шақырып, экскурсиялар жүргізіп отырады.

Құнды құжаттар мен мәнді мәліметтерге толы Ілияс Жансүгіровтің әдеби музейі - жастарды білім нәрімен сусындатып қана қоймай, қоғам қайраткерінің өмір белестерінің беймәлім сырларына қанықтыратын киелі орын. Қашанда қазақ халқы барын бағалап, ұрпағына сапалы білім беріп, тәрбиелей білген. Музей, әсіресе, жас ұрпақ үшін өте бағалы мекеме. Музейден алған мәліметтері арқылы келуші жастар білімдерін бекіте түседі.

Ілияс Жансүгіров небәрі 44 жас өмірінің 20-дан астам жылын шығармашылыққа арнаған жан. Ол аз уақыттың ішінде артында өшпес із қалдырды. Талайды жылатқан, мұңайтқан, ойландырған Құлагерді қалдырды. Өнер иесінің өмірін өлеңмен әрледі, өз заманын кейінгі ұрпақтың көруіне мүмкіншілік берді. Ұрпағына ұмытпас ұлы мұра сыйлады. Ақынның

«Құлагер» поэмасын неміс тіліне аударған неміс жазушысы: «Мен «Құлагерді» қазақтардан қызғанамын» дегені - бұл біздің асыл ақынымызды қазақтар ғана емес, әлем мойындағандығының тағы бір дәлелі.

Қазақстанымыздың халқы аман, қасиетті жері бүтін болсын. Мемлекетіміз берік, бірлігіміз берекеге, әр күніміз мерекеге ұласа берсін ағайын!

УДК 628.162

ИНЖЕНЕРНЫЕ СИСТЕМЫ ВОДООТВЕДЕНИЯ ГОРОДА ТАЛДЫКОРГАНА

Идрисова А.Е. к.т.н.
Жетысуский государственный университет имени И. Жансугурова, г. Талдыкорган,

E-mail: *aei_64@mail.ru*

Мақалада суды әкету саласындағы «Жетісу-Суқұбыры» қалалық мемлекеттік коммуналды кәсіпорны қызметінің сипаттамасы берілген, Талдықорган қаласының ақаба суларын тазартуының тиімділігі мен жүйелері қарастырылады.

Тірек сөздер: *ғимарат, мөлшер, қалдық, аэротенк, регенерация*

В статье дана характеристика деятельности городского государственного коммунального предприятия «Жетысу-Водоканал» в сфере водоотведения, рассматриваются системы и эффективность очистки сточных вод города Талдыкоргана.

Ключевые слова: *сооружение, концентрация, осадок, аэротенк, регенерация*

In the article description of activity of municipal statecommunal enterprise of «Zhetisu-Wodokanal» is in the field watter, the systems and efficiency of cleaning ofeffluents of city of Taldykor gan are examined.

Key words: *the building, the concentration, the sediment, the aerotank, the regeneration*

Городское государственное коммунальное предприятие (далее ГГКП) «Жетысу-Водоканал» осуществляет свою хозяйственную деятельность в сфере водопроводного обслуживания населения и производственных предприятий города. Сооружения очистки смешанных стоков города Талдыкоргана были построены в 1977 г. Проектная мощность сооружений составляет 36 тыс. $м^3$/сут. Очистные сооружения функционируют в полном объеме, эффективность очистки сточных вод высокая, достигает 95-97 %.

Хозяйственно-бытовые и производственные стоки поступают в систему водоотведения, смешиваются и далее поступают на общегородские сооружения механической и биологической очистки. Биологически очищенные сточные воды далее по трубопроводу отводятся в реку Каратал, которая впадает в озеро Балхаш.

ГГКП «Жетысу-Водоканал» в своей производственной структуре имеет ведомственную аналитическую лабораторию, осуществляющую лабораторно-производственный контроль за составом сточных вод и работой общегородских очистных сооружений. Аналитическая лаборатория «Жетысу-Водоканал» имеет соответствующее аттестационное свидетельство на проведение химического анализа сточных вод по всем контролируемым показателям. Отбор проб и анализ сточных вод осуществляются по химическим ингредиентам, показателям токсичности, общему микробному числу (ОМЧ) и коли-индексу, в соответствии с графиком отбора проб. Отбор проб осуществляется после песколовок, отстойников, в каждом регенераторе, аэротенках, на выпуске очищенных стоков с биологических прудов, на выпуске в реку Каратал и на створах: река Каратал, 500 м выше и ниже сброса сточных вод «Жетысу-Водоканал».

По общему солесодержанию биологически очищенные воды города Талдыкоргана на выпуске в реку Каратал маломинерализованы, по всем контролируемым ингредиентам загрязнения в режиме годового усреднения имеют концентрации в пределах $ПДК_{рыб.}$

Качество вод реки Каратал в створе «500 м выше сброса сточных вод «Жетысу-Водоканал», являющегося фоновым для предприятия по всем нормируемым химическим показателям, соответствует требованиям водоемов рыбохозяйственной категории ($ПДК_{рыб}$).

В таблице 1 приведены среднегодовые фактические концентрации веществ в очищенных сточных водах, отводимых в реку Каратал, в 2017 году.

Таблица 1. Фактические концентрации загрязняющих веществ в биологически очищенных сточных водах города Талдыкорган, отводимых в реку Каратал.

№ п/п	Показатели состава сточных вод	Концентрации загрязняющих веществ, г/м^3		
		I полугодие 2017 года	III квартал 2017 года	IV квартал 2017 года
1	2	3	4	5
1.	Взвешенные вещества	11	10	12
2.	Сульфаты	58	45	39
3.	Хлориды	55	55	45
4.	Азот аммонийный	0,25	0,33	0,22
5.	Нитриты	0,155	0,05	0,136
6.	Нитраты	7,22	6,21	9,0
7.	Фосфор общий	0,27	0,39	0,74
8.	Медь	0,004	0,004	0,006
9.	Цинк	0,004	0,001	0,005
10.	Свинец	0,04	0,01	0,017
11.	Коли-индекс	4,25	1,733	6,0
12.	pH	7,72	8,13	7,50

В таблице 2 приведены фоновые концентрации веществ в конечном водоприемнике сточных вод реки Каратал, в створе 500 м выше сброса ГГКП «Жетысу-Водоканал», в 2017 г.

Таблица 2. Фоновые концентрации загрязняющих веществ в воде реки Каратал, 500 м выше сброса сточных вод ГГКП «Водоканал».

№	Показатели состава сточных вод	Концентрация загрязняющих веществ, г/м^3			
		I полугодие 2017 года	III квартал 2017 года	IV квартал 2017 года	Средняя за 2017 год
1	2	3	4	5	6
1.	Взвешенные вещества	14	17	5	12
2.	Сульфаты	47	32	38	39
3.	Хлориды	6	7	7	6,7
4.	Азот аммонийный	0,11	0,62	0,16	0,30
5.	Нитриты	0,00	0,024	0,013	0,012
6.	Нитраты	1,78	1,01	0,98	1,26
7.	Фосфор общий	0,007	0,13	0,04	0,059
8.	Медь	0,006	0,005	0,008	0,006
9.	Цинк	0,005	0,009	0,018	0,010
10.	Свинец	0,013	0,005	0,014	0,010
11.	Коли-индекс	138,075	39,000	-	95,532
12.	pH	7,87	8,27	7,90	8,0

Очистные сооружения водоотведения расположены в северо-западной части города в двух километрах. На очистных сооружениях водоотведения принят метод полной искусственной биологической очистки сточных вод с доочисткой на биологических прудах с последующим обеззараживанием. Сточные воды поступают на сооружения самотеком по железобетонному коллектору диаметром 1200 мм. Для равномерного распределения стоков по лоткам, перед сооружениями установлена железобетонная приемная камера. Из камеры стоки по трем железобетонным лоткам поступают в здание решеток для задержания крупных отбросов через три механические решетки с граблями марки МГ-8Т. Размер решеток 1400×2000 мм. Скорость прохода воды 0,8-1 м/сек. Неподвижные решетки представляют собой металлические рамы, внутри которых установлены ряды параллельных стержней. Прозоры между стержнями решеток 15 мм.

Очистка решеток от задержанных отбросов производится движущимися граблями, зубцы которых входят в прозоры между стержнями решетки и сбрасывают отбросы в лоток с движущейся водой. Далее включается насос №11 или №12 марки К-90-35, который продвигает воду с отбросами через трубу в направлении площадки отбросов, где отбросы просушиваются и затем вывозятся на свалку. Пластины граблей прикреплены к шарнирно-пластинчатым цепям, расположенным с двух сторон решеток, приводимым в движение электрическим двигателем мощностью 0,75-1,5 кВт. Далее стоки по железобетонным лоткам подаются на песколовки со скоростью потока 0,15-0,3 м/сек.

На очистных сооружениях песколовки глубиной 5,25 м имеют диаметр 6 м. Они горизонтальные с круговым движением воды. Продолжительность движения стоков в песколовках от 30 секунд до 1 минуты. В песколовках стоки очищаются от минеральных частиц крупностью 0,25 мм и более. При переходе из канала в песколовку живое сечение потока резко увеличивается, что вызывает уменьшение скорости движения воды.

85-90 % минеральных частиц во время прохождения воды через песколовку выпадают в осадок, который периодически удаляется гидроэлеватором на две песковые площадки размером 18×34 м с искусственным дренажем. Время накопления осадка – одни сутки. После песколовок стоки подаются через поворотную камеру на распределительную чашу первичных отстойников, с которой распределяются по четырем радиальным первичным отстойникам глубиной 3,7 м, имеющим диаметр 24 м. Время отстаивания стоков в первичных отстойниках – 1,5 часа. Скорость прохождения максимальная – 7 мм/сек.

Плавающие вещества удаляются с поверхности воды в отстойнике подвесным устройством, размещенным на вращающейся ферме, и поступают в жиросборный колодец, из которого периодически, автоматически откачиваются в стабилизатор.

Выпавший осадок при помощи скребков, укрепленных на подвижной ферме, сдвигается в приямок отстойника, из которого удаляется насосами № 7 или № 8 марки ФГ-144-10,5 в стабилизатор, где осадок сбраживается в течение 7-8 суток и далее, через коридор попадает в резервуар уплотненного ила емкостью 100 м^3, из которого по мере накопления автоматически откачивается на иловые площадки насосами № 13, 14 марки ФГ-115-38 для просушки. Дренажная вода с иловых площадок самотеком поступает на насосную станцию хозяйственных стоков, откуда подается насосами № 22 или № 40 марки ФГ-216-24 в приемную камеру перед зданием решеток.

После первичных отстойников стоки, содержащие загрязнения в виде мелкой суспензии, в коллоидном состоянии и растворенном виде, направляются в аэротенки в средний канал для полной биологической очистки. Очистка в аэротенках происходит при помощи микроорганизмов-минерализаторов, которые извлекают загрязнения из сточной воды. Основную роль играют аэробные микроорганизмы, колонии которых образуют так называемый активный ил. Активный ил представляет собой биоценоз микроорганизмов-минерализаторов, способных сорбировать на своей поверхности и окислять в присутствии кислорода воздуха органические вещества сточной жидкости [1, 52-55 с.]. На очистных сооружениях имеются два трехкоридорных аэротенка размером 72×18×4,4 м. Один коридор размером 72×6×4,4 м. Из аэротенка в аэротенк сточную жидкость можно перекачивать насосом № 9 марки ФГ-216-24.

Для обеспечения нормальной жизнедеятельности микроорганизмов и непрерывного контакта активного ила и сточной воды в аэротенки непрерывно подается кислород воздуходувками, расположенными в здании воздуходувно-насосной станции.

На очистной станции имеются воздуходувки турбинные - № 1, № 2 марки ТВ-50-1,6 (3600 $м^3$/час, 3000 об/мин, 160 квт, 1,9 атм, 7 рабочих колес); № 3,4,5,6,7 марки ТВ-175 (10000 $м^3$/час, 3000 об/мин, 250 квт, 1,6 атм, 5 рабочих колес); 2 аэротенка общим объемом 11400 $м^3$, 2 стабилизатора общим объемом 11083 $м^3$; 2 илоуплотнителя размером 6×6×4,4 м. Количество потребляемого воздуха: аэротенками – 12700 $м^3$/час, стабилизаторами – 12300 $м^3$/час, эрлифтами – 1260 $м^3$/час. Всего 26260 $м^3$/час. Под регенерацию стоков отдан первый коридор аэротенков (регенератор), в который подается возвратный активный ил из эрлифтов. В аэротенках с регенераторами осуществляется следующий процесс биологической очистки сточных вод. На первой стадии абсорбции изъятие органических загрязнений активным илом происходит более быстро, чем на второй стадии их последующего окисления. Поэтому обе стадии процесса осуществляются раздельно: в аэротенках происходит абсорбция и минерализация легко окисляющихся веществ, в регенераторах – окисление сорбированных веществ и восстановление начальной активности ила [2, 125-127 с.].

Регенераторы позволяют поддерживать в них более высокую (в 2-5 раз) концентрацию (по сухому веществу) активного ила, чем в аэротенках, что в свою очередь позволяет повышать нагрузку на ил. Наличие регенераторов гарантирует высокую степень очистки сточных вод даже в тех случаях, когда состав их непостоянен и в них периодически могут содержаться токсичные вещества. В случае поступления таких веществ в аэротенки и уничтожения активного ила, этот ил может быть удален из системы и заменен новым, взятым из регенератора в большем количестве, чем в обычных условиях.

Смесь очищенных стоков и активного ила после аэротенков собирается в сборном канале и поступает в распределительную чашу вторичных отстойников. Во вторичных отстойниках ил оседает, а осветленные стоки направляются в два резервуара очищенных стоков объемом по 1000 $м^3$, из которых автоматически откачиваются на биопруды насосами № 1, 2, 3, 4 марки Д-300. Осевший ил удаляется при помощи системы движущихся илососов. Ил поступает в горизонтальную трубу, далее под действием гидростатического давления направляется в трубу, расположенную под отстойниками. Затем рециркуляционный активный ил подается эрлифтами в регенератор аэротенка.

Прирост избыточного активного ила подается эрлифтами в илоуплотнитель, далее по мере уплотнения – в аэробный стабилизатор. Иловая вода из илоуплотнителей эрлифтами подается в стабилизаторы. В биологических прудах вода находится 8-12 суток. Глубина прудов 1,5 м. Это позволяет создать значительную поверхность соприкосновения воды с воздухом, обеспечить прогрев и хорошее перемешивание воды. Таким образом создаются благоприятные условия для массового развития водных организмов, в частности планктона и водорослей, которые ассимилируют биогенные элементы и в результате процесса синтеза обогащают воду кислородом, необходимым для окисления органических веществ.

В настоящее время действует каскад биологических прудов в количестве 7 штук с направлением ступеней с востока на запад. Степень чистоты воды с каждой ступенью постепенно повышается. Сточные воды, прошедшие биологические пруды, могут быть использованы для орошения. После прохождения биологических прудов стоки направляются по трубопроводу в железобетонный колодец, где обеззараживаются раствором гипохлорита натрия. Гипохлорит натрия подводится в этот колодец по другому трубопроводу от здания хлораторной. Очищенная вода сначала по трубопроводу, а затем открытым каналом сбрасывается в реку Каратал.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Яковлев С.В., Карелин Я. А., Ласков Ю. М., Калицун В. И. Водоотведение и очистка сточных вод. – М: Стройиздат, 2012.

2. Родионов А. И., Клушин В.Н., Торочешников Н. С. Техника защиты окружающей среды. – М.: «Химия», 2015.

ӘОЖ 821.512.122'01

«ҚҰЛАГЕР» ПОЭМАСЫ: АҚИҚАТ ПЕН АҢЫЗ

Иманғазинов М.М.[1] ф.ғ.д., профессор, **Есімқұлов Б.Н.**[1] ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор, **Сембек С.А.**[2]
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті[1], Талдықорған қ. Ескелді ауданы, Шымыр ауылы[2]

Мақалада Ілияс Жансүгіровтің аса белгілі «Құлагер» поэмасының жазылу тарихы мен қысқаша сюжеттік желісі туралы болмақ.

Тірек сөздер: *Құлагер, Ілияс, Ақан, ЫБан, Көкшетау.*

В статье отражается широко известная поэма И.Жансугурова «Кулагер» , история написание и короткий сюжет поэмы.

Ключевые слова: *Кулагер, Илияс, ЫБан, Кокшетау.*

The article reflects the well-known I. Zhansugurov's poem "Kulager" , the history of writing and the short plot of the poem.

Key words: Kulager, Ilyas, Akhan, Yuan, Kokshetau.

Ілияс Жансүгіров қазақ поэзиясында қайталанбас, аса ірі, кең тынысты шығарма жазған эпик ақын. Соның дәлелі ретінде, дарынды ақын қаламын жоғарыда аталған поэмалары сарындас, сапасы да еш кем емес «Көбік шашқан», «Исатай», «Бақытты Жамал», «Мақпал», «Рүстем қырғыны», «Мәйек», «Кәмпеске», «Байкал» толғаулары басталған күйінде аяқталмай, жарық көрмей қалған. Кедергі болған жайт – оның нағыз творчестволық өрлеу жағында жазықсыз жапа шегіп, мерт болуы. Алайда оның тірі кезінде 20 жыл бойы жазып кеткен мол мұрасы қазақ әдебиетінің барлық сапасына үлкен үлес болып қосылып, мәдениетіміз бен өнеріміздің алтын қоры қомақтана түсті.

Биылғы жылы сәуірдің 3 күні Астанада Ұлттық орталық кітапханада «Құлагер» поэмасының ағылшын тіліне аударылған нұсқасы жарық көрді. Аудармасын жасаған белгілі ағылшын жазушысы Белинда Кук. Ал осыдан үш жыл бұрын Герт Хайденрайх (2016, Германияның Лейпциг қаласында шыққан). Яғни, Ілиястың әлем әдебиетінде өзіндік орын бары талассыз.

Бұл ақынның өнер тақырыбына жазылған тағы бір туындысы. Бұл поэманы ақын қазақ халқының ардагер ұлы Ақан серіге арнаған. Ақан сері – XIX ғасырдағы қазақ елінің рухани мәдениетінің тарихынан елеулі орын алатын белгілі өнер қайраткері. Ол – дарынды композитор, ақын әнші. Өзі өмір сүрген заманының әр қилы мәселелерін айқын өнер тілімен көрсете білген, оның әдеби, музыкалық мұрасы мол. Ақан серінің әдеби музыкалық, әншілік еңбектері жайлы көптеген ғылыми-зерттеу еңбектері бар. Сол еңбектердің барлығында Ақан серінің асқан өнерпаздығы, халықтың рухани азығы болған тамаша поэтикалық, музыкалық шығармалар бергені айрықша атап көрсетілген.

«Құлагер» поэмасы 1936 жылдың қараша айында «Социалистік Қазақстан» газетінің бірнеше сандарында жарияланады. Бұл ақынның эпикалық жырларының ең соңғысы және поэзиясының ең биік шыңы.

Сол газет нұсқасы бойынша пікір айтқан әдебиетші, сыншылардың сын-ескертпелерін ескере отырып, автордың поэманың соңғы нұсқасын кітап етіп шығаруға әзірлегені жөнінде Мұхаметжан Қаратаев былай дейді: «Ілияс Жансүгіровтің жазушылық қызметі 1937 жылы үзіліс тапты. Үзіліс алдында оның жазып үлгергені – «Құлагер» поэмасын кітап етіп шығаруға әзірлеген толық, кемелді нұсқасы еді. Газет нұсқасы бойынша әдебиет ортасы поэмаға дән ризалығын білдірумен бірге, жақсара түсу үшін, бірқатар ақыл-кеңес айтқан болатын. Ілияс соның бәрін ескеріп, бірнеше ай бойы өңдеп, жөндеп, толыққан нұсқасын баспаға ұсынған

кезде бұл нұсқа жарық көрмей қалды да, қолдан шығып кетті. Қазір жарияланып жүргені газет нұсқасы».

Зерттеушінің атап көрсеткеніндей, «Құлагер» поэмасының толыққанды, кемелденген соңғы нұсқасы қолға түспей жүр.

Поэмаға арқау болған оқиға – тараудың басындағы тұсында сері болсын, пері болсын, өмірімен ұнаған Ақан және тұлпар ат Құлагер.

«Күйші» поэмасындағыдай, бұл поэмада да Ақан өмір сүрген заманға, қоғамға деген ақынның авторлық тенденциясы айқын. Поэманың толғану атты кіріспесінде-ақ Ілияс Жансүгіров Ақан сері өмір сүрген феодалдық заманға өз көзқарасын толық білдіріп өтеді:

“Бақ туын тұрғанда ұстап бүгін қазақ,
Көңілі судай тасып, оттай маздап.
Ескі күні елім көрген енді ойласам,
Көрінер кейде қорлық, кейде мазақ”.

Негізгі мақсаты – ескі өмір мен бүгінгі ұрпақты таныстыра отырып, сол шірік заманға өз замандастарының ыза, кегін өршіте түсу. Осылай толғана отырған ақын халқының ескі тарихын, тұтастай қаралап, мансұқтамайды да. Қанайшылар билеген сол қара түнек заманда еңбекші халық жасаған рухани асыл қазынаға да үңіледі.

Сырттай қарағанда, поэманың негізгі сюжеті Ақан серінің бір әніне ғана құралған сияқты. Ал, мұқият қарағанда, поэманың идеялық шеңбері одан да кеңірек. Сол бір уақиғаның керегесін кеңіте отырып, ақын бас кейіпкер Ақанның трагедиясын ашады. Ақан трагедиясы Ақан сияқты мыңдардың трагедиясы екенін жинақтап танытады. Ақан өмірін жырлай отырып, сол бүкіл феодалдық заманның зұлымдығын, ірік-шірігін әшкерелей түскен. Поэманың идеялық түйіні, міне, осында.

Мәселен, поэма сюжеті экспозициясы болып есептелетін «Ас» тарауын алайық. Ақан серінің трагедиясына себеп болған аты шулы Құлагер оқиғасы осы Сағынайдың асы үстінде өтеді. Ал, сол асты терең суреттей отырып, ақын әрі сол тұстағы әр түрлі әлеуметтік топтардың өмірін көзге елестетсе, әрі сол заманның әлеуметтік сыр-сипаты жайлы түйінді-түйінді пікір түйеді. Осы асқа тұлпарын мініп, Ақан да келеді. Ойы – Құлагерді бәйгеге қосу. Құлагерді алғаш рет көрген жұрт: «Бітімі ойқы-шойқы, салпы ерін, салбыр тірсек екен, жазық бауыр, сиыр сүйек, ұзын тұрық екен, бұл ешқандай бәйге ала алмайды, бұған мініп қоян атса, қойшыға мінгізсе жарасар, ең дауасы – семіріп соғымға сою ғой» - десіп даурығады. Тұлпардың мықты тегін тек Күреңбай сыншы ғана танып «Бабында екен, бағы осы аста ашылар» деп баға береді.

Бәйгеге 1300 жүйрік қосылмақ. Олар Сырдың қыз-қарасы, Жарылғаптың жирені, Семейдің сұр серкесі, Алатаудың Ақтанткері, Балқаштың бейпіл Бөртесі, Алтайдың серпінді Көктұйғыны, Меруерт жалдас Шудың Ақсұры, серке санды Көкшетаудың Құлагері, Ұлытаудың құбайы, Қаратаудың Құмайы – осының бәрін ақын әр жүйріктің нақты қасиетін тамаша образ арқылы береді. Осы суреттеулер мен бейнелерден белгілі ат сыншысы Күреңбайдың көзімен көрсетеді.

Поэманың басында осы сюжеттермен қоса асқа келген түрлі әлеуметтік топты да көркем тілмен бейнелеп өтеді.

Ет жеп, қымыз ішіп семірген образдарды қызыл көз, саба құрсақ, кебеже қарын болып келеді, семіздерін өгізге, бұқаға, қошқарға теңейді. Осы жайсыз образдарға қарсы контраста ақын Ақан серінің өнерін қояды.

Ақан бойындағы асыл өнер осы тұста ерекше сұлуланып кетеді. Оның көкейінен тәтті, мұңды, сұлу сазды әуендері бірінен кейін бірі асып, халықтың зор қошеметіне бөленді. «Ақ саусақ», «Үш тоты», «Ақмарқа», «Сырымбет», «Көкшетау», «Кербез керім», «Ой ерке», «Жайма қоңыр» әндері Ақанның көмейінен нақышты әуенде шығады. Ләззат әлемі, сұлулықпен астасып, әр тыңдарманға рахат сыйлайды.

Табиғатынан аңқылдақ, ешкімнің бетінен қақпайтын өнерпаз әнші, жүрегіне кек байлаған дүлей күш иесі, арамза Батыраштың ішкі ой-жауыздығын сезбейді. Ақын осы тұста қандай трагедия күтіп тұрғанын аздап болса да байқатып өтеді.

Ақан бәйгеге қосылған Құлагердің тізгініндегі жетім балаға қамшы салмай, қалып та қоймай шауып отыр деген сөзінен мүлт кетпей зулап отырады. Жыланды өзегінен өткен соң атты өз еркіне жібергенде, Қусақ көлін айнала келе Құлагер Көктұйғынмен қатарласа шабады. Көктұйғын Батыраштың сәйгүлігі. Өзекке түсіп қайта қырға шыққанда алды Көктұйғын, екінші – Айтпақтың күреңі, одан кейін – Шорманның Бурылы. Ал Құлагер көрінбейді.

Өйткені, екі көзі қанталаған жендет, Батыраштың суық қол, ақбоз атты, қара киімді қарақшысы Қылта өзекте Құлагердің шекесіне айбалта ұрады.

Құлагер өлімі Батыраштан келгенін сезген халық селдей қаптап қара жүрек жауызды таптап жіберердей толқиды. Бірақ нақты айғақ табылмай дал болады.

Ал асыл Ақан айдалада Құлагердің басын құшақұтап көзінен қанды жас ағады.

“Шынымен кеткенің бе, Құлагерім,
Қасымда қасынысып тұрар едің.
Баспа-бас қызға бермес жануарым,
Басылар өлгенімше қайтып жерің ?...
Құлагер, атаң тұлпар, анаң сұңқар,
Соғып ем жан тымда, қанатым да,
Табылмас енді маған сендей тұлпар ! ...”-

деп, зар қаққан Ақанның әйгілі шығармасының өз мәтінін ақын поэмаға дәл де орында кіргізген.

Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы – сюжетті поэма. Поэма сюжетін құрайтын оқиғалар асты бейнелеген тарауларда ат жарысын, Құлагердің мерт болуын, сонымен байланысты Ақанның қайғы-шерге көмілуін суреттеген тарауларда баяндалған. Өзге поэмаларға қарағанда, бұл поэманың сюжеттік-композициялық бітімінде өзгешелік те бар екені рас. Мәселен, оқиғаны басынан бастамай, аяғынан алып қарасақ та жеткілікті. «Туған жер» атты басқы тарауда ақын Көкшетауда жападан-жалғыз қайыңды көлеңкелеп отырған қара шалды, оның үстінде ілулі тұрған аттың қу басын әңгімелейді. Міне, осы әңгіме-жұмбақтың сырын айтпақ боп ақын шегініс жасайды. Бүкіл оқиғаны сол шегініс арқылы береді де, «Аттың азалы әні» деген соңғы тарауда баяғы алдыңғы тараудағы қара шал мен аттың қу басына қайта оралады. Поэма сюжетін құрудағы бұл қаусырмалы композицияны ақын шебер де ұтқыр пайдаланады.

Поэманың бас қаһарманы – Ақан сері Қорамсаұлы. Осы бас кейіпкер өмірін бейнелеген поэма жанрының шеңберінен аспай, осы жанрдың адам образын мүсіндеудегі көркемдік мүмкіншілігін белгілі дәрежеде ұтымды пайдаланғанын көреміз. Ол ең алдымен оқырман қауымды Ақан серімен біраз таныстырып өтеді. Бұл ретте ақын Ақан серіге кең көлемде мінездеме беріп кетеді. Сол мінездеме арқылы Ақан серінің ұнамды тұлғасы анықтала бастайды.

Поэмадағы ақынның авторлық мінездемесіне қарағанда: Ақан билік айтқан ел жуаны би емес, «ауыл торып, ел шулатқан ұры» емес, «мешіт салып, зекет алып, дүниенің нәжісін бойға жаққан молда» емес, тіпті, байдың жалшысы да емес, өз малын баққан қарапайым шаруа да емес. Поэманы оқып отырған оқырманның осы тұста заңды сұрағы туатыны аян. Ақан енді кім? Бұған жауап ақынның Ақанға берген мына сипаттамасынан табылады:

“Жүйрік ат, сонар саят, қыз-қырқынмен,
Өмірді өткізген жан өз қарқынмен.
Өмірдің ащы емес, тұщысын да
Қызықтап жігіт ойын, қыз күлкіңмен.
Саңлақ ед шыққан мыңнан, озған жүзден,
Көп сұлу көзін сүзген күнді өткізген.
Қызықтың айдынына құлаш ұрып,
Армансыз қаздай қалқып, құдай жүзген...
Кісі емес көп қатынды үйірлеген,
Болған жоқ бір пендеге тию деген.
Текті құс тазалықты қолына ұстап,
Арманы-ақ сұлулықты сүю деген”.

Міне, осылайша ақын Ақан серінің халық ішінен шыққан көркемөнердің көрнекті өкілі – асқан өнерпаз ретінде көрсетеді.

Поэмадағы Ақан сері образын сөз еткенде Құлагерді айту аса қажет. Ақынның Құлагерді суреттеуі және оның қадір-қасиеттерін баяндауы бас кейіпкер бейнесін тұлғаландырып тұр. Ақан серінің Құлагері туралы және сол Құлагердің өкінішті қазасы жайлы шығарған әнінің хикаясы жөнінде ақынның поэма жазуы – қазақ поэмасының тақырыптық-мазмұндық арнасындағы ұлттық ерекшелікті де аңғартады. Атқа байланысты оқиға жайлы арнайы поэма жазуы ақынның өз халқының ежелден келе жатқан ұлттық психологиясымен тығыз байланысын танытады.

Ілияс Жансүгіров ауыз әдебиетіндегі, жазба әдебиеттегі дәстүрді тек қана жалғастырып қойған жоқ, өзінше өрістетті. Мәселен, Ілияс суреттеген Құлагердің Қобыландының Тайбурылынан, Алпамыстың Байшұбарынан, Қамбардың Қара қасқасынан, Төлегеннің Көкжорғасынан өзгешелігі бар. Ауыз әдебиетіндегі аттар әсірелеу арқылы берілсе, Ілияс Құлагерді әсірелемейді де, кейіптеп суреттемейді.

Құлагер – Ақан серінің сұлулығы, идеалы. Оның түсінігінде ондай тұлпар енді келмесі анық. Сол тұлпармен жүрек түкпіріне ұялаған әсемдік, көркемдік бәрі жоғалған. Оның бұрынғыдай ән айтуы да, ел арасында жайраңдап жүруі де екі талай. Құлагерге жұмсалған айбалта, Ақанның өзіне тиген, ол енді тірі өлік.

Сол заманның зұлым-күшінің нақтылы өкілі ретінде поэмада көрінетін кейіпкер – Батыраш. Ол – Ақан серіге қарама-қарсы бейне. Ақан серімен майданданға ашық шықпай, жар астынан бұқпантайлап келіп, өз арам ниетін іске асырады. Ашық әрекетке баспайтыны – ол Ақан серінің жақтайтын дүйім елден қаймығады, жасқанады. Батыраштың ұнамсыз кейіпкер екені оған ақын берген мінездемеден көреміз. Бір жерде ол туралы:

“Батыраш бала жастан атқа құмар,
Айқайшыл ат әперген баққа құмар.
Арам ой, ата намыс ұр-шоқпары,
Кір көңіл, сарайының батпағы бар”, -

деп сипатталған Батыраш. Осы Батыраштың зұлымдығы поэма оқиғасының шиеленісуі, әрі шешілуі үстінде көрінеді.

Ал, поэманың тіл байлығы төтенше. Өзге поэмалардағыдай, бұнда да ақын еркін төгілген, образды бейнеге бай құнарлы тілімен оқырманды эстетикалық ләззатқа бөлеп, бірден баурап алады.

«Құлагер» поэмасындағы ақынның көркемдік шеберлігі, тілінің аса шұрайлығы жайлы М. Қаратаев «Қазақ поэзиясының Құлагері» деген ғылыми зерттеуінде: «Мұндағы ұмытылмас сұлу картиналар, айқын, әдемі образдар, шындықтан туған романтикалық леп, бұлақша сылдыраған нәзік лирикалық сезім, серпінде, кең эпикалық құлаш, балы сорғалаған құнарлы бай тіл, үйқасы сыңғыраған кәдімгі он бір буынды қара өлеңнің мінсіз-мүлтіксіз үлгілері «Құлагер» поэмасын шын мәнінде поэзияның «сұлу сарайы», Жансүгіров творчествосының биік шыңы деуге толық дәлел бола алады» - деп түйген болатын. Тілінің байлығы, тазалығы, мөлдірлігі мен бейнелілігі жағынан «Құлагер» - қазақ поэзиясындағы ең үздік поэмалардың бірі.

Қысқасы «Құлагер» дастаны ақын туралы, оның тағдыры десек те,оның негізгі өзегі – Ақан трагедиясы арқылы әлеуметтік орта және замана лебі, қуанышы мен қайғысы кең көлемде жырланған ірі лиро-эпикалық поэма.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Байтұрсынов А.Әдебиет танытқыш. Шығармалары. А.,1989
1. Дүйсенов М. Ілияс Жансүгіров. Монография. А.,1965.
2. Әбдірахманова Т. Ақын арманы. А., Жазушы. 1965.
3. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. А.,1959.
4. Иманғазинов М. Жан қайығын жарға ұрдым. А.,2004.
5. Бердібай Р.Қазақ эпосы А.,1995.
6. Бес ғасыр жырлайды. I том. А.,2013.
7. Жұмалиев Қ. XYIII-XIXғғ. қазақ әдебиеті. А.,1967.
8. Иманғазинов М. Ілияс Жансүгіров. Монография. А., 2014.

ӘОЖ 336.741.28

АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Кабдрахманова Г.С. магистрант, **Тулешова Г.Б.,** э.ғ.к., доцент, **Асанова Ж.А.** магистр, аға оқытушы
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

Қазақстан экономикасында агроөнеркәсіптік кешен ең маңызды салалардың бірі. Агроөнеркәсіп кешенін дамыту ұлттық экономиканың өсуіне үлкен әсер етеді. Бұл мақалада осы саланың мемлекет тарапынан реттелінуінің қажеттілігі, міндеттері, бағыттары арқылы маңыздылығы көрсетіледі. Барлық дамыған елдерде аграрлық сектор мемлекет қолдауында болады. Бұл сала нарыққа және бәсекелестікке төмен бейімделген. АӨК-нін қолдау мемлекеттің ең бір маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Тірек сөздер: *агроөнеркәсіптік кешен, мемлекеттік қолдау, мемлекеттік реттеу, несие, қаржыландыру*

Агропромышленный комплекс является одной из важных отраслей в экономике Казахстана.Развитие агропромышленного комплекса оказывает огромное влияние на рост национальной экономики.В данной статье определены задачи, выявлены основные направления государственного регулирования агропромышленного комплекса и показана их значимость. Во всех развитых странах аграрный сектор поддерживается государством. Эта отрасль слабо ориентирована на рынок и конкуренцию. Поддержка АПК является одной из важнейших задач государства.

Ключевые слова: *агропромышленный комплекс, государственная поддержка, государственное регулирование, кредит, финансирование.*

Abstract: Agro-industrial complex is one of the important sectors in the economy of Kazakhstan.The development of agriculture has a huge impact on the growth of the national economy. In this article the tasks are defined, the main directions of state regulation of agro-industrial complex are revealed and their importance is shown. In all developed countries, the agricultural sector is supported by the state. This industry is poorly oriented towards market and competition. Support for agriculture

Key words*: agro-industrial complex, state support, state regulation, credit, financing.*

Еліміздің экономикалық дамуында агроөнеркәсіптік кешеннің маңызы бар. Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіріп қоюдын, өзі жеткіліксіз. Оны сақтап, сапалы түрде өңдегеннен кейін халыққа уақытында жеткізу керек. Ауыл шаруашылығы бұл мәселелерді басқа салалардың көмегінсіз шеше алмайды. Сондықтан оның қажеттіліктерін қамтамасыз етіп, өнімдерін өңдейтін өнеркәсіп өндірістері мен ауыл шаруашылығының арасында тікелей байланыс қалыптасқан. Басқаша айтқанда, *агроөнеркәсіп кешені* (АӨК) пайда болды.

Нарықтық экономика жағдайында ауыл шаруашылық өндірісінің тиімділігі айтарлықтай деңгейде халық шаруашылығының басқа да бірнеше салаларының дұрыс қызмет етуіне тәуелді. Ең алдымен ауыл шаруашылығын техникамен, ауыл шаруашылығы машиналарымен, жанар-жағар маймен, улы химикаттармен, құрылыс материалдармен, көлік құралдарымен және т.б. жабдықтайтын салаларға байланысты.

Ауыл шаруашылығының даму динамикасы мен қарқыны көбінесе оған өндіріс құралдарын дайындайтын өнеркәсіп салаларының өндіріс деңгейімен анықталады. Сонымен қатар ауыл шаруашылығының дамуы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына қызмет көрсететін өндіріс пен салалардың іс-әрекеттерінің тиімділігімен тығыз байланысты. Бұған бірінші кезекте техникаларды жөндеу, ауыл шаруашылығы объектілерінің құрылысы, өндіріс құралдарымен жабдықтау, материалдар мен өнімдерді тасымалдау салалары жатады.

Ауыл шаруашылығы шикізатынан соңғы өнім алу үшін аталған салалармен қоса өнеркәсіптің тамақ, жеңіл және текстильді және т.б. салалары маңызды орын алады.

Халық шаруашылығы салаларында мамандандыруды тереңдету өз кезегінде олардың арасындағы өзара тығыз байланысқа әкелді. Салалардың өзара байланысты дамуының мынадай негізгі бағыттары бар:

1. Ауыл шаруашылығы барған сайын техниканы, тыңайтқыштарды, құрылыс материалдарын және басқа да өндірістің өнеркәсіптік құрал-жабдықтарын көптеп алуы;

2. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу және техникалық қызмет көрсету;

3. Сол өнімдерді тұтынушыларға жеткізу және ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алу, сақтау [1].

Агроөнеркәсіптік кешен немесе қысқаша АӨК, ауыл шаруашылығының дамуымен байланысты, оның өндірісіне қызмет ету мен ауыл шаруашылық өнімін тұтынушыға жеткізу сияқты халық шаруашылығының салалар жиынтығы болып табылады.

«Агроөнеркәсіптік кешен» термині айналымға 70-жылдар ортасында енді, бұл кезде ол біртұтас болып қалыптасты. Агроөнеркәсіп кешенінің қалыптасуына тарихи тұрғыда ғылыми-техникалық революция әсер етті. Онда ауыл шаруашылығына жетістіктердің енуімен қатар, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптің арасындағы байланыс беріктеді. Батыс дәстүрі бойынша ауыл шаруашылығымен байланысты салаларды агробизнес деп атайды. Бұл терминді 60 жылдары американдық экономист Р. Голдбергн енгізді.

Агроөнеркәсіптік кешеннің соңғы өнімін жасауда өндірістің әртүрлі сатыларында халық шаруашылығының 70-тен аса саласы тура әрі жанама түрде қатысады.

Агроөнеркәсіптік кешенінің құрамына тек өндіріс процесінде, әрі соңғы өнімді тұтынушыға жеткізуге қатысатын технологиялық және экономикалық жағынан өзара байланысты салалар кіреді. Азық-түлік өнімдерін өндіруге және азықтық емес тұтыну заттарын жасауға қатысатын салалар сәйкестігі агроөнеркәсіптік кешенінің салалық құрылымын құрайды. Агроөнеркәсіптік кешен дамуының негізгі әлеуметтік- экономикалық мақсаттары:

1. ауыл шаруашылық өндірісінің тұрақты өсуіне қол жеткізу;

2. елдің азық-түлік мәселелерін шешу мен азық-түлік өнімдерін тұтыну деңгейін ғылыми негізделген нормаларға таяу;

3. халықтың ауыл шаруашылығы шикізатынан жасалған азықтық емес тауарларына деген сұранысын қанағаттандыру;

4. аграрлық өнеркәсіпті интенсивті формаға көшіру, соңғы өнім өндірісінің қарқынды өсуін қамтамасыз ету;

5. ресурстарды әлуетті пайдалануды жақсарту және осы негізде өндіріс тиімділігін жоғарылату;

6. бірте-бірте азық-түлік өнімдерін экспортқа шығарушы елге айналдыру мақсатында сыртқы сауда айналымының құрылымын өзгерту;

АӨК-нің соңғы мақсаты былай тұжырымдалуы мүмкін: өндіріс құралдары мен еңбек шығынын ең төменгі мөлшерде жұмсай отырып, халықты ауыл шаруашылығы шикізатынан алынатын азық-түлік және басқа тауарларымен айтарлықтай толық қанағаттандырылуы.

ҚР-ның агроөнеркәсіп кешенінің бірінші сферасы (І-қор шығаратын) машина жасау, микробиологиялық және химиялық өнеркәсіппен айналысады.

Республика агроөнеркәсіп кешенінің екінші сферасына таза ауыл шаруашылық өндірісінің салалары – егін шаруашылығы, мал шаруашылығы және ауыл шаруашылық (өндірістіктен айырмашылығы бар) мал азығын өндіру жатады.

Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің үшінші сферасы тамақ, ет-сүт және ұн-жарма өнеркәсібі кәсіпорындарынан, дайындау, сақтау, сондай-ақ ауыл аруашылығын өндірістік-техникалық, транспорттық, агрохимиялық, мал дәрігерлік-санитарлық және суландыру жөнінен қызмет ететін кәсіпорындар мен ұйымдардың жүйесінен және агроөнеркәсіп кешенінің басқа да салаларынан тұрады.

АӨК-ді мемлекеттік реттеу қажеттілігі:

1)шикізатпен пен азық-түлік, ауыл шаруашылығы өнімдері нарықтарының

Елдің макроэкономикалық жағдайын әсер етумен;

2) өнімді өндіру, өңдеу және өткізу үрдістеріне қалыптасатын табыстарды экономикалық әділетті жолмен бөлуді қамтамасыз етуге нарық қабілетсіздігімен;

3) табиғи факторлардың оның нәтижелігіне әсер етуімен анықталатын ауыл шаруашылығы өндірісінің спецификасымен;

4) ауыл шаруашылығын ауыл территориясын сақтаудың және ауыл тұрғындары іс-әрекетінің негізгі түрі ретінде қолдаумен байланысты болып келеді.

АӨК-ні мемлекеттік реттеудің міндеттері:

1) агроөнеркәсіптік өндірістің дамуы;

2) елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

3) шикізат пен азық-түлік, ауыл шаруашылығы өнімдері нарықтарын реттеу;

4) халықтың азық-түлікпен қамтамасыз етілуін жақсарту;

5) ауыл шаруашылығы мен экономиканың басқа салаларының теңгермешілігін (паритетін) қолдау;

6) ауыл шаруашылығы мен басқа салалардағы жұмысшылар табыстарының деңгейін теңестіру;

7) отандық тауар өндірушілерді қорғау болып табылады [2].

Республикада мемлекеттік қолдау шаралары жалпы сипаттағы шараларға және арнаулы шараларға бөлінеді.

Жалпы сипаттағы шаралар – бұл диагностиканың, мониторингтің және өсімдіктер мен жануарлардың ерекше қауіпті аруларына қарсы күрес; зертханалық және карантиндік өнімдерді фитосанитариялық талдау;

Ауыл шаруашылығы дақылдарын сұрыптық сынақтан өткізу;

суландыратын жердің мелиоративтік жағдайын бағалауды; астықтың мемлекеттік резервін сақтау;

элиталық тұқым шаруашылығы мен асыл тұқым ісін сақтау мен дамыту; минералдық тыңайтқышалу; агроөнеркәсіптік кешеннің ақпараттық жүйесін дамытуға; қолданбалы ғылыми зерттеулерді өткізуді мемлекеттің қаржыландыруы.

Арнаулы шаралар нақты салалар мен өндірісті қолдауға бағытталған. Олар ережедегідей, құндық (жаза) сипатта болады және рыноктың тұрақты шаруашылық жүргізуші субъектісіне арналған.

Арнаулы шараларға жататындары: мемлекеттік ресурстарға астық сатып алу; ауыл шаруашылығы лизингісін кредиттеу; көктемгі-далалық жұмыстар мен жинау жұмыстарын өткізу үшін жергілікті бюджетті кредиттеу; ауылдық кредиттік серіктестіктер жүйесін кредиттеу; ауылдық кредиттік серіктестіктер жүйесін кредиттеу; экспорттық-импорттық тәртіпті реттеу кезіндегі тарифтік саясат.

Агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік реттеу оның басым экономикалық әдістерін жүзеге асырып, отандық азық-түлік нарығын импорттап, сондай-ақ аграрлық секторды ауыл шаруашылығы өндірісі үшін құрал өндіретін және оның өнімдерін сатып алатын жоғары монополияландырылған салалардан қорғауды қажет етеді; мемлекеттің функциясын нарық жағдайында қолданылатын тапсырысшы және инвестор ретінде сақтау мен жетілдіруді; нарықтық инфрақұрылымды дамытуға ықпал етуді;

Мемлекеттік сектордың агроөнеркәсіп кешенін қолдауын;

Ауылдың әлеуметтік саласын дамытуды;

Аграрлық ғылымды дамытып, ауыл шаруашылығы үшін кадр даярлауды көздейді.

Агроөнеркәсіп кешенін экономикалық әдістермен дамыту белсенді ықпал етуді мемлекет несиелік және салықтық реттеу, бюджетті қаржыландыру, еңбекке ақы төлеудің шарттары мен деңгейін реттеу, мемлекеттік бағдарламалар, мемлекеттік тапсырыстар, тиімді кедендік саясат арқылы жүзеге асыра алады.

Агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік реттеу міндетті түрде сыртқы экономикалық бағытты да қосады. Ол аса маңызды міндеттердің бірі ретінде отандық ауыл шаруашылығын қорғауға ие.

Сыртқы сауданы қорғау мен аграрлық протекционизмнің дәрежесі және формасы ауыл шаруашылығының жағдайына, жекелеген тауарлар мен тауарлық топтар бойынша нарыққа, нарықтың тығыздығы мен отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігіне байланысты болуы тиіс [3].

Мемлекеттік қолдау әкімшілік әдістер ретінде көрінеді, яғни құқықтық актілерде көрініс табады.

Агроөнеркәсіптік өндірісті мемлекеттік реттеу келесі бағытта ұсынылады:

- қаржыландыру, кредиттеу, сақтандыру және салық салу;
- шаруашылық субъектілеріне қаржылық қолдау көрсету;
- ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп арасындағы ғылыми негізделген

Баламалы қатынастарды орнату;

- ғылыми-техникалық бағдарламалардың жетістігін кеңінен ендіру үшін жағдай жасау, ауылда ауыл шаруашылығы ғылымы мен әлеуметтік аяны дамыту;
- аграрлық секторда салық жеңілдіктерін қарастыру;
- ауыл шаруашылығын көтеру үшін субвенция қарастыру;
- отандық тауар өндірушілердің мүддесін қорғау мақсатында сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру [4].

АӨК-ді дамыту бірқатар мәселелерді шешеді:

- елдің азық-түлік қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі, бұл экономикалық қауіпсіздікті тұтастай қамтамасыз етуде ең маңызды бағыт.
- ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту арқылы ауылдық жердегі жұмыссыздық проблемасы шешіледі және әлеуметтік тұрақтылыққа көмектеседі.
- ауыл шаруашылығы саласын дамыту барлық экономика үшін мультипликативті әсер етеді, яғни ілеспелі салалардың көтерілуіне жағдай туғызады.
- елдің ауыл шаруашылығын дамыту және отандық өнімдерді сыртқа шығаруға мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығы саласының дамуы елдің тұтастай экономикалық дамуы үшін маңызды.

Агроөнеркәсіптік кешен экономикалық өсудің елдің сауда және төлем балансының жақсаруына қосымша негіз бола алады [5].

Жоғарыда айтып өткеніміздей, қазіргі кезде аграрлық саланың алдында тұрған шешілуге тиісті маңызды міндеттерді қарастыру – осы саланың ерекшелігін, яғни халық шаруашылығының басқа салалырна қарағанда аграрлық салада, нарықтық экономикаға өтудің күрделі де қайшылықты екендігін мойындаудан басталады. Оның ең басты себептеріне аграрлық өндірістің нақты қоғамдастырылуының барынша төмен дәрежесін, ұдайы өндірістің табиғи, экономикалық және әлеуметтік жағдайларға ерекше тәуелділігін, территориялық шоғырлануымен шаруашылық жүргізудің аймақтық факторларының әртүрлілігін айтуға болады.

Сонымен қатар, Қазақстанның аграрлық секторының нарықтық қатынастарға өтуі барлық салалардың түбегейлі түрде қайта құрылуын талап етеді. Халық шаруашылығының барлық сферасында нарықтық бағдарламалардың жүзеге асырылуының мүмкіндіктері өз кезегінде реформалардың нәтижесіне, яғни агроөнеркәсіптік кешеннің (АӨК) аралас салаларының және ауыл шаруашылығының ахуалына байланысты. Осылайша, радикалды аграрлық реформа өзінің мақсатты бағыттары және мазмұны, сондай-ақ ұйымдық-құқықтық механизмі және күтілген нәтижесі бойынша біздің еліміздің барлық экономикалық жүйесінің қайта құрылуының органикалық құрамды бөлігі болып табылады.

Аграрлық реформаны зерттеуші теоретиктер мен ұйымдастырушылар оның алғашқы пунктерінде-ақ АӨК-нің нарықтық қайта құрылуының нақты мүмкіндіктерін бағалауда көптеген дәлсіздіктер жіберді. Осыған байланысты нарықтық механизмді АӨК-нің барлық салаларына тез, әрі толығымен енгізу керек деп есептелінген. Сонымен бірге, ең негізгі жағдай ескерілмей қалды, яғни ауылдық жерлерде шынында да кооперативтік және жеке шаруашылықтардың болғаны бәрімізге белгілң жайт, бірақ та олардың барлығы тек мемлекеттің қорғауына ғана сеніп ұйымдастырылған деп айтсақ та болады. Мемлекет және

үкімет тарапынан болатын қолдауды, қорғауды жаймен болса да жаңа жағдайға, яғни нарық жағдайына және мақсатына сәй кестендіре отырып өзгертіп, оны дамытып қайта құрудың орнына, біздер оның тез арада және түгелдей жойылып кету жолына бардық. Бірақ та бұлардың барлығы реформалаудың қиындықтарымен байланыстыруға болмайтын, тек субъективтік сипаттағы қателіктер ғана болып саналады. Сондай-ақ АӨК-нің тез, әрі қарқынды түрде дамуын қиындататын, оның радикалды өзгеруінің жай және ұзақ болуының негізгі себепшісі болатын, оған әсер етуші объективтік факторларды да естен шығармаған жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Оспанов М. Т. «Агробизнес теориясы мен тәжірибесі» - Алматы. 1997 – 320 бет

2 Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы саласының экономикалық көрсеткіштері жылнамасы. – Орал: 2012

3 Төреғожина М. Б. «Экономиканы мемлекеттік реттеу: Лекциялар курсы». – Алматы: Экономика. 2008 – 206 бет.

4 Мырзалиев Б., Алибекова Ж. Экономикалық дағдарыс жағдайында агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік реттеудің негізгі формалары//Ізденіс. 2010 – №1. – 5 - 8 б.

5 Шеденов Ө. Қ., Дюсеханова Н. М. Агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы мемлекет саясатының рөлі және оны іске асыру әдістері//Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің хабаршысы. 2010 – №1/77. – 74-80 б.

УДК 378.221

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРЫ

Кадирова Э.К. мұғалім
«О. Кошевой атындағы негізгі орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» мемлекеттік мекемесі, Ескелді ауданы, Алматы облысы

Мақалада автор дамыта оқыту жүйесі бойынша сабақтарды даярлау және өткізу этаптарын, типологиясын іс-тәжірибеде қолдануды көрсетеді.

Тірек сөздер: *технология, дамыта оқыту, құзіреттілік, қызығушылық.*

В данной статье автор описывает применение на занятиях методов приемов развивающего обучения в учебном процессе.

Ключевые слова: *технология, развивающее обучение, мотивация, способность.*

The article deals with technologies of developing teaching and stages of typology of conducting classes.

Key words: *technology, ability, typology.*

Тәуелсіз ел тірегі-білімді ұрпақ. Жас ұрпаққа білім беруде, оларды болашақ еліміздің тұтқасы етіп тәрбилеу әр ұстаздың, әр бір мектептің ең қасиетті міндеті.Бүкіл дүниежүзілік білім әлеміне кіру мақсатында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүесі құрылуда.Бұл үрдіс педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіне нақты өзгерістер енгізумен қатар жүргізіледі.

Оқытудын, тәрбиелеудің мазмұның қоғам дамуының қарышты қадамына сәйкестендіріп, оны шырқау биіктерге көтеруге бағытталған тың әдіс-тәсілдер жасалуда. Нәтижесінде тұтас педагогикалық үрдістер өзгертіліп, білім берудің тиісті деп табылған жаңа технологиялары дүниеге келуде. Оқыту барысында жаңа технологиялық әдістерді пайдалану шәкірттердің ойлана білу кабілеттерін дамытады, олардын білім сапасын жақсартады, ой өрісін кеңейтеді, есте сақтау кабілеттерін өсіреді. Дамыта оқытуда окушының ойлау, ізденушілік, зерттеушілік қабілеттері

артып, талдау арқылы белгілі бір шешімге келуге, оны дәлелдей білуге, оқушының өз ой-пікірін айтуға мүмкіндік беріледі.

Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Сондықтан оқу-тәрбие үрдісінде жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді еңгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салу.

Оқу - адамның психикалық дамуының формасы, элементі. Кез келген оқыту белгілі бір мөлшерде адамды дамытады. «Даму» ұғымы сөздікте «... мөлшерлік өзгерістердің белгілі бір өлшем шегінен шығып, сапалық өзгерістерге айналуы »- деп түсіндіріледі. «Даму» ұғымының психологиялық анықтамасы - жаңарту үрдісі, жананын өмірге келіп, ескінің жоғалуы деген мағынаны береді [1]. Барлық табиғат құбылыстары сияқты бала психикасы да үнемі диалектикалық жолмен дамып, өзгеріп, бір деңгейден екінші деңгейге өтіп отырады. Оқыту мен дамыту арасында тығыз байланыс бар екенін психология ғылыми жеткілікті дәрежеде дәлелдеп берді деп айтуға болады. Бұл мәселені түбегейлі зерттеп, бала дамуындағы оқытудың рөлін, алар орнын анықтаған көрнекті психолог Л.С. Выготский. Ол дамуды оқытумен тең, керісінше оқу мен даму екі бөлек үрдіс деген көзқарастарды қапы сынға алды.

Ең алғаш рет бала дамуының төмендегідей екі аймағы болатындығы жайлы ілім ұсынды.

1. Бала дамуының жақын аймағы - баланың тек үлкендердің көмегі арқылы атқара алатын істері.

2. Бала дамуының қол жеткен аймағы - баланың үлкендердің көмегінсіз істей алатын істері.

Баланың дамуы бірінші аймақты меңгеру арқылы жүзеге асады. Дамудың қол жеткен аймағы жақын аймақпен өзара қызметтесе отырып, оны игерген кезде дамуы өріс ашылады.

Мектеп оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл-ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу үрдісін жолға қою керектігі саналады. Оқушының шығармашылық қабілеті де оның ойлау мен тәжірибелік әрекеттері арқылы ғана дамиды. Ойлауға үйрететін сабақтарды дамыта оқыту сабақтары деп білеміз.

Дамыта оқытуды ұйымдастыру, балаға ақыл-ой әрекетін меңгеруге жағдай жасау деп қарастыру керек. Дамыта оқыту сабақтағы ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қарым-қатынас. Мұғалім бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана баланың ақыл-ойының көзін ашып, шығармашылығын дамытады.

Дамыта оқыту - дәстүрлі оқытуға соңғы уақыттарға дейін балама жүйе деп қарастырылды. Оның нәтижесінде әр оқушы өзін - өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, соған оқыту барысында лайықты жағдайлар жасау үлкен нәтиже берді.

Дамыта оқытуда баланың ізденушілік - ойлау әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып оның білім алуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді. Сабақ мұндай жағдайда төмендегідей 3 құрамдас бөліктерден тұратын болады.

1. Оқу мақсаттарының қойылуы.

2. Оны шешудің жолын бірлесе қарастыру.

3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Бұл - үшеуі дамыта оқытудың Д.Б.Элконин - В.В.Давыдов жасаған жүйесінің негізгі құрылымдары [2].

Оқушы алдына оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады. Мұғалім сабақ үрдісін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам рөлінде шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі. Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптар тыңдалады. Әрине, жауаптар барлық жағдайда дұрыс бола бермес. Деген-мен әр бала жасаған енбегінің нәтижесімен бөлісіп, дәлелдеуге талпыныс жасайды, жеке тәжірибесін қорытындылауға үйренеді.

Дамыта оқыту жүйесінде оқушылардың ойларын жетілдірудің маңызы зор.

Біріншіден - дамыта оқытуда білім дайын күйінде берілмейді, оған оқушы өз оқу әрекеті арқылы қол жеткізеді. Сабақтың алғашқы ізденіс кезеңінде жаңа ақпарат жайлы не бі-летіндіктерін ортаға салып, мәселені өз беттерінше шешуге талпынады. Сөйтіп олар осы мәселе туралы өз білімдерінің жеткіліксіз, таяз екенің сезіну арқылы сабаққа деген қызы-ғушылықтары оянады, ішкі түрткілері пайда болады.

Екіншіден - дамыта оқытуда оқушы жоғары қиындықтағы мәселелерді шеше отырып өзінің санасының саңылауларын ашады. Әр оқушының өзінің деңгейіне дейін дамуға қол жеткізе алады. «Жақсы окушы», «Жаман окушы» ұғымының болмауы, балаларды танымдық әрекеттерге ұмтылдырады, құштарлығын арттырады.

Үшіншіден - оқушының жеке басын дамытатын басты құрал - ол өзінің әрекеті. Сол себепті дамыта оқытудағы оқыту әдістері оқушыны белсенді жұмыс жағдайына ден қоя отырып, мәселелерді, қайшылықтарды шешу мақсатын қояды.

Тертіншіден - дамыта оқыту жүйесінің нәтижелі болуы оқушы мен мұғалімнің арасындағы жаңаша қарым-қатынасы арқасында ғана өз жемісін береді. Сол себепті дәстүрлі жүйедегі әміршілдік стиль бұл жерде тиімсіз, оқушы - «орындаушы», «мұғалімнің тасасындағы» объект емес.

Дамыта оқыту технологиясының нәтижелері:

1. Түрлі әдістерді пайдалану сабақтың нақты мәнің терең ашуға көмектеседі;
2. Оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады;
3. Олардың әркайсысының деңгейін анықтауға болады;
4. Оқушылардың көбін бағалауға мүмкіндік бар;
5. Оқушыларды ізденіске баулып, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді;
6. Оқушылардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады;
7. Жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шындауға, өзіне деген кәсіби сенімін қалыптастырады.

Бастауыш білім беру деңгейінде қолданылатын оқыту технологиялары төмендегі негізгі талаптарға сәйкес болуы керек [3].

- Оқу үрдісінде білім алушылардың өздерін еркін сезінуіне жағдай туғызу.
-Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын дамыту, күтілетін нәтижелерге жетуге талаптандыру.
- Жеке бас дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдерді қолдану.
- Өз бетімен жұмыс істеп, шешім қабылдауға мүмкіндіктер туғызу.

В.В. Давыдов ***«Дамыта оқыту дегеніміз - ақыл-ойдың дамуының көрсеткіші ретінде жинақтай, қорытындылай алу дағдысы»*** - дейді. Дамыта оқытуда баланың ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің осы кезге дейінгі білетін тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенің сезініп, содан барып онын білім алуға деген ынтасы артып, білім алуда әрекет жасайды [2].

Дамыта оқыту жүйесіндегі сабақтардың типологиясы:

- Оқу міндетін қою сабағы
- модельдеу сабағы
- түсінікті нақтылау сабағы
- нақтылау сабағы
- бағалау сабағы.

Дамыта оқыту белгілері:

1. Педагогикадағы түсіндірмелі - көрнекі әдісі алмастырады. Бұл әдіс тұлға дамуымен тығыз байланыста.
2. Дамытудың барлық зандылықтарын ескереді, жеке бастын өзіндік деңгейі мен ерекшелігіне сәйкестендіріледі.
3. Балаға іс-әрекеттін толықканды субъектісі болып табылады.
4. Балаға қоршаған ортамен өзара қатынасқа түсетін дербес субъект рөлі беріледі.
5. Тұлғаның барлық қасиетін тұтас дамытуға негізделген.

6. Баланың жақын даму аймағында жүзеге асады. Осылайша, дамыта оқыту бойынша сабақ кезендерінде

- оқушылар сабақтың мақсат, міндетін өздері анықтайды
- мәселені шешу жолын іздестіреді
- жаңаны өздері табады
- ақылдасады, кеңеседі

Дамыта оқыту жүйесі бойынша сабактарды даярлау және өткізу этаптары:

I. Әдістемелік іс-әрекет жағдайында мақсат пен міндеттерді меңгеруі

Сабақтың мазмұны

Оқу жағдайын ескеру

Әдістемелік тәсілдерді қолдану

II. Келесі сабақтың моделін жоспарлау

Сабақтың негізгі мақсаттарын анықтау (аралық міңдеттер мен шешу жолдары)

Сабақтың әр кезеңіндегі оқушынын негізгі әрекет түрлерін анықтау

Оқушы әрекетін ұйымдастыру әдіс - тәсілдерін таңдау.

III. Сабақты жүргізу.

Әр сабақтағы баланын іс-әрекетін ұйымдастыру

Оқушымен жанама қарым-қатынас

Жұмыс барысын бақылау жұмысы

IV. Рефлексия (Сабактың қорытынды бағасы)

Қойылған мақсатқа жету

Тақырып бойынша өзгерістер енгізу

Оқыту нәтижесіне талдау (жетістіктер мен кемшіліктер)

Қорыта келгенде, дамыта оқыту технологиясы оқушы құзыреттілігін дамытуда аса маңызы бар технология [4].

Тәжірибеміз бойынша білім сапасын арттыру жоддарын қарастыратын болсақ, әліппеге дейінгі кезеңнен бастап түрлі дидактикалық дамытпалы ойындар, шығармашылық тапсырмалар қолдандым. Атап айтсақ, «Әріптерді сөйлет» ойынында әріптерден сөз құрау тапсырылады. «Адасқан сөздер» дидактикалық ойынында оқушылар орны ауысқан сөздерден сөйлем құрайды. «Не артық?» ойыны барысында ерекшеленіп тұрған әріпті атау тапсырылады. Сондай-ақ, сөздік диктант жазғанда жұмбақтар жасырып, шешулерін жазғыздым. Сауаттылығын арттырумен бірге ой өрісін дамыту көзделіп отыр. «Жасырын дыбыс» деген ойын барысында жаңылтпаштан жиі қайталанған дыбысты табу тапсырылады. Білімді тиянақтау кезеңінде кесте бойынша сұрақтың дұрыс жауабын табу сәйкес нөмірін жазу керек деп тапсырылады. Сөзжұмбак шешу, сөзжұмбақ құрастыру, ребус шешу, құрастыру. Шарада, метаграммалар, т.б.

Математика сабағында логикалық есептер, шығармашылық тапсырмалар қолданамын. Сонымен қатар оқушылар математикада басқатырғалар, ребустар, лабиринттер, сиқырлы шаршылар шешеді. Дуниетану сабағында семантикалық картамен жұмысты кеңінен пайдалануға болады.

Бастауыш сынып оқушыларын оқытуда негізінен дамыта оқыту технологиясы басшылыққа алынады. Себебі қазіргі оқулықтар дамыта оқыту технологиясы негізінде жазылған. Сондықтан әрбір бастауыш сынып мұғалімі «Дамыта оқыту» технологиясындағы сабақтың құрылымын, әдіснамалық негіздерін толық меңгеріп, өз іс - тәжірибесінде шығармашылықпен қолдана білуі тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Б.А. Тұрғынбаева «Дамыта оқыту технологиялары» Алматы, 2000 ж.
2. Эльконин Д.Б., Давыдов В.В. «Дамыта оқыту технологиясы» Педагогикалық шығармалар, 1998 ж.
3. Қ.М. Нағымжанова, Н.М. Нұрғазиева «Бастауыш білім берудегі жаңа технологиялар» Өскемен 2008 ж.
4. Оқу үрдісіндегі дата оқытудың мәселелері / Психологиялық ғылым және білім беру № 1/2003 ж.

УДК 549.211

ОЦЕНКА И ОПРЕДЕЛЕНИЕ ПАРАМЕТРОВ АЛМАЗНЫХ ПОРОШКОВ В СООТВЕТСТВИИ С ГОСТ 9206-80 С ПОМОЩЬЮ IMAGE EXPERT PRO 3

Кайкибаева А.С., магистр техн.наук, **Сулейменова А.Б.,** студент
Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова

e-mail*: tan-ts_ainur@mail.ru*

В данной статье рассмотрен компьютерный метод по определению количественных характеристик алмазных порошков, как размер зерен, группа, зернистость и коэффициенты формы для контроля соответствия алмазных порошков требованиям стандарта ГОСТ9206-80. Приводится алгоритм обработки изображений для количественной оценки, актуальность применения компьютеризированных процедур в исследованиях.

Ключевые слова: *алмазные порошки, количественный анализ, соответствие ГОСТ, компьютеризированные процедуры, методы исследования*

Берілген мақалада Алмаз ұнтақтарының МЕСТ 9206-80 стандартының талаптарына сәйкестігін бақылау үшін алмаз ұнтақтарының дәндер өлшемі, тобы, түйіршіктілігі және пішін коэффициенттері сияқты сандық сипаттамаларын анықтау бойынша компьютерлік әдіс 0арастырыл5ан. Сандық бағалау үшін суреттерді өңдеу алгоритмі, зерттеулерде компьютерленген процедураларды қолданудың өзектілігі келтіріледі.

Тірек сөздер: *алмаз ұнтақтары, сандық талдау, МЕСТ-ке сәйкестік, компьютерленген процедуралар, зерттеу әдістері*


This article presents a computer method for determining the quantitative characteristics of diamond powders, such as grain size, group, stippling and shape coefficients aimed to control compliance of diamond powders with the requirements of GOST9206-80. The algorithm of image processing for quantitative evaluation, the relevance of computerized procedures in research are provided.

Keywords: *diamond powders, quantitative analysis, compliance with GOST, computerized procedures, research methods*


1 Материалы и методы исследования

1.1 Исходные данные

Измерениям подлежат изображения проекций зерен на экране часового проектора (рисунок 1).



а) б)



в)

Рисунок 1 – Зерна алмазного шлифпорошка

1.2 Алгоритм обработки изображении


Обработка изображений производилась на программном пакете ImageExpertPro 3.7. Для получения правильных результатов необходимо установить масштаб изображений, который определялся размер элемента объекта соответствующий 1 пикселю. Масштабный коэффицент для данных изображений $K=\frac{10}{37} = 0{,}27$ мкм/пикс

Жансүгіров шығармаларының қазақ халқының руханилығы мен дүниетанымын қалыптастыру тұрғысынан бағаланған шығармалары жас ұрпақты тәрбиелеуде маңызды мәні бар, қазақ халқының тарихын, мәдениеті мен философиясын жаңа парадигмалдық зерделеуге негізделген ғылыми тұрғыдан да маңызды. Сонымен бірге, ұлттық экономиканы модернизациялау үдерісінде қоғам және индивид санасын сапалы өзгерту, оның табиғатын және құрылымдық механизімін анықтау, мақсатты басымдылықтарын белгілеу, азаматтар жауапкершілігін арттыру қажет. Себебі, қазіргі экономика бүгінгі күні тек материалдық тауар мен қызметтерге ғана емес ақылға да сүйенуі керек. Ұлттық қабілетке - заманауи тиімді білім беру жүйесін қолдау және жастардың интеллектуалды деңгейін көтеру арқылы жетеміз. Әр жеке тұлға елімізде іске асып жатқан қоғамдық мәдениетті, экономикалық өзгерістерді және әлеуметтік проблемаларды оңтайлы шешуде білім және біліктілікті, өнер тапқыштықты, қабілеттілікті, қоғамдық сананы басқару мәдениетінің жоғары деңгейін тануы, игеруі қажет [5].

Қоғамдық сананы алдын ала түбегейлі өзгертпей жатып, бірде-бір факторды жекелей немесе оның жиынтығында Қазақстанның үшінші жаңғырту жетістігіне жеткізуді қамтамасыз ету мүмкін емес. Адам табиғатының оң көрінісі - оның рухани мәдениетімен үйлесуінде, жоғары кәсібилік деңгейіне сәйкес келуінде, ол өз кезегінде - жеке тұлғаның қалыптасуына алып келетін идеал адамды және басты мақсат - жаңа білім беру түрін құрудағы объективтілікті талап етеді.

Қорыта айтсақ, қазақ ойшылдарының қазіргі кезеңге дейін құнын жоғалтпаған шығармалары елімізді экономикалық және рухани тәуелділіктен азат етуге, өркениетке жетуге нұсқады. Ғылымның әр түрлі қырларынан жазылған бұл зерттеулер мен еңбектер ұлттың рухани мұрасын игеріп, еліміздің экономикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға теория жүзіндегі үлкен еңбек болып табылады. Дегенмен, қазіргі Қазақстандық экономикалық ой-пікірді руханияттық тұрғыдан талдау, қалыптасқан экономикалық ахуал мен оны дамыта түсу жолдары, өткеніміз бен қазіргі өсу бағыттарын байланыстыра зерттеу бүгінгі күннің талабы.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Н.Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» http://www.zakon.kz/4853272-n1201rs1201ltan-nazarbaev..html

2. 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті. М.Әуезов атындағы өнер интитуты.-Алматы: Ғылым, 1997.-454 б.

3. М.Базарбаев. Заман тудырған әдебиет.- Алматы: Санат, 1995.-Б.406-407

4. Қазақстан тарихы. М.Қойгелдиевтің редакциясы бойынша.-Алматы: Ғылым, 2002.- II т.-Б.173

5. Формирование духовно-нравственных ценностей обучающейся молодежи в системе непрерывного образования: теория и практика: Сборник материалов IV межкафедральной научно-практической конференции (10 ноября 2014 г.) / Под ред. Н.Д. Булатовой, Т.К. Солодухиной, В.И. Солодухина, Е.Ю. Стрельцовой. – М.: МГИК, 2015. 207 с.

УДК 541.124

ИГРА КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ ЭМОЦИОНАЛЬНОЙ СФЕРЫ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Кузетова М.Н., магистрант, **Капенова А.А.**, к.п.н., ассоциированный профессор
Жетысуского государственного университета им. И. Жансугурова, г. Талдыкорган

e-mail: *doctor_ndm@mail.ru*

В данной статье рассматривается проблемы роли игры в развитии эмоциональной сферы личности дошкольника. В последнее время в психолого-педагогических исследованиях все больше внимания уделяется вопросу развития эмоциональной сферы детей дошкольного возраста. Сложный процесс формирования личности закладывается на раннем этапе жизни ребенка его нельзя откладывать на будущее. Поэтому перед педагогами, в современном обществе, стоит задача правильного формирования эмоциональной сферы. Одним из ведущих методов правильного формирования эмоционального фона детей является игра, так как она ближе всего отвечает задачам эмоционального развития и через игру можно более лучше, направить ребенка на правильное развитие. Педагогам необходимо создавать условия для развития эмоциональной сферы дошкольников через игровую деятельность. Эмоциональное развитие ребенка этого возраста характеризуется проявлениями таких чувств и эмоций как любовь к близким, сверстникам, привязанность к воспитателю, доброжелательное отношение к окружающему миру. Важную роль в этом развитии является педагог. Он является важной ступенью перед большим миром и ребенком. Между педагогом и ребенком в процессе игры создается доверительное развитие.

Ключевые слова: *игра, эмоции, эмоциональная сферы дошкольника, дети дошкольного возраста.*

Бұл мақалада мектепке дейінгі баланың эмоционалдық саласын дамытудағы ойын рөлінің мәселелері қарастырылады. Соңғы уақытта психологиялық-педагогикалық зерттеулерде мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалдық саласын дамыту мәселесіне көп көңіл бөлінеді. Тұлғаның қалыптасуының күрделі процесі бала өмірінің ерте кезеңінде қаланады, оны болашаққа қалдыруға болмайды. Сондықтан педагогтардың алдында, қазіргі қоғамда, эмоциялық саланы дұрыс қалыптастыру міндеті тұр. Балалардың эмоционалдық аясының дұрыс қалыптасуының жетекші әдістерінің бірі ойын болып табылады, өйткені ол эмоционалдық даму міндеттеріне жақындап жауап береді және ойын арқылы баланы дұрыс дамытуға бағыттауға болады. Педагогтарға ойын қызметі арқылы мектепке дейінгі балалардың эмоционалдық саласын дамыту үшін жағдай жасау қажет. Осы жастағы баланың эмоционалдық дамуы жақындарына, құрдастарына деген махаббат, тәрбиешіге деген бауырмалдық, қоршаған ортаға деген мейірбандық сияқты сезімдер мен эмоциялардың көріністерімен сипатталады. Бұл дамудағы маңызды рөл педагог болып табылады. Ол үлкен әлем мен бала алдында маңызды қадам. Ойын барысында педагог пен бала арасында сенімді даму пайда болады.

Тірек сөздер: *ойын; эмоциялар, мектепке дейінгі баланың эмоциялық сферасы, мектеп жасына дейінгі балалар.*

This article deals with the problem of the role of game in developing the emotional sphere of the preschooler. In recent years, psychological and pedagogical researches have paid attention to development of emotional sphere of preschool children. The complex process of shaping personality is laid down at the early stage of child's life and cannot be put off for the future. Therefore, modern teachers' task is to shape emotional sphere of children correctly. One of the leading methods of shaping emotional background of children is play, as it best meets challenges of emotional

development and you can better direct a child to correct development through game. Teachers need to create conditions for development of emotional sphere of preschoolers through play activities. Emotional development of a child of this age is characterized by such feelings and emotions as love for the loved ones, peers, affection for teacher, friendly attitude to the world. An important role in this development is a teacher. He is an important step for a child into the big world. Game promotes trustful relationship between a teacher and a child.

Key words: *game, emotions, preschooler's emotional sphere, preschool children.*

Игре отводится одна из самых главных ролей в эмоциональном развитии дошкольника, как младшего, так и старшего возраста. Определений самого понятия "игра" множество, но можно сделать следующее обобщение: игра свободная деятельность, являющаяся формой самовыражения субъекта и направленная на удовлетворение потребностей в развлечении, а также на развитие определенных навыков и умений. Игра - форма свободного самовыражения человека, она сама по себе является отличным инструментом для развития у детей положительных качеств развивающейся личности, т.к. она сама по себе доставляет удовольствие детям, и попутно развивает умения у детей.

Развивая эмоциональную сферу детей необходимо уметь правильно подбирать различные виды игр. Таким образом, следует обратить внимание на классификацию С.Л. Новоселовой, в которой она рассматривает 3 класса игр (см.схема 1).

Схема 1. Классификация игр по Новоселовой С.Л.



Рассмотрев множество определений игры, можно выделить наиболее полное и широкое: «Игра-форма деятельности в условных ситуациях, направленная на воссоздание и усвоение общественного опыта, фиксированного в социально закрепленных способах осуществления предметных действий, в предметах науки и культуры. В игре как особом исторически возникшем виде общественной практики воспроизводятся нормы человеческой жизни и деятельности, подчинение которым обеспечивает познание и усвоение предметной и социальной действительности, интеллектуальное, эмоциональное и нравственное развитие личности. У детей дошкольного возраста игра является ведущим типом деятельности». [1, с. 127].

Игра - явление многогранное, ее можно рассматривать как особую форму существования всех без исключения сторон жизнедеятельности человека. Слово "игра" не является научным понятием в строгом смысле этого слова. Может быть именно потому, что целый ряд исследователей пытались найти нечто общее между самыми разнообразными и разнокачественными действиями, обозначенными словом "игра", и до настоящего времени нет удовлетворительного разграничения этих деятельностей и объективного объяснения разных форм игры. Историческое развитие игры не повторяется. В онтогенезе хронологически первой является ролевая игра, служащая главнейшим источником формирования социального сознания ребенка в дошкольном возрасте. Психологи издавна изучают игры детей и взрослых, отыскивая их функции специфическое содержание, сравнивая с другими видами деятельности. Через игру ребенок познает окружающий мир, это наиболее легкий и удобный способ научить его, как действовать в тех или иных ситуациях. С помощью игры можно влиять на некоторые умения и качества в развитии ребенка, например в развитии лидерства, достижения чего-то нового, как через индивидуальные, так и через групповые игры или соревнование. Развитие данных качеств развивает устойчивую эмоциональную сферу в ребенке. Всякая игра, прежде всего, свободная, вольная деятельность. Можно рассматривать игру и как компенсирующую деятельность, что в символической форме дает возможность удовлетворить неосуществленные желания. Игра - это деятельность, которая отличается от повседневных будничных действий. Человечество вновь и вновь создает свой придуманный мир, новое бытие, которое существует рядом с миром натуральным, миром природы. Узы, которые связывают игру и красоту очень тесны и многообразны. Игра протекает ради нее самой, ради удовлетворения, что возникает в самом процессе исполнения игрового действия. Игра - это деятельность, которая изображает отношение личности к миру, что ее окружает. Именно в мире впервые формируется необходимость влияния на окружение, потребность изменить окружение. Когда у человека возникает желание, которое невозможно сразу реализовать, создаются предпосылки игровой деятельности. Самостоятельность ребенка в середине игрового сюжета безгранична, она может возвращаться в прошлое, заглядывать в будущее, многоразовое повторять одно и то же действие, которое приносит и удовлетворение, дает возможность ощутить себя более значащим, всемогущим, В игре ребенок не обучается жить, а живет своей истинной, самостоятельной жизнью. Игра наиболее эмоциональна, красочна для дошкольников. Очень верно подчеркнул известный исследователь детской игры Д.Б. Эльконин, что в игре интеллект направляется за эмоционально - действенным переживанием, функции взрослого воспринимаются, прежде всего, эмоционально, происходит первично эмоционально-действенная ориентация в содержании человеческой деятельности [2, с. 244-247]. Значение игры для формирования личности трудно переоценить. Не случайно Л.С. Выготский называет игру "девятым валом детского развития" [3, с. 264]. В игре как в ведущей деятельности дошкольника осуществляются те поступки, к которым он будет способен в реальном поведении лишь через некоторое время. Совершая поступок, даже если этот поступок проигрывает, ребенок не знает нового переживания, которое связано с выполнением эмоционального порыва, который сразу был реализован в действии этого поступка. Предисловием игры становится способность, перенесение одних функций предмета на другие. Она начинается тогда, когда мысли отделяются от вещи, когда ребенок освобождается от жестокого поля восприятия. Игра в придуманной ситуации освобождает от ситуативной связи. В игре ребенок обучается действовать в ситуации, которая требует познания, а не только непосредственно переживается.

Действие в придуманной ситуации приводит к тому, что ребенок учится управлять не только восприятием предмета или реальных обстоятельств, а и смыслом ситуации, ее значением. У ребенка возникает новое качество отношения человека к миру: ребенок уже видит окружающую действительность, в игровой модели, что не только имеет разнообразную окраску, многообразие форм, но и знание и смысл.

Особенно актуальной является проблема развития эмоциональной сферы у детей старшего дошкольного возраста. Это обусловлено тем, что именно в данном возрасте эмоциональные переживания ребенка определяют, организуют, предвосхищают и оценивают его деятельность, т. е. эмоциональное развитие выступает как условие его воспитания. В процессе развития эмоциональной сферы старшие дошкольники учатся управлять своим поведением, строить отношения с окружающими, что является важным для подготовки их к школе. Эмоции — это отражение субъективного отношения человека к различным объектам и явлениям окружающего мира, другим людям и самому себе в форме непосредственного переживания [4, с. 452].

Эмоции – специфичные переживания (субъективные) порой ярко окрашивают то, что человек воображает, мыслит, ощущает [5, с. 170-171].

В современном мире нагрузка на психику намного больше, чем раньше. Причина этого в большом обилии информации. Поэтому сейчас очень актуальна работа, направленная на развитие эмоциональной сферы. Проблемы развития эмоциональной сферы нашли своё отражение в отечественной детской и социальной психологии в работах таких учёных, как Л. С. Выготский, А. Н. Леонтьев, А. В. Запорожец, Д. Б. Эльконин, М. И. Лисина и другие.

В старшем дошкольном возрасте создаются благоприятные условия для развития эмоций, поскольку значительно расширяется понимание детьми эмоциональных состояний, способности дифференцировать разные эмоциональные состояния, обогащается эмоциональный опыт детей. Осознание ребенком собственных чувств, умение выражать их, контролировать их является основой становления индивидуальности. Развитие эмоциональной сферы находится в тесной взаимосвязи с условиями окружающей социальной среды. Взрослый выступает для ребенка носителем средств выражения индивидуальности, обучает ребенка использованию разных средств для выражения своих эмоциональных состояний. Среди особенностей эмоционального развития детей данного возраста выделяют:

- усложнение содержания эмоциональной сферы;
- освоение социальных форм выражения эмоций, изменение экспрессивной стороны эмоций и чувств;
- развитие осознанности эмоций, развитие эмоционального предвосхищения.

Для успешного эмоционального развития старших дошкольников и предотвращения развития у них эмоциональных нарушений важно организовывать специальную работу по развитию их эмоциональной сферы. Ее содержание должно быть направлено на формирование у детей умения обращать внимание на свои и чужие эмоции, определять их характер (приятно, неприятно, спокойно, удивительно, страшно и т. д.), обучение способам справляться с собственными эмоциями.

Эмоции не развиваются сами по себе. Они не имеют своей собственной истории. Изменяются установки личности, ее отношения к миру, и вместе с ними преобразуются эмоции [6].

Именно в процессе игры у детей совершенствуются коммуникативные навыки, социальные мотивы и потребности, а также эмоциональная сфера. В процессе игры ребенок переживает чувства контроля над ситуацией, даже если реальные обстоятельства этому противоречат. Через игру ребенок выражает бессознательные импульсы, влечения, подавляемые фантазии. Спонтанное самовыражение в игре позволяет ребенку освободиться от болезненных внутренних переживаний, стабилизировать эмоциональное состояние.

Эмоциональная сфера у детей дошкольного возраста характеризуется изменением роли эмоций в деятельности ребёнка, освоением дошкольником социальных форм выражения чувств, появлением таких новообразований, как эмоциональное предвосхищение, эмоциональная отзывчивость, высшие чувства (нравственные, интеллектуальные,

эстетические). Эмоции в дошкольном возрасте постепенно становятся осознанными, произвольными.

Использование игры как средства развития эмоциональной сферы будет эффективным, если:

– учебно-воспитательный процесс модернизировать и конкретизировать с использованием игровой деятельности. В целях создания благоприятного психологического климата, способствующего эмоциональному развитию дошкольников;

– обеспечить единство условий и содержание игры, в совместной деятельности, свободное время, учитывающие потенциал различных видов игровой деятельности;

– отобрать и адаптировать игровые упражнения, задания, игры с учетом возрастных особенностей и интересов детей.

Игра – это самый легкий, веселый и эффективный способ развития в ребенке способностей, умений, положительных качеств, эмоциональную сферу личности. Проанализировав, можно прийти к выводу: игру можно использовать как средство развития эмоциональной сферы, так как с помощью игры воспитатель помогает ребенку установить контакт с окружающим миром со сверстниками и взрослыми.

Следовательно, можно сделать вывод, что эмоциональное развитие ребенка характеризуется проявлениями таких чувств и эмоций как любовь к близким, сверстникам, привязанность к воспитателю, доброжелательное отношение к окружающим миру.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Психология: словарь. / Под. Общ. Ред. А.В. Петровского, М.Г. Ярошевского 2-е изд., испр и доп-М: Политиздат. с. 127

2. Шаграева О.А. «Детская психология. Теоретический и практический курс» -М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2001, с. 244-247

3. Выготский Л.С. Психология развития ребенка – М.: Изд-во Смысл. Изд-во Эксмо, 2004, с. 264

4. Рубинштейн, С.Л., Основы общей психологии// С. Л. Рубинштейн. — СПб.: Речь, 2006. с. 452

5. Урунтаева Г.А. Дошкольная психология. - М.: Издательский центр «Академия», 2001. с. 170-171

6. /http://mirdoshkolnikov.ru/roditelyam/soveti-psichologa/item/

ӘОЖ 82-93=894.342

ҮШ АҚЫН-БІР АРНА

(Ілияс, Мағжан, Сәкен ақындығының сабақтастығы жайлы)

Кыяхметова Ш.А. ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор
І. Жансүгіров атындағы Жетісумемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,

E-mail: *aset_shara@mail.ru*

Мақалада Ілияс Жансүгіров, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллиннің сюжетті өлеңдеріндегі рухани сабақтастықтар қарастырылады.

Тірек сөздер: *стиль, ақын, суреткер, зерттеу, бейнелілік.*

В статье рассматривается духовная преемственность сюжетных стихов Ильяса Жансугурова, Магжана Жумабаева, Сакена Сейфуллина.

Ключевые слова: *стиль, поэт, художник, исследования, образность.*

The article discusses the spiritual continuity of plot verses by IlyasZhansugurov, MagzhanZhumabayev, SakenSeifullin.

Key words: *style, poet, artist, studies, imagery.*

Александр Блок айтқандай, ақындық-өзгермейтін өлшем, өзгермейтін категория. Белгілі бір ақындардың уақыт өзгерісіне байланысты тілі, өлең формалары өзгеруі мүмкін, бірақ ақындық істің сыйқырлы стихиясы, сыйқырлы сыры өзгермек емес. Ақын- гармонияның ұлы. Гармония барда, ақын да бар, ол да мәңгі. Сондай сыйқырлы сыры бар ақындарымыз – Мағжан Жұмабаев, Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин.

Зерттеуші-ғалым Қ.Жұмалиев «Стиль - өнер ерекшелігі» деген еңбегінде былай дейді: «30-жылдар лирикасының өзіне тән бір ерекшелігі -сюжеттілігі. Оған шейінгі және сол кездің өзінде де өлеңдердің сюжетке құрылуы ойдағыдай емес еді. Өлең көбінесе жалаң үгітке құрылатын еді де, кейбір күрделі мәселені жырлағанда ақындар көпсөзділікке салынып, нақты пікір айта алмай, схематизмге ұрынатын. Сондықтан ақындар өлеңді сюжетке құрып, айтайын деген идеялық мазмұнды тұжырымды образдар арқылы беруге болатындықтың үлгілерін көрсетті».[1,89]

Лирикадағы сюжет мәселесі жөнінде ой түйіндеген ғалым Г.Л.Абрамовичтің пікіріне жүгінсек, лирикалық шығармаларда оқиғалар жүйесі болмайды. Бұл бірақ олар сюжетсіз дегендік емес. Онда да сюжет күрес пен даму үстіндегі әсерлену, ой, сезім қозғалысы ретінде көрінеді. Бұл қағида табиғат лирикасына да қатысты. С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, М.Жұмабаев лирикасынан осындай ерекшелікті көруге болады. І.Жансүгіровтің «Желді күн» өлеңі осындай әдіспен жазылған. Өлеңде соққан желдің екпінімен қаңқылдап қарға ұшып, қамыстың ысқырып қобызша ыңыранғаны, талдың жапырағы судырлап, сұлуша таранғаны жайлы айтылып келеді де, бесінші шумақта судан қайтқан келіншек пайда болады.

Ұзақ емес, сұқсырдан
Сұлу едім, нұрлы едім.
Жарын жерге тапсырған,
Жаралы едім, сорлы едім .[2,103]

Бұл сұқсырдан сұлу келіншек -жарын қара жер қойнауына тапсырған жан. Оның басына қара түн туып тұр. Әмеңгері дікілдеп маза бермейді. Жаны жаралы келіншек желге мұңын шағып, алдағы өмірден үміт күтеді. Жын соққандай жұлқынып, бұлтты қуған жел енді су әкеле жатқан келіншектің шелегін жұлқылауға кіріседі. Торыққан келіншек табиғат-анасынан жанына жылылық іздейді, мұң-зарын жыр ғып жеткізеді. Ақын адам көңіл-күйін, сезімін табиғат құбылысымен шендестіре суреттеп, көркем образ жасайды. Мұндай өлең үлгілері сол тұстарда жиі жазылды.

Ілиястың «Бұлақ бойында» өлеңі - сюжетті, сырға толы тоқалдықта жүрген жетім Жамал туралы жыр. Бұл лирикалық өлеңнен еріксіз есте қалатын мына шумақты оқып сүйсінеміз:

Сылдыр-сылдыр су сылдырар бұлақтан,
Тәңірі ме екен тауды, тасты жылатқан.
Анда-санда көңіл айтып «Көк! Көк!» деп,
Шығар даусы көкектің де жұбатқан.[2,122]

Шерін тарқатып жылаған келіншек пен көзінен бұлақ ағызған тау егіз тұлғадай. Бұлақтан сылдыр-сылдыр аққан су үнімен бірге шыққан көкек дауысының жұбатушылық қызметі адам мен жаратылысты бірлестіруші, туыс етуші күшке айналған. Бірақ автор осы жанды картинаға қосалқы оқиғаларды күштеп қосады да, солғындатып алады. Жаңағы мұңлы шерлі, оқушыға асыл арудай боп көрінетін Жамалды ақын:

Жетім Жамал тоқалдыққа сатылған,
Теперішті... көрген күндес қатыннан,
Қойнына алып Қожағұл шал жататын,
Сабадай боп күнге көннен қатырған, – [2,123]

деп, суреттейді. Мұнысымен ақын оқушысының алғашқы ыстық сезіміне салқын леп береді. Тілі бай, сөзуар күшінің басым жағын молырақ жұмсап, поэзия мәдениетіндегі

олқылығын толтырмақ болады. Осы мақсатпен кесек сөздерді үстемелей, қат-қабатымен қолданып, сөздерді қиындатып қалау әдісіне де барады. Бірақ бұл тәсілі бар жерде сәтті бола бермейді.

Бұл өлеңде ақын сұрай арнау тәсілін ұтымды қолданған. Жаны жаралы, зарлы бұлақтың аянышты халін суреттей келе ақын:

Саңқылдау не? Бұлақтағы зар маекен?
Бұлақ тілін білетін жан бар маекен? –
деген сұрақ қояды да, бұған:
Бұлақтың да сырласатынжаны бар,
Онысыанакележатқантәтесі , - [2,123]

деп,жауап қайтару арқылы өлеңнің сюжетін ары қарай дамыта түседі. Өлеңнің қысқаша сюжеті мынадай: Есеке деген дәулетті адамның құдайдан сұрап алған жалғыз Жамал атты қызы болады. Есеке мен бәйбішесі Дина өткен жылы дүниеден өтіп, туыстары мал-мүлкін талап, Жамалды Қожағұл деген шалға тоқалдыққа сатып жібереді. Қожағұлмен қоса оның бәйбішесінен де қорлық көрген Жамал бұлаққа келіп, мұңын шағуды әдетке айналдырады.

Күндес қатын шағыстырса күңкелеп,
Шал қоятын зекіп, нұқып, желкелеп.
Мөлдір көзден мөлтіл қағып меруерт жас,
Келетұғын бұлағына ертерек. [2,124]

Бұл жолдардан жас Жамалдың айналасындағы озбыр жандардан қорлық көрген аянашты халін байқауға болады.

Үйден жылылық таппаған Жамал мен оған еркелеген бұлақты ақын бір-бірімен сырластыра, жарастыра жырлайды. Ерке бұлақты қыздың тәтесі бейнесінде алып, «жанданырады». Ақынның тәтесі деуінің өзінен-ақ Жамалдың бұлаққа бауыр басып кеткендей жақындығын аңғаруға болады. І.Жансүгіров өзі жырлап отырған бұлақты Жамалдың сырлас, мұндас досы іспетті суреттеп отыр. «Бұлақ сылдырап көзінің жасын көк майсаға төгілтті, су сылдырап, торғай шырлап, күн сүйіп, жел желпіп -ауыр ойды жеңілтті», - деп ақын табиғат құбылыстарының бәрін жетім қыздың жанашыры етіп алып отыр. Әлдебір адам болмысын, көңіл-күй, жан сарайын, қажет кезінде сыртқы мүсін келбетін жете таныту үшін көркем шығармада жаратылыс құбылыстарының тікелей көмекке келетін сәттері аз емес. Ілияс осы бір дәстүрді өлеңінде ұтымды пайдалана алған.

«Салқын сумен бетін жуып, шерін тарқатқан Жамал ауыл жаққа қарап еді, ата-бабасынан бастап боқтап тұрған Қожағұл мен жұлқынып тұрған күндес қатынды көреді» . Ілияс қыз тағдырын белгісіз күйде қалдырады. Салқын сылдырымен Жамал жүрегін сергітемін деген су тәтесінің әркеті ізсіз қалады, сылдырап аққан сұлу бұлақ бейнесін адамға тән іс-әрекет арқылы беріледі. Су тәтесінің жұбатушылық қызметі адам мен жаратылысты бірлестіруші, туыстырушы қуатқа айналған. Бұл өлеңде ақын әрі жан күйін, әрі табиғат туралы ақындық ойды қосақтап жырлайды. Қалың малға сатылған қазақ қыздарының қайғыға душар болуын «бұлақ басындағы көрініс» арқылы оқушысына бейнелі жеткізеді. Өлеңнің тақырыбы -әйел тағдыры, әйел тағдырымен жарысып табиғат суреті өріледі. Ауыл өмірін, ел тірлігін жырына арқау еткен ақын ауылдағы болған оқиғалардың, құбылыстардың сыртында қалмай, оған іштей араласып, сол арқылы заман тынысын танытады.

І.Жансүгіров қазақ қызының аузына С.Торайғыров сияқты «Көнбеймін өлсем-дағы енді бұған» деген сөзді салмайды, С.Сейфуллин сияқты алдынан «рауаңдап таң да атқызбайды». Автор қазақ қызының сол аянышты халінің куәсі, соның мұңшысы ғана.

«Жүдеу жүрек» өлеңінде ақын тоқалы тастап кеткен еркек жайындағы мысқылды алмай, оның драмалық жағын алған. Жылауық, сылбыр, күздің тұманды көңілсіз түнінде жауын жауып тұр. Ай да жоқ, жұлдыз да жоқ. Жүдеу түндегі жалғыз қалған жардың жүрегі де, төсегі де жүдеу. Ақын қорытынды түйінді жасамайды, оны оқушыға қалдырады.

І.Жансүгіровтің қазақ әйеліне артқан игі үмітінің ақтала бастағандығын «Қазақ қызына» өлеңінен аңғарамыз. Бұл өлеңнен біз бұрынғы бұйығы, тұйық, ошақ басындағы әйелді емес, жаңа өмірге араласып, әлеуметтік іс атқарып жүрген, «жаңа тұрмысты жасаушы» қазақ әйелінің образын көреміз.

«Жетім» өлеңнің мына бір жолдарын оқиық:

Балбырап жер
Балаусаға бөленді,
Жалбырап көл,
Жапыраққа кенелді.
Мақпалдай жел
Ақырын айтты өленді.
Ақын бұлбұл
Өлендете жөнелді.
Тыңдады оны жан-жақ,
Бар жан, бар құлақ,
Тыңдамаған құлақ,
Жетім жылап...[2,142]

Мұнда да табиғат пен тіршілік, көңіл күйі бірлігін көресің. Сондықтан болуы керек, өлең ырғағының әдеттегіден өзгешелігін де елемейсің, тек солай болуға, тек солай жазылуға тиісті сияқты. Түр мен мазмұнның біртұтастығы дегенде, біз осындай жәйтті айтамыз.

І.Жансүгіровтің «Ана махаббаты» атты үш шумақ өлеңінде екі көзі бірдей көрмейтін су қараңғы баланың жалғыз ғана тілегі айтылады:

А ием! Бірақ минут көзімді ашсаң,
Керексіз күн, ай, жұлдыз, маған, аспан!
Бір көріп анам жүзін келістіріп,
Көзімді болысымен қайта жапсаң.[2,186]

Баланың анаға деген мөлдір махаббаты тамаша жолдармен берілген.

Ақын не туралы жазса да өз көңіл күйімен, адам жүрегінің дүрсілімен байланыстыра жырлайды. Ой-түйінсіз, мән-мақсатсыз сырттай қызығу, екінің бірі көріп жүрген нәрсені, қанша сұлу қалпында болса да, суретке түсіріп қана қою – І. Жансүгіров шығармашылығына жат мінез. «Мұңды құс» өленінде:

Шырқатып, шыңғыртасың шымырлатып,
Төмендеп түсіресің сыбырлатып;
«Мұңдым-ау! Мынау сенің мұңың ғой» деп,
Маған да әкелесің қыңырлатып, - [2,188]
деп бұлбұл жырын өз сырымен тамаша қабыстырады.

Осы мәнде жазылған өлең Мағжанда да бар. Өлең «Түнеді» деп аталады. Жазылу тарихына келетін болсақ: «Өлең Мағжанның жиен қарындасы Жамалға арналған. Жамал-Мағжанның жездесі Тастеміров Жақияның қызы. Жамалды туыстары Мұса Мәубиев деген кісінің Зәкәрия деген баласына бермекші болып, уағдаласып қойған екен. Оған күйеуге шыққысы келмеген Жамал нағашысы Мағжанға келіп, осы өленді жаздырып алады. Жамал бұл кезде Қызылжар қаласындағы «Ақтас» бастауыш қазақ мектебінде оқып жүрген болатын».

Ілияс өленделіндегідей мұнда да әуелде табиғат суреттеледі де, ортасына қарай сюжет, образдар пайда болады.

Мағжан өленнің бастапқы шумақтарында зорлыққа шыдамай қашып шыққан, айдалада қаңғырумен қан жұтқан қыздың қасіретті халін, жан айқайын жаратылыс әлемімен өзектес етіп береді:

Түн еді. Көкте қаптап бұлт тұрды.
Жел жылап, долы дауыл ұлып тұрды.
Секіріп сары шаш шайтан, жындар билеп,
Әлдекім сылқ-сылқ қана күліп тұрды.

Жапан түз, отсыз, сусыз бетпақ шөлде,
Жын шайтан мекенеткентағыжерде,
Жас бала, жолдасымжоқ, жапа-жалғыз,
Мен келе жаттым батып қара терге.

Көзімнен жас ақпады, қандар ақты.
Табанды тілгіледі тас тарқатты.
Қарқылдап, қиқусалып қарға-құзғын,
Жалпылдап жүрегімді шоқып жатты.

Шашымды жұлды әлде кім талдап-талдап.
Ыстық жас домалады көзден парлап.
Есіркеген жалғыз жан болды ма? Жоқ!
Жыладым жапан түзде жалғыз зарлап .[3,18]

Осы өлең жолдары С.Сейфуллиннің 1922 жылы жазылған «Айша» повесін еске түсіреді.

Сәкеннің «Айша» повесіндегі «Қошқарбайдың келіні» деген тарауында тас бауыр әке-шешесі, туған-туысқандары малға сатқан Қошқарбайдың келінінің қаңғып өлген күйінішті оқиғасы быйлайша суреттеледі. «... Қап-қара түн. Дүлей, суық боран қайта айналып бет қаратпайды. Айнала көрінбейді, тек жын ойнағындай боран ызыңдайды. Жылаған сияқты болады. Желмен бірге келіншек те жылайды... Үйтқыған жын қуған қар етек-жеңіне, қойын-қонышына сумаңдап тығылады. Бақытсыз әйел айқалап жылады. Үні ешкімге естілмеді. Тек оның жылаған үніне боран сақылдап күлгендей болды... Дозақ демі сияқты қара түндегі дүлей боранмен алысып көп жүрді. Көп жылады. Айғайлап жер мен көктен жәрдем сұрағандай болды. Бірақ рақымсыз дүлейде құлақ бола ма?!» [4,221]

Екі шығармадан да бақытсыз әйел бейнесін көре аламыз. Мағжан да, Сәкен де жапан түзде (бірі жазда, бірі қыста) қаңғырып, көз жасын көл қылған қыздың жан арпалысымен қатар,түннің үрейлі сұсты келбетін көрсетеді. Екі ақын да кейіпкерлерінің жанталасын, жан азабын психологиялық параллелизм тәсілімен бейнелейді. Мағжан: Секіріп сары шаш шайтан жындар билеп, Әлдекім сылқ-сылқ қана күліп тұрды, - десе, Сәкен: «Жалаңаш жындар қар үсінде секіріп, екі сандарын шапалақтап, қуанып, сақылдап күлгендей болады» деп суреттейді.Мағжандағы:

Уф, алла! Жан болды ма бізден мұңлық?!
Дариға! Не көрмедік, не көрмедік?
Көргенше сонша қорлық, сонша зорлық,
У ішіп, отқа түсіп неге өлмедік?! -[3,22]

деген күйінген қыздың өкініші, мұңлы зары «Айшадағы» «Әкеңнің айдауына барып, өмірбойы жылап жүргенше, өз бетіңмен қаңғып өлген жақсы» деген ой-түйінмен астасып жатыр. Мағжан кейіпкері теңдікке жетеді. Ұрып-соғудан, күңдіктен көз ашпаған қыздың басына теңдік алып, азаттыққа жеткен қуаныш сезімі былай суреттеледі:

Мына ту кімніңтуы? -Әйелтуы!
Енді әйел аза тұшқан көлдің қуы.
Улаған жанымызды сансыз жылдар,
Жойылды бүгінгі күні қасірет уы .[3,23]

Мағжан осы өлеңі арқылы адамның ішкі жан дүниесіне әсер етіп, сол кездегі қазақ қыздарының тұрмыс-халін жете түсінуге жетелейді. Қыз тағдырын үрейлі түнге балап, адам мен табиғатты біртұтастықта қарастырады. Мағжанның осы типтес келесі өлеңі -«Қысқы жолда». Табиғаттың долданып, ішін тартып ұлуы, сақ-сақ күлуі сол кездегі өмір құбылысы мен заман ағымынан хабар бергендей:

Қараңғы түн. Сар дала.
Көрінбейді айнала.
Боран соғып тұр борап.
Жолды басқан құр сорап.
Астымдағы жануар
Құлағын қайшыландырып,
Зорға борт-борт желеді .[3,52]

Сәкен мен Мағжан өлеңдеріндегі ортақ белгілер табиғат пен адам тағдырын суреттеудегі тәсілдер жүйесінен, көркемдік таным табиғатынан танылады. Екеуінде де адам жанын

тұншықтыра түсіп, алдындағы жолды да көрсетпей, иманын үйіре жөнелетін боран бір кейіпте беріледі. Екеуінде де адасып жүрген жандар. Сәкенде -шал, Мағжанда -белгісіз жолаушы. Мағжан жолаушысының бір артықшылығы -жаяу емес, аттылы екендігі. Сәкен кейіпкері -жаяу адам.

Сәкен өлеңі де суық табиғаттың долы күйін суреттеумен басталады:

Ызғарлы түтек боран соқты қатты.
Жүз қадам жер көрінбей ... кеш те батты...
Екпіндеп дүлей боран гулей соғып,
Еңіретіп төңіректі ызыңдатты .[4,56]

Өлеңнің алғашқы алымынан-ақ қайғылы оқиғаның сызы білінеді. Оқырманда «әлде қалай не болар?» деген ой туындайды.

Сәкен өз кейіпкерінің қайыр сұрап қаңғырған сорлы шал екенін анық көрсетсе, Мағжан жолаушысы белгісіз адам.

Сәкен:

Сорлы шал жанталасып біразжатты.
Денесі әлі кетіп мұз боп қатты.
Уу ... гу-гу ... дүлей боран. Ей! ... Ей! ... Жан жоқ.
Сорлыны қармен көміп бетін жапты , - [4,56]

деп, әлі құрыған сорлы шалды о дүниеге аттандырып, жанын жай таптырады, азаптан құтқарады. Сорлы шал бұл дүниенің қайғы-қасіретінен арылады. Мағжанда тағы да белгісіздік:

Боранын тәңірім ашпады,
Жол білінбей бастады.
Көрінген бір жарық жоқ,
Босаңсиды Қара көк ...
Сар далада адасып,
Суық кебін жамылып,
Қалармын, кім біледі? [3,19]

Мағжан кейіпкері -белгісіз жаяу қысты күні адасқан-адаспағанын өзі де білмей келеді. Тіпті қай жерде қаларын да аңдамайды.

Сонымен, Сәкен өз кейіпкерін (сорлы шалды) адастырып, талдырып, қажытып барып, «аяйтын арттарында ешкімі жоқ» дей келіп, қармен бетін жаптырып тынса, Мағжан кейіпкер тағдырын белгісіз, беймәлім күймен аяқтайды. Ақындар суреттеп отырған құбылыс -қыс бейнесі. Бірақ онда тек табиғат қана емес, лирикалық кейіпкер тағдыры да бар. Себебі қыс бейнесінен заман лебі есіп тұр. Адам тағдырын тәлкек етуші қыс, табиғат қаталдығы емес, сол арқылы ишара күйде бейнеленген әлеуметтік өмір шындығы.

Халықтың теңсіздіктегі тұрмысы, тағдыры табиғат дүлейлігімен астарласа суреттелетін өлең Ілияста да бар. 1920 жылы жазылған «Боранда» өлеңі -осының айғағы. Мұнда да қатты шатынаған аяз, суықтан, бораннан ыққан қой, қой соңында үсті-басында жылуы жоқ ескі киім, жыртық шарық киген Таймас қойшы. Оның жылусыз, үмітсіз өмірі азынаған табиғатпен үндес.

Қарлатып қатты боран қарпылдап тұр.
Үскірік аяз қызыл шартылдап тұр.
Қой ығып, басын қорғап ыққа тығып,
Көміліп қалың қарға қарқындап тұр.
Сүйеніп таяғында қой қасында
Дірілдеп Таймас сорлы қалтылдап тұр.[1,99]

Таймасқа қарама-қарсы дөң басында жылы ішік, түлкі тымақ, саптама етік киген «қарғаша қарқылдап» Дүйсен бай тұр. Ақын Таймасты «суықтан қалтылдап тұр» деп бейнелесе, Дүйсен байды шатынаған суықта «дөң басында салқындатып» қояды, осы бір тіркестер арқылы әлеуметтік мәселе көтеріліп отыр.

Мағжанның «Қысқы жолда» өлеңіне қайта оралайық. Осы өлеңнен кейін іле-шала Мағжан «Жазғы жолда» өлеңін жазады. Өлеңде ұшы-қиырсыз, бейне өлік сар далада, оттай ыстық тұншыққан тылсым жолда «есін жия алмай», «көзінің жасын тия алмай» бір адам келеді. Бірде ызғарлы үдеген боран астында, енді бірде елсіз, шексіз, «жыландай иірілген» сары жолда

жалғыз адасып келе жатқан кім? Бұл қандай жол, қандай жалғыздық, бұрын табиғатпен тұтастығынан, туыстығынан шексіз қуаныш, бақыт табатын лирикалық кейіпкер енді неге сол ортадан, сол табиғаттан тек қана өлімді көреді, неге адасады... Ақынның табиғат пен адамтағдыры туралы шығармашылық концепциясы, табиғат пен адам тағдырының туыстығы туралы ұғымдар жүйелі әлеуметтік жағдайға байланысты еріксіз басқа сазға иеленеді.

Ақынның лирикалық кейіпкерінің жалғыздығы -рухани жалғыздық. Бұл дүниеде жанын ешкім түсінбегендіктен, енді ақын «жылай ма екен әлде жын» деп алып, бақсы, пері кейіпін елестеді.

Айнала -өлім, ешбір үн ...
Жапан түзде жалғызбын.
Перісі неге келмейді? ...
Денесі аппақ жалаңаш,
Көкпеңбек көз, сары шаш,
Сақ-сақ неге күлмейді? [3,56]

Өлең символизм үлгісімен жазылған. Жай символизм емес, ұлттық арнаға бұрылған, ұлттық таным аясында берілген символизм.Мағжанның бұлайша қалам сілтеуіне орыс әдебиетінің символист ақындарының дүниелерімен танысуы себеп болды. Біраз шығармаларының бойынан осы әсерді байқауға болады. «Өлсем екен тұншығып» деп, өлеңіне өлім күйін енгізеді.

Енді Мағжанның осы өлеңін Сәкеннің 1923 жылы Орынбор қаласында жазған «Жазғы далада» өлеңімен салыстыра қарайық.

Сәкен суреттеген дала – ойнақы жас бала бейнесінде. Ал, Мағжанда тылсым, үнсіз кейіпті, мұңлы ару бейнесі елес береді. Екі өлеңде де кейіпкер бар. Мағжан ел кезген жолаушы бейнесін өзінің символындай болған тылсымдық түрде астарлап берсе, Сәкен жалаң тәнді, жалақ ерін, шоқпыт киген қойшы бейнесін жасайды.

Тамылжыды ыстық күн
Жапанды жым-жырт күйдіріп.
Қойшы жүр жалғыз қимылдап,
Әр қойды сауып, идіріп , [4,114]

деп, Сәкен жырласа, Мағжан өзгеше бір үнмен толғанады:

Дала. Дала. Сар дала!
Жапантүздебірқара.
Келемжалғыз, жаяумын.
Жанымаергенжолдасжоқ.
Төртжағым дала -жер де көк.
Жылауға да таяумын .[3,32]

Екі ақындағы ұқсастық -дала және жалғыздық. Сәкен қойшының кедейлігін анық көрсетеді, оның кейпіне, халіне жаны ашиды. Мағжан кейіпкері тобынан адасып қалған, жаны мұңды «өлсем екен, тұншығып» деп, тілегені өлім болған қабағы қаяу адам.

Сәкен:

Біз жүрміз нуда, дүрмекте —
Жанған жарық қалада.
Сорлы бала шөлде жүр —
Ұмыт қалған далада, -
Ұмыт қалған бауырым,
Меңіреу жапан далада
Көрермеекемсені де
Жарық, думанқалада! -[4,115]

деп, қойшы баланың қатарынан кем болмай білім алуына тілектестік білдіреді. Болашақтың тізгіні осындай денесі шиыршықтай түйілген еті күнге қақталған қара домалақтар екендігіне анық сенеді.

Өмірлік сапары азаматтық әуенге, әлеуметтік мазмұнға толы ақындардың шығармалары құнарлы, өрісті, арнада дамитындығы баршаға аян. Олардың сюжетті шағын лириканың көркем үлгісін жасап, дамытқан ақындар екендігін айту ләзім.

Мұхтар Әуезовтің: «Өз дәуірінің жыршысы болмаған, оны сананың айнасына, тарих жүзіне түсірмеген жазушы-жазушы ма екен» деген салиқалы сөзіне С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, М.Жұмабаевтардың өмірі мен өнерпаздық жолы толық айғақ болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Жұмалиев Қ. Стиль – өнererекшелігі. – Алматы: Жазушы. 2006. -228б.
2. Жансүгіров І. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том. Алматы: Қазығұрт, 2004.-403б.
3. Жұмабаев М. Шығармаларжинағы. 3 томдық. – 1 -том. –Алматы:Жазушы, 1996. -328б.
4. Сейфуллин С. Шығармаларжинағы. 5 томдық. – 3 -том. –Алматы:Жазушы, 1987.-472б.
5. Қабдолов З. Көзқарас. Талдаулар мен толғаныстар. -Алматы: Рауан, 1996. -256б.
6. Кәкішев Т. Мағжан – Сәкен. - Алматы: Қазақуниверситеті, - 1999. - 615 б.

УДК 347

ОБЕСПЕЧЕНИЕ ПРАВ ПОДОЗРЕВАЕМОГО, ОБВИНЯЕМОГО, СВИДЕТЕЛЯ И ПОТЕРПЕВШЕГО ПРИ ПРОИЗВОДСТВЕ ПРОВЕРКИ ПОКАЗАНИЙ НА МЕСТЕ

Қаратай Д.Е., магистрант, **Таубаев Б.Р.,** доктор философии (PhD)
Жетысуский государственный университет имени И. Жансугурова, г. Талдыкорган

Мақалада күдіктінің, айыпталушының, куәгердің және жәбірленушінің құқықтарын қамтамасыз ету қарастырылады, айғақтарды сол жерде тексеру тергеу әрекеттерінің санатына жатады. Алайда аталған тергеу әрекетін жүргізу кезінде бұл адамдардың құқықтық жағдайы әртүрлі, бұл олардың қылмыстық процеске қатысушылар ретінде берілген мәртебесімен түсіндіріледі.

Тірек сөздер: *қылмыстық құқық, қылмыс, жаза, тактика, күдікті,айыпталушы,куәгер.*

В статье рассматривается обеспечение прав подозреваемого, обвиняемого, свидетеля и потерпевшего, проверка показаний на месте относится к категории следственных действий. Однако правовое положение этих лиц при производстве указанного следственного действия различно, что объясняется их статусом, которым они наделены как участники уголовного процесса.

Ключевые слова: *уголовное право, преступление, наказание, тактика, подозреваемый,обвиняемый,свидетель.*

The article deals with the rights of the suspect, the accused, the witness and the victim, verification of testimony on the spot belongs to the category of investigative actions. However, the legal position of these persons in the conduct of the said investigative action is different, which is explained by their status, which they are endowed with as participants in the criminal process.

Key words: *criminal law, crime, punishment, tactics, suspect, accused, witness.*

Конституция РК и Уголовно-процессуальный закон закрепляют право обвиняемого (подозреваемого) не свидетельствовать против себя самого. Таким образом, дача показаний, в том числе согласие на участие в проверке на месте, является правом подозреваемого, а не его обязанностью. Отказ давать какие-либо объяснения, связанные с проверкой показаний на месте, исключает возможность проведения этого следственного действия.

Отказ обвиняемого (подозреваемого) от участия в проверке показаний на месте влечет за собой: новую оценку следователем собранных по делу доказательств, в том числе ранее данных

показаний обвиняемого (подозреваемого); пересмотр тактики расследования; поиск путей разрешения данного конфликта; поиск других возможностей собирания доказательств по уголовному делу.

Мотивы отказа от участия в проверке показаний на месте, помимо нежелания давать показания против себя самого и своих близких родственников, могут быть различными: боязнь разоблачения ложных показаний; нахождение под влиянием советов и инструкций со стороны соучастников преступления или иных лиц; нежелание содействовать следствию; опасения, связанные с незнанием позиции соучастников в ходе следствия и боязнь навредить им своими действиями; нежелание появляться в обстановке места происшествия в силу боязни психотравмирующей ситуации и др. Например, если обвиняемый дал, как он утверждает, правдивые показания об обстоятельствах и обстановке, в которой им совершено преступление, но не желает участвовать в проверке этих показаний на месте, то сам по себе такой отказ без достаточно убедительных мотивов, естественно, порождает недоверие к данным показаниям и вызывает необходимость их тщательной проверки иными способами[1].

Следует также отметить, что для следствия не менее важное значение имеет и исследование обстоятельств, повлиявших на согласие обвиняемого участвовать в проверке показаний на месте. Согласившись на проверку показаний на месте, обвиняемый может руководствоваться стремлением оказать помощь следствию либо направить расследование по ложному пути, установить связь с соучастниками, совершить побег, уничтожить изобличающие следы и др.

Следственной практике известно немало случаев, когда обвиняемые стремятся помешать установлению истины по делу. Заявив о согласии участвовать в проверке показаний на месте, они в ходе следственного действия показывают совсем иные, не имеющие отношения к преступлению места, рассчитывая таким способом ослабить собранные следователем доказательства, пытаются направить следствие по неправильному пути, создать возможности для отказа от своих ранее данных показаний в процессе судебного разбирательства.

Поэтому даже в случаях ярко выраженной готовности обвиняемого участвовать в проверке показаний на месте, следователь должен разобраться в подлинных мотивах такого согласия.

Во всех случаях установление мотивов заключается в сборехарактеризующихданныхвотношенииобвиняемого(подозреваемого), в изучении его психологических установок, анализе материалов дела. При этом могут использоваться оперативные аппараты милиции, даны отдельные поручения в порядке УПК. Установив негативные мотивы согласия на участие в проверке показаний на месте, следователь обязан принять все меры по их нейтрализации с тем, чтобы исключить возможность осуществления замыслов обвиняемого[2].

В отличие от подозреваемого, обвиняемого у свидетелей и потерпевших дача показаний относится к обязанностям. Однако по вопросуобязанности их участия в проверке показаний на местевлитературе нет единого мнения. Ряд авторов, например, Р.С. Белкин, В.Н. Уваров, указывает на добровольный характер участия в рассматриваемом следственном действии свидетелей и потерпевших. Свое мнение они обосновывают тем, что закон возлагает на свидетеля обязанность давать показания только на допросе, а проверка показаний на месте ему не тождественна. В случае понуждения свидетеля или потерпевшего к участию в проверке показаний на месте нет никаких гарантий в достоверности результатов, которые будут получены. Позиция авторов, полагающих, что участие в данном следственном действии является обязанностью свидетелей и потерпевших (М.Н. Хлынцов, И.Е. Быховский, Е.П. Фирсов и др.), представляется нам более правильной, т.к. нормы закона (ст.73 УПК) предусматривают обязанность свидетеля давать правдивые показания и отвечать на поставленные вопросы. Думается, что в данном случае показания надо понимать в широком смысле этого слова, включая в это понятие не только показания, данные на допросе, но и показания, даваемые при производстве других следственных действий, в том числе при проверке показаний на месте. Следственное действие в рассматриваемом случае всегда связано

с дачей показаний, от чего ни свидетель, ни потерпевший не вправе отказаться (за исключением случаев, прямо предусмотренных законом, а именно Конституции РК)[3].

Ответственности свидетеля и потерпевшего за отказ или уклонениеот дачи показаний и за дачу заведомо ложных показаний в ходеочной ставки и предъявления для опознания. Полагаем, что припринятии нового УПК РК в статье, касающейся проверки показанийна месте, также следует оговорить обязательность предупрежденияс видетелей и потерпевших об уголовной ответственности. Помимоэтого, целесообразно было бы в УК, предусматривающейответственность свидетелей и потерпевших за отказ от дачипоказаний,внестидополнение,касающеесяуголовнойответственности этих лиц за отказ от участия в производстве следственных действий, в частности, проверки показаний на месте, сформулировав указанную статью следующим образом: «Отказ свидетеля или потерпевшего от дачи показаний при допросе и иных следственных действиях». Существование данной нормы, на наш взгляд, должно являться одной из гарантий правдивости показаний потерпевшего и свидетеля [4].

Говорить об отказе от участия в проверке показаний на месте со стороны рассматриваемых участников процесса возможно лишь в случае нахождения их в близком родстве с обвиняемым (подозреваемым). Тогда и на них распространяется действие Конституции РК: «Никто не обязан свидетельствовать против себя самого, своего супруга и близких родственников, круг которых определяется законом». Но если они дали согласие давать показания, то должны быть предупреждены об ответственности за дачу заведомо ложных показаний. Такое согласие целесообразно зафиксировать в письменной форме, так как оно имеет серьезные правовые последствия.

При участии в проверке показаний на месте обвиняемого с учетомпроцессуальнойситуациидолженрешатьсявопросовозможности приглашения защитника. Это следует из Конституции РК и УПК, закрепляющих право обвиняемого в совершении преступления пользоваться помощью адвоката (защитника)[5].

Известно, что УПК предоставляет защитникам право участвовать при производстве следственных действий, в которых участвуют их подзащитные. На практике такое право следователем нередко игнорируется. Так, 39% проанкетированных работников правоохранительных органов ответили, что никогда не приглашают защитника для участия в проверке показаний на месте с обвиняемым (подозреваемым), 23% - приглашают иногда и лишь 35% ответили, что защитник часто участвует при проведении данного следственного действия[6].

Защитник, выступая как лицо, осуществляющее в установленном законом порядке защиту прав и интересов обвиняемого и оказывающее ему юридическую помощь, припроизводстве проверки показаний на месте с разрешения следователя может задавать вопросы лицу, чьи показания проверяются, в праве знакомиться с протоколом указанного следственного действия, делать письменные замечания поповодуправильности и полноты записей в протоколе следственного действия, в котором он принимал участие. Следователь может отвести вопросы защитника, но обязан занести отведенные вопросы в протокол [7].

Втехслучаях,когдаосуществляетсяпроверкапоказанийнаместесучастиемнесовершеннолетних,товозможноучастиепедагога, а если возраст свидетелей и потерпевших не превышает 14лет - обязательно. В случае необходимости вызываются также законные представители несовершеннолетнего или его близкие родственники.

На наш взгляд, такое правовое регулирование вопроса о приглашении законных представителей несовершеннолетнего к участию в следственном действии должно претерпеть изменения. Семейный кодекс РК устанавливает, что ребенок (то есть лицо, не достигшее 18 лет) имеет право на защиту своих прав и законных интересов. Защита прав и законных интересов ребенка осуществляется родителями (лицами, их заменяющими). Очевидна коллизия законов. Поэтому в УПК следует внести изменения, касающиеся обязательности участия в следственных действиях законных представителей несовершеннолетних [8].

Поскольку уголовно-процессуальный закон не устанавливает низший возрастной предел, то в этой связи приобретает особо важное значение решение вопроса о том, кто из специалистов в области школьного и дошкольного воспитания может быть приглашен для участия в проверке показаний на месте. Указанные лица могут с разрешения следователя задавать несовершеннолетнему потерпевшему и свидетелю вопросы, по окончании проверки присутствующие своей подписью подтверждают правильность записи показаний, а также, по нашему мнению, вправе делать подлежащие занесению в протокол замечания о нарушении прав и законных интересов несовершеннолетних лиц, чьи показания проверяются. Перед началом проверки показаний на месте с участием несовершеннолетнего потерпевшего и свидетеля в возрасте до 16 лет следователь разъясняет необходимость дачи правдивых показаний, но они не предупреждаются об уголовной ответственности за отказ или уклонение отдачи показаний и задачу заведомо ложных показаний[9].

В случаях участия в проверке показаний на месте лиц, не владеющих русским языком, глухонемых обязательно должен приглашаться переводчик.

При производстве проверки показаний на месте должны соблюдаться не только права обвиняемого, подозреваемого, потерпевшего и свидетеля, но и других лиц. Это касается прежде всего ситуаций проведения проверки показаний на месте в жилом помещении.

Статья 8 Европейской Конвенции о защите прав человека и основных свобод закрепляет право каждого человека на неприкосновенность его жилища. Вмешательство государственных органов в осуществление этого права возможно лишь в случаях, предусмотренных законом.

Статья 12 Всеобщей Декларации прав человека предусматривает, что никто не может подвергаться произвольным посягательствам на неприкосновенность его жилища. В соответствии со ст.29 при осуществлении своих прав и свобод каждый человек должен подвергаться только таким ограничениям, какие установлены законом исключительно с целью обеспечения должного признания и уважения прав и свобод других и удовлетворения справедливых требований морали, общественного порядка и общего благосостояния в демократическом обществе.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1.Маликов Б.З., Маковик Р.С., Бессараб Н.Р. Изоляция личности - правовая категория и форма государственного принуждения. Монография. - Самара: Юрист, 2007. - 286 с.

2.Зарва Г.Н. Рецидив преступлений: уголовно-правовой и криминологический аспекты: автореферат дис. .. канд. юрид. наук. - М., 2003. - 201 с.

3.Иншаков С.М. Криминология. - М.: Юрист, 2000. - 245 с.

4.Жеребин В.С., Морозов В.М., Меркурьев В.В; и др. Пенитенциарная преступность: сущность и актуальные проблемы предупреждения. Монография. - Владимир: Юрист, 2005. - 324 с.

5.Новая философская энциклопедия. - М.: Мысль, 2001. - 464 с.

6.Ткаченко Н.И. Надзор за осужденными в исправительных колониях (правовой и организационный аспекты): автореферат дис.. канд. юрид. наук. - М.: Мир, 2002. - 44 с.

7.Долгова А.И. Криминология. Учебник для юридических вузов. - М.: ИНФРА-М-НОРМА, 1999. - 324 с.

8.Хохряков Г.Ф. Парадоксы тюрьмы. - М.: Нормы, 1991. - 154 с.

9.Аванесов Г.А. Криминология и социальная профилактика. - М.: Норма, 1980. - 214 с.

ӘОЖ 562.134

МӘТІНДЕРДІ ТЕКСЕРУ, ЖҮЙЕЛЕУ ТӘСІЛДЕРІ

Қожағұлов С.Қ. қауымдастырылған профессор м.а., **Бисембаева Б.Б.** магистрант
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

Мақалада текстология ғылымының теориялық негіздері, ғылыми негіздеу, зерттеу тарихы, мәтінтанудың негізгі принциптері бастапқы текстологиялық тәжірибелер, қазақ әдебиетіндегі текстологияның жай-күйі қарастырылады.

Автор бүгінгі күндегі мәтінтану ғылымының қағидалары мен кононды қ мәтінді қалыптастыруда мәтінтанушы ғалымдарымыздың жан-жақты текстологиялық зерттеулер жүргізуі барысында шығармалардың бірнеше нұсқаларын салыстыра тексермесе, мәтінді бір жүйеге келтіруде қиындықтыр туындайтындығына тоқталады.

Тірек сөздер: *Текстология, канон, басылым, корректор, мұра, тізім, қолжазба.*

В статье расматриваются теоретические основы текстологии, дается научное обоснование изучения истории текста, излогаются основные принципы современной текстологии и первоначальные текстологические опыты в казахской литературе. Автор излагает основные принципы современной текстологической науки, без которой невозможны правильная систематизация и подготовка к изданию художественных произведений, акцентируя внимание на сложностях, возникающих перед текстологами в процессе работы над текстом.

Ключевые слова: *Текстология, разночтение, канон, издание, корректор, наследие*

The article discusses the theoretical basis of textual criticism, scientific justification of the text history, basic principles of modern textual criticism and the original textual experiments in Kazakh literature. This article is considered the theoretical basis of textual criticism. Provides a scientific rationale for the study of the history of the text, expounded basic principles of textual criticism and textual experiences in Kazakh literature.

Key words: *Textual, discrepancy, canon, edition, proofreader, heritage.*

Мәтінтану – қазіргі қазақ филологиясындағы ең өзекті мәселе. Филология ғылымдарының қатарында қалыптасып, дүние жүзілік деңгейде өзінің даму үрдісіне түскен арналы сала. Дәлірек айтқанда ол көне жазба ескерткіштердің әдеби және фольклорлық шығармалардың шығу тарихын, яғни бүгінгі күнге жеткен халық әдебиетінің түпнұсқасын айқындайтын әрі атынан да көрініп тұрғандай мәтіннің даму тарихын зерттейтін және оны баспаға әзірлеу туралы ғылым. Мәтінтанудағы негізгі ұғымдар: автограф, тізім, шимай бет «черновик), таза бет (беловик), көшірме, архетип, нұсқа (вариант), және т.б. Мәтінтану қазақ әдебиеттану ғылымында кенжелей дамыған ғылым. Оның негізін салушы-Томашевский. мәтінтану термині осы ғалымның 1928 жылы жарияланған «Жазушы және кітап» деген еңбегінде қолданылды. Орыс әдебиеттануында мәтінтану жөнінде негізгі еңбек: «Вопросы текстологий» (1957-1967 ж.ж.4том) 1- том «Основы текстологий»; 2- том «Текстология краткий очерк», 3- том - «Текстология», 4- томы «Текстология на материялах русской литературы», «Современные проблемы текстологий», сонымен қатар, Д.Лихачевтің «Текстология» (оқулығы 1958 жыл). және т.б.

Текстологтың бірінші міндеті шығарманың текстін анықтау. Ол әр түрлі аталып жүр: нақты, соңғы,кононды, тұрақты, дәл, негізгі, т.б. Осылардың ішіндегі ең қолайлысы- негізгі. Бұл терминді Томашевский, Эйхенбаум сияқты ірі ғалымдар қабылдаған. Негізгі текст дегеніміз- барлық қолжазбалар мен басылған шығармалардың текстерін анықтау және зерттеу, текстологтың екінші міндеті, тексеруге алған текске дұрыс кодификация жасау, яғни ұйымдастыру. Әр басылымның көлеміне, композициясына, құрамына өзгеріс енгізіліп отыратынын ескеру.

Үшінші міндеті - оқушыға дұрыс түсінік беру. Кез келген басылған тексте қате кетеді. Қатені жіберетіндер: көшірмеші, жазу машинкасы, теруші, корректор, т.б.

Орта есеппен 10 бет тексте 5 жол қате кетеді, 20 жол өлеңде 1 жол қате кетеді. Қатенің түрі әр түрлі көрініп тұратыны бар, көрінбей басқаша мағына алып кететіні бар.

Қазақ әдебиеттану ғылымында мәтінтануға арналған еңбектер тым аз. Қайым Мұхамедхановтың «Абай шығармаларының текстологиясы» еңбегі 1959 жылы жазылған. Мақалалар: Р.Сыздықова «Мәтінтану мәселелері» («Қазақ әдебиеті» 1964 жыл №23); Абдрахманов Т. «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» («Социалистік Қазақстан» 1953 жыл, 23 шілде) Жармұхамедов М. «Айтыс өлңдерінің текстологиясы» (кітапта «Қазақ әдебиетінің тарихының мәселелері» Алматы 1976 жыл). Қасқабасов С. «Қазақ ертегілерінің текстологиясы жайында» («ҚССР.ҒА.Хабарламалары» 1976 жыл,№2). Сарыбаев Ш.,Құрысжанов «Эпос шығармаларының текстологиясы туралы» («Қазақ әдебиеті» 1957ж.)

Мысалы XX ғасырдың 50-ші жылдары М.О.Әуезов Қозы Көрпеш Баян сұлу эпосының 16 вариантын зерттей келіп: «Қозы Көрпеш - Баян сұлу жырының идеясы, композициясы түрлі варианттарда әр түрлі өзгеріп отыратыны бар. Топтап келгенде соларды екі салаға бөлуге болады. Жырдың көпшілігінде романтикалық сарын басым болады да,жырдың аяғы трагедиямен бітеді. Кастанье, Радлов, Березин, Пантусов, Абрамов нұсқалары және 1909 жылғы баспасы осылай. Жырдың екінші бір саласы Жанақ нұсқасы. Мұнда реализм басым. Жанақ, Шөже нұсқалары бір алуандас» [1] деген қорытынды жасайды.

Ал,енді Абай шығармаларына келер болсақ, Абай Құнанбайұлының «Қатыны мен Масақбай» деген өлеңі бар. Масақбай Абайдың інісі Ысқақтың ауылдасы болған адам,ол әйелімен ұрыса бергендіктен,өлең соған байланысты шығарылған. Бірақ,Абай бұл өлеңдегі екі бөлімнің бірін Масақбайдың, бірін әйелінің атынан айтып отыр деп қателеспеу керек. Екеуі өзара кезектесіп бір- бірінің кемшіліктерін теріп айтып отыр деп те ұғынбау керек. Керісінше ақын мұның бәрін өз атынан айтып отыр. Абай екеуіне де өлеңмен мінездеме берген, бітім - болмыстарын ашқан. Тұрмыстық картинаны сөзбен салған. Ал енді біз осыған байланысты біраз ой пікірімізді ортаға салатын болғандықтан алдымен сол өлеңнің 1957 жылғы нұсқасы бойынша мәтінін толық келтірейік.

Сырмақ қып астына
Байының тоқымын,
Отының басына
Төрінің қоқымын
Бүксітіп,
Бықсытып,
Қоқсытып келтірді.
Осының бәрімен
Көңілінде міні жоқ,
Жүзінің нәрі мен
Бойының сыны жоқ.
Бүкшиіп,
Сексиіп,
Түксиіп өлтірді.
Күлкі боп көргенге,
Құрбыға қадірсіз.
Ас қылып бергенге
Шыдамас сабырсыз.
Келді, ойбай,
Салды айғай,
Түк қоймай боқтады.
Сөзінің жөні жоқ,
Ақылсыз томырық,
Қатынның күні жоқ

Қамшы мен жұдырық.
Барқылдап,
Тарқылдап,
Салпылдап тоқтады [2,38]

Осы кітаптың соңындағы түсінікте (343-бет):

Өлеңде «Байы айтады» мен «Қатыны айтады» деген тақырыпшаларының түсіп қалуы һәм кей кітаптарда беріліп, бірақ орындарының ауысып кету жағдайы. Ал кей кітаптарда бұл тақырыпшалардың дұрыс берілмеуі. Неге екені белгісіз, әр жылғы кітаптарда, толықтырылып шығарылған Абай кітаптарында дәл осы 1936 жылғы нұсқасы назарға алынбайды.

Ал, мұнда тақырыпша қос нүкте арқылы беріліп тұрған соң, Масақбайдың қатыны туралы мінездемелік шумақтарда оның қатыны өзін - өзі айтып тұрған сияқты болса, ал Масақбай да өзі туралы айтып тұрғандай әсер қалдырды.

Күлкі боп көргенге,
Құрбыға қадірсіз.
Ас қылып бергенге
Шыдамсыз, сабырсыз.

Осындағы бірінші тармақ 1936 жылғы,1957 жылғы,1986 жылғы, 2005 жылғы кітаптарда Күлкі боп <u>көргенге</u> деп жазылса, 1961жылғы, 197 жылғы кітаптарда Күлкі боп <u>көргенде</u> деп беріледі.

Қазақтың ұлттық әдеби тілінің даму тарихында Абай Құнанбаевтың алатын орны да,оған сіңірген еңбегі де орасан зор. Сол қалған рухани мол мұрасын зерттеп, келешек өскелең ұрпаққа жүйелі жеткізу бізге,яғни тіл мамандарына міндет. Олай болса,сол мол мұраның шетінен зерттеп көрсек.

Мысалы:
Кейбіреу тыңдар үйден шыққанынша,
Кейбіреу қояр көңіл ұққанынша.
Сөз мәнісін білерлік кейбіреу бар,
Абайлар әрбірі өз халінше.[2,38] Бұл жердегі абайлар сөзі байқау,сақтану мағынасында.
Абайдың Әзім әңгімесі поэмасында:
Сонда шал Әзімге арқан, қанжар берді,
Маяның ішіне еніп, сен жат, деді.
Ішін тігіп, мен кетіп жасырынам,
Тау басында самұрық бізді көрді.(2,278). Бұл жерде берді, беру. Бір нәрсені екінші біреуге беру,әперу берді.

Жалпы мәтінтану ғылымымен жұмыс жасағандықтан, Махмұт Қашқаридың
де қарағанды жөн көрдік.
Қонық -Қонақ сөзі. Жырда былай делінеді:
Барды ерен қопник билир қитқа сақар,
Қалды алығ ижиық көріп евни иықар-
Барды ерен қонұқ болып құртқа сақар,
Қалды алығ ұйұық көріп евні иықар,
Кетті ерендер ұтқа санар мейманды,
Қара көрсе,үйін жығар кер қалды.[3,59]

(Қонақ келсе құт деп санайтын ерен ерлер дүниеден өтті, қара көрінсе қонақ келіп қалар деп, қазақ үйін жығып үдере көшетін нашар адамдар ғана қалды.)

Текстология ғылымының білгірлері поляк ғалымы Конрад Гурский, [4] орыс ғалымы Д.С.Лихачев [5] та коньектураға өте сақ болуды ескерткен. Неміс зерттеушісі Г. Витковский коньектура (қисынды болжам) арқылы «сөзсіз қате кеткеніне көзің жеткенде түзету енгізуге болатынын «коньектура нужна там, где есть принудительные основания для исправления» [6] дейді. М.Әуезов тәжірибесінде коньектуралық түзеу тәжірибесі өте сирек, десек те, әдеби мұраларымыздың көп жағдайда ауызша және көшірмелер арқылы жетуін ескерсек мәтіндердің түсініксіз түйткілдерін шешуде мәтінтауда қалыптасқан конъектуралық түзетуге жүгінбеске болмас.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1.Әуезов М.О 20т. ТШЖ., 17т. 226 б.

2.А. Құнанбайұлы. 2т.ТШЖ. –Алм: Қазақтың көркем әдебиет баспасы, 1957ж.1-том,207 б.

3.Қашқари М. «Түрік сөздігі» Алматы-2007ж.

4.Нечаева В. С., Konrad Górski. «Sztuka edytorska. Zarys teorii», «Изв. АН СССР, 1956,т.15

5. Борисов В. М., Вопросы атрибутации в книге Конрада Гурского «Искусство издания», в сб.: Вопросы текстологии, в. 2, М., 1960.

6.Witkowski G. Textkritik und Editonstechnik тугукук Schriftwerke. Ein ethodologyischer , Versuch. Leipzig, 1924, S.20

ӘОЖ 821.512.122-1

ІЛИЯСТЫҢ АБАЙТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ҮЛЕСІ

Қожағұлов С.Қ. қауымдастырылған профессор м.а.
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

E-mail: Sailau.24@mail.ru

Мақалада Абай мен Ілияс поэзиясының үндестігі, бүгінгі поэзиямыздағы үлгісі, дәстүр жалғастығы, ұлттық идея, ақындар поэзиясындағы стильдік қалыптасу қалай көрініс табуда деген келелі мәселе қозғалады. Абай мен Ілияс өлеңдеріндегі поэтикалық өлшемінің ерекшеліктері де зерттеу аясына арқау болады.

Тірек сөздер: *дәстүр, жаңашылдық, ұлттық идея, стиль, поэтика*

Статья посвящена поэтической гармонии между Абаем и Ильясом, традицией, национальной идеей, как отражается стилистическое становление в поэзии Ильяса. Изучаются особенности поэтического измерения Абая и Ильяса.

Ключевые слова: *традиция, новатрство, национальная идея, стиль, поэтика*

The article is devoted to the poetic harmony between Abai and Ilyas, tradition, national idea, as reflected in the stylistic formation of poetry Ilyas . The features of the poetic dimension of Abay and Ilyas are studied.

Key words: *tradition, innovation, national idea, style, poetics*

Өнер мен әдебиет тарихында дәстүр жалғастығы, шығармашылық байланыс, әдеби мектеп, ағым, әдіс, стильдік қалыптасу ұғым – түсініктері өнер иелерінің бір-біріне ізгі ықпалы, үлгі-өнегесі, шығармаларындағы үрдіс, көркемдік үйлесім, идеялық үндестіктеріне қатысты. Абайдан кейінгі ақындарға, өзіне Абай поэзиясының ізгі ықпал әсерін І. Жансүгіров дөп басып көрсеткен: “Абай біздің көркем әдебиетімізге үлкен еңбек сіңірген, көп жаңалық кіргізген ақын. Ол бұрынғы қазақ өлеңінің арнасына тыңнан табыстар тауып, үлгілер қосты. Терең ойдың толғауы, мұңның, махаббаттың лирикасы, кестелі көркем суреттер, алдыңғы елдің ақындарының үлгілері, мысал- сықақ түрлері бізге Абаймен келіп кірді. Сонымен бірге Абай бұрыңғы ескі сөз үлгісінде өлшеп- өлшеп өз дүкенінен жаңалап шығарды. Абайдың өзінен кейін көп ақынға үлгінің ұстасы болғаны содан»,- деп жазыпты [1] Ілияс Жансүгіров «Абайдың сөз өрнегі» деген «Әдебиет майданында» 1934 жылы жарияланған мақаласында.

«Қазақ поэзиясында Абайдан кейінгі биікті» (М.Әуезов) иеленген І.Жансүгіров те Абай поэзиясын ақындық мектеп, бағдар тұтты, бірақ еліктеушісі, табынушысы болып қалған жоқ, өзі де тыңнан түрен тартқан, соны соқпақтар салған сезімтал лирик, арынды эпик ретінде-ақ қазақ поэзиясының өнеге мектептерінің ең ірі өкілдерінің бірегейі болды.

Ілияс Абайдың данышпан поэзиясымен танысқаннан кейін ақындық өнерге басқаша қарайды. «Оған шейінгі көрген, оқыған әдебиеттің бәрін Абай кітабы жоққа шығарғандай болды. Ойым ояна бастады. Қанбай қайта-қайта оқи беретін болдым. Өзімде бір түрлі сергектік, сілкініс, жүрегімде жаңалық сезгендей болды», деп жазады Ілияс. Жас ақынның сұлулық мұраттарының орнығуына, көркемдік талғамының қалыптасуына, өлең мәдениетін игеруіне классикалық Абай поэзиясының ықпал жасауы-оның әдеби тағдырындағы бақыттылық, айта қаларлықтай эстетикалық құбылыс, дәстүр жалғастығын көрсететін жәйт.

Ілияс шығармашылығында ерекше орын алатын өнер, ән мен күй тақырыбы, өнер иелерінің; әнші, күйші, сал-серілердің өмірі мен өнері. Ақынның бұл тақырыпқа келуі өзінің тікелей өнерлі, өнерді жан тәнімен түсінетін, сүйетіндігінен, өзі де өнерлі болғандығынан десек те, Абай үлгі-өнегесі, ақындық мектебі айқын аңдалады. Абайдың "Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» деген өлеңінде «Білімдіден аяман сөздің майын, алты өлеңмен білдірдім әннің жайын», дейді. Бұл алты өлең: «Біреудің кісісі өлсе қаралы ол», «Өзгеге көңілім тоярсың», «Құлақтан кіріп бойды алар», «Домбыраға қол соқпа», «Құр айғай бақырған», «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» деген өлеңдер. Ілиястың «Әншіге», «Бұлбұлға», «Жанды сөз», «Әнші», «Тұңғыш тоғысу» өлеңдерін тұтас оқып, ондағы өнердің, өнерпаздың, әннің жайына авторлардың ой-көзімен қарасақ, ақындар эстетиканың талғам - танымының тоғысқан арнасын айқын көреміз.

Абайдың табиғат лирикасында ақынның ой-сезімі, жан дүниесі терең ашылып, соны бояулармен суреткерлік шеберлігін айқын аңғартады. Абай пейзажды адамның тұрмыс кешетін табиғи ортасы мекен-жайы ретінде ала отырып, әлеуметтік өмірмен қазақ халқының көшпелі тұрмысымен тығыз байланыста көрсетіп, жылдың төрт мезгіліне өлең арнаса, Ілияс «Жазғасалым», «Қыс», «Жаз», «Біздің жазда», «Жайлауда», «Көктемде» сияқты өлеңдерінде Абай дәстүрін жалғастыра отырып, «Жазғы таң», «Қыс», «Мезгіл суреттерінде» сонымен қатар балаларға арналған «Жазғытұрым», «Жазғы шілде», «Күз» өлеңдерінде өзінше өрнекпен "тілге жеңіл, жүрекке жылы» өлеңдерін жазды. Сөзден өрнек құрудан Абайдан кейінгі жылдың төрт мезгілін суреттеуде Ілияс алдына жан салмаған. Бір ерекшелігі табиғат суретін жалаң түрде бермей, жылдың әр мезгілін ел тіршілігімен байланыстыра, бала көңілін нақты реалистік өмір бедеріне аударуды Ілияс поэзиясының бағалылығын арттыра түседі. Тіршіліктің оянуын, табиғаттағы жаңғыруды жан-жануар, құстың адамдардың әрекет-қимылы бейнелейтін бұл өлеңдегі көркемдік принцип ақынның табиғат лирикасына түгелдей тән екендігін кезінде Ілияс мұрасы туралы монография жазған М.Дүйсенов те дөп басып көрсеткен. Ілияс «Қыс» туралы үш өлең жазды. Алғашқы балаларға арналған «Қыста» ақын қыстың бейнесін ауыл тіршілігіиен байланыста балалар түсінігіне лайықтап суреттесе, екінші «Қыс» Абай «Қысын» еске түсіреді. Абай қысты алымсақ, сұрамшақ кәрі құда бейнесінде алса, Ілияс қысты ауыруды аңдыған тамақсау, жемқор қожа бейнесінде алады. Абай кәрі құда - қысты ақ киімді, ақ сақалды деп кейіптесе, Ілияс қыс - қожаның үстіне ақ салма кигізіп, басына ақ шалма орайды. Ілиястың «Қысы» адам бейнесінің көрінуі, киім киісі жағынан Абайдың кәрі құда-қысына ұқсағанымен, Ілияс Абайды сол қалпында қайталамаған. Ілияс бұл өлеңін тікелей Абай әсерімен жазса да, көркемдік бояу нақыштарды өзінше бедерлейді. Ал үшінші «Қыс» өлеңінде пейзаждық суреттеулермен әлеумет тұрмысы астастырыла сипатталады. І.Жансүгіров Абайдың «Жаз» өлеңі туралы: «Абайдың жыры ырғақ, музыка, дыбыс құрылысы жағынан төгіліп кетеді. Абайдың бұл өлеңіндегі бір ақындық өзгешелігі – ол өлең ұйқасындағы етістіктердің сайдың тасындай ірі, қимылды, қозғалысты көрсетуге жандылығы» [2] - деп, өлеңдегі оңай көзге түсе қоймайтын сипат белгілердің бейнелілігі мен түрленуіне ерекше ден қояды.

Табиғат тақырыбына Ілияс салған тың дара жол «Жетісу суреттері»- өзі туып өскен өлкесінің көркем табиғатын, көз татарлық сұлулығын паш еткен, өзендері мен көлдерін, тауы мен тасын, аңы мен құсын, фауна-флорасын шабыттана келісті жырлаған бірегей туынды. Мұнда Жетісу өлкесін мекендеген рулар, тұрмыс суреттері, мінезі, этнографиясы мен тапонимикасы, тарихы мен шежіресі бір - бірімен жымдаса өріліп зор полифониялық сурет галареясын көз алдыңызға көшіріп әкеледі.

Малға жай, елге жайлау Ұшқараштың
Сүбесін мекендеген суыр сүйіп.
Асы - астау, отырған ел - өрелі құрт,
Құрт жайып қодырайған Бақай биік.
Албыр бет Алматыда алма әдемі,
Алғандай ақтамақты ауызға үріп.
Қарқара қалың қазақ кебесіндей,
Албанның албырт - ерке енесіндей. [3]

Әлеумет тұрмысы, халық мінезі мен ментальдігін табиғатпен байланыста теңеу мен эпитет, метафора мен психологиялық параллелдер, портреттік суреттеулер арқылы етене байланыстыру Ілияс қаламына дарыған қасиет. «Жалпы сын», «Тау суреті», «Жетісуда су суреті» «Жетісу жәндігі» «Жер түгі» -шебер композициялық тұтастықпен бедерленген картиналар сериясынан тұратын кескін өнерінің кемел туындысындай, тілі мен көркемдігі келісті, стилінің толысқан, шеберлік биігінен көрінген, айқындалған кезеңінде туған жыр.. Мұхтар Әуезовтің:«Мен Ілиясты бұрын да білуші ем, өлеңдерін де оқып жүретінмін. Бірақ оның шын мағынасында, дарынды ақын екенін мойындағаным, сол «Жетісу суреттері» өлеңін оқығаннан кейін»,- деп тәнті болуы - ұлылардың ұлылықты мойындауы.

«Құлагерде» сұңғұла сыншы Күреңбайдың сөзімен берілетін Ілияс сыны қазақтың бәйге ат баптаған баласының бәрі бірдей біле бермейтін тылсым тұңғиықтар. Абайдың «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» өлеңі мен Күреңбай сыншының Құлагерді сипаттаған сынын салыстыра оқиық: жылқы тұрпаты Абайда: кекілі шоқпардай, қамыс құлақ, қой мойын, майда жалды, ой желке, үңірейген сағақ деп берілсе, Ілияста: тәует бас, қамыс құлақ, бұлан мойын, қаншыр мойын, құлан жалды, үңгір сағақ. Бұл бір шумақтағы салыстырулар ғана.

«Абай — шебер суретші (художник). Өлеңімен Абай салған суреттер мінсіз, көрікті, тұрманы түгел келеді. Абайдың ондай бір суретшілікпен көрінетін өлендері — «Аттың сыны», «Қансонарда», «Аңшылық», «Жаз», «Күз», «Қыс» тектес өлеңдері. Абай бұл өлеңдерінде ақындықты лақылдатып құя салған. Осы өлендерінің қай-қайсысын алсаңыз да, өлең жазылған тақырып алдыңыздан жанды тұлғасымен тұтас түрегеледі.

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақты, -оқыған адам Абайды осы жағынан тани береді» [4] -дейді Ілиясің өзі де.

І. Жансүгіровтың 1923 жылы «Тілші» газетінде «Абай кітабы» деген тақырыппен текстологиялық кемшіліктерді талдап жазған мақаласында Абай өлеңдері жинағында кеткен қателерге текстологиялық түзетулер жасай келіп, Ілияс: «Тегінде Абай мұсылманша жазудың реттелмеген шатақ уақытындағы жазушы, сондықтан Абайдың өлеңін түзетіп жаңа жолмен жазу, кейбір сөздерін мағыналаудың ауыр тиетіні анық, - дейді, әрі өлең жолдарында кеткен 21 түрлі жаңсақтықтарды көрсетеді. Мысалы: «Кез болсақ қайғы жазарға» (233 бет, 7 жол) жазарға емес «я зарға», немесе «ие сені бітірген қиян дөңге» (237 бет, 17 жол) «ием сені бітірген иен дөңге» т.б. [5] Бұл мақала Абай өлеңдерінің тұңғыш текстологиялық зерттеуі болуымен де құнды.

Абайдың 1933 жылғы толық жинақтың Ілияс Жансүгіров жазған алғысөзі «Абайдың тарихи туысы», «Абайдың қайшылықтары», «сыншыл Абай», «Ұлтшыл Абай», «Бекшіл-байшыл Абай», «Діншіл Абай» және тағы басқа барлығы 22 бөлімнен тұратын 68 беттік көлемді алғысөз жазып, пікір айтқан Ілияс Абайдың таза ақындық өнерін талдап, түсіндіруде ақын мұрасы жайлы өрістеген айтыстарға араласып, алғашқы кезеңдерде ілкі жансақ пікірлерге де ұрынды.

Кезінде белгілі журналист, сыншы атанған Ғ. Тоғжанов 1935 жылы Алматы мен Қазанда басылған «Абай» атты әдеби сын кітабында І.Жансүгіровтың жазғандарынан «саяси қателіктер» тауып: «І.Жансүгірұлы Абайдың ұлтшыл еместігін дәлелдеуге тырысады. Осы пікірін дәлелдеймін деп бірсыпыра шатақ сөздерге килігеді, үлкен-үлкен саяси қателер жасайды. Ілиястың бірінші шатағы – Абаймен қазақ ұлтшылдарын салыстырып, безбенге салғанда, ұлтшылдар орыс патшасына, орыс жиһангершігіліне қарсы болды, байбалам салып

күресті деген қорытындыға келеді. Біздіңше, бұл үлкен шатақ, үлкен саяси қате. Ілиястың екінші шатағы – Абайға ұлтшылдықты қимауы». [6]

Бұл сындарлы сын емес, заманға жаман күйлемектің, жаптым жала, жақтым күйе кебімен ақынның жазғандарын айыптаудай болды. Сеңі жібімеген идеологияның мұзында тайғанақтаған небір азаматтарды «саясат қошқарлары» бір-бірімен дауластырып, жауластырып тиянақ таптырмады. Десек те, замана желі талайды бет қаратпай ықтырғанымен ұлттық рухы мығым алаш арыстарының бірі І.Жансүгіров Абай мұрасының арашасы, насихатшысы, зерттеушісі де болды. Абай мұрасы жайлы жазғандарын қайта қарау нәтижесінде тұжырымдап, қорытқан «Абайдың сөз өрнегі», «Абайдың әйел теңдігіне ат салысуы» (Әйел теңдігі 1927 ж. №2), Ғ.Тоғжановпен бірге Абай әндері жайлы «Қазақстан ән-күйі» (Еңбекші қазақ. 1931 ж. 2 қараша), «Абай жинағы», Социалистік Қазақстан (1937 ж. 6 ақпан), «Пушкин аудармасы қазақ әдебиетіне не берді» (Қазақ әдебиеті 1937.10.02) мақалалары сол кезеңде Абайтану іліміне қосылған зор үлес болды.

Ұлылыар үндестігі, дәстүр мен жаңашылдық, өнеге-өрнек Ілияс ақынды-ғының қалыптасуындағы стильдік кезеңнің алғашқы сатысы болса, сөзге де, ойға да жүйрік ақынның кейіннен өз стилін айқындауындағы өнеге мектебі, өнер мектебі іспеттес еді. Заманның көкейтесті мәселелеріне үн қосып, өз дәуірінің әлеуметтік –саяси болмыс-бітімін жан-жақты бейнелелеп, жырлап өткен ақындардың Абайға еліктеп өлең жазбағаны кемде-кем. Әбділда Тәжібаев: «Лирика мен эпосты бірдей меңгеруде Ілияс талантты да шебер ақын» деп бағалай келіп, Ілияс та Абай дәстүрін жалғастырушы ақын екендігіне шәк келтірмейді. Ілияс: «Абайдың тілі бай, Абай қазақ ұғымындағы сөздің сабазы. Тілге Абай құйған қор көп, оның өлеңі таудан тасыған бұлақтай сарқырап жатса, өлеңіндегі сөздері сол бұлақтың түрлі тасындай жарқырап жатады. Абай өзінен тіл жасаған ақын емес, елдің тілін толық пайдаланған ақын», [7] деп бағалайды. Абайдың бай қазыналы тілінің інжу-маржанын жарқыратып танытқан, жайната жалғастырған, нәсерлете төкпелеген Құлагер ақынның Ұлы Абайға берген бағасын өзіне де қаратып айтсақ артықтық етпесі анық. «Өлеңді өнер деп бағалаған Абай — сол өлеңді кестелеп, қазаққа қызмет етті. Өлеңнің өнер екенін көрсетті. Қазақта да мынадай сөз өнерінің үлгілері болады деп өнер белгісін қалдырды. Абайды жазба әдебиеттің — сырлы әдебиеттің басы дейтініміздің бір жағы осында - деп жазды І. Жансүгіров.

Қазақ поэзиясының көгіндегі Темірқазығы Абай болса, Жетіқарақшы шоқ жұлдызындай жарқырап өткен ақындардың ірісі, бірегейі – Ілияс Жансүгіров. Қазақ мәдениеті мен әдебиет тарихын-дағы ақындардың үркердей шоғырының ішінен Ілияс есімі де шоқтықтанып көрінеді. Жұлдыздар бір-біріне жарығын түсіріп жарастығын паш етер, қалың елінің қамын, ұлттың ұстанымын, халқының бостандығымен болашағын жырлауда ұлылар ой- арманы, мүддесі де бір үддеден шығып, үндесіп, бірін-бірі толықтырып, жаңғыртып отырғаны ақиқат.

Абай мен Ілияс поэзиясындағы дәстүр жалғастығын, Ілиястың қазақ поэзиясына әкелген жаңалығы мен көркемдік әлемін, поэтикалық қуатын, шабыты мен пафосын, Абай мұрасын бағалаудағы, танытудағы зор еңбегін абайтану ғылымына қосылған сүбелі үлес. Туған жердің топырағы мен киесінен, атаның қаны мен ананың сүтімен даритын қасиет-қабілеттерді тапыныс - талабымен, ізденісімен ұштаған, жетілдірген Ілияс ақынның қазақ поэзиясының дамуы мен әлемдік әдебиет көшінің алдыңғы легінде көрінуіне зор ықпал, үлесін, зерттеу - Ілиястану ғылымына ат басын бұрған зерттеушілердің абыройлы міндеті, ғылымдық парызы.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Жансүгіров І. «Абайдың сөз өрнегі» «Әдебиет майданында» 1934 Сонда, 28 б.
3. Жансүгіров І. 5 т. ТШЖ. 1т.Өлеңдер Алматы, «Жазушы» 140б
4. «Абайдың сөз өрнегі» «Әдебиет майданы» 1934
5. Жансүгіров І. «Абай кітабы» «Тілші» газеті 1923 ж. 8 мамыр
6. Тоғжанов Ғ. «Абай» Қазан, 1935 ж. 52б.
7. Жансүгіров І. «Абайдың сөз өрнегі» «Әдебиет майданында» 1934

ӘОЖ 821

ЖЫР САНДЫҚТЫ АШЫП ҚАРА...

Қоқымова К.
І. Жансүгіровтің мұрасын зерттеуші, Астана қ.

Мақалада Ілияс Жансүгіровтің мұрағатындағы кітаптары мен қолжазбаларының және дәптерлерінің түпнұсқалық тізімдемесі бірінші рет жарияланып отыр. Талай жылдар бұл архивтер ашылмай, зерттелмей келе жатқандықтан оны мезгілі енді ғана келді.

Тірек сөздер: *Архив, Ілияс, Орган, Комитет, Жеңіс*

В статье отражается архивные материалы касающихся жизни И.Жансугурова. Долгие годы оно было под запретом карающего органа, сейчас пришло время открыть эти документы.

Ключевые слова: *Архив, Илияс, Орган, Комитет, Женис.*

The article reflects archival materials concerning the life of I. Zhansugurov. For many years it was banned by the punishing authority, now it's time to open these documents.

1942 жылы Қазақ КСР Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті тарапынан І. Жансүгіровтің архивіне екінші рет тәркілеу жүргізіледі. Бүгінде сол мұрағаттың - **кітаптары мен қолжазбаларының және дәптерлерінің түпнұсқалық тізімдемесі бірінші рет жарияланып отыр:**

«Опись изымаемого при обыске.На основании ордера Кошумбеков, Касимов и Аксянов в присутствии понятого Джилкибаева Галия составили опись на изъятое у гр.Габитовой Фатимы (Джансугуровой) по адресу Иссыкульская 129, корпус 1 кв 4.

Ордердің негізінде Кошумбеков, Касимов және Аксянов куәгер Джилкибаева Галияның қатысуымен Иссыкуль 129, 1 корпус, 4 пәтерде Габитова Фатимадан (Джансугуровадан)) алынғанға тізім жасадық. Тінту кезінде алынғанның тізімдемесі).

1.Журнал «Шура» с 1908-1918 гг. 10 томов
2.Повесть «Құрақ қилы заман» және «Қазақ қызы» 1 1928
3. Журнал «Әдебиет және сын мәселелері» 1 1929
4.Өленděр жинағы 1 1927
5. «Алтын сандық» 1 1935
6. Әдебиет тану 1 1932
7. Жаңа мектеп 1 1927
8.Поэма «Көмір коммунизм» 1 1932
9.Батырлар жинағы 1 1934
10.Адасқан өмір 1 1922
11.Толық жинақ Абай 1 1933
12.Көркем әдебиет жинағы 1 1933
13.Қазақ жазушылары 1 1934
14.Жаңа әдебиет 1 1929
15.Хазрет Мухамед 1 1924
16.Ақындардың шашуы 1 1927
17.Жолдастар 1 1934
18.Майдан 1 1933
19.Жол аузында 1 1933
20.Толық жинағы 1 1933
21.Евгений Онегин 1 1933
22.Қазақстан ақындарының жинағы 1 1932пер.Сейфуллина

23.Октябрь	1	1926
24.Тарту и др.	1	1924
25.Әдебиет танытқыш	1	1926
26.ХХ ғас.қазақ әдебиеті	1	1932
27.Өлеңдерінің жинағы	1	1933.2
28.Полное собрание сочинений	1	1933
29.О(...) ...үрек	**1**	**1933**
30.«Ойнаш»	1	на тат.языке
31.Жаңа әдебиет № 1	1	19 31
32.Тоже №1 и № 2	1	1928
33.Соқа	2	1923
34.Қазақ календары	1	1923
35.Біздің еңбек	1	1934
36.Әдебиет майданы	1	1932
37.Тас мейман	1	1926
38.Ел ары	1	1926
39.Нефть-стоп	1	1933
40.Хаджимурат	1	1924
41.Тан	1	1925
42.Қызыл Қазақстан	1	1922
43.Сұлтанмахмұт	1	1933
44.Шығармалары	1	1926
45.Борис Годунов перевод	1	1912
46.Ляйля	1	1936
47.Толық жинақ	1	1934
48.Құқ	1	1935
49.Жарық	1	1935
50.Көркем әдебиет	1	1935
51.Кеңес.	1	1934
52.Жаңа туған		
53.Дала		
54.Рузи Иран	1	1935
55.Поэмалар	1	1935
56.Лирическая магистраль	1	1934
57.Куприн	1	1936
58.Солнечная пряжа	1	1921
59.Восточные сборники	1	1924
60.Қазақ тілінің термині	1	1936
61.**Бя(..)тел**	1	1935
62.Қазақ колониал.ауыл	1	1934
63.Жол аузында	1	1935
64.Мәйек	1	1931
65.Степь		1933
66.Талтаңбайдың тәртібі	1	1934
67.Тұлпар	1	1934
68.Письма рабкорам	1	1936
69.**К(...)опат.туралы өлеңдер**	1	1937
70.Қазақ совет фольклоры	1	1935
71.Он жылда	1	1927
72.Жас қайрат	1	1924
73.Балаларға тарту	1	1927
74.Жаңа жыр	1	1937

75.Қазақстан ескі әдебиеті 1 1937
76.Жаңа мектеп 1 1927
77.Сүйінбай ақын 1 1935
78.Земля молодости 1 1936
79. Памятники татарской словесности 1 1924
80.Избранные рассказы 1 1934
81.Переводы, (...) 1 1937
82.Татар әдебиетінің тарихы 1 1924
83.Жолдастар 1 1935
84.Айман –Шолпан 1 1934
85.Қазақстан 1 1934
86.Теміртас 1 1935
87.А.Лахути 1 1935
88.Жаңа мектеп 1 1927-1928
89.Күй 1935
90.Толық жинақ 2-ой том 1 1933
91.Мектеп 1 1934
92.Стихи С.Дөнентаева 1 1935
93.Бөгенбай 1 1935
94.Әдебиет майданы 1 1935
95.Абай 1 1935
96.Подарок 9 -летию Казахстана 1 1936
97.Абай Кунанбаев 1 1936
98.Ақырзаман 1 1934
99.Прозы перевод С.Сейфуллина 1 1935
100.Қозы Көрпеш Баян сұлу 1 1935
101.Күй 1 1934
102.Поэмалар 1 1934
103.Степь 2 1934
104.Қара бұғаз 1 1935
105.Жаңқа 1 1929
106.Прошлый Казахстан 1 1936
107.Шәркей 1 1937
108.Изб.стихи Тажибаева 1 1936
109.**Пере(...)мирлар** 1 1936
110.Толық жинақ 1 1924
111.Казах.сборник 1 1934
112.Социалистік түлек 1 1934
113.Маржан 1 1936
114.Новая земля 1 1934
115.Қыз Жібек 1 1936
116.Ақмолла 1 1934
117.Персидские перлы 1 1929
118.Соқа 1 1929
1119.Казахстан №1, №2 2 1935
120.Шеңбер 1 1935
121.В пути 1 1936
122.Киров 1 193 6
123.Дала 1 1936
124.Қазақ қызы ... часть 1934
125.Татар тарихы II часть 1 1925
126.Тоже III часть 1 1922

127.Диваки 1 1936
128.Ескілік 1 1935
129.Әдебиет 1 1935
130.Песни Казахстана 1 1935
131.Қазақ жазулары 1 1934
132.Қырманда
133.Екі пьеса 1 1930
134.**Даут (...)** 1 1927
135.Дала 1 1932
136.250 кир инстр 1 1933
137.Біздің күндер 1 1926
138.Күлпаш 1 1926
139.Малта 1 1929
140.Беташар 1 1927
141.Толық жинақ 1 1933
142.Ислам діні оянар, қаз. 1 1927
143.Мысалдар 1 1936
144**.(...) кітапханасы** 1 1924
145.Колхоз тойы 4 1934
146.Тас тілек 1 1935
147.Толық жинақ 1 1933
148**. (...) мақалдары** 1 1935
149.Қазақстан 1 1935
150**.**Тілі жұпар 1 1928
151.Мысалдар 1 1936
152.Қазірғі әдебиет 1 1934
153.**А(...) батысы** 1 1928
154.Жизни моменты 1
155.Содержание корана 1
156.Қазақ ақындарының басты жырлары (Шайыр) 1
157.Түрік,татар тарамы 1
158.Сүйімбике 1 1914
159.Введение фильм 1 1927
160.Япон.лит. 1 1927
161.Ғабит өлеңдері 1 1926
162.Қадырлы минутлар 1 1912
163.Тат.әдебиеті тарихы 1 1924-1925

Тізімдеменің соңында қолжазбалары бөлек көрсетілген:
Әдебиет құрағы,дәптер №1-34 - 1923
№35-36-37 блокноттары
№38-39-40 дәптерлері
№41. - 1916 жылдың материалдары
№42. -дәптер
№43. –қолжазба, 1 дана
№44.-аудармалары, 1 дана
№45.- папка (№2 туралы әндер).
№46.-« » №3
№47.-« » №4
№48. « » №5
№49. « » №6
№50. папка,пьесалары №7
№51.- «Ақбілек» қолжазбасы,1 дана

№52- 3 дәптер,қолжазбалары
№53.-каз (...), 1 папка
№54.-фотосуреттер, 33 дана

Тізімдемеде асығыс жазылған шығармалардың атауларын, авторларын және баспадан шыққан жылдарын дұрыстап жазу мақсатында Алматыдағы Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасындағы сирек кездесетін қолжазбалар қорында кешенді жұмыс жүргізілді. Бірінші кезекте Ілияс, Сәкен, Бейімбет шығармаларының және замандастарының библиографиялық көрсеткіштерін тарихи деректер жинақтамасымен, естеліктермен салыстыру жұмыстары жүрді. Ілиястың балалары Саят, Үміт, Ильфа, Болаттан әкелерінің мұрағаты туралы естеліктер жазылып алынды.

Қазақ КСР Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті 1942 жылы тұтқындаған осы архив Ілияс ақталғанға дейін тар-қапаста, құрсауда қозғалыссыз жатады. 1957 жылы 12 сәуірде Кеңес Одағының Жоғарғы соты әскери коллегиясының анықтамасымен І.Жансүгіров «...ісінде қылмыс құрамы болмағандықтан ...» ақталады. Осыған қарамастан, кеңестік жүйе бұдан былай да ақынның тағдыры мен мұрасына байланысты бар жағдайларды бұрмалап отырғанын келесі деректерден білеміз. Соның бірі, ақын ақталғаннан кейін бір жарым айдан кейін Алматыдағы Сталин ауданы 2 бөлімшесі халық соты мәжілісінің **1957 жылғы 29 мамырдағы №214 анықтамасы** -1937 жылы ұзақ мерзімге тұтқындалған І.Жансүгіровтің **1949 жылы 19 сәуірде түрмеде қайтыс болғандығын мәлімдейді. Ал а**қынның жары Фатима Габитоваға күйеуінің тұтқындалған материалдарын қайтару туралы Қаз КСР Министрлер Советінің жанындағы МҚК-і есеп-архив бөлімінің басшысы подполковник Давыдовтың **1957 жылғы 30 мамырдағы № 11/3-3678 сұранысына - Ішкі істер министрлігінің Октябрь революциясы және социалистік құрылыс Орталық мемлекеттік архив басшысы Голубятников:** «Сообщаю,что вопрос о возможности передачи Габитовой Ф., документальных материалов архивного фонда Джансугурова Ильяса находится в стадии разрешения» деген мазмұнда жауап даярлағаның ақынның іс қағаздарынан кездестірдік. Алайда іс жүзінде бұл хатпен бірге архив материалдары рұқсат алу шеңберіндегі іс-шаралардан аспай іс қағаздарында қала берген.

Осылай, отбасына қайтару мақсатында келесі рет, 1957 жылы қозғалысқа түскен ақын мұрағатының тағдыры туралы әңгіменің жаңғырығы отыз жылдай уақыт асырып барып, күтпеген жерден балаларының алдынан шығады. Бұл жөнінде әкесінен екі жасында айырылған Ильфа Ілиясқызы:

...В начале 80-х мне позвонили по поручению Бижамал Рамазановой (она возглавляла Главное архивное управление при СМ КазССР) и сказали,что нашелся архив Ильяса, вернее его часть. Оказывается, два года назад в доме по улице Комсомольской умер старик Голубятников (фамилию могла перепутать),работавший ранее в органах НКВД.Старик жил одиноко,без родственников и друзей, а после смерти люди обнаружили много рукописей на арабском и латинском. Они обратились в ЦГА РК, оттуда прибыли специалисты, бумаги перевезли. Исследователи обнаружили,что это архив Джансугурова. Ксати, в нем была рукопись «Ақбілек» Жусупбека Аймаутова, арестованного гораздо раньше - 1932 году. Мне показали расписку Голубятникова, которая свидетельствовала о том, что он являясь следователем по делу Ильяса, подверг уничтожению его архив путем сожжения... Что заставило работника НКВД спасти рукописи отца, айматувский роман? Но этот подвиг русского человека не может забыт нами.(И.Жансугуров:Документы,письма,дневники...Алматы,2006. 13с.).

Ильфа Ілиясқызы: «фамилиясын шатастырып алуым мүмкін»- деп отырған **Голубятников** ататегін ақынның іс қағазынан, мұрағатына байланысты құжаттардан кездестірдік.

Ол 50-жылдардың соңында Қаз КСР Ішкі істер министрлігінің Октябрь революциясы және социалистік құрылыс Орталық мемлекеттік архив бастығы лауазымын атқарған. І.Жансүгіров ақталғаннан кейін мұрағатын отбасына қайтару жұмыстарына басшылық жасаған. Алайда, билік органдары тарапынан отбасына мұрағатын қайтаруға ресми рұқсат берілмегенмен, өртеп түбімен құртып жіберуге жымысқы жол көрсетілгенін жылдар өткізіп барып білеміз. Әрине, кеңестік тоталитарлық жүйе сол кезеңдерде бар зұлымдық іс-әрекеттерін

қолма-қол барынша мойындауға даяр емес еді, алда отыз жылдан астам уақыт пен қайта құрулар заманы тұрды. Осылай барлық жағдайларға араласып, іштен біліп жүрген көзі ашық азамат архивты басқа жолмен, өртелді деген қолхатпен тар құрсаудан алып шыққан. Осы арада айта кететін бір жайт, 1957 жылы Орталық мемлекеттік- тарихи, Октябрь революциясы және социалистік құрылыс және Кинофотодокументтер 3 архиві бірігіп Қаз КСР Орталық мемлекеттік архивын құраған.

Жалпы осындай жағдайларда тексеру, есептен шығару, есепке алу, шығынға жазу сынды іс-шаралар жүргізіледі. Бәлкім, осы тарихи оқиғаның азаматтың адамшылық ниетін іске асыруға тәуекел етіп әрекет жасауына түрткі болуы мүмкін деген де ой келеді. Қалай болғанмен, ақын руханиятын қып-қызыл жала, өрт ошағынан аман алып шыққан басқа ұлт өкілінің рухына, адамгершілігіне, ерен ерлігіне ұрпақтарымен бірге бүкіл қазақ халқы мың алғысын білдіреді.

Осындай тарихи хикаямен бостандыққа шыққан әке мұрағаты- кітаптары мен қолжазбалары 80-жылдары балаларына және туған халқына аман-есен оралды.

Ақынның іс қағазындағы тізімдемені 10 томдық «Шура» журналы (1908-1918ж.ж.) бастайды. Бүгінде бұл журналдың 1911-1917 жылдар аралығындағы №23-24 нөмірлері, жеті томы Талдықорғандағы музейінің экспозициясында, қалпына келтірілген ақынның кабинетіндегі кітап шкафында орналасқан. Баспагері атақты татар ақыны және алтын өнеркәсібінің қожасы Закир Рамиев-Дәрдменд болған. Журналды Орынборда «Вакть» газетінің баспаханасынан газетке қосымша қылып шығарушы редакторы, татар жазушысы және ғалым Риза Фахретдинов(1858-1935).

XX ғасыр басында жаңа көзқарас-пікірдегі басылым санатында болған журналды алдыңғы қатарлы қазақ азаматтары іздеп оқыған. Ф.Габитова: «Алыптар тағдыры:күнделік дәптерден»(Алматы,1995 -130 б.) естеліктер жинағында Біләл Сүлеевтің татардың «Шура» журналында татар ұлтшылдарына қарсы жазылған «Наушируан әфенді мақаласы жайлы» деген ғылыми мақаласы 1916 жылғы 3-санында басылған» дегенді кездестіруге болады. Музей көрермендері болса альбомға ұқсас үлкен, қалың болып келген, көне қоңыр түсті мұқабадағы журналдарды ескі кітаптарға ұқсатып тамашалайтын. Ілияс қырғыздар тарихына байланысты деректерін теріп оқып, жинақтап жүрген «Шура» журналының материалдары күні бүгінге дейін қазақ тіліне аударылмай келеді, аудармашылары мен зерттеушілерін күтуде. Бір шолып шыққан тіл мамандары араб қарпымен жазылғанын және де шағатай, парсы тілдерінде көне сөздердің жиі кездесетіндігін алға қойып аударманың қиынға соғатындығын айтуда.

Өмірінің соңғы күндеріне дейін кітап оқуды, ауыз әдебиетінің үлгілерін жинауды сүйікті ісіне айналдырған Ілияс өлең жырға құмарлығы Абайдың тұңғыш кітабынан және Б.Сыртановтың әлемдік деңгейдегі зор кітапханасынан басталғанын өмірбаяндарында әңгімелейді. Ілияс өзі айтқандай, кеш болса да өмір-өлеңге көзін ашқан Абай шығармаларынан бастап, сол кезеңдерде өздерімен бірге қудалана бастаған алаш азаматтарының және замандастарының маңдай алды шығармаларын кітапханасында жинақтаған. Ілияс кітапханасының жеке мөрі болған, оны Талдықорғандағы ақын музейінде сақталып отырған «Абай» (г.Алашь,редакция журнала) журналынан көруге болады. Журналды оқу барысында қызыл және көк қарындашпен қойып отырған белгілері де осында. Қазақ тарихына және әдебиетіне байланысты ескіліктің дара кітаптарын талмай іздеп оқығанын, шығармаларында қолдану әдістерін музейінде сақталып отырған «Көбік шашқан» қолжазбасының шығармашылық лабораториясы тереңінен ашып береді. Қолжазба дәптерлеріне ұнаған дүниелерді жазып алып, оларды түптетіп, көзінің қарашығындай сақтау арқылы қазақ қолжазба кітабының дәстүрін жалғастырушылардың бірегейі Ілияс болды.

«...Жанына жаққан нәрсенің бәрін жазып алудан жалықпайтын, Алматыға келгесін үлкен том етіп, түптетіп те алды, біздерге оқуға беретін, кітап тапшы кезде көп нәрсені содан оқып беретін» деп жерлес інісі Ғ.Орманов есіне түсірген, 1923 жылмен мерзімделген 34 дәптер әдебиет құрағын осы тізімдемеде кездестіреміз. Бір немесе он емес, отыз төрт дәптерлерге қаншама асыл дүниелерді жазып алды десеңізші, ақын мұрасын зерттеушілерге тұнып тұрған әдебиет маржандары емес-пе! Ілияс руханиятымен бірге бостандыққа аман шыққан, кеңестік қоғамдық-саяси ортаны селт еткізген Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» қолжазбасы, оның аудармасындағы Пушкиннің «Тас мейманы», Ш.Құдайбердиевтің еркін аудармасындағы Физулидің «Ләйлі-Мәжнүн» дастаны, Ә.Бөкейханұлы-Қыр баласы аударған Л.Толстойдың «Хаджимурат»

шығармасы, М.Жұмабаевтың «Тарту» оқулық кітабы, А.Байтұрсыновтың балаларға арнаған «Әдебиет танытқышы», Ғ.Қарашев құрастырған (Ғабдулла Мүштах бүркеншік аты) «Қазақ ақындарының басты жырлары»-(Шайыр) жинағы, «Сүйімбике», «Түрік-татар тарамы», «Борис Годуновтың» аудармасы және тізімдемеде көрсетілген басқа да басылымдар бүгінде қазақ әдебиетінің алтын қорында десек қателеспеген болармыз. Қазақстан Жазушылар Одағының төрағасы қызметіндегі азамат-ақынның халық жауларының, алашордалықтардың шығармаларын зерделеумен бірге сақтап келгені бірінші кезекте өмірдегі ұстанымынан, шығармашылық мұратынан сыр береді емес-пе.

Тізімдемеде замандастарынан Б.Майлиннің, С.Сейфуллиннің, С.Мұқановтың, Ә.Тәжібаевтың, С.Шәріповтің, С.Дөнентаевтың, Ғ.Мүсіреповтің және басқаларының айтулы шығармалары көрсетілген. Әсіресе, Б.Майлиннің шығармалары басым болып келген. Тағдыр тәлкегімен бір күнде қаза болған екі достың арасындағы әдемі қалжыңдары, жазған хаттары, бір-біріне деген шығармашылық қамқорлығы, баспадан шыққан кітаптарын бір-біріне сыйлап тұру дәстүрі талай ұрпаққа шынайы достықтың үлгісі болары хақ.

Мерзімді әдеби-тарихи журналдардан: «Шураны» (1908-1918ж.ж.), «Қызыл Қазақстанды», 1922, «Жас қайратты»,1924,«Таңды» ,1925, «Жаңа мектепті», 1927-1928ж.ж., «Әдебиет және сын мәселелерін», 1929; 1932 және 1935 жылдардағы «Әдебиет майданын»,1935 жылғы «Қазақстанды» кездестіреміз.

1928 жылдан бастап шыққан «Жаңа әдебиет» журналының алғашқы №1- 2 тарихи нөмірлері(1932 жылдан «Әдебиет майданы»),1931 жылғы №1 нөмірі, «Қазақстанның» 1935 жылғы №1 және №2 нөмірлері жеке көрсетілген.

«Жаңа әдебиет» журналына байланысты ақынның 1931 жылғы 1 санында шыққан «Мен қалай жаздым» деген мақаласы, музейінің экспозициясында орналасқан 1929 жылғы 11,12 сандарындағы «Күй поэмасы, 1932 жылғы 1 санындағы «Қуат» поэмасы бірінші кезекте аталады. 1935 жылғы «Әдебиет майданынан» үзеңгілес жан досы Бейімбеттің «Жалбыр» атты музыкалық пьесасын оқып танысқанын, пікір бөліскенін және сақтап қойғанын жоққа шығаруға болмайды. «Тілші» газетінің 1925 жылғы 3 ақпандағы санында баспадан шыққан кітаптар туралы даярлаған «Қазақша жаңа кітаптар» хабарынан жас қаламгер жаңа бір қырынан танылады. «Жаңа мектеп» журналының 1927-1928 ж.ж. топтамасынан -1927 жылғы бірінші нөмірінде жарық көрген С.Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасын, тұңғыш қазақ библиографы М.Дулатовтың «Қазақ тілінде басылған кітаптардың көрсеткішінің(бірінші бөлімі 1926 жылы жарық көрген) араб қарпымен жарық көрген екінші бөлімін ерекше атауға болады. Көрсеткішке қазан төңкерісінен кейін 1926 жылдың бірінші қаңтарына дейін шыққан кітаптар енген. Бұл көрсеткіштің жалғыз Ілияс емес,бар әдеби қауымға бағыт-бағдар болғанын жоққа шығаруға болмайды.

Ақынның жеке шығармалары түгелдей дерлік осы тізімдемеде хатталған: «Беташар»-2,1927; «Балаларға тарту»,1927; «Малта»,1929; «Колхоз тойы»,4-1934; «Толық жинақ»-2,1933; «Дала»-2,1932 және 1936; «Киров»,1936; «Степь»-2, 1934; «Жаңқа», 1929; «Шәркей»,1937; «В пути»,1936; «Ақырзаман»,1934; «Мектеп»,1934; «Толық жинақ», 2-ші том,1933; «Күй»,1935; «Жолдастар»,1935; «Сүйімбай»,1935; «Степь»,1933; «Мәйек»,1931; «Жол аузында»,1935; «Жаңа туған»-2,1934; «Жаңа жыр» 1937 (1930) өлеңдер жинағы; «Кеңес»,1935; «Құқ»,1935; «Соқа»-2,1923; «Полное собрание сочинений»,1933; «Өлеңдерінің жинағы»,1933-2; «Толық жинағы»,1933; «Жол аузында»,1933; «Жолдастар»,1934 және 1935; І.Жансүгіров және Ғ.Мүсірепов 1933 жылы мектептің 6-оқу жылы үшін бірлесіп жазған «Көркем әдебиет жинағы»; Ілияс алғысөзін жазған Абайдың толық жинағы,1933, С.Шәріповтің «Рузи Иран» шығармасы(1935), Георгий Николаевич Тверитин тұңғыш көркем тілмен аударған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры және т.б. Сонымен бірге Қазақстан Жазушылар Одағының және Халық ағарту комиссариатының ұйымдастыруымен алаш азаматтары мен үш арыстың ескіліктен жинап, баспаға даярлаған асыл қазынаның барлығын дерлік осы тізімдемеден табамыз.

Ақынның іс қағазымен танысуға рұқсат алған музей қызметкерлері 1937 және 1942 жылдары Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің барлығы -171 кітабын, 54 қолжазба дәптерін, оның ішінде 1923 жылмен мерзімделген «Әдебиет құрағы» тақырыбында №1-34 –ке дейін нөмірлі

дәптерлерін, №35-36-37 блокноттарын, №38-39-40 қолжазба дәптерін, №41-1916 жылдың материалдарын, №42 дәптерін, №43 – қолжазбасын, №44 - аудармаларын, 10 папка еңбектерін, оның ішінде: №45 папка - №2 әндер туралы, №46 папка - №3 туралы, №47 папка - №4 туралы, №48 папка - №5 туралы, №49 папка - №6 туралы, №50 папка -№7 пьесалары, №51- «Ақбілек» қолжазбасы, №52- 3 дәптер қолжазбалары, №53 -1 папканы тәркілегенін анықтады.

Сонымен жүйелі түрде жан-жақтан жиналған тарихи мәліметтерді қорытындылағанда ақын архивының үш бөліктен құралатындығы анықталды.

Ақын мұрағатының бірінші бөлігін 1937 жылғы 11 тамызда ақынмен бірге тұтқындалған құжаттар мен еңбектері құрайды. Олар: №1572517 партбилеті, КазЦИК мүшесінің значогі- 2, №51 куәлік,«Қазақстанға 15жыл» значогі, «Қазақстанға 15 жыл» значогінің № 97, 67 куәліктері, №055403 Кәсіподақ билеті, Әр түрлі құжаттар – 40, 36 конверт, адрестерімен,15 қолжазба дәптері, 4 папкада еңбектері, 35 парақтан тұратын хаттар, «Қазақстанға 15 жыл» альбомы, Совет Одағы Жазушылар делегатының албомы, Есениннің 4 томдығы, Әр автордың 4 (төрт) кітабы, Алфавит тәртібімен жазылған адрестер. Және жұбайы Фатима Габитова Болатты босанып, перзентханада жатқанда пәтерлерінен далаға лақтырып тасталған, парақтары шашылып қалған «Көбік шашқан», «Құрманғазы», «Мақпал» поэмалары.

Екінші бөлігі - Ілиясты тұтқындаған түні жайлаудан келген заттармен жабылып, тінтуден аман қалған террасадағы үлкен сары шкафта сақталған архив. Бұл архивты Ф.Габитова дереу түн ішінде шиеттей балаларымен бірге жүк машинасымен Қапалға аттандырады. Балаларының жанында қиын-қыстау жылдары бар ауыртпалықты отбасымен бірге көтерген Хуппижамал Жылқыбаева - Хуппи әнилері болды.

Ішкі істер органында қызмет істеп жүрген жанашыр туысы ешкімге тіс жармай, асқан құпиялықпен қараңғы сарайында сақтап келген осы мұрағаттың тағдырын 28 жылдан кейін барып, ақын ақталғаннан кейін, оның 70 жылдық тойы қарсаңында Ф.Габитова тиісті адамдарға, ел азаматтарына баяндап береді. Бұл жайтты Ф.Габитова туыстарына да 1965 жылы 8 наурызда жазған хатында айтқан: Менің ғазиз туғандарым! Өзімнің саулығым биыл нашар емес, балалар баршасы сау. 25 мамырда Ілиястың жетпіс жылдығын тойлағалы жатырмыз. Ел жайлауға алып баратын көрінеді. Үлкен той Ақсуда болмақ. Мен бұл тойға Османды арнап шақырып отырмын. Осы күннен әзірленіп, демалсын. Ақсу ауданы қатты дайындалып жатыр. Мамырдың 15-нен бастап бие байламақ. Мұндағы тиісті адамдарға – Ілиястың қолжазбаларын сақтап қалушы және соғыс жылдарында семьясына жәрдем беруші Осман Жылқыбаев деп те айтып қойдым... Ф.Габитова «Өртеңде өнген гүл» , «Атамұра» баспасы,1998 ж.169 б.

1949 жылы Ф.Габитова данышпан М.Әуезовтың көмегімен екінші қуғындалудан балаларымен аман-есен Меркеден Алматыға қайтып оралады.

Қапалда жатқан ақын архивын тездетіп өз қолына алдыртып, барлық мұрағатын жинақтап, қалпына келтіруге ерен еңбек жасайды. 1937-1942 жылдары руханият тәркілеуін бастан өткерген және ақын мұрағатының ұлттық мағынасын, қадыр-қасиетін барынша тереңінен түсінген ақылды жан 60-жылдары ҚРОММ-да І.Жансүгіровтің жеке қорын ашады. Бүгінде осы мұрағатта сары шкафта сақталған архив негіз болған Ф.Габитованың және қызы Үміт Ілиясқызының жеке қорлары жұмыс істейді.

Үшінші бөлігін - 1937 жылғы тәркілеуден шатырдың астындағы сандықта аман қалған кітаптары мен қолжазбалары құрайды. Бұл туралы Болат Ілиясұлы: ...Мать рассказывала, что целый сундук книг отца хранились на чердаке (во время ремонта). Его не тронули...

Бірақ ол да 1942 жылы хатталып кете барады. Осы мақалаға арқау болып отырған мұрағат тізімдемесі осы үшінші бөлікке жатады. Анасы қайтыс болғаннан кейін ата-анасының аман қалған барлық мұрағатын Ильфа Ілиясқызы қолында ұстайды. Қазақстан Орталық мұрағатынан Ф.Габитованың жеке қорын ашады, естеліктерін баспадан шығаруға басшылық жасайды, әкесінің музейлеріне жеке заттары мен қолжазбаларын, кітаптарын сыйға тапсырады.

Осылай жыр жүйрігі Ілиястың ақ сандықта сақталып қалған асыл қазынасының сан қилы тағдырынан қолжазбалардың ешқашан өртенбейтіндігіне куә болдық.

ӘОЖ 19. 32

ОТБАСЫНДА БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Құрманжанова Г.Е. студент, **Таурбекова А.С.** магистр, аға оқытушы
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

E-mail: *Taurbekova71@mail.ru*

Мақалада отбасында баланы ерте дамыту мәселесі айтылады, баланы ерте жастан дамытуда Н.А.Зайцев әдістемесін қолданудың тиімділігі, балаларға текшелер мен карточкалар арқылы жұмыс жүргізудің әдістері айтылған.

Тірек сөздер: *Мектеп жасына дейінгі баланы ерте жастан тәрбиелеу, Н.А. Зайцев әдістемесі, текшелер, карточкалар*

В статье говорится о проблеме раннего развития ребенка в семье. Отмечается эффективность применения методики Н.А.Зайцева, рассмотрены метод работы с помощью кубов и карточек.

Ключевые слова: *Воспитание детей дошкольного с раннего возраста, методика Н.А.Зайцев, кубики, карточки*

The article deals with the problem of early development of the child in the family. Notes the efficiency of the method N..Zaitseva, the method of work with cubes and cards is considered.

Key words: *Education of preschool children from an early age, technique N..Zaitsev, dice, cards*

XXI ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі,ой-өрісі жоғары,жан-жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру және дамыту мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып отыр.

Бала тәрбиесі-күн сайын жүргізілетін тынымсыз процесс. Республикамызда қазіргі таңда бала тәрбиесіне үлкен көңіл бөлініп келеді. Еліме, жеріме деген сүйіспеншілік балабақшадан бастап қаланады.

Ж.Ж. Руссо баланың табиғатпен байланыста жетілетінін жақтады. Оның пікірінше тәрбие, "Баланың табиғи ерекшелігіне араласпай, оның өсуіне ерік беруі қажет" деді. Оның айнала қызығушылығын, еліктеушілігін, дарындылығын табиғи тұрғыда зерттеуді ұйғарды. Руссо тәрбиедегі қаталдықты (ұрып соғу, зомбылық), сүйіспеншілікпен ұштастыруды ұйғарды. Ең бастысы ол баланың айнала ортаға, өмірге ерекше білім құмарлығының болуын, оның өсуін, дамуын ұдайы тәрбиеші бақылап отыру тәсілдерін ұсынды. Тәрбие нәтижесі - білімді меңгеру процесінен туындайтынын атап көрсетті. Қол өнермен айналысу, пайдалы заттарды жасау, қоғамдық пайдалы еңбекпен айналысу - бұл таза, адал еңбек жалғасы болып есептеледі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін дамыту − Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының басым бағыттардың бірі. Еліміздің зияткерлік әлеуетінің болашағы мен оның гүлденуінде балаларға мектепке дейінгі сапалы білім беру мен ерте жастағы балалардың қабілеттерін дамытудың қоғамдағы орны өте маңызды. Ерте балалық шақ – туғаннан бастап үш жасқа дейінгі кезең адам өмірінің ерекше сәті. Баланың денесі, ақыл-ойы, адамгершілік дамуының негізі қаланатын дәл осы жаста ересектердің балаларға беретін тәрбиесі мен білімі мазмұнды және ол балаға тікелей әсер ететін болса, онда бала ағзасы барынша жылдам қарқынмен дамиды және оның жан-жақты дамыған жеке тұлғасы қалыптасады. Нақ осы кезеңдегі ата-аналарымен, отбасының басқа мүшелерімен, балалармен және ересектермен әрекеттері бала дамуына ықпал етеді. Балалардың ерте жас кезеңінен бастап денсаулығын сақтауға, тамақтануға, қауіпсіз ортасына, психологиялық-әлеуметтік және танымдық дамуына деген қажеттіліктері назардан тыс қалмай, бірін-бірі толықтырып, өзара байланыста және асқан үйлесімділікпен қанағаттандырылуы қажет.

Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті білім беру стандарты. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізгі ережелерінде 1 жастан 3 жасқа дейінгі баланың бес білім беру салаларының үйлесімді бірігуі арқылы дамуын қарастырады: денсаулық, таным, қатынас, шығармашылық және әлеуметтік орта. Ал, білім беру саласы - дегеніміз мектепке дейінгі балалардың физикалық, зияткерлік, адамгершілік, эстетикалық, коммуникативтік және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ететін білімді, практикалық дағды мен шеберлік жиынтығын қамтитын білім беру стандартының бір бөлігі деп айқын көрсеткен. Баланың қуат қоры мол болғандықтан оның өмірді танып білуге ұмтылысы зор екенін мойындап, соған орай баланың сезімін тәрбиелеуге, сұлулықты сезінуге, көңіл күйін реттеп отыруға жағдай туғызатын бірден бір білім ордасы ол, баланы ерте жастан тәрбиелейтін мектепке дейінгі мекемелер мен ұйымдардың орны ерекше екенін атап айтқан жөн болар. Бұл мекемелер баланың бойына рухани – адамгершіліктің қайнар көзін сіңіріп, мінез құлқын тәрбиелеуге, білімін жетілдіруге, адамзатқа тән құндылықтарды баланың бойына сіңіруге еңбек етіп келеді.

Еркіндік — адамның өз мүдделері мен мүмкіндігіне сай әрекет етіп, өз қалауын жүзеге асыруы. Ф.Энгельс өзінің “Анти-Дюринг” атты еңбегінде еркіндік әлдебір нәрсенің тәуелсіздік нышаны емес, керісінше, ол адамның жаратылыс күштеріне, қоғамдық қарым-қатынастарға және өз болмысына үстемдігі дейді. Еркіндік — нақты және салыстырмалы ұғым. Шынайы еркіндік — адамдар арасындағы мәдени қарым-қатынастардың кепілі. Баланың ересектер мен құрдастарына сүйіспеншіліктерін арттыру арқылы, мәдениетті болуға шақыру. Мәдениетті болу ол ізеттіліктің, ізгіліктің, қамқорлықтың белгісі. Сіздер қандай сөз айтасыздар, сол сөз баланың есінде қалады.

Тәрбие мен білім беруде ұлттық дәстүрімізді ұмытпаған жөн. Балалардың өз халқына, ұлтына, туған жеріне, ұлттың әдеп-ғұрпына деген сүйіспеншілігін арттыру. Тіл мәдениетіне, ұлттық сана-сезіміне, әдептілік пен әсемдікке, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.

Жапониялық Масару Ибуканың ***«Үш жастан кейін бәрі де кеш»*** атты кітабында баланы ерте жастан тәрбиелеудің маңыздылығын айқын көрсеткен. Бұл кітапта бала ерте жас, яғни туылғаннан бастап 3 жасқа дейінгі аралықта қандай тәлім, тәрбие алса бала соған икемді болады делінген.Сондықтан балаға қандай тәлім-тәрбие мен білім берсекте оларға ерте жастан, яғни бала туылғаннан бастап үш жасқа дейін баланың қоршаған орта туралы білімін, білігін жетілдіру үшін оларға толық жағдай жасаумыз керек екен. Бала тәрбиесін қоғам мен отбасы болып бірге жұмылып жұмыс жасауға шақырамын. Себебі: бала-біздің тәрбиеміздің айқын көрінісі.

Н.А. Зайцев әдістемесінің баланы ерте жастан оқытудағы маңызы зор. **Е**рте жастағы балаларды сауат ашуға үйретудегі жоғарғы нәтиже көрсететін «Зайцев текшелері» атты технологиясын бүгінігі күні кеңінен пайдаланылады.Оның талай жылғы еңбегінің жүйелі әдістемелік әдістерін «адам» туралы ғылымдардың И.М.Сеченов, И.П.Павлов, А.А.Ухтомский, В.М.Бехтеревтың зерттеу орталықтарында кеңінен қолданылған.Әдістеменің негізгі мақсаты балалардың ақыл-ойын қалыптастыру және дамыту, өсіп келе жатқан жас ағзаны қорғау мен оның денсаулығын нығайту болып табылады. Әдістеме педагогиканың негізгі нақты – бейнелік, көрнекілік-әрекеттік және сөздік-логикалық қағидаларына сүйеніп құрылған.

Н.А.Зайцев әдістеменің ерекшелігі:автордың ойынша-бала миының жұмыс істеу қабілеті абстракциялық, логикалық тұрғыда толық қанды дамымауы,оның тактильді сезімдерімен реттеледі, яғни сезім мүшелері оның ішінде тыңдай білу, есті білу, көруарқылы жүзеге асырылады.Сонымен қатар логопедтік жұмыстарға да жақсы әсерін тигізеді.

Әдістеменің негізгі тиімділігі:

-баланың табиғи мүмкіндігі ескеріледі;

-жас ерекшелігі ескерілмейді;

Н.А.Зайцев бойынша оқыту-ойын арқылы оқыту деген сөз, ал ойын арқылы:

-бала қолының ұсақ моторикасы дамиды;

-денсаулығы сақталады;

-оқуға үйренеді;

-санай білуге үйренеді;

-сауатты жазуға дағдыланады;

Жалпы алғанда бұл әдістеме арқылы оқу, жазу, тілдерді үйрету, математика мен арифметиканы меңгеру, логика мен ойлауды дамыту, қоршаған ортамен таныстыруды нәтижелі жүргізуге болады. Бастауыш сыныптарда берілетін білімді баланың еш қиындықсыз меңгеріп кетуіне негіз болады, байқампаздықты және зейін тұрақтылығын дамытуға себеп болады.

Зайцев әдістемесі есту, көру, түсіну сияқты сезім мүшелерін дамытуға және олардың өзара бірлікте әрекет етуіне мүмкіндік береді. Бұл сезім мүшелерін дамыту-баланың белсенді сөздік қорын және шығармашылық қабілетін дамытуға себеп болатын қоршаған әлемді қабылдау деңгейін көрсетеді.

Зайцев әдістемесін қолдану арқылы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін жүргізудің өзіндік ережелері бар. Біріншіден, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін ойынға негіздеп құру керек,оның басты қағидасы: зейіннің үнемі дамытушы ойыншықтар мен кестеге, физикалық ойындық ережелерге бұрылып отыруы үнемі қозғалыста болу, балаға берілетін еркіндік болған дұрыс. Баланың оқуға, үйренуге деген ынтасы жоғалмас үшін материалды оған күшпен таңуға болмайды. Отбасында бұл әдістememен өз бетінше жұмыс істегісі келген ата-ана өте ұқыпты болғаны жөн. Есте сақтаңыз:асықпай орташа темппен жұмыс істеу, асығыс үйретуден гөрі әлдеқайда жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Н.Зайцев бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 25 минутты құрайды.Балалардың жүруіне,тұруына,жатуына болады,бұл дене тұрқының бұзылмауына көмектеседі,ал үлкен кестемен жұмыс істеу арқылы.көру қабілеті сақталады.

Зайцев бойынша дамытушы ойындар мен құралдар бала дамуына өте тиімді.

Зайцев текшелері-ең танымал ойын. Бұл тек әріптер жазылған текше ғана емес.Ол көлемі, түсі, шығаратын дыбысы, жазылған буындары бойынша ерекшеленеді. 3,5-4 жас балаға бірінші дәрістен бастап оқып кетуге, 1 жастан енді асқан балаға сөйлеп әрі оқып кетуге мүмкіндік береді деп есептелінеді.

Текшенің көлемі, түсі және шығаратын дыбыс оның жан-жағында жазылған буындардың дыбысталуына тікелей байланысты. Н.А.Зайцев қатаң буындар жазылған текшелерді ағаш бөліктерімен,дауысты дыбыстары бар текшелерді-тиындармен, үнді дыбыстары бар текшелердісыңғырлайтын металлдармен толтыру ұсынылады. Мұның бәрі балаға белгілі түс пен дыбыс үйлесімділігін жаттап алып,бірнеше сабақтан кейін оқып кетуге мүмкіндік береді.

Суретті карточкалар мен кестелер-буындап оқуға құрал болып табылады .Буындық картиналар қоршаған ортамен танысуға мүмкіндік береді. Бала олармен «Менің айналамда не өмір сүреді?», «Менің айналамда не өседі?», «Азық-түлік дүкенінде не сатылады?», «Зообақта қандай жануарлар өмір сүреді?» деген ойындарды тез әрі оңай ойнай алады.

Зайцевтің санауға арналған таяқшалары және «Мың+», «Миллион+», «Пифагор», «Өрнектер» деп аталатын санауға арналған әдістемелері баланы санауға оңай үйретеді.Мектеп жасындағы балаларға арналған «Әдемі жазамын. Көркем жазу» деп аталатын арнайы бағдарламалары,ағыошын тілін үйретуге арналған текшелер,кестелер бар.

Сонымен, балабақша мен отбасындағы ынтымақтастықты біріктіре отырып оқу және тәрбиелеу жүйесін ұйымдастырып, әр баланы жеке тұлға ретінде қазіргі заман талабына сай рухани жан дүниесін байытып, бойындағы құндылықтарды дамыту. Оқу – тәрбие жұмысын ұйымдастыру, оны жақсарту, бала тәрбиесін талапқа сай жақсы жолға қою үшін балабақша ұжымы мен ата - аналардың бірлескен ынта - жігерімен, тәрбиешілердің іскерлігімен атқарылатын жұмыстар алда әлі де жалғасын табады.. Осындай жұмыстарды атқару барысында төмендегідей нәтижелерге қол жеткізуге болады: *Балалар тәрбиесіне бірыңғай әрі жүйелі қарауды қамтамасыз ету мақсатында ата - аналармен серіктестік қарым - қатынас орнатылады.

Ата - аналардың баласының даму мәселесіндегі біліктілігі артады, олармен қарым-қатынасында педагогикалы міндеттер қойып, білігі пайда болады. Біздің мақсатымыз заман талабына сай жаңашыл, шығармашыл, мәдениетті, жан-жақты сауатты жеке тұлға тәрбиелеу

десек, ата-анамен балабақша арасындағы тығыз қарым-қатынас, бірлік, ынтымақ жарасым тапқан жағдайда ғана оның бала тәрбиесіне тигізетін ықпалы да нәтижелі болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті білім беру стандарты Ш.Аманжолов «Мектеп жасына дейінгі бала ойыны».-Алматы.1989
2. Әбиев Ж. Педагогика тарихы. – Алматы, 2006.
3. Н.А. Зайцевтің әдістерін оқып үйренуге арналған ойындар жинағы// Құрастырған Сейілғазинова С.А. /Талдықорған 2017ж
4. Б. Баймұратова Тәрбиешілер мен ата-аналарға арналған құрал, Мектеп,1989
5. Ребенок от рождения до года / Под ред. С. Н. Теплюк. — М.: Мозаик Синтез. 2008-2010.

ӘОЖ 82.1

АҚЫНДЫҚ ПОЭЗИЯДАҒЫ ҰЛТТЫҚ СИПАТ

Маралбаева М.Ж. магистрант, **Кожагулов С.К.** ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент) м.а.
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

E-mail: *meruert_maralbaeva@mail.ru.*

Ғылыми мақалада поэзиядағы ұлттық сипат жайлы айтыла келе, ақындар жырларынан көрініс табуы, ХХ ғасырдың бас кезіндегі ақындар мен Жетісулық жас ақындарымыздың өлеңдеріндегі ұлттық сипат пен азаматтың сарын жайлы мысалдар келтіріліп, талданған.

Тірек сөздер: *Ақын, ұлттық сипат, поэзия, туған жер, көркем тіл, ұлттық ерекшелік.*

В статье мы проанализировали национальный характер поэзии, отразившийся в поэтических стихах, национальной поэзии поэтов ХХ века и стихах молодых поэтов Жетысу.

Ключевые слова: *Поэт, народность, поэзия, родина, художественный язык, национальная идентичность.*

In the article, we analyzed the national character of poetry, reflected in poetic verses, national poetry of poets of the 20th century, and poems of young poets Zhetysu.

Key words: *Poet, nationality, poetry, homeland, artistic language, national identity.*

Ақындар – халық даналығын өлең өрімімен өрнектейтін көркем сөз шеберлері. Ұлттық дүниетанымның ата-бабалардан ғасырлар бойы жинақталып жеткен асыл ойларын өлеңмен өрнектеуде халықтың өзіндік тұрмыс-тіршілігінен туындаған ойларды өрнектейтіні – табиғи заңдылық.

Академик З.Ахметовтың қазақ сөз өнерінің мыңжылдықтар бойы ұлттық сипатын сақтап, бүгінгі заманға жеткізген, енді болашаққа ұластыратын шығармашылық тұлға туралы ғылыми анықтамасы бар: «Ақын – поэзиялық туындыларды: өлең, жыр-дастан, поэмаларды ауызша айтып, не жазып шығаратын өнер иесі, халықтың көркемдік дәстүрлерін қалыптастырып, жалғастыратын сөз шебері» [1, 25 б.]. Демек, ақындар – қазақ сөз өнерінің фольклор мен әдебиет жанрлары жүйесін ғасырлар бойы қалыптастырушылар, сақтаушылар, кейінгі ұрпақтарға жеткізушілер. Ақындық поэзия дәстүріндегі тұлғалардың ұлттық сипат тұғырындағы поэтикалық шығармашылық ерекшеліктерін саралау – қазақ фольклортануы мен әдебиеттануы сараларында тұрақты айтылып келе жатқан өзекті мәселе.

Ақындық поэзиядағы ұлттық сипатты даралап танытатын ерекшеліктердің бірі – жеке адам тұлғасына тән адамгершілік қасиеттер тұтастығы тұрпатын даралай бағалау.

Сөз арқауындағы Оңғар Дырқайұлының (1859-1902), Тұрымбет Салқынбайұлының (1868-1946), Молдахмет Дабылұлының (1879-1940) т.б. ақындардың лирикалық өлеңдеріндегі, айтыстарындағы және эпикалық дастандарындағы адам тұлғасына тән қасиеттерді даралай жырлауда ежелден қалыптасқан халық даналығы негіз болғандығы ақиқат. Ақындардың шығармалары – ғасырлар бойы қазақтың халықтық-ұлттық дүниетанымның сақталуын, ұрпақтарға жалғасуын, бүгінге жетуін, енді болашаққа ұласуын жүзеге асырған аса қуатты рухани қызмет құралы. Адамдардың өмір сүрген уақытына лайықты дүниетанымы, сөйлеген сөздері, ұстанған дағдылары, киімдері, құрал-жабдықтары, бұйымдары және т.б. сан алуан заттар мен әрекеттер тұтастығындағы болмысы толық қамтылады.

Шығармашылық тұлғалардың ата-бабалар қалыптастырған дәстүрлі қасиеттерді поэзиялық шығармаларында жырлауы арқылы қоршаған әлеуметтік ортаның да ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан дүниетанымы қалыптасты. Ақындар шығармаларының ұлттық сипаты халықтың ұрпақтар жалғастығындағы тәлім-тәрбиелік тағылымы мол адамгершілік-гуманистік, эстетикалық көзқарастарын қалыптастырады. Қазақ халқының өзіндік ділінің, тілінің, дінінің сақталуындағы басты тірек-желі осы болды.

Ақындардың туған жері, атамекені туралы азаматтық лирика дәстүріндегі өлеңдері ұлттық көңіл-күй психологиясын айқын таныта алады. Қазақ халқына тән мінез-құлық қасиеттерінің ең басты көрсеткіші – туған жерін, атамекенін өмір бойы ардақ тұтатыны, ұрпақтарын да сондай көңіл-күй арнасында тәрбиелейтіні. Бұл орайда, қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан осы көзқарастары мақал-мәтелдердегі фразеологиялық бейнелі сөздермен де ұрпақтар жадында құрыштай құйылып қалғанын көреміз. Мысалы: «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас», «Әркімнің өз жері – жұмақ», «Туған жердің қадірін шетте жүрсең білерсің», «Туған жердің ауасы да шипа», «Туған жерге туың тік», «Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық», «Әркімнің өз жері – Мысыр шаһары», «Туған жердің жуасы да тәтті», «Ел ұлсыз болмас, жер гүлсіз болмас», «Елдің көркі ерімен, жердің көркі шөбімен», «Жер таусыз болмас, ел хансыз болмас», «Қайраны жоқ көлден без, қайырымы жоқ елден без», «Қатты жерге қақ тұрар ынтымақты елде бақ тұрар», т.б. Халықтың даналыққа толы дүниетанымның көркемдік ойлауының нақты көрсеткіші болып саналатын мақал-мәтелдердегі осындай ұлағат ықпалы ақындар жырларындағы шығармалар арқылы да жырланатыны – табиғи заңдылық [2, 3-10 бб].

Ақындардың туған жер, атамекен туралы өлеңдері азаматтық және табиғат лирикасы поэтикалық ерекшелігі аясында тұтастануы тұрғысында байқалады. Туған жердің әрбір перзентіне ыстық, әсем көрінетін келбеті, құбылыстары, қозғалыстары сол мекенге арналған әлеуметтік-азаматтық, отаншылдық көзқарастарымен сабақтастырыла жырланады.

Қазіргі әдебиеттану қисыны бойынша ақындардың осы бағдардағы шығармаларындағы поэтикалық ерекшелік саралана бағаланады: «Біреулер табиғаттың пейзаждық суреттерін жасаса, енді бір ақындар – сол табиғат арқылы қоғамдық өмірді, адамның ішкі көңіл-күйін астастыра жырлаған» [3].

XIX ғ. аяғы мен XX ғ. бірінші жартысындағы қазақтың ақындық поэзиясындағы көрнекті ақындар Тұрымбет Салқынбайұлының (1868-1946) «Бұл ел де танымайтын шет ел емес», «Қармақшының қаласы», Молдахмет Дабылұлының (1879-1946) «Сарықұм», «Қашқансу – туған жерім», «Жаңа ауыл- Ақтөбем» атты өлеңдерінің поэтикалық сипатынан азаматтық отаншылдық пен туған жер келбетін тұтастандыра жырлауды танимыз.

Тұрымбет ақынның аталған өлеңдері туған ауылынан алыста жүрген адамның сағынышты, мұңлы-шерлі тебіреністерімен төгіле жырланған «Ыспан қариға жауабы» атты өлеңінде:

...Шет жерде азаматтың көрген сыйы,
Еліңде болмайды екен шаң жұтқандай.
...Сонда да туып-өсіп үйренген жер,
Есімнен жатсам-тұрсам кетер емес

Бұл жақта қандай құрмет көргендерім.
Елде өткен бейнетіме жетер емес [4, 4 б].

Туған жерден жырақта жүрген адамдардың сағынышы жан жүйедегі тебіреністердің, толғаныстардың жинақталған күрделі психологиялық сипатын көрсетеді. Ақынның «Қармақшының қаласы» деп басталатын сәлемдемелік арнау жыры адамдардың туған жердің табиғаты мен тұрмыстық-әлеуметтік тіршілік қозғалыстарын сағыныш сазына бөлеп жырлайтын дүниетанымын, көзқарастарын айқын байқатады.

Профессор Х.Досмұхамедұлы: «Сәлем, сәлемдеме жырлары жазбаша не ауызша түрде...біреуге бағыштап шығарады...Бұл өлеңдерде ризашылық, сүйіспеншілік, өкініш сезімдері...болады» [5, 276 б], - дейді. Ақын аталған сәлемдемелік арнау жырында ауыл-аймағындағы табиғат көріністерін, географиялық кеңістіктегі топонимикалық атаулары танымал мекен-тұрақтарды, өзен-көлдерді, шаруашылық, кәсіп түрлерін, табиғат байлықтарын – бәрін де адам мен атамекен тұтастығы өлшемімен, романтикалық көңіл-күй психологиясы сарынымен термелеген.

Өлеңде Сырдария өзенінің жағалауындағы Қармақшы қаласы, үлкен өзеннен тарамдалған салалары (Омандария, Қашқансу арнасы, Наурызбай жармасы, Құрайлы каналы, т.б.), Бозарқаш атты кең алқап, бақаға, шаянға толы көлдер, қазылған арықтардағы балықтар, жергілікті халық және олардың мал-жаны – бәрін де ақын толғаныстарындағы сағынышты сезім толқындары болып ақтарылған. Табиғаттың пейзаждық сұлу көріністері мен жанды тіршілік қозғалыстарының, дыбыстарының қатарласа, жарыса көрінетін, естілетін, сезілетін күрделі болмысынан туындайтын эстетикалық таным, түйсіну сезімдерінің тоғысқан психологиялық жағдайы жырланған:

...Құрайлының жағасы,
Сарқылмаушы еді-ау сағасы.
Жайқалған егіс жан-жағы.
Болушы еді жайлау арасы
Олар да сондай аман ба?
Жаптардың суы бұлтылдап,
Ақ күмістей жылтылдап.
Айдын көлдің бетінде,
Балығы ойнап бұрқылдап
Бұлбұлдай сайрап құстары,
Ертелі-кеш жыңқылдап.
Көл бетінде үйрек-қаз,
Аққаулар ұшып сыңқылдап.
Тимей ме ешкім оларға?
Шыбындар шағып, шымши ма,
Шыдамай иттер қыңси ма?
Матақан, маса, соналар,
Баяғыдай ыңқи ма?
Азайған жоқ па, олар да?
Бізден сәлем айтыңдар
Қалмасын қағыс солар да [4, 4 б].

Қазақтың ұлттық мінез-құлық ерекшеліктері осы туған жерге, ата-қонысқа, кіндік тамған қасиетті мекеніне, аймағына арналған перзенттік махаббат сезімі арқылы айрықша байқалады. Аталған өлеңдердегі ақынның туған жерінің шаңын да, бейнетін де, қансорғыш масасын да, сонасын да қоса сағына толғауы – ұлттық көңіл-күйдің көрінісі.

Ақын Молдахмет Дабылұлының «Сарықұм» атты өлеңінде төрт түлік малға жайлы, егіні бітік, әулеттерді өрбіткен, өркендеткен Ақсұлу-ана тағылымы жырына шабыт арқауы болған тарихи құтты мекен келбеті романтикалық бояуы көркем тілмен кестеленген:

...Сарықұм – құтты қоныс, асыл өлкем,
Көктемде құлпырасың болып көркем.

...Жерінің топырағы қасиетті,
Жауына дес бермеген елі батыр.
...Бір кезде бұл жер болған сулы өлке,
Аңы көп, шөбі қалың нулы өлке.
Егіні жайқалатын еккен жерге,
Бақ қонған берекелі таулы өлке. [4, 5 б.].

Молдахмет ақынның «Қашқансу – туған жерім» атты өлеңі де табиғат құбылыстары мен адам көңілі және ата-бабалық тарих жолы тұтастандырыла жырланған шығарма. Қазақ өлеңінің ұлттық сипатын танытатын осындай күрделі поэтикалық қаһарман ақынның отаншыл азаматтық дүниетаным биіктігі, туған өлкесіне, атамекеніне арналған шынайы мөлдір сезім тазалығы танылады:

...Жатағы Қашқансудың егін еккен.
Қолдағы бар құралы болған кетпен.
Білектің күшіменен арық қазып,
Суарған аңызақта жерін кепкен.

Ризығын жинап алып еккен-теккен,
Өгізін арбасына парлап жеккен.
Таратып малды ауылға пұттап астық,
Бөлісіп ағайынмен жеген бөкпен. [4, 5 б.].

Адамдардың туған жерден кетпейтін себебін ақын сол мекеннің табиғат байлықтарының үзілмейтін молдығынан, аңын да, құсын да, балығын да, өсімдіктерін де тұрмыстық-әлеуметтік тіршілікте пайдаланудың әсерінен екендігі лирикалық-эпикалық поэтикалық тұтастық өрілімімен берілген.

Жерлесіміз, ҚР мәдениет қайраткері, жетісулық ақын Жұматай Оспанұлының «Әлемнің һәм Жетісудың жеті кереметі» атты өлеңінде әлемнің жеті кереметін Қазақстанымыздың әр қаласындағы асылдарына теңейді. Ұлтына берілген құдіреттің, жеті кереметтің өз елімізде де бар екендігін асқан шеберлікпен оқырмандарына жеткізеді.

Жүрегім тулап, бойымда ойнап қан тамыр,
Өз елім десе шымырлап кетер арқа дүр.
Әлемі жұмбақ Пирамидадан мың артық,
Бұлт жарып, көкке шаншылып тұрған Хантәңір.

Тарихты ақтарып, жол тартсаң көне ғасырға,
Эллада елі сәулет мекені расында.
Мен үшін бірақ, Зевс мүсіні арзандау,
Есіктен тапқан «Алтын адамның» қасында.

Иен далада оңаша ғана тұнжырап,
Махаббат сырын шерткенменен мұңлырақ.
Қозы Көрпеш пен Баян сұлудың моласы,
Тәж-Махалдың мавзолейінен құндырақ.

Ұлтыма менің беріпті бәрін құдірет,
Даламның ғалам таңданар шексіз сыры көп.
Қытай қорғаны таңдай қақтыра алмайды,
Шарын шатқалын аралап шықсаң бір рет.

Алланың нұры ерекше тамған бұл маңға,
Қарашы шағыл құмдарға, асқақ шыңдарға.
Әлемді шарлап, керемет іздеп қайтейін,
Жерұйық мекен – Жетісуым сен тұрғанда! [6, 146-148 бб.].

Дәл осындай жерлес, Жетісудың жас ақыны Гүлбақыт Қасеннің «Жетісудың астанасы» атты өлеңінде туған жеріне, еліне деген ыстық ықыласын аңғару оңай. Ақынның:

Жетісудың астанасы – айбыным,
Жетісудың бас қаласы – айдыным.
Қасиетті жеті шырақ – жеті өзен,
Еркелетер көкте күліп Ай, Күнін.

Шомылдырып Ай сәулесі қаламды,
Күн шуағы нұрлы етер даламды.
Жер жаһанды жеті айналып өтсем де,
Өзге жерге тірей алман табанды.

Жер жұмағы Жетісудың тұмары,
Хандық құрған қазағымның тұрағы.
Жеті қабат көктің жұтса ауасын,
Перзентіңнің қана ала ма құмары? [7, 71б.] – деп өлеңінде туған жеріне теңеу жасай отырып, оқырмандарына асқан шеберлікпен жеткізе білген.

Қорытындылайтын болсақ, ақындық поэзиядағы лирикалық өлеңдердің ұлттық сипаты азаматтық-отаншылдық сарындарымен жырлау арқылы айқындалады. Қазақ халқының ата-бабалардан кейінгі ұрпақтарға жалғасқан ұлттық ерекшелігі – туған жерді, атамекенді перзенттік махаббатпен сүйіп, туып-өскен мекендерді, аймақтарды мәңгі құрметтеуі. Ақындардың азаматтық-отаншылдық сарындағы өлеңдерінде табиғат көріністері, құбылыстары халқымыздың бұрын-соңғы тарихымен, адамдар тағдырларымен тығыз байланыста жырланады. Бұл – ақындық поэзияның ұлттық ерекшелігі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ахметов З, Сыздықова Р, Қасқабасов С, Мұхаметқанұлы Қ. Классикалық зерттеулер. I том. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2012. – 25б
2. Смайлова А. Қазақтың мақал-мәтелдері. – Алматы: Көшпенділер, 2002. – 3-10б
3. Сайранбекова А. Ақын жырының айшықтары. http://www.elarna.net/koru_kk.php?tur=30&id=607467
4. Бекмаханұлы И. Талайды таңырқатқан жыраулар // Ана тілі. – 2016. –№7 (912). –4-5б
5. Байтұрсынұлы А, Бөкейхан Ә, Досмұхамедұлы Х. XX ғасыр басындағы Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2012. – 276б
6. Оспанұлы Ж. Жалғыз жүрек сан сауал. – Алматы: Асаба, 2012. – 146-148б
7. Қасен Г. Құсқанаты. – Алматы: Баянжүрек, 2017. – 71б

УДК 002.6

ФОРМИРОВАНИЕ КОМПРЕТЕНЦИИ УЧИТЕЛЯ ИНФОРМАТИКИ В СФЕРЕ КОМПЬЮТЕРНЫХ СЕТЕЙ

Муратбаева Г.К. учитель
КГУ «СШГ №16», г. Талдыкорган

E-mail: *cool.razbekova@mail.ru*

Данная статья посвящена анализу профессиональных компетенций будущего учителя информатики в области компьютерных сетей. Даны различные трактовки определения понятия компетенции.

Ключевые слова: *компетенция, когнитивная, профессиональная компетентность, технологическая компетенция, познавательная деятельность*

Бұл мақалада болашақ информатика мұғалімінің компьютерлік желілер саласындағы кәсіптік құзыреттіліктерін талдауға арналған. Құзыреттілік ұғымының түрлі сипаттағы анықтамалары қарастырылған.

Тірек сөздер: *Құзыреттілік, когнитивті, кісіби құзыреттілік, технологиялық құзыреттілік, танымдық іс-әрекет*

This article is devoted to the analysis of professional competencies of the future computer science teacher. There are various interpretations of the definition of the concept of competence.

Key words*: Competence, cognition, professional competence, technological competence, cognitional action*

Общие сведения о компетентности, структура профессиональной компетентности работника образования. Повышение качества образования является одной из актуальных проблем для всего мирового сообщества. Решение этой проблемы связано с модернизацией содержания образования, оптимизацией способов и технологий организации образовательного процесса и, конечно, переосмыслением цели и результата образования. Формируемый на этой основе компетентностный подход к образованию рассматривается и в контексте Болонского процесса.

Следует отметить, что в настоящее время такой подход, используемый при организации процесса обучения в рамках системы подготовки будущего специалиста, уже играет ведущую роль Основные идеи компетентностного подхода, можно сформулировать, например, следующим образом:

-компетентность объединяет в себе интеллектуальную и навыковую составляющую образования;

- понятие компетентности включает не только когнитивную и операционально-технологическую составляющие, но и мотивационную, этическую, социальную и поведенческую; оно включает результаты обучения (знания и умения), систему ценностных ориентации, привычки и др.;

- компетентность означает способность мобилизовать полученные знания, умения, опыт и способы поведения в условиях конкретной ситуации, конкретной деятельности;

- в понятии компетентности заложена идеология интерпретации содержания образования, формируемого "от результата" ("стандарт на выходе");

- компетентности формируются в процессе обучения не только в школе, но и под воздействием окружающей среды, то есть в рамках формального, неформального и вне формального образования.

В Стратегии модернизации содержания общего образования отмечается, что понятие компетентности шире понятий знания и умения, оно включает их в себя. «Освоение четырех типов опыта: опыта познавательной деятельности, фиксированного в форме ее результатов — знаний; опыта осуществления известных способов деятельности — в форме умения действовать по образцу; опыта творческой деятельности - в форме умения принимать эффективные решения в проблемных ситуациях; опыта осуществления эмоционально-ценностных отношений — в форме личностных ориентаций, позволяет сформировать у учащихся способности (потенциал) осуществлять сложные культурообразные виды действия. Эти способности (умения) и называют компетентностями».

Согласно Глоссарию Европейского Фонда образования, компетентность — это: 1) способность делать что-либо хорошо или эффективно; 2) способность удовлетворять требованиям к выполнению работы; 3) способность удовлетворять требованиям к выполнению определенных рабочих функций.

В научно-педагогической литературе понятие компетенция рассматривается как некая общая способность к деятельности, понимаемая как умение, основанная на осознанных знаниях [1, 2]. Понятие компетенция, по мнению Г.Б.Голуба и О.В.Чураковой, является интегративным, оно описывает не столько элементы системы, сколько связи между ними, является инструментом описания эффективности освоения конкретного типа (вида) деятельности.

Компетентность же в современном понимании включает в себя, во- первых, четкое видение конечной цели, и, во-вторых, организацию собственной работы в команде таким образом, чтобы осознаваемая цель была достигнута оптимальным путем. Компетентность является понятием процессуальным, т.е. компетенции как проявляются, так и формируются в деятельности, и, поскольку все виды деятельности взаимосвязаны в потоке человеческой жизни, нельзя строго разграничить виды деятельности, следовательно, виды компетенций.

Так, например, понятия компетенция и компетентность, по убеждению В.И.Байденко, не противопоставляются, а дополняют друг друга. Компетенция - это: (1) способность делать что-либо хорошо, эффективно в широком формате контекстов с высокой степенью саморегулирования, саморефлексии, самооценки, быстрой, гибкой и адаптивной реакцией на динамику обстоятельств и среды; (2) соответствие квалификационным характеристикам с учетом требований локальных и региональных (реже - федеральных) потребностей (запросов) рынков труда; (3) способность выполнить особые виды деятельности и работ в зависимости от поставленных задач, проблемных ситуаций и т.п. А компетентность - мера образовательного успеха личности, проявляющегося в её собственных действиях в определенных профессионально и социально значимых ситуациях.

Подготовка будущего специалиста в логике компетентностного подхода должна сводиться к формированию его профессиональной компетентности через постепенное ее развитие, формирование и становление.

Компетентность специалиста с высшим образованием описывает как «проявленные им на практике стремление и способность (готовность) реализовать свой потенциал (знания, умения, опыт, личностные качества и др.) для успешной творческой (продуктивной) деятельности в профессиональной и социальной сфере, осознавая ее социальную значимость и личную ответственность за результаты этой деятельности, необходимость ее постоянного совершенствования».

Профессиональная компетентность представляет собой обобщенное личностное образование, заключающее в себе теоретико-методологическую, культурологическую, предметную, психолого-педагогическую, методическую и технологическую готовность к продуктивной педагогической деятельности.

Компетентность «имеет деятельностный характер обобщенных умений в сочетании с предметными умениями и знаниями в конкретных областях» и проявляется в «умении осуществить выбор, исходя из адекватной оценки себя в конкретной ситуации». При этом, под профессиональной компетентностью учителя пронимается интегральная характеристика, определяющая способность специалиста решать профессиональные проблемы и типичные

профессиональные задачи, возникающие в реальных жизненных ситуациях профессиональной деятельности, с использованием знаний, профессионального и жизненного опыта, ценностей и наклонностей. Одновременно, авторы выделяют следующие основные группы профессиональных педагогических задач, которые отражают базовую компетентность современного учителя:

- видеть ученика в образовательном процессе;
- строить образовательный процесс, ориентированный на достижение целей конкретной ступени образования;
- устанавливать взаимодействие с другими субъектами образовательного процесса, партнерами школы;
- создавать и использовать в педагогических целях образовательную среду (пространство школы);
- проектировать и осуществлять профессиональное самообразование. В рамках нашего исследования мы остановимся на группе профессиональных задач, связанных с созданием и использованием в педагогических целях образовательной среды.

В процессе формирования профессиональной компетентности будущего специалиста выделяются: (а) ключевые компетентности, отражающие специфику определенной профессиональной деятельности (педагогической, медицинской, инженерной и т.д.).

Базовые компетентности, необходимые для любой профессиональной деятельности, связанные с успехом личности в быстро меняющемся мире и проявляющиеся в способности решать профессиональные задачи на основе использования информации, коммуникации (в т.ч. на иностранном языке), социально-правовых основ поведения личности в гражданском обществе, (в) специальные компетентности, отражающие специфику конкретной предметной сферы профессиональной деятельности. Специальные компетентности рассматривают как реализацию ключевых и базовых компетентностей в области учебного предмета, конкретной области профессиональной деятельности. Все уровни компетентности взаимосвязаны и развиваются одновременно.

Специальная компетентность учителя информатики в области администрирования учебной компьютерной сети формируется при освоении студентами дисциплин в соответствии с государственным образовательным стандартом высшего профессионального образования по специальности. В подготовку будущих учителей по специальности «Информатика» включено изучение дисциплины Вычислительные комплексы и сети. В содержание дисциплины включен раздел «Компьютерные сети», содержащий блоки: Основы сетевых технологий; Локальные вычислительные сети; Структурообразующее оборудование компьютерных сетей; Программирование сетевых приложений; Защита информации в сетях. Данный учебный материал призван не только расширить знания будущих учителей информатики в области сетевых технологий, но и дать им практические умения их использования в своей будущей профессиональной деятельности.

Опишем основные компетенции, которые могут быть сформированы в процессе изучения информатики и информационно-коммуникационных технологий:

- компетенции в сфере информационно-аналитической деятельности: понимание роли информации в жизни индивида и жизнедеятельности общества; знание основных трактовок феномена информации и их влияния на формирование современной картины мира; умение учитывать закономерности протекания информационных процессов в своей деятельности; владение навыками анализа и оценки информации с позиций ее свойств, практической и личностной значимости;
- компетенции в сфере познавательной деятельности: понимание сущности информационного подхода при исследовании объектов различной природы; знание основных этапов системно-информационного анализа; владение основными интеллектуальными операциями, такими как анализ, сравнение, обобщение, синтез, формализация информации, выявление причинно-следственных связей и др.; сформированность определенного уровня системно-аналитического, логико-комбинаторного и алгоритмического стилей мышления; умение генерировать идеи и определять средства, необходимые для их реализации;

- компетенции в сфере коммуникативной деятельности: отношение к языкам (естественным, формализованным и формальным) как к средству коммуникации; понимание особенностей использования формальных языков; знание современных средств коммуникации и важнейших характеристик каналов связи; владение основными средствами телекоммуникаций; знание этических норм общения и основных положений правовой информатики;

- технологическая компетенция: понимание сущности технологического подхода к организации деятельности; знание особенностей автоматизированных технологий информационной деятельности; умение выявлять основные этапы и операции в технологии решения задачи, в частности, с помощью средств автоматизации; владение навыками выполнения унифицированных операций, составляющих основу различных информационных технологий;

- компетенция в области техникознания (техническая компетентность): понимание принципов работы, возможностей и ограничений технических устройств, предназначенных для автоматизированной обработки информации; знание отличий автоматизированного и автоматического выполнения информационных процессов; умение оценивать класс задач, которые могут быть решены с использованием конкретного технического устройства в зависимости от его основных характеристик;

- компетенция в сфере социальной деятельности и преемственности поколений: понимание необходимости заботы о сохранении и преумножении общественных информационных ресурсов; готовность и способность нести личную ответственность за достоверность распространяемой информации; уважение прав других и умение отстаивать свои права в вопросах информационной безопасности личности.

Кроме этого, выпускник вуза должен, обладать компетентностью в сфере информационных видов профессиональной деятельности: понимание закономерностей и особенностей протекания информационных процессов в профессиональной деятельности; знание свойств и характеристик профессионально важной информации; знание основных типов информационных систем, используемых в профессиональной деятельности, и владение этими системами; сформированная потребность в использовании средств ИВТ при решении профессиональных задач, базирующаяся на осознанном владении информационными технологиями и техническими навыками взаимодействия со средствами автоматизации.

С.Д.Каракозов [3], рассматривая во взаимосвязи с базовой подготовкой составляющие профессиональной компетентности учителя информатики как специалиста в области информационно-образовательных систем для специалиста в области системного администрирования учебных компьютерных сетей выделяет следующие ее составляющие: (1) ключевые: (а) в области педагогических технологий; (б) в области информационных технологий (использование информационно-образовательных систем); базовые: (а) проектирование информационных систем; (б) разработка (педагогическое проектирование) информационных моделей в предметной области образование; (в) разработка информационных систем; (3) специальные: (а) внедрение информационных систем; (б) сопровождение информационных систем.

Современный учитель информатики должен обладать специальной компетентностью в создании и использовании в педагогических целях информационно-образовательной среды учебного заведения и уметь использовать технологические знания по (а) архитектуре компьютерных сетей и их топологии в проектировании учебной компьютерной сети; (б) администрированию компьютерных сетей и их использованию в эксплуатации учебной компьютерной сети; (в) обслуживанию учебной компьютерной сети и использованию ее ресурсов в учебном процессе, в управлении образованием; (в) особенностям компьютерных сетей учебного назначения и распределению ее ресурсов при организации учебного процесса, в управлении образованием.

Согласно составляющим профессиональной компетентности учителя как специалиста в области информационно-образовательных систем,, уточним ее уровни в контексте нашей

работы, для более узкого профиля «Системный администратор учебных компьютерных сетей», понимая ее как результат специализированной подготовки в области сетевых технологий:

Ключевой уровень:

- в области педагогических технологий; - в области информационных технологий. Базовый уровень:

- в области телекоммуникационных технологий; - проектирование и создание учебной компьютерной сети, как основы информационно-образовательной среды учебного заведения;

Специальный уровень: - администрирование учебной компьютерной сети (управление обработкой неисправностей, конфигурацией, использованием ресурсов, производительностью, безопасностью).

Эти знания и умения и составят специальную компетентность учителя информатики, которая позволит им в дальнейшем принимать активное участие в работе по созданию информационной образовательной среды учебного заведения, организация которой основывается на современных телекоммуникационных технологиях.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Байденко В.И. Компетентностный подход к проектированию государственных образовательных стандартов высшего профессионального образования (методологические и методические вопросы): Методическое пособие. - Москва, 2005.

2. Кузнецов Э.И. Общеобразовательные и профессионально-прикладные аспекты изучения информатики и вычислительной техники в педагогическом институте. Автореф. дисс. д-ра пед. наук. - М,. 1990. - 38 с.

3. Каракозов С.Д. Развитие содержания обучения в области информационно-образовательных систем: подготовка учителя информатики в контексте информатизации образования /Под ред. Н.И. Рыжовой: Монография -Барнаул: Изд-во БГПУ, 2005.- 300 с.

ӘОЖ 371

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА САБАҚТАН ТЫС УАҚЫТТА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Мұқат А. студент, **Асылова Р.О.** қауымдастырылған профессор (доцент) м.а., ф.ғ.к.
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

E-mail:*aidana.mukat@bk.ru*

Мақалада бастауыш мектеп оқушыларына сабақтан тыс іс-әрекетінде ұлттық тәрбие берудің мүмкіндіктерің қарастырылған.

Тірек сөздер: *ұлттық тәрбие, сыныптан тыс жұмыстар, халық ауыз әдебиеті, адамгершілік*

В статье рассматриваются возможности национального воспитания во внеурочной деятельности учащихся начальной школы.

Ключевые слова: *национальное воспитание, внеклассная работа, устная народная литература, нравственность*

The article discusses the possibility of national education in extracurricular activities of primary school students.

Key words: *national education, extracurricular activities, oral folk literature, morality*

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың: «Қазақтың сана-сезімі өткендегі, қазіргі және болашақтағы - тарихтың толқынында өзінің ұлттық «МЕН» дегізерлік қасиетін түсінуге тұңғыш рет енді ғана мүмкіндік алып отыр... Бірақ бұл мүмкіндік қана: ол шындыққа, тек қазақтардың ғана емес, барлық қазақстандықтардың жаппай санасына орныққан фактіге айналуы қажет», - деп жазуында өмірлік мәні бар шындық жатыр».

Ұлттық «МЕНДІ» қалыптастырудың жолдары мен әдіс-тәсілдері сан алуан екендігі белгілі. Соның ішінде жетекші орынды тәрбие алатынына ешкім күмән тудырмайды.

Себебі, тәрбие - халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жеке тұлғаның бойына сіңіру, оның қоршаған ортаға қарым-қатынасын, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын және соған сәйкес мінез-құлқын қалыптастыру болып табылып, дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да ізгі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу мақсатын көздейді.

Философиялық және психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде зерттеушілер халықтық педагогика мен ұлттық тәрбиенің өзара байланысын ұлттық тәрбие процесінің қажетті феномен ретінде қарастырып, олардың өзара әрекеттесуінің көкейкестілігін айқындайды.

Қазақ халық педагогикасында ұлттық тәрбиенің нәтижесі жетілген ұлттық тұлға болып табылады. Бұл қазақ халқының түсінігіндегі «сегіз қырлы, бір сырлы адам», сондықтан ұлттық тәрбиенің мақсатын ғалымдар жаны таза, тәні сау, өнегелі, өнерлі, сегіз қырлы, бір сырлы жетілген толық адамды тәрбиелеу ретінде анықтайды.

Оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекеті маңызды талаптарды іске асыруда үлкен мүмкіндіктерге ие, ол біртіндеп педагогикалық басшылықтың үзіліссіздігін және бірыңғайлығын, оқыту мен тәрбие берудің бірыңғай ұстанымдарын жүзеге асырады. Тәрбие өмірмен тығыз байланысты. Сондықтан сыныптан тыс тәрбие жұмыстары үлкен тәрбиелік күші бар үлес, тұлғаның жан-жақты дамуының шарты, баланың белсенді өмірлік ұстанымын құрастырудың құралы болып табылады.

Бастауыш мектептегі кез келген сабақта мақал-мәтелдерді пайдалану мүмкіндігі мол. Мәселен, «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл», «Жеті атасын білген ер, жеті жұрттын қамын жер» т.с.с. мақал-мәтелдер 7 санының қазақтарда қасиетті сан болғанымен байланысты айтылып тұр, сондықтан оларды 7 санын өткен кезде тиімді пайдалану оқушылардың халықтық салт–дәстүрлер туралы білімдерін молайтады.

Шешендік сөздер баланы сөз қадірін білуге үйретеді, ата-бабаны ардақтауға тәрбиелейді, философиялық, данышпандық ой мен өткір сөздің мән-мағынасын сезініп, терең ойлауға, тауып сөйлеуге құлшындырады, ой қисындарын кеңейтіп, сөз өнеріне қызықтырады. Жиренше, Сырым батыр, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Байдалы шешендермен қатар, қазақ ақындарының шешендік сөздері – ұлы мұра, терең философия. Мысалы, оқушыларды оқыту процесінде адамгершілікке тәрбиелеуде шешендік сөздерді қолдануға болады: «Дүниеде не қымбат?»

Алтын үйім – Отан қымбат,
Құт-береке – атаң қымбат,
Аймалайтын анаң қымбат,
Мейірімді апаң қымбат,
Асқар тауың әкең қымбат,
Туып - өскен жерін қымбат,
Кіндік кескен елің қымбат (Қазыбек би)

Ертегілер баланы қызықтырады, сөзді тыңдай білуге үйретеді, оның қиялын дамытып, адамгершілікке тәрбиелейді, тілін ширатып, жан дүниесін, мінез-құлқын қалыптастырады, дарын-нышандарды өрнектейді.

Сабақтарды оқушыларға ертегі айтып бере отырып, ертегі желісі (сюжет) бойынша сабақтың құрылымын жасауға болады. Мысылы, қазақ тілі, математика пәндерінен «Алтын сақа» ертегісі бойынша сабақты ұйымдастыруға болады. Ертегі мазмұнын айта отырып,

мұғалім баланы жалмауыз кемпірден құтқару үшін балаларға тапсырмаларды орындау қажет екендігін айтады, ең алдымен терек басында тұрған балаға көмекке қырдың қызыл түлкісі, одан кейін сайдың ақ түлкісі, қарлығаш, төбеттер көмекке келеді, әрбіреуінің көмегін оқушылар тапсырмаларды орындау арқылы көрсетеді, сөйтіп баланы жалмауыздан құтқаруға көмектеседі.

Сабақты ертегі түрінде өткізе отырып, мұғалім біріншіден, оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру арқылы білімділік мақсатты жүзеге асыруға мүмкіндік туады, екіншіден, ертегінің мазмұны бойынша оқушыларды еңбекке тәрбиелейді, үшіншіден, олардың қиялын, есте сақтауын дамытады.

Аңыз әңгімелер шыншылдыққа, сергектікке, елін сүйіп, еңбек етуге, зұлымдықпен күресе білуге үйретеді. Сабақтарға аңыз кейіпкерлері – Алдаркөсені, Қожанасырды, Тазша баланы т.б. қонаққа әкеле отырып, кіріспе ретінде тәрбиелік мәні аса зор аңыздарды балаларға әңгімелеп беру орынды, сонымен бірге аңыз кейіпкерлері туралы түсінік берілуі сапалы білім беріледі.

Қазіргі заманғы мектепте оқушыларды терең, әрі тиянақты біліммен қаруландыруға, мамандық алуға даярлауға, белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыруға, ақыл-оймен оқытып үйретуге, ең бастысы бос уақытын тиімді пайдалануға көп күш жұмсалуда.

Бастауыш сынып мұғалімі – оқудан тыс іс-әрекет – сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының негізгі ұйымдастырушысы, оған әрқилы міндеттер мен қызметтерді атқаруға тура келеді, идеялық-тәрбиелік, ұйымдастырушылық, коммуникативтік, басқарушылық. Сондықтан ол мынандай міндеттерді шешуі тиіс:

- оқушыларда әлеуметтік бағыттылықты, құнды-бағдарды қалыптастыру;
- дүниеге көзқарас негіздері, саяси саналылық және қоғамдық белсенділік;
- саналы тәртіп пен мәдени қатынас адамгершілігі;
- құқықтық және адамзаттық жауапкершілік;
- әрқилы тәжірибелік іс-әрекетті ұйымдастыру (білімдік, техникалық және эстетикалық сабақтар, дене шынықтыру және спорт);
- оқушылардың ұжымда, үлкендердің кіші құрдастарымен, ер балалардың қыздармен, үлкен жастағылармен, мұғалімдермен және ата-аналармен қарым-қатынасын ұйымдастыру.

2-сынып оқушысы «Менің Отаным – Қазақстан» деген тақырыпта сабақтан тыс жұмысқа өздерінің туған өлкесі туралы шығарма жазу ұсынылды. «Менің туған жерім Қызылорда. Сырдария өзені бағытымен Арал теңізіне дейін созылған. Кен байлықтарынан ас тұзы, ұсақ қиыршық тастар, әктас шығады. Қысы суық, жазы ыстық. Топырағы қоңыр, құмдық сұр. Жусан, бетеге, сексеуіл, жыңғыл тал, қамыс өседі. Атаңмен бірге малға жылғы шабуға баларамыз. Мен үшін ең ыстығы атам мен әжемнің лебізі». Алматы облысы, Қарабұлақ кенті – менің сүйікті туған ауылым. Туған жері туралы кітапханадан ақпараттар және ересектерден сұрау арқылы жинақтаған метриалдарынан реферат жазуға әуестігін танытты.

Сабақтан тыс жұмыстар арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыруда әуестігіні тудыратын, оны дамытатын мәселелер қарастылығанын және оның нәтижесінің тиімділігін көрсетеді.

– сабақтан тыс жұмыстың мазмұнының жалпы мақсатына сәйкестігі;

– сабақтан тыс жұмыстарды өткізетін орындалдың қамтамасыз етілгендіктен;

– сабақтан тыс жұмыстарды пайдаланудағы оқушы мен мұғалім қолданатын әдістер мен тәсілдердің тиімділігі;

– сабақтан тыс жұмыстарды таңдау және оған қойылатын талаптардың сақталғандығы деп тұжырымдаймыз.

Бастауыш сынып оқушылары көп әсерленгіштігімен, басқаға назар аудара білушілігімен біршама ерекшеленеді. Сондықтан оларды оқыту үрдісімен және сабақтан тыс кездегі бірлестікте өткізілетін тартымды жұмыстармен қызықтыра білудің маңызы зор. Кіші мектеп жасындағы бала әдетте тәрбиелік ықпалға тез көндігеді. Бұл жастағы балалардың бойында қазірдің өзінде белгілі бір дәрежеде адамгершілік тәрбиесі бар екендігін есте ұстау керек. Балалардың адамгершілік жайындағы түсінігі бастауыш сыныптарда қалыптаса бастайды. Баланың іс-әрекетінде белгілі бір ортаға бейімділік байқалады. Қоғамдық ортада болғанда кіші

мектеп жасындағы оқушыларда моральдық түсінік тез дамиды және бастауыш мектептің соңына қарай оларда адамгершілік шынайы белгілі бір түсінік пайда болады. Мәселен, егер 1-2 сыныпта оқушының мораль жөніндегі түсінігі тек ата-аналар мен мұғалімдердің пікіріне негізделетін болса, 3-4 сыныпта ол басқа адамдардың іс-әрекетіне талдау жасауға және қорытындылауға тырысады. Сонымен бірге олардың бойында өздерінің оқығандары мен көргендерінен тәжірибе жинақталады және ол жеке басының әрекеттерін саналы түрде бағалай білу деңгейне көтеріледі. Бастауыш сыныптарда оқушылардың бойында өзіне тән мінез-құлықтың қалыптаса бастайтынын және түрліше қайшылықтардың бой көрсететінін білудің маңызы зор.

Бастауыш сынып оқушыларына халықтық педагогика құралдары арқылы сабақтан тыс уақытта ұлттық тәрбие беруді жүзеге асыру механизмдер жүйесін қазіргі таңдағы тәрбиенің жаңа технологияларымен өзара үйлесімде пайдаланған тиімді деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030» даму стратегиялық бағдарламасы. - Алматы: Білім, 1997. – 96 б.
2. Ғаббасов С. Халық педагогикасының негіздері.-Алматы: Әл-Фараби, 1995. - 463 б.
3. Жұмашева Н.С. «Болашақ» балалар ұйымы арқылы бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық қасиетін дамытудың педагогикалық шарттары: пед.ғыл.канд. ...дисс. автрореф.– Атырау, 2007. - 26 б.
4. Меңлібаев Қ.Ұлт дәстүрі – қазына. – Алматы: Ғылым, 1998. - 173 б.
5. Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие. – Алматы: Білім, 1995. - 232 б.

ӘОЖ 81.139

«ҚҰЛАГЕР» ПОЭМАСЫНДАҒЫ ОНИМДЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІ

Мұқият Д., Серік Қ. студент, **Сарбасова Қ. Б.** ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент)
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

E-mail:*Kuralai030698@mail.ru, Dilnur98@bk.ru*

Еңбегімізді жыр дүлдүлі
Ілияс Жансүгіровтің 125 жылдық
мерейтойына тарту етеміз.

Мақалада Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасындағы қолданылған онимдердің классификациясы жасалып, әрқайсысына сипаттама беріледі. Жалпы поэмадағы онимдердің бірнеше қызметі көрсетіледі: атауыштық, әлеуметтік-жекелеуші, мәтінтүзушілік, сипаттаушы, діни-харизматикалық, экспрессивті-бағалауыштық.

Тірек сөздер: *онимдер,антропонимдер, этнонимдер, топонимдер, гидронимдер, оронимдер*

В статье дана классифиция и описание онимов в поэме «Кулагер» Ильяса Жансугурова. Анализируется такие функции онимов, как: номинативная, социально-дифференциальная, текстоформирующая, описательная, религиозно-харизматическая, экспрессивно-оценочная.

Ключевые слова: *онимы,антропонимы, этнонимы, топонимы, гидронимы, оронимы*

The article gives the classification and description of the names in the poem "Kulager" by Ilyas Zhansugurov. The functions of onyms such as: nominative, social differential, text-forming, descriptive, religious-charismatic, expressive-evaluative are analyzed.

Key words: *onyms, anthroponyms, ethnonyms, toponyms, hydronyms, oronyms*

«Құлагер» поэмасы 1936 жылы жазылып, сол кездегі «Социалды Қазақстан» газеті арқылы оқырманға жетті. «Құлагер» сол газетте шыққан бойда оқушы жұртшылықтың ілтипатын өзіне бұрып әкетті. «Мұндағы ұмытылмас сұлу картиналар, әдемі айқын образдар, шындықтан туған романтикалық леп, бұлақша сылдыраған нәзік лирикалық сезім, серпінді кең эпикалық құлаш, балы сорғалаған құнарлы бай тіл, ұйқасы сыңғырлаған кәдімді он бір буынды қара өлеңнің мінсіз, мүлтіксіз үлгілері». «Құлагер» поэмасын оқырман жұртшылықтың ыстық ықыласына бөлегенімен, 1957 жылдарға дейін шын мәніндегі өз бағасын ала алмады... Қап түбінде қын жатпас дегендей, «Құлагер» поэмасы - кеш те болса өзіне тиісті әділ бағасын алған поэма. М.Әуезов, Е.Ысымайлов, Т.Нұртазин, Б.Кенжебаев, М.Қаратаев, Қ.Жұмалиев, т.б. сынды сыншылар-ғалымдар тарапынан «өлмейтін алтын ескерткіш», поэзияның «сұлу сарайы» деп мойындалған поэма.

«Құлагер» поэмасының лексикалық құрамын сараптағанда,поэма 514 шумақ, 2058 жолдан тұратындығын, атауыш және көмекші сөздерді қоса есептегенде, барлығы 11701 сөзден тұратындығы анықталды.

Ендеше, поэманың осындай бай лексикалыққабаты да әртүрлі болуы заңды. Поэманың тіл - көркемдік ерекшеліктерінің айғағы-көркемдегіш құралдардан тыс лексикасын анықтау, түсіндіру, талдау арқылы қаламгердің сөздік қорына, қолдану ерекшеліктеріне баға беруге болары сөзсіз және біздің мақсатымыз да осы межеден шықпақ.

«Құлагер» поэмасындағы оқиға Сарыарқа төсінде, табиғат аясында өтеді.

Қазақтың әсем жері Арқасында,

Арқаға жетер Арал, Балқашың ба?

Сырымбет, Зеренді, Иман, Айыртаулар,

Арқаның тізілгендей алқасына - дегендей, поэмада біршама топонимдер қамтылған. Оқиғаның өткеніне ғасыр, поэманың жазылғанына 80 жылдан асса да, жер-су атаулары сақталған. Поэмада топонимдік атау саны-51;16 адам аты, этноним мен мемлекет атауларының саны - 12. Оның біразы өмірде болған, поэманың тарихи кейіпкерлері: Ақан, Сағынай, Батыраш. Енді біразы поэма желісіне қатысты кейіпкерлер есімі, ақын жанынан шығарылған есімдер Жақып, Аюбай, Күреңбай және т.б.«Құлагер» поэмасының «Егес» бөлімінде «баптап салатын»«баптап салатын»«Үш тоты»,«Сырымбет»,«Көкшетауым»,«Ахау арман»,«Жайдарман»,«Кер қашаған»,«Ой»,«Ерке»сынды біраз әндер мен күй аталады

Поэма оқиғасы табиғат аясында өткендіктен, өсімдік, құс, жан-жануар хайуанат, жәндік атаулары да баршылық. Бұл атаулар бірде тура номинативтік мағынада, бірде ауыс мағынада қолданылады, бірде жеке сөз, бірде сөз тіркесі құрамында кездеседі.

«Құлагер» поэмасы - Ақан серінің оның сәйгүлік атының тағдыры туралы десек те, негізгі идеялық өзегі – Ақан-Құлагер трагедиясы арқылы әлеуметтік-қоғамдық ортаның әділетсіздігін, замана лебінің ызғарын кең көлемде астарлай жырлаған ірі эпикалық шығарма болғандықтан,лексикасының өзіндік ерекшелігі бар. Мәселен, онимдерден басқа этнографизмдер, қарапайым лексика, дисфемизмдер,диалект сөздерді кездестіреміз

Енді «Құлагер» поэмасының ономастикалық кеңістігін құрайтын жалқы есімдердің сипатына тоқталайық.

Этноним (грек. ethnos – халық, onyma – есім, атау) – ру, тайпа, ел, халық, ұлт атаулары. Көне дәуірлерде Этнонимдердер ұран, ру, таңба ретінде пайдаланылып, ру, тайпа, ұлыс, ел аттарымен, солардың ішінен шыққан рубасылары мен би, ақсақал, батырлардың есімдерімен де аталған, жер-су аттары ретінде де қолданылған. Этнонимдердер дербес мағыналы, көбінесе жинақтау, көптік ұғымдарды білдіретін сөздер[1].

Абақ (1) – *Орта жүзден тараған ру*[1].Асына Абақ, Керей барған Жақып, Онда да бас бәйгені алған Жақып. Мойынын қашағанның үзген талай, Дейтұғын Баянауыл Таутан Жақып.

Айдын (1) - *ру атауы, Орта жүз руынан тараған*[1]. Жоқ болмас, бірі ғана құры байдың, Өзі - нән болса керек, руы - айдын. Осы астың біз айтпай-ақ өзі айтады, Болғанын әлдеқайда сұмырайдың.

Ақан сері Қорамсаұлы(63) - *1943 ж. Ақмола облысы, Айыртау ауданында Қоскөл деген жерде туған. Шын аты - Ақжігіт. Ата-анасы Ақан деп еркелетсе, елі сері деген ат берген. Сал Сері - сегіз қырлы, бір сырлы, яғни әнші, күйші, ақын, композитор*[2]. Заманда сонау сарсаң Ақан тұрған, Ол заман - ерге тұсау, зорға думан. Жалмап жер айналасын аш кенедей, Семірген жұрт қанына нелер жуан.

Ақмарқа (4)- *Ақан Қорамсаұлының сүйген, ұнатқан, қолы жетпеген ғашығы.* Және де жақынынан жарды сүйген, Сол үшін ауыл-аймақ, безген үйден.«Алам» деп Ақмарқаны алас ұрып,Ала алмай ақырында жаны күйген.

Араб (1) - *араб елдеріндегі тұратын халықтардың жалпы аты*[1].

Ағылшын (1) - *Ұлыбританияның негізгі тұрғын халқы.* Қанында шығысың мен батысың жоқ, Ағылшын арғымақтың шатысы жоқ. Қашаннан қазағымның қолтумасы, Арабтың дүлдүлінің қатысы жоқ.

Аюбай (1) - *поэмада кездесетін адам аты.* Аюбайдың асында, Онда он алты жасында, Атан жыққан алыпты, Ап жыландай жұтқан ер.

Әзірет әлі (1) - *Еділ, Ертіс, Алатау, Ірбіт, Алтай, Мекержеге танымал айбынды батыр, ер ретінде суреттеледі.* Сықпа құрттай сыққан ер,Айқасқанның терісін.Шаранадай жыртқан ер.Әзіреті ӘліңӘдіс күшін тұтқан ер.

Біржан сал Қожағұлұлы (1) - *1934 ж. Ақмола облысы, Еңбекшілер ауданында дүниеге келген. Әнші, композитор, ақын. Біржан сал - қазақтың дәстүрлі әншілік өнерін, халық музыкасын жаңа белеске көтеріп, өз ән - өлеңдерімен толықтырған ірі тұлға. «Ғашығым», «Қаламқас», «Жанбота», «Адасқақ» т.б. әндердің авторы.* Асырған айдай әнін алты қырдан, Әкесі асқақ әннің әнші Біржан. Ақандай майда көмей, нәзік емес, Құлақты Біржан ащы әнмен қырған.

Жақып (2) - *жырдағы кейіпкер. Оқас бидің жанындағы әлде жалшы, әлде малшы және атағы бар балуан.* Атағы бұл сарының балуан Жақып,Шыңыраудан түйе тартып алған Жақып.Әдісқой, алысқанда дөңгеленіп,Топтарды талай жығып, жарған Жақып.

Сағынай (8) - *керей руынан шыққан малы мол, малайы көп байлардың бірі*. Басталды әңгіменің былай басы, Болды оған жетпіс, сексен жыл шамасы, Арқада Ерейменді мекен еткен, Керейде Сағынайдың болыпты асы.

Тобықты (1) - *орта жүз Арғын тайпасының руы*[1]. Жауғашар (1) - орта жүз руы. Төстен түлкі қоймаған, Тобықтының Тұйғыны, Жамбылторы осында, Жауғашардың жүйрігі

Ороним – гректің «oros» – «тау» *деген* сөзі жер бетіндегі бедерінің кез-келген бірлігінің жалқы атауы, оның ішінде тау, төбе, шоқы, құз және т.б. атауы[1];

Айыртау (1) - *тау. Айыртау ауданындағы (Солтүстік Қазақстан обл.) Имантау және Шалқар көлдері аралығында орналасқан. Таудың ұзындығы 25 км.* Сырымбет (7) - *төбе. Солтүстік Қазақстан облысында, Жетікөл көлінің шығысында, Айыртау ауданында.*Зеренді (1) - *орманды-таулы айқап, Көкшетау қыратының орталық бөлігінде, Ақмола облысының Зеренді ауданында орналасқан. Таулар батыстан шығысқа, солтүстіктен шығысқа қарай 28 км-ге созылса, енді жері 18-20 км.* Имантау (1) - *тау. Көкшетау қыратының орталық бөлігінде, Айыртау ауданының аумағында орналасқан. Таудың ұзындығы 7 км, 5 км шамасында. Абсолют биіктігі 621 м*[3]. Қазақтың әсем жері арқасында, Арқаға жетер Арал, Балқашың ба? Сырымбет, Зеренді, Иман, Айыртаулар Арқаның тізілгендей алқасына.

Алтай (1) - *Алай аңғары мен Ферғана аңғарын бөліп тұрған Гиссар-Алай тау жүйесіндегі жота, Ол Қырғыз бен Тәжік республикалары аумағына орналасқан. Ұзындығы 400 км. Ең биік жері - 5539м. Құмдық сазды тау жыныстары мен тақта тастардан түзелген.* Гималай (1)- *жер бетіндегі аса биік тау жүйесі. Тибет таулы қыраты мен Үнді Ганг жазығы аралығында. Үндістан, Қытай, Испан, Пәкістан және Бутан мемлекеті аумағында орналасқан. Ұзындығы 2400 км-ден астам орташа биіктігі 6000 м. Ең биік шыңы - Дномолунгма.* Жөңке (3) -*Ақсу ауданында орналасқан тау.* Алтай (16) - *таулар. Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл көлінің солтүстік-шығысында, Күршім ауданында*. Кавказ (2) - *батыста Қара теңіз бен Азов теңізінен, шығыста Каспий теңізіне дейін созылып жатқан таулы өлке солтүстігінде Кума-Маныч ойпаңынан шектеледі. Ресей, Грузия, Әзербайжан,*

Армения мемлекет жерінде орналасқан[3].Жасымнан жырлап едім тауды талай, Гималай, Кавказ, Жөңке, Алтай, Алай. Ордасы ой, көңілімнің ала асқарлар, Жырлатпай жүрегімнен жатсын қалай?

Хантәңірі (1) - *шың. Асутар асуының оңт.-шығысында, Райымбек (Алматы обл) ауданы және Қырғызстан шекарасында орналасқан. Биіктігі 6995м*[3]. Кавказдай аспан-көкпен, Қahарлы Хантәңірі әсем қар бекіткен. Алтайдай асу бермес асқар емес, Жөңкедей жалғыз емес құж-құж біткен.

Гидроним (гр. *hydor* - су + гр. *onioum* - атау) – әрбір су объектісінің жалқы есім (*Қаракөл*).Су атаулары көп өзгеріске түсе бермейтін бірліктер. Поэмада аталатын *Арал,Балқаш,Баян, Бурабай* өзен-көл атаулары әлі күнге қалыптарын сақтаған[1].

Арал (4) - *теңіз. Өзбекстан мен Қазақстан (Қызылорда және Ақтөбе обл) жерінде, Тұран ойпатының шөлді белдемінде, Үстірттің шығыс шетінде орналасқан*[4]. Қазақтың әсем жері Арқасында, Арқаға жетер Арал, Балқашың ба? Сырымбет, Зеренді, Иман, Айыртаулар, Арқаның тізілгендей алқасына. Балқаш (4) - *тұйық көл. Аумағы жөнінде Каспий, Арал теңіздерінен кейінгі үшінші орында. Қазақстанның оңт. шығысында, Алматы, Жамбыл, Қарағанды облыстарының шегінде, теңіз деңгейінен 340 м биіктікте жатыр.Бұл жерде ауыс, Балқаш, Арал өңірінің ел-жұрты деген мағынада қолданылған.* Дейміз де осыларды нені іздеді? Жын қуды астың етін жегізгелі. Арқаға аударылды ас дегенде, Лақылдап Балқаш, Арал теңіздері. Баян (4)- *тұзды көл. Есіл алабында, Солт. Қазақстан обл, Айыртау ауданында орналасқан.* Қараөткел келіп жатыр, Қарқаралы, Кереку, Баян, Семей, Торғай - бәрі. Жетісу осында кеп құйып жатыр, Арқаға аунап шөкті Қаратауы. Бурабай (6)- *тұйық көл. Ақмола облысы Көкшетау қырында, Щучье ауданында. Көкше тауының шығыс баурайында орналасқан. Көлдің ұзындығы 4,5 км, ені 3,9 км, орташа тереңдігі 4,5м*[5]. Көкшетау көп жердің бір көркем жері, Қыз орман, Бурабайдың мөлдірлері. Жамылып жасыл барқыт, асыл құндыз, Түрленген тоты құстай тау көркемі.

Ертіс (4) - *Солтүстік Мұхит алабында жатқан өзен. Обь өзенінің сол саласы. Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстары арқылы ағады. Жалпы ұзындығы 4284 км. Бастауын Алтай (Қытай) сілемдерінен алады*[4].

Есіл (1) - *өзен. Ертіс өзенінің сол жақ саласы. Қазақстанның Қарағанды, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облысы және Ресейдің Түмен, Омбы облыстары жерімен ағып өтеді. Оның жалпы ұзындығы 2450 км*[4]. Көкшетаудың Құласы, Ертістен Елік-құбақан, Есілдің Қасқабұласы, Айтайын қайсы біріңді.

Қаракұсақ (1) - *көл. Ақжар өзенінің оң жағалауында, Ерейментау ауданында (Ақмола обл.).* Ерейменнің тауында, Егізқызыл баурында, Жоламанның қасында, Жыландының басында, Көк жайдақтың шенінде, Боз ойнақтың белінде, Қайындының дөңінде, Қаракұсақ көлінде, Сонда бәйге төбеге, Жиыласыз көмбеге!

Ойконимдер- елді мекендердің атаулары[1];

Ақтасты (1) - *қоныс. Ақсу ауданы. Жалғызағаш ауылының оңтүстік-шығысында орналасқан*[3]. Жөңкенің жоғары ала басында өстім, Ақ гауһар Ақтастының тасында өстім. Аспанда ақиығы шаңқылдаған, Құздардың құламалы астында өстім.

Ақшатау (1) - *Сарыарқаның Оңт. -шығысындағы жота. Шығыс Қазақстан обл. Абай, Аягөз ауд. жерінде, Шыңғыстау жотасының оңт. орналасқан*[3]. Ақшатаудың Аласы, Көкшетаудың Құласы, Ертістен Елік-құбақан, Есілдің Қасқабұласы, Айтайын қайсы біріңді, Жиылды жұрт, жиылды.

Алматы (1) - *Қазақстанның оңтүстік шығысында, Іле Алатауының солтүстік баурайында орналасқан республикалық мәртебесі бар қала*[3]. Сондықтан бір қазақпын тауды сүйген, Тасы жоқ, таусыз жерді жерсінбеген. Алматым Алатаудың бауырында, Аңқылдап жел соққандай ән мен күйден.

Арқа (30) - *батысы Торғай ойпатынан басталып, шығысы Тарбағатайдың батыс сілеміне дейін жалғасқан солтүстігі Батыс, Сібір жазығына, оңтүстігі Балқаш көліне ұласқан кең дала. Мұны Сарыарқа деп те атайды*[3]. Қазақстанның Орталығындағы ұсақ шоқылар.Ақтарып асыл сөздің алтын, жезін, Салатын дүкеніме бар мінезім. Ақтарған Арқа

астын инженермін, ал, жұртым, керегіңе тұрса сөзім. Баянауыл (1) - *Баянауыл ауданының орталығы. (Павладар обл) Повлодар қаласынан оңт. - батысқа қарай 210 км жерде. Баянауыл тауының оңт.-шығыс бөктеріндегі Сабындыкөлдің жағасында орналасқан. Ауыл іргесі 1826 жылы қаланған*[3]. Асына Абақ Керей барған Жақып, Онда да бас бәйгені алған Жақып. Мойынын қашағанның үзген талай, Дейтұғын Баянауыл Таутан Жақып.

Жарылқап (1) - *Қарағанды облысындағы елді-мекен*[3]. Жарылқаптың Жирені, Балқаштың бейпіл Бөртесі, Семейдің Сұрсеркесі, Төстен түлкі қоймаған.

Жетісу (3) - *тарихи-географиялық аймақ. Солтүстікте Балқаш солтүстік-шығысында Сасықкөл мен Алакөл шығыста Жетісу (Жоңғар) Алатауы, оңтүстік және оңтүстік-батысында Солтүстік Тянь-Шань жоталарымен шектеседі*[3]. Салғанда шалқып, шырқап әртүрлі әнге, Осы шал ұқтырғандай көп әңгіме. Жетісу, Ертіс, Арқа жүрген жаттап, Байбайлап салған әнін «Құлагерге».

Көркем шығармада автор қолданған жалқы есімдер кейіпкердің аты, оқиға өтетін жер атауы ғана емес, олардың, яғни шығарманың ономастикалық жүйесін құрайтын тіл бірліктері экспрессивті құрал, стильдің ерекше көрсеткіші ретінде жұмсалатындығын байқадық, бірнеше лингвистилистикалық қызмет атқарады.С.Иманбердиева «Тарихи ономастикалық кеңістік (X – XVIғғ. Түркі жазба ескерткіштері негізінде)» атты еңбегінде жалпы онимдердің бірнеше қызыметін атап көрсетеді: «**атауыштық, әлеуметтік –жекелеуші, мәтінтүзушілік, сипаттаушы, діни- харизматикалық, экспрессивті – бағалауыштық**» [6] Ономаст- ғалым С.Иманбердиеваныңжоғарыда көрсетілген класификациясына өз тарапымыздан онимдердің тағы бір маңызды қызыметін қосқымыз келеді..І.Жансүгіров қолданысында ономастикалық атаулардың **ақпараттық қызмет**атқаратынын байқадық. Сонымен,«Құлагер» поэмасының ономастикалық жүйесіндегі антропонимдердің атқаратын қызметтерін төмендегідей жеті түрге топтастыруға болады:

Атауыштық – жалқы есім - адам есімдері автор мақсатына қарай оның баяндау тілінде, диалогтарда қоданысқа түседі, атауыштық қызметке ие болады және оның негізінде жалқы есімдердің басқа қызметтері ашылады. Мысалы: Абақ, Жақып, Батыраш, Ақмарқа. (Асына *Абақ*, Керей барған *Жақып*, Онда да бас бәйгені алған *Жақып*).

Әлеуметтік –жекелеуші – кейіпкер есімдеріне жекелеуші бірліктер қосыла айтылып қоғамда алатын орны, әлеуметтік жағдайынан хабар беріледі. Мысалы: Ақан сері, Біржан сал, Әзірет әлі.(Заманда сонау сарсаң *Ақан сері* тұрған, Ол заман – ерге тұсау, зорға думан; Шаранадай жұртқа не. *Әзіреті Әлінің* Әдіс күшін тұтқан ер).

Мәтінтүзушілік – онимдердің көркем шығарма ішіндегі ең негізгі қызметтерінің бірі – мәтінтүзушілік .Мәтінтүзушілік қызметіндегі негізгі орынға басты кейіпкерлер есімдерін қоюға болады. Олар – оқиғаның өрбуіне, мәтіннің түзілуіне себепкер. Мысалы: Құлагер, Сағынай, Ақан, Балқаш. (Қазақта *Құлагерді* көп айтады, «Серінің серігі еді » деп айтады; Лақабы – әлде әулие, әлде пері, Арқаның атақтысы *Ақан сері*).

Сипаттаушы –Атаудың сиапаттау қызметінің орындалуында әртүрлі деңгейде жекелеуші белгіснің бар не жоқ болуы көрініс табады. Мысалы:Хантәңірі (1) - Кавказдай аспан-көкпен, *Қаһарлы Хантәңірі* әсем қар бекіткен. Алтайдай асу бермес асқар емес, Жөңкедей жалғыз емес құж-құж біткен. Туындыдан *Асқар асуының оңтүстік-шығысында орналасқан биіктігі 6995м таудың географиялық орны, түр-түсі мен сипатын көреміз.Ал поэтикалық жағынан Қаһарлы Хантәңірі эпитеті таудың табиғатын,бар болмысын паш еткендей.*

Діни харизматикалық – халықтың әдет-ғұрып негізінде туындаған табу сөздері арқылы атау. Мысалы: Ажал, аруақ, Құран, лағнет, пері. (Барлығы Батыршқа болды толғақ, Қауіп иеліп *ажалындай* Құлагердің; Тұсында сері болсын, *пері* болсын, Ұнайды өмірімен Ақан маған).

Экспрессивті – бағалауыштық – әртүрлі сезімді білдіру үшін (құркит, сый, жиреніш) қолданылады. Мысалы:Аюбай, Күреңбай. (*Аюбайдың* асында, Онда он алты жасында, Атан жыққан алыпты, Ап жыландай жұтқан ер; Сыншының келіп көрді отыз – қырқы, Күреңбай көріп деді:).

Ақпараттық қызмет-шығармадағы аталған онимдердің мән-мағынасы, географиялық орны, табиғат ерекшелігінен ақпаратберу үшін қолданылады.Алтай (1) - *Алай аңғары мен*

Ферғана аңғарын бөліп тұрған Гиссар-Алай тау жүйесіндегі жота, Ол Қырғыз бен Тәжік республикалары аумағына орналасқан. Ұзындығы 400 км. Ең биік жері - 5539м. Құмдық сазды тау жыныстары мен тақта тастардан түзелген. Гималай (1)- *жер бетіндегі аса биік тау жүйесі. Тибет таулы қыраты мен Үнді Ганг жазығы аралығында. Үндістан, Қытай, Испан, Пәкістан және Бутан мемлекеті аумағында орналасқан. Ұзындығы 2400 км-ден астам орташа биіктігі 6000 м. Ең биік шыңы - Дномолунгма.* Жоңке (3) -*Ақсу ауданында орналасқан тау.* Алтай (16) - *таулар. Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл көлінің солтүстік-шығысында, Күршім ауданында*. Кавказ (2) - *батыста Қара теңіз бен Азов теңізінен, шығыста Каспий теңізіне дейін созылып жатқан таулы өлке солтүстігінде Кума-Маныч ойпаңынан шектеледі. Ресей, Грузия, Әзербайжан, Армения мемлекет жерінде орналасқан.* Жасымнан жырлап едім тауды талай, Гималай, Кавказ, Жоңке, Алтай, Алай. Ордасы ой, көңілімнің ала асқарлар, Жырлатпай жүрегімнен жатсын қалай?

Поэманы оқыту барысында мұғалім білімгерлерге міндетті түрде аталған таулар туралы ақпарат, мәлімет берері анық.

Қорыта келе, «Құлагер» поэмасының ономастикалық жүйесі бойынша мынандай ой түйіндеуге болады: 1.Қолданылған барлық жалқы есімдер шығарманың ономастикалық кеңістігін құрайды.2.Ономастикалық кеңістікті,негізінен, антропонимдер мен топонимдер құрайды.3.Сонымен қатар,ойконимдер,генонимдер, теонимдер,оронимдер,потамонимдер қамтылған.4.Антропонимдер атауыштық, әлеуметтік-жекелеуші, мәтінтүзушілік, сипаттаушы, діни-харизматиклық, экспрессивті-бағалауыштық қызметтерде жұмсалған.5.Ал топонимдер ақпараттық,адрестік қызметте қолданылған. Онамастикалық кеңістіктің Ақынның«Құлагер» поэмасындағыонимдерді жинақтап, саралай келе, қолданылған барлық жалқы есімдер поэманың ономастикалық кеңістігін құрайды деп есептейміз.

Поэманың ономастикалық кеңістігінен толық мәлімет беру мақсатында төмендегі кестелер оқырман назарына ұсынылып отыр.

«Құлагер» поэмасының онамастикалық статистикасы мен қолданылу жиілігі

Антропонимдер Кісі есімдері	**Этнонимдер Ру-тайпа атаулары**	**Ойконимдер Елді-мекен атаулары**	**Оронимдер Тау атаулары**	**Астионимдер Қала атаулары**	**Гидронимдер Су атаулары**	**Ән атаулары**
Абақ-1 Айдын-1 Ақан Сері Қорамсаұлы-63 Ақмарқа-4 Араб-1 Ағылшын-1 Аюбай-1 Әзірет әлі-1 Бегайдар-2 Батыраш-11 Біржан Сал Қожағұлұлы-1 Жақып-2 Күреңбай-1 Қозыбай-3 Лермонтов Михаил Юрьевич-2 А.С.Пушкин -1 Сағынай-8 Шабдан-3 Оқас-1 Измаилов-1	Найман-7 Арғын-7 Тобықты-1 Жауғашар-1 Қыпшақ-1 Қарауыл-3 Уақ-1 Керей-10	Ақтасты-1 Ақшатау-1 Арқа-30 Баянауыл-1 Жарылқап-1 Жетісу-3 Иран-1 Кереку-1 Қараөткел-22 Қызқашқан-24 Сарыарқа-1 Сібір-1 Ірбіт-1	Айыртау-1 Сырымбет-7 Зеренді-1 Имантау-1 Алай-1 Гималай-1 Жоңке-3 Алтай-16 Кавказ-2 Алатау-7 Аршалы-1 Ереймен-1 Егізқызыл-1 Жоламан-1 Жыланды-10 Ерейментау-22 Көкше-8 Қаратау-4 Оқжетпес-2 Ұлытау-1 Хантәңірі-1	Алматы-1 Көкшетау-24 Семей-3 Орал-1 Мекке-1	Арал-4 Балқаш-4 Баян-4 Бурабай-6 Ертіс-4 Есіл -1 Қарақұсақ-1 Қусақ -14 Шу-1	Үш тоты Сырымбет Көкшетау ым Ахау арман Жайдарман Кер қашаған Ой Ерке Мейлің-мейлің Майда қоңыр Кербез Керім Ақ шашақ. Жайма шуақ Ардагерім Тастүлегім Ақмарқа Құлагер Қосбасар

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ :

1.https://kk.wikipedia.org/

2.https://adebiportal.kz/kz/authors/view/2296

3.Жеріңнің аты- еліңнің хаты. Энциклопедиялық анықтамалық. –Алматы:Аруна,2006. - 808бет.

4.Қойшыбаев.Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. –Алматы:Мектеп, 1985.

5.Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: "Аруна Лтд." ЖШС, 2005

6.Иманбердиева.С Тарихи ономастикалық кеңістік (X – XVIғғ. Түркі жазба ескерткіштері негізінде). Алматы: « Сөздік – Словарь » ЖШС, 2010. 378 – бет.

7. Жансүгіров.І. Құлагер. Өлеңдер, аудармалар, поэмалар. –Алматы:RS. Халықаралық Абай клубы, 2012. – 304 бет.

ӘОЖ 342

БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ ЕҢБЕКТІК ҚАТЫНАСТАРДЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚ НОРМАЛАРЫМЕН РЕТТЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мұсанова Н.Қ. магистрант, **Жумагулов Т.Б.** (PhD) философия докторы
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде білім беру саласындағы еңбек қатынастарын реттеу мәселелері қарастырылады. Келісім-шарттар жасасу, оларды ұзарту мәселелері зерделенді, сондай-ақ осы саланы реттейтін нормативтік-құқықтық акт ретінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты қаралды.

Тірек сөздер: *үздіксіз процесі, жұмыссыздық, еңбек қарым-қатынасы*

В данной статье рассматриваются вопросы регулирования трудовых отношений в сфере образования, на основании законодательства Республики Казахстан. Изучены вопросы заключения договоров, их пролонгация, также в качестве регулирующего эту сферу нормативно-правового акта рассмотрен государственный общеобязательный стандарт образования.

Ключевые слова: *непрерывный процесс, безработица, трудовые отношения*

This article deals with the regulation of labor relations in the field of education, on the basis of the legislation of the Republic of Kazakhstan. The issues of conclusion of contracts, their prolongation, as well as the regulatory legal act regulating this sphere, the state obligatory standard of education is considered.

Key words: *continuous process, unemployment, labor relations*

Қазақтың кең-байтақ өлкесінде білім ісінің пайда болып, даму тарихы да өзінің ілкі бастауларын сонау ерте замандардан алады. Қазақстан жерінде, әсіресе, оның отырықшы аудандарында орта ғасырдық ерте дәуірінде-ақ (YII-YIII ғ.ғ.) көптеген мектептер (мұсылманша бастауыш оқу орны) мен медреселер, діни білім беретін ортадан жоғары оқу орындары жұмыс істей бастағаны тарихтан белгілі.

Жалпы еңбек қатынастары дегеніміз өндіріске қатысушылар арасында қалыптасатын қатынастар. Бұл қатынастар құқықпен реттеледі, оның өзінде құқық нормалары еңбектену процессінде не тек оның нәтижесін алумен байланысты туындайтын қатынастарды ғана реттейді. Еңбек құқығының затына еңбек қатынастары жатады. Бұл қатынастардың жалғыз «еңбек» терминімен белгілеу реттеу затын бөлектегенде қандай да бір қиындық тудырады,

себебі бұл терминнің мәндік, семантикалық мазмұны еңбек заңдары ықпал ететін еңбек қатынастарына қарағанда едәуір ауқымды[1].

Адамның еңбек ету құқығы мен бостандығын қорғау тәсілдері құқық нормаларында келтірілген және ол еңбек қатынастарын құқықтық реттеу әдістерінде өзінің жинақы көрінісін табады. Қазіргі өскелең өмір талаптарына сай жастарға білім және тәрбие беру, оларды жан-жақты дамыту - қоғам алдын да тұрған басты міндеттердің бірі. Білім беру - бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық мәдени дамуының жоғары деңгейін және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие беру мен оқытудың үздіксіз процесі. Қазақстан Республикасында жастарға білім беру процесі халқымыздың ұлттық салт-дәстүріне, мәдениетіне, экономикасына және саяси өміріне негізделіп іске асырылады [2].

Еңбек қатынастары дегеніміз өндіріске қатысушылар арасында қалыптасатын қатынастар. Бұл қатынастар құқықпен реттеледі, оның өзінде құқық нормалары еңбектену процессінде не тек оның нәтижесін алумен байланысты туындайтын қатынастарды ғана реттейді. Еңбек құқығының затына еңбек қатынастары жатады. Бұл қатынастардың жалғыз «еңбек» терминімен белгілеу реттеу затын бөлектегенде қандай да бір қиындық тудырады, себебі бұл терминнің мәндік, семантикалық мазмұны еңбек заңдары ықпал ететін еңбек қатынастарына қарағанда едәуір ауқымды.

Адамның еңбек ету құқығы мен бостандығын қорғау тәсілдері құқық нормаларында келтірілген және ол еңбек қатынастарын құқықтық реттеу әдістерінде өзінің жинақы көрінісін табады. Нарықтық экономикасы дамыған елдердегі еңбек құқығына құқықтық реттеудің екі әдісін үйлестіру тән, олар өздерінің мәні жағынан ТМД елдеріндегі, оның ішінде Қазақстан Республикасындағы еңбек құқықтық әдістерге ұқсас.

Еңбек қатынастарын біркелкі реттеудің әмбебап құралы – еңбектің халықаралық стандарттары, яғни халықаралық еңбек құқығының нормативтік субстанциясы, ол жалданбалы еңбекті қолданумен, еңбек жағдайын жақсартумен, еңбекті қорғаумен, қызметкерлердің жеке және ұжымдық мүдделерін қорғаумен байланысты мәселелерді мемлекеттердің келісімдері арқылы реттеуді білдіреді. Мұндай реттеу нормалары: БҰҰ-ның; Халықаралық еңбек ұйымының; Мемлекеттердің аймақтық бірлестіктерінің; Екі жақты, кейде үш жақты келісімдер белгілейтін бірнеше мемлекеттердің қабылдаған актілерінде бекімін табады. Халықаралық құқықтың әртүрлі субъектілері қабылдайтын құқықтық актілердің ішінде Халықаралық Еңбек Ұйымы қабылдайтын нормативтік актілердің маңыздылығы зор, олар еңбекті қолданумен тікелей байланысты қатынастарды реттеуге арналады. Сондықтан да, бұл ұйымның нормативтік актілерін өздерінің мазмұны жағынан мынадай топтарға бөлуге болады:

- адамның еңбек саласындағы негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғауды жүзеге асыратын актілер;
- жұмысбастылықты қамтамасыз етуге, жұмыссыздықтан қорғауға қатысы бар актілер;
- еңбек жағдайын реттейтін актілер;
- қауіпсіздік техникасы және өндірістік санатория бойынша актілер;
-құқықтық қорғауға аса мұқтаж адамдардың еңбегін реттейтін актілер; е) қызметкерлердің кейбір санаттарының еңбегін реттейтін актілер;
-қызметкерлердің, жұмыс берушілердің, мемлекеттік ұйымдарының қарым-қатынасын,еңбек дауларын шешудің бейбіт тәсілдерін реттейтін актілер.

Еңбекті реттеуге басқа салалардың да, мысалы, азаматтық құқықтың да қатысы бар. Сонымен, реттеу затын шектеу, яғни қайсыбір еңбек қатынастарын құқықтың қай саласы реттейтіндігін, оларға қай саланың ықпалы болатындығын айқындаудың маңызы өте зор.

Шарт жасасқанда тараптар оның түрін (еңбек шарты немесе азаматтық-еңбек шарты) анықтамағандықтан көптеген қақтығыстар мен даулар туындайды. Бірінші шарт қызметкерге көптеген кепілдіктер береді, бірақ соған қарай көптеген міндеттер де жүктейді, ал екіншісінде еңбектің нәтижесі ғана талап етіледі.

Еңбек құқығы «тек еңбек қатынастарын» реттейді деп айтуға болады. Сол кәсіпорынның еңбек процесіне қатысу, оның басқа қызметкерлерімен бірлесіп жасаған еңбек қызметі сол қатынастардың оларды еңбек тек бір бөлігі ғана болып келетін басқа қатынастардан айыратын

айрықша белгісі болып табылады.

Еңбек қызметінің процесін реттеудің басты шарты – кәсіпорынның, мекеменің ішкі тәртібіне бағыну, бұл еңбек қатынастарын азаматтық құқықпен реттелетін. Ол да еңбекпен байлнысты басқа қатынастардан ерекшелейтін айрықша белгі болып табылады[3].

Мердігерлік шарт, авторлық шарт, қызмет көрсету шарты сияқты азаматтық-құқықтық шарттар орындаушыдан еңбектің нәтижесін ғана талап етеді, шартта оның орындау мерзімі, сапасы жайында ғана сөз болады. Мұндай шарттар өндірістік процестің өзін, еңбек тәртібін реттемейді, ешқандай әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз етпейді. Мердігердің тапсырманы қандай еңбек режимінде орындайтындығына тапсырыс беруші көңіл аудармайды, оған тек жұмыстың нәтижесі болса жеткілікті.

Білім беру жүйесі - сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару органдары жүйесінің жиыны.Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуында жетекші роль атқарады, сондай – ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Білім беру - бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық мәдени дамуының жоғары деңгейін және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие беру мен оқытудық үздіксіз процесі. Қазіргі өскелең өмір талаптарына сай жастарға білім және тәрбие беру, оларды жан-жақты дамыту қоғам алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Білім беру — бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық мәдени дамуының жоғары деңгейін және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие беру мен оқытудық үздіксіз процесі. Білім беру ісін басқару мемлекеттік – қоғамдық сипатта болады. Республикада Білім және ғылым министрлігі оның төменгі атқарушы органары Қазақстан Үкіметінің білім беру саласындағы мемлекеттік саясатын жүзеге асырады[4].

Білім беру мазмұны — оқушылардың меңгеруі, олардың жан-жақты дамуы үшін негіз қамтамасыз ететін, олардың ойлауын, танымдық қызығушылығы мен еңбек іс-әрекетіне дайындығын қамтамасыз ететін білім, іс-әрекет тәсілдері, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі, әлемге эмоциялы құнды қатынас жүйесі.

Халыққа білім беру жүйесінің міндеттерін жүзеге асыру білім берудің мемлекеттік саясат принциптеріне тәуелді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы бойынша мына мемлекеттік принциптер басшылыққа алынады:

- Қазақстан Республикасының барлық азаматтарының білім алу құқықтарының теңдігі:
- Әрбір азаматтың интеллектуалдық дамуы, психикалық фииологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі тұрғындарының білімге қол жеткізуі;
- Білім берудің зайырлы сипаты;
- Жеке адамның білімділігін ынталандыру және дарындылығын дамыту;
- Білім беру сатыларының сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігі;
- Білім беру ұйымдарының меншік нысандары бойынша, оқу мен тәрбиенің нысандары, білім беру бағыттары бойынша алуан түрлі болуы;
- Білім беруді басқарудық демократиялық сипаты және білім беру ұйымдарының академиялық бостандықтары мен өкілеттілігін кеңейту;
- Білім берудің ізгілікті және дамытушы сипаты;
- Білімнің, ғылымның және өндірістің интеграциялануы;
- Оқушыларды кәсіптік бағдарлау;
- Білім беру жүйесін ақпараттандыру;
- Оқу мен тәрбиенің бірлігі;

Білім беру ұйымдарында саяси партиялар мен діни ұйымдардық (бірлестіктердің) ұйымдық құғылымдарын құруға және олардың қызметіне жол берілмейді[5].

Білім беру ісін басқару мемлекеттік-қоғамдық сипатта болады. Республикада Білім және

ғылым министрлігі оның төменгі атқарушы органдары Қазақстан Үкіметінің білім беру саласындағы мемлекеттік саясатын жүзеге асырады.

Қазіргі кезде технологиялардың қарқынды дамуы, әртүрлі салаға инновациялардың енгізілуі, жаппай цифрландыру, жаңа технологиялық тәртіпке көшу білім жүйесін дамыту барысында жан-жақты ескерілуі тиіс. Елімізді жаңғырту жолындағы міндеттерді орындауға барынша қабілетті мамандарды дайындап шығару үшін Қазақстанның білім беру жүйесі қазіргі заманның талаптарына толығымен сай болуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1.http://ult.kz/post/kazakstannyn-bilim-beru-zhuyesi-zaman-talaby
2.ttps://articlekz.com/kk/article/15821
3. https://stud.kz/referat/show/25172
4.Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру тандарттары//http://adilet.zan.kz
5. Проблемы.Факты. Комментарии. - 1999. - №8. – С. 56.

ӘОЖ 34.129

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ЕЛЖАНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ

Ниязбекова Қ.Қ. студент, **Таурбекова А.С.** магистр, аға оқытушы
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,

E-mail: *Taurbekova71@ mai.ru*

Мақалада мектеп жасына дейінгі балаларды патриотизмге тәрбиелеу процесінің өзіндік ерекшілігі, мектепке дейінгі білім беру бағдарламасындағы көрінісі талданған.

Тірек сөздер: *мектеп жасына дейінгі балаларды патриотизмге тәрбиелеу, ұлттық бірегейлікті сақтау, патриот,*

В статье проанализированы особенности процесса патриотического воспитания детей дошкольного возраста, их отражение в программе дошкольного образования.

Ключевые слова: *патриотическое воспитание детей дошкольного возраста, сохранение национальной идентичности, патриот,*

The article analyzes the features of the process of Patriotic education of children preschool age, their reflection in the program of preschool education.

Key words: *patriotic education of preschool children, preservation of national identity, patriot,*

Жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің бағдарлы идеялары Н.Ә.Назарбаевтың 12 сәуір 2017 «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында көрініс тапқан, бұл бағдарлама – шын мәнінде, ұлттық деңгейдегі ауқымды жоба. Ол қоғам тіршілігінің барлық саласын қамтитындығымен бірегей. Оны қазіргі кезеңдегі және ұзақ мерзімді перспективадағы қазақстандық қоғам дамуының өзіндік идеалогиялық платформасы деп батыл айтуға болады. Қоғамдық сананың жаңаруы ортақ әлеуметтік кеңістікте өмір сүріп жатқан халықтың қажеттіліктерімен тікелей байланысты. Бұл ретте, Қазақстан азаматтарының қоғамдық санасының мазмұны олардың мүдделерімен, идеяларымен, құндылықтарымен тығыз байланысып, мәдениет, мінез-құлық тәжірибесі, салт-дәстүр, ғылым, адамгершілік императивін қоса алғандағы рухани негіздерге арқа сүйейді.

Бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, эволюциялық даму және сананың ашықтығы XXI ғасырдағы ұлттық сананы жаңғыртудағы

басты бағыттар екендігі белгілі. Сондықтан да, күллі жер жүзі көз алдымызда өзгеріп жатқандықтан, қоғамдық сананы жаңғыртудың ерекше маңызға және өзектілікке дәл қазір ие болуы заңдылық.

А.Әлімұлының «Патриотизм мен бақ» деген мақаласында патриотизм ұғымын былай анықтаған болатын: «...патриотизм, ол аймақтық-азаматтық ұғым да, ұлтшылдық тектік (ген) – ел-жерлік түсінік», – деген.

С.Т.Иманбаеваның «Ұлттық патриотизмнің дамып қалыптасу кезеңдері» деген еңбегінде: «Ұлттық патриотизм дегеніміз –елі мен жері, халқының бостандығы және мемлекет ретінде жер бетінде сақталуы үшін, ұлт намысын жоғары дәрежеде ұстау үшін күресу», – деп тұжырымдайды. С.Иманбаева оқушыларды Отансүйгіштік рухта тәрбиелеу керектігін айта отырып, былай деген: «Отансүйгіштік рух – қазақ елінің әлемдік өркениетті елдер көшіне қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуына мүмкіндік беретін бірден-бір күш.

Жасөспірімдерге патриоттық тәрбие беру мәселесі кеңес дәуірі педагогикасының белгілі теоретиктерінің жұмыстарында белгілі орын алады. Н.К. Крупская, А.В. Луначарский, А.С. Макаренко, С.Т. Шацкий, В.А.Сухомлинский және т.б. Ол еңбектерде балаларды патриотизмге тәрбиелеудің мазмұны, принциптері және әдістері қарастырылады.

Кеңестік дәуірге дейін дене тәрбиесінің ғылыми негізін қалаған аса көрнекті педагог, әрі дәрігер П. Ф. Лесгафт болды.

Қазіргі таңдағы философиялық және педагогикалық әдебиеттерге жасаған талдау, патриотизм тұлғаның интегралдық және адамгершілік қасиеті ретінде қарастырылады деп дәлелдейді. Бірқатар авторлар (М.Б.Митин, Б.А.Воронович) оның мазмұнды мәнін аша отырып, бірінші орынға эмоционалдық компонентті қояды: отанға , өзінің халқына, туған табиғатына деген сүйіспеншілік. Кейбір ғалымдар «советтік патриотизм» ұғымын «интернационализм» ұғымымен тығыз байланыстыра отырып, мәселені аса кең көлемде қарастырады. Сондықтан отанға деген сүйіспеншілік пен өз халқына деген берілгендік, басқа халықтарға сыйластық сезіммен байланыста қарастырылады (К.Құнантаева, Э.Жұмақанов және т.б.).

Нағыз азамат – патриот өзінің Отан алдындағы борышын сезінеді. Әртүрлі мәдени-материалдық құндылықтарды жасауда оның қоғам үшін, өзінің жеке басы үшін маңызын жақсы түсінеді. Ол нағыз патриотизмнің халыққа қызмет етуде көрініс алатынын біледі. Өткен ұрпақтың тәжірибесін танып білуге, құнды дегеннің бәрін сақтауға, сонымен қатар қоғамды қайта құруда өз үлесін қосуға, озық тәжірибесін келешек ұрпаққа жеткізуге талпынады.

Бүгінгі таңда балаларға елжандылыққа тәрбиелеудің мазмұны көптеген ғалымдардың зерттеу пәні болып табылады. Олар «патриотизм» ұғымының пайда болуы мен дамуын, адамның патриоттық санасын және патриотизмге тәрбиелеудің формалары мен әдістерін қарастырады.

Біз өз зерттеуімізде елжандылыққа тәрбиелеудің мәнін, мазмұны мен міндеттерін түсіндіру үшін ең алдымен диалектикалық-материалистік әдіснаманың негізгі принциптеріне сүйене отырып, *«елжандылық» ұғымының мазмұны мен оның құрылымын* қарастырамыз.

Патриотизмнің ерекше белгілерін *«Туған өлке», «Еңбек», «Интернационализм», «Қоғам мүддесін қорғау», «Бейбітшілік үшін күрес»* тақырыптары төңірегінде топтастырады және осы ұғымды эмоционалдық-сезімдік, рационалдық және іс-әрекеттік жақтарының бірлігі тұрғысында қарастырады:

Туған өлке – туған жерге, табиғатқа деген сүйіспеншілік; туған елге(халыққа), оның мәдениетіне, алдыңғы қатарлы (прогрессивтік) дәстүрлеріне деген сүйіспеншілік.

Азаматтық – қоғамдық өмірдегі өзінің рөлін жете түсіну (ұғыну); мемлекеттік мүддені қорғау; өзінің әрекеттері үшін халық алдындағы жауапкершілік;

Еңбек – жаңашыл әрекеттерді қажетсіну, интеллектуалды еңбекті қажетсіну; дене еңбегін қажетсіну; халықтың еңбек дәстүрін мақтан тұту;

мемлекеттік меншікке аялы көзқарас; еңбек етпейтін арамтамақтарға төзбеу.

Интернационалдық – дүние жүзіндегі барлық халықтардың теңдігін мойындау; ұлттық және ұлтаралық диалектикалық бірлікті саналы түрде түсіну; жаңа қоғамды құру барысында ортақ мақсатқа жетудегі достық, ынтымақтастық және риясыз өзара көмек; өзі мемлекетінің күш-

қуатын жете түсіну (ұғыну); халықтарға, басқа ұлттарға тілектестікпен, қайырымдылықпен қарау; дүние жүзі елдерінің (апатқа ұшыраушы) қажеттіліктеріне қарай көмек көрсетуге ұмтылу; сенімділік;

Қоғам мүддесін қорғау – Отанға берілгендік және оны қорғауға дайын болу; батылдық (жүректілік) және ерлік (жау жүректілік); халықтың ерлік дәстүрлері үшін мақтаныш; қоғамдық гуманизм (мейірімділік), қозғалыс – көтерілістердегі қырағылық.

Бейбітшілік үшін күрес – дүние жүзінде соның ішінде, өзінің мемлекетінде бейбітшілікті қорғауға бағытталған белсенді әрекет; террористерге қарсы күрес.

Жас өспірімдерге патриоттық тәрбие беру мәселесі кеңес дәуірі педагогикасының белгілі теоретиктерінің жұмыстарында белгілі орын алады. Н.К. Крупская, А.В. Луначарский, А.С. Макаренко, С.Т. Шацкий, В.А.Сухомлинский және т.б. Ол еңбектерде балаларды патриотизмге тәрбиелеудің мазмұны, принциптері және әдістері қарастырылады.

Кеңестік дәуірге дейін дене тәрбиесінің ғылыми негізін қалаған аса көрнекті педагог, әрі дәрігер П. Ф. Лесгафт болды. .

Қазіргі таңдағы философиялық және педагогикалық әдебиеттерге жасаған талдау, патриотизм тұлғаның интегралдық және адамгершілік қасиеті ретінде қарастырылады деп дәлелдейді. Бірқатар авторлар (М.Б.Митин, Б.А.Воронович) оның мазмұнды мәнін аша отырып, бірінші орынға эмоционалдық компонентті қояды: отанға , өзінің халқына, туған табиғатына деген сүйіспеншілік. Кейбір ғалымдар «советтік патриотизм» ұғымын «интернационализм» ұғымымен тығыз байланыстыра отырып, мәселені аса кең көлемде қарастырады. Сондықтан отанға деген сүйіспеншілік пен өз халқына деген берілгендік, басқа халықтарға сыйластық сезіммен байланыста қарастырылады (К.Құнантаева, Э.Жұмақанов және т.б.).

Біз үшін М.А.Терентий, Т.В.Стриго және т.б. зерттеулері ерекше қызығушылық танытады, оларда патриотизмнің мазмұндық мәні өзінше айқындалады, тұлғаның қасиеттерін сипаттайтын патриотизмнің жалпы және ерекше белгілері беріледі. Авторлар патриотизмнің жалпылама белгілеріне әлеуметтік құбылыстағы барлық өзгерістерге таптық тұрғыда қарауды; жарқын болашаққа сенуді; жеке мақсаттың халықтың мақсаттарымен, қоғамды дамытудағы мақсаттармен тығыз байланыста болатынын санамен қабылдай білуді жатқызады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды патриотизмге тәрбиелеу процесінің өзіне тән ерекшілігі бар. Мектепке дейінгі жылдары бала кейбір эмоционалдық және адамгершілік тәжірибесін меңгерумен бірге, онда мінез-құлықтың белгілі бір ерекшеліктері пайда болады, жеке тұлғаның қасиеттері қалыптаса бастайды.

П.М. Якобсонның сөзімен айтқанда «мектеп жасына дейінгі бала, әсіресе алты жасар бала өзіне әсер еткен оқиғаларға қызу жауап қайтарады. Намысына тиетіндей құбылыстарға қолма-қол эмоционалдық тұрғыда жауап береді»

Балаларға тән ерекшелік болып тез әсерленушілік, қайырымдылық саналады.

Мектепке бару бала өміріндегі өзгерістерге байланысты. Жаңа кезең жаңа міндеттердің пайда болуымен, жүйелі оқу әрекетімен байланысты. Бұл мектеп жасына дейінгі балалардың қоршаған ортамен қатынастағы мінезіне айтарлықтай өзгерістер әкеледі.

Балаларда мектепке дейінгі жылдардың өзінде Отан туралы, әр түрлі ұлт өкілдерінің достығы туралы алғашқы мағлұматтары пайда болады.Балалар олар туралы үлкендерден естиді, кітаптардан оқып біледі. Мектеп жасына дейінгі балалардың зейіні қоршаған ортада көбінесе:

а) туған үй, отбасы, жақын-туыстарына;

ә) ауыл, аудан, туған қала, оның өткені мен бүгінгісіне;

б) туған өлке табиғатына бағытталады. Мектепке дейінгі жасында қайсарлы мінезді дамытатын адамгершілк сезімдері қарқынды дамиды, жақын адамдары мен туған жеріне эмоционалдық-жағымды көзқарастан байқалатын алғашқы патриоттық сезімдері көрсетіледі

Б.Б.Баймұратованың 2012 жылғы «Балбөбек» бағдарламасында елжандылыққа тәрбиелеу мектеп жасына дейінгі балаларға берілетін адамгершілік тәрбиесінің мазмұны халықтық пелагогика негізінде,ұлттық ұлттық құндылықтармен байытылып, балаларды ұлттық негізде әлеуметтендіру мәселесі, маңызды өмірлік дағдыларды, мінез-құлық нормасын қалыптастыру көздейді.

Бала тәрбиесінің негізгі отбасында қаланатындықтан, халқымыздың ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан отбасылық бала тәрбиесі дәстүрлерін, фольклорлық мұраларын балабақшада педагогикалық үдерісті ұйымдастыруда кеңінен пайдалану мүмкіндіктері қарастырылды. Халық даналығынан туылған нақыл, әңгіме, ертегі, мақал-мәтел, жұмбақ-жаңылтпаштар баланың ой-өрісін, тілін дамытып, дүниетанымын жетілдіуге ықпал етері сөзсіз. Балаға бұл рухани мұраларды игеру белгілі бір жүйеде, олардың жас ерекшелігіне сай, түсінігіне лайықты, басқа тәрбие жұмыстарымен сабақтас берілуі тиіс. Соған орай, бұл блокта «Адамдық-асыл мұрат», «Жер байлығы – ел байлығы», «Еңбек түбі-зейнет», «Ақ боз үй», «Ақ дастархан», «Балалар өмірі-ұрпаққа өнеге» тақырыптары ұсынылды. Туған еліне, жеріне сүйіспеншілікке, ұлтжандылыққа, ұлттық құндылықтарды, мұраларды мақтаныш тұту сезіміне, басқа халықтарға бауырластыққа, достыққа тәрбиелеу.

«Балбөбек» бағдарламасында балалардың туған жерге деген сүйіспеншілік сезімін қоршаған ортаға, өсімдіктер дүниесіне, жан-жануарларға, құстарға қамқорлық жасай білуге үйретуден бастап қалыптастыру. Олардың барлығын күтіп-баптағанда ғана жер байлығының өсіп-өнетінін түсіндіре, ұғындыруға арналған әдістер қарастырылған.

М.И.Нүсіпбекованың 2011 жылғы «Қарлығаш» бағдарламасы. Бағдарламаның басымды бағыты-*өз отбасын және өзінің Отанын-көп-ұлтты Қазақстанды сүйетін, шығармашыл тұлғалы бала* тәрбиелеу.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін «Қарлығаш» бағдарламасының негізгі міндетіне:

- ұлттық дәстүрлерді сақтау,балаларлы ұлттық мәдениет пен ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетімен таныстыру;
- өз отбасына, Отанына, қоршаған ортасына, Жер планетасына деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу;

Патриоттық тәрбие процесінде идеялық сенімділік, өз Отаныңа, ана тіліне, жеріне, мәдениеті мен салт-дәстүріне деген сүйіспеншілік, ұлттық жалпы ұлттық мақтаныш өз халқының тағдыры үшін жоғары жауапкершілік, туған Отанның экономикалық, ғылыми, моральдық-саяси және әскери әлеуеттерін дамытуға ұмтылыс, оны идеологиялық және саяси жағынан қорғауға даярлық қалыптасады.

Біз тәрбие жүйесінде жастарымызды рухани және ұлттық құндылылықтарын дұрыс бағалауға осы білімдерді пайдалануға бағытталуы тиіс деп есептейміз. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сөзімен айтқанда, патриоттық тәрбие процесінде «әрбір адам бізідің мемлекетімізге, оның бай да даңқты тарихына, оның болашағына қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс-қимыл жүйесін жасауы қажет. Елдің проблемалары да, келешегі де барлық адамға әрі түсінікті болуы тиіс... Әрбір адам бала кезінен Қазақстан - менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты, мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей істеген жөн».

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Н. Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы Астана 12 сәуір 2017ж.
2. А. Әлімұлының «Патриотизм мен бақ» Алматы, 1994ж
3. С.Т. Иманбаеваның «Ұлттық патриотизмнің дамып қалыптасу кезеңдері»
4. Иманбетов А. Н. Жастар өміріндегі патриоттық тәрбиенің орны //Қарағанды мемлекеттік университетінің хабаршысы. -2003.
5. Б. Б. Баймұратованың «Балбөбек» бағдарламасында . Алматы. 2012 ж.
6. М. И. Нүсіпбекова «Қарлығаш» бағдарламасы . Астана 2011 ж.

ӘОЖ 376
ББК 74.1

ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ДАМЫМАҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ҰСАҚ МОТОРИКАСЫН ДАМЫТУ АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Нуханова С. студент, Азанбекова Г.Т. магистр, аға оқутышы
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

E-mail:*azanbekova.gulnaz@mail.ru*

Мақалада, балалардың сөйлеу тілінің дамуына қолдың ұсақ моторикасының әсері қарастырылады. Қол саусақтарының қозғалыс импульстері "сөйлеу" аймақтарының қалыптасуына әсер ететіні және баланың бас миының қабығына оң әсер ететіні талданды. Саусақ ойындарын бірлесіп пайдалану қажеттілігі анықталып, негізделген және оны мүмкіндігінше ерте дамыту қажет. Ұсақ қол мотормкаңы ерте жастан балаларда дамыту керек екенін көптеген ғалымдар дәлдеген, саусақ қимылдарды дамыта отырып, адамның бас миында сөйлеуге жауап беретін орталықты дамыта аламыз.

Кілт сөздер: *ұсақ қол моторика, сөйлеу тілі, бас миы, сөйлеу орталығы.*

В данной статье рассматривается о ввлияние мелкой моторики рук на развитие речи детей. Проанализированы, что двигательные импульсы пальцев рук, влияют на формирование «речевых» зон и положительно действуют на кору головного мозга ребенка. Выявлена и обоснована необходимость совместного использывания пальчиковых игр и что ее необходимо начинать развивать как можно раньше. Учеными доказано, что развитие руки находится в тесной взаимосвязи мелкой моторики, умеет логически рассуждать, у него достаточно развиты внимание и память, связанная речь.

Ключевые слова: *мелкая моторика, речь, головной мозг, зона речи.*

This article provides for the development fine motor skills. Analyzed that the motor impulses of the fingers affect the formation of "speech" zones and have a positive effect on the cerebral cortex of the child. Fine motor skills-quite an interesting phrase and many of us have heard that it is necessary to begin to develop as early as possible. Scientists have proved that the development of the hand is strongly correlated with the development of speech and thinking of the child. Typically, a child with a high level of development of fine motor skills is able to reason logically, he has a well-developed memory and attention, and coherent speech.

Key words: *mfine motor skills, speech, brain, speech zone.*

Адамның миының дамуына ұсақ моторика әсер ететіні бұрыннан белгілі. Қол мен саусақтарға қатысты жаттығулар ми қызметінің жұмысына оң әсер етеді. Қолдарда орталық жүйке жүйесіне импульстар келіп түсетін көптеген рефлекторлық нүктелер бар. Белгілі бір нүктелерді ұқалау арқылы сіз осы нүктелермен байланысты ішкі ағзаға әсер етуіңіз мүмкін. Анатомия тұрғысынан бас ми қабығының қозғалыс кескінінің барлық алаңының шамамен үш бөлігін қол буынының кескіні алады. Дәл осы қол буыны кескінінің өлшемі және оның сөйлеу аймағына жақындығы қол буындарын, артикуляциялық аппарат сияқты, «сөйлеу мүшесі» ретінде қарастыруға негіз береді. Осыған байланысты сөйлеуге үйрету үшін артикуляциялық аппаратты жаттықтыру ғана емес, сондай-ақ қол саусақтарын қозғалтуды немесе ұсақ мотормкаңы дамыту қажет. В.М. Бехтерев дәлелдеген қарапайым қолдың қозғалысы ақыл-ойдың дамуына әсер етеді, көптеген дыбыстарды дұрыс айтуды жақсартады және де баланың сөзін дамытуға көмектеседі.

Біздің ата-бабаларымыз осындай нәрсені болжаған шығар. Данышпан қазақ халқымызда бұған да ерекше назар аударған. Өйткені, біздеертеден келе жатқан «Қуырмаш», «Санамақ»

т.б. ойынынан саусақ атауларын бала тәрбиелеуге оның тілін жетілдіруге, ойын ұштауға қолданған. Саусақ жаттығуларын сергіту жаттығуларына, ертеңгілік жаттығулар, барлық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері үстінде үнемі жүйелі пайдаланудың нәтижесінде балалардың тілі, қимыл, қозғалысы мен икемділігі айтарлықтай дамиды.

Ұсақ мотормканы дамытудың маңызы неде? Саусақ қимылдарды дамыта отырып, адамның бас миында сөйлеуге жауап беретін орталықты дамыта аламыз. Саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады. Саусақ ойынын ойнай отырып, бала саусақтарының қимыл-қозғалыстарына қарап қуанады, шаттанадаы, сөзді айтуға тырысады, үйренген өлең шумақтарын қайталап айта отырып, есіне сақтайды және бала екі қолын қимылдата отырып, оң – сол, жоғары – төмен т.б. түсініктерді бағдарлай алады.

Ұсақ мотормканы дамыту жұмыстарын ерте сәбилік шақтан бастаған дұрыс. Ұсақ моторикаңың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. Омыраудағы баланың өзіне саусақтағы бас миымен байланысқан активті нүктелеріне әсер ете отырып массаж жасау керек. Баланың саусақтарының қимылы немесе ұсақ моторикаңың жақсы жетіліп дамуы, ол мидың және тілдің жетілуімен тікелей байланысты.Ұсақ моторика дамуының бала жасына байланысты ерекшеліктері:

3-6 айда – Бала қолын аузына апарады. Қолдың қимылын көзбен қадағалайды. Көрген затына қолын созады және алады.

6-12 айда – Бір қолындағы затты екінші қолына ауыстыра алады. Қасықты ыдысқа, текшелерді қорапқа сала алады.

1-2 жаста – Шимайлар мен сызықтар сала алады. Ыдысты қолына алып, көтеріп іше алады. Төртбұрышты төртбұрышқа, домалақты домалақ тесікке сала алады. Кітаптарды парақтай алады. 5-6 текшені бірінің үстіне бірін қоя алады.

2-3 жаста – Үлгіге қарап қарапайым пішіндер сала алады. Қайшымен қиюды біледі. Қақпақтарды аша алады. Ірі моншақтар тізе алады.

3-4 жаста – Қаламды дұрыс ұстай алады. Нүктеленген суреттерді бастыра алады. Өзіне домалап бара жатырған допты ұстай алады. Қағазды бүктей алады.

4-5 жаста – Қарапайым пішіндерді бояй алады. Негізгі әріптердің баспа түрін жаза алады. Адамның негізгі мүшелері бар суретін сала алады. Қалтаның ішіндегі заттарды сипап сезу арқылы не екенін айта алады. Ермексазбен жұмыс жасай алады. Бау байлай алады.

5-6 жаста – Суреттерді жиектеп ұқыпты қия алады. Әріптер мен сандарды жаза алады. Балғамен шегені ұра алады. Геометриялық пішіндердің суретін сала алады.

Психомоторика бұл адамның психикалық іс әрекетіне қосылған, оның қимыл қозғалысы. Осылайша әртүрлі қабылдаулар, ойлар мен эмоциялар қимылмен жеткізіледі. Еңбек ету процесінде жасалынатын қимылдар әрқашанда нақты мақсаттарға жетуге бағытталған және ол психомоторлық іс әрекеттің элементтерін көрсетеді. Балалардың басқару әрекеті қимыл, қимыл белгілерінің, басқа да әрекеттер, бақылау өлшеу аспаптарының көрсеткішін қабылдауға жауапты әрекет болып табылады. Сенсомоторлы координация (латын тілінен аударғанда sensus – сезім, motor – қозғалатын) жүргізуші іс әрекеті үшін күрделі болып табылады, ол кезде тек қабылдау тітіркендіргіші қозғалыста емес, сонымен бірге жүргізшінің қозғалыс әрекеті де қозғалыста болады. Оның әрбір бақылау әрекеті бұл жай жеке әрекеттер тізбегі емес. Олар өзара сенсомоторлы координациямен байланысқан, бұл кезде қозғалыс қабылдаумен реттеледі, ал ол өз кезегінде, жасалынған әрекет нәтижесінде өзгереді. Мысалы, жолды жаяу өтпекші болған адамды қабылдаған кезде жүргізуші жылдамдығын азайтады. Сол үшін міндетті әрекеттерді жасап болған соң, жаяу жүруші жағдайы өзгеруі мүмкін, одан кейін, өзгерген жағдайдың жаңа қабылдаулары қажет етіледі.

Ұсақ мотормканы дамытудың маңыздылығы неде? Адамның бас миында саусақ қимылына және сөйлеуге жауап беретін орталықтар өте жақын орналасқан. Ұсақ моторикаға әсер ете және оны белсендіре отырып, көрші орналасқан сөйлеуге жауап беретін орталықты да дамыта аламыз. Ұсақ мотормканы дамытудың баланың жалпы дамуында да алатын орны ерекше. В.А.Сухомлинский бала қабілетінің қайнар көзі оның саусақтарының ұшында екенін жазған. Бала қолының қозғалысы қаншалықты епті болса, соншалықты ойлауы, сөйлеуі жақсы

дамиды. Яғни бала қолымен көбірек жұмыс істесе, ақылы да сонша өседі. Ұсақ мотериканы дамыту жұмыстарын бала туылған кезден бастау керек. Сухомлинский айтқандай: «Қабілет бастауы мен балалар дарыны – саусақ ұштарында. Содан шығармашылық ойдың бастаулары пайда болады. Бала қолының қозғалысында еңбек құралына деген сенімділік пен тапқырлық орын алса, қиындық туындайды, ол үшін бала ойының шығармашылық анықтық қабілетінің өзара әрекеттестігі қажет. Балада қаншалықты шығармашылық қабілет болса, бала соншалықты ақылды келеді». Көптеген жаңашыл зерттеушілер ұсақ мотериканы дамытуға байланысты саусақ моторикасын дамытуға саусақ ойындарын, саусақ ойындарын сипаттауды, сергіту сәттерін, ойын –ертегілер пайдалануды ұсынады Т. А. Ткаченко сергіту сәтіне жаттығу енгізу бас миының сөйлеу зонасының қимылын белсендіреді, ол баланың сөйлеу тілін түзетуге мүмкіндік береді деп тұжырым жасаған. В. В. Цвынтарный ұсақ қол моторикасын дамытуға есептеу таяқшалар мен сіріңкемен жұмыстар жасатудың әсері мол деген көзқарас білдіреді.[1]

Саусақ ойынын балабақшада және үй жағдайында әсерлі, көңілді түрде ұйымдастыруға болады. Баланың тілі негізінен мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Бұл кезеңде ағзаның барлық бөліктері және жүйелері қарқынды дамып, баланың дене және ой дамуына қажетті қозғалыстағы таным іскерлігі қалыптасады. Мектепке дейінгі кезеңде қолдың ұсақ моторикасы мен қимыл-қозғалыстарын дамыту жұмыстары маңызды болып табылады.

Ерте және мектепке дейінгі кіші жаста қарапайым жаттығуларды жасауда өлеңмен, тақпақпен ұйқастырылған жаттығуларды пайдалану ұсынылады. Сонымен қатар өзіне -өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру: қасық пен қарындаш ұстау, түйме тиегін өзі салып, өзі ағыту, бауын байлау, т.б. Өмірінің бастапқы кезеңінде баланың ұсақ қол моторикасы қалай дамып жатқандығын, жеке интеллектуалды қабілетін байқауға болады. Қасықты, қарындашты ұстау алмайтын, түймесін түймелей алмайтын және бәтеңке бауын байлай алмайтын балалардың қолының кіші моторикасы нашар дамыған болып есептеледі. Олар шашылған конструкторларды жинау, пазаламен жұмыс жасау, есептегіш таяқша және мозаикамен ойнау өте қиын. Олар басқа балалармен ойнаудан бас тартады, осы қызметтегі жұмыс жасағанда үлгермейді. Мұндай балалар элементарлы қызметтің өзінде өздерін нашар сезінеді және бұл жағдай баланың эмоциясын мен өзін – өзі бағалауға кері әсерін тигізеді.

Әрине, мектепке дейінге жасында бала тілінің дамуы, өзіне –өзі қызмет көрсету және жазуға дайындық дағдысын қалыптастыруда ұсақ қол моторикасын дамыту және үйлестіру жұмыстарын жүргізудің маңызы өте зор. Бала өз саусақтарын қаншалықты басқара алса, оның одан әрі дамуы да соған тікелей байланысты. Ұсақ қол моторикамен қоса балалардың есте сақтау қабілеті мен назары, сондай –ақ, сөздік қоры да дами түседі.

Осыларды ескере отырып, өз жұмысымның мақсатын анықтадым: мектеп жасына дейінгі балаларды түрлі қызметтер арқылы ұсақ қол мотериканы дамыту және қол қызметін үйлестіру.

Ұсақ қол моторикасы термині саусақтар қозғалысы және қолдың буындарын үйлестіру дегенді білдіреді. Ұсақ мотериканы дамытудың маңыздылығы неде? Адамның бас миында саусақ қимылына және сөйлеуге жауап беретін орталықтар өте жақын орналасқан. Ұсақ моторикаға әсер ете және оны белсендіре отырып, көрші орналасқан сөйлеуге жауап беретін орталықты да дамыта аламыз. Педагогтар мен балалар психологының мақсаты- ата – аналарға ұсақ мотериканы дамыту ойындарының маңыздылығын ұғындыру. Баланы қызықтыруда және жаңа хабарларды игеруіне көмектесуде үйретуді ойынмен алмастыру, алға қойған мақсатына жетуді, тапсырманы орындауда қиындыққа кездессе мойымауына үйрете отырып, аз мөлшердегі жетістіктерін де бағалап, мадақтап қоюды да ұмытпауы керек. Ұсақ мотериканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. Осыдан келіп қол қимылдарын басқара білу туады. Сондықтан ешқашан да баланы мәжбүрлеуге болмайды.

Кішкентай ғана сәбидің қалайтыны қозғалу, қозғалыс- әлемді танудың мүмкіндігі. Яғни, бала қозғалысы дәл және нақты болса, оның әлемді ақылмен тануы да терең бола түспек. Қолдан ұсақ-түйек заттарды жасау - балалардың ең жақсы көретін шығармашылық жұмыстары. Мұндай жұмыс балалардың қиялдарын, ойлары мен бармақтарының ұсақ моторикасын дамытады. Ұсақ қол мотериканы дамыту әдістемесі мұндай жағдайда өте тиімді. Жасжарымдағы баламен саусақ ойындарын бастауға болады.

Бас миы мен ұсақ қол моторикасының өзара байланысы бас миының қабығы әрқайсысы бір денеге жауапты бірнеше бөліктен тұрады. Бас миының қабығында қозғалыстық сипатты анықтайтын бөлік бар. Бас миы қабығының үштен бір бөлігі қол мойнының қозғалыстық қабілетімен байланысты және мидың сөйлеу зонасы бір – біріне өте жақын орналасқан. Сондықтан егер баланың саусағы нашар дамыған болса, ол баланың сөйлеу қабілетіне әсер етеді. Осыған байланысты ғалымдар қол мойнының буынын артикуляциялық аппарат сияқты «сөйлеу органы» деп те атайды. Бала тілін дамыту үшін сөйлеу органы ғана емес сондай –ақ, ұсақ қол моторикасын да дамыту қажет.

Ұсақ қол моторикасы термині саусақтар қозғалысы және қолдың буындарын үйлестіру дегенді білдіреді. Ұсақ мотрикаңы дамытудың маңыздылығы неде? Адамның бас миында саусақ қимылына және сөйлеуге жауап беретін орталықтар өте жақын орналасқан. Ұсақ моторикаға әсер ете және оны белсендіре отырып, көрші орналасқан сөйлеуге жауап беретін орталықты да дамыта аламыз. Педагогтар мен балалар психологының мақсаты- ата – аналарға ұсақ моторикаңы дамыту ойындарының маңыздылығын ұғындыру. Баланы қызықтыруда және жаңа хабарларды игеруіне көмектесуде үйретуді ойынмен алмастыру, алға қойған мақсатына жетуді, тапсырманы орындауда қиындыққа кездессе мойымауына үйрете отырып, аз мөлшердегі жетістіктерін де бағалап, мадақтап қоюды да ұмытпауы керек. Ұсақ моторикаңың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. Осыдан келіп қол қимылдарын басқара білу туады. Сондықтан ешқашан да баланы мәжбүрлеуге болмайды[2].

Кішкентай ғана сәбидің қалайтыны қозғалу, қозғалыс- әлемді танудың мүмкіндігі. Яғни, бала қозғалысы дәл және нақты болса, оның әлемді ақылмен тануы да терең бола түспек. Қолдан ұсақ-түйек заттарды жасау - балалардың ең жақсы көретін шығармашылық жұмыстары. Мұндай жұмыс балалардың қиялдарын, ойлары мен бармақтарының ұсақ моторикасын дамытады. Ұсақ қол моторикаңы дамыту әдістемесі мұндай жағдайда өте тиімді. Жасжарымдағы баламен саусақ ойындарын бастауға болады.

Бас миы мен ұсақ қол моторикасының өзара байланысы бас миының қабығы әрқайсысы бір денеге жауапты бірнеше бөліктен тұрады. Бас миының қабығында қозғалыстық сипатты анықтайтын бөлік бар. Бас миы қабығының үштен бір бөлігі қол мойнының қозғалыстық қабілетімен байланысты және мидың сөйлеу зонасы бір – біріне өте жақын орналасқан. Сондықтан егер баланың саусағы нашар дамыған болса, ол баланың сөйлеу қабілетіне әсер етеді. Осыған байланысты ғалымдар қол мойнының буынын артикуляциялық аппарат сияқты «сөйлеу органы» деп те атайды. Бала тілін дамыту үшін сөйлеу органы ғана емес сондай –ақ, ұсақ қол моторикасын да дамыту қажет[3].

Жұмысқа кіріспес бұрын қалай жұмыс жасау керек, қандай материалдар қолданамыз деген мақсатта нақты жоспар құрдық. Жұмысымыздың негізіне ойындар енгіздік. Қозғалысты ойын - балалар үшін дүниені танудың бір тәсілі. Балалар ойынының қозғалысы қаншалықты анық болса, бала дүниемен соншалықты терең таныса алады. Алдымен мектепке дейінгі ортаңғы топ балаларының (4-5 жасар) саусақтары мен қол ептілігін анықтайтын диагностика жасадық. Диагностика жасау барысында балаларға үш түрлі жаттығу ұсындық:

- доппен ойнау (допты лақтыру және оны ұстап қолмен алу, ұстаған допты бір қолмен еденге ұрып алып жүру, жоғары лақтырып, оны қағып алу)
- қарындашпен ойнау (затты айналдырып сызу және оны сызыққа тастау)
- саусақпен жеке қимыл жасау.

Өзімізге мынадай міндеттер қойдық: саусақ қозғалысын жақсарту, өзіне –өзі қызмет көрсету дағдысын қалыптастыру бойынша жаттығулар жасату, баланың жалпы қозғалыстық белсенділігін арттыру. Қойылған міндеттерді орындау үшін жұмыстың түрлі нысандарын пайдаландық. Тәлімгер мен балалардың бірлескен қызметіне баланың логикасын және басқа да қабілеттерін дамытатын жаттығуларды қатаң және жүйелі түрде жүзеге асыратын мақсат қойдық.

Балалардың әлеуметтік дағдысын, қызметтің түрлі нысандарын меңгеруді дамыту бойынша жеке жұмысты ұйымдастыруға да міндет қойдық. Балаларды жеке тұлға ретінде құрметтейтін бала мен үлкендер қарым – қатынасын негізге алған микроклимат жасалды.

Балалардың еркін өзіндік қызметі баланың жеке қабілеті мен мүддесіне сай таңдалған жаттығулар баланың өз бетімен дамуына септігін тигізді. Жұмысымыздың негізгі әдісіне саусақ ойыны әдісін қолдандық. Бірлескен және жеке жұмыста саусақ жаттығуын массаж (саусақтың басынан қол буынына дейін сипау) және жаттығу (әр саусақты жеке –жеке бүгу және бүктеу) түрінде жүзеге асырдық. Массаж - пассивті гимнастиканың бір түрі болып табылады. Массаж - бұлшық ет жүйесінің тонусын, бұлшық ет икемділігі мен әрекет жасау қабілетін арттыруға көмектеседі. Сондай –ақ, балаларға табиғи материалдармен массаж жасау ұсынылды (шырша бүршігі, жаңғақ, доптар т.б. Осындай жаттығу нәтижесінде баланың қызығушылығы артты, саусақ гимнастикасы тақпақ оқумен жалғастырылды. Тақпақты тыңдаған балалар саусақ қозғалысының көмегімен тыңдалған тақпақтар мен мазмұнын және бейнелер арқылы сахналады. Сюжетті материал ретінде тақпақтар пайдаландым. Жаттығуға ұласқан тақпақ – сезім ритмін қалыптастыратын және жетілдіретін негіз болып табылады, қолайлы эмоционалды жағдай пайда болады, соның арқасында бала ойынмен айналысады, орындайтын қозғалысты қызғушылықпен орындайды, ал бұл саусақ қозғалысын жақсартады. Тақпақты бейнелеу, тыңдау және түсіну дағдысын дамытады. Ұсақ қол саусақтарын дамытуға арналған картотека құрастырдым: «Саусақтық жаттығулар», «Жолшықпен жүру», «Физминуткалар». Бірлескен және өзіндік әрекет кезінде саусақ театр қозғалыстарын қолдандым. Ол балаға бір мезетте сценарист, режиссер-постановщик болуға мүмкіндік береді. Театрландырылған қойылым шығармашылық потеницалды ғана емес сөйлеуді және оған саусақ белсенділігін дамытуға көмектеседі. Саусақ театрының тағы бір жағымды жағы – бала ойын нысанында кеңістік және санау түсінігіне үйренеді. Саусақ театрына арнап ертегілер кейіпкерлері бойынша қуыршақтар әзірледік: «Қоян мен түлкі», «Бауырсақ» және т.б.

Жапсыру ісімен айналысу қол мойнының буыны және ұсақ әрі жалпы қол моторикасын дамытуда маңызы зор. Жапсыру ісімен айналысу баланың сенсорлы және кеңістікті сезіну, қабылдауын дамытуға қажетті. Жұмыста жапсыру ісімен айналысуда ермексаз, тұздалған ұн, тұқымнан және ұлу қабыршығынан жасалған оюларды жиі қолдандық. Бұл еңбекті көп қажет ететін, қызықты жұмыс болғандықтан баланың назарын, көз бен қолдың өзара қозғалыс үйлесімділігін, анықтылығын және келісілген сенсомотористикаы дамытады. Қағаздан бұйымдар жасау - қол мойын буынының кіші бұлшық етін дамытуға әсер етеді. Мұндай жұмыстар баланы қызықтырады, қиялдарының дамуына, сындарлы ойлауына септігін тигізеді. Қағазбен жұмыстың бірі ретінде жыртылған қағаздар қолданылды. Қағазды ұсақтап жырту саусақ күші мен ұсақ қимылын басқару дағдысын дамыту жаттығу болып та есептеледі.

Тіпті баланың сөйлеу тілі қалыпты болған жағдайда бұл қолын басқаруы қалыпты деген сөз емес. Егер 4 - 5 жастағы балада бау байлау қиындық келтірсе, ал, ермексаздан тек шар мен ұзынша жабыстырылса, және 6 жаста тиек тігу- орындалмас және қауіпті іс болса, онда сіздің балаңыз кінәлі емес.


Өкінішке орай көп ата- ана қолдың икемі мен ұсақ моториканың даму деңгейінің төмендігін тек мектепке барарда ғана байқайды. Бұл балаға өте ауыр жүк. Жаңа хабарларды қабылдаумен қатар, икемге келмейтін саусақтарымен қарандашпен жазып үйренуі керек.

Кішкентай ғана сәбидің қалайтыны қозғалу, қозғалыс- әлемді танудың мүмкіндігі. Яғни, бала қозғалысының дәл және нақты болса, оның әлемді ақылмен тануы да терең бола түспек.

Егер сіз бірінші сынып оқушысында жазуда қиындық болмасын десеңіз немесе 3 жастағы баланың тілінің дамуында ақау болмасын десеңіз дамыту ойын – жаттығуларын бала туылған соң екі айдан кейін бастаңыз. Ұсақ моториканы дамыту әдістемесі мұндай жағдайда өте тиімді. Омыраудағы баланың саусақтарын уқалауға болады, жас жарымдағы баламен саусақ ойындарын бастауға болады. Мысалы, баланың бас бармағын жаймен сипап отырып, оған былай деңіз: «Саусақ –бала сен қайда болдың?» Содан соң бас бармақты балан үйрекпен түйістіре отырып, « мына саусақпан орманға бардым», ортан түйрекпен түйістіре отырып, «мына саусақпен щи пісірдім»,

Осылайша жалғастырып басқа саусақтармен де «мына саусақпен ботқа жеп, мына саусақпен ән салдым» деп аяқтайсыз. Балаларға бұл жаттығу қатты ұнайды, уақытты да көп алмайды, ал пайдасы оның өте көп, себебі ұсақ моториканы дамытып жатырмыз ғой.

Бір жастан асқан балалар үшін – саусақ бассейні әдістемесі өте пайдалы. Бір ыдысқа 1 кг бұршақты немесе фасольді төгеміз де ішіне баланы қызықтыратын бір ойыншықты көміп қоямыз. Сондан соң оны тауып беруін өтінеміз. Бұл қызықтыру жаттығуы кезінде баладан алыстап кетпеңіз. Себебіұсақнәрселердіаузынасалыпалуқаупі бар.



Көңілді қуыршақтар.

Алдымен екі жартыны құрастыру арқылы бір қуыршақты пайдаланыңыз. Содан соң ойынды күрделендіре түсіңіз: екі қуыршақ, үш қуыршақ. Балаға аздап қиындық келтірсе асықпаңыз. Баланың жетістікке өзі жетуіне мүмкіндік беріңіз.

Пирамидалар.

Дүкеннен пирамида ойыншығын сатып аларда дөңгелектерінің әр түрлі болғанын қадағалаңыз. Дөңгелек диаметрі бірінен соң бірі үлкейе түсуі керек. Мұндай ойыншық балаға саусақ қимылын ғана емес, логикалық ойлануына да жол ашады. Балаға пирамиданы жинауды ұсынасыз. Алдымен бірге жинап, содан соң өз бетімен жинауға кіріседі.

Жиек бойымен жүргізіп шық.

Бұл ойынға мақпал қағазға жабыстырылған үй, машина, гүл, кесе сияқты суретті карточкалар пайдаланылады. Ересек адам бала саусағын мақпалға тигізе отырып суретте не бейнеленгенін сұрайды. Осы сурет бойымен моншақтарды немесе бұршақтарды жүргізіп шық деген тапсырма беріледі. Жабыстырып шығу арқылы ойын жалғасады.

Ойынға пайдаланылатын барлық заттар бала өміріне қауіп төндірмеуі керек.

Адамның он екі мүшесінің тіршілікте атқарар міндеті зор. Соның ішінде екі қолға бес – бестен біткен он саусақты күнделікті қажетті жұмыстарды атқаруға пайдаланытынымыз белгілі. Сонымен қатар ертеден бізге жеткен «Қуырмаш» ойынынан саусақ атауларын бала тәрбиелеуге, оның тілін жетілдіруге, ойын ұштауға әдемі пайдаланғанын білеміз.

Қуыр, қуыр, қуырмаш,
Тауықтарға тары шаш.
Балапанға бидай шаш,
Балаларға тәтті шаш .
- дей келіп, жұмылған әр саусақты жеке-жеке ашарда:
Сен түйеңе бар,
Сен жылқыға бар.
Сен сиырға бар,
Сен қойыңа бар,
Сен үйдеотырып
Шешеңекөмектес.

- деп әр саусаққа тапсырма беріледі. Одан соң әр саусақтың басынаң ұстай тұрып «қарның ашса: мына жерде нан бар, мына жерде май бар» деп әр түрлі астыңа тай келіп, қолтыққа жеткенде «қуырмаш»», «қуырмаш» деп қытықтайды.

Халық өзінің өмір тәжірибесінде тіршілікте қалай қолдануына қарай саусақтарға ат қойған. 1-ші саусақ- «Бас бармақ», 2-ші саусақ – «Балаң үйрек», 3-ші саусақ–«Ортан терек», 4-ші саусақ- «Шылдыр шүмек», 5-ші саусақ – «Кішкентай бөбек».[3]

Сонымен, саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады. Сөйлеу тілі мүшелері әрекетінің қозғалысының дамуы қол саусақтарының нәзік қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру, түзету-тәрбие жұмысын жүйелі жүргізуді қалайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Өмірбекова Қ.Қ. Логопедия негіздері, – Алматы, 2011. – 205с.
2. Омирбекова К.К., Ибатова Г.С., Тулебиева Г.Н., Оразаева Г.С. Логопедия. Оқулық. – Алматы: Дәуір, 2011.
3. Богуславская З.М., Смирнова Е.О. Роль игры в нравственном развитии ребёнка. – М.: Дрофа, 2011. - 260с.

ӘОЖ 373.2

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ДАМУЫ МЕН ДЕНЕ ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Галиева Г. м.ғ.к., доцент м.а., **Нурболдина М.** магистрант
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

E-mail: *gulmira.galieva.1963@bk.ru., nurboldinamn@mail.ru.*

Ғылыми мақалада балалар мен жасөспірңмдердің дене қөрсеткіштерінің дамуы және жастық ерекшеліктері көрсетілген. Мақаланың өзектілігі, мектепке дейінгі жастағы балалардың дене дамуын қалыптастырудың тиімді әдістері мен құралдарының жоқтығына байланысты көптеген проблемалар туады. Дене бітімінің дамуы халықтың денсаулық жағдайының объективті көрсеткіші болып табылады. Мектепке дейінгі жастағы балалардың дене бітімінің дамуына қамқорлық жасау адамның кейінгі бүкіл өмірі үшін маңызды. Зерттеме барысында мектепке дейінгі жастағы балалардың физикалық дамуы мен дене дайындығының жас ерекшеліктері және мектепке дейінгі жастағы балалардың физикалық дамуы мен дене дайындығының жас ерекшеліктерін зерттеудің жаңа әдісітері анықталды.

Тірек сөздер: *жас кезендер, антропометрия, дене бітімі, соматоскопия, пубертантты (жастық шақ) кезең.*

В научной статье показаны особенности физического развития физического развития детей и подростков. Актуальность статьи в том, что отсутствие эффективных методов и инструментов для развития физического развития детей дошкольного возраста приводит к нарушению функции опроно- двигательного аппарата. Физическое развитие является объективным показателем состояния здоровья населения. Забота о развитии физического развития детей дошкольного возраста важна для всей человеческой жизни. Методы изучения возрастных особенностей физического развития и физической подготовленности детей дошкольного возраста является важной проблемой настоящего времени.

Ключевые слова: *возрастная периодизация, антропометрия, соматоскопия,физическое развитие.*

The scientific article shows the features of physical development of children and adolescents. The relevance of the article is that the lack of effective methods and tools for the development of physical development of preschool children leads to a violation of the function of the musculoskeletal system. Physical development is an objective indicator of the health status of the population. Care for

the development of physical development of preschool children is important for all human life. Methods of studying the age characteristics of physical development and physical fitness of preschool children is an important problem of the present time.

Key words: *age periodization, anthropometry, somatoscopy,physical development.*

Дене жаттығуларының әсерінен баланың физикалық дамуы ғана емес, оның дене бітімі де жақсарады, сонымен қатар мидың массасының дамуы мен жетілдірілуі де жақсарады. Баланың сүйек жүйесі шеміршек матасына бай. Оның сүйектері жұмсақ, икемді, жеткіліксіз берік, сондықтан олар қолайлы және қолайсыз әсерлерге оңай беріледі. Мектепке дейінгі білім беру алдында балалардың денсаулығын сақтау және нығайту міндеттері тұр. Балаларға қамқорлық, олардың әл-ауқаты, бақыт пен денсаулық әрқашан үлкендердің басты қамқорлығы болды және болады. Өз кезегінде, ата-аналар, педагогтар мен жаттықтырушылар балалардың денсаулығын табысты нығайту және баланы өмірдің алғашқы күнінен бастап дене шынықтырумен ұдайы айналысуға тарту үшін қозғалыс белсенділігінің оңтайлы түрлерін табулары тиіс. Қозғалыс қажеттілігі оның қалыпты қалыптасуы мен дамуының шарты бола отырып, балалар ағзасының негізгі физиологиялық ерекшеліктерінің бірін құрайтынын атап өтеді.

Бұл зерттеу тақырыбының өзектілігі мектепке дейінгі жастағы балалардың дене дамуын қалыптастырудың тиімді әдістері мен құралдарының жоқтығына байланысты. Дене бітімінің дамуы халықтың денсаулық жағдайының объективті көрсеткіші болып табылады. Мектепке дейінгі жастағы балалардың дене бітімінің дамуына қамқорлық жасау адамның кейінгі бүкіл өмірі үшін маңызды [1].

1. Мектепке дейінгі жастағы балалардың физикалық дамуы мен дене дайындығының жас ерекшеліктерін анықтау.

2. Мектепке дейінгі жастағы балалардың физикалық дамуы мен дене дайындығының жас ерекшеліктерін зерттеудің жаңа әдісін апробациялау.

3. Мектепке дейінгі жастағы балалардың физикалық дамуы мен дене дайындығының жас ерекшеліктерін зерттеудің жаңа әдісін енгізу.

Зерттеу жұмысының кезеңдері:

Бірінші кезеңде - Мектепке дейінгі жастағы балалардың физикалық дамуы мен дене дайындығының жас ерекшеліктеріне байланысты шетелдік және отандық ғалымдардың теориялық зерттеулері қарастырылды;

Екінші кезеңде - Баланың физикалық дамуы және денсаулығының негізгі көрсеткіштері қарастырылған. Осының негізінде мультимедиялық ақпаратты қолдана отырып дәріс жоспары әзірленді;

Үшінші кезеңде - Мектепке дейінгі шақтағы баланың психофизиологиялық дамуының ерекшеліктері талданды;

Төртінші кезеңде - Мектепке дейінгі жастағы баланың іс-әрекетінің түрлері сипатталып, тұжырымдамалар мен қорытынды берілді.

Дене дамуы туралы П.Н.Башкировтың «Адамның дене дамуы туралы оқу» атты классикалық еңбегінде көрсетілген XIX ғ. Соңында А.Д.Доброславин, Ф.Ф.Эрисман, Р.Н.Рума спирометрия және динамометрия дұрыс жетілмеген деп есептеген, ол зерттеушісінің еріктік және эмоциялық жағдайына байланысты деп көрсеткен, ал В.И.Сергеев (ӨТС) өкпенің тіршілік сиымдылығы дене дамуы жақсы адамдарда әрқашан жоғары бола бермейді деп көрсеткен. Сондықтан дене дамуын зерттеу бағдарламасына ӨТС және динамометрияны енгізудің мәні жоқ. Соңғы жылдары жасөспірімдердің денсаулығы тұрақты түрде төмендеуде. Қазіргі кезде 10 жастан 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер 70% -ға дейін созылмалы ауруға шалдыққан. Олардың көбісінде 2 не одан да көп ауру кездеседі, сонымен бірге 2-3 функционалды бұзылыстар, әсіресе жүрек- қантамыр жүйесінің аурулары жиірек кездеседі. Қазіргі уақытта, әрбір Балалар мен жасөспірімдердің үшіншісінде созылмалы ауру 40%-ға дейін анықталуда. Сондықтан балалар мен жасөспірімдердің физикалық және психикалық денсаулықтарын нығайту және сақтау маңызды және тиімді [2]. Балалар мен жасөспірімдер дене дамуында және денсаулықты жақсарту жұмысындағы соғысқа дейінгі жылдармен салыстырғанда маңызды прогресс, "дені сау бала" түсінігін қайта қарастыру қажеттілігін көрсетті. Егер осы түсінік тек ағзада ауыр созылмалы аурулардың жоқтығы және баланың дене және ақыл – ой дамуында

айқын артта қалу дәрежелерінің жоқтығы деп түсінілсе, қазіргі кезде ол түсінік мүлдем өзгеше.

Пубертантты (жастық шақ) кезеңде әр түрлі мүшелер мен жүйелердің өсуі бірдей қарқындылықта жүрмейді, осының әсерінен олардың үйлестіру қызметінің уақытша бұзылысы пайда болады. Сондай-ақ бұл кезеңде жүрек көлемінің дене көлемінен артта қалуы байқалады. Егер ересек адамда жүрек көлемінің дене көлеміне қатынасы 1:60 болса, жасөспірімдерде 1:90. Бұл жаста жүректің барлық бағытта өсу екпіні күшейеді, 14-15 жаста оның мөлшері қарқынды жоғарылайды - мүшенің салмағы мен қуыстардың көлемі бірден ұлғаяды; көбінесе жүректің сол қарыншасы қарқынды ұлғаяды. Миокардтың гистоқұрылымы өзгереді, көлденең бұлшық-ет талшықтары ұлғаяды, миокардтағы қан тамырлар саны азаяды. Негізгі мақсаттар жан-жақты диагностикалау және балалар мен жасөспірімдердің денсаулығының деңгейі мен функционалдық жай-күйін бағалау, қажетті емдік-алдын-алу, қалпына келтіру және оңалту іс-шараларын, болашақтағы дайындығын түзету бойынша ұсыныстар белгілеу, дайындықтың белгілі бір кезеңі аяқталғаннан кейінгі денсаулық деңгейін, дене жұмыс қабілетін және дайындығын анықтау болып табылады [3].

Балалар мен жасөспірімдердің дене дамуының күйлерін және физикалық қызметтік қабілеттілік өзгерістерін салыстыруға мүмкін беретін деректерді алу үшін, тестілер сапалы болуы керек. Тестілердің объективті болуына, оларды қайталай алуға мүмкін болатындығына қойылатын талаптар, оларды мұқият сұрыптауды қажет етеді. Ең ақпаратты көрсеткішті таңдап алуға байланысты қиындықтар, тестіленуші қимыл әрекетінің басқа бір көрсеткішімен тәжірибеде оны салыстыру арқылы жойылуы мүмкін. Мысалы, төзімділікті анықтайтын үш тестілер - кесікті дистанцияны жүгіріп өтетін уақыты, кесімді уақытта жүгіріп өтетін дистанция ұзындығын және берілген жылдамдықпен дистанцияны жүгіріп өтетін уақытты салыстырғанда, олардың жоғары ақпаратты екені белгілі болды. Осы тестілер арасындағы корреляция коэффициенттері барлық жағдайда бірлікке жақын болған.

Балалар мен жасөспірімдердің дене дамуының функционалдық жағдайын анықтауға қолданылатын кейбір тестілер (мысалы, жүрек-қан тамыр жүйесінің функционалдық сынамалары), физикалық қызметтік қабілеттілік арасындағы байланыс нашар екенін көрсетеді. Қызметтік қабілеттіліктің арнайы сынамасы (PWC170), жұмыс қуатын оңай көтеруте келетін велоэргометриялық жүктемелер сенімдірек.

Балалар мен жасөспірімдердің бейімділігін салыстыру көрсеткендей, монозиготалы егіздердің басым көпшілігінде (90%) олар бірдей немесе жақын болған; дизиготалы егіздерде мұндай бейімділік 15% жағдайларда ғана сәйкес келген. Дене шынықтыру қабілеттілікті (мысалы, оттекті тұтыну шегі) анықтау үшін осы күндері есепке алатын көрсеткіштер, көптеген жағдайда тұқым қуалаушылықпен байланысты.

Машықтану барысындағы оттекті тұтынудың өсімі бастапқы деңгейден орта есеппен 20-30%-тен аспайды.

Балалар мен жасөспірімдердің табиғи сұрыпталуында, яғни, үлкен спортқа оттекті тұтыну шегінің генетикалық нышаны жоғары адамдардың келуінде.

Бұлшық еттер — организмнің энергияға сыйымды бөлігі ғана емес, сонымен қатар энергиямен қамтамасыз ету формасын тандап алуға сезімтал жүйе. Сондықтан ақ және қызыл талшықтардың шартты массасы жылдамдық - күш және төзімділік сапаларының максимал білінуін шектейтін фактор. Барынша жоғары қарқынмен 10-60 с бойы орындалатын жұмыс, ақ талшықтар бай анаэробтық энергия көзінің басымдылығымен қамтамасыз етіледі. Жалпы энергия алмасуына анаэробтық процестердің қосатын шартты үлесі қысқа мерзімді жұмыстарда 60-83 %. Едәуір ұзақ, бірақ қарқыны шамалы жұмыс қызыл талшықтарда шоғырланған аэробтық ресурстар есебінен атқарылады [4].

Жеке соматикалық өзгерістердің пәрмеңділігі, жетістіктерге жеткізетін спорт түрлеріне тандаған кездерде назарда болуы керек (мысалы, баскетболда бойдың өзгеру пәрмеңділігі). 8-12 жастағы бой біліктілігінің бастапқы және оның соңғы өлшемдері арасында өте жоғары дәрежелі байланыс бар. Бұл жеткілікті дәлдікпен спортшылардың ең соңғы бойының ұзындығы қандай болатынын болжауға мүмкіндік береді.

Жасөспірімдік кезеңде ең соңғы бойдың биіктігін болжау сенімді бола бермейді. Бастапқы және соңғы бой биіктігінің арасындагы корреляция коэффициенті бар болғаны 0,6-0,7.

Конституциялық (дене бітімі) ерекшеліктер шартты тұрақты және машықтануға көнбейді. Үш конституциялық типті айырады: астеникалық, нормостеникалық және гиперстеникалық. Гиперстениктерге қарағанда, астениктердің ұзындық өлшемдері көлденен өлшемдерінен басым келеді. Астениктер жүрегі мен ішкі мүшелерінің өлшемдері шартты аз, диафрагмасы төмен орналасады, өкпесі созылыңқы.

Дене шынықтыру тәжірибеде дене бітімінің Шелдон бойынша жіктеуі кеңінен қолданылады. Шелдон колледж студенттерінің 4000 стандартты суретін зерттей келе, дене бітімінің эндоморфты, эктоморфты және мезоморфты үш типін бөліп шығарған. Эндоморфты дене бітіміне дөңгелек бас, үлкен қарын, дамуы әлсіз қол-аяқ, жота мен жамбас майлы болуы тән. Эктоморф арық, өңі жүдеу тартқан, ашаң жүзді, биік маңдайлы, кеудесі ұзынша, қол-аяқтары жіңішке тип. Бұлшық еттерінің дамуы нашар. Мезоморф -атлетикалық дене бітімді, пішіні куб тәрізді ауыр басты, кең иықты, қапсағай кеуделі, аяқ-қолдары бұлшық етті тип. Денесінің майлануы шамалы. Мезоморф көптеген атлетикалық спорт түрлеріне бейімді. Соматотип компоненттері 0-ден 7-ге дейін ұпайлармен бағаланады, яғни компонент 1-2 ұпаймен бағаланса, оның әлсіз білінгенін көрсетеді.

Кесте 1. Конституциялық (дене бітімі) ерекшеліктері.

Дене бітімінің конституциялық типтері		Дене бітіміне мінездеме
1.	Астеникалық	ұзындық өлшемдері көлденен өлшемдерінен басым келеді
2.	Нормостеникалық	дене бөліктерінің ұзындық және көлденең өлшемдерінің сайкелушілігі, дене пішінінің үйлесімділігі.
3.	Гиперстеникалық	керісінше, дембелше бойлы, етті, қоңды. Олардың қол-аяқтары тұлғасына қарағанда қысқа дененің көлденең өлшемдері ұзындық көрсеткіштерінен басым.

Балалар мен жасөспірімдердің қимыл-қозғалыстарында организмдегі физиологиялық құбылыстар өте күрделі жүйеде өтеді және қозу прцесстері жоғары деңгейде болады. Жыныстық жетілу кезеңінің соңында қимыл-қозғалыстар үйлесімі ретке келеді. Олар байсалдылық және үйлесімдік пішінге ие болады. Бұл — қимыл-қозғалыстардың орталық және шеткі функцияларының жетілу нәтижесі. Жылдамдық қасиетінің жоғары керсеткіштері 13—14 жаста тіркеледі (велосипед тепкілеу екпіні, қозғалыс жиілігі, секіру биіктігі). Кеңістіктегі бағдарлаудың жеке сипаттамалары осы жасқа жақын кемеліне жетеді (мысалы, қозғалыстардың амплитудасы мен дәлдігін айыру). Дегенмен, арнайы машықтанусыз 13—14 жастан кейінгі қыздар мен 15—17 жастан кейінгі ұлдардың бұл сапаларының дамуында айтарлықтай өзгерістер байқалмайды.

Жасөспірімдік кезеңде қарқынды қайта құрылу тірек-қимыл аппараты мен оның функцияларын реттейтін жүйенің барлық құрылымдық элементтерінде жүріп жатады. Дегенмен, олар өзінің толық морфологиялық және функционалдық кемеліне жыныстық жетілу мезгіліне келгенде ғана жетеді. Демек, жыныстық жетілуге дейінгі уақытта да берілген дене жаттығуларын тірек-қимыл аппаратын жетілдіруші фактор ретінде ғана емес, тиімсіз ұйымдастырылған сабақтарда оны бұзатын фактор ретінде де қарастыру керек.

Тірек-қимыл аппаратындағы морфологиялық және функционалдық қайта құрылулар, әдетте, оның бейімделу мүмкіндігінің жоғарылауына әкеледі. Сонымен қатар шамадан тыс спорттық жүктемелер омыртқа аралық дискілердің нығыздануына, деформациялануына, омыртқа бағанасы байламдарының зақымдалуына әсер етуі мүмкін. Функционалдық мүмкіндіктердің шегінде орындалған бұлшық ет жұмысының жағымсыз салдары дене жүктемелерінің төмендеген жағдайында айқын білінеді. Жануарларға жасалған тәжірибелерде керсетілгендей, ауыр жүктемелерден кейінгі екі айлық гипокинезия түтікті сүйектердің қалыпты құрылымының айқын бұзылуымен қатар жүрген.

Тірек-қимыл аппаратының шамадан тыс жүктемелерінде, капиллярлық қанайналымның бұзылуына байланысты, қаңқа бұлшық еттерінде патологиялық өзгерістер пайда болады. Шамадан тыс жүктемелер капилляр алдындағы жалғамалардың (анастомоздар) кеңеюіне әкеледі. Мұндай жағдайларда артериялық қан ұлпаларға бармай, веналарға барады. Бұл тек бұлшық еттерде дистрофия туғызып қана қоймай, қозғаушы жүйкелер ұштарында да дегенеративті өзгерістерді туғызады.

Осыншама жағымсыз салдарлардың алдын алу үшін жүктемелерге тұрақты бақылаулар,

машықтанудың педагогикалық принциптерін сақтау қажет: жүктемелер ауырлығын бірте-бірте көтеру, тірек-қимыл аппаратының қалыптасуындағы жастық ерекшеліктеріне қатаң ілесу.

Әртүрлі жүктемелермен шұғылдану белгілі дәрежеде бұлшық еттер массасы мен дене салмағының өсуіндегі диспропорцияны азайтады. Сонымен қатар, бұлшық еттердің шектен тыс күштенуі, сол бұлшық ет талшықтарының гипертрофиясына шапшаң жеткізеді. Атақты ауыр атлеттердің бұлшық еттерінің орта нормасы 35—40% болганда, дене массасының жартысынан көп болуы мүмкін. Бұлшық еттер массасының шапшаң көбеюіне ауыр салмақпен жасалатын біркелкі, стандартты жаттығулар әсер етеді.

Тірек-қимыл аппаратына дене жаттығуларының әсерлері жүктеменің мөлшері (келемі, қарқындылығы) және сипатымен (статикалық, динамикалық, күш, жылдамдық-күш және т.б.) тұжырымдалады. Басқа тең жағдайларда динамикалық жаттығулар тірек-қимыл аппаратының енжар (сүйектер, сіңірлер, байламдар) бөліміне қарағанда, белсенді бұлшық еттер бөліміне оң әсер етеді. Жаттығу барысында бұлшық еттер ішіндегі капиллярлар торларының дамуы олардың оттекпен қамтамасыз етілуін жақсартады да, бұлшық еттер массасының көбеюіне септігін тигізеді [5].

Антропометриялық жағынан дене дамуын ағзаның физикалық күш қорын анықтайтын морфо-функционалдық қасиеттерінің кешенін түсінуге болады. Дене дамуы денсаулық деңгейін анықтайды, немесе денсаулық деңгейі дене дамуын анықтайды. Осы екі көрсеткіштің арасында тығыз байланыс бар, денсаулық көрсеткіші жоғары болған сайын, дене дамуының деңгейі де жоғары болады.

Дене дамуы – әр нақты сәттегі ағзаның жетілу процесін сипаттайтын, қоршаған орта жағдайына бағынышты және онымен өзара байланыста болатын морфологиялық, функционалдық белгілердің жиынтығы.

Сонымен дене дамуы, даму процесінің биологиялық жасқа сәйкестігін ғана емес, уақыттың әр бөлігінде морфо-функционалдық жағдайын сипаттайды.

Балалар мен жасөспірімдердің дене дамуы биологиялық заңдылықтарға бағынады және организмнің өсуінің және дамуының жалпы заңдылықтарын бейнелейді:

- бала ағзасы жас болған сайын, ондағы өсу және даму процестері қарқынды жүреді;
- өсу және даму процестері біркелкісіз өтеді және әр жас кезеңіне нақты анатомо-физиологиялық ерекшеліктер тән;
- өсу және даму процестерінің жүру барысында жыныстық айырмашылықтар байқалады.

1. Бала -бақшалардың дайындық топтарында және мектепте медициналық байқаулар әрқашан кешенді сипатта және құрамында педиатр, окулист, отоларинголог, невропатолог, хирург, стоматолог кіретін дәрігерлер бригадасымен жүргізіледі.

2. Мектепке дейінгі мекемелерде балаларды медициналық байқаудан МДМ медбикесі өткізеді. Антропометриялық тексерістер жүргізе отырып, дене дамуының дәрежесін бағалайды.

3. Міндетті антропометриялық зерттеулер көлемі, баланың жасына қарай белгіленеді: 3 жасқа дейін бойы тікесінен, дене салмағы, кеуде клеткасының аумағы тыныштық жағдайда, бас аумағы; 3-7 жас – бойы тікесінен, дене салмағы және кеуде клеткасының аумағы тыныштықта; 7- жастан жоғары – бойы тікесінен, дене салмағы, кеуде клеткасының аумағы тыныштықта, максимальды тыныс алғанда, тыныс шығарғанда.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Булгакова Н.Ж., Табакова Е.А. - Физическое развитие и физическая подготовленность школьников 12-16 лет с разным объемом двигательной активности, Физическая культура - № 2, с. 48, 2004

2. Быков Е.В., А.П. Исаев, В.И. Харитонов - Проблема коррекции физического состояния учащихся в рамках программы "Президентские состязания"-Физическая культура 2004 - № 3, 6.

3. Волков Л.В. Физическое воспитание учащихся. Киев, 2003

4. Жұмабаев С. «Жас ерекшелік физиологиясы мен мектеп гигиенасы», Алматы қ.,2003ж.163 б.

ӘОЖ 541.124

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТҰЛҒАСЫН ДАМЫТУДА ОЙЫННЫҢ МӘНІ

Нұрахметқызы А. магистрант, **Сыдыкова Б.Т.** п.ғ.к., қауымдастырылған профессор
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

E-mail: *akmaral.aman4@mail.ru*

Қазіргі жас буын, бүлдіршіндер – мемлекетіміздің мығым тірегі» - деп Елбасы Н. Ә. Назарбаев атап көрсеткендей, жас өспірімдердің жан - жақты даму негіздері – мектепке дейінгі мекемеден бастау алады. Қазіргі уақытта балаларды оқытуға арналған әдістемелер соның ішінде ойын әрекеті арқылы кеңінен пайдалану үстінде. Яғни, ойындарды игеру балаларды жан - жақты болуына зор ықпалын тигізеді. Балалардың оқу іс - әрекетін арттыру үшін ойын элементтерін тиімді пайдалану керек. Ойын арқылы бала қоғамдық тәжірибені меңгереді, сондықтан әр сабақ барысында қандай ойын түрлерін қолдануға болатынын сабақтың мазмұнына, мақсатына, жас ерекшелігіне сәйкес таңдалуы керек екендігі назарға алынғаны дұрыс. Яғни, бала тілін дамыту барысында ойын элементтерін қолдана отырып, құзіреттілік тапсырмалар арқылы балалардың өздігінен дамуға, жетілуге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға арналған бірден - бір таптырмас технология.

Тірек сөздер: *ойын, жеке тұлғалық даму, ойынның мәнісі.*

В настоящее время широко используются методики обучения детей, в том числе игровая деятельность. Как отметил Елбасы Н.А.Назарбаев, «Основы всестороннего развития подрастающего поколения-начинаются с дошкольного учреждения». То есть освоение игр способствует разностороннему развитию детей. Для повышения учебной деятельности детей необходимо эффективно использовать игровые элементы. С помощью игры ребенок овладевает общественным опытом, поэтому следует принимать во внимание, какие виды игр можно использовать в ходе каждого урока в соответствии с содержанием урока, целями, возрастными особенностями. То есть, используя игровые элементы в процессе развития речи детей, посредством компетентностных заданий, одна из самых незаменимых технологий, направленных на формирование личности, способной к самосовершенствованию и саморазвитию детей.

Ключевые слова: *игра, личностное развитие, сущность игры.*

Currently, widely used methods of teaching children, including play activities. As noted by the leader of the nation N..Nazarbayev, "the foundations of comprehensive development of the younger generation-starting with preschool institutions". That is, the development of games contributes to the comprehensive development of children. Effective use of play elements is necessary to enhance the learning activities of children. With the help of the game the child learns social experience, so you should take into account what types of games can be used during each lesson in accordance with the content of the lesson, goals, age characteristics. That is, using game elements in the development of children's speech, through competence tasks, one of the most indispensable technologies aimed at the formation of a person capable of self-improvement and self-development of children.

Key words: *game, personal development, the essence of the game.*

Ұлы педагог А.С.Макаренко ойынға үлкен мән бере отырып, өзі басқарған мекемелерінде ойынды тәрбиеленушілер өміріне міндетті түрде енгізіп отырады. Ойын баланың өмірін қызыққа, қуанышқа бөлеуін қамтамасыз ету үшін ол балалардың ойынға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын тәрбиелейді – деп қарастырады.

Ойын – іс-әрекеттің түрі. Мұның елеулі орны нәтижесінде емес, оның барысында. Психологиялық кернеуліктен құтылуға, яғни кездейсоқ жағдайдан бастап, адамдар қатынысының үйлесімді әлеміне қосады. Ойын барысында ересектердің әрекеттері арқылы қайта жаңғырту, қоршаған орта шындығын танудағы арақатынасында балалар үшін аса маңызды. Балалардың күш-қуатын, ақыл-ойын, мінез-құлқын тәрбиелеуге қызмет етеді.

Ойын балалардың негізгі іс-әрекеті ретінде психологиялық, анатомиялық-физиологиялық, педагогикалық маңызы зор қызметтер атқарады. Балалар ойындарының тәрбиелік маңызын жоғары бағалай келіп, А.С.Макаренко былай деп жазды: «Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ересек адам үшін, еңбектің, жұмыстың, қызметтің қандай маңызы болса, нақ сондай маңызы бар. Бала ойында қандай болса, өскен соң жұмыста да көп жағынан сондай болады. Сондықтан келешек қайраткерді тәрбиелеу алдымен ойыннан басталады». Ойын - қанағат алу үшін жасалатын іс-әрекет. Оқуда да, еңбекте де ойын элементтерін қолдануға болады. Ойын туралы көптеген теориялар бар. Солардың бірін алғаш рет жасаған Ф.Врубель. Ол ойын арқылы бала өзін-өзі көрсеткісі келеді дейді. М.Лазарус жұмыстан кейін дем алу теориясын, Г.Спенсер денедегі артық энергияны шығару, К.Круз тіршілік үшін күреске әзірлеу ойындарының, С.Л.Рубинштейн еңбекке дайындайтын ойындарының теориясын жасады. Ойын әлеуметтік қызмет, ол баланың жасына қарай, өзін қоршаған ортаны танып білуге, оны өзгертуге құштарлығын арттыратын құрал. Онда танымдық және бағдарлық қызмет бар. Ойын арқылы бала білім алады, тәрбиеленеді, қоғамды құрметтеуге үйренеді, ынтымақтасып жұмыс істеуге дағдыланып, ұтылуға емес, ұтуға тырысады. Ойын баланың психикасында сапалы өзгерістер туғызады, оқу әрекетінің негіздері қаланады [1].

Ойын туралы мынандай тұжырым жасалады :

а) ойын - тәрбие құралы, ақыл-ойды, тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, өмірді танытып, сезімді кеңейтеді т ә р б и е л е й д і.

ә) ерік және мінез қасиеттерін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді.

б) ұжымдық сезім әрекеттері өсе түседі.

в) эстетикалық тәрбие беру - өнерді, көркемдікті түсіндіру құралына айналады.

г) еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді.

д) дене күшінің жетілуіне көмектеседі - ойын баланы жан-жақты жарасымды тәрбиелеудің психологиялық және физиологиялық негіздері болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балалар өзінің айналасындағы қоршаған ортамен танысуға өте құштар. Бұл баланың бірнеше сұрақтар қоюына әкеліп соғады. Ойын – баланың бірінші әрекеті, сондықтан оның педагогикалық мәні ерекше. Қазақ халқының ұлы ойшылы А.Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» деп айтқандай балалардық өмірінде ойын ерекше орын алады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың зейіні тұрақсыз болады, оларды біркелкі жұмыс тез жалықтырады. Сондықтан олардың зейінін үнемі қажетті бағытқа аудару үшін ойын түрінде жүргізу қажет. Өйткені ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде алған білімді ойынмен тиянақтау білімнің беріктігіне негіз қалайды.

Ойын барысында балалардың жеке басының қасиеттері қалыптасады. Балалардың қуанышы мен реніші ойында айқан көрінеді. Ойын кезіндегі балалардың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойнайды, эмоциялық әсері ұшқындалады, белсенділігі артады, ерік қасиеті қиял елестері дамиды, мұның бәрі балалардың шығармашылық қабілеті мен дарынын ұштайды. Мектеп жасына дейінгі балалар көргендерін, байқағандарын, айналасынан естігендерін ойын кезінде қолданатынын байқауға болады. Ойын айналадағы болмысты бейнелейді. Ойын барысында балалар дүниені тани бастайды. Өзінің күш жігерін жұмсап, сезімін білдіруге мүмкіндік алады, адамдармен араласуға үйренеді.

Сондықтан ойшыл ұлы адамдар балаларды ойын арқылы оқыту керек деген ойға келді. Ойындардың педагогикалық мәні де осында. Ойын арқылы оқыту бұл ой көптеген оқытушылар мен тәрбиешілерді қызықтырады. Грузин педагогы Ш.А.Аманошвили ойын арқылы балаларға өте қиын әлемдік танымды түсіндіре білді. Ол өз оқушыларымен ойын ойнағанда өзін

балалармен бірдей қоя отырып, олардың көңіліне, ойына, санасына пайдалы ұғымды беріп, өз ісіне сенімді болып, қиындықтарды жеңе білуге үйретті – баланың көздерінде білімге деген құштарлықты байқады. Ойын арқылы оқытудың арқасында дидактикалық ойын пайда болады. Берілген ойындарды қолдану іс-әрекеттерінің әсерлігін арттырып, балалардың логикалық ойлауын, математикалық қабілеттерін дамытады. Бұл ойындарды тәрбиешінің шығармашылықпен түрлендіре отырып, балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеріп, жаңа тақырыпты өткенде, өтілген материалды қайталағанда білімді тиянақтау кезінде іс-әрекеттердің мазмұнына сай пайдалануға болады. Сондықтан мұндай ойындар ойнау балалардың ойлау, қабылдау, еліктеу қабілеті және заттардың түрін, түсін, көлемін ажырата білуін дамыта түсу үшін өте қажет [2].

Дидактикалық ойындарда міндетті түрде екі бала қатысатын ойындар түрін пайдаланған тиімді. Ойын арқылы оқыту үшін дидактикалық ойындар құрылған. Балаларға тапсырмалар ойын түрінде беріледі, бұл дидактикалық ойындардың негізгі ерекшеліктері. Балалар ойын арқылы белгілі бір білім, білік,дағдыларды және ойын әрекеттерін меңгереді. Әр дидактикалық ойынның танымдылық және тәрбиелік мазмұны болады. Дидактикалық ойындар - оқыту мақсаттарын іске асыруға арналған арнаулы ойындар.

Ойын физиологиялық, педагогикалық маңызы зор қызметтер атқарады. Ойын баланың даму құралы, таным көзі, білімдік, тәрбиелік, дамытушылық мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Ойынды әрбір адам ойнап өседі, ойынды көп ойнаған адамның дүниетанымы кең, жаны таза, жүрегі нәзік, нағыз сезімтал тұлға болмақ. Әрине, ойын адамның дамуына, қалыптасуына әртүрлі әсер береді. Кей бала ойында шынайы өмірді бейнелесе, кей бала ішкі сезімін білдіреді. Ойынның дамуына және баланың ойынға араласуына әсер ететін факторлар өте көп. Мысалы, үлкендердің ойынға басшылық жасауы, ойыншықтар, баланың өсетін ортасы, балалар ұжымы, баланың тәрбиесі т.б. Дегенмен де ойын тек әрекет емес, балалардың да, үлкендердің де қызығушылық ермегі, адамды рахат және қанағат сезіміне бөлейтін іс-әрекеті. Балалар тұрмақ, үлкен адамдар да әлі күнге дейін ойнайды, әрине ойынның түрлері өте көп. Балалар ойынына талдау жасайтын болсақ, оның өзгеріп отыруы балалардың жас және жеке дара ерекшеліктеріне байланысты. Мысалы, сюжеттік рөлді, қимыл-қозғалыс, драматизациялық, музыкалық, дидактикалық, құрастыру, ұлттық, спорттық, дамытушы ойындардың түрлері бар.

Әрқайсысының өзіндік мәні, ерекшеліктері, мазмұны, ережелері, тәртібі, білімдік, тәрбиелік, дамытушылық функциялары бар. Оның әрқайсысына жеке тоқталатын болсақ, сюжеттік рөлді ойындар ойынның алғашқы танымы десек, артық болмас.

Ойын – баланың білім – білік дағдысын қалыптастыратын тәрбие құралы. Балабақша балалары болашақ иесі болғандықтан, дүниежүзілік мәдениетті танитын, өзінің төл мәдениетін білетін, сыйлайтын, рухани дүниесі бай, саналы ойлайтын деңгейі жоғары білікті болуы міндетті. Ата – бабаларымыздың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесін, мәдениетін жасөспірімдер бойына саналы сіңіріп, қоршаған ортадағы қарым – қатынасың, мінез-құлқың, өмірге деген көзқарасың, бағытын дұрыс қалыптастыру тәрбиеге байланысты. Мектепке дейінгі мекемелерде адамгершілік тәрбиесі тәрбиелеу және білім беру үрдісіне әр түрлі іс - әрекеттер арқылы жүзеге асырылады [3].

Балалар ойындарының тәрбиелік маңызын жоғары бағалай келіп, А.С.Макаренко былай деп жазды: «Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ересек адам үшін еңбектің, жұмыстың, қызметтің қандай маңызы болса, нақ сондай маңызы бар. Бала ойында қандай болса, өскен соң жұмыста да көп жағынан сондай болады. Сондықтан келешек қайраткерді тәрбиелеу алдымен ойында басталады». Мысалы; сюжеттік - рөлді ойындар.

Ойынның негізгі ерекшелігі ол балалардың қоршаған өмірді - адамдардың қимылын , іс-әрекеттерін бейнелеу болып табылады. Ойында бөлме теңіз, аспан кеңістігі де, темір жол вагоны да болуы мүмкін. Балалар жағдайға ойынның өздері ойлаған түпкі ниеті мен мазмұнына лайықты маңыз береді.

Ойын іс-әрекетінің тағы бір ерекшелігі - оның әрекеттік сипаты. Балалар ойын шығарушылар, ойынды жасаушылар болып табылады. Олар ойында өздеріне мәлім өмір

құбылыстары мен оқиғалары туралы білімдерін бейнелейді, оларға өзінің қатынасын білдіреді. Балалардың негізгі іс-әрекеті ретінде психологиялық, анатомиялық-

Балалар ойынының ерекшелігі сондай-ақ бейненің, ойын әрекеті мен сөздің ұштасуымен өзара байланыстылығында. Бұл оның сыртқы белгісі емес, шын мәні.

Ойында бала өзі бейнелеген қаһарманның іс-әрекетімен, сезімімен тыныстайды. Кейде бейненің баланы баурап әкететіні соншалық, ол тіпті өзін әдеттегідей шақырғанға жауа та қатпайды.

Балалар үн-түнсіз ойнамайды. Тіпті бала жалғыз болғанның өзінде ойыншықтармен сөйлесіп жүреді. Ойынға қиялдағы қатысушылармен әңгімелеседі, өзі мен мамасы үшін, науқас кісі мен дәрігер үшін сөйлеседі және т.б. Сөз нақ бір ойын әрекетін сүйемелдеуші болып табылады, бейнені, оған баланың өз қатынасын толығырақ ашады.

Ойын процесінде сөйлесу қарым-қатынасы үлкен рөл атқарады. Сөйлесе жүріп балалар пікірлесіп, әсер алысып, ойынның түпкі ниеті мен мазмұнын анықтайды. Ойында сөзбен уәделесу ұйымдастырушылық қызмет атқарады, балалар арасында өзара түсінісу мен достықтың, қоршаған өмірдің қайсыбір фактілері мен құбылыстарына бірдей көзқарастың пайда болуына және дамуына көмектеседі.

Бейненің, ойын әрекеті мен сөздің өзара байланысы ойын қызметінің өзегі болып табылады, шындықты бейнелеудің құралы қызметін атқарады.

Ойынның негізгі құрылымдық элементтері мыналар: ойынның түпкі ниеті, сюжеті немесе мазмұны; ойын әрекеттері, рөлдер; ойынның өзінен туатын және балалар жасайтын немесе ересектер ұсынатын ойын ережесі. Бұл элементтер өзара тығыз байланысты және ойынды балалардың өзінше бір іс - әрекеті ретінде көрсетеді.

Ойынның түпкі ниеті - бұл балалардың нені және қалай ойнайтынының жалпы анықтамасы , мәселен: «дүкен», «аурухана», «әскер», «қызы мен шешесі», «мектеп» және т.с.с. болып ойнау. Ол сөзде тұжырымдалып, ойын әрекеттерінің өзінде бейнеленеді, ойынның мазмұнында қалыптасады және ойынның өзегі болып табылады [4].

Ойынның түпкі ниетіне қарай ойындарды азды-көпті мынадай типтік топтарға бөлуге болады:

а)тұрмыстық құбылыстарды бейнелейтін ойындар («отбасы», «мектеп», «балабақша» және т.б. болып ойнау);

ә) жасампаз еңбекті бейнелейтін ойындар (корабль салу, үйлер, стадиондар тұрғызу жәнет.б.);

б) қоғамдық демонстрациялар, қонақтарды қарсы алу, саяхаттар т.т.).

Ойындарды бұлай бөлу, әрине, шартты ғана, өйткені ойын өмірдің алуан түрлі құбылыстарын бейнелеуді қамтуы мүмкін. оқиғаларды, дәстүрлерді бейнелейтін ойындар.

Ойынның сюжеті, мазмұны - бұл оның жанды тұлғасын құрайтын, ойын әрекеттерінің, балалардың өзара қарым-қатынастарының дамуын, көп жақтылығын және өзара байланысын анықтайтын... Ойынның мазмұны оны қызықты етеді, ойнауға деген ықылас пен ынтаны қоздырады.

Ойынның құрылымдық ерекшелігі мен түйіні - бала атқаратын рөл. Ойын процесінде рөлге берілетін маңызына қарай көптеген ойындар рөлді немесе рөлді-сюжетті ойындар деп аталады. Рөл әрқашан адамға немесе жануарға, ол қиялдағы қылықтарға, іс- әрекеттерге, қарым-қатынастарға қатысты болады. Солардың бейнесіне енген бала сол өзі қалап алған нәрсеге айналады, яғни белгілі бір рөлді ойнайды.

Ойын процесінде балалардың өздері (ал кейбір ойындарда - ересектер) ойнаушылардың мінез-құлқы мен өзара қарым-қатынасын анықтайтын және реттейтін ереже белгілейді [5].

Ереже ойынға ұйымшылдық, тұрақтылық сипат береді, оның мазмұнын баянды етеді және қарым-қатынас пен өзара қарым-қатынастардың одан арғы дамуын, күрделене түсуін айқындайды. Сонымен бірге ойын ережесі жасқаншақ, ұялшақ балалардың ойынға белсендірек қатысуына көмектеседі.

Ойынның осы құрылымдық элементтерінің бәрі типтік болып табылады, бірақ олардың түрлі маңызы бар және әртүрлі ойындарда түрліше арақатынаста болады. Әрине ойынның әр түріне сипаттама беруге болады, дегенмен ойынның ішінде дидактикалық ойындардың білімдік, тәрбиелік, дамытушылық мәні зор.

Қорытындылай келсек, ойын арқылы балалар қоғамды тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Бір сөзбен айтқанда, ойын баланың жан – жақты дамуын көздейтін, оның тілін жаттықтыратын, қимыл - қозғалысын жетілдіретін, белсенділігін арттыратын, басқа адамдармен қарым - қатынасын реттеп, құрдастарымен ұйымшылдығын арттыруға негіз болып табылады. Ойын - бала үшін біліктіліктің қайнар көзі. Сондықтан жас өрендер ойнай отырып ойлай білсін.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Жас санаты және педагогикалық психология»., А.В. Петровский., М; 1986 ж 2. «Балалар психологиясы»., Л. Ф. Обухова., М; 1971 ж
3. «Жас санаты және дифференсалды психология»., ЛГУ., 1990 ж
4. «Бала психологиясы»., Е. О. Смирнов., М; 1997 ж
5. «Бала мен балабақша» №6, 2010 жыл Республикалық педагогикалық журнал.

ӘОЖ 371.3

КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ – САПАЛЫ ОҚЫТУ КЕПІЛІ

Омирбекова М.Е. мұғалім, **Әбітаева Ә.Ә.** мұғалім
Алматы облысы «Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы» мемлекеттік мекемесі,
Талдықорған қ.

E-mail: asel.abitaeva@mail.ru

Мақалада өзгеріс заман талабы екендігі, жаңартылған білім мазмұнының өзектілігі, ақпараттық білім негіздері, компьютерлік сауаттылық, бала бойындағы дарынды қасиеттерді ашу мәселелері қарастырылған.

Тірек сөздер: *педагогикалық қызмет, инновациялық технологиялар, білім беру жүйесі.*

В статье рассматриваются все реформы, как требование современности: актуальность обновления содержания образования, основы информационного обучения, компьютерная грамотность, развитие всевозможных способностей детей.

Ключевые слова: *педагогическая деятельность, инновационные технологии, система образования.*

The article is devoted to the overview of reforms as the demand of modern times: the actuality of the updated curriculum, the basics of media and digital literacy, to the development of children's ability.

Key words: *pedagogical activity, innovative technologies, the educational system.*

Бастауыш білім – үздіксіз білім берудің баспалдағы. Мұғалімнің негізгі ұстанған мақсаты – білімнің жаңа үлгісін жасап, белгілі бір көлемдегі білім мен білік дағдыларын меңгерту, оқу мен тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі жаңа әдіс - тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияларды сабаққа тиімді пайдалана білуі, бір сөзбен айтқанда - оқу үрдісін дамыту. Бұған Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында айтылған «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелетіні анық» деген пікірі нақты дәлел.

Бүгінгі білім беру ісінің мақсаты – тек білім, білік дағдыларын меңгерту ғана емес, өзін-өзі дамытуға ұмтылатын, ақылды, алғыр, ой - өрісі кең, ақпарат көздерін өз бетімен қолдана алатын, қабілетті де талантты, жастарды тәрбиелеу. Үнемі дамып, өзгеріп отыратын баланың ішкі болмысы мен табиғатын қалыптастыруда мұғалімнің ықпалы ерекше. «Адам ұрпағымен

мың жасайды» - дейді халқымыз. Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың емес миллиондаған жылдар жасап келеді. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз – оқу. Қазіргі мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған басты міндет – оқушылардың шығармашылық білім дағдыларын қалыптастыру. Шәкәрім Құдайбердіұлы «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл сапалар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді» деп есептейді: Ұрпақ тәрбиесі – бұл болашақ тірегі, мемлекеттік маңызды іс. Міне, өз ұрпағының өнегелі, өнерлі, еңбексүйгіш, абзал азамат болып өсуі үшін халық педагогикасының негізгі мақсатын шығармашылықпен оқу - тәрбие үрдісіне тиімді пайдалану әрбір ұстаздың міндеті болып табылады. Сондықтан, ұстаз - мұғалімдер қауымының алдына өте үлкен міндет жүктелді. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі - жаңа технология негіздері болып табылады. Қазіргі кезде білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер түрлі ынталы бастамалар мен түрлендірулерге кеңінен жол ашылуда. Осы тұрғыдан алғанда, ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әлеуметтік - педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру, оны жаңа сапада ұйымдастыру қажеттігі туындайды. Бұл үшін мұғалімдердің инновациялық іс - әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі мақсат етіледі. Ал жаңа технологияны пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып мүмкіндік деңгейге жеткізеді. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін көтеру мен шығармашылық, педагогикалық әрекетін ұйымдастыруда қазіргі педагогикалық технологияларды меңгерудің маңызы зор. Оқытудың жаңа технологиясы дегенде, ең алдымен, педагогикалық технология деген ұғымды түсіну керек. Оқыту, білім беру тәжірибесі педагогикалық үрдістің сапасын үнемі арттырып отыруды талап етеді. Осыған байланысты ғылым мен тәжірибеде педагогикалық үрдістің сапасын көтерудің бай тәжірибесі жинақталған. [3, 92б.]

Болашақта өркениетті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Өйткені, тәуелсіз Қазақстанды дамыған бәсекеге қабілетті елу елдің қатарында, терезесін тең ететін – білім. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы. Шындығында мұғалімнің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр. Әрбір оқушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек. Жаңа, тез өзгермелі, білімді де білікті, тың серпіліске, өзгеруге дайын және жаңа талап межесінен көріне алатын шығармашыл да кәсіби шебер мұғалімдерді қажет етіп отырғанына көзіміз жетті. Оқушылардың мектепте табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуы мұғалімнің қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты екенін терең түсіндік. Мұғалім оқушылар үшін қандай да бір пән бойынша білім беретін адам ғана емес, сондай-ақ олардың оқудағы еңбегін қызықты, тиімді ұйымдастыра алатын, оларға үлгі болатын ерекше тұлға болуы керек. Жаңа заман мұғалімнен күнделікті оқушылармен қарым-қатынас барысында әрбір жағдаят үстінде ерекше білім деңгейін көрсетуді және шығармашыл шешім қабылдай алуын талап етіп отыр. Оны қанағаттандыру үшін қазіргі заманның мұғалімі жаңашыл, икемді, өзгерісті тез қабылдай алатын, жан-жақты, жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды меңгерген болуы керек.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Білім алушылардың күтілетін оқу нәтижелері жетістігін бағалау жүйесі білім беру мазмұнының ажырамас бір бөлігі болып табылады. Жаңартылған орта білім беруді енгізу кезінде білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау жүйесі қолданылады. Критериалды бағалау жүйесі бұрыңғы дәстүрлі бағалауға қарағанда қалыптастырушы және жиынтық бағалау болып ерекшеленеді. Қалыптастырушы бағалауда білім алушыларға жаңа материалды меңгеру кезеңінде тапсырманы қаншалықты дұрыс орындағанын және оқыту мақсаттарына қол жеткізгенін түсінуге мүмкіндік беретін бағалау. Жиынтық бағалау оқу тоқсанының соңында оқу бағдарламасының бөлімдерін оқып

аяқтағаннан кейін білім алушылардың меңгерген білімі мен қалыптасқан дағдылары деңгейін айқындайтын бағалау. Критериалды бағалау мұғалімдер мен оқушылар және ата-аналарға да өте тиімді бағалау түрі, өйткені мұғалім үшін сапалы нәтижеге әкелетін критерийлер құрастыруға, өз іс-әрекетін саралап және болашаққа жоспарлай алатын мәліметтер алуға т.б., оқушылар үшін –табысқа жетелейтін бағалау критерийлерін түсінуге, өзін және өзгелерді бағалау арқылы кері байланысқа түсіп, түсінбегенін түзетуге мүмкіндік алады, сыни ойлауына, еркін ойын айтуына, өзінің білімін көрсетуге т.б., ата-аналар үшін – оның оқуындағы табыстылықты бақылауға, оқуына қолдау көрсету үшін бағыт алуына мүмкіндік туғызады

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – оқушыларды сындарлы оқытуға үйрету, әлемдік білім кеңістігіне қол жеткізу, инновациялық білім негіздерін терең меңгерту. Мұғалімдер қауымы үшін білім беру ісінде нәтижелікпен сапалы білім беру маңызды болып саналады. Ал нәтижеге қол жеткізуде бағалау нақты, шынайы, сенімді, ынталандырушы сипатта болғаны абзал. Білім беру мазмұнын жаңарту аясында критериалды бағалауды қолдану тақырыбында жалпы критериалды бағалауға тоқталғым келіп тұр. Қазіргі таңда жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау жүйесі анықтайды. Бұл бағалау рәсімдерінің сапалылығын, олардың халықаралық стандарттарға сәйкестігін және әр білім алушының оқудағы қажеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазақстан үшін ұсынылып отырған жаңа критериалды бағалау жүйесі білім алушының дамуын, оның қызығушылығын және оқуға деген ынтасын арттыруға бағытталады. Егер әр білім алушыға және оның ата-анасына түсінікті болатындай нақты әрі өлшемді бағалау критерийлері белгіленетін болса, бұған жетуге әбден болады. Критериалды бағалау жүйесінің мақсаты бағалау критерийлерінің негізінде білім алушылардың оқу жетістіктері туралы шынайы ақпарат алу және оқу үдерісін жетілдіре түсу үшін оны барлық қатысушыларға ұсыну.

Критериалды бағалау жүйесінің міндеттері:

1. Оқу үдерісінде бағалаудың қызметі мен мүмкіндіктері аясын кеңейту;

2. Жүйелі кері байланыс орнату арқылы білім алушылардың өзін-өзі үнемі жетілдіріп отыруына жағдай жасау;

3. Бірыңғай стандарттарды, сапалы бағалау құралдарын, механизмдерін қалыптастыруға көмектесу;

4. Қолжетімді, нақты, үздіксіз:

— білім алушыларға олардың оқу сапасы туралы;

— мұғалімдерге білім алушылардың ілгерілеуі туралы;

— ата-аналарға оқу нәтижелерінің деңгейлері туралы;

— басқару органдарына ұсынылған білім беру қызметінің сапасы туралы ақпараттар ұсыну.

Критериалды бағалаудың басты ерекшелігі:

1.Алдын ала ұсынылған бағалау шкаласы;

2.Анық, айқындылығы;

3.Бағаның әділдігі;

4.Өзін бағалауға мүмкіндіктің берілуі.

Критериалды бағалау жүйесінің мүмкіндіктері:

- Оқу үрдісінің әрбір кезеңінде оқушының дайындық деңгейін анықтау;
- Оқу бағдарламасына сәйкес оқытудың мақсаты мен нәтижелерінің жетістіктерін оқушылардың өздерінің талдауы;
- Әрбір оқушының жеке даму траекториясын бақылау;
- Оқу бағдарламасын меңгерудегі олқылықтарды жою үшін оқушыларды ынталандыру;
- Оқу бағдарламасының тиімділігін бақылау;
- Оқу үрдісін ұйымдастырудың және оқу материалын меңгерудің ерекшеліктерін анықтау үшін мұғалім, оқушы және ата-ана арасында кері байланысты қамтамасыз ету.[1, 37б.]

Критериалды бағалау артықшылықтары:

- Оқушының жеке басы емес, тек қана жұмысы бағаланады;
- Оқушының жұмысын бағалау алдын –ала ұсынылған критерийлерге негізделеді;
- Бағалау алгоритмі оқушыларға алдын-ала белгілі;

- Оқушы нақты не мақсатта жұмыс істеп отырғанын біледі;
- Оқушыға өзінің білімділік деңгейі анық көрініп тұрады;
- Критерий арқылы бағалау мұғалімнің оқушы деңгейін анық біліп отыруына мүмкіндік береді;
- Білім берудің сапасы артады.

Критериалды бағалаудың маңыздылығы ,ол үш жақты болмақ:

Мұғалімдер үшін:

-Сапала нәтижеге әкелетін критерийлер құрастыруға;

-Өз іс-әрекетін саралап және болашаққа жоспарлай алатын мәліметтер алуға;

-Сабақ берудің сапасын арттыруға;

-Оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың әр тұлғаға арналған ауқымын жоспарлауға;

-Бағалаудың әртүрлі әдістерін пайдалануға;

-Оқу бағдарламасын қолжетімді ету үшін ұсыныстар енгізуге

Оқушылар үшін:

-Танымдық қабілеті мен ойлау деңгейін арттыратын оқытудың әртүрлі әдістерін пайдалануға;

-Табысқа жетелейтін бағалау критерийлерін түсінуге;

-Өзін және өзгелерді бағалау арқылы кері байланысқа түсуге;

-Сыни ойлауына, еркін ойын айтуына, өзінің білімін көрсетуге

Ата-аналар үшін:

-Баласының білім сапасының дәлелдемелерімен танысуға;

-Оның оқуындағы табыстылықты бақылауға;

-Оқуына қолдау көрсету үшін бағыт алуына мүмкіндік туғызады [2, 85-86б.].

Өз іс-тәжірибемде жаңа технология арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастырып, шығармашылыққа баулуға көп көңіл бөлемін. Оқушыларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту-бүгінгі күннің басты талабы. Осы талап тұрғысынан алғанда оқу – тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі әдіс-тәсілдерін іздестіру жаңа технологияларды тиімді пайдаланудың маңызы ерекше. Қазіргі ұстаздар қауымының алдында тұрған үлкен мақсат-өмірдің барлық саласында белсенді, шығармашылық іс-әрекетке қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Өмірдегі сан алуан қиындықтарды шеше білу тек шығармашыл адамның қолынан келеді.

Оқушылардың шығармашылығын, танымдық белсенділігін арттыруда шығармашылық сабақтарды өткізудің, оқушының өз бетімен ізденіп, шығармашылық ой-өрісін арттыруда алатын маңызы ерекше. [4, 112б.]

Қандай технологияны пайдаланған кезде де оқушының белсенділігі, мақсатқа ұмтылуы, ақпаратты өзі іздеп табуы, шапшаңдығы мен еркіндігі, шығармашылдығы, көңіл-күйінің көтеріңкі болуы қамтамасыз етіледі. Қорыта келгенде, қазіргі кезде мектептерде жиі қолданылып отырған жаңа технологиялар ойлауды дамыту, қабілетті қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдер. Оқушыларымның сабаққа деген қызығушылықтары артып, сыныптың білім сапасы көтерілді. Егер де жаңа технология әдістерін сабақта өз дәрежесінде ұйымдастыра білсек, өз нәтижесін береді деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1.Жаңартылған білім беру мазмұны аясында критериалды бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру, Астана 2017ж.

2. Өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық,Астана 2016ж.

3. Мұғалімге арналған нұсқаулық (екінші басылым) Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015ж.

4. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық Астана 2016ж.

ӘОЖ 784

ХОРМЕН ДИРИЖЕРЛАУ НЕГІЗІНДЕ ВОКАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРДІ ДҰРЫС ҚОЛДАНУ

Оспанкулова А.Ш.
Қ. Байсейтов атындағы саз колледжі

E-mail: *asemosh@mail.ru*

Хормен дирижерлауда вокалдық-техникалық мүмкіндіктерді дұрыс қолдану. Орындаушылық шеберлікті жоғары деңгейде орындауға мүмкіндік жасау.

Тірек сөздер: *хор жүргізу, дирижерлық шеберлік, хор партитурасын беттен оқу, хор әдебиеті.*

Правильное использование вокальных и технических возможностей в хоровом дирижировании. Возможность использования навыков исполнения на высоком уровне.

Ключевые слова: *хороведение, дирижерское исполнительство, чтение хоровых партитур с листа, хоровая литература.*

Proper use of vocal and technical possibilities in choreography. The ability to use the navigational thread is high.

Key words: *choral studies, conducting, reading choral scores from a sheet, choral literature.*

Болашақ музыка мұғалімі кәсіби қызметінде музыка сабағын өткізумен қатар «әр сынып-хор»-деген қағиданы ұстанып, әр сынып оқушыларына хормен ән айтқызып, мектеп хорын ұйымдастырып, оған жетекші дирижер болады. Сол себепті, студентке хордың, хор дирижерлау өнерінің тарихынан бастап оны меңгеруге қажетті техникалық және орындаушылық әдіс-тәсілдерді үйрете отырып, оның музыкалық деңгейін өсіру бағытының қалыптастырылуы қамтылады.

Хор дирижерлау музыкалық пәндер жиынтығында негізгі пәндердің бірі болып саналып, бұл пәнді барлық студенттер 4 жыл бойы өтеді. Хор дирижерлау пәні әр студентпен жеке -дара сабақ түрінде жүргізілетіндіктен студентке білім берумен қатар, оның мінез-құлқын зерттеп, тәрбиелеуге қажетті жағдай туғызады.

Студенттер контингентінің музыкалық дайындығының деңгейі әртүрлі болғандықтан оқу жоспары әр студентке жеке құрастырылып, онда оның музыкалық қабілеті, тапсырманы меңгеру дәрежесімен жеке басының ерекшеліктері есепке алынады.

Оқу жоспарында негізгі оқу материалы (түрлі және әртүрлі формадағы шағын көлемді хор шығармалары) , дағдыларды қалыптастыратын жаттығулар және мектеп әндері қамтылады. Сонымен қатар, күнделікті жұмыста, студенттің өз бетінше шығармаларды талдап үйренуі, партитураны оқи отырып ойлануға және музыкалық әдебиеттермен танысуы талап етіледі.

Жоғары оқу орындарындағы музыкалық білім мамандығы шеңберінде дирижерлау пәні оқытылады. Оның ерекшелігі-болашақ мамандардың дирижерлау техникасын қалыптастырып, оқушылар хорын меңгеруге баулу. Бірақ, осы пәнді үйретуге келгенде толып жатқан қиыншылықтар туа береді.

Біріншіден, жоғарғы оқу орындарының музыка-педагогика факультеттеріне түсетін болашақ мамандықтардың арнайы музыкалық даярлығы бола бермейтіні шындық. Осының өзі бұл пәнге арнайы уақыт бөліп, студенттерді үнемі баулуға міндеттейді.

Екіншіден, дирижер болу үшін адамға табиғи талант та қажет. Кез келген студенттен дирижер жасаймын деген ниеттің кемшілік тұстары да аз болмайды. Музыкалық ырғақ, есту қабілеті нашар студенттерден менің пікірімше, ешқашан жақсы дирижер шықпайды. Себебі дирижер-музыкалық шығарманың ырғақтық желісін алып жүретін маман. Ол тиісті өлшемдер

арқылы шығарма жылдамдығын анықтап хорды жетелеп отырады. Екінші қабілеті арқылы бақылап отырады. Егер, болашақ маманның тыңдау қабілеті нашар болса, ол хордың таза әрі дәл айтып тұрғанын анықтай алмайды. Сөйтіп, такт өлшемін қолмен көрсетумен ғана шектеледі. Дирижер үшін зор кемістік.

Жасыратыны жоқ, егемдік алғалы хор өнеріне деген ықылас төмендеп барады. Ауылдық жерлерде хордан гөрі халық аспаптар оркестірін ұйымдастыру басым болып келеді. Осындай жағдайда хор өнерін сақтап қалу үшін оған деген қалың тыңдаушы қауымының ықыласын қайта ояту шын мәніндегі дирижерлық жұмыс керек. Хор ұжымы шығарманы таза, әсем орындағанда ғана тыңдармандарға игі әсерін қалдыра алады.

Хор ұжымымен жұмыс жасау әр кез оны жан-жақты талдаудан басталады. Яғни оның жылдамдығын, сазын, өлшемін, ырғағын, сипатын, дыбыс күшін, сол сияқты шығарманың даму жолдарымен суреткерлік ерекшеліктерінің құбылысын, сүйемелденудің түрін анықтап, вокалдық партияны мәтіні мен айтып жаттығып, ондағы тыныс алатын жерлерін белгілеуі керек. Оның үстіне осы аталғандардың кейбіреуі шығарманың өн бойында өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Аспаптың үні адам дауысынан (хордан) әлдеқайда қатты болатынын ескеріп, шығарманы сүйемелдеу кезінде дыбыс күшін үнемі қадағалап отыру шарт. Мысалы, жоғарғы регистірге дыбысты қаттырақ шығарып, ал төменгі регистірде, керісінше ақырынырақ ойнаған жөн. Сонымен қатар, оқытушы аудиторияда тек аспапта суйемелдеуші ғана емес, ол әрі жетекші, әрі хор басқарушы қызметін де атқаратынын естен шығармауы керек. Ол бір мезгілде әрі аспапта ойнап, хормен әндетіп немесе бас изеу арқылы хордың басталуымен аяқталуын және тыныс алатын жерлерін көрсетіп отырады. Бұған қоса шығарманың сөздері анық, мазмұны тыңдаушыларға түсінікті болуын, шығарманың мәнерлі әрі өз бабында көркем орындалуын әрдайым қадағалайды. Ол үшін өзі де өңді сезіммен беріле орындап, оқушыларды әсерлі ойнаумен, әдемі дауысымен, нақтылы дирижерлік қимылдармен еліктіріп отырғаны жөн.

Рас, бұл тұста басты мәселе музыкалық репертуар таңдауға келіп тіреледі. Талғамсыз, асығыс алына салған шығарма көпшілікті қызықтырмауы мүмкін. Сондықтан, орындалатын шығарманың барынша көркем, тыңдаушыға эстетикалық әсер ететіндей қуатты болғаны жөн. Екіншіден, шығарма оны орындайтын хор ұжымына лайықталып қайта өңделуі шарт. Бұл кезде шығарманың барынша көркем, әрі ыңғайлы орындалуы назарда ұсталады. Осыдан соң барып өзге көркемдік талаптарға көшуге болады.

Хор дирижерының тағы бір ерекшелігі-музыкалық аспап емес, адам дауыстарымен жұмыс жасауы. Сондықтан шығарманы орындамас бұрын, хор мүшелерінің дауысын қалпына келтіріп алуы керек. Осы бағытта түрлі жаттығулар жасалып, студенттердің дауыс аппараттары қалпына келтіріледі.

Хор шығармасының міндетті түрде көп дауысты болуы шарт емес. Алғашқы кезде бірер дауыс та жетеді. Бірақ соның өзі барынша көркем, үлкен талғаммен жасалуы шарт. Екі дауысты әуеннің өзі де тыңдаушыға терең әсер ете алады. Барлық мәселе оның көркем жасалуында.

Жалпы хор дегеніміз не? Реті келген соң бұл мәселеге де тоқтала кетелік. Біз әдетте хор деп көп адамның бір мезгілде ән салуын айтамыз. Осы дұрыс па? Әрине, жоқ. Хор дегеніміз унисондық түрде ән салу емес, көп дауыстардың бір- бірімен өріле отырып үндесуі. Яғни, хор дегеніміз-ән салудың көп дауысты жүйесі, әнді көркемдеп айтудың құралы. Келешекте осыны мықтап ескергеніміз жөн. Сонда барып хорға деген көзқарас та өзгере бермек.

Демек, болашақ хор дирижерін даярлау жұмысының шарттары әр алуан болып шығады. Ондай мамандар музыка колледжі, консерватория және музыкалық-педагогикалық факультеттер жанында дайындалады. Бірақ әр саланың талаптары әр алуан. Бізде көбіне мектеп хорымен жұмыс істеу дағдылары егіліп, осы шеңбердегі ерекшеліктер қамтылады.

Олар:

- хор шығармасын талдау;
- хор ұжымымен орындау мүмкіндіктерін ескеру;
- хорға тән белгілерді сақтап отыру;
- хор ұжымының орындау мүмкіндіктерін пайдалану;

- хорды көркемдік құралы ретінде пайдалана білу ерекшеліктеріне барып саяды.

Дирижерлау пәні күрделі де жан-жақты процесті қамтиды. Дирижер-хорды басқарушы, яғни музыкалық шығарманы дұрыс орындатып шығаратын үйірме жетешісі. Ол өзінің жест қимылы арқылы, орындаушыға әсер етіп, сол арқылы шығарманың дұрыс орындалуын реттеп жүргізіп тұрады.

Хор жетекшісі орындаушыларға батыл тік қарап, бет-пішіні ашық мимикалық қозғалыстарды шығарады.

Шығарманың мазмұнына сай (мысалы: қаспен, көзбен, иек, баспен көрсету) пайдаланып қолдана білуі керек. Қолдың қимыл-қозғалыстары біркелкі тез, бірақ аса қатты құлашталмай үнемді дәл және нақты болуы талап етіледі. Дирижер орындалатын музыка шығармасының партитурасын жатқа біліп, бір дауысты екі, үш, төрт дауысты хорды басқарғанда оның әр дауысын жақсы естіп, қате дыбыстарды түзеп, оларды жеке орындап көрсете білу керек. Оның ерні дикциялық жағынан жаттыққан, ешбір дыбыссыз сөйлей алатын қалыпқа дағдыланған, есту сезімі жақсы жетілген, дамыған дәрежеде болуы өте маңызды.

Дирижер үш процестің (музыкалық шығарманың композиторы, орындаушылар және таңдаушы-көрермен) арасындағы шығармашылық байланыстың ашылуына ықпал ететін және оны игеретін басты тұлға. Композитор шығармасын өне бойынан өткізе отырып, ол шығарманың идеялық-көркемдік мазмұнын орындаушы ұжымға жеткізіп, орындаушылардың композитордың айтайын деген ойын тыңдаушы аудиторияға өз дәрежесінде талап етеді.

Дирижер-ол актер, әрі орындалған шығарманың режиссері деп айтуға болады, себебі ол шығарманың мазмұнын ашуда неше түрлі әдістер қолдана отырып, көркем образды жасап шығарады. Дирижердің (орындайтын шығарманы хорға үйретпес бұрын өзі танып-біліп) композитор ойын іштей сезінуі сол музыка туралы өз ой-толғауының пайда болуына әсер етеді. Композитор музыканы жазу кезінде не ойлайды, нені сезді?-деген сұрақтарға жауап бере отырып шығарманы рухани қабылдауы керек. Сондықтан, дирижер болуды үйрену үшін, музыканы іштей есіте білу қабілетін жетілдірумен бірге, соған өз ойын ұштастыра білуді көздейді. Дирижердің тікелей негізгі жұмыс істейтін тірі аспабы-оның алдындағы орындаушылар ұжымы болып табылады. Сондықтан, оған ерекше талап қойылған.

Дирижерлық өнер-өзіне тән кәсіптік көркемдеуші құралдармен (дирижерлық жест, музыка мазмұнына сай мимикалық қозғалыстар жасау және түсіндірмелі сөздер арқылы), орындаушы ұжыммен бірге шығармашылық жұмыстың пайда болуын қамтуымен және образды суреттеуді көркемділікпен жеткізу жағдайын тудыруымен ерекшелінеді. Бұл нәрселер үнемі жүйелі түрде дирижер мен хор ұжымы арасындағы үзіліссіз байланыста дамып жетіледі.

Осының бәрі болашақ хор дирижерын дайындау үстінде ескеріліп, барынша толық жүзеге асқанда барып жақсы мамандар ортасы қалыптаспақ. Оған ұстаздар қауымының қосатын үлесі де мол.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 К. Әсімбекова «Хор жүргізу негіздері» А.: Өнер, 1990. 38 б
2 Г. Абуова «Хормен дирижерлау» А.: Өнер, 1985. 124 б
3 М. Ахметова Ән өнері және уақыт. Алматы : Өнер, 1993. 183 б
4 А. Жұбанов «ән күй сапары» Алматы 2011. 18 б
5 «Музыка әлемінде», ғылыми-әдістемлік журнал №7 2011. 34 б

ӘОЖ 80

І. ЖАНСҮГІРОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТЕКТІЛІК СИМВОЛДАРЫ

Өтеген Б.Ұ. студент, **Смағұлова Г.Н.** филол.ғ.д., проф
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

E-mail: *utegenov.kz98@mail.ru*

Мақалада І. Жансүгіров шығармаларындағы тектілік символдары қарастырылады. Қазақ халқының ұлттық ұғымындағы «жылқы», «дала» бейнелері арқылы көрініс тапқан құндылықтар мен қасиеттер талданады. Тектілік символдарының бүгінгі таңдағы өзектілігі баяндалады.

Тірек сөздер: *құндылық, тектілік, символ, жылқы, Ұлы Дала.*

В статье рассматривается символы благородства в произведениях И.Джансугурова. Анализируются ценности и качества, отраженные в национальном понятии казахского народа через образы «лошадь», «степь». Излагается актуальность символов благородства на сегодняшний день.

Ключевые слова: *ценность, благородство, символ, лошадь, Великая Степь.*

The article deals with the symbols of nobility in the works of I. Dzhansugurov. The values and qualities reflected in the national concept of the kazakh people through the images of "horse", "steppe" are analyzed. The urgency of symbols of nobility for today is stated.

Key word: *value, nobility, symbol, horse, Great Steppe.*

Қазақтың сан ғасырлық тарихы мен әдебиетінің жарқын беттерінде есімі алтын әріптермен жазылған Алаш арыстарының бірі – І. Жансүгіров. Ақынның өнегелі өмірі мен шығармашылық мұрасы қазақ әдебиетіне айрықша құбылыс ретінде еніп, ұлтымыздың мәдени - рухани даму жолын жаңа арнаға үндегені сөзсіз.

«Бұл болып тұрған заман - Алаштың азаматына зор жүк» - деп Ә.Бөкейханов айтқандай, І. Жансүгіров сынды ұлт зиялысының тағдыры қазақ қоғамы үшін қиын-қыстау дүбірлі шаққа тұспа-тұс келді.

«Жас бұлбұл, құлағыңа салдым мұны,
Халыққа айт, білдір, сайра алдыңғыны,
Ем болсаң ғаріп көңіл нашарларға,
Жабығып жатқан жалпы жарлың, міні» [1, 250 б] - деп, азаттық ұранын салып, іс жүзінде бытыраңқылық пен мемлекеттік институттар қалыптаспаған кезеңде өмір сүрген қайраткер тұлғаның өмірі елдік тағдырымызды шешкен тарихи өзгерістердің сындарлы сәтімен бірге өрбіді.

Дербес мемлекет болып қалыптасқан бүгінгі күнде І.Жансүгіров мұрасы саналы қазақ баласын, елжанды қазақ азаматын қайтадан баурап алу үстінде. Мұның басты себебі Ілияс шығармаларының ұлттық рухпен, ұлттық болмыспен, ұлттық құндылықтармен сабақтасып жатқандығында.

Уақыт жылжыған сайын қазіргі қазақ қоғамында ұлттық әдебиетіміздегі құндылықтар жүйесіне деген көзқарас тереңдей түссе, халқымыздың ұлттық өресі де биіктей бермек. Бұл тұрғыда Ілияс сынды ұлт қайраткерінің Алаш рухымен сусындағаны сөзсіз. Бұған қатысты Елбасы Н. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» кітабының «Алаш мұрасы жене осы заман» атты тарауында: «ХХ ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққандар, әрі ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамында зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал» - деп көрсеткен болатын.

ХХ ғасырдың басындағы елдегі аласапыран қиын кезеңде халықтың қамын ойлаған, саяси мәдениеті әлемдік деңгейге көтерілген, оқыған, сауатты, кәсіби даярлығы заманына сай адамгершілік-имандылық қасиеттері ата-бабамыздың сан ғасырлық қастерлі құндылықтарымен сусындаған текті тұлғалардың бірі – Ілияс Жансүгіров еді.

І. Жансүгіров өмір сүрген кезең мен бүгінгі кезеңнің өзіндік ерекшеліктері бар екендігі рас. Алайда, заман өзгергенмен, ақын өз шығармаларының арқауы еткен ұлттық сананы көтеру, одан туындайтын қазақтың тілі мен тарихын, өнері мен мәдениетін қазақ ұрпағының бойына сіңіру сияқты іргелі мәселеде оның сан-салалы мұрасы мен өмірінен алар тағылым мол. Сондықтан да біз ақынның шығармашылық мұрасы арқылы танылатын ұлттық құндылықтарға назар аударуымыз қажет.

Филол. ғ.д., профессор Ө.Әбдиманұлы ұлт-азатшыл бағыттың жарқын өкілі саналатын ақынның шығармашылығына тән сипатты дәл көрсетеді: «...Шығармашылығының басты міндеті ұлт азаттығының тірегі ұлттық сананы ояту болды. Өз шығармашылығында отаршылдыққа қарсы ашықтан-ашық пікір айтып, азатшыл күрес идеясын өркениетті елдердегі саяси күрес тәсілімен ұштастыруды мақсат тұтты. Ағартушылық, өнер-білім барлығы ең алдымен ұлт азаттығы үшін қызмет етуі керек деген берік байламдағы ой-идеяны насихаттады. «Мақсаты тіл ұстартып, өнер шашпақ» болған Абайдың ағартушылық бағыттағы ой-толғамдарын жаңа арна – азаттықпен ұштастырды. Тапшылдық, жікшілдік мүдделерді көздемей, ұлт тұтастығын сақтауға ұмтылды. «Елім», «Жерім» деген ұрандарды ұлттық сананы ояту жолындағы негізгі ұстындарға айналдыруды көздеді» [2, 279]. Мәселен, ақын өз өлеңдерінің бірінде былай дейді:

Жас мұраты – білім, тәлім талабы,
Таудай болсын, оңалуға алабы.
Жас қанжары – жүректегі жігері,
Өнер, оқу – жастықтың қару жарағы [1, 254].

Ұлттық сананың жоғары руханилыққа, мәдениетке, білім-ғылымға ұмтылысы әлеумет өмірінің түбегейлі өзгеріп, қоғамдағы үйлесімілікке әсер ететініне ақын үлкен мән берді. Соны ескере отырып, ұлттық біртұтастыққа елеулі ықпал ететін қазақ халқының ұлттық болмысына тән құндылықтарды жырына қосты:

Күреңбай көріп тұрып артын, алдын:
*«Жануар жүйрігі екен **жылқы** малдың,*
Жері ұзақ, күші алдында өрен жүйрік,
Бітімі өзі айтып тұр жануардың» («Құлагер» поэмасынан) [1, 34].

І. Жансүгіров шығармаларындағы өзекті тақырыптардың бірі – «жылқы» бейнесі. Жылқы – бүкіл адамзат өркениетіндегі, әсіресе, дала өркениетіндегі дамудың жарқын да елеулі көрсеткіші. Мифолог С.Қондыбай жылқыны «арғықазақтың болмысында да, оның рухани дүниесі мен дүниетанымында да ең басты универсал сипатқа ие тіршілік иесі» [3, 25] деп түсіндіреді.

Қазақ халқы өзге түліктерге қарағанда жылқы малын артық бағалайды. Сондықтан да «тектілік» мен «тексіздіктің» аражігін айырып беруде, оларды сынауда «жылқы», «арғымақ» ұғымдары өте белсенді қолданылады. Қазақ халқының түсінігінде «текті» атану, тегеурінді, арынды, екпінді болу «жылқы мінезді» адамға тән. «Жылқы мінез» тіркесі мағынасының күрделі болуы оның астарында жай ұғым емес, халықтың өмір-тіршілік болмысына тікелей қатысты ұғым, дүниетаным, этнолингвистикалық түсінік жатқандығын көрсетеді.

Ұлттық танымда тұлпар мен шабанның, жүйрік пен жабының қасиеттерін салыстыруда негізге алынған – адам болмысы. Адам болмысына тән «тектілік» пен «тексіздік» «жылқы» символдық ұғымын тірек етіп алып, бір-біріне оппозициялық қатынаста сипатталады.

Ай мүйізді, алтын қанатты қос пырақ бейнесі – Елтаңбамыздың көркі. Тұлпарлар образы – батылдықтың , көрегендік пен айрықша ерік-жігердің нышаны. Сондықтан да жылқы – тектілік символы, қазақтың ұлттық әлемінің ажырамас бір бөлігі.

І. Жансүгіров шығармаларындағы сұлу сөзбен ажарлы суреттелген тақырыптардың бірі – «дала» бейнесі. Мысалы:

Сондықтан бір қазақпын тауды сүйген,
Тасы жоқ, таусыз жерді жерсінбеген.
Алматым Алатаудың бауырында
Аңқылдап жел соққандай ән мен күйден [1, 13].

Жүрегім, жырым,
сенікі,
Кеңесті далам,
кең далам.
Тудым, өстім
есейдім,
Ен далам – анам,
мен – балаң («Дала» поэмасынан) [1, 181].

Қазақ хандығына 550 жыл толғанда Елбасы Н.Ә.Назарбаев елімізді «Ұлы Дала елі» деп атауды ұсынған болатын: «Біз тарихымыздың жаңа шамын жақтық, сондықтан бүгін және мәңгілік Қазақстанымыз – Ұлы дала елі, бұл Ұлы жаңғырған дала елі, біздің Отанымыздың көп этникалық халқының бесігі. Сүйікті Отанымыздың халықтық атауы осы - Ұлы дала елі» [4]. І. Жансүгіров шығармаларындағы «дала» бейнесі өзінің көркемдік көкжиегі мен қуаты арқылы осынау мән-маңызы зор идеямен ұштасып жатыр. Ақын жырларында сипатталған ***«кең дала», «құт дарыған дала»*** бүгінде Ұлы Дала атанып, тарих сахнасында өз орнын бекітті.

І. Жансүгіров шығармаларында «дала» бейнесі ***кеңдіктің, тазалықтың, дарқандықтың, асқақтықтың т.б.*** қазақ болмысына тән асыл қасиеттердің жарқын үлгісі ретінде сипатталып, ұлттық ұғымдағы сұңқар, бүркіт сынды тектілік символдарымен байланысады. Себебі, қазақ халқының дүниетанымындағы қыран, бүркіт, сұңқар бейнелері – «дала» бейнесінен бөліп-жаруға болмайтын, билік, көрегендік пен кеңдік, күш-қайрат ұғымдарын нышандайтын рәміздік белгілер. Бұрынғы дәстүрде бүркіт бейнесін бедерлеу арқылы халықтың, мемлекеттің сұсы мен айбынын, жыртқыштық белгілерін танытуға ұмтылғандығы белгілі.

Еліміздің туындағы бұл образ біріншіден, бейбітсүйгіш, салмақты, байыпты мінез сипаты; екіншіден, ол күн астында тұр. Қанатында Прометей алауын, бақыт нұрын алып келе жатқандай әдемі әсер қалдырады. Үшіншіден, қозғалыс үстінде бейнеленген. Асқақ арман, алыс мақсатқа құлаш ұрып келе жатқандай. Рәміздік тұрғыдан алғанда бақыт пен берекеге, өркениет биіктеріне ұмтылған ел мұратын, халық аңсарын аңғартады. Қазақы дүниетанымда қыран құсқа байланысты еркіндік, асқақтық, тәкаппарлық, қайрат-жігер, биік мұрат, кеңпейілділік пен жан тазалығы тәрізді ғажайып ұғымдар ойға оралады.

Ұлт танымында адам бойындағы ***қырағылық, алғырлық, өжеттілік, кеңпейілдік, дархандық*** сынды асыл қасиеттер ***қыран, бүркіт, сұңқар*** *бейнелері* арқылы бедерленіп, олардың символдық мәні текті адам болмысының құндылығын бағалауда шебер қолданылған.

І. Жансүгіров шығармаларында көрініс тапқан **«жылқы», «дала» бейнелерін** бүгінде неліктен құндылық ретінде танимыз? Себебі, дәл осы образдардың астарында бүтін бір ұлттың «тектілік» ұғымына қатысты сан мың жылдық көзқарасы мен даналығы жатыр.

Бүгінде егемен Қазақстанның мемлекеттік рәміздерінде осы символдардың көрініс табуы «тектіліктің» түпнегіздерін терең тани білген ұлттық дүниетанымның сан ғасыр сомдаған нәтижесі мен Мәңгілік ел болуды мұрат еткен еліміздің бабалар аманатына адалдығы іспетті.

«Елде жоқ рух – ақын сөзіне қайдан келсін?!» - деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, І.Жансүгіров шығармаларындағы тектілік символдарының көрініс табуы оның тарихи түлғасымен де тығыз байланысып жатыр. Бұл туралы ғалым, филол.ғ.д., проф. С.Дәуітұлы: «І. Жансүгіров өзінің өмірбаянымен бірге, халқымыздың бүкіл тұрмыс-тірлігін, салт-санасын, мінез-құлқын жан-жақты толғаған заңғар ақын» [1, 9] – дейді. Шын мәнінде де, ақынның сарабдал санасы мен қанында қайнап жатқан тектілік оның шығармаларының өн бойынан орын алып, ұлтымыздың рухани игілігіне айналды, жаңа буынның жадын ұлт руханиятының түпнегіздеріне үңілуге үндеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Жансүгіров І. Шығармалар жинағы. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2012. – 320 бет.
2. Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 430 б.
3. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. 1 – 4 кітап. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2004. – III.
4. https://primeminister.kz/kz/news/13/kazahstan-eto-strana-velikoj-stepi-nnazarbaev-

ӘОЖ 902.3

МЕКТЕП ОҚУЛЫҒЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТАҚЫРЫБЫН КЕҢЕЙТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сантаева К.Т. т.ғ.к.,қауымдастырылған профессор **(**доцент) м.а.**, Әскербаева Ж.** магистрант
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

E-mail: *samgat_aneka@mail.ru, juldyz_96_kz_ 96@mail.ru*

Оқу-әдістемелік тұрғыда жазылған бұл мақалада Қазақ хандығына қатысты қосымша деректердің мектеп оқулығында кең көлемде қамтылуын, жазылуын толығырық жаңа ақпараттамен жинақталу мәселелері көтеріліп отыр.

Тірек сөздер: *Жоғарғы оқу орны, Ұлттық бірыңғай тест, Оқу жетістігін сырттай бақылау, Мемлекеттік аралық бақылау.*

Данная статья написано в учебно-методическом направлении и рассматривает возможности расшырят темы и новые данные по тему становление Казахкого ханство в школьных учебных программах.

Ключевые слова: *Высшее учебное заведение, Единое национальное тестирование, Внешний контроль учебных достижений, Государственный промежуточный контроль.*

This article is written in the educational-methodical direction and consider the possibility of expand topics and new data on the subject becoming Kazahkogo Khanate in school curricula.

Key words: *Higher education institution, Unified national testing, External control of educational achievements, State interim control.*

Қазақ жері өзінің даму тарихындағы жиырмадан астам саяси құрылымдар мен әулеттердің (Сақ, Үйсін, Қаңлы, Ғұн, Түрік, Түркеш қағанаттары және т.б.) куәсі болды. Әрбір саяси құрылым немесе әулет өз тарихымен Қазақстанның ежелгі, орта ғасырлардағы және жаңа дәуірдегі тарихын жасады, оны байытып, әлемдік өркениеттер қатарына енгізіп отырды. Осындай тарихи бір дәуірге – XY ғасырдың ортасында «қазақ» атымен тарих сахнасына шыққан қазақ хандары әулетінің билігі немесе Қазақ хандығы дәуірі жатады [1].

Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойлық мейрамымен осы, 2015 жыл бойы жарияланатын барлық ғылыми мақалалардан оқушы жастарға, мектеп оқулығына, жалпыға бірдей білім беру саласына және ЖОО-дағы ақпараттық көлемдері кеңейеді деген үміттемін. Себебі Қазақ хандығының құрылуы туралы әңгіме өте қызықты оқиғалар төңірегінде өрбиді. Ал жалпы Қазақстан тарихының қай дәуірдегі, қандайда болмасын оқиғалар туралы қарастырғанда ұлттық тұрғыда бәрі маңызды болып шығады.

Қазақ хандығы тақырыбы мектеп оқулығында 7-сынып бағдарламасында аз-ақ ақпараттар қорымен берілген.

Біріншіден көп көлемдегі қызықты ақпараттармен толықтыруға болады. Екіншіден тақырыпты оқып-меңгеріп үлгермейсің аз уақыт бөлінеді.

Үшіншіден негізгі Қазақ елінің мемлекеттілігі басталған заман-ғой,

Төртіншіден «қазақ» атауының нақты тұрақтанған кезеңі ғой,

Бесіншіден аңыз әңгімелердің ақиқатын анықтау қиындығы бар,

Алтыншыдан «қазақ» сөзінің әлі қандай мағына білдіретініне нақты бір тоқтам болмағандығы,

Жетіншіден әлі күнге дейін евроцентристік тұрғыда жазылатын тақырыптардың баршылығы.

Арине барлығы бір күнде бола қоймас, бірақ тәуелсіздік алғалы ширек ғасыр уақыт өтседе әлі күнгі қорқақтық идеямен өз тарихымызды жазып жүрген сияқтымыз. Мектеп базасындағы Қазақстан тарихы пәні тақырыптары әлі күнге дейін толықтырулармен өзгертулерді қажет етеді. 6 сынып Ежелгі Қазақстан тарихынан бастап 7,8,9,10,11 сыныптардың барлығында Қазақстан тарихының тақырыптарының ауқымы кеңейтілсе жақсы болар еді. Себебі ҰБТ, ОЖСБ, МАБ сияқты тесттік жүйемен білім көрсеткіштерін бағалайтын жұмыстарда оқушылардың логикалық ойлаулары төмен екендігі белгілі болып қалады. Бұл өз кезегінде Қазақстан тарихын оқытуда кез-келген тақырыпқа қатысты көбірек қызықты аңыз әңгімелерді қосып оқушылардың қызығушылығын ояту арқылы пәнге қызығушылығын арттыруға болатынына күнделікті қызмет барысындағы іс-тәжірибем арқылы көз жеткіздім. Бұл өз кезегінде отан тарихына деген қызығушылықты туған елге деген сүйспеншілікті қалыптастыратын маңызды жұмыстар болып шыға келеді. Ал бұған қалай жетеміз десек Қазақстан тарихын көркем әдебиет арқылы оқытудың тиімді тұстары өте көп. Өйткені кез-келген тарихи оқиға орын алған жағдайда соған байланысты халық ауыз әдебиетінде көрініс табады емес па?! Европалық тарихшылардың айтап жүргені де осы «Айтылған тарих» - деген ұғым.

Айтпақ ойымда осы жерден түйінделмекші, яғни әр-бір тарихи оқиға ға, біз саяси оқиға ретінде ғана қарастырылған тарихты оқытып жүрміз. Кез-келген уақыттың халық ауыз әдебиетіндегі аңыз нұсқасын Қазақстан тарихы оқулығына қосымша хрестоматия ретінде көркем суреттелген оқулықпен ұсынсақ! Бұл өз кезегінде оқушылардың логикалық ой-түсініктерін қалыптастыруға зор мүмкіндік береді.

Мысалы, 6 – сыныпқа Ежелгі Қазақстан тарихының тақырыптарына «Томирис ерлігі», «Шырақ жанкештілігі», «Мөде тапқырлығы», «Еділ қаталдығы», «Үйсін күнбиі» сияқты, 7 – сыныпқа Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы тақырыптарына «Бумын қасқыр асыраған бала», «Шыңғыс жанкешті жасағы», «Қарақыпшақ Қобыланды мен Ақжол би арасындағы оқиға», «Жәңгірдің 600 жауынгері» сияқты, 8 – сыныпқа Қазақстан тарихы тақырыптарына «Жалды батыр Бөгенбай», «Нар тұлғалы Наурызбай», «Әбілхайырдың өкпелеуі», «Шоқан өлімі аңыз бен ақиқат», «Хан сөзі Аға сұлтанға айналды» сияқты, 9 - сыныпқа Қазақстан тарихы тақырыптарына «Қазақстандағы көтеріліс әлемдік төңкерісті тудырды», «Алаш сөзі Алашорда», «Адам етін жегізген ашаршылық» сияқты қосымша фольклорлық тақырыптар енгізілсе Қазақстан тарихын түсіну оңайырақ болар еді.

Бұндай қосымша қызықты әңгімелер кез-келген тақырыпқа байланысты толып жатыр. Біз неге саяси оқиғаларды оқытқанда халық тұрмысындағы мәселерге мән бермей бір уақыттың өзінде болған оқиғаларды алшақтатып жібереміз.

Нақты дәлел 7 – сыныптағы Қазақ хандының құрылуы туралы оқиғалардың ішіндегі көшпелі қазақ тайпаларының Әбілқайыр ханнан кетуінің себебінің бірі болып табылатын оқиға Дайырқожа бидің Қарақыпшақ Қобыландының қолынан қаза табуы оқиғасы оқушыларға қызықты болды, тіпті қосымша дайындықта жүрген 11 – сынып оқушыларының қайдалау сабақтарында отырып осы мәселені тыңдауы, танысуы ҰБТ-ға дайындықтарын жақсартып жатыр. Өйткені Қазақ хандығының құрылуы, қазақ халқының қалыптасуы секілді мәселелер өте айырықша орын алады.

Қазақ хандығының құрылуы ең алдымен, Қазақстан аумағындағы XIY – XY ғасырларда болған саяси даму үдерістерінің және бірнеше мың жыл бойғы этникалық даму үдерістерінің заңды қортындысы болып табылады. Сондай-ақ бұл тұжырымды былайша айтуға болады. Қазақстан аумағындағы этникалық даму үдерісі XY ғасыр ортасында өз мәресіне жетіп, ұлттық сипаттағы этносты қалыптастырса, өз кезегінде ол этнос өзінің саяси қондырмасы ретінде өзінің төл мемлекеті – Қазақ хандығын қалыптастырады. Осылайша, XY ғасырдың I-

жартысындағы моңғол шапқынышылығынан кейінгі орын алған этносаяси процестердің дамуы барысында саяси күштердің мүддесі мен этникалық топтардың мүддесі бір арнағатоғыса келе, жаңа, ұлттық сипаттағы мемлекеттік құрылым – Қазақ хандығы мен ұлттық сипаттағы этнос – қазақ халқын қалыптастырды.

Қазақ хандығының құрылуы бір оқиғамен және бір мезетте жүзеге асқан саяси оқиға емес, керісінше, 10 жылдан астам уақытқа созылып, өз ішінде оқиғалардың дамуына қарай бірнеше сатыға бөлінген. Бөлініп кету – хандықтың құрылуындағы алғашқы және маңызды қадам болса, Әбілқайыр хан қайтыс болғаннан кейін көп ұзамай Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында Қазақ хандығының билігінің толық және түпкілікті орнауы – хандықтың құрылуы барысын кезеңдерге немесе сатыларға бөлуге мүмкіндік береді [2].

Сонымен қатар Қазақ хандығының құрылуы туралы деректер жайлы әңгіменің өзі бір төбе қызықты ақпараттар тобы болып табылады. Қазақ хандығының құрылуы туралы негізгі дерек «Тарихи Рашидидің» авторы Мұхаммед Хайдар Дулатидің Моғолстанның соңғы ханы Абд-ар Рашид ханға күйеу бала екендігі жайлы қарапайым оқиғалар оқушыларды өте жақсы қызықтырады.

Бұл дегеніміз осындай түгел Отан тарихына қатысты әңгемелердің барлығын кезең кезеңімен түсіндірген тиімді болатынына нақты дәлел болады. Мектеп оқулықтарындағы шет елдік хан патшалардың өмір баянына қатысты оқиғаларды тізбектей бергенше өз хандарымыз жайлы тақырыптардың көлемін кеңеткен жөн болар деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ж Қ17 «Қазақ мемлекеттілігі: Кеше, Бүгін, Ертең» Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жинақтары. – Талдықорған 2015ж. І.Жансүгіров ат. ЖМУ 2015 -258б. (60-61 бб.)

2. Ж Қ17 «Қазақ мемлекеттілігі: Кеше, Бүгін, Ертең» Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жинақтары. – Талдықорған 2015ж. І.Жансүгіров ат. ЖМУ 2015 -258б. (5-7 бб.)

ӘОЖ 15.01.09.

БОЛАШАҚ КӘСІБИ ПЕДАГОГТЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ЖЕТІЛДІРУДЕГІ РОЛІ

Сапаргалиева А.Ж. Phd докторы, асс.профессор, **Жебегенова А.М.** магистрант
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті., Талдықорған қ.

E-mail*: zhebegenova.ak@mail.ru*, aizhan_sapargaliyeva@mail.ru

Бұл мақалада өзіндік сана мен өзін-өзі танудың бір емес екенін атап айту қажет. Өзіндік сана неғұрлым кең ұғым - өзіндік санадан әрқашан өзін-өзі тану шығады. Сондықтан болашақ кәсіби педагогтың өзін-өзі жетілдіруі тиіс екендігі сипатталады.

Тірек сөздер: *өзіндік сана,өзін-өзі тану, тұлға, кәсіби маман,өзін-өзі жетілдіру*

В этой статье раскрывается роль самосознания и самопознания, изучается в единстве тождественных понятий. Самосознание более обширное понятие, в структуре самосознания преобладает самопознание. Необходима роль самосовершенствования педагога

Ключевые слова: *самосознание,самопознание, личность, профессиональный специалист, самосовершенствование*

In this article, it should be noted that self-awareness and self-knowledge are not alone. The very imaginative consciousness is a broader concept-self-knowledge always follows from self-consciousness. Therefore, it is described that the future professional teacher should be improved.

Key words: *self-awareness,self-knowledge, personality, professional specialist, self-improvement*

Қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени жағдайларда, білім парадигмасын ауыстыру кезінде кәсіби құзыреттілігі, таңдаған мамандығы бойынша пәндік білімі, өзінің тұлғалық және кәсіби болмысының стратегиясын өзіндік анықтау барысында дербестік пен шығармашылыққа дамыған қабілеті бар қазіргі маманның өзін - өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі жетілдіру проблемасы ерекше өзектілікке ие болады, бұл жалпы үздіксіз білім беру процесінің және атап айтқанда технологиялық білім беру тиімділігінің базисі ретінде әрекет етеді[1].

Қазіргі уақытта орта мектепте де, жоғары мектепте де адамның өзін-өзі дамытудың тиімді процесіне ықпал ететін білім алушы тұлғасының интегративті сапасы ретінде дербестік тапшылығы байқалады, ол саналы тұлғаның бөгде көмегінсіз білім мен қызмет тәсілдерін меңгере білуімен ғана емес, сонымен қатар өзін-өзі білім беру қызметі арқылы адамның өзін-өзі жүзеге асыруға ішкі ұмтылысының болуымен сипатталады, оқыту субъектісінің әлеуметтік белсенділігі, ақыл-ой белсенділігі және шығармашылығы біртұтас және өзара байланыста болатын, оны одан әрі жетілдіру мақсатында қоршаған шындықты қайта құру процесіне қызығушылық пен эмоциялық айқын жеке үлес қосады. Осыған байланысты тұлғаның ішкі еркіндігі ретінде түсіндірілетін дербестікті дамыту процесін жетілдіру, әсіресе, "ой мен рухтың еркіндігі ретінде. Отанымыздың патриоты-еркін азаматты тәрбиелеу ісінде өзінің ерекше миссиясын сапалы жүзеге асырғаны үшін ЖОО түлегі жеке жауапкершілікті ұғына отырып, диалектикалық бірлік жағдайында әрекет ететін қазіргі заманғы маман. Қазіргі болашақ мұғалімнің кәсіби дайындық процесін оңтайландырудың маңызды мәселе ретінде қарастырылуда.

Оқыту субъектісінің дербестігін дамыту мәселесіне арналған психологиялық-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттің ғылыми талдауының нәтижелерін негізге ала отырып (Ю. К. Бабанский, Д. Б. Богоявленская, М. А. Данилов, Б. П. Есипов, И. Я. Лернер, И. Л. Наумченко, П. И. Пидкасистый, м. Н. Л. А. Ростовецкая, Т. И. Шамова және т. б.), өткеннің педагогикалық мұрасын ұғыну және озық педагогикалық тәжірибені қорыту[2], Мысалы Кеңес дәуірінде де оның ішінде Липецк мемлекеттік педагогикалық университетінің профессор-оқытушылар құрамының жұмысы, сонымен қатар, біздің тәжірибелік-эксперименталды зерттеу барысында алынған мәліметтер негізінде және "үздіксіз білім беру жүйесінің желісі үзілді - кесілді императивті жеке санасы аясында оқыту-бұл белгілі бір кезең мен функционалдық бағыттың тұтынушылық құндылығы емес, толыққанды индивидтің өмір сүру тәсілі", технологиялық білім беру процесінде оқыту субъектісінің дербестігін неғұрлым оңтайлы ұйымдастыру мақсатында педагогикалық ЖОО оқытушылары қызметінің келесі негізгі бағыттарын бөліп көрсетуге болады:

-әр білім алушының жеке басының бірегейлігін мойындауға негізделе отырып,

-педагогикалық өзін - өзі ұйымдастыруға қабілетті,

-өзінің ішкі ресурстарын "өзін-өзі өсіруге мұғалімнің маңызды қабілеті ретінде-оның қызметінің гуманистік мәнін беретін сананың тұлғалық құрылымы" [3], деп қарастырылды.

Студенттердің оқушы позициясынан педагогикалық жоғары оқу орнының қабырғасында кәсіби дайындық кезеңінде болашақ маманның негізгі әлеуметтік рөлдерінің диалектикалық бірлігін түсінуге ауысуының ерекше ерекшеліктерін жан - жақты ескере отырып: 1) білім алушы-белгілі функциялар кешені бар мектеп қабырғасынан үйреншікті рөлдер, - дегенмен, жеке тұлғаның кәсіби дайындығы процесінде өзін-өзі іске асыратын, бар шығармашылық әлеуетті барынша өзін-өзі іске асыруға ұмтылатын оқыту субъектісінің позициясына көшумен сипатталатын болады. бұл, әрине, болашақ мұғалімінің үздіксіз кәсіби және жалпы мәдени өсуіне және оның дербестігін тиімді дамытуға ықпал етеді, - атап айтқанда; және 2) оқыту - болашақ маман үшін принципті жаңа, заманауи педагог тұлғасының жоғары педагогикалық және әдіснамалық мәдениетінің болуымен сипатталады. Педагогтар болашақ маманның өз Отанының азаматын қалыптастырудағы өзінің ерекше миссиясын толық көлемде сезінетін, гуманистік педагогиканы тәрбиелеудің басты құндылығы мен мақсаты ретінде жеке

бостандығына ие, - үздіксіз кәсіптік білім беру және өзін-өзі жетілдіру жүйесіне енгізілген маман ретінде бағыттауы.

Педагогикалық ЖОО-да ерекше әлеуметтік-мәдени ортада **Білім, Шығармашылық, Этика,** сезімдер мен қарым - қатынас үйлесімінде болашақ мұғалімнің жеке тұлғасын өзіндік дамыту процесінің тиімділігін төмендететін педагогикалық кеңістік ретінде - бір мезгілде заманауи мұғалімнің дербестігін дамыту процесінің мақсаты, шарттары мен құралдары ретінде әрекет етеді. Жеке тұлғаның болашақ кәсіби маман қалыптасуына заманауи талабына сай үлкен негіз бар, ол адамзаттың әлеуметтік-мәдени тәжірибесін жинақтап, оның дамуына өз үлесін қосады. Болашақ мұғалімнің мәдениетке баулу арқылы технология этикалық құндылықтар жүйесі барынша тиімді өңделеді, ол өзінің жеке тұлғасын кез келген қызмет саласында жетілдіруге қуатты ынталандырады, оның барысында диалектикалық бірлік пен өзара шарттасу жағдайында бар мәдениеттің барлық үш жағын іске асыруға тиіс. Сондықтан әр болашақ кәсіби маман (мұғалім) өзінің санасы мен болмысына байланысты.

Сана субъектіге объективті өмір сүретін сыртқы дүниенің әсерінің нәтижесі ретінде қарастырылады. Алғашқыда материя, содан соң сана мойындалады. Осы екі ұғымды қарама-қарсы қоя отырып, философия оларды ажырамас бірлікте қарастырады: болмыс сананы тудырады, сана болмысты өзгертеді, және екеуі де үнемі өзара бір-біріне ықпал етіп отырады[4].

Сананың қалыптасуы қоғамдық қатынастарсыз мүмкін емес. Бірақ қоғамдық қатынастарға нақты адамдар, іс-әрекеттің нақты субъектілері түседі. Сондықтан сананың дамуына қоғамдық қатынастардың анықтаушы ықпалы жанама түрде, **тұлға** арқылы іске асады. Тұлға санадан және өзіндік санадан тыс өмір сүре алмағанымен де, олармен бірдей емес. Тұлғаның мәні оның өзінің дамуы өтетін қоғамдық қатынастардың жиынтығымен анықталады. Ол тек субъектінің оны қоршаған адамдармен өзара қарым-қатынасының арқасында қалыптасады.

Сана мен өзін-өзі танудың философиялық аспектісі Б.Г. Ананьевтің, А.Н.Леонтьевтің, С.Л.Рубинштейннің және т.б. көрнекті психологтардың еңбектерінде терең көрініс тапқан. Сана мен өзін-өзі танудың табиғатына түсінік жалпыфилософиялық платформамен ажырамас байланыста. Сана мен өзін-өзі тану объективті шындықтың субъективті бейнесін білдіреді. Олардың арасындағы айырмашылық сонда, санада өзінің көптеген аспектілерімен бүкіл объективті дүние бейнеленеді, ал өзін-өзі тану арқылы адам өзін осы дүниеден бөледі, өзін тұлға, қатысушы адам, әлемді танушы және оны өзгертуші субъект ретінде саналы түсінеді[4].

Өзіндік сана мен өзін-өзі танудың бір емес екенін атап айту қажет. Өзіндік сана неғұрлым кең ұғым - өзіндік санадан әрқашан өзін-өзі тану шығады. Психологиялық позицияда өзін-өзі тану мәселесі психология дербес ғылым болып қалыптасқаннан кейін зерттеле бастады.

Бұл салада көптеген қызықты әрі мазмұнды зерттеулер жүргізілген. Өзін-өзі тану тұлғаның маңызды бөлігі ретінде қарастырылған көптеген еңбектер бар. Сонымен қатар тұлға дамуының деңгейі өзін-өзі танудың дамуының деңгейіне пропорционалды екендігі жиі атап айтылды. Мінез-құлықтың реттеушісі бола отырып, өзін-өзі тану тұлғаның әрі қарайғы дамуына ықпал етеді. Ол сыртқы әсер мен тұлғаның ішкі күйі және оның мінез-құлық формалары арасындағы тепе-теңдікті белгілейді. Сондықтан өзін-өзі танудың дамуындағы жағымсыз ауытқулар тұлғаның үйлесімді құрылымын бұзып, адам мінезінің жетімсіз қалыптасуына әкеледі.

Өзін-өзі тану мәселесі сананың ерекше формасын білдіретінін атап айтамыз. Заттық сананың объектісі объективті шындық болып табылады. **Өзін-өзі танудың объектісі болмыс емес, іс-әрекет субъектісі ретіндегі тұлғаның өзі[4].** Сондай-ақ тұлғаның эстетикалық идеалын анықтау, дүниетанымның қалыптасу деңгейін бағалау, сондай-ақ оның жалпы мәдени дамуы, адамгершілік өзін-өзі жетілдіру және болашақ мұғалімнің оқушылардың адами қадір-қасиетін терең құрметтеуге және жалпы адамзаттық гуманистік құндылықтарға негізделген, өзінің кәсіби болмысының стратегиясы технологиясын тиімді анықтаудың маңызды құралы болып табылады.

Болашақ мұғалімнің жаңа ақпаратты қабылдау мәдениеті технологиясының болуы, болашақ маманның талап етілетін білім көздерін іздестіруді жүзеге асыру, ғылыми-педагогикалық білімдерді дербес табу және талдау, әзірленетін мәселе бойынша озық тәжірибені жинақтау, сондай-ақ алынған ақпаратты өзінің практикалық қызметіне көшіруді жүзеге асыру білігі. Бұл процесс тиімділігінің маңызды шарты оның эмоциялық-бағалау сипаты болып табылады, өйткені

«Білім тек сол кезде ғана адамның көзқарасының жалпы жүйесіне қосылады және оның сезімдері мен көзқарастарынан өткенде оның наным-сенімдеріне айналады»[2]. Көзқарастар мен сенімдерді ескере отырып, сезімдер дүниетанымның құрылымдық компоненттерінің бірі болып табылады.

Болашақ кәсіби маманның дүниетанымның кеңейуіне өзін-өзі жетілдіру болып табылады. Өзін – өзі жетілдіру-бұл тұлға өзінің теориялық білімін кеңейту және тереңдету, педагогикалық және психологиялық ғылымдардың заманауи талаптары аясында жаңа кәсіби дағдылар мен іскерлікті жетілдіру және меңгеру. Болашақ педагог оқу жылы немесе басқа уақыт кезеңі ішінде шешілуі белгілі бір қиындықтарды тудыратын немесе оның ерекше қызығушылығының мәні болып табылатын проблемамен тереңдетіп айналысуы тиіс.

Өзін-өзі жетілдіру деп дәстүрлі түрде адамның танымдық қызметін түсінеді, ол:

- біріншіден, ерікті түрде жүзеге асырылады;
- екіншіден, адамның өзі басқарады және бақылайды;
- үшіншіден, адамның қандай да бір сапасын жетілдіру үшін қажет және адамның өзі оны сезінеді.

Дәл осы жағдайда педагогикалық ЖОО студентінің өз кәсіби және жеке болмысының дербестігінде өзін-өзі ұйымдастыру процесі барынша тиімді өтеді, бұл болашақ мамандарды үздіксіз кәсіптік білім беру және өзін-өзі жетілдіру үдерісіне толыққанды қосуды жүзеге асыруға ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Сластенин В. А. Аксиологические основы общего и профессионального образования.// Качество жизни: проблемы системного научного обоснования: материалы Международной научно-практической конференции.- Липецк: ЛГПИ, 2000.- С. 17

2. С. Бондаревская В., С. Кульневичка В. Педагогика: личность в гуманистических теориях и воспитательных системах: учитель. пособие.- Ростов-на-Дону: ТЦ "учитель", 1999.- Б. 264

3. Вейт М. А., Оганянц Б. Г. Астана Непрерывное образование и совершенствование педагогического процесса в Высшей школе.- Липецк:ЛГПИ,1999

4. «Өзін-өзі тану» пәніне кіріспе. Оқу құралы /Жасаған және құрастырғандар: У.И.Ауталипова, И.Ә.Әбеуова, М.Қ.Бапаева, Г.М. Касымова, К.Ж.Қожахметова, Х.Т. Шерьязданова. Алматы-2006ж.

ӘОЖ 541.124

АТА-АНА МЕН БАЛА АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ТҰЛҒА ДАМУЫНА ӘСЕРІ

Саутбекова Ж.А. магистрант, **Капенова А.А.** п.ғ.к., қауымдастырылған профессор
І. Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қ.

e-mail: *Sautbekova1988@mail.ru*[1]

Мақалада бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынастың тұлға дамуындағы әсері отбасы контексінде қарастырылып, ғылыми негіздемелер сараланды. «Ата-ана – бала» жұбындағы кез келген қарым-қатынас түрінің тәрбиелік маңызы педагогикалық-психологиялық негізде талданды.

Тірек сөздер: *бала, ата-ана, отбасы, қарым-қатынас, тәрбие, жеке тұлға, қағида*

В статье анализируется взаимосвязь между личным развитием ребенка и родителя в контексте семьи и рассматриваются научные обоснования. Образовательная значимость любых отношений в отношениях между родителем и ребенком была проанализирована на педагогико-психологической основе.

Ключевые слова: *ребенок, родитель, семья, отношения, образование, личность, принцип*

The article analyzes the relationship between the personal development of the child and the parent in the context of the family and discusses the scientific rationale. The educational significance of any relationship between the parent and child was analyzed on a pedagogical-psychological basis.

Key words: *child, parent, family, relationship, education, personality, principle*

Бүгінгі таңда педагогика ғылымының өзекті мәселелерінің бірі – жеке тұлғаны жетілдіруде, жан-жақты дамытуда, білім беруде, ғылымның соңғы жетістіктерін қолданып, шығармашылық жұмыстарды жасауға қабілетті, дүниетанымдық көзқарасы кең, рухани бай азамат дайындау. Олай болса **"тұлға"**дегеніміз не осы мәселеге тоқталмас бұрын отандық ғалымдарымыздың ой-пікірлерін қарастырсақ.

Жеке тұлға атауын отандық ғалымдар **“жеке адам”, “дара тұлға”, “даралық”,”жеке тұлға”, “адам”, ”кісі”** тағы басқа ұғым ретінде қарастырады. Біз ғылыми мақаламызда **“жеке тұлға”** деп қарастыруды жөн көрдік. Сондай-ақ, “жеке тұлға” ұғымы көп мағыналы, біріншіден даралық қасиеттердің бірлігі және әлеуметтік рольдегі іс-әрекеттің субъектісі, екіншіден басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсу үрдісінде еңбектің, танымның, қатынастың субъектісі ретінде сипатталады.

Мәселен, Т.Тәжібаев өз еңбегінде: “Жеке адам әлеуметтік қатынастар мен саналы іс-әрекетті жүзеге асырушы, нақты қоғамның мүшесі, өзін басқалардан ажырата білетін, өзінің кім екенін түсінетін есі кірген ересек кісі” - деп қарастырады [1].

Ә. Алдамұратов “Адам - табиғатта кемелденіп жетілген, ақыл ойы дамыған қоғамдық тұлға” деп анықтама берсе, Республикамызға танымал ғалымдарымыздың бірі Қ.Б. Жарықбаев: “Жеке тұлға дегеніміз - қоғам мүшесі ретіндегі адам. Әр адамның рухани байлығы оның басқа адамдармен байланысының алуан түрлігіне, өмірге белсене қатысуына байланысты болады”, - деп тұжырымдайды [2].

Ал, Ресейлік ғалым А.Н. Леонтьевтің пікірі бойынша “Жеке тұлғаның жетістіктері мен кемшіліктері, жақсы және әлсіз жақтарымен көрінетін тек өзіне ғана тән даралық белгілері оның өзгелермен қарым-қатынас жасауы, қайырымдылығы, мейірімділігі, тәкәппарлығы, жағымды және жағымсыз қасиеттерінің көрінуіне де байланысты. Олардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасауы, өмірдің алуан түрлі ерекшеліктерін тануға, танымдық қасиеттерімен, рухани байлығын арттыра түседі” деп қарастырады [3].

Белгілі психолог Б.Г. Ананьев еңбектерінде “Адам - физиологиялық, психологиялық жағынан қалыптасып келе жатқан тіршілік иесі. Адам еңбек ету нәтижесінде жануарлар дүниесінен бөлініп шығып, бір-бірімен тілдің көмегімен қарым-қатынас жасайтын, дүниені танып білетін оны өзгертетін және еңбек құралдарын жасайтын жағдайға біртіндеп ие болды. Оның өмірдегі көрінісі физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік ерекшеліктеріне, даралық қасиеттеріне байланысты жеке адам немесе жеке тұлға екені көрінеді”-деп қарастырады [4].

Олай болса, А.Н.Тугаринов өз еңбегінде: “Жеке тұлғаны жауапкершілік пен саналылықты ішкі қасиеттерімен сәйкес құқық пен еркіндікке сай қолданған адам”, - деп көрсетеді [5].

Тұлғаның дамуы мен жан-жақты қалыптасу мәселесі, оның тарихы болашағы туралы көптеген ғалымдардың еңбектерінде зерттелген.

Жоғарыда аталған еңбектерді сараптай келе “жеке тұлға” ұғымына өзіндік тұрғыдан анықтама беруді жөн көрдік.

Жеке тұлға дегеніміз - сана сезімі, тұлғалық, ізгілік қасиеті қалыптасқан, өзіндік мақсаты мен өмір жолын таңдай білетін, тәрбиелі, білімді, іскер, танымдық қызығушылығы басым,барлық күш жігерін өзіндік игілігіне жұмсай алатын, саналы тіршілік иесі.

Жеке тұлға түсінігі - тек адамзатқа арналған. Жеке тұлға - жеке даралық, психикалық қасиеті және әлеуметтік қызметі бар нақты қоғамның мүшесі.

Әрбір адам жеке тұлға болып туыла салмасы анық, сол себепті адам баласы тұлға болып қалыптасу жолында өмір баспалдақтарынан өтеді, өседі, шыңдалады және сыртқы, ішкі факторлар әсер етеді.

Адамзатты тәрбиелеу өте ұзақ және күрделі процесс. Жеке бастың қалыптасуы, оның рухани жағынан дамуы бала кезден бастау алады. Жас шыбық иілуге қандай икем болса, бала да тәрбиені қабылдауға сондай бейім. Тұлға қалыптастырушы алғашқы бесік – ата-ана. Ата-ана – баланың алғашқы тәрбиешісі. “Азамат қалыптастырамын десең, бесігіңді түзе” – деп, ұлы ғұлама М.Әуезов бекер айтпаған [5]. Қазіргі отбасы тәрбиесіндегі басты нысана баламен рухани үндестік пен үйлесімділікке ұмтылу, ата-баба мұрасын сақтауға ұмтылу, халықтың тәлімдік мұрасын сақтауға көңіл бөлу, туыстық, отбасылық қатынастарды бала кезінен қалыптастыру.

Адам қарым-қатынас арқылы айналасындағы дүние жайлы мәлімет алады, еңбек пен тұрмыс дағдыларына машықтанады, адамзат жасап шығарған түрлі құндылықтарды меңгереді. Әрине, қарым–қатынас ақпарат алумен ғана шектелмейді, оның шеңбері аса кең, көп қырлы. Спектакль көрсек те, лекция тыңдасақ та, достармен сөйлессек те, осының бәрі – қарым–қатынастың сан алуан қырлары болып есептеледі. Адам қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Өйткені оның психикасы тек айналасындағылармен қарым – қатынас жасау процесінде ғана қалыптасады. Кез келген адам дүниеге келісімен екінші бір адаммен қарым–қатынасқа түсуді қажетсінеді. Мәселен, нәрестенің анасымен «тілдесу» қажетін қанағаттандырмау – біртіндеп оның қатаң сезімді, мейірімсіз болып өсуіне, кішкентайынан айналасына деген сезімнің азаюына әкеліп соқтырады. Сөйтіп, басқалармен қарым–қатынасқа түсу – қай жастағыларға болмасын, оған киім-кешек, баспана қалай қажет болса, айналадағы жұртпен араласып, дұрыс қарым–қатынас жасай білу де сондай қажет. Мәселен, адамды қамап, басқалармен араластырмай ұстау – жазаның ең ауыр түрі екендігіне шүбә келтіруге болмайды. Өзгелермен қарым–қатынас жасау – бұл тіршілікке аса маңызды ақпарат алмасу деген сөз.

Отбасындағы тәрбиенің тиімді болуы ондағы қарым-қатынас түрлерінің орныгуына байланысты. Ата-ана, бала – бұл толық отбасы болып есептелетіндіктен, мақаламызға негіз болған ата-ана мен бала арасындағы қарым қатынасты отбасы мазмұнында қарастыруды жөн көрдік.

Отбасында түрлі қарым-қатынастар орын алады.

- ынтымақтастық қарым-қатынас, яғни отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасы түсіністік пен көмекке бағытталған;
- ортақ мүддеге негізделген біріңғай қарым-қатынас;
- өзара жетістікке жетуді көздеген қарым-қатынас;
- бәсекелестік, яғни барлық жағдайда өзінің бәсекеде ұтуын көздеген қарым-қатынас;
- түрлі себептермен туындаған отбасындағы қайшылықты қарым-қатынас.

Әр отбасында жоғарыдағыдай түрлі қарым-қатынастың орныгуынан баланың жеке тұлғалық қасиеті қалыптасады. Кейбір отбасында отбасы мүшелерін бетімен жіберіп жатады. Мұндай жағдайда ешқандай қарым-қатынас болмайды. Ал, кейбір отбасында бедел орын алған қарым-қатынас орнайды. Оның өзіндік ерекшеліктері бар, онда біреудің басқаларға басымдылық танытуы, бұйыруы баланың тұлғалық қасиетінің дамуына жағымсыз ықпал етеді. Қазіргі кезде заман ағымына қарай, отбасында демократиялық қарым-қатынасқа ұмтылушылық бар, яғни әр отбасы мүшесі тең құқықты қарым-қатынасты орнатуды көздейді.

«Ата-ана – бала» жұбындағы кез келген қарым-қатынас түрінің тәрбиелік маңызы бар. Тұлғаны қалыптастырудың маңызды факторы бола отырып, қарым-қатынас үлкен педагогикалық мүмкіндіктерге ие.

Тәрбие мақсатына жету үшін ата-аналар әр түрлі әсерлерге жүгінеді: мадақтау және жазалау. Балаларды саналы түрде мадақтау нәтижесінде баланың тұлға ретінде дамуын жеделдетуге болады. Егерде жазалау қажеттілігі туындаса, онда оны тек қана қажетті жағдайда ғана қолдану керек. Өте қатал жаза нәтижесінде балада қорқыныш немесе өшпенділік болуы мүмкін. Кез келген физикалық әсер нәтижесінде балада өзіне ұнамаған жағдайды күшпен шешуге болады деген ұстанымды туындатады. Өзіндік бағалауы жоғары жағдайда да адекватсыздық

байқалады. Бұл баласын көп мақтап, кішкентай жетістіктері үшін де сыйлық беретін отбасында да кездеседі. Жоғары, бірақ шамадан тыс өзіндік бағалауы жоқ отбасында балаларға бағытталған көңіл бөлушілік қажетті деңгейдегі талапшылдықпен сәйкес келеді. Өзіндік бағалауы төмен балаларға отбасында шамадан тыс еркіндік ұсынылады, алайда бұл еркіндік ата-ана мен бала арасындағы қатынас бұзылуы нәтижесіндегі бақылаусыздық болып табылады.

Қарым-қатынас барысындағы қиыншылықтар эмоционалды қарым-қатынас бұзылуының нәтижесі болып табылады. Мектеп жасына дейінгі баланың сөзі мимика, жест және поза көмегімен жүзеге асырылады. Бала ата-анасы және жақындарының қарым-қатынас стиліне еліктей отырып, санасыз түрде соған бейімделіп кетеді. Сөйлеу мәдениетіне ие отбасы баласының бойына қолданылып жүрген қарым-қатынас стилін бейімдейді. Эмоционалды қатынастың бұзылуы нәтижесінде бала бойында үрейлілік дамиды. Жоғары үрейлілік тұрақты сипатқа ие болады. Егер оның бойындағы уақытша қиындықтарды ересектер тітіркендірсе, бір нәрсені қате жасап қою қорқынышы, үрейлілік туындайды. Мұндай жағдай ата-аналар тым жоғары талап қойғанда да туындайды. Үрей мен оған байланысты төмен өзіндік бағалаудың өсуі нәтижесінде баланың танымдық жетістіктері төмендеп, сәтсіздік сезімі беки түседі.

Өзіне деген сенімсіздік нәтижесінде келесідей ерекшеліктер де туындайды. Ересектердің нұсқауын орындау, үлгі бойынша ғана әрекет ету, өз ойын білдіруге қорқу, білімдер мен әрекет тәсілдерін ресми түрде меңгеру. Өз баласының оқу әрекетінің нәтижелілігінің төмендеуіне көңілі толмаған ересектер қарым-қатынас барысында аса үлкен көңіл бөле отырып, бала бойындағы эмоционалды дискомфортты үдете түседі. Балаға жақын ересек адамдар бала жетістіктерін байқап, оны қателіктері үшін аса қатал жазаламау арқылы оның үрейлілік деңгейін төмендетеді және сол арқылы оқу тапсырмасының сәтті орындалуын қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі жас кезеңіндегі эмоционалды сәтсіздіктердің басқа формасы ата-ананың диктат болуы нәтижесінде пайда болады. Оларға қорқыныш – адам санасындағы нақты қауіпті сезінуі; үрей – болашақтағы қауіпке эмоционалды түрде тұрақталып қалу. Үрей қорқынышқа қарағанда әрқашанда теріс сезім емес, өйткені ол қуанышты қобалжу кезінде де орын алады. Қорқыныш пен үрейді біріктіруші– мазасыздық сезімі болып табылады. Оны баланың сасқалақтап, қажетті жауапты бере алмай, дірілдеген дауыспен сөйлеп, мүлдем үндемей қалуынан көреміз. Ол мүлдем көп қимылдарды жасайды немесе мүлдем қозғалыссыз қалады. Мұндай симптомдар ағзаның психофизиологиялық функцияларына шамадан тыс қысым түскенін білдіреді. Қорқыныш жасқа немесе жүйке жүйесіне байланысты болады. Жасқа байланысты қорқыныштар эмоционалды сезімтал балаларда кеңінен көрініс табады. Олар келесідей факторларға байланысты болады: ата-анасында қорқыныштықтың болуы, баламен қатынастағы үрей, шамадан тыс қамқорлық және оны құрдастарымен қатынасынан оқшаулау, ата-ана тарапынан тыйымдардың көп болуы немесе шамадан тыс еркіндік және отбасындағы ересектердің көптеген қорқытулары, ата-ана арасындағы конфликтілік қатынас, қорқыныш сияқты психикалық жарақат, құрдастары және ересектерімен қатынастағы қорқынышты психиканы жұқтырып алу. Жүйке жүйесіне байланысты қорқыныштың сипаттары: жоғары сезімдік және қысым жағдайында болу; тұлға және оның мінез-құлқының қалыптасуына кері әсер ету; басқа қобалжулармен байланыс, барлық жаңалықтан және таныс емес нәрседен қашу; қорқынышты жоюдағы қиындық. Сондай-ақ жүйке жүйесіне байланысты қорқыныш ұзаққа созылған шешімі күрделі қобалжулардың нәтижесінде туындайды. Көп жағдайда сезімтал, отбасындағы қарым-қатынасты эмоционалды қиындықты басынан кешіретін, өзі жайлы көзқарасы отбасындағы қақтығыстар нәтижесінде өзгертілген балалар осындай қорқыныштарды сезінеді. Мұндай балалар ересектерге бедел және махаббат негізі ретінде сүйене алмайды. Мектепке дейін ересектермен қарым-қатынас тәжірибесіне ие болмаған балалар олардың көңілінен шықпай қалуға, мектеп ұжымына бейімделуде қиыншылықты басынан өткізеді және мұғалімнен қорқады. Кейбір жағдайларда құрдастарымен қақтығыстарға түсіп, олардың тарапынан болатын агрессиядан қорқу (төбелесу, ұрып-соғу) мектептен қорқу себептерінің бірі болып табылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың бойындағы қорқыныштың нәтижесінде ұялшақтық сияқты мінез-құлық формасы туындайды. Ұялшақтық – бұл көптеген адамдарға тән, қарым-қатынас жасауда кедергі келтіретін ерекшелік. Сонымен жоғарыда сипатталған бала тұлғасының негативті қырлары дискомфорттың (жайсыздықтың) салдарынан туындайды.

Сондықтан ата-ана мен бала арасындағы терең және үздіксіз қатынас болуы қажет. Бұл тәрбиелеудегі негізгі талап. Қатынасты сақтаудың негізі – бұл бала өміріндегі оқиғалардың барлығына да қызығушылық таныту, оны түсінуге, оның өміріндегі өзгерістерге көңіл бөлу. Балалар мен ата-аналар арасындағы эмоционалды қатынас өзара түсіністік жайлы айтқанда бала мен ересек адамның арасындағы әрекеттестік, диалог жайында ой қозғалады. Зерттелініп отырған жас кезеңінде эмоционалды қатынас, дыбыстық қатынас өте маңызды болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, ата-ананың балалармен қарым-қатынасының мынадай принциптерін көрсете аламыз:

баланы қаз қалпында қабылдау;

эмпатия - ересек адам бала позициясын қабылдайды, туындаған мәселеге бала көзімен қарайды;

конгрэнттілік - болған оқиғаға ересек адамның адекватты қатынасы [5].

Ұлы Абай атамыз «Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деп көрегендікпен ой түйген. Бала өміріне қажетті тәлім-тәрбиенің іргетасы ата-ана арқылы отбасында қаланады. Дана халқымыз «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» демекші, ата-ананың әрбір іс-әрекеті балаға үлкен сабақ. Әрбір ата-ана өз балаларының тұңғыш тәрбиешілері. Бала – ата-ананың адамгершілік өмірінің айнасы.

Ата-ананың киім кию, сөйлеу мәдениетінің жоғары болуы, өзгеге деген ілтипаты, үй ішіндегі тазалық пен тәртіп, сыпайы мінез, мейірімділік, төзімділік, балаға деген сүйіспеншілік тәрбие барысында өзінің оң нәтижесін берері анық. Баланың үйде көргені, ата-анасынан, жақын туыстарынан естігені – ол үшін тәрбиенің ең үлкені. Осы тұста сүрінбеу үшін ата-ананың мінез-құлқының, ізетті қасиеттерінің, жалпы мәдени дәрежесінің деңгейі өте жоғары болуы керек.

Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ, «Адамның бақыты — балада» деген екен. Кез келген адам өзі өмір бойы қуып жете алмайтын бақыт деген құдіретті сөздің өлшемі өмірінің жалғасы ұрпағымен келетініне мән бермеуі де мүмкін. Біреу, бақытын байлықтан тапқысы келсе, екінші біреуі даңқ пен атақтан, мансап пен қызметтен іздестіреді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі сияқты нәрсе. Адамға нағыз бақытты - тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады.

Қорыта айтсақ, отбасындағы ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас кезіндегі кездесетін кемшіліктерді төмендегіше сараладық:

1. Әке мен шешенің өз мінез құлықтарындағы кемшіліктерімен күреспейді, бірақ балалардан адамгершілікті, әдептілікті талап етеді, оларға дөрекі сөйлейді, өтірігін айтып бетіне басады, өзі өтірік сөйлейді, оны сезіп тұрса да қорыққанынан әке- шешесіне айта алмайды;

2. Ата-аналар балалардың ішкі жан дүниесіне жеткілікті көңіл аудармайды, жылы жүзбен қарап қамқорлық жасамайды, баланың қайғы қуынышын бөліспейді;

3. Оқушының үй шаруасына көп көмектесуін талап етеді, оған жасаған жақсылығын міндеттейді;

4. Мектеп мұғалімдерімен тығыз байланыста болмайды, оқушының жағдайын бірлесіп шешпейді.

Яғни, отбасында орныққан қарым-қатынас түрі мен қалыптарына сәйкес баланың тұлғалық қасиеттері қаланады. Бала әрқашанда ата-анадан жүрек жылуын, мейірімділікті қажет етеді, ол ата-ананы өмірдің тірегі санайды. Бала үшін ата-ана игілік жасаушы, үлгі-өнеге көрсетуші және ақыл-кеңес айтушы болып танылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Тәжібаев Т. Қазақстанның ауылдары мен мектептерінде қазақ балаларын тәрбиелеу (үзінділер); Абайдың психологиялық көзқарастары /Т.Тәжібаев // Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы (XX ғасырдың 20 жылдарынан 1995 жылға дейінгі кезең) Т.2. – Алматы, 1998.

2. Алдамұратов Ә. Жалпы психология - Алматы, 1992.

3. Леонтьев А. Н., "Теория деятельности": кратко о главном – Москва, 2000 .

4. Ананьев Б. Г. О проблемах современного человекознания. - СПб.: Питер, 2001.

5. Баймуханова А.М., Құсайнова М.А. Жалпы педагогика - Қарағанды, 2008

ӘОЖ 504.056:574

ТОПЫРАҚ ҚАБАТЫНЫҢ ПОЛИХЛОРБИФЕНИЛМЕН ЛАСТАНУ ДӘРЕЖЕСІ

Серикова А.Н. магистрант,
Ғылыми жетекші: Маусумбаева А.М. а.ш.ғ.к., доцент м.а.
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

e.mail: *Aida_28.65@mail.ru*

Тұрақты органикалық ластағыштар (ТОЛ) дегеніміз - химиялық және биологиялық тұрғыдан қиын ажырайтын, суда нашар еріп, тірі ағзаның май қабатында жинақталуға бейім болатын улы химиялық заттар тобы. Тұрақты органикалық ластағыштар қатарына адам денсаулығы мен қоршаған ортаға кері әсерін тигізетін токсикологиялық заттар кіреді.

Тірек сөздер: *тұрақты органикалық ластағыштар, полихлорбифенил, экожүйе, токсикология, конгенер, биологиялық активті зат, атмосфералық ластану.*

Стойкие органические загрязнители (СОЗ) - это группа токсичных химических веществ, которые химически и биологически трудноразделяются, плохо растворяются в воде и склонны к накоплению в жирном слое живого организма. В число стойких органических загрязнителей входят токсикологические вещества, оказывающие негативное воздействие на здоровье человека и окружающую среду.

Ключевые слова: ***с****тойкие органические загрязнители, полихлорбифенил, экосистема, токсикология, конгенер, биологически активное вещество, атмосферное загрязнение.*

Introductory word about the research topic. Persistent organic pollutants (POPS) are a group of toxic chemicals that are chemically and biologically difficult to separate, poorly soluble in water and prone to accumulation in the fatty layer of a living organism. Persistent organic pollutants include Toxicological substances that have a negative impact on human health and the environment.

Key words: *persistent organic pollutants, polychlorobiphenyl, ecosystem, toxicology, congeners, biologically active substance, atmospheric pollution.*

Тұрақты органикалық ластағыштар (ТОЛ) дегеніміз - химиялық және биологиялық тұрғыдан қиын ажырайтын, суда нашар еріп, тірі ағзаның май қабатында жинақталуға бейім болатын улы химиялық заттар тобы. Тұрақты органикалық ластағыштар қатарына адам денсаулығы мен қоршаған ортаға кері әсерін тигізетін 12 токсикологиялық зат кіреді. Оларға пестицидтер, алдрин, хлордан, диэлдрин, эндрин, гептахлор, мирекс, токсафен, полихлорбифенил (ПХБ), гексахлорбензол және диоксин жатады.

Қауіпті қосылыстардың ерекше тобына тұрақты органикалық қосылылыстар (ТОЛ) жатады. Олар өндірісте, ауыл шаруашылығында қолданылады және кейбір жағдайларда өндірістік процестерде жағу нәтижесінде тасымалданады.

ТОЛ келесі жағдайларда өте үлкен қауіп төндіреді:

- Қоршаған ортада аз және толық айырылуына дейін ұзақ мерзімде сақталады;
- Шығу көздерінен алшақ арақашықтыққа дейін тасымалданады;
- Тірі ағзалардың тері қабатында жинақталады, осыдан тағам өнімдеріне, суға, ауаға тарайды;
- Улылық әсері өте жоғары

ПХБ-ға жоғары дәрежеде диэлектрлік қасиет тән болғандықтан, олар электротехника, бояу және т.б. өндірісте кеңінен қолданылады [1].

ПХБ сілті және қышқыл әсеріне тұрақты, суда нашар ериді және кәдімгі жағдайда инертті болып табылады. ПХБ полюсті емес қосылыс болғандықтан майда жақсы ериді (лиофилдік қасиет тән) және атмосфералық қысым жағдайында ұзақ қыздыруға тұрақты [2].

Химиялық инертілік, аз ұшқыштық, жанбайтын қасиет және жоғары диэлектрлік константа ПХБ-ның өндірісте кеңінен қолдануына мүмкіншілдік береді. Олар трансформатор, конденсатор, жылу беру және гидравликалық жүйелерде диэлектрик ретінде қолданылып, майлағыш, суытқыш заттармен пестицид құрамына кіреді, сонымен қатар пластификатор ретінде бояу, көшірме қағаз, желім және пластикалық массаларда кездеседі.

ПХБ-ның арзандығы мен оған тән ерекше қасиеті, оның 1936 жылдан бастап бүкіл әлемде кеңінен қолдануына жол ашты. Өткен ғасырдың 80-жылдарының аяғында ПХБ-ның қолдану көлемі әлем бойынша 4 млн. тоннадан асқан [3]. ПХБ-ның әлемдік масштабта кең қолданылуы, биодеградацияға тұрақтылығы мен биоаккумуляцияға қабілеттілігі қоршаған ортаны жаһандық ластануға ұшыратты. Кейбір мәліметтер бойынша ПХБ жинақталатын соңғы орын бүкіләлемдік мұхит екені белгілі болып отыр [4].

ТМД елдеріндегі ПХБ конденсаторын өндіретін зауыттардың бірі Қазақстанда орналасқан. Зауыт Өскеменде табылды және ТМД елдеріндегі барлық ПХД құрамды конденсаторлардың негізгі бөлігін өндірді.

Өскемен конденсатор зауытының негізі 1959 жылы қаланған, ал толық конденсаторлық батареялардың өндірісі 1962 жылы басталды. Зауытта ТХБ (трихлорбифенил) сіңіруші электроизоляциялық сұйықтық ретінде қолданылды. Конденсаторларды өндіруде ПХБ-ны тазарту, оны кептіру, бір орыннан екінші орынға ауыстыру, қайта құю және т.б. жұмыстар енді. ПХБ –мен ластанған өндірістік қалдықтардың барлығы технологиялық процесте материалдарды (балшық, фильтр қағазы, су) қолдану, конденсаторларды ақауларын болдырмау, ПХБ-ның технологиялық суға түсуі, оны кейіннен тазарту жұмыстары, сұйықтықтардың жерге төгіліп кетуінің алдын алу және т.б. Қаладағы қоршаған ортаға ПХБ зауыттың қалалық көмбеге, су қоймаларына және атмосфераға лақтырылған қатты, сұйық және газ тәрізді қалдықтары енді. ПХБ құрамды қалдықтар жинақталған Өскемен қаласының қалалық тұрмыстық қалдықтар көмбесін де атап өту керек. Бұл көмбе улы өндірістік қалдықтарды сақтауға жабдықталмағандықтан, табиғи булану және қалдықтарды өртеу барысында түзілген жаңа қосылыстар қоршаған ортаның барлық компоненттерін ластады [5].

Зерттеуден Өскемен конденсатор зауыты («УККЗ» АҚ) территориясынан алынған топырақ қабаты мен үшхлорбифенил (ТХБ) қалдықтары (шамамен 6-9 тонна) Өскемен қаласындағы жинақтаушы көмбеде сақталып, ал зауыт басқа балама технологияға көшірілгені мәлім болып отыр. ПХБ-ның сандық деңгейін анықтау мақсатында химия - аналитикалық зерттеулер жүргізіліп, оның нәтижесі бойынша зауыт территориясы, Өскемен қаласындағы Аблакетка ықшам ауданы мен Ертіс өзені маңынан алынған топырақтағы ПХБ мөлшері өте жоғары екендігін (ПХБ мөлшері: зауыт территориясында ПХБ-ның шекті рауалды концентрациясынан – 0,06мг/кг-нан 500,05 есе артық көрсеткіш) көрсетіп отыр [6].

«Қоршаған ортаны қорғау аумағындағы ғылыми зерттеулер» бағдарламасының жобасы аясында жүргізілген ғылыми зерттеулер ПХБ құрамды құралдардың және ПХБ-мен ластанған территориялардың орналасу аумағы, мөлшерін алдын – ала анықтау, Қазақстанның жағдайларына жарамды ПХБ-ны жою технологиясы, жеткізу технологиясы және Республикадағы ПХБ-ны жою бойынша жұмыстардың бағасының реестрін құруға мүмкіндік береді.

Қазақстан территориясында ПХБ-мен ластанған құралдар және ПХБ-мен ластанған территориялар келесідей мөлшерде болды, яғни біздің республика ТМД елдерінің ішінде (Ресейден кейін) екінші орынға иеленді. Алдын – ала инвентаризациялаудың нәтижесінде республикада ПХБ-мен ластанған 8 территория анықталды. ПХБ-мен ластанған материалдардың 80%-ға жуығы Өскемен қаласы территориясында орналасқан. Барлығы 10 ПХБ-мен ластанған аймақтар анықталды. Негізгі ластанған аймақ Өскемен конденсатор зауыты мен жинақтаушы көмбе болып табылады, мұнда республикадағы ПХБ-ның 80%-ы жинақталған. Өскемен конденсатор зауыты аймағында 1200 га дейін орташа ластанған аймақ белгіленген [7].

Бұл зерттеу нәтижелері Өскемен қаласы бойынша топырақ қабатындағы ПХБ-ның жинақталу деңгейіне зерттеу жүргізу мәселесін бүгінгі таңда өзекті етіп отырғандығын айқындайды.

Материалдар мен қолданылған әдістер.

Зерттеу жұмысында Өскемен қаласы Аблакетка шағын ауданында орналасқан «УККЗ» АҚ-ы маңынан алынған топырақ үлгілері алынды.

Топырақ үлгілерінен ПХБ-ны экстракциялау n-гексан еріткіші көмегімен сокслет аппаратында жүзеге асты. ПХБ-ның сандық мөлшері газдық хроматография қондырғысында анықталды. Қолданылған ПХБ-ның стандартты ерітіндісінің концентрациясы 1мг/мл.

Зерттеу жұмысына қажетті топырақ үлгілері Өскемен қаласы «Өскемен конденсатор зауыты» АҚ орналасқан аумақтан әр түрлі қашықтықта зерттелетін нүктелер белгіленді.

Алынған үлгілер акт бойынша тіркеліп, рәсімделді.

Топырақ үлгілерін алу ГОСТ 28167 мемлекеттік стандартына сәйкес жүргізілді [8].

Топырақ үлгілерін құрғақ-ауа жағдайына келтіру үшін тас, тамыр т.б қоқым түрлерінен тазартып, фарфор келісінде ұсақтайды және саңылауының диаметрі 1-2 мм болатын електен өткізеді. Бұл сынамаларды 40^0С температурада кептіргіш шкафта 1-1,5 сағат ұстайды. Кептірілген сынамаларды полиэтилен пленкасында сақтайды (1-сурет). Топырақ үлгісінен экстракт алу сокслет қондырғысында жүргізілді (2-сурет). Сокслет қондырғысы үлгілерді экстракциялауға арналған бірнеше құрылғылар жиынтығынан тұрады. Экстракциялауға өлшеніп алынған 40-50 г топырақ үлгілері сүзгіш қағазға оралып, сокслетке салынды да, 160 мл n-гексанмен 80^0С температурада екі тәулік бойы жуылды. Жуылып болған экстракт құрамындағы n-гександы айдау әдісімен бөлініп алынды.



1-сурет. Топырақ үлгілерін экстракциялауға дайындау




2-сурет. Сокслет қондырғысы

Зерттеу нәтижесі бойынша топырақ үлгілеріндегі ПХБ мөлшері шекті рауалды концентрациядан бірнеше есе көп екені байқалды (1-кесте, 3-сурет).

Кесте 1. Топырақ үлгілеріндегі ПХБ-ның сандық мөлшері

№	Топырақ үлгісі алынған орын сипаттамасы	ПХБ конгенерінің түрі	ПХБ конгенерінің мөлшері, мкг/кг	ШРК-дан есе артық
1	«УККЗ» АҚ маңынан алынған топырақ үлгілері	трихлорбифенил тетрахлорбифенил пентахлорбифенил гептахлорбифенил	13587,325 19756,137 Іздік мөлшер Іздік мөлшер	500,05

Зауыттан 0,4-2 км қашықтан алынған топырақтың барлық үлгілерінде хлордың 3-6 атомы кездеседі.



3-сурет. Топырақ қабатындағы полихлорбифенил конгенерлерінің ШРК-дан есе артық мөлшері\мг/кг

Зерттеу жұмысы бойынша мынадай қорытынды жасалды:

1. Әдебиет көздерін талдау барысында ПХБ-мен ластанған территорияларда жүргізілген қалпына келтіру жұмыстарға қатысты мәліметтер жоқтың қасы, яғни көптеген процедуралар қағазға түсірілмеген және дерек көздері жоғалған. Сол себепті қазіргі уақытта ТОЛ-ға қатысты, соның ішінде ПХБ жайлы нақты ақпаратты табу мүмкін емес. Бұл қосымша зерттеулерді талап етеді, оларды залалсыздандыруда ПХБ құрамды қалдықтардың саны, улылығы, химиялық класы туралы ақпарат қажет. ТОЛ қатысты әлі күнге дейін зерттелмеген тұрмыстық қатты қалдықтардың қалалық қоймасы (Өскемен, Павлодар қалалары), мұнда ПХБ құрамды материалдар тасымалданды, ауылшаруашылық бағыттағы жер нүктелеріне жақын тау - кен комплексі және электроэнергетикалық секторлар территорияларында ПХБ-ның табиғи нысандарға таралуының негізгі заңдылықтары анықталмады.

2. Ғылыми жобалар және бағдарламалар аясында атқарылған зерттеулер қоршаған орта нысандарының (топырақ, су, су шөгінділері, биота) ПХБ –мен ластану мәселелері бар екендігін көрсетті. Алынған мәліметтер ПХБ-ның топыраққа жинақталу деңгейі, ПХБ биотикалық компоненттерде жинақталуы және олардың тағам өнімдеріне түсу қаупін сипаттайтын, ПХБ құрамды құралдарды сақтау және тасымалдау орындарындағы жинақталу деңгейін сипаттайды.

3. Республикада құрамында ПХБ бар құралдарды утилизациялау технологиясы жоқ. ПХБ құрамды конденсаторлар мен трансформаторлар қалдықтарын жоюда экологиялық қауіпсіз технологияны елімізге енгізу қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Toxicological profile for polychlorinated biphenyls (PCBs). Syracuse research corporation. Under contract № 205–1999–00024. 2000. 945 p.

2. Стокгольмская конвенция о стойких органических загрязнителях. Опубликовано временным секретариатом Стокгольмской конвенции о стойких органических загрязнителях. UNEP, 2001. 53c.

3. Polychlorinated biphenyls (PCBs): potential health hazards from electrical equipment fires or failures: Current intelligence bulletin N 45 NIOSH US Department of health and human services. Cincinnati: NIOSH, 1986. 25 p.

4. Reynber H., Gilet J.C., Falcy M. Can Notes, Doc. Inst. Nat. Resh. Secur. N 126, p. 15-32.

5. Прогнозирование состояния окружающей среды на Усть-Каменогорском конденсаторном заводе и разработка мер по снижению выбросов до санитарных норм: Отчет по научно-исследовательской работе. Усть-Каменогорск: Усть-Каменогорский строительно-дорожный институт, 1982. 118 с.

6. Polychlorinated biphenyls. Mammalian and Environmental Toxicology. (Ed. S.Safe). Springer-Verlag, Berlin, 1987.

7. Клюев Н.А., Бродский Е.С. Определение полихлорированных бифенилов в окружающей среде и биоте. Полихлорированные бифенилы. Супертоксиканты XXI века. Инф. выпуск № 5 ВИНИТИ, Москва, 2000, с. 31-63.

8. Отчет «Исследование содержания полихлорированных бифенилов в окружающей среде мурманской области». – Под ред. В.В.Оноприенко, Мурманск, 1999.

ӘОЖ 541

С. БАҚБЕРГЕНОВТІҢ ДЕТЕКТИВ ЖАНРЫНДАҒЫ «ҚАН ТОЗАҢ» РОМАНЫНДАҒЫ ТЕРГЕУШІ МҰҚАН БЕРТАЕВ БЕЙНЕСІ

Совет Е. докторант
І. Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қ.,

E-mail: *Erxanat.sovet.86@mail.ru*

Мақалада С.Бақбергеновтің детектив жанрындағы «Қан тозаң» романындағы тергеуші Мұқан Бертаев бейнесі жазылған

Кілт сөздер: *детектив, жанр, құпия, қылмыс.*

В этой статье был описан образ следователя Мукана Бертаева в романе детективного жанра «Қан тозаң» С.Бакбергенова.

Ключевые слова: *детектив, жанр, тайна, преступность.*

In this article, the image of investigator Mukan Bertaev was described in the novel of the detective genre "Kan tozak" S. Bakbergenov.

Key words: *detective, genre, mystery, crime.*

«Detect» сөзі ағылшын тілінен аударғанда ашу, айқын ету деген мағынаны білдіреді. Детектив дегеніміз – қылмысты ашу процесін бейнелеу.[1,102] Демек, құпияның белгісіздік сырын ашу дегенді білдіреді. Қай заманда да адамзат баласы табиғаттың түсініксіз тылсым дүниесін, жұмбақтың құпиясын шешуге құмартқан. Ал жұмбақтарды шешіп, шытырман оқиғалардың шатасқан иірімдерін тарқату ойы терең, ақылы алғыр, байқампаз адамның ғана қолынан келген. Адам баласының ақыл ойының арбасуы, бірі айласын асыруы, енді бірінің айланың алдын алуы немесе айқындауы көркем әдебиетте детектив жанрын құрады.

Қазақ әдебиетінің проза саласында аз зерттелген, кенже қалған жанрдың бірі- детектив. Оған басты себеп ретінде әдебиеттанушылар тарапынан бұл жанрға мән бермеушілік пен батыстық әдебиеттің жемісі деп түсінушілікті айтуға болады. Зерттеуші С. Динамов детективті «буржуазиялық қоғамның негізінде қалыптасқан жалғыз жанр» дейді. [2,23] Үлкен Кеңес энциклопедиясында (1952) жанр туралы: «...авантюралы шытырман оқиғалы әдебиеттің бір түрі. Детективті әдебиеттің негізі көбінесе қайырымды із кесушінің қылмыскер ізін аңдып, көптеген оқиғалардын соң табысқа жетуімен, яғни бржуазиялық өмір салтының үстемдігінің көрінісімен аяқталады», - делінген. [2,23]

Қылмыс тақырыбы әдеби шығармалар бетінен ерте кезден –ақ орын алған. Детектив табиғатын түсіндіруге талпынған ғалымдардың арасында жанрдың генеалогиялық ерте дәуірдегі әр халықтың әдеби ескерткіштері мен библиялық миф аңыздарынан табылатын протоэлементтерімен байланыстырады деген концепсия қалыптасқан. Оның тамырын трояндықтардың **Еленаны** ұрлап алып кеткен оқиғасында жатыр дейтін пікір де кең тараған. Қылмыс туралы ертедегі аңыз –хикаялардың негізгі мазмұны әлдекімнің істеген нәрсесі үшін одан кек алу, зұлымдықтың жазасын тарттыру айналасында болған. Осылайша детективтің түпкі тамыры тым әріде жатса да, ол нағыз жанр ретінде өзін мойындата білгенге деін әр қилы қалыптасу сатылары мен даму жолдарынан өткен. [1,103]

Ғылым дамыған сайын адамзат баласының ойлау деңгейі де тереңдей түседі. **Зұлымдардың** залым істерінің жұмбағы да қиындай түседі. Соңдарынан шам ала түсетін із кесушілерге де айлакерлерден асып түсетін қырағылық пен ұшқыр ой керек. Ой – Алла тағаланың тіршілік иелерінің ішінде адамзат баласына берген ерекше сыйы. Ой ізін жасыруға тырысқан қылмыскерде де, қылмыскерді жазалаушы із кесушіде де бар. Демек, ой-жақсылықтың да, жамандықтың да анасы. Қазақтың ұлы философы Абай Құнанбаев

«Үш-ақ нәрсе адамның қасиесті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек»-деген. Детективті порзада із кесуші немесе тергеушіде ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек бар да, қылмыскерде күш-қуат пен логикалық ойлау болғанымен мейірімділік жоқ. Әлемнің екінші ұстазы Әл – Фараби «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген. Қай заманда да қатыгездік тәрбиесіздіктен болатыны хақ.

Коллективті өмір үрдісін ұсынған кеңестік идеологияға жекеменшіктің қайсы түрін насихаттау болса да қайшы келгендіктен, әдебиеттің мұндай үлгілерінің табысқа жетуі нәтижесіз болған. Осындай көзқарастардың салқыны кеңестік кезеңде жарық көрген көптеген туындыларға да ықпалын тигізді, көркем туындының өзіндік шығармашылық ерекшелігінің танылуына мүмкіндік бермеді. Сондай танылмаған, оқырманға беймәлім күйде қалған шығарманың бірі – Сәуірбек Бақбергеновтің «Қан тозаң» романы еді.

«Detect» сөзі ағылшын тілінен аударғанда ашу, айқын ету деген мағынаны білдіреді. Детектив дегеніміз – қылмысты ашу процесін бейнелеу.[1,102] Демек, құпияның белгісіздік сырын ашу дегенді білдіреді. Қай заманда да адамзат баласы табиғаттың түсініксіз тылсым дүниесін, жұмбақтың құпиясын шешуге құмартқан. Ал жұмбақтарды шешіп, шытырман оқиғалардың шатасқан иірімдерін тарқату ойы терең, ақылы алғыр, байқампаз адамның ғана қолынан келген. Адам баласының ақыл ойының арбасуы, бірі айласын асыруы, енді бірінің айланың алдын алуы немесе айқындауы көркем әдебиетте детектив жанрын құрады.

Қазақ әдебиетінің проза саласында аз зерттелген, кенже қалған жанрдың бірі- детектив. Оған басты себеп ретінде әдебиеттанушылар тарапынан бұл жанрға мән бермеушілік пен батыстық әдебиеттің жемісі деп түсінушілікті айтуға болады. Зерттеуші С. Динамов детективті «буржуазиялық қоғамның негізінде қалыптасқан жалғыз жанр» дейді. [2,23] Үлкен Кеңес энциклопедиясында (1952) жанр туралы: «...авантюралы шытырман оқиғалы әдебиеттің бір түрі. Детективті әдебиеттің негізі көбінесе қайырымды із кесушінің қылмыскер ізін аңдып, көптеген оқиғалардын соң табысқа жетуімен, яғни бржуазиялық өмір салтының үстемдігінің көрінісімен аяқталады», - делінген. [2,23]

Қылмыс тақырыбы әдеби шығармалар бетінен ерте кезден –ақ орын алған. Детектив табиғатын түсіндіруге талпынған ғалымдардың арасында жанрдың генеалогиялық ерте дәуірдегі әр халықтың әдеби ескерткіштері мен библиялық миф аңыздарынан табылатын протоэлементтерімен байланыстырады деген концепсия қалыптасқан. Оның тамырын трояндықтардың **Еленаны** ұрлап алып кеткен оқиғасында жатыр дейтін пікір де кең тараған. Қылмыс туралы ертедегі аңыз –хикаялардың негізгі мазмұны әлдекімнің істеген нәрсесі үшін одан кек алу, зұлымдықтың жазасын тарттыру айналасында болған. Осылайша детективтің түпкі тамыры тым әріде жатса да, ол нағыз жанр ретінде өзін мойындата білгенге деін әр қилы қалыптасу сатылары мен даму жолдарынан өткен. [1,103]

Ғылым дамыған сайын адамзат баласының ойлау деңгейі де тереңдей түседі. **Зұлымдардың** залым істерінің жұмбағы да қиындай түседі. Соңдарынан шам ала түсетін із

кесушілерге де айлакерлерден асып түсетін қырағылық пен ұшқыр ой керек. Ой – Алла тағаланың тіршілік иелерінің ішінде адамзат баласына берген ерекше сыйы. Ой ізін жасыруға тырысқан қылмыскерде де, қылмыскерді жазалаушы із кесушіде де бар. Демек, ой-жақсылықтың да, жамандықтың да анасы. Қазақтың ұлы философы Абай Құнанбаев: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиесті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек»-деген. Детективті порзада із кесуші немесе тергеушіде ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек бар да, қылмыскерде күш-қуат пен логикалық ойлау болғанымен мейірімділік жоқ. Әлемнің екінші ұстазы Әл – Фараби «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген. Қай заманда да қатыгездік тәрбиесіздіктен болатыны хақ.

Коллективті өмір үрдісін ұсынған кеңестік идеологияға жекеменшіктің қайсы түрін насихаттау болса да қайшы келгендіктен, әдебиеттің мұндай үлгілерінің табысқа жетуі нәтижесіз болған. Осындай көзқарастардың салқыны кеңестік кезеңде жарық көрген көптеген туындыларға да ықпалын тигізді, көркем туындының өзіндік шығармашылық ерекшелігінің танылуына мүмкіндік бермеді. Сондай танылмаған, оқырманға беймәлім күйде қалған шығарманың бірі – Сәуірбек Бақбергеновтің «Қан тозаң» романы еді.

Роман үш бөлімнен тұрады және әр бөлім бірнеше тараудан құралған. Тарау аттарының өзі - сюжеттік оқиғаның құпиялылығымен, жұмбақтығымен және шытырман бір жайытқа қатысты екендігімен назар аударады. Мысалы: «Шытырман сұрақтар», «Құпия кімдікі», «Түнгі қарауыл», «Жаңа жұмбақ» және тағы басқалары. Бұдан байқалатын әр тараудың өзі бір құпияның шешіміне жетелеп, оқырманын жұмбақтың сырына бойлатып отырады.

Ізкесуші – тергеумен айналысатын кейіпкер. Ізкесуші әр түрлі адам бола алады: қауіпсіздік қызметкері, жеке ізкесуші, туысқандар, достар, зардап шегушінің танысы, кейде тіпті кездейсоқ адам т.б.

Сәуірбек Бақбергеновтің детектив жанрындағы «Қан тозаң» романындағы басты кейіпкері – шекара сақшылары да, чекистер де емес қауіпсіздік комитетінің қызметкері – Мұқан Бертаев. Міне, осы тергеушінің ізденіс сапары мен жол барысындағы ой – толғамдары, әр түрлі құбылыстар мен адамдардың іс- әрекеттері туралы аналитикалық талдаулары – осы романның сюжеттік желісін құрайды.

Манап Төлеуовтың тапсырмасымен Мұқан Бертаев Қосаралдағы Тентек көшесі нөмері 13 үйден табылған қағаз, мыс, күміс, алтын, ақша құпия карта, екі жүз оғымен екі маузердің кімге тиесілі екенін анықтауда сол өңірдің шекарашысы Андрейдің, шопан Жарболдың, Николай Ширяевтің әңгімелерінен ақпарат жинап, Семей, Омбы, Ташкент, бүкіл Орта Азия республикаларының архивтерін ақтарып, құжаттарды жинақтап, табылған деректерге талдау жасайды. Ақыры Тентек көшесі нөмірі 13 үйден табылған заттар Иван Майдельге тиесілі екенін және оның бүкіл шеттегі қызметтерімен таныс болады.

Романның «Шындық таласта туады» бөлімінде кеңеске түскен үш-төрт адамның тергеу бойынша сұрақтарына нақты, анық, тәпіштеп сенімді түрде жауап бергеніне бастығы генерал Манап Төлеуов риза болады.

Мұқан Бертаевтің байқағыштық қасиеті «Құрмет тақтасындағы сурет» бөлімінде суреттеледі. Туфлиі жыртылып етік шеберханасына барып, аяқ киімін жөндетіп шығып бара жатқанда құрмет тақтасында тұрған суреттегі адамды біреуге ұқсатады. Көзі алдамапты. Ол сурет соғыс кезінде із-түзсіз жоғалған Чобанов деген жасырын атпен жүрген қылмыскер Н. Жаванов екенін анықтайды. Басында өзіне жақсылық жасаған, құрмент тақтасында тұрған Човановты жамандыққа қимады. Алайда, өкінішке орай тергеу нәтижесі Човановтың адам қанын мойнына арқалаған қылмыскер Н. Жаванов екенін анықтайды. Мұқан Бертаев осының бәрін анықтағанда жеркеніштен Н. Жавановтың жөндеп берген туфлиін шешіп лақтырып жібергісі келді. Осыдан Мұқанның жамандыққа жаны қас адам екенін білуге болады.

Детектив жанрындағы басты кейіпкерлер із кесуші мен қылмыскердің бір – бірімен арбасуы бейнеленеді. Құды бір шахмат ойынының ойыншылары сияқты қылмыскер өз ізін жасырып, із кесушіні шытырманға түсіріп адастырмақ болады. Ал, із кесуші логикалық топшылаулар мен тұжырымдарға, фактілерге сүйене отырып құпияны әшкерелейді. Қылмыс әлемі мен көркем ойлаудың образды түрде астасуын шытырман оқиғалар арқылы ашып

көрсеткен Сәуірбек Бақбергеновтің «Қан тозаң» туындысында тергеуші Мұқан Бертаев талай жыл жасырын жатқан құпияның түйінін шешіп, қылмыскерлердің қылмысын әшкереледі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Детектив жанрының шығу тегі мен даму тарихы. /Д. Әбдіқадырқызы//Қазақ тілі мен әдебиеті.-2005. №3. -102-110 б.

2. Детектив жанры және С. Бақбергеновтің «Қан тозаң» романы./М.Шотаев//Яссауи университетінің хабаршысы. Қоғамдық ғылымдар сериясы. 2002.-№1. -23-26 б.

3. Кестхейн Т. Анатомия детектива. – Будапешт: Корвима, 1989. -262. С.

4. Бақбергенов Сәуірбек. Қан тозаң: Роман. –Алматы: жазушы, 1982.-288 б.

ӘОЖ 376

ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАНҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЗБАШАША СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМЫТУ

Советхан М. студент, **Азанбекова Г.Т.** магистр, аға оқытушы
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

E-mail: *Monti_27-06@mail.ru*

Мақалада зияты зақымдалған балалардың жазбашаша сөйлеу тілін дамыту жолдары мен қажетті қолдау және көмек көрсету қарстырылған. Ғалымдардың ПДТ балаларды зерттеулері мен оларды топқа бөлуі, зияты зақымдалған балалардың топтастырылуы, деңгейлеріне арналған диктант түрлері ашып көрсетілген. Балалардың үлкен адамдар айтқан жеке сөздері мен тіркестерін соларға еліктеп айта білуін дамыту жолдары, көмекші мектептердегі оқушыларының оқу білім деңгейіне сәйкес педагогикалық топтастыруын әзірлеп, енгізілген.

Тірек сөздер: *хромосома, микроцефалия, фенилкетонурия, дебил, имбецил, нақұрыстық, фронтальді, психодиагностика*

В данной статье рассматривается пути развиия письменной речи детей с нарушениями интеллекта, оказание необходимой поддержки и помощи. Исследование детей с нарушениями интеллекта и их разделение на группы. Для детей с нарушениями интеллекта предусмотрены различные виды диктантов. Развивать у детей умение подражать произносимые взрослыми личные слова и фразы. Разработаны педагогические группировки учащихся вспмогательных школ в соответствии с уровнем учебных знаний.

Ключевые слова: *хромосома, микроцефалия, фенилкетонурия, дебил, имбецил, идиотия, фронтальная, психодиагностика, олигофренопедагогика, логопедия, сурдопедагогика*

This article discusses the ways of development of writing children with intellectual disabilities, providing the necessary support and assistance. Study of children with intellectual disabilities and their division into groups. For children with intellectual disabilities there are different types of dictations. Develop children's ability to imitate personal words and phrases spoken by adults. Pedagogical groups of pupils of secondary schools were developed in accordance with the level of educational knowledge.

Key words: *chromosome, microcephaly, phenylketonuria, moron, imbecile, idiot, front, psychodiagnostics, oligophrenopedagogy, speech therapy, surdopedagogy.*

Сен де бір кірпіш, дүниеге Кетігін тап та, бар қалан! Қазақстан зайырлы мемлекетінде өсіп, білім нәрін алып, өз-өзіне сенімді, дүниедегі өз орнын табуға және болашақ ұрпақтың жігерлі де батыл болуына мектептің беретін білім нәрінің орны бөлек. Қазіргі кезде біздің елімізде ерекше балалар саны көбейіп келеді. Бұндай балалармен жеке дара немесе арнайы сабақтар жүргізу арқылы оларды қоғымымызға өз үлестерімен, сан қилы ерекше өнер табыстарды ойлап табуларына

мемлекетіміз қол ұшын беруде. Бүгінгі таңда ерекше балалармен арнайы мамандар, яғни дефектологтар қосымша жұмыс жүргізеді. Қазіргі күні біздің елімізде педагогика ғылымының арнайы педагогика саласы даму үрдісінде және терең зерттеліп жатыр. Бұған айғақ қазіргі таңда ерекше білімді қажет ететін балалар санының күннен күнге артуы. Осыған орай біздің қарастыратын мәселеміз «Зияты зақымдаған балалардың жазбаша сөйлеу тілін дамыту».

Зиятында ауытқулықтары бар адамдар бойындағы кемістіктің ерекшелігі жоғарғы психикалық функцияның мінез бен іс-әрекетті бейнелеу және реттеудің бұзылуы. Бұл танымдық процестердің бұзылуында (сезу, қабылдау, есте сақтау, ойлау, елес, сөйлеу тілі, зейін), сезімдік - еріктік сфера, моторикасында және тұлғалық дамуындағы жетіспеушіліктер мен сипатталады.

Зият ауытқуларының себептері: тұқым қуалаушылық аурулар (микроцефалия, фенилкетонурия, т.б.), хромосомалық құрылымы және санындағы бұзылыстар (Даун синдромы, Кляйнфельтер, Шерешевский -Тернер синдромы) т.б.. Сонымен бірге ұрықтың жатырішіндегі даму кезінде әсер ететін әр түрлі патогендік факторлар тудырады.

Дебилдік - ақыл ой кемдіктің жеңіл түрі. Ақыл ойы кемдіктің 70-80% осы топты құрайды. Дебилдік деңгейдегі олигофрен-балалар қалыпты дамитын құрдастарынан барлық жағынан артта қалып қояды. Олар кеш жүреді, сөйлейді, кеш уақытта өзін-өзі күту дағдысын меңгереді. Бұл балалар епсіз, әлсіз, тез ауырады. Оларда айналасындағы қызығушылықтары өз бетімен қалыптаспайды, заттарды зерттемейді, ол туралы үлкендерден сұрамайды, табиғатта және әлеуметтік өмірде болған құбылыспен процестерге немқұрайлы қарайды.

Ресей Білім беру академиясының коррекциялық педагогика институтының қызметкерлері В.В.Воронкованың жетекшілігімен көмекші мектептердегі оқушыларың оқу білімдер деңгейіне сәйкес педагогикалық топтастыруын әзірлеп, енгізілген. Ақыл-ойы кем балалардың оқытылуының негізгі көрсеткіштері:

1. Ойлау кабілетінің жалпылығы, соның ішінде білім мен икемділіктің жаңа жағдайларға байланысты көшірілуі.

2. Ойлау қабілетінің сөйлеу-логикалық және практикалық компоненттерінің байланысымен анықталатын саналылығы.

3. Тапсырманы шешудегі өзінділігі.

4. Оқушылардың көмекті қабылдауы, олардың үлкендер жағынан берілген көмектің мінезділігі мен көлеміне реакциясы[1].

Осы көрсеткіштер негізінде оқу материалдарын қабылдау мүмкіншілігіне қарай оқушыларды төрт топқа бөлуді ұсынады.

1 топ. Фронтальді оқу процесінде бағдарлама материалдарын жақсы меңгеретін оқушылар. Барлық тапсырмаларды олар өздігімен орындайды, негізінен жаңа жұмысты орындағанда бар тәжірибесін дұрыс қолдана біледі. Өздерінің іс-қимылдарын сөзбен түсіндіре білуі олардың бағдарлама материалдарын дұрыс кабылдағандарын дәлелдейді. Оларға жалпылықтың кейбір деңгейлері тиімді. Алынған білім мен дағдыларды бұл оқушылар практикасында басқаларға қарағанда табыстырақ қолданады. Салыстырмалы күрделірек тапсырмаларды орындағанда оларға үлкендердің белсендіретін шамалы көмегін қажет етеді.

2 топ. Бағдарламаның негізгі талаптарын қиыншылықпен орындайды. Оқу барысында бұл балалар бірінші топтың оқушыларына қарағанда біршама үлкен қиыншылықтар сезінеді. Олар негізінен мұғалімнің фронтальді түсіндіргенін ұғады, өйткені материалды есте сақтайды, бірақ көмексіз қарапайым жалпылаулар мен қорытындыларды жасай алмайды. Олар жұмыстардың барлық түрлерін өздігінен аз орындайды. Олар мұғалімнің белсендіретін және де ұйымдастырушылық көмегін бірдей қажет етеді. Білімнің жаңа жағдайға көшуінде негізінен қиналмайды. Бірақ оқушылардың жұмыс темпі төмендейді, маңызсыз көмекпен дұрысталынатын қателер жібереді. Өздерінің іс-қимылдарын түсіндіру екінші топтағы балаларда жеткіліксіз нақты, жалпылықтың төменгі деңгейінде ашық бағдарлама ретінде беріледі.

3 топ. Оқушылар жеңілдетілген оқу бағдарламамен оқытылады. Көмектің түрлерін қажет етеді (сөздік - логикалық, көрнекілік және құралдық-практикалық). Бұл оқушыларға қайталап айтылған материалдарды жеткіліксіз қабылдауы тән (ережелер, теориялық дәлелдемелер, деректер). Оларға тақырыпта екіншілік және негізгі бөлімдер арасындағы байланыстарды анықтау қиын.

Фронтальді сабақта материалды жақсы түсіне алмайды, қосымша түсіндіруді үнемі қажет етеді. Жұмысты өздігінен орындауы төмен, материалды қабылдау темпі екінші топқа қарағанда аса төмен.

4 топ. Бұл топтың балалары пәндердің негізгі мағыналылығын қабылдай алмағандықган жеке бағдарламамен оқытылады. Оларға жазылған хаттың негізін түсіну үшін карапайым санауға, оқытуға қажет ен төменгі жүйесі арналады. Бұл балалар жаттығулардың үлкен санын орындайды. Оқытуға қосымша әдістерді енгізуді, жұмыс уақытында бірыңғай бақылау мен бағыт беріп отыруды қажет етеді. Кейбір деңгейде өздігінен қорытынды жасау, өткен тәжірибені қолдануға олардың мүмкіндігі жоқ. Оқушыларға кез-келген тапсырмаларды орындау үшін бірнеше рет нақты түсіндіру керек. Олар өздерінің жұмысындағы қатені көрмейді, байқамайды, әрбір келесі тапсырманы жаңа қалыпта қабылдайды. Білімдері таза механикалық бекітіледі, тез ұмытылады. Бұл топтағы балаларды әлеуметтік қолдау мақсатында оқыту кажет [1].

Үлгерімі төмен балалар тобында 50% дейін психикалық дамуы тежелген балалар кездеседі. Психикалық дамуы тежелу себептері ми қыртысының минималды, функционалды зақымдануы немесе балалардың ұзақ мерзімде әлеуметтік депривацияга ұшырауы т.б. Бұл балалардың эмоция-ерік сферасын, таным іс-әрекетінің дамуы, тежелуі, оның сапалы ерекшеліктері педагогикалық түзету шаралар арқылы орнына келуі, жөнделуі мүмкін.[2]

1960-1970 жж. жалпы білім беру жүйесінде өткен реформалар мектептердегі оқу бағдарламаларын күрделендірді. Бұл шаралардың салдарынан оқуда үлгермейтін оқушылардың саны көбейіп, ғалымдарды бұл жағдайды зерттеуге шақырды (Т.Е.Сухарева, Т.А.Власова, М.С.Певзнер, В.И.Лубовский, В.И.Лебединская т.б.).

Психикалық дамуы тежелген балалар деген терминді Т.Е. Сухарева өз зерттеуінің нәтижесінде ұсынған. Психикалық дамуы тежелген баланың жатыріштегі және ерте жастағы соматикалық аурулардың және тағы басқа патогенді фактордың әсерінен пайда болды. Қазіргі кезде дифференциалды психодиагностиканың дамуына байланысты психикалық дамуы тежелген балаларды психологиялық - педагогикалық зерттеулер үлкен жетістіктер мол нәтижелерге қол жеткізген.

Қ.С.Лебединская психикалық дамуы тежелген балалар этимологиялық принциптер негізінде 4 топқа бөлген:

1 топ-конституционалдықтежелу

2 топ-соматогендіктежелу

3 топ-психогендіктежелу

4 топ-церебралды-органикалықтежелу.

Психикалық дамуы тежелудің барлық түрі бір-бірінен құрылуынан және инфантилизмнің құрылысы мен нейродинамикалық бұзылыстарымен сипатталады. Психикалық дамуы тежелген балалардың жалпы ерекшеліктері:

1. Психикалық дамуы тежелген балалары арнайы оқыту жағдайларын қажет етеді;

2. Қалыпты дамыған балаларға қарағанда психикалық дамуы тежелген балалардың жұмыс қабілетінің көлемі төмен;

3. Ауызша сөйлеуіндегі кемістіктер:

- ызың және ысқырық дыбыстардың бұзылуы;

-фонематикалық естудің және фонематикалық қабылдаудың жетіспеушілігі;

- анализаторлардың жұмысының жетіспеушілігі, кемшілігі.

- сөздік қорынын шектелуі;

- байланыстыра-логикалық сөйлеудің бұзылуы.

4. Жазбашаша сөйлеуінде психикалық дамуы тежелген балалар ерекше қателер жібереді. Себептерінескереотырыптоптарғабөлугеболады.

- Фонематикалықестудіңжетіспеушілігі;

- Дыбыстыталдауыныңдамымауы;

- Лексикалық-грамматикалықсөйлеудіңтолықдамымауы[1].

Зияты зақымданған бала үшін сөйлеу тілін дамытудың ең тиімді жолы: Ойын кездерінде өздеріне таныс «Қуырмаш», «Саусақтай балақан», «Әлди- әлди» тақпақтарының, өлеңдерінің мазмұнына сай қимыл-қозғалыс әрекетін орындай білуін, оқу мен әңгімелесу кезінде халықтық

шығармашылық өлең-тақпақтардың әуені мен ырғағына көңіл бөлуін дамыту керек. Белсенді сөздік қорын дамыту. Балалардан жиі естілетін дыбыс тіркестері мен сөздерге еліктей білуін қалыптастыру қажет, таң қалуды, қуануды, ренжуді т.б. білдіретін дауысырғақтарын айтқызу керек. Балалардың үлкен адамдар айтқан жеке сөздері мен тіркестерін соларға еліктеп айта білуін дамыту керек. Балалардың белсенді сөздерін (күнделікті тұрмыста пайдаланатын ыдыс- аяқ, киім- кешек атауларын) тиісті жерлерде пайдаландырып отыру арқылы орнықтыра түсу керек. (Қуыршаққа не киіндіреміз? Мысықты немен тамақтандырамыз? т.б.) заттарды айрықша ерекшеліктері бойынша жинап қана қоймай, оларды жалпы атауы мен атай білуге үйрету керек. Мысалы: қуыршақ деп машина т.б. жануарларды, адамның оларға қатынасын бейнеленген суреттерді көрсетіп, өз көргендерін айтып беруге талпындыру керек. Суретті кітапты қарап, ондағы суреттерді атай білуге үйрету. Баланың дауысты (а,у,и,о) және дауыссыз (м,б,п,т,д,н) дыбыстарды анық айта білуін қалыптастыру керек.

Баланың күнделікті тұрмысында жиі ұшырасатын киімдер ыдыстар, ойыншықтар, көкеністер мен жемістер, үй жануарлары, үй құстары аттарын белсенді түрде қолдана білуге үйрету керек. Іс-әрекеткеқатысты (жуыну, сүрту т.б.), сондай- ақ сапалық мезгілдік, көлемдік, кеңістік ұғымдарға байланысты сөздерді меңгерту керек. Балаларды дұрыс сөйлеуге үйрету, сөйлеуде бастауыш пен баяндауыштың орын тәртібін сақтап айтуға үйрету. Балалардың асықпай, анық, айқын сөйлеуін үнемі бақылап отыру керек.Дыбысқа еліктеу жаттығуларын жасату арқылы сөзді ақырын,тез, қатты айтуға, дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету керек[3].

Зияты зақымданған балаға деңгейіне қарай жеңіл шағын диктант жаздыру арқылы жеке сабақтарда неге көңіл бөліп назар аудару керек екенін белуге болады. Бұл балалардың сауатты жазуын, сабаққа деген қызығушылығын арттырады.

Диктант түрлері: сөздік диктант, өзіндік диктант, бақылау диктанты, еркін диктант, терме диктант, шолу диктант, суретті диктант.

Сөздік диктант. Оқушыларды деңгейлеріне қарай топтастырып отырғызып алып, белгілі бір тақырыпқа байланысты сөздерді оқып шығу, ал деңгейлері күрделі зияты зақымданған оқушыларға тақтаға немесе үлестірмелі қағазға жазып, соны көшіріп жазу.

Суретті диктант. Бұл диктантты түрлендіріп өткізуге болады. Мысалы суреттегі заттың атын

ататып,ондағы сөзде неше дыбыс болса, сонша тор көз сыздыру. Немесе суреттегі заттарды атап, дауысты дауыссыз дыбыстарды көк не қызыл дөңгелекпен белгілеу, суреттегі заттарды буынға бөлгізіп жаздыру. Айтып отырып жазу әдісін қолдану.

Шығармашылық диктанты. Үйрету диктанттар ішінде мазмұн, құрылым, әдіс-тәсіл жағынан ең күрделісі оқушылардың ойлау қабілетін, сөздік қорын білім деңгейімен өздігінен жұмыс істеудегі шеберліктерін арттыру көрсеткіші. Бұл диктанттың көп нүктенің орнына

тиісті әріптерді қою, сөздерді дұрыс орналастыру арқылы сөйлем құрау, басы жазылған мәтінді аяқтау сияқтыбасқа диктанттарға ұқсамайтын өзгешеліктер болады. Мысалы: 1. Ауамен, біз, дем, аламыз. 2. Ауа, денсаулыққа, таза, пайдалы, өте. 3.Үйдің, таза, ауасын, әр уақытта, сақтаңдар. 4. Жиі, терезені, тұрыңдар, ашып. Бұл жерде сөзді дұрыс орналастыру арқылы сөйлем құрап жазу керек.

Терме диктант. Бұл диктант түрі белгілі бір ережені оқушылардың қалай меңгергенін байқау үшін сабақ үстінде жүргізіледі. Мұғалім диктант мәтінін оқыр алдында қандай ережеге көңіл аудару керек екендігін ескертеді. Оқушылар мәтінді дұрыс жазбашай, мұғалім оқып тұрған мәтіннен әркім өзінеберілген тапсырмаға лайықты сөздермен сөз тіркестерін немесе сөйлемдерді теріп жазады. Мысалы, оқушыларды үш топқа бөліп деңгейлеп тапсырма беру.

I топ: заттың қимылын білдіретін сөздерді теріп жазу.

II топ: тасымалдауға болмайтын сөздерді теріп жазу.

III топ: жіктелген сөздерді теріп жазу.

Өздік диктант. Бұрыннан белгілі мәтінді жазу үшін қолданылады.

Бұл сын жұмысын жазу оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытады.

Еркін диктант. Оқыған текстің мазмұнын оқушылардың өз беттерімен жазу үшін беріледі. Сын жұмысының бұл түрі оқушылардың тілін байытады, дұрыс, қатесіз жазуға төселдіреді.

Оқушыларға текстi бір рет оқып беріп, біреуіне мазмұнын айтқызып, содан кейінеркін диктантты жаздыру керек. Еркін диктант жаздыру шығарма, мазмұндама жаздыруға үйретеді.

Шолу диктанты. Бұрын оқып кеткентақырыптарды пысықтау үшін қолданылады.

Бақылау диктанты. Орфография мен пунктуациясын және грамматикасын, оқушылардың білімін сынау үшін, олардың қандай дәрежеде сауатты екенін білу үшін жүргізіледі. Сын жұмысының тексті балалардың білім дәрежесіне сай болуыкерек.Зияты зақымданған балалары бар сыныптардағы жазбаша жұмыстарының тағы бір түрі – мазмұндама.

Дайын әңгіме бойынша мазмұндама. Бұл мазмұндама алдын ала дайындалған әңгіме бойынша жазылады.

Сурет бойынша мазмұндама. Мұндай мазмұндаманы жазу балаларға сурет мазмұнын үйретеді. Мақсаты: бірізділікке баулу, оқиға желісін ауыстырмай, ретімен жазу. Суретті мазмұндама оқушы шығармашылығын дамытуды жетілдірер бір құрал[4].

Қорыта айтқанда, зияты зақымданған балаларға берілетін тәрбиесінің сан -саласы, күрделі мәселелеріне терең бойлауға, күнделікті тұрмыста кездесетін дағдылар арқылы балалардың жан дүниесіне әсер ететін тәрбие мен білімді – ұстаз бен ата-анасы бірлесіп беруі дұрыс және оқушыларға берілетін білімнің ең маңызды бөлігі басталатыны – бастауыш сыныпта. Оқушы бастауыш сыныпқа келгенде баланың қабілеті мен оның икемін және оған қосымша қандай көмек керек екенін анықтауға болады. Бастауыш сыныпқа келген зияты зақымданған баланың сөйлеу тілін ғана емес жазбаша тілінде нақты қалыптастыру басты міндет деп түсінеміз. Зияты зақымдаған баладардың жазбаша тілін дамыту үшін жазбаша тілін дамытуда жаңа технологиялар қолдану. Зияты зақымданған балалардың деңгейлеріне байланысты оқушыларды топтастырдық: Суретке қарап сөз жаз, мәтін жазу, сөзжұмбақ, түсінік жазу, диктант. Зияты зақымдаған балалардың есте сақтауын және сауатты да көркем жазуына әр түрлі жұмыстар бар, ең маңыздысы диктант. Тек қана диктанттың түрлері арқылы қатесіз көркем, грамматикалық ережелерді қалай білгенін және нелерді шала меңгергені байқалады. Зияты зақымданған балаға деңгейіне қарай жеңіл шағын диктант жаздыру арқылы жеке сабақтарда неге көңіл бөліп назар аудару керек екенін белуге болады. Диктант мынандай түрде болады: әріп, буын, сөз, сөздік, ескерту, шығармашылық, көру, өздік, суретті, терме, графикалық, есту, бақылау диктанттары. Мақсатына қарай оларды өткізудің де тәсілдері түрлі-түрлі. Оқушыны қатесіз жазуға үйрету үшін мұғалім олардың жіберген қателерін дер кезінде көріп, онымен нақты, тиянақты жұмыс істеуі тиіс. Дұрыс сауатты жазуға төселдіру үлкен шеберлікті қажет етеді. Диктант түрлері белгілі бір грамматикалық ережелерге сай жүргізіледі. Ең алдымен ережені түсіндіріп алып, содан кейін ережеге сай келетін сөйлемдер айтып, оқушыларға жаздыру керек. Бұл түсіндірме диктант есту арқылы болады және көру арқылы жазатын түрлері де бар. Ол былай жүргізіледі, алдымен кітаптан бір үзінді алып, оны оқытып, оқығаннан кейін жатқа жаздыру, олардың қаншалықты дұрыс жазылғанын тексеру қажет және тақтаға тақырыпқа байланысты күрделі сөздер жазып, оны көшіріп, қайта дәптерге жаздыру.

Зияты зақымданған баланың жазбаша сөйлеу тілін дамыту барысында ұстаз бен ата-ананың алатын рөлі көп. Сөйлеу тілі қалыптасқан болсада, олардың жазбашаша тіліне үйрету кезінде баланың таным қабілеті баяу қалыптасуына байланысты - олар әріптерді ажырата алмайды. Сол себепті таным қабілетін жақсартатын, есте сақтауын, ой – өрісін дамытуда диктант жазғызады. Баланың деңгейіне қарай жоғарыда айтылған диктанттар қолданылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Байтұрсынова А.А. Арнайы педагогика: проблемалармен даму болашағы. Алматы., 2008.

2. Аксенова А. К. Методика обучения русскому языку во вспомогательной школе. – М., 2004.

3. Ляудис В.Я., Негурэ И.П. Психологические основы формирования письменной речи у младших школьников.-М., 1994.

ӘОЖ: 373.1.02.37

БОЛАШАҚ ДЕФЕКТОЛОГ МАМАННЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ

Сыдықова Б.Т. ПҒК, қауымдастырылған профессор (доцент)**, Бекмухаметова А.А.**
магистрант
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті Талдықорған қ.

E-mail: *aru_jan02@list.ru*

Мақалада болашақ дефектолог мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселелері сөз болады. Кәсіби құзыреттілік дағдыларының, іскерлік сапасының жаңа үрдістері зерделенеді. Осы тақырып бойынша арнайы педагогикалық еңбектер қарастырылды.

Тірек сөздер: *дефектолог маман, кәсіби құзыреттілік, дербестік, тұлғалық.*

В данной статье освещаются проблемы формирования профессиональной компетентности будущих специалистов дефектологов. Изучаются новые навыки, деловые качества профессиональной компетентности. По данной теме было изучено специальная педагогическая литература.

Ключевые слова: *дефектолог специалист, профессиональная компетентность, самостоятельность, личность*.

This article highlights the problems of formation of professional competence of future specialists of defectologists. New skills and professional competencies are being studied.. Special pedagogical literature was studied on this topic.

Key words: *speech pathologist specialist, professional competence, independence, personality.*

Қазіргі таңда болашақ педагогтың маман ретіндегі кәсіби дайындығы оның құзыреттілігімен байланысты. Бұл жерде педагогикалық оқу орнының түлектері кәсіби қызметтің жаңа түрлерін практикалық жағынан меңгеру барысында қаншалықты білім мен білікке ие болды деген сұрақ туындайды. Осы меңгерген білімі мен білігі жас маманның кәсіби құзыреттілігін жоғарылатуда педагогикалық қоғамда қалыптасқан нормаларға дайындығын білуде шешуші роль атқарады.

Бүгінгі таңда жас ұрпақ тәрбиесін жаңаша жүргізу үшін жаңа Қазақстан құру жағдайында жан-жақты дамыған, дербес, интеллектуалды тұлға қалыптастырудың маңызы зор. «Ертеңін ойламаған ел азады» дейді халық даналығы. Барын бағалап отыратын, ұрпағына үмітке сай білім беріп, тәрбиелейтін ел озады. Нұрсұлтан Назарбаевтың ұсынысымен «Инттелектуалды ұлт - 2020» ұлттық бағдарламасының басты мақсаты - қазақстандықтардың жаңа буынын тәрбиелеу, өйткені бүгінгі ғаламдық дамудың арқа сүйетін негізгі байлығы - бәсекелестікке қабілетті адам капиталын қалыптастыруға негізделген. Қазіргі кезде кез келген мемлекеттің табысы - оның жер көлемі мен табиғи қорларының көптігінде емес, бәрінен бұрын адам мүмкіндіктерінің сапасына байланысты. Білімі қаншалықты жоғары мемлекеттің бүгінгі әлемдік қауымдастықта бәсекелестікке қабілеттілігі соншалықты биік болмақ.

Бүгінгі күні қоғам алдымызға жоғары білімді маманды дайындауда қатал талаптар қойып отыр: ұжымда жұмыс істей білу, еңбек нарығында бейімделе білу, үздіксіз білімін жетілдіру, білім беру ұйымының даму стратегиясының өзгеруіне байланысты мамандығының бейінін өзгерту, педагогикалық технологияларды меңгеру, ақпаратпен жеке жұмыс істей білу, шешім қабылдай білу, сонымен қатар, өз қызметін жобалап, одан нәтиже алуға қабілетінің болуы. Адамды тұтастықта тұлға деп тану қоғамды жаңаша құруға мүмкіндік береді. Өзін-өзі үздіксіз дамытып, өз әрекетін өзі дұрыс бағалай алатын тұлғалар ғана бәсекелестікке қабілетті қоғамда

өз тиесілі орнын таба алады. Бәсекеге қабілетті, дербес, жан-жақты дамыған, иманы жүрегінде жастар тәрбиелеу мәселесі қазақстандық педагог-психолог ғалымдардың еңбектерінде тереңінен зерделеніп, қарастырылған. (И.И. Махмутов, П.Б.Есимов, Қ.Б. Жарықбаев, Г.Е. Альмухамбетова, С.С. Жумашев П.И. Пидкасистый, М.А. Холодная, Л.С. Рубинштейн, Б.Г. Ананьев т.б.).

Құзыреттілік ұғымы «білім», «білік» және «дағды» (ББД) сияқты ұғымдарды қамтиды. Құзыреттілік - бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Ол, ең әуелі мектептегі оқыту үрдісінде қалыптасады. Оқытудағы құзіреттілік тәсіл білім беру нәтижесі ретіндегі оқыту сапасын қамтамасыз етеді, ал ол өз кезегінде кешенді әдіс-тәсілдерді жүзеге асыруды, мектептегі оқыту сапасын бағалаудың біртұтас жүйесін құруды талап етеді. Демек «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын мектептегі педагогикалық тәрибеге енгізу білім берудің мазмұны мен әдістерін өзгертуді, іс-әрекет түрлерін нақтылауды талап етеді.

Құзырет - нақты пәндік салада нақты әрекетті тиімді орындау үшін қажет болатын спецификалық қабілет және оның қатарына арнайы білімдер, ойлау тәсілдері, өз іс-әрекетіне деген жауапкершілікті түсіну де енеді.

Құзырет - өзінің бойындағы белгілі бір білімі мен дағдысы арқылы шешім қабылдауға қатысуға немесе өз бетімен мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін лауазым иесінің жеке мүмкіншіліктері, оның біліктілігі (білімі мен тәжірибесі).

«Құзыреттілік» ұғымы қолданыстағы білім, білік дағдыдан айырмасын осылайша ажыратуға мүмкіндік берді: а) білімнен айырмасы - білім жөніндегі ақпараттық сипатта емес, өнімді әрекет формасы түрінде байқалады; г) дағдыдан айырмасы - оқыған материалды топтастыра, құбылыстарды, заңдылықтарды шығармашылықпен пайдалана отырып өзгерте алатын саналы әрекет; д) құзыреттіліктіліктен айырмасы - дағдыға автоматты түрде жету немесе алмастыру емес, керісінше бірнеше пән дағдыларын кіріктіру, жалпы іс-әрекет негіздерін сезіну.

Қазіргі педагогика саласында болашақ педагогтардың кәсіби құзырлылық деңгейін көтеруде, құзырлықтың бірнеше белгілері пайдаланылады. Олар:

- тұлғааралық және еңбектегі байланыс мәдениеті;
- өз қызметінде экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, адамгершілік, психологиялық аспектілерін меңгеру;
- практикалық кәсіби тапсырмаларды орындаудағы дайындығы;
- туындаған жағдайларға байланысты қандай да бар әдістерді қолдана білу мүмкіндігі.

Кембридж және Оксфорд университетінде жасалған түйінді құзыреттіліктер жүйесінің сипаттамасында құзыреттіліктер әртүрлі іс-әрекеттерді жүзеге асыруда, мысалы оқу және кәсіби іс-әрекетті орындау барысында дамиды деп көрсетіледі.

ЮНЕСКО құжаттарында 21 ғасырдағы білім берудің іргелі мақсат-міндеттері анықталған, олар: білім алуға үйрету (оқуға оқыту); жұмыс жасауға және ақша табуға үйрету (еңбектену үшін оқу, іс-әрекет жасай білу); өмір сүруге үйрету (проблемаларды шешу іскерлігі); бірге өмір сүруге үйрету (біріккен өмір сүру үшін оқу).

ХХғ басында атақты неміс педагогы П.Шуман былай деп жазған екен: баланың психологиялық дамуы неғұрлым төмен баса, соғұрлым мұғалімнің білім денгейі жоғары болуы керек. Педагогика тарихында Германия ең алғаш рет жалпы білім беретін мектептерде, білім беретін мұғалімдерді кәсіби дайындау курсын ашты. Дәл осы тұстарда, яғни еуропада тұңғыш мұғалімдер семинариясы, сонымен қатар Берменнің саңырау балаларға арналған мектебіне мұғалімдер даярлау курсы ашылды. Ресейде 1898 жылы педагог-дефектологтарды дайындау курсы Санкт-Петербургте басталды. Дамуында ауытқулар кездесетін балаларға дәріс беретін мұғалімдерді арнаулы мамандандырылған даярлыққа арналған курс ашпас бұрын ғасырлар бойы дәрігерлер, лингвисттер, дін қызметкерлерінен құралған практикалық-педагогикалық қызмет атқарылды. Қазігі таңда көптеген жоғары оқу орындары педагог-дефектологтар мен психологтар мамандырылған дайындық курсын өткізу бағдарламаларын ұсынуда.

Арнайы мамандарды оқытуды қарастыруда айрықша көңіл бөлген отандық ғалымдар: Х.С. Замский, А.И. Метт, О.В. Правдина, Ф.А. Рау, Н.А. Чевелев және т.б. Қазіргі заманғы ғалымдар болашақ дефектолог мамандарды дайындаудың және жеке аспектілерін жетілдіру мәселелерін талқылаған: Л.С. Волков, М.Н. Перова, В.А. Лапшин, С.Н. Шаховская және т.б.

Болашақ дефектолог маманның кәсіби қызметін әлеуметтік-педагогикалық, консультативтік, диагностикалық, психотерапевтикалық, түзету қызметі, мүмкіндігі шектеулі жандарға оның әлеуметтік бейімделуіне және арнайы (түзету) білім беру арқылы көмектесуді қамтиды. Дефектолог маман - ол ерекше белсенді, жігерлі, өзінің кәсіби қызметінің табысты нәтижесіне сенімді, мейірімді және сыпайы адам. Зерттеушілер арнайы маманның келесі қасиеттеріне баса назар аударады: эмпатия, толеранттылық, адамгершілік, мейірімділік, жоғары рухани мәдениет пен мораль және т.б.

Қазіргі кезде педагог-дефектологтың жеке тұлғалық қасиеттерін төмендегіше атап көрсетуге болады: -жалпы азаматтық сапа; -мұғалім мамандығын анықтайтын сапалар; -мамандық немесе пән бойынша арнайы білім, іскерлік, дағды. Осылайша, болашақ дефектолог маманның кәсіби құзыреттілігін дамытуда тек білім алумен шектеліп қана қоймай, өз тәртібін саналы түрде ұғыну, қоғамда, қарым-қатынас үрдісіндегі жаңа жағдайда бағдар таба алу, өмірлік жоспарда өз пікірлерінде, дүниетанымдық позицияларында, моральды ұстанымдарында, құндылықты бағдарланғанда сынилылық, құнды қасиеттерді қалыптастыру.

Болашақ дефектолог маманның мінез-құлықты тұлғалығы тәрбиенің обьектісі ретінде де, субьекісі ретінде де қарастырылады. Оның обьект болу себебі оның қалыптасуы сыртқы ықпал-әсерлерге, әсіресе, тәрбие секілді мақсатты әсерлерге тәуелді. Субьект болу себебі озық мінез-құлықты тұлғаның белсенділігінсіз, сыртқы ықпал-әсерлерге деген белсенді ықпалынсыз даму ілгері жүрмейді, тағы бір себебі: тұлғаның дамуы өзін-өзі дамыту процесінде ғана жүзеге асады, сондай-ақ озық мінез– құлық тұлғаның дамуында өзін-өзі тәрбиелеудің де алар орны ерекше (сол субьект қалағанындай озық мінез– құлықты тұлғаға тән белгілі бір қасиеттерін қалыптастыру мақсатында өз бетінше жұмыс). В.А.Крутецкий дидактикалық, академиялық, коммуникативті қабілеттерді, педагогикалық шығармашылықты және зейінді бөле алу қабіліттілігін көрсетеді.

Көрсетілгендермен қатар ең маңызды сәтті ерекшелеу қажет: аталған мәселелердің барлығын, болашақ маман Қазақстан азаматы ретінде ең бірінші орынға қойылып, білім беру процесі субъект-субъектілі болған жағдайда ғана шешуге болады. Білім беру процесі білім алушының тұлғалық мүмкіндіктерін ынталандырып және жетілдіріп отыруға міндетті.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде интеллектуалды даму мәселесі маңызды орынға ие. Интеллекттің педагогикалық, психологиялық, неврологиялық, т.б. теориялары бар.

Әл Фарабидің пікірінше, интеллектуалды тұлға болу үшін, яғни, ғылым адамы болу үшін бірнеше талаптар қояды: бірінші талап - ол адамның жан тазалығы; екінші талап - ар тазалығы; үшінші талап - бүкіл адамзатқа, өз халқына деген таза махаббаты; төртінші талап - ғылым мен білімге деген қалтықсыз құштарлығы. Осы шарттар орындалмаған күнде болашақ интеллектуалды адам философияны үйрене де, үйрете де алмайды деген.

Сонымен ғылыми әдебиеттерді талдай отырып, біз келесідей тұжырымға келдік: интеллекттің ғылыми концепциялары болашақ педагог маманның теориялық дайындығының негізі және олар болашақ педагог маманға төмендегідей білімдер береді:

-интеллектінің биологиялық, психологиялық және әлеуметтік мәнін білу;

- мұғалім оқушылармен бірлескен жұмыста олардың биологиялық интеллектісін ескеру қажеттігін білу;
- ортаның өзгеруі арқылы психологиялық интеллектіге әсер ету мүмкіндігі (мысалға, отбасы тәрбиесін түзету, сыныпта тәрбиелеуші орта құру және т.б.)
- әлеуметтік интеллектіге неғұрлым белсенді әсер ету мүмкіндігі;

-интеллект дамуы бірқатар интеллектуалды іскерліктермен байланысты екендігін білу (талдау,салыстыру,жалпылау, жүйелеу, топтастыру іскерліктері).

Тұлғаның бойында терең білім, ақыл, ой-өрісінен басқа әлемдік бәсекелестікке жауап беретін деңгейдегі интеллектік қабілеттердің болуы, оның ақпараттық технологияларды жетік игеріп, өз тілімен қатар бірнеше тілді жетік меңгеруі басты шарттарға айналып отыр.

Жеке тұлғаның рухани және мәдени қажеттіліктері білімге деген қажеттіліктен туады. Педагогикалық өзіндік білім алудың үздіксіздігі - кәсіби дамудың қажетті жағдайы. Танымдық қызығушылықтың негізгі факторларының бірі - өз пәніне деген қызығушылық. Қазіргі педагог ғылымның әр түрлі саласынан хабардар болу керек, ол өз пәнін жақсы біліп, әлеуметтік экономикалық, өндірістік, мәдени міндеттерді шешу мүмкіндіктерін сонымен қатар, жаңа зерттеулерді, жаңалықтарды, болжамдарды біліп, ғылымның жақын және алыс перспективаларын білуі қажет. Себебі, кәсіби құзыретті маман болу - терең білімді, жан-жақтылықты қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде: БОЛАШАҚҚА ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ СЕКІРІС // Егемен Қазақстан 2009, № 10. -3-4б.

2. Мұсабеков Ө. Тұлғаға бағытталған білім // Қазақстан мектебі, 2007, № 1. -Б. 24-25

3. Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация. - М., 2002.

4. Дмитриев А.А. К вопросу моделирования профессиональных компетенций бакалавра специального (дефектологического) образования // Сибир. пед. журн. 2013. № 3. С. 98-104.

5. Оспанова.Ә.Ә «Болашақ мамандарда жобалау құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары» Білім берудегі менеджмент журналы, А. 2012.

6. В.А.Сластенин. Педагогика: Учебное пособие для студентов педагогическихучебных заведений. М., 1997

ӘОЖ 37.015.3

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҒДАЙЫ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ

Танабаев Ө.М., А.М. Құлманбетов, Ж.М. Муратбеков, Т.И. Рахатов, М.К. Кажыканов
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,

E-mail:almas.kazakhstan.00@mail.ru

Қазақстанның білім беру жүйесі жақын арада дамыған елдердің білім беру жүйесімен бір қатарға шығады және олармен тең дәрежеде бәсекелесе алады. Білім беру біздің өміріміздің жоғары сапасының негізі болуға тиіс.

Тірек сөздер: *бастауыш және орта кәсіптік білім, адами капитал, педагогика, оқушы.*

Система образования Казахстана в ближайшее время будет реализована в рамках программы развития образования развитых стран. в один ряд с системой управления и в равной степени конкурировать с ними. Образование должно стать основой высокого качества нашей жизни.

Ключевые слова: *начальное и среднее профессиональное образование, человеческий капитал, педагогика, ученик.*

The education system of Kazakhstan will be implemented in the near future within the framework of the education development program of developed countries. on a par with the management system and compete equally with them. Education must be the Foundation of a high quality of life.

Key words: *primary and secondary vocational education, human capital, pedagogy, student.*

Қазіргі уақытта Қазақстан әлемдік қоғамдастық нарықтық экономикасы бар мемлекет ретінде танылды. Тәуелсіздік алған қысқа тарихи кезеңде Қазақстан жаңа прогрессивті технологияларды пайдалана отырып, әлемдік өркениетке интеграциялана отырып, экономикада серпіліс жасады. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму перспективалары

анықталды. Бұл тұрғыда қоғамның жаңа өмір деңгейінің негізін құрайтын және елдің маңызды факторлары, экономикалық қуаты мен ұлттық қауіпсіздігінің базасы болып табылатын Қоғамдық даму деңгейінің өлшемі ретінде қазіргі заманғы білім беру жүйесінің, адами капиталдың рөлі мен маңызы артады. Өз кезегінде, қоғамдық қатынастар жүйесіндегі өзгерістер білімге әсер етеді, одан ұтқырлықты және жаңа тарихи кезеңнің болмысына барабар жауап беруді талап етеді және тұтастай алғанда экономиканың даму қажеттіліктеріне сәйкес келуі тиіс. Қазақстандық білім беру жүйесі білім берудің ескірген әдіснамалық базасы, құрылымы мен мазмұны жағдайында дамып келеді, олар әлемдік білім беру кеңістігіне кезең-кезеңмен кіру үшін жеткіліксіз. Білім беру жүйесінің қазіргі жай-күйі бір жастан бес жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың ұйымдастырылған бағдарламаларымен толық қамтылмаған. Қазіргі заманғы жалпы білім беретін мектепте оқытудың мазмұны фактологиялық болып қала береді, пәндік тәсілге негізделген мемлекеттік стандарттар моральдық ескірген. Оқушының даралығына бағытталған құзыретті тәсіл жоқ. Мектепте оқыту оқушыға өмірлік жолын, қызығушылықтары мен болашағын таңдауға нақты позитивті уәждеме бермейді. Жоғары сынып оқушыларының тек 30% - ы ғана олардың қабілетіне сәйкес келетін кәсіби қызметті саналы түрде таңдайды. Демек, жоғары сынып оқушыларының 70% өзін-өзі бағалау төмен және өмірде дербестікке дайын емес. Сонымен қатар, ЮНЕСКО-ның зерттеулері мен соңғы бес жылдағы жалпы білім беретін мектеп түлектерінің тестілеу нәтижелері білім беру сапасының төмендеуінің тұрақты беталысын куәландырады. Орта білім берудің жоғары сатысында бейіндеудің жеткіліксіздігі жағдайында мектеп түлектері еңбек нарығында талап етілмеген болып қала береді. Бастауыш және орта кәсіптік білім жеке адамның, қоғамның қажеттіліктерін толық көлемде қанағаттандырмайды және техникалық қызметкерлер мен техникалық, қызмет көрсету және басқару еңбегінің орта буындағы мамандардың біліктілік деңгейіне қойылатын жаңа талаптарға негізделген кадрларды даярлау проблемасын шеше алмайды. Бастауыш және орта кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларының мазмұны біліктілік деңгейлері бойынша техникалық және кәсіптік білім беру туралы ұсынымдарда (ЮНЕСКО, 1974 жыл) көрсетілген қағидаттарға, білім берудің халықаралық стандартты сыныптамасы бағдарламаларының өлшемдеріне (БХСХСЖ, 1997 жыл) сәйкес келмейді.Жоғары білім беру жүйесінде сондай-ақ жекелеген теріс үрдістер арта бастады. Жекелеген жоғары оқу орындарының және олардың көптеген филиалдарының қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келетін интеллектуалдық, кадрлық, материалдық-техникалық әлеуеті болмаған кезде жоғары оқу орнына түсуге қойылатын талаптардың төмендеуі мамандар санының шамадан тыс өсуіне алып келді, бұл еңбек нарығын талап етілмеген кадрлармен артық қанығуына алып келді. Бұған тек тұрақты салалар мен тұтынушыларға бағытталған тар бейінді мамандықтар бойынша жаппай дайындық ықпал етті .Біздің білім беру бағдарламаларымызды және шетелдік аналогтарды өзара есепке алу тетігінің болмауы, білім туралы құжаттарды өзара мойындау студенттердің, оқытушылар мен қызмет көрсету және басқару еңбегінің мамандарының академиялық ұтқырлығын тежейді. Жаңа жүзжылдықтың басында елдің экономикалық жағдайының жақсаруы жалпы білім беру жүйесіне оң әсер етті: жаңа мектептердің құрылысы қайта басталды; білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға қаражат бөліне бастады. [1]

Алайда білім беру жүйесінің жағдайын түбегейлі өзгерту үшін бұл жеткіліксіз. Білім беру жүйесінің нарықтық экономика мен ашық азаматтық қоғамның қажеттілігінен айқын артта қалуы байқалады. Білім беру жүйесіндегі осындай жағдайдың негізгі себептері: білім беру сапасын түпкілікті бағалауда субъективтіліктің басым болуы оның барлық деңгейлерінде жекелеген жағымсыз сәттерді тудырды; білім беру жүйесінің жаңалықтарға бейімділігінің жеткіліксіздігі және оқыту сапасы жүйесін енгізуге тиісті уәждеменің болмауы.; өскелең ұрпақты мемлекет тарихын, мемлекеттік тілді, Қазақстан халықтарының ұлттық мәдени құндылықтарын білуге негізделген этномәдени және азаматтық бірегейлікті қалыптастыру тетіктерінің жеткіліксіз тиімділігі; материалдық-техникалық базаның, оқу-зертханалық жабдықтың, оқу және әдістемелік әдебиеттің қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келмеуі; кадрларды даярлау жүйесінде білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз етуде уәждеменің болмауы, кадрлардың кетуі, педагогикалық еңбекті материалдық ынталандырудың төмендеуі. [1]

Білім беру саласындағы қалыптасқан жағдай келеңсіз құбылыстарды, түбегейлі ұйымдық, құрылымдық қайта құруларды еңсеру, білім беру мазмұнын жаңарту және республика дамуының қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларына және жоғары дамыған елдердің озық тәжірибесіне сәйкес мамандар даярлау сапасын жетілдіру жүйелілігінің қажеттілігін куәландырады. Негізгі атрибуты Болон процесіне қосылу болып табылатын жоғары білім беру жүйесін жаңғырту бойынша шаралар жүргізілуде. Әлемдік экономиканың жаһандануы объективті шындыққа айналды. Бұл әсіресе еуропалық елдерде айқын көрінеді. Еуропалық Одақ экономикасының құрылымында жоғары білікті мамандардың келуін талап ететін еңбек нарығының қажеттілігіне әсер ететін ғылымды қажетсінетін салалардың ұлғаюы байқалады. Бірыңғай жалпы Еуропалық еңбек нарығын құру білім беру саласында барабар өзгерістер қабылдауды көздейді. Сондықтан ұлттық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне кірігусіз дами алмайды. Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму Стратегиясында Қазақстан Республикасының Президенті Н. ә. Назарбаев А. Назарбаев сегіз басымдықты атап өтті, оның ішінде - ғылыми және шығармашылық әлеуеті жоғары білімді халық. Қолда бар баға жетпес капиталды жан-жақты дамыту және оның дамуы үшін барлық жаңа және неғұрлым өркениетті жағдайлар жасау маңызды. Ел Президенті Ұлттық интеллект өзегін құру міндетін қойды:халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті білімді адамдар. Бұл бірнеше себептерге байланысты: біріншіден, білім беру жүйесі-бұл қоғамның барлық мүшелерінің мүдделерін қозғайтын экономиканың аз ғана салаларының бірі, екіншіден, білім беру жүйесінің елдің қоғамдық даму деңгейі мен қоғам өмірінің негізгі өлшемі ретінде адами капиталды дамытудағы маңызы артады,үшіншіден, білім беру жүйесі мемлекеттің экономикалық дамуы мен ұлттық қауіпсіздігі өсуінің маңызды факторы болып табылады. Қазақстанда білім берудің тиімді моделін қалыптастыру бойынша жүйелі және жүйелі жұмыс жүргізілуде. Ұлттық білім жаңа халықаралық стандарттарға көшу бағытындағы реформалаудың алғашқы әлеуметтік институттарының бірі болды. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша білім беру реформасының тұжырымдамасы әзірленді.Жүргізілген өзгерістер республиканың білім беру әлеуетін сақтауға және дамытуға мүмкіндік берді. Білім берудің жаңа ұлттық бәсекеге қабілетті моделінің стратегиялық және тұжырымдамалық бағдарлары: білім берудің халықаралық стандарттарына көшу, әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялау және білім беру қызметтерінің сапасын арттыру болып табылады. Білім берудің қазіргі моделін іске асыру үшін Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы әзірленді, оның басым бағыты инновациялық білім беру жобаларын әзірлеу, енгізу және тарату болып табылады. Қазіргі уақытта 12 жылдық білім беруді енгізу белсенді қарастырылуда. Н. А. Назарбаев 12 жылдық орта білім беру жүйесі 2020 жылға қарай іске асырылуы тиіс екенін айтты. 12 жылдық орта білім беруді енгізумен Қазақстан жаңа деңгейге шығып, әлемнің басқа дамыған елдерімен бір сатыға көтерілді. Еуропа Кеңесінің декларациясы бойынша, әлемдік білім беру кеңістігінде 12 жылдық орта білім 136 елде, оның ішінде АҚШ, Германия, Франция, Жапония және т. б. сияқты дамыған елдерде іске асырылады. Менің ойымша, Қазақстанның білім беру жүйесі жақын арада дамыған елдердің білім беру жүйесімен бір қатарға шығады және олармен тең дәрежеде бәсекелесе алады. Білім беру біздің өміріміздің жоғары сапасының негізі болуға тиіс. Білім - бұл еліміздің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін кілт. Бүгінгі күні біздің мемлекетіміздің мұғалімдер құрамы қызметінің маңызы зор, өйткені дәл осы педагог өсіп келе жатқан ұрпақтың дамуына үлес қосуға қабілетті, мен У. Черчилдің: "Мұғалімнің жұмысына кейде тіпті премьер-министр де қызығады"деген сөзін әрдайым есіме түсіремін. Бүгін өмірдің өзі оқытудағы жаңа идеялар мен жаңа тәсілдерді талап етеді. Әр педагог өз тәжірибесінде көптеген проблемалармен, қиындықтармен бетпе-бет келді, бірақ мұғалім атағы жоғары адам осындай мәселелерді шеше білуі тиіс. Ол үнемі оқыту мен білім беруде жетілдіруде жұмыс істейді. [2]

Оқушылар ҰБТ-да, олимпиадаларда жақсы нәтижелер көрсетіп отыр, алайда олардың оқытуында әртүрлі педагогикалық тәсілдер қолданылса, олар әлдеқайда үлкен нәтижелерге қол жеткізе алар еді. Курстарда оқу нәтижесінде мен өз тәжірибемде сабақ беру тәжірибесіне аса сын көзбен қарап, менің оқушыларымның жеке қажеттіліктерін түсіну және

жаңа педагогикалық дағдыларды, іскерлікті дамыту, әрбір оқушыға проблемаларды барынша сыни, тиімді және бірлесіп шешуге көмектесу қажеттігін түсіндім. Сондықтан да мен көшбасшы ретінде оқушыларды " сандық технологияларда құзыреттілік танытатын сыни ойлауы дамыған тәуелсіз, өзін-өзі уәждейтін, ынталы, сенімді тұлғалар ретінде қалай оқуға және қалыптастыруға үйретуге қабілетті көшбасшылар тобын өсіру қажет." Өйткені: " Жастарға жақсы білім алуға мүмкіндік беруіміз керек ". Бүгінде мемлекет ұстаздың кәсіби өсуі үшін педагогтарға барлық мүмкіндіктер береді. Өйткені: "Мектеп қызметін жетілдірудегі және оқушылардың табысты оқуын қамтамасыз етудегі өзекті тұлға мұғалім (Strong, ward&Grant, 2011) болып табылады. [2] Бүгін барлығы өзгерістер,өзгерістер туралы айтады,бірақ неге аз адамдар ең алдымен өз-өзіне өзгерту керектігін ойлайды. Маргарет Мид: "көптеген адамдар өз ісіне берілген ойлайтын адамдардың шағын тобы әлемді өзгерте алатынына күмән келтіреді. Шын мәнінде, тарих көрсеткендей, әрқашан да солай болып келеді " сондықтан да, әлем бізбен бірге өзгере берейік. Дьюи былай деді: «Егер әлемді өзгерткіңіз келсе-мектепке барыңыз және одан бастаңыз!» Жоғары білім сапасын тікелей өлшеу қиын екені белгілі. Сарапшылар білім беру сапасын анықтау үшін әртүрлі әдістерді қолданады,алайда олардың ешқайсысы осы бағыттағы жұмыстың толық көрінісін бермейді. Студенттер мен жоғары оқу орындарының түлектерін тестілеу жүйелі түрде жүргізіледі, онда нәтижелердің салыстырмалылығын қиындататын әртүрлі әдістемелер қолданылады және осындай процедуралардың әділдігі мен сенімділігіне күмән бар. ЖОО-ның ресурстық қамтамасыз етілу индикаторлары объективті (қаржыландыру деңгейі, оқытушылардың саны, оның ішінде ғылыми дәрежелері бар, бір студентке есептегенде, кітапхана қорлары, компьютерлердің болуы, Интернетке қол жеткізу және т.б.), бірақ олар осы мүмкіндіктер қандай шамада іске асырылып жатқанын айтуға мүмкіндік бермей, сапалы оқыту мүмкіндіктері туралы түсінік береді. Жоғары кәсіптік білім берудің сапасын бағалау жоғары оқу орындарының рейтинг жүйесі арқылы да жүзеге асырылуы мүмкін. Белгілі бір өлшемдер бойынша әртүрлі деңгейдегі оқу орындарының рейтингтерін жүйелі түрде құру жоғары білім беру жүйесінде бәсекелестік орта құрады. Оқу орындары сапаны басқарудың ішкі жүйесін құрып, қоғамның, жеке тұлғаның және еңбек нарығының сұранысына жауап беру үшін оны үнемі жетілдіріп отырады. Алайда бұл жағдайда рейтингті құру технологиясын нақты пысықтау қажет, өйткені оқу орындарының қызметін әділетсіз бағалауға жол бермеу қажет. Жоғары білімнің сапасы туралы белгілі бір ескертулермен ЖОО дипломының нарықтық бағасы бойынша айтуға болады. Жұмыс берушілер қабілетті және білетін қызметкерлерге қызығушылық таныта отырып, жоғары оқу орнының дипломын, өз бағдарламаларының жоғары деңгейімен, оқыту сапасымен және студенттердің біліміне және олардың оқу жоспарын орындауына талап қоя отырып бағалауы тиіс. Мұндай диплом, біріншіден, оның иегерінің кәсіби құзыреттілігінің куәсі болып табылады, екіншіден, күрделі академиялық бағдарламаны сәтті орындай алған диплом иесінің қабілетін анық растайды. Мұндай дипломдардың иегерлері жоғары ақы төленетін жұмыс алуға сенім білдіре алады, бұл ЖОО-ның кәсіби және қаржылық әл-ауқатын қамтамасыз ете отырып, студенттер үшін беделді және тартымды етеді. Осылайша, жоғары білім берудің сапасын арттыруға нарықтық ынталандыру еңбек нарығында туындайды.Білім беру әлемнің барлық өркениетті елдерінде негізгі басым бағыт және дамудың негізгі индикаторы болып табылады. Шын мәнінде, елдер тек тауарлар мен қызметтермен ғана емес, қоғамдық құндылықтар жүйелерімен және білім беру жүйесімен бәсекелесе алады. Қазақстан Республикасының әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 50 елінің қатарына кіру міндеті егер елде ғылымды қажетсінетін технологиялар білімі, басқарушылық дағдылары бар, нарықтық экономикаға бағдар жасай алатын жоғары білікті мамандар болған жағдайда, егер әлемдік нарықтық экономиканың қажеттіліктерін қанағаттандыратын білім берудің тиімді жүйесі құрылатын болса, шешілуі мүмкін.Білім берудің қазіргі заманғы жүйесі стратегиялық сипаттағы "білім туралы" Заң (1999 ж.), "білім беру" мемлекеттік бағдарламасы (2000 ж.), "2010 жылға дейінгі білім беруді дамыту стратегиясы" (2001 ж.) және "2005-2010 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы" (2004 ж.) сияқты құжаттармен бекітілген. Жаңғыртудың негізгі мақсаты жаһандану есебімен нарықтық экономика жағдайында

Қазақстанның білім беру жүйесін сапалы қайта құруды қамтамасыз ету болып табылады. Жаһандану туралы айтатын болсақ, бірыңғай халықаралық стандарт, бұл жағдайда білім беру стандарты.Қазақстандағы жоғары білім беруді дамытудың негізгі тармақтары, тиісінше негізгі бағыттары академиялық кредиттер жүйесіне негізделген кәсіби кадрларды даярлаудың үш деңгейлі жүйесін – бакалавриат – магистратура – докторантура (PhD) қамтамасыз ету, жоғары оқу орындарын аттестаттау, жоғары білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін құру, Қазақстанның кез келген азаматына жоғары білімге қол жеткізу, жоғары оқу орындарында сыбайлас жемқорлықты төмендету болып табылады. Экономикалық дамудың бәсекеге қабілеттілік индексінің 2008 жылғы Дүниежүзілік экономикалық форумының бағалауы бойынша Қазақстан Республикасы Жоғары білім беру және мамандарды қайта даярлау деңгейі бойынша 2007 жылы 57 орынға қарсы 59-орында тұр.Қазақстан Республикасының Жоғары білім беру жай – күйіне осы саладағы әлемнің алдыңғы қатарлы елдерімен жүргізілген салыстырмалы талдау көрсеткендей, мемлекеттік жоғары оқу орындары саны көп елдер, мысалы, Ұлыбритания – бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық индексі рейтингінде 10 – орын (3 жеке ЖОО – ға қарсы 86 мемлекеттік жоғары оқу орны), Швеция – 3-орын (37-қарсы 10), Финляндия-2-орын (20-қарсы 0), Франция-18-орын (82-қарсы 5), Германия-8-орын (338 - Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін, бірінші кезекте, өзінің табиғи және еңбек ресурстарын пайдалану қажет. Әлемдік білім беру кеңістігіне толық ықпалдасу білім беру жүйесін жаңа халықаралық деңгейге көтеруді талап етеді.Қазақстан Республикасы Қазіргі уақытта жоғары білім беретін білім беру (жоғары оқу орындарымен) нарықтың кеңеюі қиындықтарға тап болып отыр. [4]

Қазақстанда 15 миллионнан сәл астам тұрғынға 181 ЖОО тиесілі, олардың 51-і ғана мемлекеттік. Білім беру саласындағы әлемнің жетекші елдерінде, Ұлыбританияда 60,4 миллион халық санына 89 жоғары оқу орны келеді, Финляндияда 5,2 миллионға 20 жоғары оқу орны келеді, Чехияда 10,2 миллионға 66 жоғары оқу орны және т. б. келеді. Орта есеппен алғанда, Шығыс Азия, Еуропа, Ресей және батыс елдерінде халықтың саны 150 мыңнан 700 мың адамға дейін бір ЖОО келеді. Орта есеппен әлемде бұл көрсеткіштің арақатынасы 320 мың адамды құрайды. Айта кету керек, 181 қазақстандық жоо-да 775 мыңнан астам студент білім алуда, ал Канаданың 100 ЖОО-да 1,5 миллион студент немесе Ұлыбританияда 89 ЖОО-да 640 мың студент білім алуда. Бұл республикадағы халықты оқытумен қамту санындағы сәйкессіздіктің айқын мысалы. Қазақстандық жоғары білім берудің тағы бір өткір проблемасы орташа табысы бар азамат үшін ақы төлеу мүмкіндігінің шеңберінен шығатын білімнің қымбат құны болып табылады. Қазақстан үкіметі тарапынан білім беруге жұмсалатын шығыстар негізінен мемлекеттік жоғары оқу орындары шегінде шектеледі. Ал 2007 жылы мемлекет тарапынан білім беруге жұмсалатын жалпы шығыстар шамамен 3,8 млн. долларды құраса, батыс елдерінде бұл сандар әлдеқайда жоғары, Швецияда – 18,5 млн.доллар, Ресейде – 45 млн. доллар, АҚШ – та – 267 млн. доллар, Австрияда-15 млн. Жоғары білім беру жүйесінің әлемдік рейтингісінде Канада АҚШ - тан кейін екінші орынға ие. Бұл таңқаларлық емес: Канада білім беру жүйесін дамытуға басқа да көптеген дамыған елдерге қарағанда көбірек қаражат жұмсайды (ЖІӨ-нің 7,1% орташа көрсеткішке қарсы 6,1%).Көшбасшылыққа бағдарланған елдерде білім беру шығындары жоғары қарқынмен өсуде. XXI ғасыр үшін жоғары білім туралы Дүниежүзілік декларацияда білікті және білімді адамдардың сыни массасын жасайтын барабар жоғары білімсіз және қазіргі заманғы ғылыми-зерттеу мекемелерінсіз бірде-бір ел нақты тұрақты дамуды қамтамасыз ете алмайды. Жоғары білім жаппай сипатқа ие. Дамыған елдерде мектеп бітірушілердің жоғары оқу орындарына түсу деңгейі орта есеппен 68 пайызды, ал Солтүстік Америкада — 84 пайызды құрайды. Студенттер саны қарқынды өсуде. Егер 1960 жылы ЮНЕСКО-ның мәліметтері бойынша, олар әлемде 13 миллион болса, 1997 жылы шамамен жеті есе өсіп, 88,2 миллионды құрады. Қазіргі уақытта жүз миллион адам 14 мыңнан астам ЖОО-да білім алуда. Алғашқы жүз үздіктердің ішінде-33 американдық университет, 15 — Британдық, Австралия мен Жаңа Зеландияның жеті университеті, бес — Швейцария мен Франциядан және үш — Гонконг, Жапония, Канада мен Германиядан. Әлемнің жоғары оқу орындарының көшбасшылары — Гарвард, Кембридж және Оксфорд.Жоғары білім берудің басты проблемаларының бірі оның қол жетімсіздігі, дәлірек айтқанда қымбат. Статистикалық

мәліметтерге сәйкес 16 миллион халықтың тек 15 пайызы ғана білім беру үдерісіне тартылған жас тобында. Шын мәнінде, елде жоғары білім алуға ниет білдірушілердің нақты саны айтарлықтай жоғары. Мысалы, ауылдық жерлерде, ауылдарда қаржылық проблемаларға байланысты жоғары білім ала алмайтын талантты жастар көп. [4] Білімнің сабақтастығы және білімге еркін қол жеткізу кез келген өркениеттің дамуының шарты болып табылады. Мемлекет білімді саналы түрде пайда табу саласына айналдырған кезде, бұл білім сапасына кері әсер етіп қана қоймай, мемлекеттің құлдырауына алып келеді. Білім беруді дамытудың маңызды бағыттарының бірі халықаралық ынтымақтастық мәселелері болып табылады, оның басты міндеті Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялау болып табылады. Білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастық ҚР заңнамасымен реттеледі және халықаралық шарттар, келісімдер мен конвенциялар негізінде жүзеге асырылады. Білім берудің әлемдік стандартын реформалаудың негізіне ала отырып, мемлекеттің дамуындағы білім берудің рөлін бұрыннан түсінген индустриялық дамыған елдердің тәжірибесін пайдалану қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. https://www.bilim.expert/
2. ҚР «Білім туралы» заңы // Егемен Қазақстан, 27 шілде, 2007 ж.
3. Мамандыққа кіріспе. Рувинский Л.Н. Алматы. 1991ж.
4. Мижериков В.А., Введение в педагогическую деятельность. -М., 2005.

ӘОЖ 332.1

АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНІН ТҰРАҚТЫ ДАМЫТУДАҒЫ АӨК КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ РОЛІ

Тулешова Г.Б. э.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент) м.а.,
Алпыспаева Г.М. магистрант
І. Жансүгіров атындағы ЖМУдың магистранты, Талдықорған қ.

Бұл мақалада қазақстандық экономиканың аграрлық секторындағы институттар жүйесі дамуының теориялық және практикалық мәселелері қарастырылған. Осы мәселелерді шешу жекелеген ауыл шаруашылық кәсіпорындары және жалпы аграрлық сектордың экономикалық тұрақтылығы мен орнықтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазақстандық экономикасының аграрлық сектордағы институттар жүйесі дамуының ғылыми негіздерін оның тұрақтылығы мен әлеуметтік-экономикалық тиімділігін арттыру тұрғысынан, сонымен бірге, осы институттардың құрылу және қызмет ету мәнін түсінудің жалпы қағидаларының ғылыми негіздерінің теориялық дәйектемесі талданды.

Тірек сөздер: *аграрлық сектор, ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, агроөнеркәсіптік кәсіпкерлік*

Рассмотрены теоретические и практические вопросы развития системы институтов аграрного сектора казахстанской экономики, решение которых позволит обеспечить экономическую устойчивость и стабильность отдельных сельскохозяйственных предприятий и аграрный сектор в целом.

Обоснованы направления государственного влияния на формирование адаптивной системы хозяйствования в аграрном секторе экономики, направленные на преодоление эффекта предшествующего развития за счет согласования рыночных институтов и традиционных норм казахстанской экономики.

Ключевые слова: *аграрный сектор, сельскохозяйственные предприятия, предпринимательство в АПК*

This article discusses the theoretical and practical issues of the development of the system of institutions of the agrarian sector of the Kazakh economy, the solution of which will ensure the economic sustainability and stability of individual agricultural enterprises and the agricultural sector as a whole.

The directions of state influence on the formation of an adaptive economic system in the agrarian sector of the econom, aimed at overcoming the effect of previous development by harmonizing market institutions and the traditional norms of the Kazakhstani economy are substantiated.

Key words: *agricultural sector, agricultural enterprises, agro-industrial entrepreneurship*

Ауыл шаруашылығын тұрақтандыру мен тұрақты дамыту мәселесі көбінесе ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге қатысты жүргізілетін мемлекеттік саясатқа байланысты. Барлық АӨК-ді дұрыс бағытта тұрақты дамыту үшін ауыл шаруашылығы байланыстары қызметіне, сондай-ақ өндіру үрдістерінің саласы, яғни өндіріс, айналым, реттеу арасында туындайтын экономикалық қатынастарға байланысты болады.

Ауыл шаруашылығын тұрақтандыру мен тұрақты дамыту мақсатында мемлекеттік органдар, жоғары сатыдағы шаруашылық құрылымдары мен тікелей ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің арасында байланыстырушы буын болып табылатын әкімшілік аудандардың барлық деңгейлерінде өндірістік байланыстарды және экономикалық өзара қатынастарды үнемі жетілдіру үстінде дұрыс салааралық және салалық пропорцияларды қамтамасыз ету қажет.

АӨК тұрақты дамытуды қамтамасыз етуге бағытталған бағдарламалар мазмұны басқару деңгейіне қарай ажыратылады (аумақтық, муниципалдық, корпоративтік).

АӨК тұрақты дамыту саясаты мен бағдарламасы мына мәселелерді шешуі тиіс:

- АӨК технологиялық модернизациялау (жаңарту);
- АӨК экологизациялау;
- Мамандарды даярлау мен қайта даярлау
- АӨК дамытуды және ауылдық дамытуды тұтас басқарудың ұйымдастырушылық-экономикалық механизмдерін жетілдіру [1].

Нарықтық экономика жағдайында кәсіпорынның тіршілік ету негізі -оның тұрақты қаржылық жағдайы болады. Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы ішкі және сыртқы факторлар жиынтығының әсерімен анықталады.

Сыртқы факторлар кәсіпорынға мүлдем қатысты болмайды, оған қиын болжалданатын үкіметтің экономикалық саясатындағы өзгерістер, құнсыздану, нарық теңсіздігі, саяси тұрақсыздық жатады. Сыртқы орта факторларын екі негізгі топқа бөлуге болады: тікелей және жанама әсер. Алғашқысы –ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің қызметіне тікелей әсер етеді және олардың қызметі де өз әсерін тигізеді. Факторлардың осы тобына еңбек, қаржылық, ақпараттық, материалдық және өзге ресурстардың жабдықтаушыларын, тұтынушыларды, мемлекеттік билік пен басқару органдарын, жергілікті әкімшілікті, бәсекелестерді, бұқаралық ақпарат құралдарының байланыс аудиторияларын жатқызуға болады. екіншісі –ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақтылығын арттыратын немесе төмендететін қор факторлар болады. Факторлардың осы тобына экономиканың жағдайы, әлеуметтік-саяси, демографиялық, мәдени-тарихи, нормативтік-құқықтық, табиғи және т.б. факторлар жатады [2].

Тікелей және жанама факторлардың ауылдық тауар өндірушілеріне әсері әр түрлі. Тікелей әсер ету факторында өзгерістер болған жағдайда тауар өндірушіге екі түрлі әсер етуі мүмкін: ішкі ортаны қайта құрып, белсенді игерудің бастауы ретіндегі саясатты бастауы мүмкін немесе қарсы әрекет ету саясатын да бастауы мүмкін. Жанама әсер ету факторларында ауыл шаруашылығы қалыптасулары өз мақсаттарын, міндеттерін, құрылымын, технология мен персоналын аса жоғары бейімдеуге мәжбүр.

Ішкі факторлар тәуелді болып табылады, сондықтан кәсіпорын осы факторларға әсер ету арқылы өз қаржылық тұрақтылығын түзете алады.

Ішкі факторлардың бірінші тобын ұйымдастырушылық-басқару факторлары құрайды, олар кәсіпорынның даму мақсатын және стратегиясын, ұйымдастыру құрылымы мен басқару құрылымын

жетілдіруді, кәсіпорын қызметкерлерінің құрамдық саны мен біліктілігі бойынша оңтайландыруды, қызметкерлердің еңбегін тиімді қолдануды, еңбек өнімділігін арттыруды, менеджмент деңгейін жетілдіруді, кәсіпорын мәдениетін және оның мәртебесін арттыруды, маркетингті жетілдіруді анықтайды.

Ұйымдастырушылық құрылым - ұйымды басқарудың негізгі элементі болып табылады. Ол ұйым бөлімшелері мен қызметкерлері арасында басқару мақсаттары мен міндеттерін бөлумен сипатталады және ең алдымен, ұйымның жекелеген бөлімшелері арасында нақты өзара байланыстарды орнатуға, олардың арасында құқықтар мен жауапкершілікті бөліп беруге бағытталған.

Қазіргі агроөнеркәсіп кәіпорындары қатаң бәсеке жағдайында әрекет етеді. Бұл жағдайда агорөнеркәсіп кәсіпорындарының тұрақтылығының жалпы қажеттілігі маркетинг қызметін енгізу мен жетілдіру болып табылады, ол нарықты зерттеу, нарықтағы кәсіпорынның алатын орнын анықтау, ондағы өзгерістерді үнемі бақылау арқылы нарық пен кәсіпорын арасында байланыс орнатады [3].

Әсер ету арқылы кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын арттыруға болатын ішкі факторлардың екінші тобына өндіріс факторларын жатқызуға болады: оған өнім көлемі, ассортименті, құрылысы, сапасы, негізгі және айналым құралдарының өзіндік құны, онымен қамтамасыздығы мен оларды қолдану деңгейі, инфрақұрылымның болуы мен оның деңгейі, өндіріс экологиясы жатады.

Даму тұрақтылығын анықтайтын маңызды факторлардың бірі - өнімді өткізу жағдайы мен мүмкіндігі болып табылады. Өнім өндіруде ауыл шаруашылығының тауар өндірушілері көбінесе дайындаушы ұйымдардың тиісті жүйесі болмағандықтан, сатып алу бағасының төмен болуынан, азық-түлік нарығында импорттық экспансияның жан-жақты өсуінен көптеген қиындықтарға кездеседі. Осының салдарынан ауыл шаруашылығы кәсіпорындары жыл сайын төлеуі қиынға соғатын залалдарға тап болуда. Осыған байланысты шаруашылық субъектілері арасында өнідірістік-экономикалық байланыстар мен өзара қатынастарды дамыту факторын есепке алу қажеттілігі туындайды, ол ауыл шаруашылығын дамыту тиімділігі мен тұрақтылығына айтарлықтай әсер етеді [4].

Кәсіпорындарға қажетті айналым құралдарының оңтайлы көлемін анықтауға көп көңіл бөлу қажет, себебі осы көрсеткіш қызметтің соңғы нәтижесіне тікелей әсер етеді. айналым құралдарында оңтайлы қажеттілікті анықтау қорлардың экономикалық негізделген, прогресссивтік нормаларын қолдану арқылы жүзеге асады.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын арттыруға бағытталған факторлардың үшінші тобын қаржы-экономикалық фактор құрайды. Осы топ шегінде кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын арттыру мына бағыттар бойынша мүмкін болады: кәсіпорын қызметіне үнемі қаржылық талдау жасау, төлем қабілетін арттыру, мүлік құрылымын жәіне оны қалыптастыру көздерін оңтайландыру, өзіндік және қарыз қаржысының қатынасын оңтайландыру, пайда табу мен тимділікті арттыру.

Кәсіпорынның өзін-өзі қаржыландыруы – оның дербестігі мен тәуелсіздігінң негізі болып табылады және ресустарды үнемдеумен және икемді шығындық және бағалық саясатты жүргізумен қамтамасыз етіледі. Алайда кәсіпорынға өз қызметін өзіндік қаржысы есебінен қаржыландыру үнемі тиімді бола бермейді, қарызға қаржы алу қажет. Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын міндетті талап ету -өзіндік және қарыз қаржысының оңтайлы қатынасын қадағалау деген сөз. Қаржылық тәуекел өзіндік қаржы үлесінің өсуімен азаяды, оған қоса тартылған қарыз қаржысының дұрыс көлемі кәсіпорынның қаржылық жағдайын жақсартады.

АӨК негізгі саласы – ауыл шаруашылығы экономикада және қоғамның әлеуметтік өмірінде жүйеқұраушы сала болып табылады және оның қызметі ауыл шаруашылығында бір жұмысбастыға өзге экономика саласында алты жұмыс орнын қамтамасыз етеді.

Қорыта айтсақ, факторлар кәсіпорынның экономикалық тұрақтылығын арттыру жағынан да немесе оны төмендету жағынан да әсер ететінін атап өткен жөн. Факторлар экономикалық тұрақтылықты арттыру резервтерін қолданудың амалдары мен тәсілдерін таңдауға мүмкіндік береді. Алайда факторлардың болуы экономикалық тұрақтылықты арттыруға жеткіліксіз. Кәсіпорынның экономикалық тұрақтылығына қол жеткізу ең алдымен, осы факторлар қаншалықты тиімді қолданылатынына тығыз байланысты болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Н.Глазьев С.Ю. Стабилизация и экономический рост//Вопросы Экономики.-2007.-№1. - С 90-103.
2. Факторно-целевое регулирование экономики: теория, методология, механизм/ под редакцией М.Б. Кенжегузина. – Алматы: ҚР ИЭ ҒБМ. 2010. –С 268.
3. Тулешова Г.Б. Жаһандану жағдайындағы агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың экономикалық ролі// Вестник КазНУ, серия экономическая, изд. «Қазақ университеті», №5, 2015
4. Даурбаева М.У. Ауыл шаруашылығын тұрақты дамыту – еңбек өнімділігін арттырудың негізі мәселелерінің бірі. //«Хабаршы» Халықаралық Бизнес Университеті, июль-сентябрь. – 2014. - №3(5). -82 б.

ӘОЖ 338.2

ӨНЕРКӘСІПТІК КӘСІПОРЫНДАРДА КОРПОРАТИВТІК ИМИДЖДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Тулешова Г.Б. э.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент) м.а., **Ораз Н.Т.** магистрант
І. Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қ.

E-mail: *Tuleshova_04@mail.ru*

Мақалада корпоративтік имиджді қалыптастыру қажеттілігін негіздеу мәселелері қарастырылады. Өнеркәсіптік кәсіпорынның жағымды имиджін қалыптастырудың теориялық аспектілері, оның құрылымы зерттелді. Позитивті имидж қалыптастыру арқылы кәсіпорын шешетін міндеттер талданды.

Тірек сөздер*: өнеркәсіптік кәсіпорын, корпоративтік мәдениет, корпоративтік имидж, корпоративная этика*

В статье рассматриваются вопросы обоснования необходимости формирования корпоративного имиджа. Исследованы теоретические аспекты формирования благоприятного имиджа производственного предприятия, его структура. Проанализированы задачи, решаемые предприятием посредством формирования позитивного имиджа.

Ключевые слова*: промышленное предприятие, корпоративная культура, корпоративный имидж, корпоративная этика*

Annotation. *The article considers the questions of a substantiation of necessity of formation of corporate image. The theoretical aspects of the formation of a favorable image of the production enterprise, its structure. The tasks solved by the enterprise through the formation of a positive image are analyzed.*

Key words: *industrial enterprise, corporate culture, corporate image, corporate ethics*

Корпоративтік мәдениет – бұл өзін-өзі көрсететін, бір-бірімен өзара әрекет ететін, осы корпорацияға тән, әлеуметтік және заттық ортада өзі мен басқаларды түсінетін және өзінің даралығын білдіретін, қоршаған орта мен өзін түсінуден, өзара іс-әрекеттен, мінез-құлықтан туындайтын материалдық және рухани құндылықтардың жүйесі.


Корпоративтік басқарудың даму тәжірибесі корпоративтік этикалық нормалардың қалыптасуы компанияларға операциялық тәуекелдерден қашуға көмектесетінін, ұзақ мерзімді экономикалық өсуді қолдайтынын және кәсіпкерлік іс-әрекетті сәтті жүзеге асыруға жәрдемдесетінін көрсетіп отыр. Корпоративтік этика нормаларына бағыну акционерлердің, менеджменттің және компания қызметкерлерінің мүдделеріне сай, ал соңғы нәтижеде нарықтағы позициясын нығайтуға жәрдемдесетін және компанияның пайдалылығы мен

нарықтық құнын арттыратын компанияның корпоративтік мінез-құлық саясатын қалыптастырады. Белгілі болғаны, бүгінгі нарықтағы күрес компаниялар арасында, болмаса тауарлары арқылы жүргізілмейді, олардың имидждары арасында жүргізіледі.

Имидж – бұл ұйым бет-бейнесі, сондай-ақ қоғамдағы әр түрлі топтар алдына берілетін тауар мен қызмет бет-бейнесі. Осылайша, ұжымдық имидж артында ұйым жайын «таныстытыру» жағдайы түсіндіріледі. Бұл түсінік тұтынушылар, іскер серіктестер, бәсекелестерде қалыптасады және қалыптасқан бұл түсінік ұйымның нарықтағы орнын, сыртқы ортамен өзара қарым-қатынасын анықтайды [1].

Мамандардың бекітуі бойынша, имидждің негізгі қызметі, яки функциясы белгілі бір жанды-жансыз нәрсеге салмақты қарым-қатынастың қалыптасуы болып табылады. Жағымды имидж ұйымның нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін көтереді. Егер салмақты қарым-қатынас қалыптасқан болса, онда артынан серіктес сенімі міндетті түрде жалғасын табады, сондай-ақ өз кезегімен жоғары баға мен сенімді таңдау да (1 - сурет) бірге жүреді [2].

«Ұжымдық имидж» түсінігіне «компания бренді» ұғымы мағыналас. Оларды ұқсастыратын, байланыстыратын нәрсе: екеуі де қоршаған адамдар түсінігінде қалыптасатын айтылмыш компанияның сауда белгісі мен қызмет сапасы, жетекшілігі менқызметкерлері жайындағы ойлар негізіндегі эмоционалды әсерге бойлайды.



Сурет 1. Имидждің қоғамға әсер ету схемасы

Көпшілік ғалымдар имиджді тағы бір оған мағыналас ұғым – «беделге» де бөліп қарастырады. Адамдағынемесе ұйымдағы жағымды да мақұлданатын бет-бейнетеріс әсер де беруі мүмкін. Ұйымның ұжымдық имиджі оның қоғамға қабылдануымен байланысты: не болмаса, өзіндік, яки сенімге лайық ұйым ретінде қабылданады, не болмаса, мүлдем қабылданбайды.

Қазіргі уақытта имиджді жасаудың басты мақсаты – фирманың өз атағын және өз тауарын өткізу. Әрбір кәсіпорын басқарушысы имиджді қалай жасау керек екендігін біледі, дегенмен оны жүзеге асырудың әдіс-тәсілдерін жүзеге асыра алмай жатады. Имиджді жасау мен корпоративтік қатынастарды орнату – ұзақ мерзімді қоғамдық процесс, оның бірнеше кезеңдері бар. Қазіргі таңда кәсіпкерлік сәттіліктің негізгі факторы, байланыс пен ақпарат болып табылады.

Кәсіпкердің сауда этикеті келесі мәселелерді қамтиды:

- танысу мен өзін көрсету ережелері;
- іскерлік келісім сөздерді жүргізу ережелері;
- іскерлік хат жазысу мен телефондық келіссөздер ережелері;
- сыртқы мүсін, өзін ұнамды ұстай білу, киімге талап қою;
- сөйлеу талаптары;
- іскерлік хаттамалар мен т б. жағдайларды білу [3].

Дәстүрлер ортақ мақсаттарды белгілеуге, жиналыстарда жаңа идеяларды ұсынуға немесе жұма күндері дресс-кодтың жоқ болуына, сондай-ақ белгілі бір қағидаларды сақтай отырып, корпоративтік іс-шараларды өткізуге қатысты болуы мүмкін. Осының барлығы тікелей корпоративтік мәдениетке қатысты [4].

Компанияның құзыреттері мен құндылықтарына сүйене отырып, мысалы, клиенттерге бағытталуы немесе өнімнің (қызмет көрсетудің) ең жақсы сапасы, өндірістегі ең жоғары технологиялар, жұмыс істейтін әдістердің тізімін құруға болады. Бұл ретте, бұл сіздердің бірлесіп шығарған туындыларың болу үшін, әртүрлі бөлім басшыларының қатысуы маңызды. Сонда оларға

корпоративтік мәдениеттің постулаттарын өз қарамағындағыларға таратуға және оларды шынайы жұмыс тәжірибесіне енгізуге оңай болады.

Белгілі бір мақсаттар қою мен нақты міндеттерді құруы негізінен компанияның бизнестің қандай саласы мен оның мақсаттарына байланысты болады. Тек соларға жүргізілген анализден кейін ғана PR-қызметін дұрыс жоспарлауға болады. Сондықтан PR-қызметін жоспарлауда келесі реттілікке сүйенген жөн:

- қызмет саласы;
- бизнестегі мақсаты;
- PR-дың мақсаты мен міндеті;

PR-бағдарлама [5].

Жоспарлау мен бақылаудың үздік жүйесі PR мақсаттары бойынша менеджмент болып табылады. Ол қарапайым принципке сүйенеді: жетекші мақсаты мен оның жетістікке жету жолын нақты анықтаған жағдайда нәтижеге қол жеткізуге болады.

Корпоративтік мәдениеттің басқарманы қызметкерлердің өздерін ұстау нормаларымен қамтамасыз ететін «толық» элементтері ғана емес, сонымен қатар осы нормаларды (құндылықтарды) сақтауға бағытталған ішкі сана-сезімі де болуы керек. Сонымен бірге корпоративтік мәдениет құрамында қызметкерлер санасына құндылықтарды (рәсім, дәстүрлер, ұйымның «мифтері мен аңыздары», оның «кейіпкерлері», кеңістікті ресәмдеу және толтыру ерешелігі) қондыруды қамтамасыз ететін элементтер де болады. Бұл элементтер кездейсоқ немесе мақсатты түрде қалыптасады және ұйым мүшелерінің (басшылықтың және қатардағы қызметкерлердің) санасындағы құндылықтарды көрсетеді [6].

Корпоративтік мәдениетті жүйе ретінде қарастырсақ, оның жүйе құрайтын факторы басқа элементтерден (нормалар, ережелер, стандарттар, мифтер мен аңыздар, мінез-құлық үлгілері, қарым-қатынас үлгілері және т.с.с) басым құндылықтар болып табылады. Жоғарыда айтылғандардан корпоративтік мәдениеттің ұйым өмірі үшін маңызын көруге болады. Ол персоналдардың жұмысқа, клиенттерге, әріптестеріне, басшылыққа және ұйым жұмысының табыстылығына ықпал ететін басқа факторларға қарым-қатынастарын анықтайды. Сондықтан басшылық корпоративтік мәдениетті ұйымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру факторы ретінде қолдануға тырысады.

Атап айтқанда, ол шығындарды қысқартуға мүмкіндік береді, сонымен қатар қызметкерлерді іріктеуге ғана емес, мысалы, сыртқы PR-ға да: компания философиясының сыртқы әлемге жолсерігі болып табылатын қызметкерлер ұйымның PR-саясатымен айналысатын департаменттен функциялардың бір бөлігін алады. Сауатты дамыған корпоративтік мәдениеті бар Компания нарықта үлкен беделге ие және әлеуетті қызметкерлер үшін де, бизнес бойынша серіктестер мен акционерлер үшін де тартымды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Корпоративный имидж: Формирование имиджа компании на основе инструментов PR https: //studbooks. net/889892 /marketing /korporativnyy_imidzh Дата обращения: 6.03.2019

2. Теория и практика менеджмента /Под ред.д.э.н., профессора Кубаева К.А.-Алматы: Қазақ Университеті, 2005

3. Предпринемательское (хозяйственное) право. Учебник. Отв. Ред О.М.Олейник. Т.1.- М 2000ж

4. Компанияның корпоративтік мәдениеті/ https://kadry.mcfr.kz/article/827-kompaniyany-korporativtk-mdeniet, дата обращения 18.03.2019

5. Шарков Ф.И. Константы гудвилла: стиль, паблисити, репутация, имидж и бренд фирмы: Учебное пособие/Ф.И. Шарков. - 2-е изд. - М.: Издательско-торговая корпорация "Дашков и Ко", 2012. - 272с.

6. Блинов А.О., Захаров В.Я. Имидж организации как фактор её конкурентоспособности/ Блинов А.О., Захаров В.Я. // Менеджмент в России и за рубежом. - 2003. - №4 -(http://www.mevriz.ru/articles/2003/4/)

ӘОЖ 808

ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВТЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ЕҢБЕГІ МЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ

Тұрсынбай Ғ.
Алматы облыстық Қазақстан халқы Ассамбеясы төрағасының орынбасары,
хатшылық меңгерушісі, Талдықорған қ.

E-mail: *mank_tk@mail.ru*

Бұл мақалада І. Жансүгіровтың шығармалары мен қоғамдық өмірі негізінде қалыптасқан педагогикалық идеяларының мәні айқындалып, өзіндік сипаттама жасалған.

Тірек сөздер: *ағартушылық, қоғамдық-әлеуметтік өмір, педагогикалық идея, қайраткер*

В данной статье раскрывается и дается своеобразная характеристика сущности педагогических идей И.Жансугурова, сформированных на основе его творчества и общественной жизни.

Ключевые слова: *просвещение, общественно-социальная жизнь, педагогическая идея, деятель*

This article reveals and gives a peculiar characteristic of the essence of the pedagogical ideas of I. Zhansugurov, formed on the basis of his work and social life.

Қазақ халқының біртуар талантты ақыны, жазушы, қоғам қайраткері – Ілияс Жансүгіровтің ағартушылық еңбегі мен педагогикалық идеялары ғалымдардың әр кезеңде жарияланған шағын мақала, зерттеулеріне арқау болды.

Мен де осы бағыта біраз ой түйіндеп, 2005 жылы жан-жақты дарын иесі Ілияс Жансүгіровтің педагогика саласынадағы қырын танып, білуге арналған «Ағарту менің майданым» атты алғашқы топтаманы жарыққа шығардым.

Әрине, қоғамдық-әлеуметтік өмірге белсене араласқан жан - жақты дарын иесі, ақын әрі жазушы ретінде жұртшылыққа әйгілі Ілияс Жансүгіровтің шығармашылығы жайлы зерттеулер, диссертациялық еңбектер мен монографиялар баршылық. Жоғары және орта арнаулы, жалпы білім беретін оқу орындары мен мектеп оқулықтарында ақынның еңбегіне лайықты баға берілген.

Бірақ халықты өнер-білімге тарту идеясын ұстанып, еңбек жолын ауыл балаларын оқытудан бастаған, бүкіл саналы ғұмырында халқының асыл- маржанын теріп, іріктеп – қорытқан ағартушы – ұстаздың педагогикалық көзқарасы, еленбей қалған тәрбиелік идеялары мен ағартушылық қызметі жайлы зерттеулер арнайы көңіл бөліп, тұтастай бір бағыт ретінде қарастыруды талап етеді.

1994 жылы Талдықорған қаласында І. Жансүгіровтың 100 жылдық мерейтойы қарсаңында ғылыми конференция өткізіліп, республиканың газет-журналдары жарыса естеліктер жариялады. Тамаша талант иесі туралы бұрынғы-соңғы естеліктер жинағы да жарық көрді. Өкінішке орай, барлық мақала Ілекеңнің тек қана ақындық, жазушылық, журналистік өнерінің төңірегінде ғана болып шықты. Ұстаздық-ағартушылық еңбегі, тәрбиелік көзқарасы бірлі-жарым мақалалар болмаса, жалпы алғанда елеусіз қалды.

Сол кезде «Ана тілі» апталығында «Алты алаштың ардағы» айдарымен жарық көрген «Ілияс» атты мақаласында қарымды қаламгер Бақыт Сарбалаұлының:

«Ол – қазіргі қазақ жырының Құлагері.
Ол – парасатты прозашы.
Ол – жалынды баспасөзші – жорналшы.

Ол – сындарлы сықақшы.
Ол – білікті әдебиет сыншысы.
Ол – талғампаз тәржімеші.
Ол – тегеурінді драмашы» -

деген пікірін қуаттай отырып, І. Жансүгіровтің жоғарыдағы дара-сипат ерекшеліктері тізімін: **«Ол – ағартушы-ұстаз»** деп толықтыруды ұсынған едім. Өзінің педагогикалық тұжырымын **«Оқимын»** атты өлеңінде айқын танытқан Ілияс Жансүгіров:

«Жас мұраты - білім, тәлім талабы,
Таудай болса оңалуға алабы.
Жас қанжары – жүректегі жігері,
Өнер, оқу – жастың қару - жарағы»,- деп,

оқу - білімнің жастардың өмірінің өзегіне айналуы қажет екендігін әдемі өрнектеп жеткізен болатын.

Ұлы парасат иесі - І. Жансүгіров 1920 жылы ауылдан білім іздеп, Алматыға, одан кейін Ташкент қаласына аттанады. Ташкент қаласындағы Қырғыз Халық ағарту институтының бір жылдық арнайы курсына қабылданды. Аталған курсты тәмамдаған соң туған ауылындағы мектепте мұғалім болып 1922 жылдың аяғына дейін қызмет атқарады.

1923 жылы Алматыға келіп, «Тілші» газеті редакциясына қызметке тұрады. Бұл жұмысты Қосшы Одағы облыстық комитеті ұйымымен Қазақ Халық ағарту институтындағы қызметтерімен ұштастыра жүргізеді. Басында оқытушы, кейіннен Халық – ағарту институтының директоры және газеттің әдеби қызметкері болады. 1925 жылы өңірдің атқару комитетінің мүшелігіне сайланып, Губерниялық халық ағарту бөлімінде меңгерушілік қызмет істейді.

Бұл дерек Талдықорған қаласындағы І. Жансүгіровтің әдеби мұражай қорында сақтаулы тұр. Сол мұражай қорында Ілекеңнің өмірінің осы бір кезеңіндегі атқарған оқытушылық және халық ағарту институтындағы директорлық қызметін растайтын құжат-анықтама да сақтаулы.

Ал, енді бұл нақты ресми құжаттардан басқа да І. Жансүгіров туралы әр кезеңде жарияланған естеліктер мен мақалаларға көз жүгіртсек:

Құсайын Шөкенов – балалық шағын, өмірінің алғашқы белестерін І. Жансүгіровпен бірге өткізген. Аламты қаласындағы «Жазушы» баспасынан 1969 жылы шыққан «Біздің Ілияс» атты естелік кітабында: «Қарағаштағы мектепті бітіргеннен кейін Ілияс 1915-1919 жылдары ел арасында белгілі мектеп болмаса да, өз ынтасымен киіз үйде, көше-қона жүріп бала оқытты. Текке жүруді өзіне мін көрді. Жаңа өмірге жету үшін білім, мәдениет, еңбек қажет болатынын жақсы сезіп, өсе бастаған кезі осы еді Ілиястың».

«...Ташкентегі оқытушылар даярлайтын курсты бітіріп келісімен Ілияс оқытушылық қызметімен бірге қоғам жұмысына мықтап кірісті. Дәл сол кезде ол «Жемір болыс» атты пьесасын бітірген». «Жемір болыс» пьесасының халық арасында тәрбиелік мәні зор болды.

«Өзінің туып - өскен мекені, Ойтоған мектебінде жұмыс істеуі Ілияс өміріндегі елеулі кезең болды. Күн сайын бір-екі сағат ересектерге де сабақ беріп, қосшы ұйымының еңбек жөніндегі келелі істеріне де күнбе-күн көмектесті. Ілиястың бұл мектепте сабақ берген соңғы кезі – 1920-1922 жылдар болды. Алматыдағы қазақ тау-кен институтының оқытушысы боп істеп жүріп қайтыс болған Тәшенов Болатқан, ұзақ жылдар мемлекеттік кооперативтік дайындау жүйесінде еңбек еткен Ақан Төлебаев, Ілиястан оқыған – тұңғыш шәкірттері болатын. Бұлардың ішінде ұзақ жылдар оқытушылық қызмет атқарғандар тіпті көп.

Кеңес Одағы кезеңінде «Қызылтаң» кеңшары аталған, Ойтоғанда бой көтерген сегіз жылдық мектептің негізін қалауда ақынның сіңірген еңбегі мол.

Ілиястан оқып шыққандардың көпшілігі мәдениет майданында, совхоз, колхоздарда жемісті еңбек етті. Ілияс бала жасынан адамға үйір, кімге болса да өте мейірімді мінезімен тез тіл табысып кететін адам еді. Өзінің қолынан келген жақсылығын ешкімнен де іркіп тұрмайтын. Адал ақылын айтып, пайдалы кеңесін беретін дейді **Құсайын Шөкенов.**

Бұдан түйіндейтініміз, І. Жансүгіровтың алғашқы алған кәсіби білімі мұғалімдік, істеген қызметі мектеп мұғалімі, Қазақ ағарту институтының оқытушысы, институт басшысы, Жетісу губерниялық атқару комитетінің білім бөлімінің басшысы. Осы қызметтерді ақын-

жазушылығымен ұштастыра отырып, жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ балалары мен жастарға арналған поэзиялық және прозалық шығармалардың авторы. Ендеше, әдебиетші, журналистен бұрын, ең алдымен Ілиясты ағартушы ұстаз ретінде танып, мойындап, дәріптейтін уақыт әлдеқашан жетті.

1995 жылы Мұратбек Иманғазиновтың құрастыруымен жарық көрген **«Жан қайығын жарға ұрдым»** атты І. Жансүгіров туралы естеліктер жинағына үңіліп көрейік.

Мысалы, А. Бүркееваның «Ақынның үнін тыңдаған» атты мақаласында:

- «Жаңа өмірге жету үшін оқу керек, білім, мәдениет, еңбек қажет» дейтін еді Ілияс аға. Сол мақсатпен менің Қапал педагогика училищесіне түсуіме көмегін тигізді. «Мұғалім – жақсы мамандық, келешегі, болашағы зор, осы училищені бітірсең, ауылдағы балаларды оқытасың, оларды білімге, өнерге баулисың,» - деп ақыл-кеңесін беріп еді аяулы жан, - деп бастады әңгімесін композитор Жұман Қабдолдаев -) аға десе, С. Машақовтың осы жинаққа енген «аяулы аға, қамқор ұстаз» атты мақаласында І. Жансүгіровтің соңынан ерген жас буындарға шын мәніндегі ұстаз болғандығын айтады. «Оның қазақ әдебиетін жасаудағы, оның жас кадрларын тәрбиелеудегі еңбегі асқар таудай. Сондықтан да біз оны әрқашан құрметпен еске түсіріп, есімін ауызға жиі-жиі алып ардақтаймыз,» - деп түйіндейді. Халық мұрасын құрметтеп, оның мазмұнын терең түсінуге Ілиястың ықыласы зор болғаны белгілі.

І.Жансүгіров педагогика саласында арнайы еңбектер жазбағанымен, балалар әдебиетінің негізін салып, халық мұрасын бала тәрбиесінде орынды қолдана білуге шақырды.

Москвада журналистика институтында оқып жүріп, бұрынғы жиып-терген халық мұрасынан «Өтірік» атты жинақты бастырып шығарады. Өтірік өлең, ертегілерді түрге бөліп, олардың бала тәрбиесінде маңызды роль атқаратынын ескертеді.

«Мектептердегі тіл сабағында, аймақты танытуға, баланы баулуға жетекші мұғалімдерге бұл жинақ бірқатар дерек береді. Осы оймен бұл кітапша балаларға бейім жазылды» - дейді Ілекең.

Осындай ой-пікірлерін саралай келе, І. Жансүгіровты қазақтың демократ - ағартушылары Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаевтардың заңды жалғасы деп тану қажет.

Бұлай деуімізге тағы бір дәлел, Ілекеңнің 1930 жылы Қызылорда қаласында «Балалар кітабы» деген сериямен «Жұмбақтар» атты келесі жинақты бастырып шығаруы.

Оның туындыларында ағартушылық педагогикалық идеялармен қоса білім мен тәрбие мәселелері кеңінен көрініс тауып отырғанын аңғару қиын емес.

Педагогика ғылымдарының докторы Райфа Дүйсембінова әдебиет саласындағы Баймұрат Уахитовтың, Әуелбек Қоңыратбайдың, Қажым Жұмалиевтың, Нысанби Төреқұлавтың, музыка саласында Александр Васильевич Затаевичтің, Борис Григорьевич Ерзаковичтің және басқалардың еңбектерін негізге ала отырып І. Жансүгіровтің әдеби туындыларында көрініс тапқан педагогикалық идеяларын былайша жүйелейді:

1. Балаларға арналаған шығармалар
2. Ақыл-ой тәрбиесіне байланысты шығармалар
3. Патриоттық – интернационалдық тәрбиеге байланысты шығармалар
4. Еңбек тәрбиесіне байланысты шығармалар
5. Адамгершілік – эстетикалық тәрбиеге байланысты шығармалар
6. Поэзия мен музыка үндескен шығармалар
7. Пейзаждық поэзиясы

Осы арқылы Ілияс Жансүгіровтің педагогикалық идеялары көрініс тапқан шығармаларының мазмұндық – функционалдық сипаттамасының кестесін жасаған.

Р. Дүйсенбінова І. Жансүгіровтің балаларға арналған туындыларының тәлім-тәрбиеге байланысты патриоттық, ақыл - ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық пікір, көзқарастарына мазмұнды сипаттама жасауға талпынған. «Ілияс тек көркем сөз шебері ғана емес, бала бойындағы психологиялық процестерді, олардың жеке-типологиялық қасиеттерін жете түсіну негізінде олардың дүниетанымын қалыптастырудың жолын таба білген парасатты педагог» - деп, өз ойын түйіндейді.

Қорыта айтсақ, сырлы сөзімен, жалынды жырымен жастарды желпіндіріп, бесік жырын жаңаша жазып бөбек бөлеген Ілияс Жансүгіров бала тәрбиесіне ерекше ден қойып, оны белгілі бір жүйе бойынша, жоспарлы жүргізгенін аңғарамыз.

Ілияс шығармалары дүниеге келгелі арада бір ғасырға жуық уақыт өткенімен индустриялизациялау тақырыбы бүгін де күн тәртібінен түскен жоқ, халқымыздың өнер білімге деген ынта-ықыласы да арта түспесе, кеміген жоқ. Шығармаларына арқау болған ар-намыс, мейірбандық, шыншылдық, қарапайымдылық, сияқты адамгершілік қасиеттердің маңызы да еш уақытта жойылмайды.

Ілияс Жансүгіровтің әдеби туындылары арқылы сан ұрпақ өкілдері парасаттылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиеленіп, өсіп жетілді. Оның шығармалары эстетикалық талғамды қалыптастыруға және танымдық, тәрбиелік, дамытушылық қызмет атқара алатыны ешбір дәлелдеуді қажет етпейді. Тек қана бұл шығармалардың педагогикалық мүмкіндіктерін ескеріп, ұдайы ұрпақ тәрбиесінде қолдану қажет.

ӘОЖ 796

СПОРТШЫЛАРДЫҢ ДАЙЫНДЫҚ ЖҮЙЕСІН ЖОСПАРЛАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Утегенов Е.К. п.ғ.к., профессор м.а., **Абуханова Д.** магистрант
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ

E-mail*: utegenov_yk@zhgu.kz*

Ғылыми мақалада жеңіл атлетикамен айналасатын спортшылардың жаттығу үдерісін ұтымды ұйымдастыруда айналмалы машықтану әдістемесін пайдалану және жетілдіру тәсілдері зерттелініп, ішіндегі ең тиімдісі анықталды. Жеңіл атлеттердің дене жаттыққандығын жетілдіруде жаттығулар жиынтығын кешенді қолданудың маңыздылығы негіздендірілді.

Тірек сөздер: *жұмысқа қабілеттілік, дене жаттығулары, күш, шапшаңдық, ептілік, төзімділік, иілгіштік*

В научной статье изучены методы совершенствования и использования вращающейся методики тренировок спортсменов, занимающихся легкой атлетикой в рациональной организации тренировочного процесса, определены наиболее эффективные из них. Обоснована важность комплексного использования комплекса упражнений в совершенствовании физической подготовки легкоатлетов.

Ключевые слова: *способность к работе, физические упражнения, сила, быстрота, ловкость, выносливость, гибкость*

In scientific article methods of perfection and use of the rotating technique of trainings of the athletes who are engaged in track and field athletics in the rational organization of training process are studied, the most effective of them are defined. The importance of complex use of a complex of exercises in improvement of physical preparation of athletes is proved.

Key words: *ability to work, exercise, strength, speed, agility, endurance, flexibility*

Біз педагогикалық тестілеуді, спринтерлердің физикалық дайындығына кезеңдік бақылау түрінде жүзеге асырдық.

В.Н. Платоновтың пікірінше, кезеңдік (кезеңдік) бақылаудың, жарыс кезеңдеріндегі және дайындық кезеңдеріндегі бірінші және екінші макроциклде үш рет жүргізілетін болса,осындай формасы тиімді болады.

Егер жыл бойына екі макроцикл жоспарланған болса, кезеңдік (кезеңдік) бақылаулар жүргізіледі, жарыс кезеңінде – макроциклде бір рет.

Біз екінші ұсынысты құп көрдік, өйткені бізбен зерттелетін спринтерлер, жаттығудың жылдық циклы бойы екі жарыс кезеңінде қарастырылған жоспар бойынша жаттықты.

Бірақ, спринтерлердің арнайы физикалық дайындықтың көрсеткіштерінің динамикасын анықтау үшін біз, педагогикалық тестілеудің жарысын тек қана жарыс емес сонымен қатар дайындық кезеңінде де өткізу керек деп шештік.

Алғашқы тестілеу күздік-қыстық уақыттың дайындық кезеңінде жүргізілді (қараша 2016 ж.).

Оны жаттығу кезеңінің басында өткізу алдыңғы жаттығу кезеңінің жүктемесінен болатын кумулятивті тиімділік ықпалынан сақтануға жәнеспринтерлердің арнайы физикалық дайындығының бастапқы деңгейін объективті түрде анықтауға мүмкіндік береді.

Екінші тестілеу қыстық жарыс мезгілінің негізгі кезеңінде жүргізілді (ақпан, наурыз 2017 ж.).

Үшінші тестілеу жазғы жарыс мезгілінің негізгі кезеңінде жүргізілді (маусым – қыркүйек 2018 ж.).

Диплом жұмысының үшінші кезеңіндегі жұмыс – бұл нағыз, педагогигикалық тестілеу нәтижесіндегі алынған мәліметтерді статистикалық өңдеу.

Ол спринтерлердің, жылдық жаттығу циклының мезгілі бойынша және арнайы физикалық дайындықтарының көрсеткіштерінің динамикасын анықтауға, жаттығудың әртүрлі кезеңдеріндегі жылдық циклдағы 100 м және 200 м жүгірудің нәтижесі мен жаттығу циклының жылдық мезгілі бойынша, арнайы физикалық дайындықтың зерттелетін көрсеткіштерінің арасындағы байланыс шекарасын анықтауға мүмкіндік берді.

Төртінші, дипломдық жұмыстың шешуші кезеңі, алынған материалдардың негізінде, практикалық ұсыныстарды әдістеме бойынша өңдеуді және КМС пен 1-ші разрядты спринтерлерінің арнайы физикалық дайындығының бақылауына педагогикалық бақылау ұйымдастыруды қарастырды.

Жаттығу кезінде көп қайталанып орындалатын жүктеме мен тынығуды алмастыра орындайтын қимыл әрекетті айналмалы машықтану әдісі деп атаймыз. Айналмалы машықтану әдісін қолдану кезінде жүктеме көлемі қатаң мөлшерленуге мүмкіндік бар, спортшылардың дайындығына байланысты ең төменгі шамадан жоғары шамаға дейін жоспарлауға болады. Сонымен қатар бір станциядан келесі станцияға өту барысында барлық дене қасиеттерін дамытуға және дене мүшелерінің барлығына әсер ететін жаттығулар орындауға болады.

Эксперименттік топтағы оқу-жаттығу сабақтары классикалық схема бойынша құрылды – үш функционалды байланысқан құрамдас бөліктер бөліп алынды:

- даярлық – «бой қыздыру»;
- негізгі;
- қорытынды.

Даярлық бөлімнің ұзақтығы сабақтың жалпы уақытының 10-15% құраған, мұнда шұғылданушыларды жаттығудың негізгі бөліміндегі жаттығуларды орындауға даярлау, ағзаның белсенді бұлшық ет жұмысына жалпы функционалдық даярлықты қамтамасыз ету міндеттерін шешті[44].

Негізгі бөлім жаттығу үдерісінің бүкіл уақытының 70-80%-ын алып жатты және осының барысында:

- жеңіл атлетиканың арнайы жаттығулары мен түрлерінің техникасымен таныстыру, оны егжей-тегжейлі ету, үйрену немесе жетілдіру;
- дене қасиеттерінің дамуына бағытты әсер ету;
- моральдық, ерік-жігер және интеллектуалдық қасиеттерді жалпы және арнайы тәрбиелеу мәселелері шешілді.

Жаттығу сабақтарының қорытынды бөлімі ұзақтығы бойынша сабақ уақытының 10-15%-ын құрады. Қорытынды бөлімнің басты мақсаты – шұғылданушылар ағзаның функционалдық белсенділігін біртіндеп төмендету және оны салыстырмалы түрде байыпты қалыпқа келтіру[45,46].


Негізгі бөлім жаттығулар келесі бірізділікпен берілді:

1. Станция -3х10 м-ге челноктық жүгіру, с.
2. Станция - бір орында тұрып ұзындыққа секіру, см
3. Станция -түрнекке созылып асылу, саны
4. Станция -Алға қарай еңкею, см
5. Станция - Орыннан жоғарыға секіру

Жас спортшылардың жылдамдылық мүмкіндіктерінің өсу динамикасы екі топта да көрсеткіштердің төмендеуін көрсетіп отыр. Бақылау тобына (4%)(S=0,16) қарағанда эксперименттік топта бұл көрсеткіш 10%(S=0,26)-ға, жақсарды.

Жылдамдылық-күштілік мүмкіндіктер бағалауда «Тұрған орыннан қашықтыққа секіру» тесті бойынша жүргізілді. 2 суретте көрсетілгендей эксперименттік топта өсу 30,9 см (S=18,9,1), ал бақылау тобында 12,4 см. (S=6,9) құрады, бұл сәйкесінше 19% және 8%-ға тең, яғни, нәтижелер экспериментті тобында 11% (P< 0,05)-ға жоғары болды.


«Түрнекте созылып асылу» тестінің берілгендері бойынша эксперименттік топта көрсеткіштердің орта шамамен 5,2 (S=4,7)-ге немесе 88%-ға артуы, бақылау тобында аз мөлшерде - 3,1(S=1,9) немесе 55%-ға өсу байқалады.



Сурет 2- Бақылау және эксперимент топтарының бастапқы және қортынды бағаларының «3х10м қайтармалы жүгіріс» тесті бойынша салыстырмалы талдауы




Сурет 3 - Бақылау және эксперимент топтарының бастапқы және қортынды бағаларының «Тұрған орнынан қашықтыққа секіру» тесті бойынша салыстырмалы талдауы[47].



Сурет 4 - Бақылау және эксперимент топтарының бастапқы және қортынды бағаларының «Түрнекте созылып асылу» тесті бойынша салыстырмалы талдауы

Алға еңкею көрсеткіштері екі топта да жақсарды: эксперименттік топта орта шамамен 7,8 см-ге (S=1.16), бақылау тобында азырақ – 6,5 см-ге.



Сурет 5 - Бақылау және эксперимент топтарының бастапқы және қортынды бағаларының «Алға еңкею» тесті бойынша салыстырмалы талдауы

Жарылғыш жылдамдылық-күштілік мүмкіндіктер бағалауда «Орыннан жоғарыға секіру» тестісі бойынша бағаланды. Нәтижелердің өсу динамикасын талдау эксперименттік топта жақсару орта шамамен 11 см-ді құрағанын көрсетті, бұл бастапқы нәтижелерден 30%(P<0,05)-ға өскен. Бақылау тобында жақсару 5 см-ге кем болды, сәйкесінше өсу 13% (S=1,9)-ды құрады (6 сурет).



Сурет 6 - Бақылау және эксперимент топтарының бастапқы және қортынды бағаларының «Орыннан жоғарыға секіру» тесті бойынша салыстырмалы талдауы

Педагогикалық эксперименттің негізі жеңіл атлеттердің дене дайындығының деңгейін дамытуда айналмалы жаттығу әдісін пайдалану жаттығушылардың дайындық және даму деңгейін, жеке ерекшеліктерін дамытуға арналған жаттығуларлар жиының әсері анықталды.

Топтардың жаттығулар кешенін орындауы жаттығушы топқа байланысты түрі өзгеріп тұрды, жаттығу мөлшерлемесі өзгерді, алдыңғы тапсырманы орындауға байланысты сәйкес түзетулер енгізілді. Оқыту үдерісін ұтымды өткізу үшін эксперименттік топ оқушыларына әр түрлі жаттығулар топтамасы берілді. Өзгеріске ұшырамаған жалғыз нәрсе – бұл оқу-жаттығу сабағының ұзақтығы.

Жүргізілген педагогикалық эксперимент эксперименттік топ балаларының жетістіктері біршама жақсарғанын айқындауға мүмкіндік берді.

Көрсеткіштердің өсу динамикасы эксперименттік топтың жалпы орта нәтижелері бақылау тобынан сенімді ерекшеленетінін айқындай алдық.

Қорыта келгенде жеңіл атлетикамен айналысу - дене шынықтыру мен салауатты өмір салтын ұстанудың бірден-бір құралы. Бұл спорт түрі сауықтыру әсері ең алдымен - жыл мезгіліне қарамастан жыл бойына, әрі, көп уақытта айналысуға болатынымен анықталады.

Дұрыс ұйымдыстырлған жағдайда жеңіл атлетика - сүйек пен бұлшық еттің бекітілуіне, зат алмасудың күшеюіне, ағзаның түрлі қызметтерінің жетілуіне себебін тигізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Концепция перехода Республики Казахстан к устойчивому развитию на 2007-2024 годы // Казахстанская правда, 2006,18 ноября.

2 Долгосрочная Стратегия развития страны до 2030 года “Казахстан - 2030”. - Астана, 1998. С. 10.

3 Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2005-2010 годы // Учитель и закон. - Астана, 2004.-№5 (8). - С.1-12.

5 Послание Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана “Новое десятилетие - новый экономический подъем - новые возможности Казахстана // Мысль. - Астана. - 2010. - №3. С.2.

6 Государственная программа образования на 2011- 2020 годы // Казахстанская правда, 2010,14 декабря С.10-12.

7 Указ президента Республики Казахстан «о Государственной программе развития физической культуры и спорта в Республике Казахстан на 2011-2017 годы» // Казахстанская правда, 2017, № С. 3-4.

8 Указ Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева “О первоочередных мерах по улучшению состояние здоровья граждан Республики Казахстан // Казахстанская правда, 1998, 19 мая.

9 Абдыкадырова Д.Р. Физическая культура в вузе как фактор укрепления здоровья студентов / Д.Р. Абдыкадырова // Научно-методические основы формирования физического и психологического здоровья детей и молодежи: материалы всероссийской конференции с международным участием. – Екатеринбург, 2006. – С.11- 13.

10 Михайлова С.Н.,Фадеева О.Ю. Формирование здорового образа жизни студентов / С.Н. Михайлова, О.Ю. Фадеева. – Алматы, 2008 - 48 с. С.- 9.

ӘОЖ 796

ЖАС ТЕННИСШІЛЕРДІҢ ДАЙЫНДЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Утегенов Е.К. п.ғ.к., профессор м.а., **Ли В.** магистрант
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ

E-mail: *utegenov_yk@zhgu.kz*

Ғылыми мақала теннистегі спорттық жаттықтыру теориясының ойындағы ойлауды, ойын жағдайларының белгілерін бөліп көрсетуден, оларды теориялық тактикалық міндеттерді шешкен кезде классификациялауға үйрету арқылы дамыту мүмкіндігі туралы мәліметтермен толықтырылғандығынан тұрады.

Тірек сөздер: *жылдамдық қабілеті, қозғалыс, күш, шаршау қабілеті, ептілік, төзімділік, иілгіштік*

Научная статья состоит в том, что теория спортивной тренировки в теннисе укомплектована сведениями о возможностях развития путем изучения мыслей, выделения признаков игровых ситуаций, обучения их классификации при решении теоретических тактических задач.

Ключевые слова: *скорость, движение, сила, усталость, ловкость, выносливость, гибкость*

The scientific article consists in the fact that the theory of sports training in tennis is equipped with information about the possibilities of development by studying thoughts, identifying signs of game situations, teaching their classification in solving theoretical tactical problems.

Key words: *speed, movement, strength, fatigue, agility, endurance, flexibility*

Үлкендерге қарағанда жаттығуда үлкен дәрежеде жастармен дұрыс мүсіні қалыптасу үшін: жылжымалы ойындар, эстафета және қарапайым күрес формалары, жаттығулары қолданылады. Алғашқы уақытта жастармен жұмыста сол жаттығулар аз мөлшерде пайдаланылады: сабақта бірнеше рет қысқа үзіліспен демалу үшін. Үйреншікті шамадан соң олардың саны ұлғайтылады, ал демалуы арасында қысқартылады.

Дене қасиеттерін дамытушы бірге жаттықтырушы қатысушыларды батылдыққа, ұстамдылығына, сенімділігіне, белсенділігіне, табандылығына ж.б. үнемі тәрбиелеу керек. Жігерлік қасиетті белгілі бір қиыншылықтарға снарядтардың ауыр салмағына, күшті қарсыласына, көпірден шыққанда ауырлық сезінуіне, әдістерді ыңғайсыз жағдайда орындауына, жарыста ойластырылмаған жағдайда түсінуіне және көптеген басқаларды қатыстыруға болады.

Жігерлік қасиетін тәрбиелеудегі қиыншылықтардан үнемі асып әту. Оқытушының ең басты мақсатының бірі-жаттығушыларға күіпі жететін жаттығуды таңдап алу. Жігерлік қасиетін тәрбиелеуде басқа мақсаты қатысушыларды өзіне бүйрық беруді және олардың орындалуын бақылауын үйрету. Жастарды күреске үйрету: сайысқа үйрету (ұстауға, қарсылығынан өтуге, тұрақтылыққа, жігерліктің анықтауына т.б.) жаттығулардан басталады немесе күресте пайдаланылатын жаттығулармен (көпірді пайдаланумен, қауіпсіздікті және өзін-өзі қауіпсіздендіру) немесе күрес техникасын шегеретін керекті жаттығулармен. Бұл жаттығуларды алғашқы уақытта бастапқы орын алу керек .

Бір уақытта арнайы арнайы жаттығуларды үйренумен қатысушылар жылдамдық техникасын үйренеді: бастапқы қалпына, қозғалуына, ұстауына және олардан босауына. Үйретуді партерден бастап қажет (құлау, биіктігі төмен) істерді үйретудің ерекшеліктерінің бірі болып саналады, жастарға көп уақыт керек болады, арнайы жаттығуларды орындалу дағдысын бекітуіне, әдістердің бөлшектеріне және әсіресе әдістерді орындауда бір-бірімен қарсыласу жағдайында.

Теннисте күрделі әдістердің техникасын үйренуде сондай болу керек, бір-біріне ұқсас әдістер үйрену солардың бірекін ұқыпты үйренгеннен соң. Оқытушының алдындағы мақсаттарының бірі - ол жастарды дұрыс тыныс алуға үйрету. Оқытушы жаттығуларды үйренген кезде қалай тыныс алуды көрсету керек. Егер балуан қиын жағдайда тұрса, тыныс тоқтатпау керек. Терең тыныс алуға тырысу қажет, жиілігі үлкен емес және мұрын арқылы. Бірақта жылдам қарқынмен күрессе жиі тыныс алуға қажет болады және ауыз арқылы.

Тыныс алудың үлкен маңызы бар барлық әдістерді орындағанда. Тек жоғары күш ғана өзбеті орындағанда тыныстың тоқталуы. Ойын техникасын біртіндеп үйренгенде еске сақтау керек, кейбір әдістер бағдарлама бойынша ересектерге арналған, бұл мерзімде жастарды үйретуге келмейді. Мұның түсінігі, жастардың әлі дене дайындығы сәйкес келмеуінде. Тағы сондай кейбір әдістердегі кркекті дайындықсыз жарақатқа әкелуі мүмкін.

Спортшының жылдамдық қабілеті

Спортшының жылдамдық қабілеті жан- жақты түрде жаттығу кезеңінде және жарыс үстінде бірнеше қарапайым қозғалыс жылдамдықтарының жиынтығы арқылы күрделеніп, комплексті жылдамдықты құрайды. Комплексті жылдамдыққа жүгірушінің сөреден шығу жылдамдығы, барлық қашықтық бойындағы жылдамдығы және мәреге жету кезіндегі соңғы жылдамдығы жиынтығының қосындысын айтуға болады .

Оған жарыс кезіндегі велосипедшілердің спринттік жарыстағы қысқа қашықтықтағы жылдамдықты ұстау тәсілі, бокстағы жұдырықпен соғу, гимнастикадағы күрделі секірулер, гандбол мен су добындағы қақпаға доп соғу және т.б. күрделі қозғалыстар жиынтығын айтуға болады.

Жылдамдықтың жан-жақты көрсеткішінің негізгі бір саласы, ол адамның жүйке жүйесінің қозғалмалы өткізгіштік және оның қозу мен тежеу кезеңдерінің өті жылдамдығы ерекшелігіне байланысты болып келетіндігі. Жылдамдықтың әртүрлі болуына адам бұлшық еті қозғалысының ерекшелігі және бұлшық ет талшықтарының қай түрі басым болуына да байланысты. Бұлшық еттің созылмалылығы, бұлшық еттің, ішкі тереңдегі еттердің бір-бірімен байланыстығы да әсер етеді.

1-кесте Баяу - шапшаң ет талшықтарының ерекшеліктері

Ерекшеліктер	Баяу(қызыл)	Шапшаң
I.Морфологиялық		
ерекшеліктері:	жіңішке	жуан
а) талшықтарының диаметрі	көп	аз
б) митохондрий сана	көп	аз
в) капиллярлар сана		
П.Биохимиялық ерекшеліктері:	төмен	жоғары
а) АҮФ-аза ферментінің белсенділігі	жоғары	төмен
б)Тотығу - тотықсыздану ферментінің	төмен	жоғары
белсенділігі	жоғары	төмен
в) Гликолиз ферментінің белсенділігі		
г) Миоглобин белогының мөлшері	төмен	жоғары
Ш.Физиологиялық	төмен	жоғары
ерекшеліктері:	төмен	жоғары
а) жиырылу жылдамдығы	жоғары	төмен
б) жиырылу күші	тотығу(аэробты)	анаэробты
в) шаршау қабілеті		
г) төзімділігі		
д) жылу бөлу жолы		

Спортшының жылдамдық қабілеті оның күшінің, иілгіштік қасиетінің, координациялық мүмкіндігінің мөлшерімен және спорттық шеберлігінің деңгейімен де тығыз байланысты. Жылдамдықтың әртүрлі болып келуі бұлшық еттің биомеханикалық, ресинтездік жұмыстарды атқару мүмкіндігімен және адамның ерік-жігерлік қасиетінің ерекшелігімен де байланысты.Қимыл қызметінің тез немесе баяу болуы бұлшық еттің жиырылу жылдамдығына байланысты. Арнайы жүйке жасушасы келген импульстер арқылы бұлшық еттер жиырылып сүйектерді қимылға келтіреді.

Қимыл бірліктері өздерінің құрылысы мен қызметі жағынан кіші үлкен болып бөлінеді.Кіші қимыл бірліктерінің құрамындағы мотонейрон шығып, аксоны жіңішке, ұшының тармағы аз болады. Олар бет, қол мен аяқ саусақтарында, дене мен аяқ қол қимыл бірліктерінің құрамына енеді. Үлкен қимыл бірліктерінің құрамына ірі мотонейрон, аксона жуан, оның ұштары көптеген тармаққа бөлініп бірнеше мыңға жуық. ет талшықтарын жүйкелендіреді. Олар көбінесе кеуде мен аяқ қол бұлшық еттерін жүйкелендіреді, денедегі қимыл бірліктері аралас. Ет талшықтары өзінің қызметі жағынан баяу (қызыл) және шапшаң (ақ) болып бөлінеді .

Қимыл бірлігінің құрамына әр түрлі мөлшердегі бұлшық ет талшықтары кіреді. Мысалы: көз алмасының сыртқы еттерінде 3-6, саусақта 10-20, қол етінде-500, балтыр етінде 2000-7000 т.б.

Спортшылардың бұлшық ет талшықтарының мөлшеріне сәйкес стайерлер және спиринттер деп ажыратады.

Стайер спортшыларында баяу ет талшықтарының мөлшері 70%-тен кем болмайды. Марофоншылардың балтыр етінде баяу ет талшаықтарының мөлшері 93-99%-ға дейін жетсе спиринттер спортшылардың балтыр етінде баяу ет талшықтарының мөлшері 23%.

Спортшының жылдамдық қабілетінің түрлері. Қазіргі спорт түрлерінде көбіне жылдамдық қабілетінің үш түрі көрініс береді. Олар: ацеклетті оған бір мезгілде бұрық етіп көрініс беретін жылдамдық түрін қажет ететін күрес, бокс, штанг т.б. спорт түрлері жатады. Екіншісіне - мәреден шығу жылдамдығы, оның мақсаты - тұрған орыннан неғұрлым жылдам қозғалып, жоғары жылдамдыққа жету. Үшінші түрі - алынған жылдамдықты қашықтық бойына ұстап отыру қабілеті. Көбінесе күрес, жекпе-жек спортында көрініс табатын ацеклеттегі түріндегі жұмыста негізінен бұлшық еттің тез арада жұмыс жасау мүмкіндігі оның уақытпен кеңістіктегі қозғалуына байланысты. Неғұрлым екпін алу қашықтығы ұзын болса және сол кезде көп күш жұмсалса жылдамдық көрсеткіші жоғары болады.

Спортшының жылдамдық көрсеткіші оның орталық жүйке жүйесінің ерекшелігіне, жұмысқа жұмылдыратын бұлшық еттері түрлерінің көптігіне, бұлшық ет аралық үйлесімді байланысына және биодинамикалық қозғалыс түрінің қалыптасуына байланысты болып келеді. Мәреден шығу жылдамдығы, бұл жылдамдыққа негізделген жұмыс түрі қысқа қашықтыққа жүгіру, қайық есу, велосипед, тау шаңғысымен түсу т.б. спорт түрлеріне қажет. Мәреден шығу жылдамдығы сол спорт түрінің техникасын меңгеру мөлшерімен қоса, орталық жүйке жүйесінің қозғалысқа қажетті импульсті жылдам беру қабілетіне байланысты және бұлшық еттердің өзара үйлесімді жұмыс істеу қабілетіне, максималдық күш мөлшерінің дамуына, бұлшық еттегі «шапшаңдық» талшығының көлденең кесіндісі кезіндегі көптігіне, денедегі анаэробты қорыту энергиясының күшіне байланысты. Ал, ацеклетті жұмыстағы атқарылатын күш ауқымы, көбінесе күшпен жылдамдықтың қосындысынан пайда болады .

Күштің ауқымы, күшпен жаттығуды жасауға кететін уақыт реакциясының қатынасынан шығады. Қашықтық бойындағы атқарылатын жұмыс, адамның функционалдық қабілеттерінің мүмкіндіктері және жұмысты атқарудағы күш ауқымының қай дәрежеде жұмыс жасалына байланысты, Бірінші жаттығуды максимальды анаэробты ауқымда жасау (15-20 сек.).

Бұл дәрежеде жұмыс істеу алдымен орталық жүйке жүйесіндегі жұмыс ерекшелігімен жұмыс ауқымын атқаратын жүйке-бұлшық ет аппаратының ерекшелігімен айқындалады. Шешуші рөл бұлшық еттегі (жылдамдық) талшықтарын жұмылдыра білуіне, анаэробты кезеңде жұмыс істеу қабілетіне және бұлшық ет аралық сәйкестікпен жұмыс жасау қабілетімен, сол спортқа тән әдіс - айланы меңгеру дәрежесімен тығыз байланысты болып келеді.

Екінші дәреже максимальдыққа жақын дәрежеде анаэробта ауқымда жаттығу жасау

(20-45 сек.). Бұл кезеңде жаттығу жасау максималдықпен ұқсас келгенімен оған қосымша адам денесінде АТФ-ті, бұлшық еттегі гликогенді ресинтездеу қабілеті, қан құрамындағы жоғары лактатты инервациялау қабілеті, шаршау кезінде психологиялық тұрақтылықпен жұмыс жасау мүмкіндігіне байланысты болып келеді. Адам максималды ең жоғары және максимальдыққа жақын кезеңдерде жұмыс жасау кабілеті сол спорт түріне қажетті арнайы тегеуірінді қозғалыс күшімен жаттығу ауқымының қосындысының көрсеткішіне тең.

Еске сақтауға қажет нәрсе, ол қарапайым және күрделі қозғалыс кезіндегі жылдамдық көріністері бір-бірімен тығыз байланысты болып келмейді. Мысалы, бір қозғалысты бастау үшін қоздырғышқа жіберген уақыт, жүгіру кезіндегі жылдамдыққа әсері жоқ. Сол сияқты сөреден шығу жылдамдығының,қашықтық бойына жүгіру жылдамдығвша байланысы жоқ т.с.с. Сондықтан жылдамдық қабілетін арттыруға арналғай жұмыс түрлері кезінде қолданылатын әдістемелер мен жаттығуларды, құрал-жабдықтарды әр қозғалыс кезеңіне арнап іріктеп, таңдап алу қажет .

Қарапайым қозғалыс жаттығуларын орындау кезінде жылдамдықты арттыру мақсатында, аз кедергі арқылы жаттығуды мүмкіндігінше тез қайталап орындау пайдалы болмайды, себебі орталыққа жүйке жүйесіне түсентін сезгіштік хабар, сол жаттығуды орындауға бағытталған күштен төмен болғандықтан пайдасы аз болады. Сондықтан жылдамдық қабілетін арттыру үшін бұлшық етке түсетін жүктеме бұлшық еттің барлық жұмыс атқаратын бөліктерінің бірден жұмысқа араласуына мүмкіндік беретіндей болуы қажет.

Жылдамдықты арттыруға арналған жүктеме (салмақ, созу, тарту т.б.) қарапайым қозғалысты жетілдіру үшін адамның өз күш мөлшерінің 15-20% аралығында болғаны жөн. Ал жарыс кезінде қолданылатын қозғалыс түрлерін орындауға арналған жүктеме, адамның өз мүмкіндігінің 50-60% және одан жоғары дәрежеде орындалуы пайдалы болып келеді. Жылдамдық қабілетті арттыру жаттығуды орындаудың жиілігі мен жылдамдығына және орындау кезінде адамның өз күш-жігерін жұмылдыра білу қабілетіне байланыеты.

Жаттығуды ең жоғары жылдамдықта немесе ең жоғары жылдамдыққа жақын мөлшерде орындау және өзінің бұрынғы көрсеткен жылдамдық дәрежесінен асуды жиі қайталау, адамның жылдамдық қабілетін арттыруға көмектеседі. Шеберлігі жоғары балуандардың жылдамдық қабілетін арттыру ерекшелігі сол әдіс-айланы орыидауға көмектесетін жаттығу түрі мен қолданылатын құрал-жабдықты таңдай білуіне, орындату әдістемесін тиімді қолдана білуіне, жаттығуды орындайтын бұлшық ет пен мүшелердің жұмыстарын реттей білу қабілетіне байланысты болып келеді. Жылдамдықты арттыру кезінде орындалатын жүктеменің өзгеріп оотыруы да пайдалы әсерін тигізеді.

Мысалы, балуан жаттығуы кезінде лақтыратын маникеннің ауыр, орташа, жеңіл салмақтарын ауыстырып отыруы т.с.с. Әдіс-айланы өте қысқа уақытта орындау үшін адам өзінің психологиялық дайындығын бағындыру, өз эмоциясын жеңе білу сияқты әдістемелерді меңгеруі қажет. Ол үшін әдіс-айланы жарыс үстінде орындағандай жағдай туғызып жаттықтыру абзал. Спортшы өзіне тапсырылған жаттынщы қандай уақыт аралығында орындағаны туралы әрқашан хабардар болуы жылдамдық қабілетін 5-10% арттыруға көмектеседі.

Жылдамдық қабілеттігі арттыру үшін жұмыс атқаратын бұлшық етті алдын-ала созу, одан кейін жылдам жиырылуға жұмыс жасату әдістемесі жақсы нәтиже береді. Жаттығу кезінде, белдесу үстінде қолданылатын әдіс-айланы қосымша жүк түсіру арқылы машықтандыру, жарыс үстінде әдісті орындауды жеңілдетеді.

Жылдамдық қабілетті арттырудың тағы бір жолы - жаттығу жұмыстарын жоспарлау кезінде жылдамдық қабілетті арттыруға арналған арнайы кезеңдер, микроциклдер күндерді жоспарлау. Балуанды жаттықтыру кезінде орындалатын жүктеменің көлемі мен қайталау жиілігі артып отыратындықтан, адам шаршау кезеңінде жиі болады, бастапқы қалыпына келе алмай жүреді, осы кезеңде жылдамдық қабілеті төмендейді. Сондықтан жылдамдық қабілетті сақтауға және оны арттыруға арналған арнайы күндерді жоспарлау қажет.

Жылдамдық қабілетті арттыруға арналған әдістемелердің бірі - адамның өз жылдамдығынан да тез қозғалатын құралмен жұмыс жасату. Осындай әдістемелер көбіне жүгіру, суға жүзу, қайық есу, велосипед тебу сияқты спорт түрлерінде қолданылады.

Спортшының өз мүмкіндігінен 5-20% жоғары болып келетіндей жағдайда шапшаң жұмыс істеу оған өз мнмкіндігінің әлі де болса резевтері бар екендігіне көз жеткізеді және жұмыс атқаратын бұлшық еттер мен мүшелердің, ағзалардың жұмыс қабілетін арттырады.

Жылдамдық қабілетті арттыру мақсатында қолданылатын жүктеме мөлшері, жаттығулардың түрлері, қайталану жиілігі, үзақтығы, жаттығудың арасындағы үзіліс, жаттығуды қайта орындауға қойылатын талаптар.

Адамның жылдамдық, шапшаңдық қабілетін арттыру мақсатында жалпы жаттығу, арнайы жаттығу және жарыстық жаттығу түрлері көптен қолданады. Спортшының спорттық шеберлігі жоғары болған сайын оған арнайы жаттығу және жарыстық жаттығу түрлері көптеп қолданылады. Жарыс үстінде қолданылатын қозғалыетар мен әдісайла түрлерінің орындалу ерекшелігіне байланысты оның әр кезеңдегі орынделу жылдамдығына жеке-жеке тоқтатылып, соңынан бәрін қосып толығымен орындату кезіндегі уақыты есепке алынады.

Әр жаттығудың, әр әдіс-айланың жылдам орындалуының бір кепілі, сол жаттығуды қозғалыс кезінде дұрыс орындай білу. Осылай болған. жағдайда спортшы жарыс үстінде өзінің барлық күш-жігерін әдістің орындалуына емес, оның жылдам орындалуына көңіл бөлетіндей мүмкіндігі болады.

Орындалатын жаттығудың ұзақтығы сол спорт түріндегі қолдану ерекшелігіне байланысты болып келеді.

Мысалы, спорттық ойындар, күрес, екпе-жек, күш пен жылдамдықты қажет ететін күрделі спорт түрлерінде қарапайым қозғалыс түріне жауап беру бір секундқа жетпейтін уақыт аралығында өтеді. Енді осы қарапайым қозғалыстарды бірнеше рет қайталау уақыты 5-10 сектан аспайды. Ал күрделі қозғалыстарды орындау бірнеше секундтан минутқа дейінгі аралықта бірнеше рет қайталануы мүмкін. Жылдамдық қабілетті арттыруға жұмысты жоспарлау кезінде барлық орындалатын жаттығулар түрлерінің қосындысы жылдамдықтың шапшаңдықтың жоғары болуына негізделеді. Сондықтан жаттығуларды орындау кезінде өте жоғары жылдамдықта қайталау әдістемесі қолданылады,

Спортшы өзінің барлық күш-жігерін берілген жаттығуды жылдам және қозғалыс аясын дәл сақтап орындауға тырысуы қажет. Осылай бола тұра барлық жаттығуларды өте жоғары жылдамдықта қайталап орындау шарт емес, мысалы, кейбір жаттығулар түрлерінің әр бөлігін жеке алып орындау кезінде немесе күрделі емес жаттығуды жылдамдықтың 30-40% мөлшерінде және 80-90% аралығында орындап қайталау, орындау соңында бұлшық еттерді толық босатуға ұмытылу нәтижелі болып келеді.

Жаттығуды орындаудың ең жоғары жиілікпен орындау кезінде спортшы өз ойын қозғалыстың басты кезеңіне (түскен сигналдйн кейін) жылдам бастауға ұмытылуы тиіс, осылай орындау қандай да болмасын қозғалысты жылдам бастап кетуе септігін тигізеді. Жаттығуды бастар алдындағы денеге бұлшық етке әсер ету қозғыштары берілген белгі дауыс, жарық орындарын өзгертіп отыру қажет .

Жылдамдық қабілетеі арттыруға бағытталған жұмысты атқару кезінде жаттығуды орындау алдында орталық жүйке-жүйкесі жұмысы өзінің қозу (көтерілу) кезеңінде болуы, ал ағзадағы физиологиялық, химиялық процестер қалпына түсу кезеңінде болуы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІІМ:

1. Дементьев Е.М. Развитие мышечной силы человека в связи с его общим физическим развитием. - М.: МГУ, 1999.-55.

2. Деркач А.А., Исаев А.А. Педагогическое мастерство тренера. - М.: ФиС, 1991. Ефремов В.В.// Возрастная физиология. - М.: Наука, 2000.С.45 - 55.

3. Зациорский В.М. Физические качества спортсмена. - М.: ФиС, 2000.-120.

4. Зациорский В.М., Булгакова Н.Ж., Рагимов Р.М., Сергиенко Л.П. Проблема спортивной одаренности и отбор в спорте. // «Теория и практика физ-культуры», 1996, № 7, С. 54-66.

5. Зверев Н.Н. Физкультура в школе. - М.: Наука, 2000.- 67.

ӘОЖ 81.13

ІЛИЯС ШЫҒАРМАЛАРЫ МӘТІНІН ЛИНГВОСТАТИСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ФОНОСЕМАНТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРДЕ ЗЕРТТЕУДІҢ МАҢЫЗЫ

Фазылжан А.М.
Орфография басқармасының басшысы, филология ғылымдарының кандидаты
Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы

E-mail: *Астана, nar20@bk.ru*

Мақалада Ілияс шығармалары мәтінін лингвостатистикалық және фоносемантикалық аспектілерде зерттеудің маңызы қарастырылады. Автор ақынның кейбір поэтикалық шығармалары негізінде «дыбыс-түс» фотосемантикалық корреляциясын табу мүмкіндігін қарастырған.

Тірек сөздер: *фоносемантика, лингвостатистика*

В статье раскрывается значимость исследования текстов произведений Ильяса Жансугурова в лингвостатистическом и фоносемантическом аспектах. Автором предпринята попытка выявления фоносемантической корреляции «звук-цвет», на основе которой наглядно показана «картина» некоторых поэтических произведений акына.

Ключевые слова: *фоносемантика, лингвостатистика*

The article reveals the importance of studying the texts of Ilyas Zhansugurov's works in the linguistic-statistical and phonosemantic aspects. The author attempts to identify the phonosemantic correlation "sound-color", on the basis of which the "picture" of some poetic works of the poet is clearly shown.

Key words: *phonosemantics, linguostatistics*

Ілияс Жансүгіровтің шығармашылығын әдебиеттанымдық тұрғыда зерттеуге арналған ғылыми ізденістер баршылық [1; 2; 3; 4; 5]. Бұл мақалада біз құлагер ақынның поэзиясы мәтіндерін тіл мен сол тілді тудырушы сана арасындағы қатынастың алуан түрлі қырын ашатын қазіргі тілтанымда біршама орныққан лингвостатистикалық және фоносемантикалық аспектілерде зерттеудің қажеттілігіне, маңыздылығына тоқталмақпыз.

Ілияс Жансүгіровтың шығармашылығы әлі де терең зерттеуді, әсіресе тілтанымдық тұрғыдан жан-жақты қарастыруды қажет етеді. Себебі көркем сөз шеберінің өз оқырманына жеткізбек болған ақпараты шығарма желісі мен сюжеті және оның мәтініндегі лексика-фразеологиялық бірліктердің мағынасы, сөйлемдердің стильдік, синтаксистік құрылымының мазмұны арқылы ғана емес, лексикалық бірліктердің жиілігі мен дыбыстық бірліктердің бейнелеуіштік, экспрессиялық семантикасы арқылы да берілуі мүмкін.

Лингвостатистикалық зерттеу не бермек? Болашақ ілиястанушылар алдына Ілияс шығармалары мәтінінің жиілік сөздігін жасауды алға тарта отырып, мұның қандай деректерге қол жеткізетін айтпақпыз. Әрине, осындай зерттеу болашақта қолға алынып жатса, оның нәтижелері Ілияс шығармаларының тілі, ақын философиясы, таным көкжиегі туралы біз мақалада көрсеткеннен де ауқымды әрі қызықты құбылыстардың сырын ашатынына күмәніміз жоқ.

Ақын шығармалары мәтінінің жиілік сөздігі Ілияс тілін лингвокогнитивтік аспектіде зерттеу үшін құнды мәліметтер берері сөзсіз. Белгілі бір тілдің жиілік сөздігіндегі мәліметтер қоғамдық санада идеологиялық, базалық концептілердің қайсысы өзектіленіп отырғанын көрсете алады. Мұны жиілігі жоғары атауыш сөздер аңғартады. Жиілік сөздіктен адам санасына, қоғамдық санаға қатысты танымдық, эвристикалық материалды табуға әбден болады. Осы пікірді алғаш айтқан философ ғалымдардың бірі М.Эпштейн жиілік сөздікті әлемнің тілдік бейнесі ретінде зерттеу құралына айналдыруды ұсынады. Автормен келісе отырып, оның

«белгілі бір тілдегі сөздердің жиіліктік реті – бұл ұғымдардың жалпыхалықтық, стихиялық-демократиялық жүйесі» [6] деген анықтамасының дәлдігін 2016 жылы шыққан «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі» [7] мен одан 21 жыл бұрын жарыққа шыққан «М.О.Әуезовтің 20 томдық шығармалар текстерінің сөздіктері» [8] еңбегіндегі сөзтізбелерді салыстырғандағы жиілік мәліметтері көрсетіп отырғанын алға тартамыз. Ол үшін екі сөздіктің де реестріндегі көмекшілік мәні бар сөздерді ысырып, жиілігі жағынан алғашқы жүздікте тұрған атауыш сөздерді салыстыра қарауға болады:

1995 және 2016 жылғы Жиілік сөздіктердің алғашқы 100-дігіндегі зат есімдер

Реті	**«М.О.Әуезовтің 20 томдық шығармалар текстерінің сөздіктері»**	**«Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі»**
1.	**СӨЗ**	**ЖЫЛ**
2.	**ЕЛ**	**СӨЗ**
3.	**ЖЕР**	**АДАМ**
4.	**КҮН**	**ҚАЗАҚ**
5.	**ҮЙ**	білім
6.	**БАС**	**ЕЛ**
7.	**АДАМ**	**ЖЕР**
8.	**ҚАЗАҚ**	**ТІЛ**
9.	жол	**БАЛА**
10.	**БАЛА**	**КҮН**
11.	**ҚОЛ**	халық
12.	**КӨЗ**	жұмыс
13.	ат	**ӨЛЕҢ**
14.	**ӨЛЕҢ**	еңбек
15.	жан	**КӨЗ**
16.	ой	әйел
17.	кісі	кез
18.	ауыл	**ҮЙ**
19.	ақын	жол
20.	кез	қызмет
21.	қыз	**ҚОЛ**
22.	**ЖЫЛ**	деңгей
23.	**ТІЛ**	**БАС**
24.	жігіт	қала
25.	**ІС**	өмір
26.	-	республика
27.	-	ие
28.	-	түр
29.	-	тапсырма
30.	-	іш
31.	-	мемлекет
32.	-	мәселе
33.	-	**ІС**
34.	-	отбасы

Егер 1995 жылғы сөздікте жиілігі жоғары алғашқы жүз сөздің ішінде 25, ал 2016 жылғы сөздікте 34 зат есім бар болса, олардың 15 екі сөздікте де қайталанып тұр: *жыл, сөз, адам, қазақ, ел, жер, тіл, бала, күн, өлең, көз, үй, қол, бас, іс.* Мұның сыры неде? Неліктен соңғы, яғни тәуелсіздік алғаннан кейін шыққан сөздікте алғашқы жүздіктің қатарынан *республика, мемлекет* сөздері орын алған? – осы сұрақтардың жауабын қоғам тынысы мен сол қоғамды

жасап отырған адамның танымын қарастыратын, лингвистикалық ізденістің антропоөзектік парадигмасындағы когнитивтік тіл білімі тұрғысынан жүргізген зерттеулер ғана берері сөзсіз.

Олардың бірінде жиілік сөздіктердің мәліметтеріне сүйене отырып, қандай да бір мәтіндер базасындағы жиілігі жоғары лексемаларға талдау жүргізу әдісін доминанттық талдау деп атап, сол арқылы белгілі бір этнос, әлеуметтік топ немесе жеке тұлғаның концептуалды картинасының доминанттарын анықтауға болатыны алға тартылып жүр [9]. Мұндай әдіске әбден сенуге болады деп ойлаймыз, себебі жиілік сөздік сөйлеу практикасын неғұрлым объективті көрсететін сөздіктің бірегейі, өйткені ондағы жоғары жиілікті сөздер сөз ағымындағы көп қолданысты, яғни сол тіл иелмені жасап жатқан белгілі бір қоғамдағы неғұрлым сұранысы жоғары ұғым-түсініктерді көрсетеді. Зерттеуші доминанттық талдау арқылы дүниенің тілдік бейнесі тұрғысынан жиілігі жоғары сөздерді анықтап, одан әрі бұл сөздердің негізінде доминант концептілерді табуға жол ашады.

Демек, екі кезеңде: бірі – кеңестік, екіншісі – тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары жарық көрген жиілік сөздіктердегі *жыл, сөз, адам, қазақ, ел, жер, тіл, бала, күн, өлең, көз, үй, қол, бас, іс* атауыш сөздерінің жоғары жиілікпен сипатталуы олардың қазақ ұлттық концептосферасы доминант (базалық идеологиялық және құндылықтық) концептілерінің тілдік репрезентанттары екенін көрсетсе керек. *Республика, мемлекет* сөздерінің Тәуелсіздік кезеңінде туындаған мәтінде жиілігі жағынан алғашқы жүздіктен көрінуінің себебі де осында жатыр: мұны доминант концептілердің тәуелсіздік алумен байланысты этномәдени тілдік ұжым санасындағы трансформацияның (толығуының) көрінісі ретінде қарауға болады. Ұлттық санадағы өзгерістер – тілтанушылардың ғана емес, әлеуметтанушы, саясаттану, философ т.б. қоғамдық-гуманитарлық ғылым салалары мамандарының зерттеу объектісі. Олай болса, Ілияс Жансүгіров шығармалары мәтіндерінің жиілік сөздігі ақынның дүниетанымындағы базалық және басым (доминант) концептілер жүйесі мен ой интенциясын дәл анықтауға септігін тигізіп, аталған гуманитарлық сала ізденушілері үшін де деректер көзі болып табылар еді.

Фоносемантикалық зерттеу не бермек? Қ.Жұмалиев «дауысты, дауыссыз дыбыстарды аралас келтіріп, белгілі мөлшерде қайталау барлық ақындарда кездеседі. Оның мөлшерін, шегін белгілейтін – әр ақынның сезіну қабілеті. Табиғи заңдылықтан қылдай тайса, дыбыс қайталаушылық дыбыс қуалаушылыққа айналады да, өлеңнің әуезділігі, музыкалылығынан еш нәрсе қалмайды. Оқырмандардың әдемілікті талғайтын сезіміне керісінше әсер етеді. Әрине, дыбыс қайталаушылықтың да әр алуан түрі бар. Негізгі түрі дауысты, дауыссыз дыбыстарды қайталаудан құралады. Мұны әр ақынның да өлеңдерінен кездестіреміз. Біздің бұл жердегі айтпағымыз ол емес, Ілияс өлеңдерінде кездесетін ішкі ұйқас. Ішкі ұйқасты бізде жалпы дамытқан, өлеңнің музыкалық жағын күшейтуде мәні зор екендігін аңғарып, оны өзінің әдемі өлең, шын мәніндегі искусстволық дәрежеге көтерілген поэмаларында шебер қолдана алған ақынның алғашқы өкілдерінің бірі де Ілияс болды», - деп ақын өлеңдерінің дыбыстық ерекшеліктеріне, интонациялық-ырғақтық құрылымына жоғары баға береді [10]. Дыбысқайталауыштықтың аллитерация мен ассонанс – екі түрі болады. Аллитерация сөйлеу ағыны кезінде кейбір сөздерді ерекше бөліп көрсету үшін және интонациялық мән беру үшін бірыңғай дауыссыздарды қайталау болса, ассонанс – дауысты дыбыстарды симметриялы қайталау болып табылады.

Мұндай дыбыстық қайталаулар Ілияс поэзиясында әртүрлі қырынан көрінеді. Егер кеңестік әдебиет теориясында осындай форма арқылы әсер етудің амалдарын түрқуалаушылық деп, оның шығарма мазмұнын солғындататынын айтқан болса, қазіргі күні әдебиеттанушылар мен тілтауншылар да бұл құбылыстың ақын өлеңіндегі негізгі идеяны көркейте, әсірелей түспесе, басқа қызметі жоқ екенін аңғарып жүр. Ақынның сөздер, олардың қолданысы арқылы шығарма идеясын, мазмұнын жеткізіп қана қоймай, оның дыбыстық әдемі құрылысы арқылы оқырман мен тыңдаушының эмоциясына әсер етіп, эстетикалық талғамын қалыптастыруы поэтикалық туындысының көркемділігін арттыра түспесе, кеміте қоймайтыны анық.

Дегенмен, дыбыс қайталауыштық дыбыс қуалауыштыққа да әкеп соқтыратын кездер де аз емес. Кейбір табиғаты бөлек стиль жанрында, мәселен, публицистикада шектен тыс қолданылған дыбыс қайталауыштық мәтіннің құндылығын төмендететіні мәлім, өйткені бұл

стильдегі сөз оқырманның эмоциясына әсер етуімен қатар, белгілі бір ақпаратты мүмкіндігінше объективті жеткізуді, оқырманның ынта-жігеріне әсер етуді де көздейді. Сол себепті ойды жеткізетін сөздердің тұрқын әсемдеумен ғана әсірелей беру осы мәтін аясында қолайсыз жағдайға әкеп соғады. Себебі оқырман назары мәтіннің көркемдігіне ауып, нақты ақпарат еленбей қалу қаупі зор. Ал негізгі қызметі эстетикалық болып табылатын, ең алдымен оқырманның эмоциясына әсер етуді көздейтін өлең мәтінінде орнымен қолданылған дыбыс қайталауыштық оқырман санасында неше түрлі ассоциациялар туғызу арқылы оның өлеңнен алған эмоциялық әсерін күшейте түседі.

Мысалы, «Заман» өлеңінің

Зар, зар, зар, зар заман,
Зарлатып өткен о заман.

О заман кетсін өзімен,.... алғашқы жолдарындағы З дыбысының аллитерациясы, бір жағынан, *зарылдаған зарлы* дауыспен ассоциация тудыратын «көңілсіз» күйге қатысты дыбысбейнелеуіштік қызмет атқарса,

...Күлдірген бізді бұ заман.

Заманымда зырлаймын... деп келетін келесі жолдарында, екінші жағынан, *зырлаған* еркін қозғалыстың символы ретінде қолданылып тұр. Осы өлеңдегі *кү/кө* дыбыс тіркесінің қайталануы *көңіл, көтерілу, күн, күлу* сияқты сөздердегі «жағымды» семантикамен астасып, *жа/жұ* аллитерациялық дыбыс тіркесі «жарық әрі кең, үлкен» семаларымен ассоциацияланатын «жағымды» сезімдерді жеткізіп тұр.

...Күлетін күнің, күл, елім!
Көңілім көл, қабағым,...
...Көпіре,.көңіл жуады.
....Жаңадан жаңбыр жаудырар,
Жай отындай жүйрік жан.
...Жарасам, жұртым, кірпішпін,
...Жаңғырар жас жұрт жаңалап.

Ілияс өлеңдеріндегі ассонанс та фоносемантикалық мән алады. Мәселен, 20 жолдық «Ауылдың алды» өлеңінің 18 жолы А дыбысынан басталады да, тек 2 жолы ғана дауыссыз дыбыстан басталатын сөзден құралып тұр. Өлеңнің өн бойында жиілігі жағынан А дыбысының басым екені бірден көзге түседі. А дыбысы артикуляциясы бойынша ауыз қуысының кең ашылуымен жасалатын ашық дыбыс. Бұл дыбыс қазақтілді қауымдастықта, әрі Ілияс өлеңдері контексінде *арындаған, арқыраған, ақиланған*, яғни кедергісіз кеңсерпінді қозғалыспен ассоциацияланады. Біздің ойымызша, А дыбысты сөздерге басымдық беру арқылы ақын ауылдың жарқын болашағына деген оқырманның сезімін күшейте түскісі келген.

Ауылдың алды

Ауылдың алды айдын көл,
Айдын көлде шағала,
Айдын көлді жағала
Айнала қонған қалың ел.

Ауылдың алдын абайла,
Ауылдың алды ұлы көш,
Алдында өткел, оны кеш.
Аяңда, ауыл, аяңда!

Ауылдың алды айқын жол.
Аңқылдар ауыл, аңырмас.
Аңыртпай бастар бауырлас
Қозғалармыз қалың қол.

Ауылдың алды асқар тау,
Асқар таудан асармыз.
Асып жайлы жасармыз;
Ел ер жетіп есен-сау.

Бұл мәселе тілтанымдық тұрғыдан зерттеуді қажет ететін ашық тақырып. Былай дейтініміз, Ілиястың дыбысқайталауыштығының өзі де терең фоносемантикалық жүк арқалайды.

Фоносемантика өткен ғасырдың 80-жылдары қазақ тіл білімінде профессор К.Ш.Хұсайын мен оның шәкірттерінің еңбектері негізінде [11; 12], орыс тіл білімінде профессор С.В.Воронин [13] мен кибернетик әрі тілтанушы ғалым А.П.Журавлевтің [14] зерттеулері арқылы қалыптасқан бағыт. Фоносемантика дыбысбейнелеуіштік жүйені уақыт пен кеңістік тұрғысынан зерттейтін ғылым саласы. 150-ден астам тілдегі материалдар бойынша сөздің мазмұн межесі (мағынасы) мен тұрпат межесі (дыбыстық формасы) арасында үнемі болатын корреляциялардың көптігі дәлелденген соң, бұл бағыттағы ізденістердің дұрыстығы күмән тудырмайтын болды. Мәселен, профессор К.Ш.Хұсайынның шәкірті, отандық зерттеуші А.Мақұлбектің еңбегіндегі географиялық апелятив атауына жасалған мына бір талдауы оқырманға фоносемантикалық құбылысты тереңірек түсінуге септігін тигізеді деген оймен ұзақ болса да, тұтас беріліп отыр: «Қазіргі таңда *қара* сөзі термин ретінде қолданылмайды, бірақ өзіндік географиялық атау құрамына жиі енеді: *Үшқара, Берікқара, Иманқара, Жетіқара* т.б. Моңғолдарда да жалқы есім құрамында *Нарынхара, Доланхара* деген биіктік атаулары кездеседі. *қа/ка* имитативі дыбыстық символикалық кешен ретінде «үлкен, бірақ асуға болатын», яғни шыңына шыға алатын кедергіні, биікті, жартасты, тауды бейнелейді. *Ка/қа* имитативі дауысты және дауыссыз екі-ақ дыбыспен дыбыстық символика арқылы «тау», «биік» (үлкен), «жартас» ұғымын, бейнесін, сипатын беріп отыр. *Қа/ка* «тау», «жартас», «биік» имитативінде *к* және *а* өлі (консервіленген) рудименттер кезінде дербес дыбыстық символика сөздер болған деп жорамалдауымызға болады. Б.Сағындықұлының зерттеуі бойынша, ішкі флексия болмаған кезде, яғни дауысты дыбыстар лексика-семантикалық, стилистикалық т.б. қызмет атқармаған уақытта «әр түсінік үшін бір дауысты жеткілікті болған». В.В.Левицкий 28 тілдің деректерін келтіріп, «үлкен-кіші» ұғымдарын талдап, «үлкен» ұғымын артқы, ұяң, шұғыл, діріл (әсіресе, [o], [a], [r], [d], [z]) дыбыстар білдіреді деп жазады: «Понятие «большой» символизируется задними и нижними гласными, звонкими, смычными, дрожащими» [5, 58]. Осы деректерге сүйенсек, **кар* архетипінде р(r) а дауысты дыбыспен қоса «үлкен», яғни «биік» деген ұғымды символикалық түрде көрсетіп тұр. Ал Т.В.Быстрова, В.В.Левицкий, О.Ф.Шевченко фонемалар тіркеуінің символикалық қызметі жайында жазған мақаласында qr (яғни к (а) r) «үлкен» ұғымын береді деп пайымдаған. Сонымен, ежелгі дәуірде **кар/қар* имитативі немесе фоносемантикалық моделі «тау», «жартас», «биік» ұғымдарына байланысты пайда болып, жеке, дербес сөз ретінде пайдаланылған деп болжауымызға болады» [15, 8].

Бұл айтылғандармен қоса сөздердің құрамындағы дыбыстарға тән дыбысбейнелеуіштік және дыбыселіктеуіштік мағынадан бөлек ассоциативті түстік мағына да тіл иелмендері санасында ортақ болуы мүмкін деген болжаммен А.П.Журавлев дыбыстарға белгілі бір түстерді телу бойынша қызықты тәжірибе жүргізеді. Сауалнамға қатысқандар орыс тіліндегі дыбыстар мен дауысты дыбысты таңбалаушы әріптерге мынадай түстерді теліген:

А	
Я	
О	
Е	
Ё	
И	
У	
Ю	
Ы	


Осы тәжірибені негізге ала отырып, біз өзіміз жұмыс жасайтын мекемедегі қазақтілді жастарға (30 адам) қазақ тіліндегі 9 дауысты дыбыстың қандай түстермен ассоциацияланатыны туралы сұрақ қойып, оның нәтижесінде дауысты дыбыс пен түстер арасында мынадай корреляцияны анықтадық:

А	
Ә	
О	
Ө	
Ы	
І	
Ұ	
Ү	
Е	

Жалпы, тәжірибеге қатысқандар арасында қою (қан қызыл, сап-сары, көкпеңбек) түстерден гөрі ақшыл (ақшыл жасыл, көгілдір, сұрғылт, ақшыл күлгін) түстерді ұнататындар көп болып шықты. Осы түстер шкаласы бойынша Ілияс Жансүгіровтың табиғат құбылыстарына арнаған өлеңдері тармақтарындағы әрбір дауысты дыбысқа бір торкөзден бояп шықтық. Ол үшін өлең мәтініне фонетикалық транскрипция жасалды. Сөйтіп, бір қызығы, өлеңге арқау болған табиғат құбылысының бояуларына әбден үйлесетін төмендегідей көрнекі кескіндемелік картинаға ұқсас суреттер алынды.


Көлге


[Көмкөрүүүң көк көгал,
Күлүмдөген күмүс көл,
Көнөрең гесте – құрақ тал.
Кестеңді өртөр күзгү жел].



Ақшам


[Көкшө гөктө ахша бұлт
Көмүлүп күн нұрұна,
Жел бақырау, жел сұлұқ,
Қызғыл алтын шұғұла].





Қыс

[Қыс, қар, мұз, қырау, қылау – жерді гөмүп,
Бұлт бүркөп, тұман төнүп, баса шөгүп,
Жер-гөктү айаз бүркүп, қызыл жалап,
Бұрқ-сарқ боран құсап, шашып, төгүп].



Қорыта айтқанда, Ілияс Жансүгіров шығармашылығын тілтанымдық жаңа бағыттар аспектісінде зерттеу ақынның өзіндік тілдік тұлғасынан ғана емес, сонымен бірге тіл мен дегдар тілдік тұлға, ұжымдық және тұлғалық тілдік сана арасындағы ерекше байланыстардан ақпарат беретін құнды деректерімен қызықты болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Дүйсенов М. Ілияс Жансүгіров. Монография. А.,1965.
2. Әбдірахманова Т. Ақын арманы. А., Жазушы. 1965.
3. Жұмалиев Қ. XYIII-XIXғғ қазақ әдебиеті. А.,1967.
4. Иманғазинов М. Ілияс Жансүгіров. Монография. А., ҚазҰУ.2004.
5. Сыдықов Т. Ілияс Жансүгіров және дәстүр жалғастығы. Алматы: Арыс, 2011
6. Эпштейн М.Предлог "В" как философема. Частотный словарь и основной вопрос философии // Вопр. философии. - 2003. - № 6. - С. 86-95;
7. Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі / Жалпы редак. басқарған Фазылжанова А. – Алматы: Дәуір, 2016.
8. М.О.Әуезовтің 20-томдық шығармалар текстерінің жиілік сөздіктері. – Алматы – Түркістан. 1995
9. Хроленко А.Т. Основы современной филологии. М.: Флинта, 2013. 252 с.
10. Жұмалиев Қ. Замана жыршысы, күй жыршысы. http://infoportal.kz/ru/content/zamana-zhyrshysy-kuy-zhyrshysy
11. Хусаинов К.Ш. Звукоизобразительность в казахском языке. – Алма – Ата: Наука, 1988 – 232с.
12. Өткелбаева С.А. Қазақ тіліндегі дыбыстық символика құбылысы. Филол.ғылым.канд.дисс.авторефераты. Алматы, 1994.- 25 б.
13. *Воронин С. В.* Основы фоносемантики. — Л.: Изд-во ЛГУ, 1982
14. *Журавлёв А.П.* Звук и смысл. — Москва: Просвещение, 1991. — 160 с.
15. Мақұлбек Азамат Болатбекұлы. Қазақ топонимдерінің фоносемантикалық сипаты. 10.02.02 – қазақ тілі филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты, Алматы, 2008.

ӘОЖ 378.857

ОҚУШЫЛАРДЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІҢ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Шалабаева Қ.Ж.[1] магистр, оқытушы, **Төленді Г.Н.**[2] биология пәнінің мұғалімі,
Абділдаұлы А.[1] студент, **Арыстанбек А.**[1] студент
І. Жансүгіров атындағы ЖМУ[1], Талдықорған қ., «Балдаурен – Қапшағай» Республикалық оқу-сауықтыру орталығы[2], Қапшағай қ.

E-mail: *Alem.abdildauly.98@mail.ru*

Мақалада орта мектепте жаратылыстану пәндерін оқытудың ерекшеліктері мен биология пәнінен берілетін білім көрсеткіштері талданады. Оқушылардың алған теориялық білімдерін өмірде қолдануларын зерттеу әдісі сипатталады.

Тірек сөздер: *жаратылыстану пәндері, биология, білім беру, сауалнама, әдістеме*

В статье рассматриваются особенности обучения естественных дисциплин в школе и результаты обучения учащихся по биологии. Описывается метод исследования использования учащимися теоретических знаний на практике.

Ключевые слова: *естественные дисциплины, биология, образование, анкетирование, методика*

The article deals with the features of teaching natural Sciences at school and the results of teaching biology. The method of research of use by pupils of theoretical knowledge in practice is described.

Key words: *natural Sciences, biology, education, questionnaire, methodology*

Биология — жаратылыстану ғылымдарының бір саласы. Биология ғылымы тірі организмдердің құрылысын, функциясын, өсіп-жетілуін, шығу-тегін, эволюциясы мен Жер бетінде таралуын қарастырады. Бұл ғылым организмдердің классификациясын жасап оларды суреттейді, олардың функцияларына үңіледі, түрлердің қалай пайда болатынын сипаттаумен қатар организмдердің бір-бірімен қатынасын және табиғи ортасымен арақатынасын зерттейді [1].

Биология пәнін оқыту мектеп кезінде басталып, күнделікті өмірде қолданбалы биологияның кейбір әдістерін қолданамыз. Бастауыш сыныптарындағы «Дүниетану» пәні және орта буында оқытылатын «Жаратылыстану» пәні биологияны оқытуға дайындық ретінде жүргізіледі. Қазіргі таңда ғылыми-техникалық прогресс нәтижесінде адам мен қоршаған ортаның қарым-қатынасы қиындап кетті. Өнеркәсіптің қалдықтары табиғат жүйесіне орасан зор зиян келтірсе, адамдардың экологиялық жағдайға байланысты денсаулығы да нашарлап, жұқпалы аурулар, зиянды дерттер саны күр өсіп келеді. Осы орайда мектеп табалдырығынан бастап болашақ ұрпақты биологиялық сауаттылыққа, яғни қоршаған орта жағдайларын және тірі табиғаты (соның ішінде өз ағзасын) тиімді пайдалануды үйрету керек. Осы орайда биология пәнін оқыту мен оқытудағы мүмкіндіктерді пайдаланған жөн.

- Орта мектепте биология пәнін оқытудың негізгі мақсаты – жалпы білім беру. Дүниетанымда кеңейту арқылы оқушылар қоршаған ортаны танып, дұрыс әдістеме бойынша қажетті білім берілсе мектептен кейін де өздері қосымша іздену арқылы өмір бойы білім алады[2,50 б.].
- Сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру үшін оқушы жаратылыстану ғылымдарын терең меңгеріп негізгі ғылыми түсініктерді қолдана алуы керек.
- Еңбек пен мәдениетті қалыптастыруда биология пәнінде өтетін серуендер мен жылыжайдағы немесе тірі табиғат мүйісіндегі жұмыстар өте маңызды.

- Эстетикалық тәбиелеу кезінде табиғатты аялауға және барлық тіршілік атаулыға жауапкершілікпен қарауға биология пәнін оқыту негіз бола алады. [2,164 б.].

Қазіргі кезде биология ғылымының дамуы мен жетістіктері арқасында адамзат жаңа ғасыр биология ғасырында өмір сүріп отыр. Биология ғылымы ауыл шаруашылығында, медецинада, өндірістің әртүрлі салаларында да қатысы зор. Сондықтан да орта мектепте оған үлкен мән беріледі.

Жаратылыстану ғылымында болған ревалюция алғашқыда физикада атомның бөлінуі жөнінде болса, ол жағдай химияда, сонан соң биологияда болып отыр. Биология ғылымы кейінгі он жылда айтарлықтай үлкен табыстарға жетті. Басқа ғылымдардың жетістіктерін, тексеру методтарын пайдалана отырып (физика, химия, математика т. б.) әртүрлі мамандықтардағы ғылымдар ғылымының көптеген проблемаларын шешті. Мысалыға, электрондық микроскоп, спектроскоп, рентгендік структуралық анализ арқылы клетканың құрлысын малекулярлық жағдайға дейін және ғылымның жаңа түрі биохимиялық, биофизикалық тексеру методтары арқылы зат алмасу құбылысының механизімдерін, белоктың энергетикасы мен синтезін тексеруге мүкіншілік туды.

Сонымен бастауыш мектептің өлі табиғат туралы білімінің негізінде 5-класта ботаника пәнінің программассы құрылған.

Ботаника пәнің оқудан кейін, зоология пәнің оқу (жануарлардың өмір сүруіне өсімдіктердің маңызы зор болғандықтан) өзара байланысты. Оқушыларға өсімдіктердің жағдайлары мен тіршілігі туралы түсіндіруден гөрі,жануарлардың тәртібі, олардың өмірді түсіну процестерің түсіндіру қиынға соғады.

Ал, зоология курсын оқудан кейін, оқушыларға адам анатомиясы мен физиологиясы жәнегигиенасын оқыту дұрыс. Себебі, кейбір процестерді және организмнің құрылысын салыстыруға болады. Ондай салыстыру әдісімен түсіндіру оқушылардың материалды жақсы түсінуіне және олардың ой-өрісінің дамуына үлкен себеп болады.

Жалпы биология орта мектепте жастардың биология пәнінен алатын білімінің қорытындысы болып табылады және бұлай жүгізілуі педагогикалық тактіде өте дұрыс. Совет мектептерінде биология пәнәі былай ретімен, жүйесімен жүргізудің негізгі принципі, материалдың біртіндеп күрделенуіне байланысты. Бұл пәндер (ботаника, зоология, анатомия мен физиология және гигиена) өзара бір-бірімен тығыз байланысады, оны бір-бірінен бөлуге болмайды.

Орта мектептегі биология пәнінің мазмұны, жоғары оқу орындарына жүргізілетін биология пәндерінің мазмұнындай күрделі болмауы керек. Орта мектепте ғылымның элементарлық негізі берілуі тиіс. Мысалыға: 5 - сыныпта өсімдіктердің тіршілігі, өсімдіктердің өміріндегі химиялық құбылыссыз, 5-7 - сыныптағы өсімдіктер мен жануарлардың филогениясы схематикалық түрде берілгені жөн, ал 10 – сыныпта біртіндеп күрделене түседі.Ал, программалық материалды толықтыру мәселелерімен күнделікті ғылымның жетістіктерін таласты мәселелер сияқты мұғалім сабақтан тыс уақытта оқушыларға айқын беру керек.

Мектептегі биология пәнінің мазмұның оқушыларға түсінікті принцип бойынша отқізілуі тиіс. Түсінуі дайындалуын олардың ойлау және психологиялық даму процесіне сай болу керек. Егерде материял жүйелі түрде түсінікті болса, онда оқушылардың сол ғылымды оқуға деген қызығуы, ынтасы артады, миына зақым келмейді, логикалық ойлауға ынталанады және басқа. Қорытынды жасайды, практикада оның табады. Материалдың түсініктілік принципі ғылыми принципке байланысты. Мысалы, егерде 5-кластың програмасындағы ботаника пәнінен клетка және өсімдіктердің клеткалық құрылысы – деген тақырыпты оқушылардың түсінуіне қиын деп алып қарасақ, онда ғылыми принципін бұл курс жояды. Себебі, онсыз өсімдіктердің орталарын, олардың функцияларын, өсу процесін, тозануы сияқты материалдарды өте алмаймыз[3].

Семей экологиялық проблемасы қазақ халқының тарихындағы орасан зор экологиялық проблем тудырды. Жылдар өтсе де атом бомбасының сынақтарының зардаптарын халық пен табиғат көруде. Бұл проблеманы шешу үшін біз Жапон халқының үлгісін пайдаланғанымыз жөн.Олар қысқа мерзімнің ішінде атом бомбасының зардаптарын жойып, орнында гүлдері

жайқалған әсем қаланы қалпына келтірді.Бұдан біз жалпы биологияны білгеннің пайдасын,биология ғылымының адам игілігіне қандай қызмет ететінін көре аламыз [4].

Аталған барлық деректерді қорытындылай келе биология пәнән оқытудың адамды тұлға ретінде қалыптастырудағы рөлі өте үлкен екендігін байқауға болады. Алайда қазіргі таңда биологиялық сауаттылық мәселесі академиялық білім беруді негізгі мақсат ретінде қарағандықтан жүйелі түрде қарастырылмайды деп жорамалдауға болады.

Пән	Орташа балл	жалпы	Бағалар			
			нашар	орташа.	жақсы	Өте жақсы
Биология 2016 ж.	16,51	26212	51	6568	14231	5362
		%	0,19	25,06	54,29	20,46
Биология 2015 ж.	17,29	26949	66	5933	12912	8038
		%	0,24	22,02	47,91	29,83

(1 – кесте)

Академиялық білім көрсеткіштерін анықтауда елімізде өтетін ҰБТ нәтижелерінің (биология пәні бойынша) 2015-2016 жылдардағы статистикалық деректерін салыстыра отырып мектеп түлектерінің басым көпшілігі биология пәнін «жақсы» баға тапсырғанын көреміз [5].

Алайда бұл деректер бізге мектеп бітірушілердің академиялық білім ғана көрсетеді, ал биологиялық сауаттылық, биоэтика және экологиялық білім біздің назарымыздан шет қалады. Осы мәселені шешу үшін мектептердегі тәрбие жұмысын соның ішінде жаратылыстану пәндерін оқытуда оқу бағдарламасының қолданбалы аспектілеріне назар аудару керек [6].

Биологияны оқыту принциптері негізінен мектепте көрнекілік принципіне байланысты болуы керек. Сондықтан да биология сабағында пайдаланатын оқу құралдарының түрлері өте күрделі приборлар мен апараттар және жай қарапайым құралдар – құстың қауырсыны, малюскалардың раковиналары, тұқымның түрлері тағы басқа жатады. Бұл құралдарды өздерінің пайдалану жағына байланысты квалификация бөлуге болар еді: Мысалға, ботаникалық, зоологиялық, адам анатомиясы, физиологиясы және гигиена пәні бойынша немесе олардың құрылыстың ерекшеліктеріне байланысты – ылғалды препараттар, таблицалар және тағы басқа.

Қазіргі таңда салыстырмалы түрде жаңадан шыққан электр үнемдегіш шамдардың тірі ағзаларға әсері зерттелу үстінде бірақ та ғылыми деректерге сүйенсек шамдарды пайдалануда адамның ағзасына айтарлықтай зиынды факторлар байқалмаған. Осыған орай 2016 жылы Талдықорған қаласындағы Н.Островский атындағы №8 орта мектепте жүргізілген сауалнамаға сүйенсек (2 және 3 кесте) жауап берушілердің басым көпшілігі шамның көру аппаратына әсері, физиологиялық-эмоционалды күйге әсеру туралы ойланады. Яғни биология, физика және химия пәндерінде оқытылатын теориялық материалды сыни тұрғыдан ойлауға қолданады және ғаламтор желісінде немесе әртүрлі БАҚ-та жариялантын түрлі ақпарат көздерін сараптай алады. Бірақ бұл көрсеткішті жоғарылатып, халықтың биологиялық тұрғыдан алғанда сауатты болуын қамтамасыз ету үшін әлі көп жұмыс атқарылуы керек.



(2 – кесте)



(3 – кесте)

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіруі барысында маңызды қадам болып табылады. Мұндай стратегиялық міндетті шешу жағдайында белсенділігі жоғары, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алу қабілеттілігін, өмір бойы білім алуға дайын тұратын тұлғаның ең басты функциялық сапаларын қалыптастыру орта білім беру жүйесіне жүктеліп отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Ғылымтану. Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын- Павлодар: ҒӨФ «ЭКО», 2006 жыл. - 430 б.

2. Верзилин Н.М., Корсунская В.М. Общая методика прподавания биологии: Учебник для пед. Институтов по биол. Спец. 4-е издание – М.:Просвещение, 1983.-384с.,ил.

3. Аужанова Н.Б. Уроки биологии. Пособие для учителя. – Алматы: ТОО «Дайыр Баспа», 2013. – 369 с.-87б.

4. Абділдаұлы А. Біз табиғат үшін не істей аламыз? Жетісу университеті. Алматы облыстық қоғамдық-саяси жастар газеті. –2017,6 сәуір,№7(148),7 б.

5. http://100ballov.kz

6. Пономарева, В.П. Соломин, Г.Д. Сидельникова; Под ред. И.Н. Пономаревой.- 3-е изд., стер.- М.: Академия, 2008.- 280с.-12б.

МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ

Баймырзаев Қ.М.
АЛҒЫ СӨЗ 3

Doszhanova S.T., Bazhenova E.D.
CONDITIONS OF FORMATION ADDITIONAL EDUCATION TEACHER`S COMMUNICATIVE COMPETENCE IN EDUCATIONAL ORGANIZATION..... 5

Doszhanova S.T., Bazhenova E.D.
ADDITIONAL EDUCATION THE MODERN EDUCATION SYSTEM OF KAZAKHSTAN 7

Адамова Ж.Б.
ОҚУШЫЛАРДЫҢ САНДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ИНТЕГРАЦИЯНЫҢ РӨЛІ..... 9

Акхожина Ш.А.
БАЛАБАҚШАДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ТӘРБИЕ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ 13

Ақхожин С.А.
ІЛИЯС ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ САЗДЫ ӘУЕНДЕРМЕН БАЙЛАНЫСЫ 17

Ақылбаев М.И., Серік М. , Бисарова Г.Ж.
ХИЛЛ ОПЕРАТОРЫНЫҢ МЕНШІКТІ ФУНКЦИЯЛАРЫНЫҢ КВАДРАТТАРЫ ҮШІН ТЕПЕ-ТЕҢДІКТЕР 20

Ансабаев Д. С., Ансабаева А.Д.
І. ЖАНСҮГІРОВТІҢ ӨНЕР ТАҚЫРЫБЫНА ЖАЗҒАН МАҚАЛАЛАРЫНА ЖАҢАША КӨЗҚАРАС 24

Аңсабаев Д.С. Мұса А.Ж., Темешова Ж.А.
ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВТІҢ «ЖЕТІСУ СУРЕТТЕРІ» ӨЛЕҢІНІҢ КӨРКЕМДІК-ИДЕЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 28

Аңсабаев Д.С., Рахимбек М.З., Қасқарбек А.А.
ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӨНЕР ТАҚЫРЫБЫ 32

Аслан Э.А.
ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ 35

Ахмет Г.Б.
ОСОБЕННОСТИ, ЗНАЧЕНИЕ И СРАВНЕНИЕ УСЫНОВЛЕНИЯ (УДОЧЕРЕНИЯ) ДЕТЕЙ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН И РЕСПУБЛИКЕ КОРЕЯ..... 39

Ахметсапа А.Е.
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ЕРЕКШЕ БІЛІМ АЛУДА ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ 43

Баданова С. А., Амельченко В.И.
ЗНАЧЕНИЕ МОДЕЛИРОВАНИЯ В ОБНОВЛЕННОЙ ПРОГРАММЕ ШКОЛЬНОЙ ГЕОГРАФИИ 46

Байгабатова Н.К., Рахипова С.К., Ашимова Д.И.
ОСОБЕННОСТИ ТРАДИЦИОННОЙ СИСТЕМЫ ПИТАНИЯ КАЗАХОВ ЗАПАДНОГО КИТАЯ В ПРОШЛОМ И НАСТОЯЩЕМ 49

Байганова А.М., Есжанова Н. Ә.
АРДУИНО ПЛАТФОРМАСЫНДА БАҚЫЛАУ ПУНКТІНІҢ КІРГІЗУ-ШЫҒАРУ МОДУЛІН МОДЕЛЬДЕУДЕ МИКРОКОНТРОЛЛЕРДІ ТАҢДАУ..... 54

Бакинова М.А.
С.СЕЙФУЛЛИННІҢ «АҚҚУДЫҢ АЙЫРЫЛУЫ» ПОЭМАСЫ 58

Баримбекова Г.Б., Төленді Г.Н., Абділдаұлы А., Сердалин А.Н.
ОРТА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИАГНОСТИКА СЫНАМАЛАРЫН ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ СЫНЫПТАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ 61

Бахтаулова А.С., Сыртанова Р.Д.
ИЗУЧЕНИЕ ПОПУЛЯЦИЙ ВИДОВ РОДА СОССЮРЕЯ (SAUSSUREA SP.) НА ТЕРРИТОРИИ ЛЕПСИНСКОГО ФИЛИАЛА ЖОНГАР-АЛАТАУСКОГО НАЦИОНАЛЬНОГО ПРИРОДНОГО ПАРКА..... 66

Берлібаев Б.Т., Түмен А.Б.
Н.Ә. НАЗАРБАЕВ – ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ РЕТІНДЕГІ ТАРИХИ РОЛІ 71

Галиева Г., Мустафинов Б.Н.
ЖАС СПОРТШЫЛАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫС ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУДЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 76

Дармишева Н.Е., Мырзалы Т.А. , Сарбасова Қ.Б.
СИНОНИМДЕРДІҢ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ 82

Даулиева Ғ.Р., Құмарова С.К.
АГРАРЛЫҚ СЕКТОРДЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛДАУДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІН ТАЛДАУ 87

Джексембаева С. У.
ЗНАКОМСТВА ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА С НАРОДНО-ПРИКЛАДНОГО ИСКУССТВА КАЗАХСТАНА 92

Елемес А., Байғабатова Н.К.
ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ ТҮСІНДІРУДЕГІ НЕГІЗГІ ТЕОРИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАР 94

Ертаев М.А., Салманова Д.Е.
СТУДЕНТ-ЖАСТАРДЫҢ БОС УАҚЫТЫН СОЦИОЛОГИЯЛЫҚ ҮДЕРІС РЕТІНДЕ ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕРЕРІ 98

Жауынбаева Н.Қ.
ЖЫР ДҮЛДҮЛІ 102

Идрисова А.Е.
ИНЖЕНЕРНЫЕ СИСТЕМЫ ВОДООТВЕДЕНИЯ ГОРОДА ТАЛДЫКОРГАНА..... 105

Иманғазинов М.М., Есімқұлов Б.Н., Сембек С.А.
«ҚҰЛАГЕР» ПОЭМАСЫ: АҚИҚАТ ПЕН АҢЫЗ 109

Кабдрахманова Г.С., Тулешова Г.Б., Асанова Ж.А.
АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ 113

Кадирова Э.К.
БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРЫ 117

Кайкибаева А.С., Сулейменова А.Б.
ОЦЕНКА И ОПРЕДЕЛЕНИЕ ПАРАМЕТРОВ АЛМАЗНЫХ ПОРОШКОВ В СООТВЕТСТВИИ С ГОСТ 9206-80 С ПОМОЩЬЮ IMAGE EXPERT PRO 3 121

Калжанова Г.К., Гребенец Н.А.
ОРГАНИЗАЦИЯ ОБУЧЕНИЯ ФИЗИКЕ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕННОЙ ПРОГРАММЫ ОБРАЗОВАНИЯ 125

Касымханова Ж.Ж., Садвакасова А.Б.
МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ ПРОЦЕСІ... 130

Кожахметова А.К., Андасбаев Е.С.
ОРТА МЕКТЕПТЕ МЕХАНИКА БӨЛІМІНІҢ ЕСЕПТЕРІН АЛГОРИТМДІК ТӘСІЛМЕН ШЕШУ 134

Колбаев М.К., Тулешова Г.Б.
І. ЖАНСҮГІРОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ САБАҚТАСТЫҚ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ РУХАНИЯТЫНЫҢ ҚАЗІРГІ КӨРІНІСІ РЕТІНДЕ..... 136

Кузетова М.Н., Капенова А.А.
ИГРА КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ ЭМОЦИОНАЛЬНОЙ СФЕРЫ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА 140

Кыяхметова Ш.А.
ҮШ АҚЫН-БІР АРНА 144

Қаратай Д.Е., Таубаев Б.Р.
ОБЕСПЕЧЕНИЕ ПРАВ ПОДОЗРЕВАЕМОГО, ОБВИНЯЕМОГО, СВИДЕТЕЛЯ И ПОТЕРПЕВШЕГО ПРИ ПРОИЗВОДСТВЕ ПРОВЕРКИ ПОКАЗАНИЙ НА МЕСТЕ 151

Қожағұлов С.Қ., Бисембаева Б.Б.
МӘТІНДЕРДІ ТЕКСЕРУ, ЖҮЙЕЛЕУ ТӘСІЛДЕРІ 155

Қожағұлов С.Қ.
ІЛИЯСТЫҢ АБАЙТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ҮЛЕСІ 158

Қоқымова К.
ЖЫР САНДЫҚТЫ АШЫП ҚАРА..... 162

Құрманжанова Г.Е., Таурбекова А.С.
ОТБАСЫНДА БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУ 170

Маралбаева М.Ж., Кожагулов С.К.
АҚЫНДЫҚ ПОЭЗИЯДАҒЫ ҰЛТТЫҚ СИПАТ 173

Муратбаева Г.К.
ФОРМИРОВАНИЕ КОМПРЕТЕНЦИИ УЧИТЕЛЯ ИНФОРМАТИКИ В СФЕРЕ КОМПЬЮТЕРНЫХ СЕТЕЙ 178

Мұқат А., Асылова Р.О.
БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА САБАҚТАН ТЫС УАҚЫТТА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ЖОЛДАРЫ 182

Мұқият Д., Серік Қ., Сарбасова Қ. Б.
«ҚҰЛАГЕР» ПОЭМАСЫНДАҒЫ ОНИМДЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІ 185

Мұсанова Н.Қ., Жумагулов Т.Б.
БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ ЕҢБЕКТІК ҚАТЫНАСТАРДЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚ НОРМАЛАРЫМЕН РЕТТЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ 191

Ниязбекова Қ.Қ., Таурбекова А.С.
МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ЕЛЖАНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ 194

Нуханова С., Азанбекова Г.Т.
ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ДАМЫМАҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ҰСАҚ МОТОРИКАСЫН ДАМЫТУ АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ 198

Галиева Г., Нурболдина М.
МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ДАМУЫ МЕН ДЕНЕ ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 204

Нұрахметқызы А., Сыдыкова Б.Т.
МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТҰЛҒАСЫН ДАМЫТУДА ОЙЫННЫҢ МӘНІ 209

Омирбекова М.Е., Әбітаева Ә.Ә.
КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ – САПАЛЫ ОҚЫТУ КЕПІЛІ 213

Оспанкулова А.Ш.
ХОРМЕН ДИРИЖЕРЛАУ НЕГІЗІНДЕ ВОКАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРДІ ДҰРЫС ҚОЛДАНУ 217

Өтеген Б.Ұ., Смағұлова Г.Н.
І. ЖАНСҮГІРОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТЕКТІЛІК СИМВОЛДАРЫ 220

Сантаева К.Т., Әскербаева Ж.
МЕКТЕП ОҚУЛЫҒЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТАҚЫРЫБЫН КЕҢЕЙТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ 223

Сапаргалиева А.Ж., Жебегенова А.М.
БОЛАШАҚ КӘСІБИ ПЕДАГОГТЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ЖЕТІЛДІРУДЕГІ РОЛІ 225

Саутбекова Ж.А., Капенова А.А.
АТА-АНА МЕН БАЛА АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ТҰЛҒА ДАМУЫНА ӘСЕРІ 228

Серикова А.Н.
ТОПЫРАҚ ҚАБАТЫНЫҢ ПОЛИХЛОРБИФЕНИЛМЕН ЛАСТАНУ ДӘРЕЖЕСІ 233

Совет Е.
С.БАҚБЕРГЕНОВТІҢ ДЕТЕКТИВ ЖАНРЫНДАҒЫ «ҚАН ТОЗАҢ» РОМАНЫНДАҒЫ ТЕРГЕУШІ МҰҚАН БЕРТАЕВ БЕЙНЕСІ 237

Советхан М., Азанбекова Г.Т.
ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАНҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЗБАШАША СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМЫТУ 240

Сыдықова Б.Т., Бекмухаметова А.А.
БОЛАШАҚ ДЕФЕКТОЛОГ МАМАННЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ 245

Танабаев Ө.М., Құлманбетов А.М., Муратбеков Ж.М., Рахатов Т.И., Кажыканов М.К.
ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҒДАЙЫ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ 248

Тулешова Г.Б., Алпыспаева Г.М.
АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНІН ТҰРАҚТЫ ДАМЫТУДАҒЫ АӨК КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ РОЛІ 253

Тулешова Г.Б., Ораз Н.Т.
ӨНЕРКӘСІПТІК КӘСІПОРЫНДАРДА КОРПОРАТИВТІК ИМИДЖДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ 256

Тұрсынбай Ғ.
ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВТЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ЕҢБЕГІ МЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ 259

Утегенов Е.К., Абуханова Д.
СПОРТШЫЛАРДЫҢ ДАЙЫНДЫҚ ЖҮЙЕСІН ЖОСПАРЛАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ 262

Утегенов Е.К., Ли В.
ЖАС ТЕННИСШІЛЕРДІҢ ДАЙЫНДЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ 267

Фазылжан А.М.
ІЛИЯС ШЫҒАРМАЛАРЫ МӘТІНІН ЛИНГВОСТАТИСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ФОНОСЕМАНТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРДЕ ЗЕРТТЕУДІҢ МАҢЫЗЫ 272

Шалабаева Қ.Ж., Төленді Г.Н., Абділдаұлы А., Арыстанбек А.
ОҚУШЫЛАРДЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІҢ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 279

І. Жансүгіровтің 125 жылдық мерейтойына арналған
«ЖАНСҮГІРОВ ТАҒЫЛЫМЫ»
республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ
республиканской научно-практической конференции
«ЖАНСУГУРОВСКИЕ ЧТЕНИЯ», *посвященной 125-летнему юбилею И. Жансугурова*

Компьютерлік қалыптаушы – Абильмажинова А.К.
Мұқабының дизайні – Айарбеков Р.А.

Басуға қол қойылды 22.04.2019
Әріп түрі «Times New Roman». Қалыбы 60x84/8. SvetoCopy қағазы
Таралымы 70 дана. Ш.т.б. 36.1. Тапсырыс № 208
Баспа бөлімі І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
040009, Талдықорған, Жансүгіров көшесі, 187а

Подписано в печать 22.04.2019
Гарнитура «Times New Roman». Формат 60x84/8. Бумага SvetoCopy.
Тираж 70 экз. У.п.л. 36.1. Заказ № 00208
Издательский отдел Жетысуского государственного университета им. И. Жансугурова.
040009, Талдыкорган, ул. Жансугурова, 187а